


Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
 Еуразия ғылыми-зерттеу институты

Тұрсын Жұртбай | Данагүл Махат | Әбдіяқап Қара | Еркінжан Сыламан

ТҮРКІ ДҮНИЕСІНЕ ОРТАҚ ТҰЛҒА

(Ақын, ағартушы, аудармашы, публицист Мағжан Жұмабаев)

TÜRK DÜNYASININ ORTAK DEĞERİ
 (Şair, eğitmen, tercüman, gazeteci Mağcan Cumabay)



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Еуразия ғылыми-зерттеу институты

ТҮРКІ ДҮНИЕСІНЕ ОРТАҚ ТҰЛҒА

(Ақын, ағартушы, аудармашы, публицист Мағжан Жұмабаев)

Тұрсын Жұртбай
Данагүл Махат
Әбдіуақап Қара
Еркінжан Сыламхан

Алматы, 2021

Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi
Avrasya Araştırma Enstitüsü

TÜRK DÜNYASININ ORTAK DEĞERİ
(Şair, eğitimci, tercüman, gazeteci Mağcan Cumabay)

Tursın Curtbay
Danagül Mahat
Abdolvahap Kara
Erkinan Silamhan

Almaty, 2021

ӘОЖ 821.512.122.0 (035.3)

КБЖ 83.3 (5Қаз)

Т 90

Жоба жетекшісі және жалпы редакциясын басқарған:

ф.ғ.д., профессор Тұрсын Жұртбай

Пікір жазған:

т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі Хангелді Әбжанов

Редакциясын қараған:

Өмірбек Қанай

ЕҒЗИ кітаптары № 21.

ISBN 978-601-7805-76-0

Жұртбай Т., Махат Д., Қара Ә., Сыламхан Е. *Түркі дүниесіне ортақ тұлға (Ақын, ағартушы, аудармашы, публицист Мағжан Жұмабаев)*. – Алматы: Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Еуразия ғылыми-зерттеу институты, 2021. 328 б.

Ұсынып отырған зерттеу Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Еуразия ғылыми-зерттеу институтының «Түркі дүниесіне ортақ тұлға» (Ақын, ағартушы, аудармашы, публицист Мағжан Жұмабаев) жобасы аясында орындалған. Зерттеу жұмысына Қазақстан және Түркия елдерінің XX ғасырдағы қоғамдық-саяси өмірін, қазақ зиялыларының тарихы мен тағдырын жүйелі зерттеп жүрген мамандар қатысқан. Мағжантануды тың деректермен, ой-тұжырымдармен толықтыра түсетін бұл еңбекте Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығы, Алаш қозғалысындағы қызметі, ақын шығармашылығындағы азаттық идея, түрікшілдік идеяның туып таралуы, қазақ зиялыларының және Мағжан шығармашылығының қуғындалу тарихы, қазақ тарихнамасы үшін маңызды Түркия мемлекетінде жасалған зерттеулер қамтылып, тақырыпқа қатысты архив деректері ұсынылған.

Кітап қазақ зиялыларының тарихы мен тағдырын зерттеуші мамандарға, жоғары оқу орындарының студенттері, магистранттары мен докторанттарына арналған.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Еуразия ғылыми-зерттеу институты

Алмалы Ауданы, Мәметова 48, 050004 Алматы / Қазақстан

Тел: +7 (727) 279 97 94 – (Факс): +7 (727) 279 24 26

© Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Еуразия ғылыми-зерттеу институты, 2021

© Жұртбай Т., Махат Д., Қара Ә., Сыламхан Е.

ӨОЖ 821.512.122.0 (035.3)
КБЖ 83.3 (5Қаз)
Т 90

Proje Yürütücüsü ve Baş Editör:

Prof. Dr. Tursın Curtbay

Proje Hakemi:

Kazakistan Ulusal Bilimler Akademisi Akademisyeni,
Prof. Dr. Hangeldi Abcanov

Redaksiyon:

Omirbek Hanayi

AAE Kitapları Sayı: 21
ISBN 978-601-7805-76-0

T. Curtbay, D. Mahat, A. Kara, E. Silamhan. *Türk Dünyasının Ortak Değeri (Şair, eğitimci, tercüman, gazeteci Mağcan Cumabay)*. – Almatı: Ahmet Yesevi Üniversitesi Avrasya Araştırma Enstitüsü, 328 s.

Söz konusu eser, Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi Avrasya Araştırma Enstitüsü tarafından desteklenen “Türk Dünyasının Ortak Değeri” (Şair, eğitimci, tercüman, gazeteci Mağcan Cumabay) projesi kapsamında gerçekleştirildi. Çalışmaya, Kazakistan ve Türkiye’nin yirminci yüzyıldaki sosyo-politik hayatını, Kazak aydınlarının tarihini ve değerlerini inceleyen uzmanlar katıldı. Mağcan Cumabay üzerindeki bilimsel çalışmaları yeni kaynak ve fikirlerle tamamlayan bu eser, Mağcan Cumabay’ın hayatını ve eserlerini, Alaş Milli Hareketi kapsamındaki faaliyetlerini, edebi eserlerindeki kurtuluş ve Türkçülük oluşumunu kapsamaktadır. Sovyetler rejiminin Kazak aydınlarına yönelik baskısı ve Mağcan’ın eserlerini yasaklaması ile ilgili arşiv belgelerini de içermektedir. Ayrıca, eserde Türkiye’de Mağcan Cumabay üzerinde yapılan çalışmalar da değerlendirildi.

Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi
Avrasya Araştırma Enstitüsü
Almalı Avdanı, Mametova 48, 050004 Almatı / Kazakistan
Tel: +7 (727) 279 97 94 – Belgeç (Faks): +7 (727) 279 24 26

© Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi
Avrasya Araştırma Enstitüsü, 2021
© T. Curtbay, D. Mahat, A. Kara, E. Silamhan

ÖN SÖZ

Tüm Türk dünyasının manevi varlığının önemli yapı taşları olan büyük şahsiyetlerimizin daha çok tanınması, onlar hakkındaki çalışmaların derinleştirilmesi, geleceğe ışık tutacak vizyonlarının canlandırılması her zaman büyük önem taşımaktadır. Bu amaca yönelik çalışmaları desteklemek, genelde Avrasya Bölgesi'ne, özelde bu bölgede yoğun olarak yaşayan Türk Dili konuşan Devlet ve Topluluklara ilişkin bilimsel araştırmalar yapmayı kendine misyon edinen Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi Avrasya Araştırma Enstitüsü'nün en önemli hedeflerindedir.

Elinize ulaşan “Türk Dünyasının Ortak Değeri Mağcan Cumabay” başlıklı bu eser, bahsedilen hedefe matuf önemli çalışmalardan biridir. Zira söz konusu çalışma; büyük şair, yazar, pedagog, tercümen Mağcan Cumabay'ın biyografik verilerini, ilgili arşiv belgelerini, edebi eserlerinin analizini ve o dönemdeki siyasi olaylara ilişkin değerlendirmelerini içeren kapsamlı bir incelemedir. 20. yüzyılda Kazak halkının kurtuluş mücadelesi ile aydınlanma hareketinin ve bu süreçte gelişme gösteren Türkçülük düşüncesinin öncülerinden olan Mağcan Cumabay, sadece Ata Yurdu olan Kazakistan'ın değil, aynı zamanda tüm Türk dünyasının büyük bir fikir adamı ve kahramanıdır.

Bu eserde, Mağcan Cumabay'ın hayatı ve eserlerinin, o dönemdeki Alaş Milli Hareketi ve Kazak aydınlarına yönelik Sovyetler baskısı ile beraber analiz edilerek ele alınması önemli bir husustur. Eserin bir diğer özelliği ise, çalışmaya, Kazakistan ve Türkiye'nin 20. yüzyıldaki sosyo-politik yaşamını, Kazak aydınlarının tarihini düzenli olarak araştıran kıymetli uzmanların katılmasıdır. Bu noktada, elinizdeki eserin hazırlanmasında emeği geçen tüm değerli yazarları içtenlikle kutluyor, büyük mütefekkir Cumabay hakkındaki yazına bu bilimsel katkıları çerçevesinde kendilerine özel şükranlarımı arz ediyorum.

Ülkesini ve milletini karşılıksız seven, tüm eserlerini halkına hitap eden ve halkın aydınlanma ve mücadele yoluna ışık tutan Mağcan Cumabay, “Uzaktaki Kardeşime” adlı şiiriyle Kurtuluş savaşı veren Anadolu Türkleri'ne, en karanlık günlerde büyük bir mücadele azmi vermiştir:

“Uzakta azap çeken kardeşim,
Kurumuş lale gibi solan kardeşim,
Kuşatılmış pek çok düşmanın ortasında,
Göl gibi gözyaşını döken kardeşim!”

İşte böyle derinden hissedilen duygularla uzaktaki kardeşine kardeşlik sevgisini ilan eden ve desteğini veren Mağcan Cumabay, Ulu Turan'ı, Türk dünyasını ne kadar yürekten sevdiğini de göstermiştir.

Mağcan Cumabay'ı henüz 45 yaşında kurşuna dizerek şehit eden Sovyet rejimi, ölümünden sonra da eserlerini her ne kadar yasaklasa da, onun Türk halklarının gönlündeki özel yeri ve önemini asla silmeyi başaramamıştır.

8 Tıpkı, Mağcan Cumabay'ın:

“Turan'a yer yüzünde yer yeter mi? Türk'e insanlıkta er yeter mi?” diye hitap ettiği gibi, bağımsız Türk dünyası var olduğu müddetçe Mağcan Cumabay'ın manevi şahsiyeti, Türk çocuğunun kutlu zihninde ve kalbinde her zaman en güzel şekilde yer bulmayı sürdürecektir.

Avrasya Araştırma Enstitüsü Müdürü
Doç. Dr. Vakur Sümer

ÖZET

Mağcan Cumabay, 25 Haziran 1893 tarihinde Akmola bölgesinde bulunan Sasikköl köyünde doğdu. 1905-1910 yılları arasında Kızılcar'daki (Petropavl) Şalakazak Medresesi'nde, 1905-1910 yılları arasında Ufa'daki Galiya Medresesi'nde ve 1914-1917 yıllar arasında Omsk Öğretmenler Okulu'ndan mezun oldu. 1918-1922 yılları arasında eşzamanlı olarak hem Petropavl ilçesinde bulunan öğretmen okulunda ders verdi hem de "Bostandık Tui" gazetesinde çalıştı. 1922-1923 yılları arasında Taşkent'teki Kazak Eğitim Enstitüsü'nde öğretim üyeliği yaptıktan sonra 1923-1927 yılları arasında Moskova Edebiyat Enstitüsü'nde eğitimini devam ettirdi. Bu dönemde aynı zamanda Doğu Yayınevi'nde çalıştı. Son olarak 1927-1929 yılları arasında Kızılcar'daki Kazak Pedagoji Koleji'nde dersler verdi. Temmuz 1929'da tutuklanarak mahkeme kararıyla 10 yıl hapis cezasına ve ardından da Japon casusu olmak suçlamasıyla 19 Mart 1938 tarihinde kurşuna dizilerek şehit edildi.

Ünlü şairin doğumunun 125 yıl dönümü münasebetiyle 2018 yılı, Kazakistan'da ve tüm Türk dünyasında Mağcan Cumabay Yılı olarak kutlanmıştır. Bu çerçevede başta Kazakistan ve diğer Türk devletleri ile Rusya, ABD, Fransa ve Moldova'da çeşitli etkinlikler gerçekleştirildi. Mağcan şiirleri Azerbaycan, Altay, Başkurt, Kırgız Özbek ve Türkiye Türkçesinin yanı sıra İngilizce ve Moğolcaya tercüme edilerek UNESCO'nun Genel Merkezi'nde (Paris'te) de tanıtılmıştır.

Milletinin hür ve huzur içinde yaşaması uğruna mücadele ederek hayatını yitiren Mağcan Cumabay gibi şahsiyetler üzerinde çeşitli çalışmalar yapılmış olsa da bunların yeterli olmadığını söyleyebiliriz. Dolayısıyla, Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi Avrasya Araştırma Enstitüsü'nün desteğiyle 2019'da "Türk Dünyasının Ortak Değeri Mağcan Cumabay" başlıklı proje başlatılmış ve çalışmanın sonucunda bu eser ortaya çıkmıştır. Kapsamlı altı bölümden oluşan bu eser, büyük şair, yazar, pedagoğ, tercüman Mağcan Cumabay'ın biyografisini, ilgili arşiv belgelerini, edebi eserlerinin analizini ve o dönemdeki siyasi olaylara ilişkin değerlendirmeleri içermektedir.

Kitabın dört alt başlıktan oluşan birinci bölümünde, özellikle 1919 yılından sonra tüm eğitim, propaganda ve edebi çalışmaların tamamen sınıfsal şekil almasını ve Sovyetler Birliği Komünist Partisi'nin siyasi ve ideolojik propagandasıyla birleştirilmesini kararlaştıran Sovyet Hükümeti ile Sovyetler Birliği Komünist Partisi'nin Kazakistan'daki eğitim, bilim, kültür, edebiyat ve sanatın kontrolünü nasıl ele geçirdiğine değinilerek, Mağcan Cumabay'ın eserlerine yönelik Sovyet rejimi tarafından uygulanan baskı ve engellemeler incelenecektir. Bu kapsamda, 1924 yılında Omsk'ta Mağcan Cumabay'ın "Sovyet hükümetinin düşmanı olarak tanıtılması, eserlerinin okunmaması ve basında eserlerine yer verilmemesini" öngören "edebi mahkeme" kararıyla başlayan Mağcan Cumabay'a yönelik suçlamaların nasıl üretildiği, edebi çalışmalarından dolayı "burjuvazi, milliyetçi, karşı-devrimci, anti-Sovyet" suçlamalarıyla sürgün edilen ve Mart 1938'de şehit edilen Mağcan Cumabay'ın eserlerinin okunması, yayımlanması, bulundurulması, hatta adının kitaplarda ve yazılarda geçmesine yönelik yasağın 1988 yılına kadar

10 devam ettiği hususları kapsamlı bir şekilde ele alınacaktır.

Üç alt başlıktan oluşan ikinci bölümünde, Mağcan Cumabay'ın hayatının ilk dönemleri, eğitimi, kişisel ve siyasi fikirlerinin oluşum süreci, Alaş Milli Hareketi çerçevesindeki çalışmaları ve mücadelesi ele alınacaktır. Özellikle 20. yüzyılın başlarındaki Kazak aydınlanma ve milli uyanış hareketlerinde aktif olarak yer alan Mağcan Cumabay'ın önemli çalışmalarının incelendiği bu bölümde, ayrıca Sovyetler Birliği'nin ilk yıllarında Kazakistan'da ortaya çıkan sosyo-politik gelişmeler karşısında Mağcan Cumabay'ın nasıl bir tutum izlediği ve de Sovyetler Birliği politikalarının sonucunda 1920-1922 yılları arasında Kazakistan'da yaşanan açlık felaketinin sebeplerini nasıl değerlendirdiği ve bu sorunlara ne tür çözüm önerileri getirdiği bu bölümde detaylı bir şekilde irdelenecektir.

İki alt başlıktan oluşan kitabın üçüncü bölümünde, Mağcan Cumabay'ın 1922-1929 yılları arasındaki hayatı ve çalışmaları ele incelenecektir. Bu dönemde Sovyet hükümetinin “Alaş partisini temizleme” politikası kapsamında “Kazak milli aydınlarının kökünü kesme” yani “manevi temizlik” politikası ve kendisine yöneltilen suçlamalara rağmen, milletin hür ve huzur içinde yaşaması uğrunda mücadele eden Mağcan Cumabay'ın Türkistan bölgesindeki aydınlatma ve eğitim çalışmalarını nasıl sürdürdüğünden bahsedilecektir. Zira Sovyetler Birliği Hükümeti'nin baskı ve sindirme politikaları karşısında durabilmek için millî değerlerin hayati önemde olduğunun farkında olan Mağcan Cumabay'ın, kendi eserleriyle millî kimliğin muhafazası ve Kazak milletin bekası için millî kültürü yeni nesillere aktarma çabalarının önemi üzerinde durulacaktır.

Dördüncü bölümde, Temmuz 1929'da tutuklanan Mağcan Cumabay'ın, Mart 1938'e kadarki sürgün hayatı incelenecektir. Şairin hayatının en ağır dönemi olan 1929-1938 yılları arasında kendisine yönelik yapılan soruşturma süreçleri, mahkeme kararları arşiv belgeleri ile birlikte ele alınarak Mağcan Cumabay'ın, milletin özgürlüğü için hayatının sonuna kadar nasıl mücadele ettiği değerlendirilecektir.

Beşinci bölümde Mağcan Cumabay'ın hayatı ve eserleri üzerinde yapılan çalışmalara değinilerek, söz konuş çalışmalarla ilgili değerlendirmeler yapılacak ve aynı zamanda Mağcan Cumabay hakkında Türkiye'de yapılan çalışmalar özetlenecektir. Ayrıca, toplumunun duygu ve düşüncelerini dile getirmekte mahir olan Mağcan Cumabay'ın eserlerindeki vatan, özgürlük ve aşk anlayışının da üzerinde durulacaktır. Bölümde ayrıca, Birinci Dünya Savaşı'nda, Osmanlı Devleti'nin İtilaf Devletleri karşısında mağlup olmasını ve işgale maruz kalmasını, derin bir yeis ve endişeyle karşılayan Mağcan Cumabay'ın Anadolu Türklerine hitaben kaleme aldığı “Uzaktaki Kardeşime” isimli şiiri de incelenecektir.

Altıncı bölümde ise, Türkistan'ın en büyük Türkçülerinden biri olan Mağcan Cumabay'ın eserlerindeki Türkçülük kavramı ele alınacaktır. Mağcan Cumabay'ın Türkçülük fikrinin gelişim sürecinin incelendiği bu bölümde, Mağcan'ın eserlerine kaynak olan manevi gücün çok derinlerde olduğu gösterilmeye çalışılacaktır. Kazakların bağımsızlıklarını kaybettiği, hak ve hukukunun hiçe sayıldığı bir dönemde yaşayan Mağcan Cumabay'ın, Kazakların köklü tarih şuurunu ortaya çıkarmanın yanı sıra tüm Türk dünyası ile Türkistan bölgesinin tarihi ve kültürel bağlarını göstermeye çalışan çabalarından bahsedilecektir.

АЛҒЫСӨЗ

ҰЛТ АҚЫНЫ НЕМЕСЕ «ЖАН СӨЗІ»

(Мағжан Жұмабаевтің шығармашылық өмірі)

Қашанда, ұлы тұлғалар туралы тұрлаулы еңбек аяқталған соң да, соған бір дем, бір сөйлем, бір сөз жетпей тұрған сияқты болатыны бар. Он үш-он төрт жасымызда алаш көсемдері үшін, соның ішінде Мағжан да бар, мектептен шығарылған кезімізден бастап елу жыл бойы назарымызда ұстаған еңбектің нүктесі қойылған соң да, біз сондай бір күй кешіп отырмыз. Өзге емес, осынау бір шағын ғана ғылыми еңбекке тосын әрі оқшау алғысөз жетпей тұрғандай көрінді. Мұны, «Түрік дүниесіне ортақ тұлғаларды» түрік жұртына таныстыруды мақсат етіп отырған Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің жанындағы Еуразия ғылыми зерттеу институтының (директоры доцент, доктор Вакур Сүмер мырза) талабына сәйкес, шет елдік зиялы бауырларға да осы еңбекті жазудағы мақсатымыздың түсінікті болуына ұмтылудан туған жазушының көңіл алаңы деп те түсінуге де болады. Өйткені бұл еңбекте, тақырыптың талабына орай, өмірбаяндық деректер мен сыпаттамалар, әдеби туындыларға талдау мен саяси оқиғалар қатысты көзқарастар араласып баяндалады. Сонымен қатар, бұл еңбекте – Мағжанның азаматтық-ақындық тұлғасын тану барысындағы зерттеушінің өзінің де көзқарасының қалыптасу жолы қамтылады. Өйткені, Мағжанның үстінен жүргізілген бейресми әдеби сот пен ресми мемлекеттік соттың ақынды не үшін, неге сүйеніп, қандай дәлелдер арқылы ату жазасына бұйырғанын, ол аздай, аты мен рухын «мәңгілік атамау» туралы үкім шығарғанын сол қоғамда өмір сүрмеген адамның түсінуі неғайбыл. Ар мен жан күресі тұсында ақ пен қараны ажырату үшін басын тәуекелге тіккен зиялы тұлғалардың жанкешті ұмтылыстары мен көзқарастарынсыз бұл тақырыпты толық қамту да мүмкін емес. Сондықтан да, автордың еріксіз араласуына, елу жылдық жеке әдеби тәжірибесіне сүйенуге тура келді. Сондықтан да, «жағымды жағымсыз кейіпкерлер» туралы әңгіме қозғауға мәжбүр болдық.

Турасына көшейік, Рональд Рейган кеңестер одағын: «Зұлымдық империясы» – деп дұрыс айтқан екен. Ал, біз, сол «зұлымдық империясында» өмірге келіп, кешу кешіп, қазіргі қазақ ұлтының аға ұрпағы аталып қалған «алдыңғы толқын ағалар» (Абай), бұл сөзді кезінде тым ауыр айтылғандай қабылдап едік. Жоқ, біз: кеңестік «коммунистік-колонизаторлық» (С.Сәдуақасов) саясаттың жүзеге асырылып жатқандығын, мұның әделетсіз «интернациональдық көмек екенін», соның барлығы бір ғана «аға ұлттың» мүддесі үшін жүргізіліп жатқандығын білдік. Білгендіктен де, тәуелсіздікті аңсап өстік, соған идеологиялық қарсы күрес қаруын іздедік. Архивтерге бардық, өткен күндердің ізі қалған сирек қолжазбалар мен кітаптарды ақтардық. Жазықсыз жазаға тартылған жандардың тағдыры арқылы «ала балта алысып,

12 тебінісіп келгенде, тең атаның ұлы» (Шалкиіз жырау) екенімізді дәлелдеуге құлшынғанамыз да рас. Өйткені, нағыз социалистік-коммунистік қоғамның кодексіндегі «адам мен адам – тең, адамға адам – дос, адамға адам – бауыр, халықтар достығы жасасын» – деген жасасындатқан жалған ұранның жалқыны жадымызда тұратын.

Біздің санамызда: «Бұл қоғамның негізі идеясы – жақсылыққа ұйыған, ал оны бұрмалағандар – жеке басқа табынушылықты әкелген Сталин», – деген бұлдыр аңыс та болатын. Сондықтан да, кеңес одағындағы жазалау саясаты – империялық үрім үзу (геноцид) саясаты екенін түсіндік. Мұның, адамға, сол арқылы адамзатқа қарсы пиғылмен ұйымдастырылған «империялық зұлымдық» екеніне, оның өткендегі қылмыстарының деректері ашылған сайын көзіміз анық жетті. Бұрын біз бұл қылмысты сондай бір қысастықпен булығып, әшкерелеу тұрғысында жазушы едік. Ал қазіргі әлемдік-империялық өктем саясаттардың жаза найзағайларының ойнақтағанын көргенде, соны тұтандырған шақпақ отында «сол зұлымдықтың» ұшқыны жатқан жоқ па екен деп түршігемін. Тіпті, біз басымыздан кешкен, келмеске кетті деп жүрген социализмнің «жасасындатуымен» ойдан шығарылған баяғыдағы «панисламизм» мен «пантүркизм» дегеннің орынын қазіргі «әлемдік ислам терроры» деген жалған желеу алмастырған сияқты көрінеді. Сол бір аяр жаза саясаты: ислам әлемі мен түрік дүниесіне қарсы бұрынғыдан да батыл, ашық әрі астарлы өктемдікпен жүргізіліп жатқан жоқ па? – деген күмән ұялайды. Сырт қарасаң, бәрі де: демократиялық әділдік, экономикалық көмек, адам правосын қорғау – деген жайдары «жасасындатуға» құрылған. Ал, мазмұны ше, шын пиғылы ше? Сіздерді білмеймін, менің бұл орайда жаһандық империялық саясатқа күмәнім де, күдігім де басым. Әйтеуір, бір кәдігі ішінде бәгулі жатқан сияқты.

Ал, кеңес одағы қалай «зұлымдық империясы» атанды, ол үшін қандай аяр және ашық жазалау саясатын қолданды? Мұның, бүкіл қоғамдық, халықтық ауқымда қалай қолданылғанын бұл баянда айтып, дәлелдеп, әшкерелеп жатпайын. Ол – ұзақ әңгіме. Оны: Кеңестік қауіпсіздік комитетінің құпия архивтеріндегі «Кеңес өкіметін құлату мақсатында алашордашылардың астыртын террористік ұйымын құрған Байтұрсыновтың және басқа да қылмыстық әрекеті үшін жауапқа тартылғандардың үстінен жүргізілген №2370 тергеу істерінің» негізінде жазылған: «Алаш қозғалысы – Алаш қайраткерлерінің үстінен жүргізілген сот ісі материалдарының жинағы: Құжаттар, сұрақ-жауаптар, аудармалар, сот ісі, тәркіленген хаттар». Профессор Тұрсын Жұртбайдың авторлық басылымы» (Қазақ, орыс тілінде), «Алаштың ақиықтары. Мақалалар. Деректі құжаттар, аудармалар. Құрастырған, алғысөзі мен түсініктемелерін жазған Т.Жұртбай», Т.Жұртбай. «Ұраным – Алаш!...». Түрме әфсанасы. 1-3 том» атты мың беттеп саналатын жалғасты еңбектерімізде қапсыра қамтығанбыз [1-7]. Сондықтан да, социалистік қоғамның бір адамды ғана, соның ішінде, «Түрік дүниесіне ортақ тұлғалар» атты жобаның тақырып аясына орай ақын Мағжан Жұмабаевті қалай жазалағанының себеп-салдарын ақынның өмірі мен шығармашылық жолын негізге ала отырып баяндадық. Оның өмірге көзқарасы қалай қалыптасты, қандай көркем идеясы үшін жазаға тартылды, не мақсатпен оның өмірі қудаланды болды, түрмеден неге көз ашпады. «Аты мәңгі аталмасын!» – деп үкім шығарып жүрген кімдер? Міне, осы сияқты кеңестік жазалау жүйесінің сан-салалы қитұрыларын өзіміздің ілгерідегі зерттеулерімізге сүйене отырып, әр түрлі тақырып-

пен қамтылған деректер мен пікірлерді бір арнаға жинақтап, тиісті өзерістер жасай отырып, мүмкіндігінше жинақы түрде баяндап беруді мақсат еттік. Тақырыпты толық ашу мақсатында және кеңестік жазалау идеологиясының қатпарлары түрік жұртына толық түсінікті болуы үшін Мағжанның шығармаларының «тұтқындалуы» мен оның жарыққа шығуы барысын баяндайтын тауқыметті жолды кіріспе орынына ұсынуды лайық көрдік.

Өйткені, ақ-қарасы айырғысыз қоғамда өмір сүрген адамның идеологиялық қысым қыспағы тұсындағы әдеби кешулерінсіз Мағжанның шығармашылық тағдыры толық ашылмайды. Сол ақ жолға түсу үшін қаншама адамдар жанкешті тәуекелге барды, қаншама адам еркінен тыс «әшкерелеуші» атанды, қаншама адамның өмірі күйзеліске түсті, жалпы, қоғамның өзі қалай жазалы қоғамға айналды. Имансыз қоғамда өмір сүрген адамдар өзінің ар-ождандарын сақтап қалу үшін қалай күресті? Ұлттық рух пен ұлттық тұлғаларды ұмыттырмау үшін: тек таптық (ұлыорыстық деп түсініңіз), коммунистік (құдайсыздық деп түсініңіз), интернационалистік (ұлтсыздық, ұлттың жойылуы деп түсініңіз) мүддені көздеген әдебиеттегі социалистік реализм әдісінің өзін қалай амалын тауып пайдаланды?

Мұның барлығы сол қоғамды басынан кешпеген адам үшін түсініксіз және сол тұстағы кеңес әдебиетін, соның ішінде қазақ, өзбек, түрікмен, қырғыз, татар, ноғай, башқұрт, қарақалпақ, қарашай, т.б. түркі тектес ұлттардың әдебиеті мен өнерін түсіну қиын. Егерде, оқырман жазушының өз шығармасында: жақынын жат көрсете отырып, оны бауырына тартқан ішкі желіні түсінбесе, онда аталған жұрттың бір ғасырлық руханиятын жоққа шығарғанмен бірдей және бұл негізгі тақырып иесі Мағжанның да өмірлік-әдеби тағдырымен тікелей қатысты.

Біздің, Мағжанның шығармашылығы мен оның жеке басына қатысты жайларды жалпы әдеби-теориялық мәселе деңгейінде көтеруге ұмтылуымыз сондай бір мақсаттан туды. Өйткені, Мағжанның шығармасын зерттеудегі негізгі ғылыми мүдде – тек қана Мағжанның жеке шығармашылық жолын емес, сол арқылы мұқым әдеби үдерісті (процесті) саралап-пайымдау болса керек. Сондықтан да, тақырыптың тұйықталып қалуын қаламадық.

Сонымен қатар, жеке көзқарассыз ғылыми пікір қалыптаспайды. Ал бұл – өте күрделі процесс. Түрік қандастарымызды кеңес тұсындағы әдеби үдеріспен толық мағлұмдар ету үшін де жекелеген тұлғалардың арасындағы көзқарас алшақтығына және оның себептеріне де тоқталуға да тура келді. Ең әуелі, ақ пен қараны ажыратудың өзі қаншама жанкешті тәуекелді қажет етті десеңізші. Осы бір «тар жол, тайғақ кешу» айтылмаса, біздің зерттеуімізге шындықтың қандай да бір ұшығы жетпей тұратындай сезілді.

Мағжанның тауқыметті тағдыр жолын әділеттің ақ жолымен ұштастыруда біздің де бір үміт жібін ұшықтаған кешуіміз болған еді. Сол елу жылға созылған әдеби-ғылыми кешу жолдарында жекелеген адамдардың Мағжанға, оның өміріне, шығармаларына деген көзқарастары мен пікірлері аунап-түсіп өзгеріп отырды. Кей тұстарда жөнсіз жосықтарға, өзінің айыбын ақтауға, жуып-шаюға, тіпті, жаңа бір «дүдәмәл айыптарды» ойлап тауып, шындықтың жолында жаны күйген жандарға, мысалы, Мағжанның жамағаты Зылиха ханымға жала жабуға дейін барды. Алаш қайраткерлеріне, соның ішінде Мағжанға түрме есігін ашқызғандарды олардың ар-намыс қорғаушысы етіп,

14 көсемсітіп жүрген қиянат та орын алуда. Өкініштісі, сол қауесеттерді ғылыми зерттеулеріне пайдаланып, жоқ мәселені бар деп зерттеп, Мағжанның ақталғанына күйінгендерді – сүйінгендердің қатарында әспетсітіп көрсетуге жол беріліп келеді. Бірінің пікірін екіншісі жоққа шығарып қана қоймай, ақын Шығармаларының жариялануы барысында [8-12] алыпқашты пікірге жетелейтін ғылыми түсініктер де жазылды. Сол оқиғалар мен қауесеттердің қалай туғанына, қалай дамығанына, қандай шешім қабылдауға мәжбүр еткеніне – Жазушылар одағының жанынан құрылған праволық комиссияның төрағасы ретінде тікелей араласуға тура келгендіктен де, санадағы сол бір алмағайып толқулардың тұсындағы ой-былғағын сарқып баяндағымыз келді. Онсызда қысқа өмірдің елу жылын алған бұл кешу айтылмаса, бізге осы зерттеудің өзі мағынасыз көрініп кететін сияқты көрінді.

Оның үстіне сол дәуір, соның ішінде Мағжан туралы көптеген зерттеулердің анық-танығымен таныс емес түрік қауымына да сол жағдаятты жеткізуді парыз санадық. Мысалы, көркем әдебиеттегі жағымсыз образдардың астарын түсінбей, кеңес әдебиетін, соның ішінде ұлт әдебиетін түсіну мүмкін емес. Екіншіден, сол бір шығармашылық иелерін ақтауға бет алған тұста, алаш қайраткерлері: ұлт-азаттық және жалпы түрік тұтастығы идеясын ұстанған жоқ, исламиятқа қатысты көзқарастарында таза сыншылдық басым болды, астыртын ұйымдарға мүше болған емес, кеңес өкіметіне қарсы күрескен жоқ – деп, қалайда ақтап алу мақсатында жорта айтылған аңыстан әлі де жаңылмаған зерттеушілер бар. Сол кезде амалсыздан:

Не көрсем де Алаш үшін көргенім,
Маған атақ – ұлтым үшін өлгенім.
Мен өлсем де, Алаш өлмес, көркейер,
Істей берсін қолдарынан келгенін! [10.144], –
деген ашық озанды: «Бұл – Мағжанның азаматтық шын сөзі емес. Ақындық пафос қана», – деп түсіндіруге тура келген.

Кеңес заманында мұндай уәждер лажысыздықтан айтылған, заманның қырағы, сақ саясаткерлерін алдарқатудан, көз жаздырудан туған амал еді. Ал қазіргі һүрриет-азаттық тұста, ол жайларды ашық айтып, алаш қайраткерлерінің мақсат-мүдделері мен күрес жолдарын нақты өз қалпында жеткізу керек. Әсіресе, панисламизм, пантүркизм, хандық-феодалдық дәуірді көксеу деген сияқты тағы да басқа толып жатқан ұлышовинистік қастаншықпағыр ұғымдарды, өзінің түпкі шынайы мәнінде түсіндіру парыз. Бұлар – реформаторлық-жадидтік бағыттың, жалпы түрік идеясының, «зар заман» (мировая скорбь) әдеби ағымының мойнына киілген ұлышовинистік, коммунистік-колонизаторлық «қарғыс қамыты», жазғыру терминдері еді.

Сондықтан да, Мағжанның әдеби-шығармашылық өмірі мен көзқарасының қалыптасуы барысындағы «заман талабы мен әлеуметтік орта тудырған ақын пішінін» (М.Жұмабаев) тарқата талдауды мақсат еттік. Сонымен, құрылымы Мағжанның тағдыры сияқты күрделі еңбекті түрік жұртының назарына дәмелі тәуекелмен ұсынамын.

БІРІНШІ БӨЛІМ: АҚ-ҚАРАСЫ АЙЫРҒЫСЫЗ ЖОЛ

«Төңкерістің өзі қазақ даласына күнгей бетінен емес, теріскей бетінен, оңынан емес, солынан кір(ді)... Оны бүркеп қоюға болмас...».

Мағжан Жұмабаев
(«Алқа» әдеби үйірмесінің «Табалдырық» платформасынан)

Бірінші тарау: ЖАҒЫМДЫ «ЖАҒЫМСЫЗ» КЕЙІПКЕРЛЕР НЕМЕСЕ ӘДЕБИ ТӘЖІРИБЕ

Дариға, сол күндерде күнім қараң,
Қазақ елім, бір ауыз сөзім саған:
Болғайсың, сыншы болсаң – әділ сыншы,
Кінәні жүрекке қой, қойма маған! [10.166].

Мағжан.

1.

Ақ-қарасы айырылмаған таным жолы туралы өз пікір-баянымды мен бір сұрақпен бастағым келеді: «Рух дұшпанын», яғни, кеңес өкіметін құлатқан, кеңестер одағын күйреткен қандай күш? Әйтеуір, қару емес, ол тым ашық жол. Кеңесті күйреткен күш – ішкі қарсылық күші мен рух күші, яғни, рухани қарсылық идеясы.

Ондай күдіретті идеяны кеңестік санаға кім кіргізді?

Ол күш – көркем сана, көркем шындық, яғни, көркем әдебиет пен өнер. Өйткені, көркем тарихи шындық – барлық тарихи және өмірлік шындықтан өтімді. Көркемдік шындық арқылы суреткер: «Ойын – ойлаған қалпында, қиялын – меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін – түйген күйінде тілмен айттып, басқаларға айтпай білдіре» алады [13.154-155]. Сондықтан да, көркем ой әр адамның ұлттық санасына тарихи деректен бұрын ұя салады әрі оның қиялын ұшқырлықпен жетелеп, көркем әсер арқылы жаңа идеяны оятады.

Ал көркем әдебиет және көркем идея, көркем шындық – ұлттың, мемлекеттің рухани және саяси дамуымен тікелей астасып жатқан қоғамдық құбылыс. Ең қасіретті азаматтық соғыс пен идеологиялық репрессияларды тудыратын қайшылықтар мен қақтығыстар – көркем шығармадағы көркем шындық пен көркем тартыстың (конфликт) негізгі желісі. Бұл идеялық қақтығыстар, соның ішінде исламиятшылдық (панисламизм), түрікшілдік (пантүркизм) идеяларының қоғамда пайда болуы, таралуы және қысымға ұшырауы Ресейдің Орта Азия мен Қазақстанды жаулап алған кезінен басталды. Кеңес өкіметі тұсында исламиятшылдық (панисламизм) пен түрікшілдік (пантүркизм) идеялары – азаматтық соғыстың, жалған таптық өшпенділіктің,

16 ұлттық көзқарас қайшылықтарының, идеологиялық үгіт-насихаттың, соның ішінде заң жүзінде және заңсыз жазалаудың белсенді құралына айналды.

Қандай да бір жазалау мен қысымға, тиым салуға қарамастан, кеңес қазақ әдебиетінің өкілдері өздерінің тарихи шығармаларында жалпы алаш идеясынан – ұлт-азаттық идеясынан аттап өте алмайтын. Сондықтан да, «социалистік реализмнің» қаңқасын (фабуласын) құра отырып, өзінің негізгі идеясын жағымсыз кейіпкердің бейнесі мен олардың диалогтары арқылы оқырманға жеткізуді әдеби тәсіл етіп алды. Жағымды-жағымсыз кейіпкерлердің арасындағы тартыс арқылы азаматтық, көзқарастық шындықты жеткізуге ұмтылды. Әдебиет сыншылары кейіпкерлердің идеологиялық көзқарастарын салыстыра келіп, жазушының түпкі мақсатын жағымсыз кейіпкердің ой-пікірін талдау арқылы ашып беруге тырысты. Өйткені, «Сәнді әліптемеде (көркем идеяда тақырыптың – Т.Ж.) қандай белгілерін алу – әліптеушінің (жазушының) көздеген мақсаты бойынша болады» [13.1.252].

Сыни талдау барысында барынша анық әшкереленетін бұл мәселе – жағымсыз кейіпкерлердің ашық та ащы шындыққа негізделген пікірлері кеңес идеологтарын ерекше алаңдатты. Сондықтан да, «Көркем әдебиет сыны туралы» КПСС Орталық комитетінің арнайы Қаулысы қабылданды. Қаулыға сүйене отырып, әдеби сынды дамытудың саяси маңызын түсіндіру барысында, жағымсыз кейіпкерлердің саяси, әлеуметтік көзқарасын, көркем тартыстың себептерін ашып талдауға тиым салу туралы астыртын нұсқау берілді.

Жалпы алғанда, жағымсыз кейіпкер мәселесі – көркем таным мен тарихи танымға ғана қатысты емес, одан гөрі аясы кең, астары тереңде жатқан, әдебиеттану мен тарихтану (историяграфия) пәнінің жікарасын ажырататын әрі оларды тұтастандыратын, сөйтіп, бірін-бірі толықтыратын, бірақ, әлі де орнықты зереттеу логикасы қалыптаспаған ғылыми теориялық мәселе. Әлем әдебиетінде ХХ ғасырдың отызыншы жылдарына дейін орын алған, олардың көркем шығарма мен әдеби сында – ой ағымы мен кейіпкер психологиясына, жазушы мен кейіпкердің «меніне» ойыса бастауына байланысты, бара-бара екінші, үшінші қатарға ысырылған үрдіс болып табылады. Тек, идеологиялық қысымға құрылған диктатуралық, державалық, ұлы ұлтшылдық билік еткен қоғам мен мемлекеттерде ғана әдебиет пен өнер шығармалары жағымды-жағымсыз кейіпкерлердің кергілесуіне құрылды. Зиялы қауым өздерінің әдеби-сыни талдауларында соларға деген көзқарасын білдіру арқылы қоғам туралы пікірлерін астарлап айтты.

Бұл реттен алғанда, ХІХ ғасырдың жартысындағы орыс әдебиеті, соның ішінде Гоголь мен Салтыков-Щедриннің шығармалары көркем-сыни ойдың және әдеби талғамның татты қаптарын қалыптастырды. Самодержавиенің барлық сұрқия-арамдығы сіңген Собакеевич пен Чичиковтардың қоғамға жексұрын көрінгені сондай, оларды есіне алғанда, Гогольдің өзінің аза бойын қаза етті. Гогольдің: «Жетеді! Жағымсыз кейіпкерді желкелеп мініп алып, әбден сілесін қатырдық. Көтерем болды өздері. Жалықтырды. Егер шығарма менің еркіме бағынса, онда он жылдан кейін Чичиковты адам етіп шығарамын» [14.ҮІ.223], – деген сөзі де осыған орай айтылған. Ол «Өлі жандардың» үшінші кітабында Чичиковты «адам етіп шығарғанда» болуы мүмкін, бірақ, көркем шындық көтермегендіктен де, өртеп жіберген.

Ал, пролетариат диктатурасы кезінде жағымды-жағымсыз кейіпкердің тартысы – таптық тартысқа құрылып, олардың арақатынасы антоганистік сыпат алды, яғни, өліспей – бітпеспейтін болды және жағымды кейіпкер, яғни, большевик, жұмысшы-кедей, соның ішінде аға халықтың өкілі, міндетті түрде жеңіске жетуге тиіс болды. Міне, осындай қатаң идеологиялық қысымның нәтижесінде, жағымсыз кейіпкердің ойы не сөзі арқылы, өзінің қас жауы – тап, социализм, «коммунистік-колонизаторлық» (С.Сәдуақасов) туралы ашық пікірлер айтқызуға мүмкіндік туды. Бара-бара бұл әдеби тәсілдің әдібіне айналып кетті.

Мысалы, бізге Сәкен Жүнісов: «Менің «Жапандағы жалғыз үй» романының желісі тың көтеруге құрылған сияқты. Бірақ мен шығармада қазақ шалын жағымсыз кейіпкер ретінде көрсете отырып, қара шекпенмен төбелескен кезінде, аға халықтың өкілінің аузынан шығатын: «Сен баяғыда мен қоныс аударып келгенде, бұл ата-бабамның жері деп мені қуып шығып ең. Көрдің бе, міне, біз ақыры жеңдік. Жерің түгілі, ата-бабамның зираты да жыртылып кетті. Әйтеуір жеріңді орыс алды. Ақ па, қызыл ма, бәрібір, орыс. Біздің ұлт», – деген идеяны жеткізу үшін жаздым» [15].; ал Оралхан Бөкей: «Өз отынды өшірме» романында бар айтпақ болғаным, Оспан байдың Түріксібтің темір жолын бұзар алдында: «Бұл – темір жол емес, қазақтың мойнына салынған темір тұзақ. Аз уақыт та болса, қазақты қылғынудан құтқарғым келеді», – деген сөзінде жатыр» [16]., – деп айтып еді.

Егер, олар жағымсыз кейіпкер болмаса, онда мұндай пікірлерді өздері ашық айта алмас еді. Ебін тауып, «кеңес өкіметінің жауларының» атынан айтқызды. Ал жаудың «қастандық» пиғылын әшкерелеп, олардың жау екенін дәлелдеу үшін жағымсыз кейіпкерге ашық түрде дауыстап айтқызуы заңды. Кеңес кезінде жағымсыз кейіпкер туралы орыс тілінде жалғыз-ақ монография жарық көрді де кейін тиылып қалды.

Ал бұл мәселені алғаш қазақ әдебиеттануы ілімінде мәселе етіп қойған және өмірлік шындық пен көркемдік шындықтың аражігін ажырата талдаған еңбек – Ахаңның, Ахмет Байтұрсыновтың жоғарыда біз тәмсіл етіп алған анықтамалар берілген «Әдебиет танытқышы» [13]. Ол көркем туындының түпкі тамырын: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі. 1.Ақылға.2.Қиялға. 3.Көңілге. Ақыл ісі – аңдау, яғни, нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау. Қиял ісі – меңзеу, яғни, ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау. Көңіл ісі – түйю, талғау» [13.154], – деп таратады. Мұндағы «қиял ісі» дегеніміз – «суреттеп ойлау», бүгінгі қалыптасқан теориялық терминмен айтқанда, көркем шындық.

Ал тарихи шындыққа кіндік тамыры байланған тарихи шығармаларды А.Байтұрсынов «заман хат» дейді. Дейді де, шығармалардағы тарихи көркем шындықты тарихи шындық тұрғысынан талдауды тарихшылардың еншісіне қалдырады. Ол: «Шежіре, заман хат, өмірбаян, мінездеме – бәрі де тарихтың жемі есебіндегі нәрселер. Тарих олардың айтқанының бәрін ала бермейді. Аударып, ақтарып түрлі жағынан қарап, түрлі мағлұматтармен салыстырып, сипатталған мағлұматтардан ғана алады», – деп атап көрсете келіп: «Заман хатта уақиға – уақыт сарынымен жазылмайды, іс сарынымен жазылады. Заман хатта боларлық бір кемшілік мынау: уақиғаны болған күйінше жазбай, жазушы өз көңілінің күйіне бояп, реңкін өзгертуге ықтимал. ... Сонда да та-

18 рихқа беретін жемінің молдығынан заман хат өте құнды сөздер есебіне қосылады» [13.248], – деп көркем шындықтың мысының мықтылығын, құнының жоғарылығын, себебі, оның «жемісінің молдығын», яғни, мазмұндас мың өмірлік шындықты, оқиғалас он тарихи шындықты бір ғана көркем шындық арқылы түйіндеп беруге болатынын анықтап көрсетеді. Ал, сол «түйінделген» көркем шындықтың астарын тарату, яғни, көркем шындықтың ішінен тарихи не өмірлік шындықты суыртпақтап алып шығу – ақыл мен тарих таразысының міндеті – деген емеуіпін танытады.

2.

Қазіргі күнде: көркем шындық пен тарихи-өмірлік шындықты талдау барысында, көптеген ілім салалары, соның ішінде тарихшылар да көркем шығармаларда баяндалған көркем шындықтың әсерінен арыла алмай, ондағы көркем әдебиеттің басты талабы мен ерекшелігі болып табылатын (сюжетті ширықтыру, конфликт, көркемдік шешім мақсатында пайданылған) қиялдан туған оқиғаларды өмірде болған нақты дерек ретінде қарастыратын ыңғайға бейім. Бұл, көркем шығарманың, Ахаң – Ахмет Байтұрсынов жiліктеп берген «1) Ішкі пікір жағы» мен 2) Тысқы тіл жағын» [13.162], сонымен қатар, туындының «мазмұнының үш мүшесін: 1.Аңдату; 2.Мазмұндау. 3.Қорыту» [13.157] ажыртпау немесе ажырата алмау. Соның салдарынан, жазушының көркем көзқарасын – оның тарихи көзқарасы, тұжырымы ретінде қарайтын жағдайлар орын алып келеді. Ал шындығында, «адам ісінен (ойынан – Т.Ж.) шыққан жасалынды нәрселердің бәрі өнер дүниесі болады, өйткені жасалынды нәрселердің істе(лі)п шығуына адам ақылы, әдіс-амалы, шеберлігі, өнер күші кіріседі» [13.150]. Яғни, шығарма – автордың ойдан құрастырған төл туындысы, ол өмірді не тарихты көшіріп қана беріп отырған жоқ. Әсірелеп, астарлап, «сөзді ашып айтпай, ұшығын ғана көрсетіп, бүкпелеп айтады» [13.198].

Бұл мәселе, әсіресе, саясаттанған идеологиялық қоғамда (кеңес одағында) өмір сүрген шығармашылық иелерінің туындыларын бүгінгі көзқарас тұрғысынан бағалауда анық байқалып отыр. Бұлай біржақты үкім шығару – әдебиетке де, шығармашылық иесіне де, зиялы оқырмандарға да қиянат. Кеңес өкіметі өзінің идеологиялық дұшпаны деп есептеген тұлғалардың және түрлі ұйымдардың атын ататпады, оларды тек жағымсыз жағынан ғана көрсетіп, халықтың жауы ретінде бейнелеуді талап етті. Осыдан келіп, социалистік реализмнің талабымен өмірге келген көркем шығармалардағы (роман, хикаят, әңгіме, пьеса, поэзия), жағымды және жағымсыз образдар арасындағы тартыс (конфликт) мәселесі бара-бара аса шиеленісті көзқарас қайшылықтарына алып келді.

Бұл кілттипан – Ахаңның соқыр санаға сәуле түсірген, табандап қалған талғамға қанат бітірген, әдебиеттің, яғни, көркем шығарманың «сәнді әліп-темесін» (көркем идеяны), жазушының «ойын – ойлаған қалпында, қиялын – меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін – түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіретін», «қазақтың: «Пердемен жасырып сөйлейді» – дегенінен шыққан, «бернемен сөйлейді». .. Иә: «Бернемен сүгіреттеп сөйлейді» – деген» (13.180) сөз тіркесінің астарын түсінбеуден туған кілттипан. Ахаң – Ахмет Байтұрсынов әдебиеттің, соның ішінде көркем туындының ең

жанды буынын тап басып көрсеткен. Өйткені, астарсыз, емеуірінсіз, «бүкпелеусіз» шығарма – көркем шығарма емес, жадағай баяндалған кәдімгі бопыр сөз. Көпірме көбік. Сондықтан да: «Бұл екеуінің соңғысынан да алдыңғысы болуының ықтималы мол, үйткені: «Бернемен сөйлейді» – деп қазақтар сөздің өз мағынасын жасырып, өзге мағынамен сөйлегенді айтады. Бернелеу – сол мағынасы жасырын сөздің нағыз өзі. Бернелеу біткеннің бәрінің лебіз мағынасынан басқа астыртын мағынасы болады» [13.180].

Осындай сындарлы пікір білдірген, жазушы шығармасының «астыртын мағынасы», айтар ойы түбінде жағымсыз кейіпкерге жүктелетінін мекзеген Ахаңның – Ахмет Байтұрсыновтың өзі де, Жүсіпбек Аймауытов пен Мағжан Жұмабаев та бірер жылдан кейін «тірі жағымсыз кейіпкерге» айналды. Ол «майдан» қазақ әдебиетінде М.Мұқановтың:

«Мағжанды және басқа да алашордашыларды халық алдында әшкерелеп, олардың халыққа жау элементтер екенін дәлелдеу мақсатымен, 1924 жылдың басында Орынбор қаласында Мағжан Жұмабаевтің үстінен әдеби сот жүргіздік. Онда: 1. Жұмабаевқа қазақ халқының және қазақ халқының қорғанышы – кеңес өкіметінің де жауы ретінде үкім шығардық. 2. Оның барлық шығармаларын оқырмандар аудиториясынан алып тастап, оқуға тиым салу туралы үкіметке өтініш түсірдік. 3. Бұдан былай кеңестік баспа орындары М.Жұмабаевтің шығармаларын жариялауға жол бермеуі керек – деп әдеби-идеологиялық үкім шығардық» [17.510-511], – деген «сотынан» басталды.

Қыза келе Сәбит Мұқановтың балтасының жүзі Абайдың өлеңдерін де отап тастады, сөйтіп, ұлы ақынның есімі «қара тақтаға жазылды».

Қысасқа – қысас есебінде, «заман жағымсыздары» жағымды кейіпкер ретінде бейнеленген «Оқжетпестің қиясында» (М.Жұмабаев), «Ақбілек» (Ж.Аймауытов), «Хан Кене», «Қилы заман» (М.Әуезов) жазылды. Бұл «майдан», яғни, «таптық көзқарастардың» шайпасу майданы барған сайын өршіп, ушыға түсті. Ақыры, 1928 жылы 26 қарашада, яғни, «Алашордашылардың» тергеу ісі басталған күнімен күнбе-күн БК(б)П Қазақ Өлкелік Комитетінің «Қазақстанның орта оқу орындары мен жоғары оқу орындарындағы шәкірттердің әлеуметтік құрамын тексеру» туралы қаулысы шықты. Бұл қаулы – қаулы емес, алашордашыларға алдын-ала шығарылған үкім болатын.

Пролетар жазушыларының қазақ ассоциациясы құрылып, оның құрамына тек қана кедей табынан шыққандар қабылданды. Олар Мағжан, Мұхтар, Жүсіпбек сияқты «оқып туған байшыл-буржуазиялық идеологияның құйыршықтарының тамырына балта шабу үшін» шабуылға шықты. «Лашын құстың» екпінінен бас сауғалап барған Мәскеуде де Мағжанның қу жанына тыныштық бермеді. Осыдан бастап, қазақтың барлық хан атаулылары мен билері, оқыған «қаратаяқтары» мен алаш қайраткерлері әдебиет сақнасында тек жағымсыз кейіпкер ретінде көрініп, өнер атаулының барлық саласындағы стореети-штампқа айналды. Әрине, бұл «майданда» С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуі» [18] мен С.Мұқановтың «Өмір мектебі» [17] өмірбаяндық романдары ерекше белсенді және ашық әшкерелеуімен өзге шығармалардан оқ бойы озық тұрды. Онда алаш қайраткерлерінің аты нақты аталып, олардың мақсаттары ашық баяндалды. Көзі қанық әдеби қауым мен көзқарасы қарақты зиялылар бұл шығармаларда сыналған «жағымсыздардың жағымсыз іс-қимылына» қатысты «мағынасы жасырын сөзі» мен не-

20 гізгі «мағынасынан басқа астыртын мағынасын» (А.Байтұрсынов) өзінше түсінді. Егерде, сол шығармаларда «аяусыз әшкереленген» Ө.Бөкейхановтың, А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, М.Жұмабаевтің аттары – аталып, мақсаттары түсіндірілмеген де, бұл туындылар астарлы көркем шығарма емес, бар-жоғы жалаң байбалам туындының қатарында қалар еді. Олардың құнын арттырып, мазмұнын киелендіріп тұрған да, сол Ахаң айтқан, негізгі «мағынасынан басқа астыртын мағынасы». С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуі» мен С.Мұқановтың «Өмір мектебі» атты мемуарлық шығармаларын сыни көзқарас тұрғысынан талдаған сыншы, оның түпкі «мағынасынан басқа астыртын мағынасын» қоса талдады, ал аңғарлы оқырман сол пікірдегі «мағынасы жасырын сөздің» емеуірінін түсінді.

Бұл астарлы тәсілдің «дәстүрлі астыртын мектепке» айналғаны сондай, тіпті, «көзі қарақты жазушы қауым мен аңғарлы оқырманның» талғам-түсінігін былай қойғанда, мысалы, менің өзім С.Сейфуллин мен С.Мұқановтың «шабуылға шыққан кезінде» жазылған шығармаларының негізгі «мағынасынан басқа астыртын мағынасымен» және қолданған әдіс-тәсілдерімен тым ерте, балауыз кезімде таныстым. Мен енді «Әдебиет танытқышта» айтылған теориялық қисындарды әдеби өмірдегі тәжірибелермен ұштастыра тәпсірлеу арқылы пікірімді қысқаша тиянақтауға көшейін. Мұны, көркем шығарманың негізгі «мағынасынан басқа астыртын мағынасы» болатынын және сол астыртын мағынаны «астыртын түсіндіретін» әдеби сын мектебінің болғаны туралы дәлел деп түсінген дұрыс шығар.

3.

Біз де, әдеби сынға қалам тарта бастағанда жазған: «Көркем әдебиетке үкім жүрмейді. Қазір әдеби сот жүргізетін заман емес», – деген пікіріміздің астарына өзімізше үлкен мағына бергіміз келетін еді. Біз сол емеуіріміз арқылы әдеби сотта басты айыптаушы болып сөйлеген С.Мұқановтың «Өмір мектептері» атты ғұмырнамалық шығармасындағы: «1.Жұмабаев қазақ халқының, онымен қатар, қазақ халқына қамқор болып отырған Совет өкіметінің қас жауы деп танылсын. 2.Оның барлық шығармалары оқылудан алыну өкіметтен сұралсын. 3.Бұдан былай советтік баспасөз бетінен Жұмабаевтің шығармаларына орын берілмесін», – деген жоғарыдағы пікірін жоққа шығарғымыз келген. Мұны «бернені» білетін көзі қарақты оқырмандар ишарасыз-ақ түсінді. Түсініп тұрып ішімізден:

Түркістан – екі дүние есігі ғой,
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған,
Түріктің Тәңірі берген несібі ғой, –
деген жолдарды үнсіз күбірлеуші едік.

Сондай-ақ, тұтқында болған татар ақыны Мұса Жәлилдің «Моабит дәптеріндегі» милли Түркістан идеясын да поэзиядағы ишара арқылы түсіндік. Сол жылдары ақын Жәркен Бөдешевтің:

Арылмай сор мен қырсықтан,
Жөргекте жатып тұншыққан...

...Арыстанмен алысқан,
 Жолбарыспен жұлқысқан.
 Қасіретім сенсің бұл күнде,
 Көзімнің жасын ыршытқан,
 Аяулы Шығыс Түркістан!, –
 атты өлеңіне Абылай Түгелбаев марш екпініндегі ән жазды. Қазақ зиялы-
 лары бұл әнді оңаша отырыстарда хормен айтып жүрді.

Тағы бір мысал: мен «Түркістан легионының» өмірде болғанын және Мұстафа Шоқай, Қаюм-хан, Баймырза Хайт, Қарыс Қанатбаев, Мәжит Айтбаев, Қалимолдин, Қорқыт, Асан Қайғы деген есімдерді 16 жасымда чекист, полковник Серік Шәкібаевтің «Үлкен Түркістанның күйреуі» атты деректі хикаяты арқылы білдім. Әрине, бұл шығармада: легион – кеңес өкіметіне қарсы жау құрылым, ал аталған адамдар – отанын сатқан опасыздар ретінде суреттелген, яғни, жағымсыз кейіпкер ретінде алынған. Бірақ, шығарма кейіпкерлерінің: «Біздің мақсатымыз – түрік бірлігі, түрік тектес халықтардың азаттығы, тіл, діл, дін, іс бірлігі», – деп айтқан сөздері әлі де көзқарасы қалыптаспаған жас, әсершіл оқырманның ұлттық сезімі мен санасын оятты.

Мысалы, сол шығармадағы жағымсыз кейіпкердің бірі Асан қайғының атынан жазылған хаттағы:

«Сондықтан да сізден менің сұрайтыным, министр мырза: 1. Татар мен Башкирияны Түркістанға қосу; 2. Егер Қаюм хан татар-башқұрттармен бірлесіп еңбек етуден бас тартатын болса, онда қазақ-қырғыз және татар-башқұрт халықтарынан жеке мемлекет құру; 3. Қазақ-қырғыз және башқұрттардан бөлек легион ұйымдастыруды, осыған байланысты «Түркістан легионындағы» қазақ-қырғыздарды осы легионға ауыстыру; 4. Қазақстан, Қырғызстан және Еділ-Орал проблемасына басшылық студі Берлинде бір жерге жұмылдыру... Ресейдің сорлы халықтары өздерінің құтқарушысын тапты» [22], – деген мәліметтің өзі неге тұрады.

Мұндағы көтерілген мәселелер «Иттихат уә тараккидің» Түркістан өлкесіндегі астыртын ұйымдардың алдына қойған жалпы мақсаттарымен тікелей астатып жатыр. Осындай мағлұматтарды ол кезде тек көркем шығармадан, соның ішінде жағымсыз кейіпкердің диалогінен ғана білуге болатын. Асан Қайғының хаты арқылы чекист полковник С.Шәкібаев «Ресейдің сорлы халықтарының» мұң-мұқтажы мен саяси аңсарын оқырманға жеткізіп отыр.

Ал: «Көп мәселенің ішінде біз үшін ең қиыны – тіл. Ресей бізді алфавитсіз қалдырды, үйірді-айналдырды, ақырында орыс алфавитін берді... Каюм хан мырза бізді мүлдем тілсіз қалдырды. «Милли Түркістан» журналы мен радионы ол өзбек тілінің монополиясына берді де, бізге: сол тілді үйреніңдер – деді. Каюм хан мырза біздің ескі жарамызға тиіспесе жөн болар еді...» [22], – деп баяндалатын тіл мәселесі ол кезде Қазақстанда өте шиеленісіп келе жатқан.

«Иттихат уә тараккидің» жалпы тұтас Түркістан идеясын жүзеге асыру барысындағы үлкен қайшылық та осы «ортақ тіл» мәселесінен туындаған болатын. Соның ішінде, әдеби тіл ретінде татар не өзбек тілін қолдану туралы пікір таластары саяси реңк алды. Қазақ зиялылары да ондай жасанды тілді «шырықты бұзған шыбар тіл» деп атады. Бұл қазір де шетін және на-

Қаншама большевиктеніп, «чекистеніп» кетті десек те, қазақ тілінде көркем шығарма жаза алатындай қабілетке ие адамның, өз ұлтының өткен тарихы мен алдағы уақытта күтіп тұрған тұйық жолын қаперге алмауы мүмкін емес еді. «Үлкен Түркістанның күйреуі» араб тілі пәнінің ұстазы Нұралы Өсеровтің ой салуымен студенттердің, соның ішінде, Айтуған Шәйімов, Мұратхан Қаниев, Құрманғазы Бексайынов, Есен Сафуанов, Несіпбек Айттов, Жанболат Әуіпбаев, Аманжол Қанафин сияқты курстатстарымыздың арасында үлкен пікір таласын тудырды. Ақыры, 1970 жылы ақпанда: «Лениннің туғанына 100 жыл толуына орай» әдеби диспут өткіземіз» деген желеумен жартылай жабық жағдайда өткізілген отырыс саяси пікір таласқа айналып кетті. «Үлкен Түркістанның күйреуіндегі» Мұстафа Шоқайдың, Қаюм ханның, Баймырза Хайттың, Қарыс Қанатбаевтің, Асан Қайғының т.б. жағымсыз кейіпкерлердің диалогінде айтылған немесе жоғарыда келтірілген деректерге сүйеніп: 1. Кез-келген империя 300 жылдан артық өмір сүрген емес. Ресейдің қазақты колонияға айналдырғанына 300 жылдан асып кетті. Кеңес одағы 2015-2025 жылдары құлайды. 2. Бізді орыстанып кетуден мұсылман діні қорғап қалады. 3. Бізді сырттан қолдайтын Түркия мемлекеті бар, – деген болжам жасадық.

Біз онда 19-20 жаста едік.

Сол рух күресі қазақ жастарын 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына алып келді. Алла жар болып, азаттықты 40-41 жасымызда көрдік. Бостандық біз күткен күннен тез жетті. Шындығында да, Түркия Қазақстанның тәуелсіздігін алғашқы үш сағаттың ішінде мойындады. Азаттықты тездету жолында «Үлкен Түркістанның күйреуі» атты деректі хикаятының авторы, чекист Серік Шәкібаевтің де, ондағы жағымсыз образдардың да, соның ішінде Баймырза Хайттың да ықпалы болды (Мұстафа Шоқайды емес, Баймырза Хайтты тілге тиек етуіміздің себебін сәлден соң түсінесіз). Сонымен қатар, кеңес өкіметіне деген наразылығын кеңестік жазалаудың түрмесін де, жазалау саясатының қыспағын да қашан көзі жұмылғанша көрген М.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Абайдың заманға қарата:

« – ... Ей, сорлы заман, тар заман!.. Менің маңдайыма сені берді. Аштырмадың адымымды. Менен аяған қай қастығың қалды. Мұнша ғазап шеккендей не жазық, не айыбым бар?» [23.310-311], – деген монологі арқылы жеткізді.

Сол әдіспен жазылған З.Шашкиннің – «Ақын жүрегі» [24], І.Есенберлиннің – «Қатерлі өткел» [25], Қ.Мұхамеджановтың – «Жат елде» [26], Ә.Әлімжановтың «Мұстафа Шоқай», «Стрела Махамбета» (Махамбеттің жебесі), «Чокану быть» (Шоқан мәңгі) [27], С.Жүнісовтің «Жапандағы жалғыз үй» [15], Оралхан Бөкеевтің «Өз отыңды өшірме» [16] атты көркем шығармаларында ұлттық идея – жағымсыз образдардың ойымен, көзқарасымен емеуірін арқылы берілді. Осы туындылардың көркемдік әдіс-тәсілімен 1975-1976 жылдары жазылып, 1982 жылы жарық көрген менің «Жер-бесік» [28] атты роман-новеллада солардың қатарына жатады. Сондағы: бостандық жолындағы күрес құрбаны кәрі абыз (озан) Кәрібоз (Шаһкерім Құдайбердіұлы) бен азатшыл ақын, түрік елі Шанаққаланың түбінде шайқасып жатқанда «Алыстағы бауырыма» деп өлең-хат жолдаған Саржанның (Мағжан Жұмабаев)

Осы шығармаларды жазудағы жазушының басты идеясы не, қандай тарихи оқиғалар мен жағдайдар (ситуациялар) қалай және қандай көркемдік шындық тұрғысынан баяндалды, оқырмандар (халық) қалай қабылдады, оның тәуелсіздік рух жолындағы ықпалы қандай болды? Міне, осы жайлар әдеби сында астарлы мақсатпен талданды. Әрине, бұл тәсіл тек қазақ әдебиетіне ғана қатысты емес еді, бүкіл одақ сыншыларына ортақ болатын. Бұл ретте, украин мен грузин сыншылары алда тұрды. Кеңес одағының құрамындағы барша шығармашылық иелерінің мұндай көңіл-күйі мен шығармалық идеясын, әдебиет сыншылары жағымсыз кейіпкерлерді талдау арқылы олардың емеуірін идеясын ашуға ұмтылатынын КПСС Орталық комитеті білді. «Көркем әдебиет сыны» туралы қаулы қабылдады. Компартияның қаулысы – кеңес өкіметі тұсында сот үкімімен пара-пар еді. Тәуелсіздік, Түркістан бірлігі, дін бостандығы, азаттық үшін күрескен жағымсыз образдарды талдап, пікір айтуға тиым салды. Оны: ұлтшылдық идеясын насихаттау деп бағалады. Соған қарамастан, кеңес жазушылары жағымсыз образ арқылы өзінің басты идеясын жеткізіп отырды. Мен сол тұста 13 жыл бойы әдеби журналдың сын бөлімін басқарғандықтан да, мұндай тиым салуға тікелей нұсқау алған әдебиетшінің бірі болдым.

Шүкір. Тәуелсіздікке жеттік. 1990-1995 жылдары арасында мұһажирлер Халифа Алтайды, Дәлелхан Жаналтайды, Хасен Өралтайды, Мансұр тәйжіні, Мұстафа Өзтүрікті көрдім. 1995 жылы Алматыда Баймырза Хайтпен әнгімелестім. Сонда Баймырза марқұмға: кеңес әдебиетіндегі, соның ішінде С.Шәкібаевтің «Үлкен Түркістанның күйреуі» атты деректі хикаятындағы өзінің жағымсыз образдардың бірі ретінде суреттелгеніне қалай қарайтыны туралы пікірін сұрадым. Сонда Баймырза Хайт марқұм:

– Біз ол романды да, одан басқа беллетристикалық шығармаларды да, тұтқындардың естеліктерінде (эсерлерінде), чекистердің жазбаларында білеміз. Ол – заманның жазмышы жаздырған сөздер. Оларға қарсы біз де өзіміздің лайықты жауабымызды бердік. Оның ең жақсысы – жағымсыз образдардың арқасында, сіздер – түркістандықтар, әсіресе, жастар біздің мақсатымызды білдіңіздер. Бұл үлкен жетістік. Демек, чекистердің өзі бұл орайда бізге көмектесті, – деп жауап берді.

Міне, «Үлкен Түркістанның күйреуі» деректі хикаятының жағымсыз кейіпкерлерінің бірі Баймырза Хайттың миллат рухына, азаттық идеясына көркем әдебиеттегі астарлы бенелеу тәсілі арқылы жасаған идеялық ықпалының бір көрінісі осындай. Ал оның «Қоқан және Алашорда ұлттық үкіметтері» ғылыми диссертациясы (1956 ж., Вестфалия) жеке талдауды қажет етеді. Ал «Түркістан легионы» туралы С.Бекеновтің «Қазақ тұтқыны» [29], Ө.Толғанбаевтің «Исповедь судьбы жестокой» [30] атты естеліктері Қазақстан тәуелсіздік алған соң ғана жарық көрді.

4.

Сонымен, кеңестік өнер иелері, соның ішінде кеңестік түркі республикаларының жазушылары өзінің туындыларына социалистік реализм әдісін (методын) пайдалана отырып, жағымсыз образдар арқылы өзінің идеясын,

24 ал әдебиет сыншылары – сол жағымсыз бейнелердің іс-әрекеті мен ой-мақсатын талдау арқылы жазушының түпкі идеясын және оның астарын емеуірінмен аңғартты. Оған Шыңғыс Айтматовтың шығармалары толық дәлел.

Кеңес өкімет тұсындағы көркем туындылардағы жағымды, жағымсыз образ және оның астары туралы мәселе – әлі де толық орнығып болмаған үлкен теориялық мәселе. Тәуелсіздік алған соң да, тіпті, диссертациялық тақырып ретінде де берілген емес. Бұл ретте, жағымсыз бейненің бірі Құнанбай образы туралы біздің алғауымызбен сонау тоқсаныншы жылдары қорғалған Абаттың кандидаттық диссертациясы сондай сирек еңбектің бірі болып табылады. Бұл тақырып – алдағы уақытта қоғамдық ғылымдар мен көркем әдебиетке арналған ғылыми конференцияларда арнайы сөз етуге тұрарлық. Әйтпесе, бұрынғы кеңестік заманда өмір сүрген жазушылар мен олардың шығармаларының көркем идеясы ашылмайды. Бұл – сол халықтың 80 жылдық рухани өмірін сызып тастаумен пара-пар деген сөз.

Мысалы, «адам тағдырын, соның ішінде өзінің кейіпкерін қақпақылға салып, қарақшы ретінде көрсетуге жазушы Мұхтар Әуезовтің қақы бар ма еді? Тарихи тұлға ретінде ешқандай да құқы жоқ. Ал кейіпкер немесе жағымсыз кейіпкер есебінде ше? «Жетеді, әр нәрсе өз орнымен, өз уақытымен! Жақсы адамдарды кейіпкер етіп алатын кез өтті. Неге олай істеу керек екенін де айттып берейін. Өйткені, жаны жайсаң бейшараларға тыныс беретін кез жетті: себебі жақсы кісі еді деген сөзді еріні қимылдағанның бәрі тым жеңіл айтатын болды: жақсы кісіні әдебиеттің жегін атына айналдырып жібердік, оны мініп алып, қос өкпесінен тепкілемеген, қамшының астына алып, қолына тиген нәрсемен сабаламаған жазушы қалмады: сөйтіп жақсы кісіні жауыр қылғанымыз сонша, онда жақсылықтың көлеңкесі де жоқ, тәнінің орнына ырсиған қабырғасы мен құр терісі ғана қалды: енді жақсы кісі деген сөз – екіжүзді деген ұғымға айналды, жақсының кәдірі кетті. Жетеді, енді сұмырайдың өзін арбаға жегетін кез келді. Ал, енді сол сұмырайларды жарыса әдебиетке жегейік!» [14. VI. 223] – деген Н.В.Гогольдің «сұмырайларының» қатарына Құнанбай мен Бөжей жата ма, жоқ па? Тіпті солай болған күннің өзінде де Гоголь «жағымсыз кейіпкерлердің құқығына қол сұқпауға шақырмап па еді» [14. V. 553]. Бұл – жазушының өз кейіпкеріне деген адалдығы. Гоголь: егер шығарма менің еркiме бағынса, онда он жылдан кейiн Чичиковты адам етiп шығарар едiм, – дептi-мыс. Демек, ол өзiн кейiпкерлерiнiң алдында кiнәлi санаған. Ал Құнанбай бейнесiн сомдағанда М.Әуезов өзiн қалай сезiнген?

Ал Мұхтар Әуезов көркем шығармадағы өзінің жазушылық үстемдігін былай қойып, тарихи тұлға мен тарихи қаһарманның жігін ажыратпай, қоғамдық теріс пікірді зорлап қалыптастырып отыр. Баласын арашалау үшін әкесін ұстап берді. Ал, әкесі үшін баласы жауап бермейді, – деген «ұлы диалектиктің» қағидасы да бар еді ғой [31].

Жалпы алғанда, «Әдебиет танытқышта» орын алған кеңестік замандағы көркем шығармалардағы «әліптеме» (идея) мен «берне» (подтекст), тартыс пен көркемдік шешім, «ішкі пікір» мен «сыртқы пікір» сияқты түйткілді теориялық мәселелерді әдеби тәжірибелерге сүйене отырып тиянақтау – бүгінгі әдебиеттанудың басты міндетінің бірі деп қарастырған лазым. Әйтпесе, қазақ әдебиетінің қормалды ғасырының классиктері – қазақ әдебиетінің тарихынан ысырылып қалуы мүмкін. Оған, мектептер мен жоғары оқу орын-

дарына арналып жаңадан құрастырылып жатқан оқулықтардан С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Т.Әлімқұлов, Б.Бұлқышев, Қ.Аманжолов сияқты тағы да басқа тұлғалардың атының елеусіз ғана аталып өтуі не мүлдем ұшыраспауы дәлел және бұл қауіпті нышан.

Ақ-қараны айырмаған балаң сананы сондай бір қауіпті, көрбілте сұрлеуден бұрып, ақ жолға бастаған «жағымсыз кейіпкерлердің», соның бірі Мағжан Жұмабаев, өмір мысалы мынадай...

Екінші тарау: «БІЛМЕСЕҢ НЕГЕ ЖАЗАСЫҢ?..»

Аз өмірінде көп уланған, көп сүйген,
Көп алданған, көп жылаған, көп күйген.
Ақын ағам болып еді – дегейсің,
Жүрегіне өмір оғы көп тиген...

...Әлі жассың, қайғы көрме, бара бер,
Сұм өмірдің күлін көрме, гүлін көр.
Тілегімді келтірем деп орнына,
Қарашығым, қане, маған қолың бер! [10.131-132.]

Мағжан.

1.

Бала кезімнен сөзге деген ынта-жігерімнің барын сезсем де, әдебиет деген жеке пәннің барын бесінші сыныпта білдім. «Жәңгір Исаяынова» десе бүкіл мектептің ересек оқушылары, әсіресе, қыздар дірілдеп кетеді. Бізге қазақ әдебиетінен сол апайымыз сабақ береді екен. Жүрекіне сыныпқа кірдік. Міне, ұстаз деп осыны айт. Ол кісі дәріс өткенде шыбынның ызыңы ғана естілетін. Әсіресе, «Абай жолын» түсіндіргенде әр образдың ішіне кіріп, өзін соның орнына қойып, өзінше сомдайтын. Абайдың сөздерін жатқа айтады, Құнанбай образына келгенде, тіпті, жанып кететін, бір сабақтан бір сабақ қызықты өтіп, эпос оқығандай әсер беретін. «Абай жолын» 5-6 сыныпта оқып тауысып, 7 сыныпта қайта оқып шықтым. Мектептегі шығармаларымның барлығын тек «Абай жолы» туралы жаздым. Жәңгір ұстазым да солай қарай қақпайлай берді.

Міне, сөйтіп, қыза-қыза келе, алаш тақырыбына кіріп кеткенімді білмей қалдым. Ақыры барлық кейіпкерлерді түгендеп болған соң, «Абай жолындағы» жағымсыз образ – «Әзімхан образы қандай образ?» – деген тақырыпта шығарма жаздым. Мазмұны: «Абай жолындағы» Әзімхан образын Әуезов неге жағымсыз кейіпкер етіп суреттеген? Ол халқына, ұлтына жаны ашыған тұлға екен ғой. Ұлы Абайдың елін сүйген Әзімханды кекетіп сөйлегені қалай? Абай олай айтпайды. Демек, жазушы Әуезов қателесіп жазған – деген мағынада баяндалған. Жәңгір ұстазым: «Оқыған шығармасы туралы оқыр-

26 ман қандай пікір білдірсе де еркі бар», – деп жоғары бағалады.

Бұл, 1965-1966 оқу жылдары болатын. Тура сол тоқсанда Жәңгір мұғалім декретке кетті де, орынына «сауатсыздықты жою» кезінде мұғалімдік курсты бітірген Ақылима апай келді. Ол кісі: «Әуезовті жамандайтын сен кімсің?» – деп дүрсе қоя берді. Өлгі шығарма әуелі әдебиет сабағында, содан кейін әдебиет үйірмесінде талқыланды.

Әзімхан деген кім өзі? Бұл сұраққа ешкім жауап таба алмады. Өбден сілікпем шығып, кетіп бара жатқанымда математика мұғалімі Төкен Ғабдуллин: «Білмесең неге жазасың? Оқымайсың ба, Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуін», – деді. Дереву оқып шықтың. «Абай жолындағы» Әзімханның сөзі «Тар жол, тайғақ кешуде» алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың ауызынан сөз бе сөз қайталаанады екен. Сонда, Әзімхан – Әлихан Бөкейханов болғаны ма? Ендеше, Сәкен Сейфуллин «Тар жол, тайғақ кешуде» Әлихан Бөкейхановты және Мағжан Жұмабаев деген ақынды неге сүйкімсіз етіп көрсетеді? [18.68-81]. Олардың жаны қазақ үшін күйіп жүр ғой. Мағжанның өлеңдерін қайдан табуға болады екен?», – деген мағынада үзінді келтіре отырып шығарма жаздым. Мұғалімнің өзі де С.Сейфуллинге қарсы шыға алсын ба. Олар Мағжанға шүйілді.

Енді, Мағжан деген кім, соны анықтауым керек болды. Тағы да сүмірейіп шығып келе жатқанымда тағы да Төкен мұғалім: «Білмесең неге жазасың? Оқымайсың ба, Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебін». Ана Әбділда Тәжібаевтің «Өмір және поэзия» деген зерттеу кітабында да айтылған. Түсініп оқысаң бәрін табасың» – деді. Екеуін де оқыдым. Сөйтсем, Сәбитті ауылдан қалаға апарып оқытқан да, мұғалімдер курсына түсірген де, екі жыл өз бөлмесінде жатқызған да, қағаз-қарындаш, дәптер сатып әперген де, ескі киімдерін беріп – киіндірген де, алғашқы өлеңдерін оқып, пікір білдірген де Мағжан екен [17.97,511]. Ал, Сәбең болса – Сәбит Мұқанов болса: Мағжанның және өзге алашордашылардың халыққа жау екендігін әшкерелеу үшін 1924 жылы Орынборда Мағжанның үстінен сот жүргізіпті [17.510]. Бұл қалай? Өзін оқытқан ұстазына солай қарсы келуге бола ма?

Ал Әбділә Тәжібаевтің «Өмір және поэзия. Қазақ лирикасының тарихынан» атты еңбегін оқығанда алғашында тітіркеніп қалдым. Қалайда Мағжан туралы мағлұматтар арқылы өзімді ақтап алудың амалын табудың жолын қарастырдым. Ә.Тәжібаевтің:

«Абай мен Мағжан қарама-қарсы екі дүние адамындай: бірі – алға қараса, екіншісі – артқа қарайды, бірі – алға тартса, екіншісі – кері тартады. Бір де бір жерде екеуі жанаспайды, күн мен түндей алшақ» (19.47), «Өмір, әйел туралы нәзіктеп жазғандары да түршігу, жеркенуден басқа әсер ете алмайды», «Мағжан лирикаларының барлық мерезін пышақтап отырып көрсету керек» [19.48-49], «Түс» деген өлеңі ...әрине, рухани ауру, жазылмас аурудың сандырағы», «қандай жеркенішті, қандай сорақы. Біз мұны «хайуан махаббатының» ұғымы десек те қиянат жасаған болмаймыз» [19.50], «Еуропа, орыс символистерінің Мадонналарды сайқалға айналдыруының қазақ поэзиясындағы бір үлгісі осы. «Тәңірінің өз нұрынан жаралғандарда» адамдық сипат жоқ, сайқалдық қылық бар, сайтандық сезім бар. Олары нағыз лас, натуральдық түрде баяндалады» [19.51], – деген сөйлемдерінің ішіндегі «сорақы», оқушы үшін «ұят» сөздерді алып тастап, жағымды мағынадағы

сөйлемдерді іріктеп ап, төмендегідей «пікірлерін» көшіріп бердім:

27

«Россиядағы шығыс халықтарының ішінде орыс поэзиясының бұқарашыл, демократтық принциптерін барынша биік және берік ұстаған санаулы, ірі ақындардың бірі – Абай десек, XX ғасырға кіре берістегі орыс поэзиясындағы декаденттік, смиволистік ағымдар жолын берік ұстаған шығыс халықтарында Мағжан Жұмабаев. Мағжанның да «ұлтым», «қазағым», «халқым» деген сөздері аз емес, «жерім», «көлім», «елімдерді» де көп ұйқастырған... Оның ең үлкен поэмасы «Батыр Баян» – Абылай хан мен оның батыр, билерін дәріптеуге арналған. Кенесары, Науандар, Қойлыбай сияқты бақсылар Мағжанның сүйікті геройлары... Бұған қарап Мағжан Абайды ұғынбапты, орыс классиктерін білмепті, жетпей адасқан екен деуге болмайды. Мағжан гимназия бітірген, кейін Москвада оқыған, батыс, шығыс әдебиетін білген, поэзияның шеберлік өнерлерін, нәзіктік күйлерін зерттеген, оның өзіне керекті аспаптарын пайдалана алған ақын. Оның байшыл, ұлтшыл ақындар ішінде ерекше көрініп, ерекше қауіпті саналғаны да сондықтан. Осы Мағжанды байшыл, ұлтшыл сыншылар көпке дейін қазақ лирикасының ең сұлу үлгісі деп Абайдан асыра мақтап келген. Тіпті, әдебиетші коммунистердің ішінде де Мағжан поэзиясының мазмұнын сынай отырып, оның түр, шеберлік жақтарын әлпештеушілер болған (Тоғжанов жолдас, тағы басқалар): «Мағжан деген тамаша лирик бопты ғой, махаббатты, табиғатты ұшқыр жырлапты ғой» – деп жаңа жаза бастаған жас ақындардың өзімізден талай сұрағанын білеміз...

Өмір – көпір, от үстіне салынған,
Діңгектері зәндем отқа малынған.

*** **

Сарғайдым күннен күнге қуат кеміп,
Қалың ой – қара жылан жүректі еміп.

*** **

Күнбатыстан қараңғылық қаптаған,
Көгінде жоқ жалғыз жұлдыз батпаған...

*** **

Қаласына кірелік,
Күл қылайық қаласын,
Құл қылайық баласын!, –
деп өлең жазған», – дейді Ә.Тәжібаев.

Сондай айтулы ақынды Сәкен Сейфуллиннің:

Ұлтшыл ауру,
Ойбайлайды
Құс төсектің үстінде:
– Ойбай, баурым,
Ойбай аулым,
Ел-жұртым,
Дауысымды есіттің бе?» [19.46-53], – деп сынауы қате.

Бұл ақынның шын сыры. Ақындар шындықты айтуы керек. Бұл – дұрыс

28 емес», – деген мазмұндағы өз ойымды жеткізіп, кезекті, үшінші шығармамды жаздым.

Сонымен қатар, ойымды кеңіткенсіп, Мағжанның «Қысқы жолда» атты өлеңіндегі: «Жерді жапқан кебіндей, Сүйіп ақырын құшақтап, Әфсүн оқып үреді» ; «Жазғы жолда» атты өлеңіндегі: «Айнала өлім, еш бір үн, Жапан түзде жалғызбын...», – деген жолдарын, алдында ғана Жәңгір мұғалім сабақ үстінде түсіндіріп берген Мұхтар Әуезовтің «Қысты күнгі дала» атты шағын әңгімелесіндегі: «Қарлың қарды жамылған ақ дала. Айналада көз тоқтатарлық бұдыр жоқ. Ақ кебінге оранған дүние ұзақ ұйқыға батқандай, өлім тыныштығындай зор тыныштық... Дала жайылған кебінге ұқсайды. Алыстағы биік жота ... тіршілікті көмген молаға ұқсайды», «Жетімсіреген елсіз далада жалғыз келе жатқан жаяу – зұлымдық, зорлықтан қашқан жас келіншіек Рәбиға...» [20.1.113-115], – деген жолдармен өзімше салыстыра талдаған болдым.

Ал кітап дүкенінен сатып алған Мұхтар Әуезовтің «Әр жылдар ойлары» атты көлемді кітабінің ішіндегі Мағжан туралы:

«Сол кездерде орыс мектептерінде толық білім алған кей қазақ ақындары Шоқан, Абай, Ыбырай тәрізді адамдардың алдыңғы қатарлы реалистік дәстүрін өздеріне үлгі етпейді. Оның орынына октябрь революциясының алдында болған декадент ақындарға еліктейді. Үлгі етіп алғандары Бальмонт, Мережковский тәрізділер болады. Мысалы, буржуазиялық ұлтшыл ақын Жұмабаев Бальмонтқа еліктеп: «Я – ветер, я вольно вею» деген жолды қайталап, қазақша: «Мен – желмін, желдей есемін» – дейді. Немесе Бальмонт жазған бір өлеңінде: «Смерть, убаяюкай меня» – десе, Жұмабаев та: «Мені де, өлім, әлдиле» – деп зар қосады. Өзі қазақ сахарасында өскен Жұмабаев ақынға оның туған өлкесі қорқынышты, өлі дүние тәрізді сезіледі. Бұл жөнінде тағы да орыстың символист ақындарына еліктеп:

Дала, дала, сар дала,
Бейне өлік айнала, –
деп күңіренеді. Немесе:
Сары дала бейне өлік сұлап жатқан,
Кебіндей ақ селеулер бетін жапқан, – дейді.

Осылайша, сахараны сөз етсе, талай рет өлім күйін – құлақ күйіндей қатар күңірентеді. Бұл сарын оның шығармаларының арылмас дертіне айналған «сары ауру» болатын. Осы аталған сарында өзі туған табиғатты, көріністі мансұқ ету ғана емес, жалпы өмірден түңілудің, реалдық шындықтан бет бұрудың сыры көрінеді. Соған орай дарашылдықты, күйреген жалғыздықты, жадау көңілді жырлағыштық туады. Халық өмірінен жырылып кеткен, революция өздерін қанаушы топ өкілдері есебінде айдап тастаған қауымның реакцияшыл-мистикалық күй сарынын күйлеген жыршы-ақындар осылар болады. Өзінің көптеген шығармаларында махаббат сыршылдығын жырлаған Жұмабаев ақын қазақ әдебиетіне әр алуан дертті: ыңырана күңіренуді, мистиканы және жұртқа жат электизмді (әркімге еліктегіштік), декаденттікті екпек болған ақын еді. Бұл жайлы сөз қылғанда, әсіресе, күн нұрындай ашық-жарқын, әрі дені дерттен сау Абай поэзиясының халықтық сыпатын қатар еске алмай болмайды. Абай болса, өз халқының бойындағы жақсылық

қасиеттің бәрін де өз ақындығына сиғызып, сезімнің сарасын, ойдың асыл санасын ғана мұра қып қалдырған еді» [20.374-375], – деген пікірін пайдаланудың қыбын таба алмай, қиналғанмыз есте.

Тағы да пікір таласы ұйымдастырылды, дау ушыға кеп, «жас алашордашы» атанып, ақыры мектептің ата-аналар кеңесінің жалпы жиналысында ауыл басшылары араласқан талқылаудың шешімімен мектептен шығарылдым. Қойшы, сонымен, Ақылима мұғалім он екі – екі, бір бес қойып, тоқсандық бағамды үшке шығарды. Үшінші тоқсанда демалысқа кеткен мектеп директоры Серікқазы Мейірханов пен Жәңгір ұстазым қайтып келіп, мен де сабаққа толық қатысатын болдым.

2.

«Алашордашыл» деген кику мұнымен бітпеді. Тоғызыншы класта жүрген кезімде Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасының мазмұнын Сирақбай Досмағамбетовтен көшіріп алған Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жолсыз жаза» дастанымен салыстырып айтамын деп, бұл жолы мектептің оқу ісі жөніндегі меңгерушісі әрі сүйікті сынып жетекшісі (шын мағынасында) Исабек Шыңғысбаевтің тарапынан тағы да бір ай мектептен шеттетілдім. Бағыма қарай, Семей облыстық музыкалық-драма театры «Еңлік-Кебек» спектаклін біздің ауыл сақнасына әкеліп қойған соң, менің айтқанымның барлығы шындық екені анықталып, мектебіме қайтып оралдым.

Өкініштісі, он алты жасында Ахмет Байтұрсыновтың жазған хатын Мақаншы селосында қызылдармен соғысып жатқан алаш әскерінің командирі Садық Аманжоловқа апарып бергені үшін отызыншы жылдары Алматы түрмесіне қамалған әкем Құдакелді Жұртбайұлы сол кезден бастап маған алашордашылар туралы ешқандай әңгіме айтпайтын болды. Алаш қайраткерлерінің ащы-тұщы өміріне енді зер сала бастағанымда, бұл мен үшін қазір де орыны толмайтын өкініш әкелді.

Ал, Алаш идеясын маған мектеп оқушысы кезімнен сіңіріп жіберген, осы ерлі-зайыпты екі ұстазым – Жәңгір Исаяынова мен Төкен Ғабдуллин еді. Кейін «Ұраным – Алаш!..» атты үш томдық кітапты жазып біткен соң, осы алаш идеясы маған қайдан келді деген сұраққа жауап іздедім. Сонда, «Абай жолынан» – алаш жолына түсіріп жіберген ұстаздарым ойыма оралды. Осыдан біраз жыл бұрын: «Мені неге алаш идеясына қарай бұрмалап жібердіңіз?» – деген сұрағыма Жәңгір апайым: «Бізге педучилищеде Ғалиакпар Төребаев сабақ берді. Сол кісі: өзің сенбесең, айтқаныңа шәкірттерің де сенбейді. Образдың ішіне кіріп оқу керек дәрісті – дейтін. Содан кейін институтта Қайым Мұхамедхановтың тезінен өттік. Сол ұстаздарымның ықпалы ғой» – деді. Ал Ғалиакпар Төребаев «Алашорданың» жастар қанатының мүшесі, Жүсіпбек Аймауытовпен, Мұхтар Әуезовпен қатарлас оқыған. Қайым дегдардың алаш ұранына жастайынан адал болғандығы, ол кісінің үйінде Мағжанның жиі қонақта болғаны, біраз уақыт тұрғаны да елге мәлім. Сөйтіп, мұғалім апайым Әзімхан образын талдату арқылы алаш идеясын маған «өткізіп» беріпті.

Алаш идеясы туралы аңсарлы тылсым осылай, «жағымсыз кейіпкерлерді» талдаудан басталды.

Егерде, жазушылар Мұхтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов алаш идеясын және оның көсемдерінің мақсатын – өздерінің шығармаларында жағымсыз образдар арқылы «оқырмандарға өткізіп жібермегенде», сонымен қатар, сол астыртын мағынаны ашып, түсіндіріп беретін «астыртын әдеби мектеп» болмағанда, қазақ әдебиетінің рухы бұрынғыдан әлдеқайда жүдеу тартар еді. Демек, сол кездің өзінде Ғабит Мүсіповтің «Қос шалқарындағы» жалғыз сиырын ортаға салып, соқаға жегіп кетіп бара жатқанда малсақ кейіпкері айтатын: Цоп, соба, көксиыр! Көксиырым – соқаны сүйрей жүр, сүйрей жүріп – күйсей жүр, күйсей жүріп – күйлей жүр. Цоп, соба! [21], – деген сөздің астарын түсінетін аңғарлы оқырман да болды деген сөз. Өйткені, мұндағы көксиыр арқылы жазушы бір әйелдің мойнына социализмнің артқан үш бірдей тауқыметін емеуірінмен танытып отыр, яғни, әйел – таң бозынан қас қарайғанша еңбеккүн үшін жұмыс істеуі керек («соқаны сүйрей жүруі»), жұмыс істей жүріп тамақ табуы керек («сүйрей жүріп – күйсеуі»), оған қоса бала да табуы («күйсей жүріп – күйлеуі») керек. «Қос шалқардан» әдеби сыншылардың идеологиялық қателік тауып отырғаны – Ғабеннің осындағы мекзеп отырған әйел тағдыры еді.

Біздің, алаш қайраткерлері үшін күйінді болатын және жастай талан мен жазаға ұрынатын албырттығымыз мұнымен аяқталмапты. Қайта басы екен және алаш идеясын рухани өзек еткен қазақ зиялылары тіпті мол екен. Жан-жағына алаңдай қарап қойып, Мағжанның өлеңдерін шетінен жатқа айтады. Біз де тіл сындыра бастадық. Оның есесіне, ендігі жазаны ауыл мұғалімінен емес, жоғары оқу орындарының доценттері мен профессорларынан, азулы ағалардан көрмек екенбіз. 1968 жылы толық орта мектепті бітірісімен, Алматыдағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетіне оқуға түсуге құжат тапсырдым. Кеуде – керіңкі, дәме – жоғары болатын. Ол аусарлық бірден басылды. Себебі, міне, осы арада аттарын білгеніміздің өзін мақтаныш ететін алаш қайраткерлері, соның ішінде Шәкәрім мен Мағжан есімі алдымызға тосқауыл қойып, жазықсыз жазықты етіп, идеологиялық алғашқы жаза сабағын өтті.

Бұл өзі адам сенгісіз лаухулмафуздың жазмыш тақтасы сияқты оқиға. Қазақ тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан тапсырдық. Өзіме таныс, сынақтан өткен С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» мемориальдық-романы туралы еркін шығарма жаздым. Шығарманың қорытындысын: «Романда алаш қайраткерлері әсірелене жамандалады. Менің ойымша, Әлихан Бөкейханов қазақ ұлты үшін жаны күйген, қазақтың қамын ойлаған қайраткер. Ал:

Сарғайдым күннен күнге қуат кеміп,

Қалың ой – қара жылан жүректі еміп.

Ақырын бітіп барам жанған шамдай,

Көзіме ыстық жастар мөлт-мөлт етіп [10.141], –

деп елі үшін қамыққан Мағжан Жұмабаевті «түнгі төбет» деп кекетіп сөйлеуі орынсыз», – деген мазмұнда аяқтағамын.

Үштік баға қойылыпты. Сол бағаны қойған әдебиетші Мырзатай Жолдасбеков пен Қ.Жолымбетов ауызша емтиханды да өздері алды. Астафиралла! Тағы да, «Тар жол, тайғақ кешу» мен баяғы М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасы келді. Ойланатын несі бар, ғалымдарға білім деңгейімді емін-еркін

көрсетейін, шығармадағы үштік бағаның орынын толтырайын, шығарманың мазмұнын естеріне түсірейін деп, қышырлана отырып, алаш қайраткерлерінің атын басыңқырай атап: «Сарғайдым күннен күнге қуат кеміп, Қалын ой – қара жылан жүректі еміп...», – деп Мағжан Жұмабаев айтқандай...», – дей бергенімде Мырзатай Жолдасбеков «Еңлік-Кебекке» көшуімді сұрады. «Еңлік – Кебектің» жазылу тарихын Шәкәрімнен бастап, суылдата жөнелдім. Мырзакеңнің қабағы кіржің ете қалды. Дауысы бәсең тартып: «Мына бала сайрап тұр» – деді. Қасындағы тілші Қ.Жолымбетов: «Естідім қалай сайрағанын. Екі» – деді. Жүрегім су ете қалды. Шығармаға қойылған үштік баға – саяси баға екенін сонда түсіндім. Ақыры үшке келісті. Сөйтіп, маған емес, екі алашордашылға тиесілі «бағамды» алып ауылға қайттым.

Бір жыл бойы әбден даярланып, тақыстықпен алаш тақырыбына жоламай, шығарманы 4 бет етіп қана, Алтынсарин мен Ильминскийдің достығын мөлдіретіп жазып бергенмін. Қазақ тілінің емілесі мен тыныс белгісін тастай еткемін. Ауызша емтиханды тапсыруға ішке кіргенде шығармадан тағы да үш алғанымды білдім. Үшті қойған – Рымғали Нұрғалиев. Дүние төңкеріліп түсті. Емтихан қағазын қайтып беріп, кетуге бет алдым. Қабылдау комиссияның төрағасы профессор Т.Кәкішев қарсылығыма қарамай жетектеп апарып аудиторияға кіргізіп жіберді. Қас қылғандай, ауызша емтиханды алатын да Рымғали Нұрғалиев болып шықты: «– Әлгі «XIX ғасырдың екінші жартысында төбеге шығып, төңірегіне қараған қазақтың бірі» – деп басталатын шығарма сенікі ме? Қап! Алаш қайраткерлеріне қаратыла айтылатын мұндай сөз мектеп бітірген баланың ауызына қалай түседі. Көшіріп алған – деп ар жағын оқымай үш қойып жіберіп едім. Ештеңе етпейді. Келесі емтихандардан бес алсаң түсесің. Қане, билетінді ал», – деді бұйрық раймен.

Ой, алла! Тағы сол «Тар жол, тайғақ кешу» мен «Еңлік-Кебек» ! Бұл қырсыққа не дерсің, бұл қырсыққа дауа бар ма. Бұл жолы алаш тақырыбын айналып өтіп, жоламадым. Бірақ, емтихан алушы Р.Нұрғалиевтің өзі: «Тар жол, тайғақ кешуде» С.Сейфуллин алаш қайраткерлері туралы қандай пікір білдірген. «Еңлік-Кебекті» алғаш жазған кім. Дастанның аты қалай. Қандай нұсқалары бар. Қалайша білмейсің. Білмегенің қалай? Мен сенен С.Сейфуллиннің кеңес өкіметін қалай құрысқанын сұрап тұрғамын жоқ. Әуезовтің пьесасынан емтихан алып отырғамын жоқ. Оларды сенсіз де жатқа білемін. Есті ақын боласың ба, ессіз ақын боласың ба, соны білгім келген. Өз ұлтыңның ұлы ақындарын білмесең, өрісің белгілі болды», – деп тіпті қазбалап қоймағасын, тәуекелге барып, бұл сұрақтарға жауап бергенім үшін мектептен шеттетілгенімді, былтыр осы сұраққа жауап беремін деп профессорлар әуелгі қойылған екінші үшке әзер түзеткенін ескерте отырып, айта бастап ем, қайтадан жүзі жылышырайлана берді.

Міне, осы жылы шырай менің кейінгі жазушылық, ғалымдық жолымды алаштың ақ жолына салды. Ұстазымыз Рымғали Нұрғалиев ең бірінші башқұрттың классик жазушысы Сәйфи Құдаштың Мағжан Жұмабаевті ақтау туралы сол кездегі Қазақстан Орталық комитетінің бірінші хатшысы Д.А.Қонаевқа жазған көлемді хатын оқытты. Сол хаттағы:

«Мен М.Жұмабаевті өзіндік ерекшелігі аса зор және өте шебер ақын деп есептеймін, бұл реттен алғанда ол Абайдың лайықты ізбасары болып табылады. Сонымен қатар, оның бойында, теңіздегі тамшыдай болса да, оның өзін қалыптастырған, өмір сүрген, қызмет еткен және қасіретті қазаға ұшы-

ртқан заманның тауқыметті табы бар. Оның көзқарасындағы таңқаларлық қайшылықтар мен оның поэзиясындағы ұлтшылдық сарындар, оның саяси көзқарасының қалыптасуының аса шиеленісті жолдан өтуі – осыдан келіп туындайды. Сондықтан да, М.Жұмабаевтің шығармашылығына бір беткей баға беруге талпынудың өзі: мейлі, оны күрескер-революционердің деңгейіне дейін шарықтатсын, немесе, керісінше оны кеңес өкіметі мен қазақ халқының жауы ретінде табаласын, бәрібір, бірінші жағдайда – ол біздің тарихымызды қарадүрсін қарабайырландыру (вульгарной примитивизацией), ал, екінші жағдайда – біздің мәдени мұрамызға қатысты жасалған жауапсыз жексұрындық (безответственным ниглизмом) болып табылады. Мұндай баға, егерде ХХ ғасырдың бірінші ширегіндегі Қазақстандағы нақты тарихи жағдайға бүтіндей көз жұма қол үзіп (абстрагироваться) қараса ғана, немесе, ұлт әдебиетінің тарихындағы жағдайлар мен оқиғаларды бір кездегі «Пролеткульт» (Пролетарият мәдениеті) пен «РАПП» -тың (Россия пролетарият жазушыларының бірлестігі) әсіребелсенділері ұстанған жалаң әлеуметшілдік тұрғыдан түсіндіргенде ғана берілуі мүмкін. Мен осы екі жағдайға да тоқтала кетуді жөн көріп отырмын» [11.438], – деп берілген баға біздің алаш жазушыларына, соның ішінде Мағжан Жұмабаевқа деген ынтымазды өсіріп жіберді.

Бұдан кейін алаш зиялыларынан тәлім алған көрнекті жазушылар С.Бегалиннің, С.Машақовтың және атақты әнші Ж.Елебековтің үйіндегі – М.Дулатовтың «Оян, қазақ», Ж.Аймауытовтың «Жан жүйесі», Мағжанның «Өлеңдері» сияқты кітаптарды алып келіп, пәтерінен шығармай оқытты. Осыдан бір жыл бұрын ғана университетте өткен Мағжанның шығармаларын жарыққа шығару туралы профессор Б.Кенжебаев ұйымдастырған әдеби талқылауда баяндама жасаған орыс тілінің маманы, оқытушы, ұлты татар Хайролла Махмұдовқа сондай бір сүйінішпен қарап өтетінбіз. Оның толқындана бұйраланған шаштарының өзінде бір жұмбақ жатқандай көрінетін. Ақыры Р.Нұрғалиев ұстазымыздың септігімен ол кісінің «Мағжанның ижады» туралы жазбасын да оқып шықтық. Сондағы:

«2.Мағжанның ашқан жаңалығы тек қана жалпыға бірдей жаңалық болып есептелетін өлең тілінің топталуын (жүйеленуін), үндестік (үндесе) қайталанудың үш түрін (унисондық, контрастылық және гармоникалық) кіргізгендігі емес, ең алдымен оның өлеңінің ішкі мазмұнымен түгелдей қабысып, қалыптасып жатқан жаңа мазмұн беретін синтагматикалық даралық жасай білуінде. Мағжан өлеңдерінің жолдарындағы ішкі ұйқасымның (үндестіктің) қайталануы, сан қилы жаңа ырғақтардың жасалуы – бұған дейін, тек қазақ өлеңдерінде ғана емес, басқа да түрік тілдес халықтардың да өлеңдерінде болып көрмеген құбылыс. Ал, сол жаңа түрлердің өлеңнің барлық заңдылығымен қабысып жатуы – ақынның керемет шеберлігінің белгісі. Мағжанның өлең жолдарының ішіндегі дауысты дыбыстардың да, дауыссыз дыбыстардың аллитерациялық үндестіктері бірі мен бірі ұштасып, арасынан қыл өтпестей қиоласып келеді. Сонымен бірге, типті әуендердің қайталануы да, әр типті дыбыс комплекстерінің бір-біріне қарама-қарсы қойылуы да ақынның өлең жолдарындағы үндестік заңдылығын дараландыра, жоғары дәрежеге көтере түседі. Осының бәрі де қазақ өлеңінің жаңа гармоникалық, жаңа музыкалық үлгісін жандандыра, құлпырта, әлдеқайдағы көз жетпейтін қияларға әкете береді» [11.423], – деген тосын ғылыми пікір, әбден саяси алғау мен қарғауға үйреніп қалған біз үшін, Мағжанның поэзиясының жаңа

бір әлемін ашты.

Енді, «Еңбекші қазақ», «Сана», «Шолпан», «Ақ жол», «Жаңа мектеп» басылымдарындағы Мағжанның өлеңдерін біз де көшіріп ала бастадық (Ол көшірмелер әлі де бар).

Бұл шәкірттік талпыныс ұстаздарға да мағлұм бола бастаса керек. Қазақ қазақ журналистикасының тарихы кафедрасының меңгерушісі, профессор Хайыржан Бекхожин бізге дәріс берді. Мінезі жұмсақ, аяғын баппен баса-тын, тамағы бүлкілдеп барып дауысы шығатын, көзілдірігі көзінен түспейтін, қарапайым нағыз профессордың өзі еді. Кітапхананың сирек қорын жағалап жүргендіктен бе, бізді іш тартатын сияқты көрінетін. Бірінші курстың аяғында, менің «Айқап» журналындағы публицистика» атты курстық жұмысымды өзіме айтпастан студенттердің республикалық олимпиадасына ұсынып, орын алып беріпті.

Сөйтсек, аяулы ұстазымыз бізге шындап «ен салып» жүр екен. Күзде, екінші курсқа көшкенімізде, дәлірек айтсам қазан айының ортасында шақырып алып: «Әй, бала, сен айтқанды тыңдайсың ба. Өзің маған шәкірт болғың келе ме? Мен саған бір сыр айтамын. Келіссең де, келіспесең де тісіңнен шығармайсың. Мен ұзақ жылдар бойы өзіме сенімді шәкірт іздеп жүр едім. Уақыт келіп қалды, көзім саған түсіп тұр. Менің айтқанымды істейсің бе?», – деді. «Істеймін», – дедім. «Онда үш шартым бар: бірінші – осы айтылған сөз осы жерде қалады, екінші – тура менің айтқан тапсырмамды ғана орындайсың, үшінші – одан алған білімінді, оның нәтижесін қашан сол мәселе анықталғанша ешкімге, ешқашанда білдірмейсің», – деді. Уәде бердім. «Жоқ, дұрыстап ойлан. Алашты білесің ғой? Сол туралы», – деді. «Әрине, білемін». «Менің саған тапсырмам мынау. Мен ғана емес, бүкіл қазақ қарыздар Ахан – Ахмет Байтұрсынов, Жахаң – Міржақып Дулатов, Әлекең – Әлихан Бөкейханов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов секілді аяулы азаматтар менің ұстаздарым болған еді. Солардың парызын өтейін деп әр жылдары екі шәкірт дайындап едім. Біреуінен ештеңе шықпады. Екіншісі ауылға кетіп қалды (Сөйтсек ол қазіргі белгілі деректанушы профессор Зарқын Тайшыбай ағамыз екен). Енді саған таңдауым түсіп тұр. Мен саған олардың еңбектерімен қайдан, қалай танысудың жолын көрсетемін. Күндердің бір күнінде ол кісілердің де заманы туады, сол шақта сен дайын болуың керек. Оқып болғаннан кейін өзіме емтихан тапсырасың», – деді.

Желкелегендей болып университеттің сол кездегі ректоры Өмірбек Жолдасбековке апарып, Ұлттық кітапханадағы қауіпсіздік комитеті қадағалайтын арнайы қорда дайындалуға рұқсат беру туралы қатынас қағаз алып берді. Сол бетінде ертіп апарып Ұлттық кітапхананың арнайы құпия қорында істейтін Сәуле Мұсатайқызы Ақынжанова апаймен таныстырды. Сөйтіп, арнайы қорда сақталған алаш азаматтарының деректерін іздестіріп, көшірме жасап, көп күндерді өткіздік. Апайдың арқасында кітапханада сақталған деректердің негізімен танысып шықтым. Соның ішінде, Мағжанның «Шолпанның жазығы» әңгімесі, «Оқжетпестің қиясында», «Тоқсанның тобы» және бір топ өлеңдері мен әдеби пікір таластар бар еді. Тоғыз айдан кейін Хайрекең ұстазымның өзі емтихан алып: «Енді мұны ұмытып, есіңнен шығар. Олардың заманы келеді. Біз көрерміз, көрмеспіз, бірақ сол кезде сен дайын бол», – деп, батасын беріп еді жарықтық. Кітапханада өткізген сол күндерім өмірдегі үлкен олжамның бірі болды.

Жылжып соңғы курс та келді. Хайрекеңмен сәлем дұрыс, ішкі ұғыныс бар. Диплом жетекшімнің берген тәліміне сай болсын, көңілінен шықсын деп, тақырыпты «Алашорданың» ресми басылымы «Қазақ» газетіндегі публицистика» деп қиындатып алдым. Содан диплом қорғауға он күн қалғанда кафедраға бардым. Хайрекең жалғыз отыр екен: «Тақырыбың қандай еді?», – деп аңырып қалды, «Қазақ» газетіндегі публицистика», «Не, не, не дейсің?», – деп иегі кемсендеп, жанары жарқылдай от шашып, қолын таяғына апара бергенде, зытып бердім. Есікті жауып үлгергенімде сарт ете қалған таяқтың үнімен қоса: «Подлец – сатқын!» – деген сөз қоса жетті. Соңғы сөз жаныма қатты батты. Расында да, тақырыпты жетекшінің өзімен неге келіспедім екен, оның үстіне «ешкімге тіс жармаймын» деген уағданы бұзып тұрмын. Қорғауға он-ақ күн қалды. Енді не істеймін деген оймен есіктің жақтауына ілінулі тұрған хабарландыруға көзім түсті. Күзде берілген диплом тақырыптыры. Қолым: «Сырбай Мәуленов – публицист» деген жазудың үстінде тұр екен. Еш белгі жоқ. Дипломсыз қалатын емес. Есікті ақырын аштым да жапсарынан: «Кешіріңіз, тақырыбым – «Сырбай Мәуленов публицист» екен», – дедім. «А, бәсе, сол дұрыс. Кел. Сен енді бітіргелі тұрған жас мамансың. Арандап қаласың. Алаш тақырыбы әлі ашылған жоқ. Берген сөзде тұру керек. Ананың (қауіпсіздік комитетінің) есебіне бір іліксең өмірі құтылмайсың. Осы тақырыбың дұрыс. Өзім көмектесемін», – деді.

Сырбай – классик ақын, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы. Мағжан Жұмабаевтің өлең-дастандарын кез-келген жерде орайын тауып жатқа айтып жүретінін білетінмін. Сырағанның қабылдауына кірдім: «А, жетекші профессор Хайыржан Бекхожин дейсің бе? Әй бала, бағанадан соны айтпайсың ба. Болды, болды, ендігі ақылды сол кісіден сұра. Болды. Болды», – деп қолтығымнан ұстап, есіктен шығарып-ақ жібергені. Қап, енді қайттым. Әлгі, «ақымақ, ақымақ» деп қайталап айтқаны шын болды. Екеуінің арасы дұрыс емес екен-ау. Ендеше, басқа тақырып неге бермеді. Әй, өзіне барып айтпасам болмас. Кафедраға ширақ басып кірдім: «Өзіңіз жек көрген адамға неге жібересіз. Сіздің атыңызды айтып едім, кабинетінен қуып шықты», «Қалай?», «Осылай», «Айттым ғой саған, ақындар ақымақ келеді деп. Ештеңе етпейді. Кітапханаға барып қарай сал», – деп тұрғанда есік тасыр-тұсыр ашылды. Көйлегінің бір жағасы костюмнің ішінде, екінші жағасы сыртында: «Ой, арысым-оу, ардағым-оу! Алашымның көзі! Алашым-оу, ардағым-оу! Бізді де адамның қатарына қосатын кезіңіз болады екен-ау. Жаңа бір бала келіп, сіздің атыңызды атағанда зәрем ұшып кетті ғой. Ә, жаңағы осы бала ғой деймін», – деп Сыраған күңірене кіріп келіп Хайрекеңді бассалды. Рахтанып Хайрекең отыр.

Ой, алла! Бір адамды екінші адам дәл осылай қадір тұта алады екен-ау! «Ардағым, алашымның көзі» деп еркін айтады. Тебіреніп кеттім. Сол шамырқанумен бірден кітапханаға тартып, жеті күннің ішінде дипломды қолына табыс еттім.

Міне, бұл тағылым ба – тағылым, аманат па – аманат. Кісі сыйлай білудің үлгісі ме – үлгісі. Ұстаздық қамқорлық па – қамқорлық. Алаш зиялыларының бекзатты тәрбиесінің тәлімін бойына қапысыз сіңірген қайран ұстаз!

Енді, сол жылдары жинақталған, қазір баршаға мәлім деректердің ішін-

дегі Мағжанның шығармашылығына қатысты саяси-әдеби айтыстар мен талқыларға, ашық-жабық жасалған, айтылған қиянаттарға шет жағалап тоқтала кетейін.

Үшінші тарау: МЕЗГІЛСІЗ ҚОҢЫРАУ

1.

Ұлтты, ұлт зиялыларын, сол арқылы ұлттық рух пен ұлт мұрасын тұншықтырып тынуға бағытталған 1947-1953 жылдардың аралығындағы кезекті жазалау майданында демін алып қалған әшкерелеушілер, жиырма жыл үнсіздіктен кейін, тағы да бас көтерді. Мағжанның аты мінбеден қайталанып айтылды. Әрине, жаңа уақыттың тезіне орай жаңа «жауынгерлер» шықты. Дегенмен де, олардың сұстары тәжірибелі белсенділердің заһарына жетпейтін. 1951 жылы 20-сәуір күні Жазушылар одағында «Кенесары – халықтың қас жауы» деген тақырыппен партия ұйымының ашық жиналысы өтті. Сонда, жарыссөзге шығып сөйлеген Ә.Тәжібаев «хандар жыршысы» Мағжан Жұмабаевтің ізбасары ретінде арыстан мінезді ақын Қалижан Бекхожинді айызы қана былай әшкерелеп сөйледі.

Стенограммалық мазмұндама: «Өкінішке орай, жұмсартып айтқанда, мұндай «ауытқушылықтар» әлі де көзін жойған жоқ. Қазақ кеңес ақыны, партия мүшесі Қалижан Бекхожиннің «шығармашылық жолын» айтсақ та жеткілікті. Ол өзінің «Әдебиет және искусство» журналының 1939 жылғы №4-5 сандарында жарияланған «Ақсақ құлан» дастанында Шыңғысханды:

Дариға, кешегі өткен әкем Шыңғыс,

Ер еді-ау Күншығыстан шыққан тұңғыш (?), – деп сарнады.

Бұл шумақтардың идеялық бағытының зиянкестігін дәлелдеп жатпаса да, ақынның көздеген жаулық пиғылы өз-өзінен түсінікті. Шыңғысханға осылай табынудың тамырын қайдан іздеген жөн? Кеңес ақынына хан-агрессордың қанқұмарлығына ашық сұғыну қайдан келді? «Дариға» деп күңіренуінің астарындағы күйзелісті сағынышта не ой жатыр?

Бір кезде контрреволюциялық «Алашорданың» жыршысы Мағжан Жұмабаев өзінің «есалаң жырларында»: «Гүннен туған, Күннен туған, мен шығыстың ұлымын!» – деген сандырағы бар болатын. Міне, Бекхожиннің Шығысы мен Шыңғысының үндестігі қайдан шығып отыр. Осыдан барып, қанішер хан қазақтың бабасы болған бекхожиндік шежіре туған. «Аспан күл, жер мұз боп кетсе де» – деген Жұмабаевтің ұраны осылай бастау алған. «Қазақта Кенекеме ер жетпейді» деген ұранына Бекхожин де қосылып «Науан» атты дастан жазды. Сонда ханның сауынына жиылған батырларды арыстанға, жолбарысқа, бүркітке, сұңқарға теңейді. Наурызбайды ақын «Науан» деп еркелетіп атайды. Ол орыспен достыққа ұмтылған Ахметтің басын кесіп әкеледі, тұтқындарды жылқының жарылған қарынына орап ханға әкеледі.

Міне, дастанның мазмұны осы. Дастанның әр жолына хандық пен ұлтшылдықтың уы сіңген. Дастанның әр сөзі екі халықтың – орыс пен қазақтың бейнесін қасақана қара маймен бояған. Бұл олардың арасында орнаған қай-

ырым мен бауырластықты қаскөйлікпен арандату емес пе? Хиуаның, Қоқан-ның хандары, Кенесарының өзі де еңбекші қазақты тонап, олардың қыздары мен ұлдарын құлдық пен күндікке әкеткенін Бекхожин қасақана жасырады, жасырып қана қоймайды, ол қазақтың сорлы халіне орыс халқын кінәлі етіп қояды. Бекхожиннің суреттеуі бойынша, қазақтар Россияға қосылғанша жақсы өмір сүрді, өз күндерін көңілді, ойын-сауықпен, молшылықта өткізіпті. Бізге бақытсыздықты әкелген Россия екен. Ал Кенесары хан «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заманды қайтару үшін күресіпті. Автор қазақ халқы өзінің ханын сүйіп еді – дейді.

Сонымен, ақынның суреттеуінше: Кенесары жай ғана пенде емес, алланың сүйген құлы, ол қазақты билеу үшін жаратылған. Сондықтан да, Кенесарының тұсында «Сарыарқа пейішке» бергісіз болыпты. Қазақ халқын ұлы орыс халқына қарсы арандату үшін айтылған өтірік пен жалаға қоса, дастан ұлттың сезімін улайтын діни сенімді қоздырады. Шығармасын ширықтыра түсу үшін «алашордашылардың» көсемдерінің қатарында жүрген, октябрь революциясына қарсы шыққан, контрреволюциялық көтерілістің қаруы ретінде өткір дастан жазған ақынның кейбір сөздерін, теңеулерін, жолдарын, кейде шумақтарын тұтастай пайдаланады.

Абылай мен Кенесарыны әспеттеген сондай дастандардың бірін революцияның жауы, «Алашорданың» мүшесі Мағжан Жұмабаев «Баян батыр» деп атаған. Бекхожин Жұмабаевтың дастанының атын «Науан батыр» деп өзгертіп алады. Мағжан:

Бәрінен асып туған батыр Баян,
Баянның батырлығы алашқа аян, – десе, Қалижан:
Бәрінен айбыны артық батыр Науан,
Қазақта батыр бар ма жеткен оған, –
деп Мағжан Жұмабаевты жол ма жол, сөз бе сөз қайталайды.

Мағжанда батыр Баян қалмақтарға қарсы: «Абылай! Абылай!» – деп шапса, Қалижан Бекхожинде Науан орыстарға осылай әскери ұранмен аттанады. Абылай мен Кенесарыны «құдайдың ерекше жаратқаны» туралы сөзді де Жұмабаев Бекхожинге өсиет етіп қалдырыпты. Арызданушының атынан Қалижан Бекхожин Кенесарыға:

«Сорлаған ел-жұртыңды сақта өзің,
Самсаған албастыдай сонау жаудан», – дейді.

Сөйтіп, орыстарды қазақ халқының жауы ретінде көрсетіп, оларды «албастыдай басып келе жатыр» деп Бекхожин тағы да орыс пролетариаты мен октябрь социалистік революциясына шабыт беруші адамдарды «албастыға», тағы да басқа «жын, шайтанға» теңеген контрреволюционер Жұмабаевтың теңеулерін тірілтеді. Мұндай мысалдарды өте көп кездестіруге болады. Тіпті, шелтиген, шатырайған, сұмдық, ел талаған деген сияқты тағы да басқа теңеулер арқылы орыс солдатын сондай бір сүйкімсіз етіп көрсеткен. Ең соңында «Науан батырдағы»: «Құдая, кер заманға кез келтірдің!», – деген сөз дәл ме дәл – қазақ халқының жауы, Аманкелдіні өлтірген Міржақып Дулатовтан алынған. 1944 жылы шыққан «Шеру» атты жинаққа енген «Қол бастаған батырға» атты өзінің өлеңінде Бекхожин кеңес армиясының қазақ офицерімен әңгімесіндегі:

Мен сүйдім елдің ұлы ер екен деп,
 Кешегі Кенекеме тартып туған.
 Есіңе ал Кенекемді кешегі өткен,
 Кеудесін кек пен оққа төсеп өткен (?!),—
 деп берген батасы да «таң қаларлық».

Көріп отырғанымыздай, Бекхожин «Науан батыр» дастанында Кенесарының Россияға бағытталған қанды жорығын, алынбаған кекті романтикалық көтеріңкі леппен жеткізеді. Ол енді фашизмді талқандап жатқан біздің кеңес офицерін: Есіңе ал кешегі өткен Кенекемді, кек жолында кеудесін оққа тосқан... Кенекемдей ерлік пен атың шықсын, – деп Кенесарының өзіне тартуға шақырады.

Бұл ұран нені білдіреді? Кенесары ханның жолымен жүрген, Кенесары сияқты кек қайтарған офицер кіммен және кімге қарсы оқ атуы тиіс? Мұндай офицердің фашистерге қарсы оқ атуы мүмкін бе? Бұл өлеңінде Бекхожин ашық және бар дауысымен алашордашыл ақындардың ақындық сөздігін пайдалана отырып, «кек» алуға шақырады. Осыдан кейін оның осы «Шеру» жинағына енген «Қазақ ұлына» атты өлеңіндегі: «атаң қазақ разы болсын», «ата қоныс – Сарыарқа разы болсын», – дегендегі «қазақ», «қазағым» деген сөздің емеуірінін қалай түсіну керектігіне қиналасың. Бұл жолдар Кенесары туралы дастанның сарынымен тікелей астасып жатыр.

Мұндай интонация Бекхожиннің көптеген туындыларынан ұшырасады. Оның өзге тақырыпқа жазған туындыларында да ұлтшылдық сарыны есіп тұрады. Мысалы, «Домбыра» атты өлеңіндегі: Нәзік, тәтті күйінді тыңдап өстім, Ұмытпас қасиетіңді сенің ешкім. Алтын арфа, күмбірлі оркестрге, Мен сені ешқашанда теңгермеспін», – деген (мазмұндалып алынды – Т.Ж.) жолдарды оқиықшы. Домбыра – біздің ұлттық аспабымыз, біз оны сүйеміз. Бұрын жалғыз өзінің ғана әлсіз үні шығатын домбыраның үні тек кеңестік Қазақстан тұсында ғана жаңаша күмбірлеп, үлкен ұлттық оркестрге айналды. Алайда, оны «даңғырлаған оркестрге» немесе «алтын арфаға» қарсы қоюға бола ма? Әрине, болмайды!

Симфониялық оркестр де біздің құндылығымыз, онсыз қазақ халқының мақтанышы опера өнерін ұйымдастыра алмас едік. Симфониялық музыканы одан әрі дамытуға және қазақ жастарының музыка өнерінің жоғары деңгейіне көтерілуге ұмтылуы, сондай-ақ, жас композиторлар мен орындаушылардың орыстың классиалық және қазіргі кеңестік музыканың озық үлгілерін үйренуге тәрбиелеу – біздің міндеттеріміздің бірі болып табылады. Ал Бекхожин «домбыра» деп қасарысып тұрып алса, оны ешқандай оркестрмен, арфамен теңестіргісі келмесе, оған не айтасың? Бекхожин үшін сол бір өткен заман, «солтүстік жұмақ болған» өмір қымбат. Адамдардың ішінен ол «құдай ерекше етіп тудырған» Кенесарыны, Шыңғысханды, Наурызбайды, музыкалық аспаптардың ішінен өткен заманды жырлағанда қосыла шертіп отыруы үшін домбыраны таңдап алады. Ол оның ұлтшыл дауысын өшіретін оркестрден қашады, ол оны тітіркендіреді, сондықтан да, оны «даңғырлаған» деп суреттейді» [35.36.24-34].

Осы мәжіліске «информация жинау үшін» қатысып отырған философия ғылымдарының кандидаты Нұрымбек Жанділдин Орталық комитеттің

38 Ғылым бөлімінің меңгерушілігіне ауысқаннан кейін, Ө.Тәжібаевтің «домбыраның оркестрге» қарсы ұлтшылдық рухтағы соғысы туралы пікірі жадында сақталып қалса керек, араға екі-үш жыл салып барып, Орталық комитеттің идеология жөніндегі хатшысы болған кезінде оны қайта жаңғыртып «домбыраны» оркестрден алып тастап, «екі ішекті қу тақтайды» қуғындаған болатын» [36.438-441].

2.

Осы арада біз үшін аса маңызды және зерттеудің осы «Ақ-қарасы айырылмаған жол» атты тарауына, оның ішінде осы үзінді алынып отырған мәтінге де қатысы бар бір оқиғаны кіріктіре кетуді жөн көрдік. Ол оқиға: Мағжанның, Мағжанмен тауқыметтес «ұлтшыл ақын-жазушылардың» шығармашылық жолы мен көркем идеясын түсінуге ұмтылған ізденушілердің қандай тамұқ талқысынан өткенінен мағлұмдар етеді. Қазір жеңіл-желпі желеу болғанымен де, ол тұста зерттеушіге тәп-тәуір қауіп-қатер төндіретін.

Бұл эссе – Мағжанның тағдырына қатысы бар аға толқын өкілдерінің көзі тірісінде жарияланған еді және олардың бұл дерекпен танысқанына «Бесігіңді түзе!..» атты эссеміздің журналдық нұсқасындағы мына жазбалар көзімізді анық жеткізген-ді:

«... Ілияс (Жансүгіров) сол күндері түрмеде жатып, екі шумақ өлең шығарып, ретін тауып сыртқа жіберткізіпті. Ашыну, ыза, қорлық, жеккөру сезімі от шашып тұр. Әр сөзі тотияйын сияқты ойып түседі.

Усойқы, шойқы, майқы, ақсақ,
Өңгүдік, шыжың, сідік бетқап.
Сарысу ми, сарынға ұшқан соқыр қарға,
Шелегі қарамайдың қойған боқ сап.

Сен итке сөзім шығын, жалтақтаған,
Итсің көрінген кеп айтақтаған.
Үре бер, көрінгенге, тіфу, арсыз,
Қаншықтай құйрығы қатып, сатпақталған [34.108].

Қапастан да саңылау тауып, үзіліп жеткен осынау жолдардан Ілиястің жан дауысы естіледі. Теңеуді де төкпелетіп, қарғысын да аямаған. Әр сөздің көбесін сөгіп, сол арқылы арандатушының портретін жасамай-ақ қояйық. Асыл азаматтың әсірелей жаққан қара бояуына да, теңеуіне де, сөз саптасына да кешіріммен қарайық. Жаны қылбұрауға түсіп, қиналған шағында жазықсыз күйдірген жантықтарға одан артық балама таппаған да шығар» [36.176].

Осы пікірлерге орай мен тиісті емеуірін етілген «аға толқынның» өкілінен жауап күттім. Іштей дайындалып та жүргем. Жауап араға жыл салып барып тосын «берілді». Орталық мұрағаттың Жазушылар одағы қорындағы ресми және ресми емес хаттармен, жауаптармен, түрлі мәжілістердің шешімімен танысып жүргемін. Әдеттегідей, 5-6 іске тапсырыс бердім. Екі-үш дәптер алып барамын. Ең құпияларын тығып қаламын да, қалған көшірмелерді архив қорының меңгерушісі Шахворостоваға (аты-жөнін ұмыттым) тапсырып кетемін. Ол ертеңге дейін тексеріп барып, «пайдалануға рұқсат» деген қо-

лын қойып береді. Кешкі сағат беске қарата қолыма Мағжан Жұмабаевтің шығармашылығы мен ұлтшылдығына қатысты сол кездегі Одақтың екінші хатшысы Әбділдә Тәжібаевтің әшкерелеу хаты түсті. Ондағы анықтамалардан төбе шашым тік тұрды. Тездетіп оқып, елеусіздеу ғып көп істің ортасына жасырып кеттім. Таңертең келе сап қолға алуға тиіспін.

Таңғы алты жарымда үйдің телефоны шырылдап тұрып алды. Әрине, беймезгіл қоңыраудан сескенесің. Жамандықтың бетін аулақ қылсын деп тілейсің. Ар жақтан барлыққан-қарлыққан, дыбысы көмекейінің түбінен шыққан кәрі адамның: «Әй, сен кімсің? Сағат сегізде маған кел!», – деп, кім екенін сұрап үлгертпей трубканы қоя салды. Әрине, Әбділдә Тәжібаев! О, Алла, сонда кешегі тапқан құжатымды біліп қойғаны ғой. Оны қайдан білді. Демек, архивтегі қауіпсіздік бөлімімен бұл кісі әлі байланысын үзбеген болды ғой. Деген уақытында жеттім. Ұлы кіргізді. Шапанын жамылып, әжім-әжім беті қатпарланып, сондай суық көзбен қарады да, шахмат тақтасын көрсетіп: «Отыр!» – деді. Жүрісті өзі жүрді. Сақ отырып қыспаққа ала беріп, көңілін одан бетер бұзбайын деп жеңілдім. Ой, қарқылдағандағы дауысы мен ашқан ауызынан өңеші көрінген сұсын көріп тітіркеніп кеттім. Бұл мені басынғаны еді. Енді жеңуім керек дедім. Бірақ қапымды тауып, мат қойды. Түсін суыта: « – Осы сенің сенгенің кім? Кімге сеніп жазып жүрсің. Сенгенің болмаса, біреу қасақана айдап салып жүрмесе, сенің өткенді қазып нең бар, мен туралы не білесің өзі?», – деді басына кіжініп. Ендігі күбіжік ынжықтық болар еді: « – Білемін. Сенгенім де бар. Сіздің Семейдегі Аққайың аралында ор қаздырып: «Алаш қайраткерлері мен Мағжанды, Мұхтарды біз былай көеміз!», – деп өлген мысықты тепкілеп көмгеніңізді білемін. Сосын, отыз жетінші жылы күзде ..., – дей бергенімде: – Бар, кет!» – деді.

Әрине, шыға сап бірден архивке бет алдым. Тура сағат онда барып кешегі тықтырып кеткен ісімді іздеп ем, ізім-қайым жоқ. Әрине, қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі Шахворостова (атын да ұмыттым) да: « – Білмеймін. Қалдырған ісіңіз осы ғана», – деп жолатпады. Демек, мен айналысып жүрген архив істерін арнайы бөлім күнде тексеріп, тиісті жерге рапорт беріп отырған. Ал қауіпсіздік мекемесі оны өзінің кәнігі тыңшыларына жеткізген. Соның бірі Әбділда... таң атпай мені, міне, осылай басынып отыр.

Әрине, бұл менің журнал бетіне жарияланып кеткен: «... Бұл шумақты жиналысқа қатысқандар, әрине, білген жоқ. Білуге тиісті емес. Олардың көңілін сыздатқан күбірткі – кеше түнде, не бүгін таңертең ұсталып кеткен, не ертең, не бүрсүгіні қолды болуға тиісті Сәкен тағдыры еді. Әлдебір жайды бүге-жектеп айта алмауларынан сондай шарасыздық, үнсіз күйінгендік аңғарылады. Ал, қазан айының басында, барлығы да «орын орнына қойылып» жөнін тапты. Ең соңғы «қызыл сұңқар», революцияның Еркебұланы, қазақ ақындарының аққуы – Сәкен, Сәкен Сейфуллин де заман торына түсті. Солардың арасында: Ілиясты, ал 1937 жылы 30 желтоқсанда Мағжанды ұстатқан, Ілияс ақын түрмеде жатып:

Жақсыларға жанасып,
Жүз құбылып күніне,
Жетерсің әлі сен ақсақ,
Талайлардың түбіне.

Мен келермін оралып,

Күндердің бір күнінде.
 Сен өлерсің жүзқара,
 Қор болып түптің түбінде [37.108], –
 деген сөз тасығыш жансыздар да жүрді» [36.204], – деген дерегіме қайтарған қарымтасы еді.

Бірақ ол кезде, ол мен үшін тілі жұлынған сүлдер ғана еді. Бәрібір ол жасырған құпия әшкереленді.

Араға жылдар салып барып академик Мұқамеджан Қаратаевтің кітапханасын «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының қорына тапсырып алдым. Жәмилә келінінің рұқсатымен ғылыми қызметкер Күлназия Аманжоловаға ғалымның «Күнделіктерін» тасқа бастырдым. Сонда, 1988 жылғы 6-сәуір күні қағазіне түскен мына сөздерді оқып іштей шіміркендім. Ол кезде менің Жоғары соттағы әдеби эксперттік жұмысым аяқталған, алашордашыларды ақтау туралы соттың Анықтама қорытындысы дайындалып біткен. Ол жөнінде Праволық комиссияның мүшелеріне, соның ішінде, досым Рүстем Жанғожинге де мағлұмдар етілген. Олжас Сүлейменов енді ақталуға бет алған алаш қайраткерлері туралы қоғамдық пікір туғызу жөнінде ұсыныс жасады. Соған орай Мәскеуде жарияланған Р.Жанғожиннің мақаласы туралы М.Қаратаевтің күнделігіндегі:

«Лит.газетада» Рүстем Жанғожиннің «Культура без купюр» деген мақаласы жарияланыпты. Ішінде Шәкәрім, Қарашев, Жұмабаев туралы жазыпты. Неге сеніп жазды екен? Жоғары жақ қалай қарар?» [99.124], – деген, соның ішінде өзіме таныс: «Неге сеніп жазды екен?» – деген жолдарды оқығанда таң қалдым.

Қандай ұқсас тағдыр, қандай ұқсас үрей, қандай ұқсас сұрақ?

Академик өзінің сырлас досы Әбділдәнің сөзін сөзбе-сөз қайталап отыр. Демек, менің архивтегі іспен танысқанымды М.Қаратаев та білген. Академиктің жүрегі 5 күннен кейін орынына түсіпті. Өйткені:

«Сәуірдің 11-і. Таңертең Әди, Мүсілім үшеуіміз ЦК-ға бардық, отыз адамнан комиссия құрылыпты. Мақсаты – А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев туралы шындықты ашу көрінеді. Сол жөнінде нұсқау алдық, пікір алыстық. Комиссия бастығы Ж.Әбділдин. Тәуір сөйлеген Ә.Әлімжанов пен Р.Сыздықова болды» [99.124], – деп жазыпты.

Кейін анықталғанындай, мен көшіре алмай, архивте қолды боп кеткен бірінші құжат: 1960 жылы 18 қаңтар күні Қазақстан Жазушылар Одағының хатшысы Ә.Тәжібаевтің Қазақ ССР МҚК(КГБ) бастығының орынбасары Арыстанбековке жазған хаты екен. Онда:

«Мағжан Жұмабаевтің шығармаларының (өлеңдер, роман, мақала, очерктер мен аудармалар) идеялық бағытына қорытынды баға беру жөнінде ғалымдар мен ақындар қатыстырылған комиссия құрылды: Тәжібаев Ә. – төраға, Дүйсенбаев Ы.– әдебиетші, Ахметов Ғ.– аудармашы, Жанғалин М. – аудармашы, Исмайылов Е. – әдебиетші, Мәуленов С. – ақын. Алайда, аталған адамның туындылары қолда жоқ болғандықтан да, бұл топ дәл қазір жұмысқа кірісе алмай отыр. Сондықтан да, топқа қажетті материалдармен қамтамасыз етіп отыру үшін өздеріңіздің тарапынан бір адам қосуларыңызды өтінемін» [38.248], – деп жазылыпты.

Ал Қазақ ССР МҚК (КГБ)-не жолданған екінші хатта: 1960 жылы 19 мамырда Қазақстан Жазушылар Одағында құрылған Мағжан шығармашылығы туралы комиссия:

«Мағжан Жұмабаевтің ақындық мұрасы тұтас алғанда, идеялық ұстанымы жағынан ұлтшыл-буржуазияшыл, демек, контрреволюциялық сипатта. Жұмабаев әдебиет майданына нағыз декадентшіл, қазақтың жас буржуазиясының идеологі болып келді. Сондықтан да, ешқашанда жариялауға болмайды» [38.48],– деп қорытынды шығарғаны туралы хабарланыпты.

Хаттың соңына, комиссия төрағасы Ә.Тәжібаев қол қойған.

Алаш зиялыларының тәрбиесін көрген, олардың шығармашылығын ақтау жөніндегі Праволық комиссияның мүшесі ретінде дегдар жазушы Ғалым Ахмедов бұл хат туралы:

«Ол кезде мен жазушылар одағында істейтінмін. Әбділдә Тәжібаев шақырып алды да: «Қауіпсіздік комитетінен: Мағжанды ақтайсындар ма, қайтесіндер? Комиссия құрып, шешімін беріндер», – деп сұрау келіпті. Мағжанды қалай ақтамақ бұлар. Бізді тірі көмейін дегендері ме. Сен: Мағжан контрреволюцияшыл адам. Ешқашан ақталмасын! – деп комиссияның атынан жауап жаз», – деді. Мен бас тарттым, тіпті болмағасын, қызметтен кеттім. Өзге мүшелер де бұл ұсынысқа риза болмады. Кейін, сондай мазмұндағы жауапты осындағы бір орыс жазушысына жаздырып, жолдапты. Сол жолы Мағжан ақталып-ақ кететін еді», – деп түсініктеме берді.

ҚазССР МҚК Тергеу бөлімінің аға тергеушісі Мұқаев 1960 жылы 11 маусым күні Мағжан Жұмабаевтің жұбайы Зылиха Жұмабаеваға:

«Архивтегі №4998 тергеу ісі қайта қаралды. Қазақстан Жазушылар Одағының комиссиясының шешімі бойынша және «...шетел барлау қызметімен байланысы болды» – деген 1938 жылғы айыпты қайта тексеру барысында (оның шындығы) анықталмаса да, совет өкіметіне қарсы бұрынғы белсенді қызметі үшін оның үстінен қозғалған қылмыстық істі қысқартуға болмайды деп есептеймін», – деп жауап жазған. Соңына: «Келісемін» – деп Тергеу бөлімінің бастығы Ловягин, Қазақстан МҚК (КГБ) бастығы генерал-майор Арыстанбеков» [38.253] – қол қойған.

Міне, жазушылардың мүддесін қорғайтын Жазушылар одағының – жазушыға, ең бастысы ақынның – ақынға берген әділетсіз шешімінің кесірінен Мағжанның жолы тағы да отыз жылға жуық тұйыққа тірелді. Оның есесіне, 1960 жылғы 1 маусым күні Түркістан Әскери округінің әскери прокуроры юстиция генерал-майоры Пастревич «НКВД ОГПУ алқасының 1930 жылғы 4 сәуірдегі қаулысы бойынша 10 жылға кесіліп, жазасын өтеген, ал, 1938 жылғы шпиондық қылмысы туралы ешбір дерек жоқ болғандықтан да, Мағжан Жұмабаевтің қылмыстық ісін қысқарту» туралы Түркістан Әскери округінің Әскери трибуналына наразылық жолдады. 1960 жылы 8 шілде күні Түркістан Әскери округінің Әскери трибуналы, ССРО Ішкі Істер халық комиссариатының комиссиясы мен Бас прокурор: 1938 жылғы 11 ақпан күні Мағжан Жұмабаевты ату жазасына кескен шешімге қарсы берілген наразылықты қарап, Мағжан Бекенұлы Жұмабаевты айыптау туралы 1938 жылғы 11 ақпандағы қаулының күшін жойды және істі қысқартты» [38.269-270].

Бұл – Республикалық Қауіпсіздік комитетінің өз азаматтары мен өз меке-

3.

Дегенмен де, бұл анықтамаға да қажеттілік бар боп шықты, өйткені: «Мағжан халық жауы, контрреволюционер ретінде атылмапты. Іш сүзегінен өліпті-міс» деген «лақап» Мағжанның атын әлеумет арасында жаңғыртып отыруға септігін тигізді. Себебі, енді «жазықсыз жапа шеккен» адам есебінде оған іздеу салуға болатын. Ақынның жары осы «лақапқа» сүйеніп, өзінің мұрагерлік құқын қалпына келтіруді талап етіп ҚазССР Мигистрлер кеңесі төрағасының орынбасары А.Закарин мен Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы Ғ.М.Мүсіреповке: ақынның таңдамалы шығармаларының жинағын шығаруға ұсыныс жасауды өтінеді [38.271-272].

Сол құжатты көз алдынан өткізіп отырған жазушылар одағы басқармасының төрағасы Ғ.Мүсірепов:

«Бір кезде мен, Одақта отырғанда, Мағжан Жұмабаевтың, Жүсіпбек Аймауытовтың мәселелерін қойып, тіпті комиссия да құрғанбыз. Іріктеп алуға жауапты бір редколлегия құрып, түсіндірмелерімен, алғысөздерімен басқымыз келіп еді. Оған тиісті орындар ризашылықтарын да берген. Соны жүзеге асыруға келгенде, баяғы өзіміздің тарапымыздан, жазушылардың тарапынан көлденең тұрушылар көп болды, яғни, жазушыларымыздың бір жағы басамыз десе, енді бір жағы құбыжық көріп, қарсы шықты. Сонымен бөгіліп қалған бір жағдай бар...» [38.288], – деп, осы қызметтік хаттардың мән-жайын сұраған профессор Тұрсынбек Кәкішевке айтып беріпті.

Бұл – Мағжан Жұмабаевті ғана емес, жазықсыз жабық ұстап отырған ұлт мүдделі ақын-жазушылардың шығармаларын жарыққа шығару туралы қоғамдық пікірдің тамырлана бастағанының айғағы еді. Оған, 1969 жылы қазан айында ұстазымыз Рымғали Нұрғалиевің бізге үйінде жасырын оқуға берген Сәйфи Құдаштың Д.А.Қонаевқа жазған хатының ішіндегі:

«Алғаш рет мен М.Жұмабаев туралы марқұм профессор Е.Исмайыловтан 1964 жылы естіп едім. Оның пайымдауынша, М.Жұмабаев және оның шығармашылығы Абай мен қазіргі кеңес поэзиясының арасындағы поэзия көпірі болып табылады. Мұндай жоғары бағаны өзінің «Қазақ қызы» атты романына Жұмабаевтің «Айға» (1911) атты өлеңіндегі:

Кең дала, көресің ғой ана жатқан,
Жібектей жасыл шөптер бетін басқан.
Асқар тау, балдан тәтті сулары бар,
Әне, сол анам еді мені тапқан! [10.87], –

деген шумақты эпиграф етіп алған Ғ.Ибрагимов баяғыда берген. Профессор Мағжан шығармаларының қайта басылып шығуына бөгет болып отырған өзі білетін екі себепті атады. Бірінші – Мағжанның жеке басына жау болғандар, олар енді не қыларын білмей, ынғайсыз жағдайда қалып отыр. Олар бір кезде ақынды «әшкерелеп-ақ» баққан еді, ал, енді қазір не істеу керек: әлде, өткендегі асыра сілтеп айтқан сөздерінен қайтып, қателіктерін адал ниетпен түзетуі керек пе, жоқ, бұрынғысынша қасарысып «өзеуреп, тізеге салып», ақынға берілген ескі бағаларды сол қалпында қалдыруды талап

етуі керек пе? Кейбіреулер (ымырасыздар, ырықсыздар) осы екінші жолды таңдап алып, өзінің жеке басының жалған бақ-беделін қазақ әдебиетінің мәртебесінен жоғары қойып отыр... « [11.452-453], – деген әділ пікірі дәлел.

Өмір-өзеннің екпінді ағысы заман-жартастың арасына сызат түсірді. Қазақ қоғамында ұлттық рух пен мұраға жаңаша көзқараспен қарайтын қуатты толқын күш алды. Ескі көзқарасты ығыстырып, жаңа леп әкеле бастады. Алдыңғы толқын сияқты кеңестік жазалау идеологиясының жандайшабына айналмаған, бірақ, алды сұрапыл майданнан шыққан, соңы елуінші жылдардағы «қыспақ-қуғынды» басынан кешкен мәдениет министрі І.Омаров, профессорлар Б.Кенжебаев, Х.Махмудов, Т.Нұртазин, Х.Бекхожин, жазушылар Т.Ахтанов, І.Есенберлин, Ә.Әлімжанов, А.Жовтис, О.Сүлейменов және сол кездегі жас арыстандар Р.Нұрғалиев пен М.Мағауин сияқты т.б. Мағжанның, жалпы алаш қайраткерлерінің ұлттық идеясын әлеуметтің санасына белсенді сіңірушілер болды. 1967 жылы 4 қарашада Қазақ мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті тарихы кафедрасының меңгерушісі Б.Кенжебаев Мағжан Жұмабаев шығармаларының екі томдығын жарыққа шығару туралы жиналыс өткізді. Осы мәжілістегі көтерілген мәселелерді және одан кейінгі түрлі шаралар туралы ұстазымыз Рымғали Нұрғалиев:

«Бұл орайда Қазақ мемлекеттік университетінің профессорлары Бейсенбай Кенжебаевтің, Хайролла Махмудовтың, Темірғали Нұртазиннің әлеуметтік пікір қозғауы арқылы шындыққа жету әрекеттері, Мағжан шығармаларын орыс тіліне аударып, бастыру арқылы ақиқатты дәлелдемек болған Ілияс Омаров, Иван Шухов, Ахмет Жұбанов, Тахауи Ахтанов, Александр Жовтис қимылдары нәтиже беру орынына бірқатар келеңсіз жағдайлар туғызды. Осы орайда арнайы орындарға, үлкен мансапты қызметкерлерге хат жолдап, тарихи фактілер, әдеби текст күшімен Мағжанды қатарға қоспаққа тырысқан башқұрт ақыны Сәйфи Құдаштың өзі қуғынға ұшырады. Мұны айтасыз, қылмысы жоқтығы айтылып, заңды түрде 1960 жылы ақталғаны туралы шешім шықса да, оны елеген, ескерген кісі жоқ, әлдекімдердің «азаматтық ақталу», «саяси ақталу» деген желеулері тағы да отыз жыл дарынды ақынның жолына үлкен тосқауыл, бөгет болды» [11.502], – деп баяндайды.

Бұл бізді де «ұлтшыл-буржуазияшыл» деп «қарғыс таңбасы» басылған ақын-жазушылардың, яғни, ұлттық рух киелі иелерінің, соның ішінде, Мағжанның өмірі мен шығармашылығына бойлап ұмтылуымызға ынталандырды. Сол жолда сүйіну де, күйіну де, таңдану да, тітірікену де, жаттың бауырына тартылу да, жақынға жатбауырлық таныту да болды. 1970 жылы қараша айында Сәбит Мұқановпен университетте өткен кездесуде, Сәйфи Құдаштың:

«Өкінішке орай (шындығын айтсам, таңдана отырып), Сәбит Мұқанов та осы бағытты ұстанып отыр екен. Мұқановтың бұл ұстанымын тұрақты ұстаным деп айту қиын. Ол өзінің «XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы» атты кітабында Мағжанның ақындығына жоғары баға береді. «Абайдан кейін тіл өнегесінде Мағжаннан асқан ақын қазақта жоқ... Абай қазақ әдебиетіне Еуропа түрлерін шетпұшпақтап кіргізсе, Мағжан дендеп кірді. Еуропаның әдебиет түрлерімен қазақ оқушылары Мағжан арқылы толық танысты» (Мақалада: «Абай – ақылдың ақыны. Мағжан – ақындардың (сезімнің –? –Т.Ж.) ақыны. Мағжанның ақындығы Абайдың ақындығынан күшті. Біз Мағжаннан үйренуіміз керек» – деп жазылған (Сөзбе-сөз сәйкесетін мұн-

44 дай сөзді кітаптан кезіктірмедік – Т.Ж.). Осыдан бірнеше жыл бұрын, Қостанайдағы кездесуімізде С.Мұқанов мені және татар ақыны Туфанды Мағжан өлеңдерін жатқа білуімен таң қалдырды. Ол Жұмабаевтің шығармашылығын жоғары бағалайтынына сендірді. Алайда, Мағжанның шығармаларының жарық көру мәселесінде, меніңше, ол қарсы сияқты, осы жөніндегі менің жазбаша сауалыма сондай бұлдыр, емексіткен (аллегориялық) (М.Жұмабаевтің бақташысы жоқ – деген сияқты) жауап берді. Егерде мен дұрыс түсінсем, онда С.Мұқановтың аллегориясы: қазір оның мұраларын қорғап қалатындай М.Жұмабаевтің күшті және ықпалды қолдаушысы жоқ – дегенге саяды. Алайда мен, өзімнің досым С.Мұқановтың емеуірінін дұрыс түсінбедім – деп ойлаймын. Менің ойымша, С.Мұқанов – қазақ әдебиетінің мұралары мен өзінің сүйікті ақыны М.Жұмабаевті қорғай алатындай бедел иесі деп ойлаймын» [11.453-454], – деген пікіріне қалай қарайсыз?», – деп жазбаша сұрақ жолдап едік.

Алайда жауапсыз қалды. Ал, біздің көкірегімізде жауабы алынбаған бұдан басқа да қаншама сұрақтар қалды десеңізші?!

4.

Жоғарыдағы мәжілістің қорытындысы 1968 жылы 14 наурызда Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бюросында қаралып, көпшілік арасында қарсы пікір тудырмауы үшін: «М.Жұмабаевтың ақындық мұрасы өзінің идеялық негізі жағынан ұлтшыл-буржуазияшыл, контрреволюциялық сипатта» деп атап қана өтті. Осы деректі және бұдан кейін келтірілетін Ә.Әлімжановтың «Литературная газетаға» жолдаған мақаланы айналымға түсірген марқұм ұстазымыз профессор Х.Бекхожиннің алаш мұраларын зерттеуге дайындағын үш шәкіртінің бірі, Әділғазы Рахымжановтан кейін баулыған түлегі профессор Зарқын Тайшыбайұлы қазақшаға аударып, ғылыми айналымға түсіргенін және оны біздің еркін пайдалануға еркіміз бар екенін ескерте отырып назарларыңызға ұсынамыз.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ

Аса дарынды лирик-ақын Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы жас қазақ әдебиетінің дамуына және оны жан-жағынан байытуға орасан зор әсер етті. Ол – қазіргі лириканың бастауында тұрғандардың бірі. Мағжан 14 жасынан өлең жаза бастаған. Он бес жасар ақынның шығармалары революцияның алдындағы жылдары қазақ тілінде шығатын газеттер мен журналдың бәрінде жариялана бастаған. Он тоғыз жасында, 1912 жылы оның өлеңдерінің алғашқы жинағы Қазан қаласында «Шолпан» деген атпен басылып шықты.

Мағжан Омбы мұғалімдер семинариясында оқыды, Валерий Брюсовтың жәрдемімен және тікелей жетекшілігімен Жоғары көркем әдебиет институтын бітірді. Валерий Брюсов Мағжанды айрықша жақсы көріп, құрмет тұтқан, оны «қазақтың Пушкині» деп таныған. Башқұрт әдебиетінің ақсақа-

лы Сәйфи Құдаш өзінің естеліктерінде («Советтік Башқұртстан» газеті, 1967 жылғы 3 желтоқсан): сонау 1910 жылдары Бейімбет Майлин мен Мағжан Жұмабай «Ғалия» медресесінде оқып жүргенде-ақ «Садақ» деген қолжазба журнал шығарғанын жазады. 1922 жылдан бастап оның өлеңдері Ташкент, Қазан, Мәскеу, Қызылорда, Омбы қалаларында, журналдар мен газеттерде басылып тұрды. Мағжанның тікелей қатысуымен қазақ, өзбек, түрікмен халықтары әдебиетінің үлгілері жиналып, орысшаға аударылып, шығып жататын. Ол Шығыс еңбекшілері коммунистік университетінде шығыс әдебиетінен дәріс берді, В.И.Лениннің жекелеген мақалаларын қазақ тіліне аударды. Гетенің, Гейненің, Байронның, Лермонтовтың, Пушкиннің, Феттің, Брюсовтың шығармаларын қазақ жұртшылығына кеңінен таныстырды.

Ол туған халқын ғылым-білімге шақырды, өзі де ағартушы ретінде танылды. Мағжанның 1916 жылы жазған «Орамал» деген өлеңінде патша жендеттері әшкереленеді, бұл өлең қазақ көтерілісшілерінің ән-ұранына айналған. Ақынның нәзік, сезімтал, кейде кінәмшіл жаны адамдардың қайғылы халін жүрекпен қабылдайтын. Замандастарының айтуынша, кейде тыным таппай, күйзеліс халін кешкен кезде, оның өлеңдерінен күйректік сарыны сезілетін. Ал, ақын шабыттана шалқығанда қуанышы тасып, өлеңдері күмістей күмбірлеп, серпінді шумақтар ерекше қуатпен төгілетін. Оның көп өлеңдері ән болып таралған, ауыл-ауылда айтылып жүреді, көпшілік оларды халық әніндей қалтқысыз қабылдайды.

Мағжан Абайды ғана бойына балап, «менің төрешім әрі пірім» деп өзіне ұстаз тұтқан. Шығыс ақындары арасында Максим Горькийдің «Дауылпаз жырын» тұңғыш аударған да Мағжан. Оның поэзиясы, дарыны мен ақындық мәдениеті, өлеңдерінің стильдік, жанрлық, тақырыптық байлығы қазақ ақындарына ғана емес, өз кезіндегі түріктілдес әріптестеріне ерек ықпал етті. Сыншыларымыз оны азаттықтың жыршысы деп бағалады, ал Қазақ университетінің ғалымдары таяуда оның шығармаларын арнайы талқылап, үздік өлеңдерін қайта бастыру туралы шешім қабылдады.

Қырық жастан сәл асқанда мерт болған Мағжан Жұма баевтың туғанына биыл 75 жыл толады. Әнуар Әлімжанов» [38.282-284].

Мақала: КазГУ-дегі кафедра жиналысына қатысқан, аудармашы, сол кезде «Лит.газетаның» меншікті тілшілер бөлімінде қызмет істейтін Галина Александровна Ашанинаға жолданған. Мақаланың соңында:

«Галя, өтініп сұраймын. Мағжанның мына өлеңдерінің ең болмаса, біреуін жарыққа шығаруға қолыңнан келгенше көмектесіңізіші! Оқырмандар конференциясында өзіңіз де естідіңіз ғой, оны қазақтардың қандай жақсы көретінін. Мұнда [Алматыда] оның шығармалырын орысша «Простор» журналына басуға дайындап жатыр. Егер «Лит.газета» олардан бұрын шығарып жіберсе бар ғой, құдай біледі, үлкен олжа болар еді. Газетіміз тек қазақтардың ғана емес, Татарияның, Өзбекстанның, башқұрт және қырғыз зиялы қауымының құрметіне бұрынғыдан да зор құрметке ие болары сөзсіз. Өйткені, Мағжанды бәрі біледі. [Ө] Тәжібаевтің мақаласын қайта жазып шықтым, ықшамдадым. Ол өзі өндеп беруден бас тартқан соң. Осы күйінде газетке беруге болады-ау деймін, [бір сөз оқылмады.-З.Т.] ақынның монологу ретінде.

Өзіңіздің Әнуарыңыз (Айы-күні қойылмаған)».

Тағы да Әбділдә Тәжібаев алдыдан шықты. Бұған қарағанда, ол кісінің бойындағы қырағылық сезімін тот баспаған сияқты және Мағжанға қатысты әр сыбысқа құлақ түріп, қалт жібермей қармап отырғанын байқатады. Демек...

Ә.Әлімжановтың тағы да бір түсінігі:

«Мағжан Жұмабаев туралы мақалаға түсінік: Брюсовтың цитаты, оның Мағжанға жазған хатынан алынды. Бұл хат ақынның жұбайы Жұмабаеваның жеке архивінде сақтаулы. Қалған деректер Қазақстан КП ОКөгі Мағжанның шығармашылығы туралы материалдармен салыстырылды. Әнуар».

«Литературной газета» басылымының архивінде, осы қағаздармен бірге Мағжан ақынның А. Жовтис аударған «Сүйемін», «Қызыл жалау», «Қысқы жолда», «Көктемде» деген өлеңдерінің мәтіні сақталған. – З.Т.» [38.282-284].

Халықаралық беделге ие Әнуар Әлімжанов Жазушылар одағының бірінші хатшысы болып келген соң өзінің орындалмаған бұл ісін жүзеге асыруға тиісті шаралар қолданған. Хатшы, ақын Олжас Сүлейменов сол кездегі Әдеби қордың директоры, жазушы Ғ.Қабышевке тапсырма беріп, М.Жұмабаевтің жамағаты Зылиха Жұмабаеваның қолындағы қолжазбаларды үш том етіп тасқа бастыртты. 1980 жылы өткен, Д.А.Қонаев қатысқан қаламгерлер құрылтайында ақынның жамағаты З.Жұмабаева Мағжанның жары ретінде Жазушылар одағының табалдырығын бірінші рет аттады.

Аса мұңлы жанарлы, бойы талдырмаштау келген, жан-жағына жасқаншақтай қараған асыл әйелдің бейнесі осы күнге дейін көз алдымда. Ұстаздарымыз Хайыржан Бекхожин мен Рымғали Нұрғалиев салып жіберген біздің ақ-қараны айыру жолындағы осынау бір кешуімізді сол жылдары Олжас Омарұлы Сүлейменов те білетін еді. Жастар, соның ішінде Р.Нұрғалиевтің тапсырмасымен «Батыр Баянды» жаттап алған Баянғали Тақанұлы Әлімжанов пен «уақтың ішіндегі ірісі, ірінің ішіндегі уағы» Ерік Асқар Мағжанның өлеңдерін кез-келген орайда жатқа ашық айта бастады. Сөйтіп жүргенде, біздің де майданға шығатын кезегіміз келіп қалды.

Шындығын айтқанда, біз де ішінара дайын едік.

Төртінші тарау: «ОНДАЙ АҚЫН БАР!...»

Сөзім осы алыстағы еліме,

Алыстағы ақ селеулі беліме.

«Жатсың» – демей, «Өзімсің!» – деп баурыңа ал,

Қолың беріп мендей саяқ серіңе [10.206].

Мағжан.

1.

Хайрекем, профессор Хайыржан Бекхожин ұстазым әулие екен. Оның аманатын орындау шындығында да маған бұйырыпты.

1986 жылғы желтоқсан оқиғасы өткеннен кейін жиырма күннен соң, дәлірек айтсақ, 1987 жылы қаңтар айының 13 күні Жазушылар одағының сол кездегі бірінші хатшысы Олжас Сүлейменов Жазушылар одағының жанынан Құқық комиссиясын құрып, мені төрағалыққа бекітіп: «Бірінші, желтоқсан оқиғасына байланысты дербес комиссия құр. Екінші, сенің ұстазыңның аманатын орындайтын кезің келді. Алаш қайраткерлерін ақтайтын күн туды. Ертең Жоғары соттың төрағасы Тамаз Айтмұхамбетовке бар», – деді. Ең алдымен желтоқсан оқиғасына қатысты деректерді жиып, хабардар етіп отыруды тапсырды.

Міне, менің желтоқсан оқиғасына қатысқандар мен алаш қайраткерлерін ақтау барысындағы қаракетім осылай басталды. Бұл – қауырт, қарбалас, қауіп мен қатері бар, шарасызға шара жасауға ұмтылған үмітті-үмітсіз күндер мен түндер еді. Ең бастысы: не істеу керек, қалай істеу керек және нәтижесі не болмақ?

Ертеңінде Тамаз Айтмұхамбетовке бардым. Қазір Жоғары сот түгілі, аудандық сотқа, сот мекемесіне де кіре алмайсың ғой. Ал мені Жоғары Соттың төрағасы бірден қабылдады. Сәлемдескеннен кейін: «Неге келдің, шырағым?» – деді. «Мені Олжас Сүлейменов жіберді», – дедім. «А, солай ма? Олжастың саған сенетін болғаны ғой», – деп біраз отырды да: «Сендер бізді, Жоғарғы соттың мүшесі Қазыхан Кенжебаев екеумізді қазақтың жастарын жазықсыз соттап жатыр – деп ойлайсыңдар ғой. Біздің қолымызда тұрған түк те жоқ. Біз бұл жұмыстан кетейік деп те ойладық, бірақ, біз кетсек біздің орнымызға тағы біреу келеді. Олардың жаны жастарға аши ма, жоқ па, білмеймін. Бәрін де өздері шешіп, бізге қол қойдыруға ғана әкеледі. Соны Олжекеңе айтқамын. Біз алаш қайраткерлерін ақтауға көмектесейік. Қазір Қазыхан Кенжебаевті шақырайын. Сол арқылы осы мәселені шешейік», – деді. Бір уақта есік ашылды. Өзіме таныс Қазыхан Кенжебаев келе жатыр. Біз параллель курста оқыдық, ол 74-жылы юрфакты, мен журфакты бітіргеміз. Құшақтасып амандасып едік: «Өй, бір-бірлеріңді білесіңдер ме?», – деді. «Қатар оқыдық, ол аздай, Қазыханың келіншегі Гүлнәр мен менің келіншегім Әминә екеуі 12 мектепте бір сыныпта оқыған», – деп ем қуанып кетті. Мен де қуандым. Өйткені, Гүлнәрдің әкесі Сейтбек Нұрханов ағамыз Б.Алтынсариннің көп томдығын баспадан шығарған соң: «Мен Алаш қайраткерлері ақталмай, кандидаттық диссертация қорғамаймын», – деп дайын ғылыми дәрежеден бас тартқан қайсар адам. Академик Әлкей Марғұланның өзі жоғары бағалайтын ғалым. Нағыз патриот кісі. Тамаз Айтмұхамбетов ағамыз өзінің кабинетін маған берді. Таңертең сағат 10-да барамын. Қазыхан сыртымнан бекітіп кетеді. Тура сағат 3-те ашады. Мен – күндіз, Сейтбек аға – түнде алаш қайраткерлерінің мұралары туралы Қазыханға кеңес береміз. Сұрағына жауап береміз.

Қойшы, сөйтіп жүріп 1988-жылы 24 сәуірде алаш азаматтарының азаматтық құқын ақтаған Жоғары соттың Анықтамасы шықты. Оның көшірмесі менде әлі де сақтаулы. Анықтамадан көшірме:

1988 жылғы қаңтардағы Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы Олжас Сүлейменовтің сұрау салуы бойынша Қазақ ССР-нің Бас прокуроры Ғ.Б.Елемесов «Алашорда» қайраткерлерінің үстінен жүргізілген тергеудің заңсыз жүргізілгеніне наразылық білдіріп, Қазақ ССР Жоғарғы сотына ұсыныс жасады. 1988 жылы ақпан-сәуір айларында Жоғарғы соттың

48 қылмысты істер жөніндегі алқасының мәжілісінде «Кеңес өкіметін қарулы көтеріліс арқылы құлату мақсатында ұйымдасқан «Алашорда» қайраткерлерінің контрреволюциялық, террористік астыртын құпия ұйымын әшкерелеу ісіне» қатысты сот үкімі қайта қаралды.

Оған Қазақ КСР Жоғарғы сотының төрағасы Т.К.Айтмұхамбетов, Жоғарғы соттың мүшелері К.Т.Кенжебаев, Е.Л.Грабарник және Қазақ КСР Бас прокуроры Ғ.Б.Елемесов қатысты. Жиыны 14 томдық тергеу ісінің егжей-тегжейін зерделей тексеріп, барлық куәлардың шағымдарымен танысып, тергеу тарапынан өрескел бұрмалаушылық пен заңсыздықтардың жол берілгенін анықтады. Қазақстан Жазушылар одағының жанындағы Құқықтық комиссияның төрағасы, «Жұлдыз» журналының сын бөлімінің меңгерушісі, жазушы Т.Жұртбайдың (осы жолдардың авторы) Жоғарғы соттың мүшесі К.Кенжебаевқа берген әдеби сараптамалық қорытындысы бойынша «Алашорда» қайраткерлерінің шығармалары мен ғылыми еңбектерінде кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат жүргізілмегені расталды. Соның нәтижесінде Қазақ КСР-нің Қылмыстық және қорғаныс Кодексінің 375-бабын басшылыққа ала отырып Жоғарғы сот:

«Шешім: СССР Халық Комиссарлар Советінің жанындағы ОГПУ-дің (Біріккен Мемлекеттік Саяси басқарманың – Т.Ж.) ІҮ коллегиясының 1930 жылғы 4 сәуірдегі және 1931 жылғы 13 қаңтардағы Байтұрсынов Ахмет, Дулатов Міржақып, Аймауытов Жүсіпбек, Есполов Мырза-Ғазы, Ғаббасов Халел, Әділев Дінмұхамед, Бірімжанов Ғазымбек, Юсупов Ахмед-Сафа, Жұмабаев Мағжан, Омаров Елдес, Битілеуов Дамолла, Болғанбаев Хайретдин, Байтасов Абдолла, Жәленов Кәрім т.б жөніндегі қаулысының күші жойылсын, олардың іс-қимылдарынан қылмыстық әрекеттер табылмағандықтан да тергеу барысы тоқтатылсын.

Қазақ ССР прокурорының наразылығы қанағаттандырылсын.

Қазақ ССР-нің Жоғарғы соты – Т.К.Айтмұхамбетов.

Коллегия мүшелері – Е.Л.Грабарник, Қ.Т.Кенжебаев», – деген шешім шығарды.

Осы шешімнің негізінде Жоғарғы соттың мүшесі Қазықан Кенжебаев Қазақстан КП Орталық комитетінің бірінші хатшысы Г.Колбиннің атына Олжас Сүлейменовтің қолымен «Алаш» қайраткерлерін ақтау туралы қорытынды ұсыныстың мәтінін даярлады.

Құдай ондап, сол кезде Өзбекәлі Жәнібеков Орталық комитеттің идеология жөніндегі хатшысы, Сейіт Қасқабасов оның кеңесшісі болып келді. Академик Жабайхан Әбділдин бастаған мемлекеттік комиссия құрылды. Алты айдан соң алаш қайраткерлерінің алғашқы 14 адамы ақталды. Оған дейін Шәкәрім Құдайбердіұлы ақталып үлгерген.

Мен осы арада сол кездегі Жоғарғы соттың төрағасы Тамаз Айтмұхамбетов пен Жоғарғы соттың мүшесі Қазыхан Кенжебаевтің еңбегіне ерекше тоқталып өткім келеді. Олар, желтоқсан оқиғасына байланысты кімнің сотталғанын, олардың қай түрмеге жіберілгенін маған айтып, оларды қандай заңдық жолмен арашалауға болатыны туралы хат жазып береді. Біз, Олжекәнің кеңесшісі Сүният Бәкенов екеуіміз СССР Жоғарғы кеңесінің депутаты Олжас Сүлейменовтың атынан түрме бастықтарына: «Бұлар саяси тұтқындар. Олардың ісіне әлі толық саяси баға беріліп біткен жоқ. Сондықтан да,

оларды Қазақстаннан басқа жерге жіберуге болмайды және олардың амандығына абай болыңыздар», – деген мағынада хат жібереміз. Ол ақылды берген Қазыхан. Соның арқасында көптеген адамдар түрмеден аман шықты. Хат жазып, рақмет айтқандардың ішінде Қасен Қожахметов пен Құрманғазы Рахметовтың аттары есімде қалыпты. Желтоқсаншылар Қазақстаннан тыс жерге кеткен жоқ. Кейін оларды ақтау ісіне Қазыханның өзі бас болды. Бәрін жүгіріп жүріп өзі істеді.

Сол жолы Олжекең – Олжас Сүлейменов маған Қауіпсіздік комитетінің архивіне рұқсат алып берді. Мен қалыптасқан жағдайды пайдаланып, Қауіпсіздік комитетінің төрағасының орынбасары С.К.Әбдірахмановтың рұқсатымен 1988-1992 жылдары аралығында және 1997 жылы комитеттің архивінде барынша еркін отырып, танысуға мүмкіндік алдым. Сөйтіп, бұл деректер алғашында Қауіпсіздік Комитетінің Алматыдағы ғимаратының жанындағы жер үйде, содан кейін бас кеңсенің солтүстік қанатындағы 2-қабаттағы 14-бөлмеде жазылды. Қауіпсіздік Комитетінің полковниктері Қараби Мұхаметқалиев пен Шыңғыс Салықбаев сынды азаматтар бізге барынша еркіндік берді. Сол үшін де оларға ілтипат білдіремін [42.12-13].

Сонда көшіріп алған деректерді жинау, қорыту, жазу барысында «Алаш қозғалысы – Алаш қайраткерлерінің үстінен жүргізілген сот ісі материалдарының жинағы: Құжаттар, сұрақ-жауаптар, аудармалар, сот ісі, тәркіленген хаттар». Профессор Тұрсын Жұртбайдың авторлық басылымы» (Қазақ, орыс тілінде), «Алаштың ақиықтары. Мақалалар. Деректі құжаттар, аудармалар. Құрастырған, алғысөзі мен түсініктемелерін жазған Т.Жұртбай», Т.Жұртбай. «Ұраным – Алаш!...». Түрме әфсанасы» атты 3 томдық еңбек өмірге келді. Міне, сол деректер бүгін Мағжан туралы жобалық зерттеуге де арқау болып отыр.

Бұл әфсананың осындай рухани тарихын еске ала отырып, енді, Мағжан ақталардың алдындағы және ақталған тұстағы тек қана Мағжан Жұмабаевқа қатысты өзім көрген қиянаттарға орын беремін.

2.

Қайтуым хақ, белді будым тас қылып,
«Кет!» – деме елім, енді мені басқа ұрып.
Дейтін болсаң: «Қой жырынды, жырауым» !,
Қобызымды сындырамын тасқа ұрып!... [10.206]

Мағжан.

Қазақ ұлтының рухын тебірендіген, санасына төңкеріс әкелген ұлы тарихи күннің бірі – 1988 жылдың 28 желтоқсаны. Өйткені, тура сол күні Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бюросы ««Қазақ ұлтшылдарының кеңес өкіметін құлату үшін құрылған контрреволюциялық астыртын ұйымы» туралы «Алашорда ісіне» қатысты М.Жұмабаевтың, А.Байтұрсынның, Ж.Аймауытовтың қоғамдық-саяси, ғылыми-педагогикалық және әдеби қызметі жөніндегі тарихи шындықты қалпына келтіру туралы қаулы қабылдады.

Елінің, ерлердің бір керегіне жарағанымызға осы күнге дейін біз де тебіреніп, масаттанып жүрдік. Бірақ, енді бізді мүлдем басқа бір «астыртын майдан» күтіп тұрыпты. «Жұлдыз» журналына жариялауға алдын-ала дайындалып қойған ақталған ақын-жазушылардың шығармаларын өндіріске жіберіп қойғамыз. Соның ішінде Мағжан Жұмабаевтің шығармаларын ұзақ жылдар бойы тірнектей жинақтап жүрген жанкешті жанның бірі Закария Ілияс ұсынған ақынның бір топ өлеңдері бар еді. Міне, біз мүлдем күтпеген күнкілдер мен сыбырлар тура сол кезде басталды. Әрине, мен олардың атын атай алмаймын, өйткені олардың бұл мінезін: өздері үшін емес, ұлт тұлғалары үшін күйінді болып жүргенде, кенет өздерін керексіз болып қалғандай сезінген бір сәткі пендешілік абдырауы деп түсінемін. Бірақ, адалдығына өзім қатты иланатын Закария Ілияс жинақтаған қолжазбаны көріп қана шығу үшін сұрап алып, бір апта ұстап, енді: Мағжанның өлеңдерін Закария Ілияс емес, мен өмір бойы жиып келдім. Ол менен көшіріп алған – деп маған ұсынғанда зәрем зәр түбіне жетті. Мұны көргенде Ілияс дегдар солқылдап тұрып жылап жіберді. Тура сол күндері баспасөз қызметкерлері біздің қолдауымызға, көмегімізге мұқтаж еді, сондықтан да олардың бәріне мынадай сорақылыққа жол бермеуді өтіндім. Өтінішімді бір жылға дейін ешкім жерге тастаған жоқ. Бірақ әлгінің де беті қайтпайтын адам еді. Түбі дегеніне жетіп тынды.

Екінші күтпеген тосын жәй мынадай. Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романын араб қарпінен крилл әрпіне Бейсенбай Байғалиев марқұм түсірген еді. Енді, өзге де алаш ардагерлерінің шығармаларын жанын салып, күні-түні көшіріп жатқан. Іле Орталық комитеттен: барлық қолжазбалардағы – орыс әскері, қызыл әскер, кержак, қарашекпендер, мұжықтар, кейіпкерлердің ауызынан айтылатын «қанішер большевиктер», «ауызы түкті кәпірлер», «аш-жалаңаш қызылдар» деген сияқты көркем әдебиетке тән сөздердің барлығын «ақгвардияшылар», «ақтың әскері» деп өзгерту туралы нұсқау келді. Отаршылдыққа қарсы жазылған туындыда мұндай атаулардың көп болатын белгілі. Мұның өзі үлкен бір науқандық жапалы жұмысқа айналды. Айтқанға жеңіл, ал іс жүзінде айлап уақыт алды. Сол бір түзетілген мәтіндердің дені әлі де сол қалпында басылып келе жатқаны өкінішті. Тіпті, сол Б.Байғалиев марқұм көшіріп ұсынған Жүсіпбек Аймауытовтың әңгімелеріндегі қысқарып кеткен беттер мен сөйлемдер сол «қидаланған» күйінде басылып келе жатқанын көріп, тәп-тәуір қынжылып қалдым. Тегінде, сол жылдары жарық көрген шығармаларды қайтадан бір мәтіндік сүзгіден өткізбесе болмайды. Қайым Мұхаметханов дегдардың кезінде Шәкәрім өлеңдерінің текстологиясы туралы ащына жазған мақаласы соған бір дәлел. Бұл, Мағжанның да шығармаларына қатысты мәселе. Әсіресе, оның өлеңдерінің шығу тарихына қатысты ауыс-аяндарға негізделген «түсініксымақтар» сын көтермейді.

Біз күтпеген үшінші тосын мәселе, соның ішінде біздің жанымызды қинағаны – ақталған ақын-жазушылардың баспагерлік мұрасына көз сұғын қадаған алыс-жақынды ағайын-туыстардың сол адамның тікелей үрім-бұтағының үстінен түсірген домалақ арыздары мен сотқа берген шағымдары еді. Дәлел ретінде, сол адамдардың өздерінің көзі тірі кезінде жарияланған «Ұраным – Алаш!...» атты түрме әфсанасынан үзінді келтіре кетейін: «Рухани әкеміз санайтын Аханның қызы – Шолпан Ахметқызы Байтұрсыновамен бізді Бейсенбай Байғалиев марқұм архивтің оңаша бөлмесінде таныстырып еді. Әкесінің атын өзгертпей алып жүргенінің өзі сол тұста біз үшін құбылы-

сты қасиет еді. Байыппен орашолақтау сөйлейтін мұңлы жанарына сондай бір махаббатпен сүйіне қараушы едім. Жоғары соттың алашордашыларды ақтаған шешімін (алғашында 14 адам ақталды) және оның анықтамасын көрсеткенімде, көзінен мөлдірей моншақтап аққан жас тамшылар әлі де көз алдымда. Дауыс та шығармады. Үнсіз егілді. Енді жоғары жаққа олардың шығармашылығын ақтау туралы хат жазу қажеттігін, Жазушылар Одағы тарапынан Олжастың атынан ресми хаттың жолданғандығын айттым. Ол кісі үнсіз орынынан көтеріле берді...

Кейін маған сол хаттың көшірмесін ұсынды. Сөйтсем, Гүлнәр Міржақыпқызымен, архивтанушы тарихшы А.Игенбаевпен, А.Ижановпен ақылдасып, әкесіне қатысты сенімді деректерді жинастырып, осы хаттың негізінде заңсыз қысымға ұшырағандардың ісін қарайтын комиссияға қарата барынша байыпты хат жолдапты. Алаш көсемдері ақталғаннан кейін Ахаң туралы бір туысқанының естелігін өз қолыммен өңдеп жазып «Жұлдыз» журналына жариялап та едім. Сөйтсем, бауырдың бәрі мен ойлағандай тату болмайды екен. Өкініштісі, әкесінің ақталғанының қызығын алаңсыз қызықтауға, «өлсең – жоқтасатын, тірі жүрсең – күндейтін» ағайындары мүмкіндік бермеді. Кеңес өкіметі тартып ала алмаған фамилиясына ағайындары күдік келтірді. Оған арыстандай күркіреген ақын ағамыз Сырбай Мәуленов дегдар да араша түсе алмады. Құқық комиссиясының атынан кепілдік-куәлік те жазған жайымыз бар еді. Ақыры ар сотынан аман шыққан аяулы халық қызы ағайынның арсыз сотын көтере алмады. Шерлі жүрек сыр беріп, жарылып кетті» [43.487-488].

Мұндай келеңсіз, күтпеген, тіпті шешімі табылмайтын тағдырлы оқиғалар жиі кездесті. Содан бұрын, Семей облысы Абай аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Хафиз Матаев ағамызға арнайы барып, Ш.Құдайбердіұлын ақтау туралы ардагерлер атынан хат ұйымдастырып келіп едік. Кербұлақ ауданында тұратын Шәкәрімнің немересі Кәмила Қапырқызының естеліктерін журналист Айгүл Рамазанқызына жаздырып алып, журналға дайындадық. Сол кезде Кәмила Қапырқызы ағасы Ахат Шәкәрімұлының жеті-сегіз жастағы немересі Дәулет Фзулиұлын кеңсеге ертіп келіп: мұраадан дәмелі жамағайындар қаршадай Дәулетті баспанасыз қалдыратын түрі бар, қорғап қалыңызшы – деп өтінгені, тіпті, қабырғамызға батып еді. Сөйтсек, дау иелері Шәкәрім шығармаларының қаламақысынан дәме етіп жүріпті.

3.

О, жазмыштың жазасы! Мына масқараны қараңыз. Мағжанның мұрасын таласып-тармасып жариялауға ұмтылғандар, енді оның жамағаты Зылиха Жұмабаевадан оның Мағжанның жесірі екенін дәлелдейтін некелік куәлігін талап етті. Қуғын-сүргінді көп көріп, неше түрлі аярлықтан сақтанып үйренген Зылиха апай, сонау алпысыншы жылдарғы Жазушылар одағының талабымен Қауіпсіздік комитетінің архивінен алдырған:

«1960 жылғы 9 қараша. Зылиха (Зулейха) Жұмабаева шын мәнінде Мағжан Жұмабаевтың қарамағында (на иждивении) болған. 1937 жылы Алматы қаласы, Лесная, 89 үйде тұрған. ҚССР КГБ бөлім бастығының орынбасары – Өскенбаев» [38.274], – деген анықтаманы көрсетіп барып ар-ожданын қорғап қалды.

Зылиха Жұмабаева енді өзін басындырмас үшін шұғыл түрде дайында-

52 лып жатқан Мағжанның шығармалар жинағының бір томдығын назардан шығармады. З.Жұмабаеваның қолында:

«1977 жылы Олжас Сүлейменовтің тапсырмасы бойынша Әдеби қордың директоры Ғаббас Қабышев З.Жұмабаеванының қолындағы араб әліпбиіндегі Мағжанның кітаптары мен газет-журнал қиындыларын Уақап Қыдырхановқа беріп, крилл қарпіне түсіртті: Мағжан Жұмабаев (Қазақстан). Бірінші том. Өлеңдер мен поэмалар. 437 бет; Екінші том. Аудармалар, мақалалар және ақынның өзі туралы ақпарлар. Архивке екі том боп тапсырылды. Ғаббас Қабышев. 1977 ж.» [47.207-208],– деп қол қойылып, мөр басылып расталған қолқат бар еді.

Соның күшімен ғана З.Жұмабаева құрастырушылардың санатына қосылды. Ақынның жесірі, тек, кезінде:

«Мағжан біздің бітіспес жауымыз дегенді менің ұстаз ағаларым да айтты. Мен де солай сөйлеп, солай жаздым... Біз жүрегін ашып, шынын барлық дауысымен жариялап келген үлкен ақынды қабылдамадық. Онымыз теріс болды...» [45.124],– деп естелік жазған Әбділдә Тәжібаевтің дәл осы алғашқы басылымға алғысөз жазуына үзілді-кесілді қарсы болды.

Араға атжалман жүрді. Мырзатай Жолдасбеков:

«Әбділдә (Тәжібаев – Т.Ж.) ағамыздың азаматтығын да, ақындығын да талай тұста таныдым. Соның бірі – Мағжан кітабінің шығуы. Мұның алдында Мағжанның жары Зылиха апамыздың ақын кітабына алғысөзді Әбекеннің жазуына келісімін зорға алғанымды айттым ғой. Бүгін келісім береді де, ертесіне айнып шыға келеді: «Әбділданың алғысөз жазуына қарсымын», – деп телефон соғады. Білгендердің айтуынша, Хизмет (Қате, ол кезде ұйғыр жазушысы Хизмет Абдуллин қайтыс болған әрі ұйғыр жазушысының бұл мәселеге араласуы мүмкін емес, бұл адам – Қамза Абдуллин – Т.Ж.) Абдуллин араға жүріп, теріс пікір таратып, жеңгемізді нілдей бұзып, азғырып, әбден титығымызға жетті. Зылиха жеңгеміздің үйіне үш рет бардым. Соңғы рет барғанымда: – Алдыңыздан үш рет өттім. Мағжан халықтың адамы. Өзіңіз біліңіз! Кітап үкіметтің қаржысына шығып жатыр. Келіссеңіз де, келіспесеңізде, алғысөзді кімге жаздыруды Орталық комитет өзі шешеді, алғысөзді Әбділдаға жаздырамыз, – дедім. Зылиха жеңгей амалсыз көнді» [32.90. Қараңыз: 44.].

Сірә, бұл – Компартияның, сондай-ақ, партияның атын жамылған идеологтардың Мағжанға қарсы жасаған соңғы қысымы әрі зорлығы шығар. Әйтпесе, күйеуін жоқтап қырық жыл көз жасын төккен, жесірдің тағдырын арқалап жүріп ақынның мұраларын тірнектеп жинаған, жесірінің қаражатымен шығармаларын тасқа бастырған Мағжанның жесірін бұлай қорлауды партиялық этика да, азаматтық ождан да, адамдық әдеп те көтермейтін. Мағжан Жұмабаевтің жесірі Зылиха Жұмабаеваның күйеуі ақын болғаны үшін ғана соңғы рет қорлануы еді бұл. Өйткені, алты айдан соң сол камкөңіл күймен дүниеден қайтты. Қандай болған күнде де, күйеуі Мағжанның қызығын бір рет толық көруге азаматтық, моральдық, мұрагерлік, заңдық құқы бар еді. Өкінішті. Қолдан, зорлықпен жасалған жөнсіз өкініш.

Ал Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің үгіт-насихат бөлімі меңгерушісінің камкөңіл жесірді соңғы жұбанышынан айыратындай сонша-

ма күйінішті болуының себебі не?

Компартияның «коммунистік-колонизаторлық» жазалау саясатының қылмысын жасырып, сөйтіп, олардың мына ақталуының өзін партияның шексіз қамқорлығының арқасы етіп көрсету пиғылы ма? Онда, ақынның жесірін жұбату үшін оның өтінішін сыйлап, алғысөз жазуды басқа бір қызыл жүректі коммунист-ақынға тапсыруға болмады ма? Неге тек қана Әбділда Тәжібаев үшін күйінді болды? Демек, күйінетіндей күйінді бір мүдденің бар болғаны ғой. Ол не?

Анығы, бұл – Компартияның беделіне нұқсан келтірмеу мүддесі емес, компартияны масқара етпеудің жанталасы болатын. Жазықсыз жазалыларды ақтау мәселесін көтерген Қазақстан Жазушылар одғының жанындағы праволық комиссияның төрағасы ретінде бұл мәселеге тікелей қатысым болғандықтан да, сол кезде маған қадалған үмітті және үрейлі көздерді көп көрдім. Сол кезде көздері тірі аға ұрпақтың арасындағы бұрын беделді орында істеген белсенді шығармшылық иелерінің жантәсілімдік жанығуымен жақсы таныспын. Орталық комитетке де, Қауіпсіздік комитетіне де: Алашорда қайраткерлерін ақтамақ екенсіңдер ғой. Сол кезде бізге зорлап «донос» жаздырған, «қаралап қарғыс үкімін шығартқан», жалған жала жаптырған сендер едіңдер ғой. Олар ақталса, біздің қара бетіміз ашылады. Не мына масқараларыңды тоқтатындар, не бізді атыңдар. Әйтеуір тірідей көмбеңдер. Тірі өлік боп өмір сүре алмаймыз. Еш шара қолданбасаңдар, онда бар шындықты ашып: бізді өлтірген – Компартия мен Қауіпсіздік комитеті – деп жазамыз да, өзімізге-өзіміз қол саламыз. Әйтпесе, бізге араша түсіңдер, ақталуға мүмкіндік беріңдер. Архивті ашпаңдар, не ол істерді құртыңдар, – деп өздеріне үйреншікті жолдармен жолданған арыздардың, солардың ішінде, менің де үстімнен жазылған арыздар бар, біразының шет жағасын көруге тура келді. Сол «шимайлардың» кейбіреуін жарияладым, кейбірі әлі де өзімде сақтаулы. Осы мағыналас (олардың мазмұны әдетте бір-бірінен айнымайды) хаттың бірі Орталық комитетке жолдануы да немесе телефонмен айтылуы да мүмкін.

М.Жолдасбековтің: «Ертесінде Әбділда ағамыздың үйіне бардым (Неге барды? Демек, жаңағы мазмұндағы хатты алғаннан, не телефонмен хабарласқаннан кейін Зылиха Жұмабаеваға: кешірім жаса, келісім бер – деп барған болып шығады – Т.Ж.). Болған оқиғаны түгел жайып салдым. Ол кісі таяғын алдына ұстап, қос қолын тірей үңіліп, ұзақ ойланып отырып қалды. Біраздасын: – Бәрімізде ол кезде уақыттың құлы болдық қой. Биліктің айтқанынан шыға алмадық. Басшылардың басы қалай қисайса – солай бұрылды. Мағанға қарсы сын өлеңін жазғаным рас. Сол күнәннан қашан арыламын деп түн ұйқымды төрт бөлемін. Сол күн туса кәні! Ақын алдындағы, ар алдындағы күмәннан арылатын күнді аңсаймын, – деп тебіреніп, толқып сөйледі. Екі-үш күн мерзімде ақын өз ішіне өзі үңіліп, күңіренгендей болып отырып алғысөз жазып шықты. Көп ұзамай Мағжанның толық жинағы жарық көрді» [32.90. Қараңыз: 44.].

Егерде, Ә.Тәжібаевтың «таяғын алдына ұстап, қос қолын тірей үңіліп, ұзақ ойланып отырып қалуына» оның «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған «Тоқсанның жырын тоқсанның өз ұлы жырлайды» деген өлеңі ғана «себепші» болса, онда оған қарсы еш өкпе-наз болуы тиіс емес. Бұл – ақынның ақынға заман талабы айттырған жауабы ғана. Ол үшін түрмеге қамалып,

54 екі рет ату жазасына кесілмейді. Ішке байланып қалған бұдан да басқа бір соқыр ішек бар сияқты.

1937 жылы 30 желтоқсан күні Мағжан Жұмабаев ұсталды. Шығып бара жатып табалдырықта тұрып Зылихаға: «Мен қоштаспаймын. Өйткені, құдайдың өзі жазықсыз жанды осыншама рет қаралай алмаса керек. Менің халқыма қарсы ешқандай қылмыс жасамағанымды сен жақсы білесің. Егер оралмасам, бұл «бөлтіріктің» «бөріге» қылған ісі деп біл. Осыны еске сақта» [11.504-505], – депті. Осындағы «бөлтірік» кім? Әрине, бұл «бөлтірік» – елдің жортақтатып-жорамалдап жүргеніндей Мұхтар Әуезов пен Сәбит Мұқанов емес еді. Олардың өзі де қуғыннан көз ашпаған «құйрығы бурыл тартқан» (С.Мұқанов) бөрінің нақ өзі болатын.

Мен бұл арада тым қазымырланып жатпайын, тек осы адамның көзі тірі кезінде жарияланған мына пікірімді қайталап ұсынамын: «Мағжан ақталған тұста Зылиха ханыммен соттасып, ол туралы лақап тарата жүріп шығармаларына алғысөз жазған бір кәрі ақын, Ш.Елеуенов ескертіп өткен жазушылар одағындағы комиссияда және алпысыншы жылы екінші хатшы боп тұрған кезінде: «Мағжанның шығармашылығы мәңгілік жарияланбауы тиіс», – деп Орталық Комитетке және Қауіпсіздік комитетіне қарсы пікір жазды. Осы кітаптағы деректермен танысуға себепкер болған 1987 жылғы ақпан айында Жазушылар одағының төрағасы Олжас Сүлейменовтің кабинетінде өткен Қауіпсіздік комитетінің төрағасының орынбасары, С.Қ.Әбдірахманов бастатқан жеті полковникпен кездесуде генерал: «Мағжанның шығармаларын жариялауға біз емес, рұқсат бермеген сіздерсіздер. Сол кездегі екінші хатшы жолдас Тәжібаев қарсы болып, Мағжанды ешқашанда ақтауға болмайды деп қол қойған», – деп әлгі қорытындыны оқып бергенде Сафуан Шаймерденов марқұм: «Не дейді?!. Әкау, ол да сондай ма еді?!», – деп еш қымсынбастан жылап жіберіп еді.

Ұлт үшін ең қауіпті жау – іштегі жау. Оны не сүйкімдінің, не сүйкімсіздің қатарына қоса алмайсың» [43.452].

Міне, сондай «тар жол, тайғақ кешуден» өткен Ә.Тәжібаев 1989 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген Мағжан Жұмабаевтің Шығармалар жинағына жазған алғысөзінде:

«Біз басымыздан кешірген сұмдық оқиғалардың бәрін де жарық күннің астына жайып саламыз, кім кінәлі деген сұрақтарға, аттарын атап, кінәларын мойнына қоя жауап береміз... Мәдени өмірімізге қара таңба салған, ұлы адамдарымызды қиянаттап ластаған, пәле-жала жабу арқылы қырғынға ұшыратқан сұмдықтарды жариялаймыз. Сонда, өлгеніміз – тіріліп, өшкеніміз қайта жанғандай рухани қуанышқа бөленеміз. Мінеки, сол қайта тірілген, қайта жанған отымыздың бірі – осы даңқты жырлардың авторы, жарты ғасырдан аса атын да атауға рұқсат етілмей келген Мағжан Жұмабаев.

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар,
Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар.
Көкте – бұлт, жерде – желмін гулеген,
Жер еркесі – желдің жөнін кім сұрар?, –
деген Мағжан» [9.3.], – деп қарғана ақтарылса да, қағанағын жарған жоқ.

Тырнағы ішінде бугүлі кетті, марқұмның. Шындықтың шылбыры мойы-

нында кетті.

Сонау, орта мектептің сегізінші сыныбында Мағжанның аты мен поэзиясын таныстырған ақынмен арасы жиырма бес жылға созылған байланыс жолы осылай үзілді. Ал бұл жол мені ағару жолына, яғни, ақ жолға бастап әкеліп еді.

Сол жылдардағы ақиқаты анық бір материал болды. Ол «Казахстанская правда» газетінің 1989 жылғы 5 қазандағы санында жарияланған профессор А.Жовтистің «Ондай ақын бар!» деген мақаласы еді:

«1960 жылы 8 шілде күнгі Түркістан Әскери округінің әскери трибуналы Мағжанды ақтады. Әскери трибуналдың бастығы генерал-майор Приймак қол қойып, мөрін басқан құжатта: Мағжан Бекенұлының ешқандай қылмыс жасамағаны, сондықтан да өлгеннен кейін ақталғаны жазылған. Ендігі мәселе – ақынның әдеби мұрасын жарыққа шығару болатын. М.Жұмабаевтың шығармашылығымен КазГУ-дің профессоры Х.Махмудов айналысатын. Ол мені Мағжанның өлеңдерімен таныстырды. Өзі шағын мақала жазды, мен Мағжанның бірнеше өлеңін орысшаға аударып, еңбегімізді Иван Шухов басқаратын «Простор» журналына ұсындық. Бұл әрекетімізді Мәдениет министрі Ілияс Омаров қолдады. Сөйтіп, Орталық Комитетке Д.А.Қонаевтың атына хат жаздық. Хаттың соңғы сөйлемі: «...Біздің Сізге тек бір ғана өтінішіміз бар: бұл адамның есімін баспасөзде атауға салынған шектеу алынып тасталса екен, сөйтіп, біздің әдебиетімізге ақынның шығармашылық мұрасын байыппен және әділ талдауға мүмкіндік берілсе екен», – деп аяқталады. Сол жолы башқұрт әдебиетінің ақсақалы Саифи Құдаш та Қонаевқа көлемді хат жазып, Мағжанның есімін жарыққа шығаруды сұраған болатын.

1967 жылдың аяғында КазГУ-де орыс және қазақ әдебиеті кафедраларының меңгерушілері доцент Мадзигон мен профессор Кенжебаев бас болып, Мағжан шығармашылығын талқыладық. Жиынға профессорлар Махмудов пен Нұртазин, жазушы Т.Ахтанов, сыншы Н.Ровенский тағы басқалары қатысты. Ол кезде Кеңес өкіметі алдында жазықты болған кейбір жазушылар ақталып жатқан болатын. Алайда, біздің «белсенділігіміз» туралы тиісті жерлерге жетіп-ақ қойған екен, сол кездің салты бойынша «шара қолданылды». Профессор Махмудов жұмыстан қуылды. Қонаевтың «өзі» бастап, екінші хатшы Титов қостап, әдебиетшілердің «идеологиялық қателеріне» баға берді. Сәйфи ақсақалдың хаты «хабарсыз» кетті. Дәл сол күндердің бірінде жұмыстан шығып қалған мен, Жоғары білім министрі Қ.Біләловқа бардым. Ол менің әдебиет жайлауында бұрын да «ақауым» болғанын, тіпті, Мағжан есімін атап, бетіме салық етті. Мен: «Мұныңыз қалай, Қали Біләлович, Сіз тіпті қазақ интеллигенті емессіз бе, Мағжанның қандай ақын екенін білесіз ғой?», – деп ашына сөйледім. Ол сұқ саусағын, маңдайыма тигізердей нұсқап тұрып: «Есіңізде болсын, Жовтис жолдас! Қазақта ондай ақын жоқ! Жо... оқ!», – деді.

Ақыры, әділдік салтанат құрды. Елім естісін: «Қазақта Мағжан деген ақын болған!» – деп бар дауыспен айқайлай бергім келеді» [38.298-299].

Біз де: «Ондай ақын бар! Ақын болғанда да ар-ожданды ұлт ақыны!», – деп озандап айтып, ақиқаттың ақ-қарасын айыруға арналған тарауды аяқтағым келіп еді. Бірақ, мына бір жазмыш жазасын іркіп қала алмадық. 1927 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде Мағжанның «Тоқсанның тобы» атты

56 өлеңі жарияланды. Содан кейін баспасөзде Мағжанды жаппай жазғыру басталды. Мағжанның:

«Жел еді, желді жыр ғып өтті!» – дер ме,
«Есалаң, сүйіп еді шоқты» – дер ме.
«Ойы жоқ, ессіз отты тәңірі көрген,
Тұншығып жат, есерім!» – деп күлер ме?!. [10.65], –
деген күдігі дәл келді.

Пікір талас барысында, Мағжанның «тұншығып жатқанының» өзіне тыныштық бергісі келмеген сол кездегі өркеуде кедейшіл ақын Әбділдә Тәжібаев та белсене араласып:

Мағжандай іздемеймін Қорқыт көрін,
Қобызбен сарнамаймын сұрап өлім.
Кезбеймін есуас боп ен даланы,
Қуатты орыс, қазақ еңбекші елім.
Көр де аулақ, өз басымнан өлім де аулақ,
Көрсетем Мағжандарға көрдің төрін! [63.28-29], –
деп «Тоқсанның жырын тоқсанның өз ұлы боп жырлады», яғни, Мағжанды тірідей жерледі.

Оның бұл қарғысының күші тура алпыс екі жылға жетті. Мағжан «көрдін төрінен» өмір төріне шықты. Сол сөзі үшін тағдырдың өзі табалағандай боп, Әбділдаға кешу сөзін жаздырды. Міне, ар-ождан үкімі солай орындалды. Мағжанға «қобызын тасқа ұрып сындыруға» мүмкіндік берілмеді. Қобызы жаңа үнмен сызылтты, мәңгілік сарынымен озандады.

«Жағымсыз кейіпкерлердің» сүрлеу ұшығы ақ-қарасы белгісіз жолдың айрығына, бізді, міне, осылай алып келді.

ЕКІНШІ БӨЛІМ: «ҰЗАҚ ТА АУЫР ЖОЛ»

«Үстіміздегі зор төңкеріс – біздің өз тарихымыз тудырған, өз тарихымыздың қатынасы болған таныс төңкеріс емес, Еуропа тарихы тудырған жат төңкеріс еді».

Мағжан Жұмабаев
(«Алқа» әдеби үйірмесінің «Табалдырық» платформасынан)

БӨЛІМГЕ АҢДАТУ

Мәселені бірден ашық түсіндірейік. Мағжанның: «Адассам – «Ел» деп адастым» – деген өлең жолы, оның жеке басы мен шығармашылығын ақтау ниетінде жазылған дәл бүгінгі күнге дейінгі барлық жарияланымдарда: ақын – елі үшін еңіреді, ұлты үшін күйінді, алмағайып заманда жол таба алмай адасты. Ақынның адасуына заманы кінәлі. Оны ақынның өзі де мойындайды – деген пайымдауға тұрақты түрде арқау болып келеді. Ол адасулардың себебін, бірінші, діни көзқарасының қалыптасуын Ж.Аймауытов:

«Мағжан оқыған «медресе «Ғалияның» оқытушылары Мысырдан, Стамбулдан оқып шыққан татар зиялылары болған. Өздері ислам бұлағынан су ішіп, мұсылманшылдық, түрікшілдікпен уланған татар оқытушылары шәкірттерін де сол рухпен тәрбиеледі» [11.370], – деп түсіндіреді.

Бұл емеуіріннің астарында: егер Мағжанды татар зиялылары «діншілдікпен, түрікшілдікпен уламаса», онда панисламис, пантюркист болмас еді – деген ой ұшығы жатыр;

Ал С.Мұқановтың өзі: «Түрікшілдердің пікірі Мағжанға медресе «Ғалияда» оқып жүргенде кезінде татар түрікшілерінен жұққан... «Қазақ» газеті бар, жалпы ұлтшылдар түрік тілегін тіледі. ... Міне, елдің ол кездегі алдыңғы қатардағы адамдарына сондай түрікшілдік пікір таратқан Мағжан сияқты оқығандар...», – дейді де, бұл емеуірінге: «Мағжан, шынында түрікшіл емес. Оның түрікті «бауыр» көре қалуында өз мақсатына сәйкес ойы бар... Мағжан «түрік» деген сөзді осы мақсат («байшыл республика құрмақ») үшін ғана керек қылды. Түріктің ерлігін айта кеп, қазақты отаршыл үкіметке қарсы қайрап салғысы келді» [33.186,187], – деген астар береді.

Егер, «1914 жылы болатын жиһангер соғысында түріктер немістермен одақтасып, орысқа қарсы соғыспаса», онда түрікшіл болмас еді деген сыңай бар;

Ал М.Әуезов оның жырларындағы «зар заман» (мировая скорбь) сарыны «эклетицизмнен (әркімге еліктеуден) туды: «Мысалы, буржуазиялық ұлтшыл ақын Жұмабаев Бальмонтқа еліктеп: «Я – ветер, я вольно вею» деген жолды қайталап, қазақша: «Мен – желмін, желдей есемін» – дейді. Немесе

58 Бальмонт жазған бір өлеңінде: «Смерть, убаюкай меня» – десе, Жұмабаев та: «Мені де, өлім, әлдиле» – деп зар қосады» [20.202],– дейді.

Бұл – ақынның «күйреуік» өлеңдері орыс поэзиясына әсіре еліктеуінен туған. Әйтпесе, Мағжанның ақындық көркем ойлау жүйесінің, жеке трагедиясының нәтижесі емес – дегенді емеурін етеді;

Ал, Ә.Тәжібаевтің: «Еуропа, орыс символистерінің Мадонналарды сайқалға айналдыруының қазақ поэзиясындағы бір үлгісі осы» [19.51], – деген пайымы емеурінсіз де түсінікті. Демек, символизм – қазақ әдебиетіне жат, оны ойлап тапқан Мағжан емес –

деген емеуріндерге иек арта келіп, ақынға тағылған осы айыптарды мүлдем ақтау үшін коммунист-министр (!), профессор Ш.Елеуқенов Лениннің өзін «куәға» тартып:

«Мағжанның поэзиясында түрік тақырыбының тууына әлденеше себеп бар. Ең бастылары, жаңағы Сәбеннің сөзімен айтқанда, объективтік жағдайға байланысты: отаршылдыққа қарсылық, ұлттар бостандығы мен теңдігі үшін күрес. Мағжан «Түркістан» атты өлеңінде «Түркістан – ер түріктің бесігі» десе, бұл идея бас кезінде кеңес өкіметі тарапынан қарсылыққа кездеспеген, белгілі дәрежеде, тіпті, қолдау тапқан. Түркістан халықтары автономиясын құру қажеттігін 1918 жылы 22-сәуірде Түркістан кеңестерінің Ташкендегі Ү съезіне жіберген жеделхатында В.И.Лениннің өзі қолдады (!)» [50.202-203], – деп тұп-тура Лениннің өзін қолдатты!

Демек, қаншама уәжді емеуріндер келтірілсе де, Мағжан адасқан ақын болып шығады. Оны адастырған – заманы мен әлеуметі, татар оқытушылары мен Германия мен Түркияның одақтастығы, сол кездегі Еуропа-орыс әдебиетіндегі ағымдар және сұлулық символы, сұлулыққа ессіз құмарлық! – болып шығады. Мағжанды қалайда ақтап алудың екпінімен:

«Мағжан ақынды боркемік, жылауық, жасық санайтындарды мен түрік цикілін оң көзімен дұрыстап оқымағандардың санатына қосамын» [50.203], – деп кепілдік берді құрметті профессор Ш.Елеуқенов ғұлама.

Сонда сол өлеңдер жазылғанда (мысалы, «Түркістан») бір пәтерде тұрған:

«Өзінің көптеген шығармаларында махаббат сыршылдығын жырлаған Жұмабаев ақын қазақ әдебиетіне әр алуан дертті: ыңырана күңіренуді, мистиканы және жұртқа жат электизмді (әркімге еліктегіштік), декаденттікті екпек болған ақын еді» [20.202], – деп пікір білдірген Мұхтар Әуезов те Мағжанның өлеңдерін «оң көзімен дұрыстап оқымаған ба» ?

Бұған, біздің де қатысуымызбен жазылған 1988 жылғы сәуір айындағы Қазақ ССР Жоғары сотының Анықтамасындағы: а)1922 жылы Ташкент қаласында кеңес өкіметіне қарсы ешқандай астыртын ұйым құрылмаған; ә) «Алқа» әдеби үйірмесінің бағдарламасы социалистік реализм бағытына қарсы жазылмаған, тек пікірлес жазушылар әдебиет мәселесін ортаға салып, өз шығармаларын талқылауды мақсат еткен; б) Олар ұлтшылдар емес, интернационалистер – «Интернациональді», Пушкинді, Толстойды, Крыловты, Мамин-Сибрякты, Горькийді, Ленинді аударған, в) Олар діншіл емес, қайта діни исламдық схоластиканы қатты сынаған, мұны саяси платформасында

ашық айтқан. г) Олар орысқа емес, патшаға қарсы болған, д) Олар байшылдар емес, қазақ халқының, соның ішінде кедейлердің де мұңын жоқтаған, ж) XX ғасырдың басындағы әдеби ағымдар таза шығармашылық тұрғыда пайда болған – деп көрсетілген, алашордашыларды қалайда ақтау мақсатын көздеген уәждерді қосыңыз.

Жоғарыда келтірілген емеуірлер мен Анықтамадағы мәжбүрлікпен жазылған уәждер әлі де зерттеушілердің басты қағидаттарының бірі болып келеді. Мұның басты себебі, бұл «алдарқатулар» коммунистік идеология сақшыларының көзқарасын жұмсарту үшін ғана емес, жалпы коммунистік қоғам мүшелерінің де жүрегін тіксіндірмеу үшін аса қажетті баспақ еді. Тіпті, идеологиялық жазалау машинасын жақсы білетін әдеби-саяси көзқарас жағынан сауатты деген зиялылардың өзі сол тұста «астыртын ұйым» дегенге тіксіне қарайтын. Сондықтан да, 1922 жылы Ташкентте құрылған астыртын ұйымның болғанын жоққа шығаруға мәжбүр болып едік. Тек тәуелсіздік алғаннан кейін, оның өзінде араға 10-15 жыл салып барып, «Ұраным – Алаш!..» монографиясында қауым назарына байыппен ғана ұсынып едік. Мағжанның өмірі мен шығармашылығына қатысты елуге тарта арнайы зерттеулердің өзінде ақынға тағылған сол саяси-әдеби айыптар «ақынның адасуымен» ғана түсіндіріліп, оны ақтаумен ғана шектеліп, үстірт талданып өтеді екен.

Ал, Жүсіпбек Аймауытов өзінің «Мағжанның ақындығы туралы» атты мақаласында Мағжанның өмірі мен шығармашылық жолындағы саналы түрде бойына сіңірген бес таным тамырын: бірінші – ру басына бағынған, әлі тапқа, жікке бөлінбеген қазақ қоғамында өмір сүргендіктен де қазақ мінезін сіңірді; екінші – медреседе түрікшілдік, исламшылдық рухта тәрбие алды; үшінші – отаршылдықтың зардабы шымбайға батқан тұста ұлттық санасы мен намысы оянған ұлтшыл зиялының қатарына қосылды; төртінші – идея жолында орыстың халықшыл, бұқарашыл зиялыларының ықпалын ұстанды; бесінші – өнер жолында, батыстың, қала берді орыс ақындарының санашылдық (идеялизм), дарашылдық (индивидуализм) мектебінен тәлім алды: «Енді Мағжан қай пікірдегі ақын?.. Сөз жоқ, Мағжан – ұлтшыл, түрікшіл, санашыл, дарашыл ақын... Олай болып шықпауы мүмкін емес. Әлеумет ортасының, заманының жағдайы солай. [11.171-172], – деп атап-атап көрсеткен болатын.

Демек, Мағжан: «Адассам – «Ел» деп адастым», – дегенде, өзінің ұстанған азаматтық-ақындық мақсат-мүддесінен адасқандығын емес, ел-жұртының тәуелсіздікті таңдау жолында «адасқанын» (большевиктік жолды таңдағанын), сол адасқан елімен бірге боламын деп өзінің де солармен бірге «адасқанын» айтып отыр ғой. Тіпті Мағжанның өзі оны: «Үстіміздегі зор төңкеріс – біздің өз тарихымыз тудырған, өз тарихымыздың қатынасы болған таныс төңкеріс емес, Еуропа тарихы тудырған жат төңкеріс еді», – деп ашық мәлімдейді. Демек, ол – Бостандық, ұлт-азаттық рух, тәуелсіз мемлекет жолында күресті емес пе! Сонда, бүгінгі тәуелсіз күннің көзқарасымен пайымдағанда, ол адаспаған болып шығып тұр ғой! Демек, оны «адастарып» жүрген, мына біз, зерттеушілер болып шығамыз.

Дәлел: бірінші, Мағжан қазіргі Станбол университетінің магистрі деңгейіндегі жоғары діни білім алған адам, имам-хатибтік дипломы бар магистр – демек, ол жәй панисламист емес, нағыз ислам ғұламасы. Екінші: жәй түрік-

60 шіл емес, университет деңгейінде жалпы түрік тарихынан, Түркия тарихы мен әдебиеті тарихынан, араб, парсы, түрік әдебиеті теориясынан дәріс тындап, емтихан тапсырған түрік мәдениетінің маманы. Үшінші: мұғалімдер гимназиясында Еуропа мен орыс әдебиет-мәдениет тарихын тереңдеп оқыған батыс әдебиеті мен мәдениетінің бакалавры. Ендеше, декаденттік, символизм, натурализм, сентиментализм, романтизм, пессимизм, мистика ол үшін жай ғана әдебиеттегі еліктеу ағымы емес, кәдімгі пән дәрісі. Төртінші: ол – саналы түрде ұлттық-саяси бағытты ұстанған «Алаш» партиясының және «Алашорда» үкіметінің мүшесі, демек, ұлт-азаттық қозғалыстың күрескері. Бесінші: бостандық идеясының (алаш идеясының) «жан сөзін» жырлаған ұлт ақыны.

Ал енді осы шындықты дәл осындай ашық айтып: кінәсіз еді – дей бергенше: ол – адасқан жоқ, өйткені, ол – ұлт азаттығы, ұлттық рух, сөз, пікір бостандығы жолында астыртын және ашық ұйымдар мен партияларға мүше болды, сол үшін жазаға тартылды – десек, шындықтың өзін айтқан боламыз.

Біздің, Мағжанды «Адаспаған «адасқан ақын» – деп атауымыздың мәнісі, міне, осында.

Өлкісса, тақырып аясына орай жоғарыдағы пікірімізді қысқа әрі бір-екі дерекпен ғана дәйектеумен шектелеміз.

Бірінші тарау: «АДАСПАҒАН «АДАСҚАН» АҚЫН

Ақылға, жан-жүрекке кісен салды,
Көрмейтін көзді көр ғып артты-алды.
Үйретіп, «Дін!» – деп құлдық, қорқақтықты,
Қандай құл бізге молда бола қалды?!

Ойламай, қорқақ құлдың тіліне еріп,
Жай жатып, тәуекелге тізгін беріп.
Мінекей, айырылдық Бақтан, Тақтан,
Қайтейін, әсіресе, есіл ЕРІК! [10.61]

Мағжан.

1.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында мұқым дүниесауи әлем, соның ішінде, мұсылман мен түрік тектес ғалами қауым өз танымы мен санасын, ойлау жүйесін, іс-әрекетін мүлдем жаңа бағытқа бұрып, ілгері-кейінгі кезеңде соншалықты жалпыға ортақ ислами-милли сыпат алмаған даму деңгейіне көтеріп жіберді. Бұл – жалпы дүние тарихындағы алмағайып, аумалы-айнымалы, күпті-күмәнді, тұйықты-түнек, характерті-қозғалыссыз, қоғамдық формацияның даму кезеңіндегі бейуақ мезет еді. Батыстық өнеркәсіптік революция – адамзаттың ақырына бастағандай үрей билеген, Шпенглердің «Еуропаны ымырт» басты, ендігі күні қараң» деген күйреуік концепциясы адамзаттың көңіл-күйіне айнала бастады. Ал, тарих

сақнасынан ысырылған шығыс талықсып кетіп кірпігін қимылатып, жан шақыруға ұмтылды. «Ислами-түрки миллатлары» – иесіз басыбайлы құлшылықты, рухани тәуелділікті, «ұлтсыз мойынсалықты» уағыздаған, өмірде жоқ «ұлтсыз діни халифаттың» қадыми қағидаттарының түнегінде қалды: білімсіз, өмірге бейімсіз «шәкірттер медреседе шіріп жатты» (Мағжан), дүниедегі махаббат пен ғадауаттан бейхабар «қайдағы бір ескі нұсқаны оқып жатты» (Мағжан), «дүниенің сырын біліп, ізгілік ісіне араласамын» (Абай) деген «оқыған, дін іздеген байғұс шәкірттер, жем іздеген күзғындай боп» (Мағжан) [10.34], «өлік аулап, жаназа даулап» (Қ.Халиди имам), «табыт қағуды» (Абай) нәсіп етті. Тұлданған, шиыршық атқан, буырқанған батыс пен булыққан шығыс дүниесі бетпе-бет келді. Сондай тар заманда:

«Ісі ислам дүниесі мен түркі тектес ұлттарды басып-жаншып, басыбайлы етіп, тұқыртып тұншықтыруға тырысқан шіркеулік һарам пиғыл мен жаһангерлік отарлау саясаты, өздері түркі жұртына бодан болған заманның кегін қайтарудан туған нәсілдік өшпенділік – исламият пен түркілік қозғалысты өмірге әкелді. Бұл – ғазғауат та, түрікшіл ортақ майдан да емес, кәдімгі, рухани қарсылық болатын. Діні, тегі, тілі жат жұртқа жасаған шабуыл емес, керісінше, дінін, ата тегін, ана тілін сақтап қалуға ұмтылған рухани қозғалыс еді. Өйткені ислам мен түркілердің бірлік нысанасы Римде немесе Ресейде насихатталған жоқ. Ол өзінің тарихи таным кеңістігінде, тарихи ұлттық Отанында ұрығын септі. Арандату, аздыру, ыдыратып-қоздыру, қырып-жою, шокындыру, тәуелдендіру іспетті қастандық әрекеттер сол жаншылған ұлттың ішінде зорлықпен, діні, тегі, тілі жат сыртқы жұрттың зорлығымен жүргізілді» [52.340].

Бұл «темір ноқтадан» Орал таулары да, қазақтың кең даласы да, Орта Азия өлкесі де құтқара алмайтын. Сол дәуірде «кәпірдің қылышы» жалаңдап тұрды да, дүниені түгел отарлауға көшкен еді.

«Ал Ғазірет-Әлінің зұлпұһары қынында жатты, тіпті пайғамбар жұртының өзі – арабтар ағылшынның құрығына жаппай мойынсұнып келе жатты. Бұл қасіретті ғазғауатпен де, жаһатпен де серпіп тастауға исламият пен түркі жұрты дәрменсіз еді. Қаһарлы қару – кәпірлердің қолында болатын. Жалған намыс пен көзсіз мұсылмандық мұқым ұлтты қырғынға әкелетін. Сол заманда пайда болған пулемет пен зеңбірекке, самолет пен танкіге – атқа мініп ап қылышты жалаңдатып қарсы шабу көрсоқырлық еді. Құрбандар – шейіт, жер – бейіт болатын мұндай зауалға өзге амал табу қажет еді» [52.350].

Соның нәтижесінде бір кездері даналық пен ғылымның бесігі болған елдің ақыл-ойының дамуы тоқырауға ұшырады. Жәдидшілер:

«Құранды» түзету – күнә, бірақ шарифаттың қағидаларын түсіндіріп, оның астарлы сырын ашып, мүһминдерді дұрыс жолға бағыттап, заманға үйлестіре қолдану – парыз деп тұжырым жасады. XIX-XX ғасырдағы түркі жұртының басына төнген жан алғыш Әзірейіл осы екі «пан... изм» болды. Бұл обадан бетер қауіп төндірді» [52.357-358,341].

Ойламай, қорқақ құлдың тіліне еріп,
Жай жатып, тәуекелге тізгін беріп.
Мінекей, айырылдық Бақтан, Тақтан,
Қайтейін, әсіресе, есіл ЕРІК! [10.61], –

деп бастан бұлбұл ұшқан Еркіндікті аңсады.

Мағжан үшін, жадидтік ілім уағыз еткен жан бостандығы – еркіндіктің жаңа таңы, санадағы жаңа самал, азат ақыл-ес, басыбайлылықтан оянған рух, ұлттық ар-ожданның сілкінуі, имани жігер-қайсарлық жолы. Сол рух күресін өзінің өмірлік, өнерлік мақсаты етіп алды және ол рухты 1916 жылғы ұлт-азаттық күресімен ұштастыра келіп: «Есінді жи, сен де Алаш!», – деп озандатты.

Ислам әлемін шытынатқан осы бір қадым мен жадидтің сызаты қазір де біткен жоқ. Ал, бұл – бүкіл ислам әлемінің, араб дүниесінің, түрік бірлігінің көкейкесті күрес мақсатына айналған ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында бостандық пен бодандықтың тағдырын шешетін діндеген, жан қиыспайтын ислами-милли мәселе еді. Мағжан осы екі бағыттың да туы тігілген, есін білгелі естіген, көрген, білген, араласқан ортада өмір сүрді. Жай орта емес, ислам-түрік азаттығы идеясының ұясында тәрбиеленді. Жадидтік, түрікшілдік, ұлт-азаттық қозғалысының ұрандары оның үйінде, оқыған медресесінде жазылды. Оған мына айғақтар дәлел.

Мағжан төрт жасынан бастап қазақтың қисса-дастандарын жатқа айтқан. Ауыл-үй молласы Кәрімнің сабағын өз еркімен тыңдаған. Үлкен балалар қиналған тапсырманы еркін игеріп кеткен соң, Мағжан тұрақты оқуға алынған. Алты жастағы баласының ерекше қабілетіне орай Бекен (Бекмұхамед) болыс өзі салдырған мектепке педагог Ахиетдин Ахетовті (Б.Жангуттинде – Ахиетдин Аханов) Мағжанның жеке мұғалімі етіп алған. Ахиетдин Ахетов араб, түрік тілін жақсы меңгерген. Сондықтан да, Мағжанға бұл тілдерді және ол тілдерде жарияланған білім мағлұматтарын қазақ тілімен бірдей деңгейде меңгерді. Міне, бұл деректер Мағжанның діни тәрбиесі жетімсіз болды – дегуге ешқандай да ерік бермейді.

Ерекше қабілеті танылған Мағжанды әкесі 1905 жылы Қызылжардағы «Шалақазақ» медресесіне ауыстырады. Медресе мүддәрісі Мұхамеджан Бекишев (Бегишев) – Станбол медресесінің түлегі еді. Жоғарыда атап өткеніміздей, ол – 1901-1905 жылдар арасындағы бүкіл қазақ даласына кеңінен тараған, ұлт-азаттық қозғалыстың алғашқы нысаны болып табылатын Қоянды жәрмеңкесіндегі «Құзыр хаттың» алғашқы діни үлгісін жазған, яғни, дін еркіндігі қозғалысының белсенді ұйымдастырушысы болған және жадидтік бағытты ұстанған жаңа көзқарастағы адам. Бұл медреседе, діни дәрістермен қоса негізінен араб, парсы, түрік тілдері мен әдебиеті және дін тарихы мен Шығыс тарихы, жалпы тарих пәндері өтілетін.

Бұл жылдары: Шаймарден Қосщығұлов пен Науан хазірет бастаған, діни еркіндік қозғалысы бүкіл қазақ даласын қамтыды. 1903-1905 аралығында, алғашында 14, одан кейін 25, кейін мұқым қазақ даласынан 60 мыңнан астам адамның қолы қойылып, патшаға жіберілген Қоянды Құзырхатына ұласқан Үндеу – тура осы Мағжан оқып жүрген Қызылжардағы шалақазақ медресесінің имамы Мұхамеджан Бегишевтің қаламымен жазылып, қазақ даласына таратылған болатын. Бұл хаттар сол кездегі қазақ даласының тұтқасын ұстаған тұлғалар Абай мен Мұса Шормановқа да жеткен, оларды тінтуге себепкер болған. Егерде: Мағжан сол ұрандар мен үндеулерді шәкірт кезінде көшіріп таратқандардың қатарында болды – десек, мұны табиғи жорамал деп қабылдау керек.

Бұған Қазақстанның орталық архивіндегі 1903 жылы 25 наурызда басталып, 1905 жылы 9 шілде күні аяқталған «Мұсылман дін иелерінің реакциялық қозғалысы туралы» 114 парақтан тұратын істің ішіндегі 1903 жылы 18 ақпанда Семей облысы әскери генерал губернаторына жолданған крестьян басқармасы бастығының:

«Үндеу хатты жазған топтың жетекшісі – Петропавлдағы (Қызылжардағы –Т.Ж.) 3-мешіттің молласы Мұхамеджан Бекішев (Бегишев). Үндеуде: қазақтар зорлап шоқындырылсын – деген заң шықты. Көкшетау уезінің қазағы Шаймерденов мәртебелі ағзамға: дін ісін Меккеге қарату туралы ұсыныс жасайтынын айтып, жауапкершілікті мойнына алды. Бұл мәселені келісу үшін қаражат жиып, Меккеге бармақ. Қаражат жию және қол жию үшін қазақтарға таратылған хатты жазған, Смағұл Белжановтың көрсетуі бойынша белгілі болған Мұхамеджан Бекішевтің кім екенін анықтау туралы қатынастар жан-жаққа жолданды» [53.5, 6-11],– деген мәлімдемесі толық дәлел.

Тергеу ісі Қызылтау болысының писары Размазинның Крестьяндар басқармасының 2-бөлімшесінің бастығына:

«1903 жылы 1 ақпанда Қызылтау болысы Қабылбек Ақылбеков Петропавловскіден (Қызылжардан) қазақтарды зорлап шоқындыру, шіркеу салу, соған қарсылық ретінде қол қою туралы хат алды. Конверттің ішінде 2 дана хат салыныпты. Оны Жұбым Тұрсынов пен қазірет Мамаев оқыды. Онда, Қазақтарды заң жүзінде зорлап шоқындыру туралы указдың 1901 жылғы мәтіндері баспа харпімен терілген. Хат бір қолдан бір қолға жылдам таралып жатыр, – деген 1903 жылғы 18 ақпандағы тыңшылық мәліметінен басталған.

1903 жылы 21 мамыр күні Омбыдағы Дала генерал-губернаторының кеңсесінен Семей облыстық әскери губернаторына шұғыл телеграмма соғылды. Онда Дала генерал-губернаторының:

«Өлкенің бас архиепископының өтініші бойынша, Сізден мынаны анықтап беруіңізді өтінемін. Көкшетау қаласынан Шаймерден Қосшығұловтың атынан Арқат Почта-телеграф кеңсесіне Ибрагим Құнанбаевқа жолданған хатты хат иесі алды ма, жоқ па, соны біліңіз. Хат тапсырылмаса ұсталынып қалынсын» [53.76], – деген мағынадағы бұйрығы жазылған еді.

Семей облысы әскери генерал губернаторы шұғыл түрде крестьян басқармаларына: хат алған адамдардың үйіне тінту жүргізу, хатты тәркілеу, хатты алған және таратқан адамдарды жауапқа тарту туралы құпия бұйрық жолдайды. А.Құнанбаевтің, С.Шормановтың, Кеншімовтің, Ш.Қосшығұловтың, Н.Таласовтың, тағы да басқа болыстардың үйіне – тінту, өздеріне – тергеу жүргізіледі, олардың үйіндегі араб қарпіндегі барлық кітаптары, қолжазбалары, басқа да хаттары тәркіленеді. Соның ішінде, Ш.Қосшығұлов пен Н.Таласовтың тергеу ісі мен сот үкімдері де осы іске тіркелген [53.97-249]. Ш.Қосшығұлов пен Н.Таласовтың және басқа да 15 адамның жер аударылуымен, ең соңында Ш.Қосшығұловтың Дума депутаттығына сайлануымен, одан әрі Станболдағы «дін кепілдігін қорғаушы» түрік сұлтаны Абдул-Хамидтің сарайында қабылдауда болуымен аяқталған бұл іс – сол кездегі бүкіл мұсылман әлемін елеңдеткен болатын.

Өлкісса, осы арада, Еуразия ғылыми-зерттеу институты ұсынған «Түркі дүниесіне ортақ тұлға» (Ақын, ағартушы, аудармашы, публицист Мағжан Жұмабаев) жобасының ғылыми мақсат-мүддесіне байланысты, Мағжанның өмірлік, азаматтық, шығармашылық, рухани және ұлттық бостандық жолындағы көзқарасын қалыптастырған және Үндеуді жазған ұстазы Мұхамеджан Бекішевті (Бегишевті) ғана емес, мұқым қазақ даласын, Ресейдегі барша түрік-мұсылман қауымын, Ресей империясын, «дін кепілі» түрік сұлтаны Абдул-Хамидті дүр сілкіндірген, қазақты тәуелсіз мемлекет құру жолындағы Біртұтас алаш идеясының қалыптасуына алып келген, сол Ақмола уезіндегі, Мағжан тұрған Қызылжар қаласында басталған діни-түркі, Ресей тілімен айтсақ, панисламиз мен пантүркизмді ту еткен ұлттық қозғалыс туралы архив деректерінің негізінде жазылған «Күйесің, жүрек... сүйесің!..» [52], «Иман ізде!..» [100-107] атты зерттеулерімізде қамтылған мына тарихи құжаттарды жарыстыра отырып назарға ұсына кетуді жөн санадық. Өйткені, Жобаның басты мақсаты – түрік-қазақ байланысының тарихы, сол замандағы Тұтас Түркістан идеясының басты ұстыны «тіл, дін, іс бірлігі» аясын көрсету болғандықтан да, шетін деректерді іркіп қала алмадық.

Шалақазақ медресесінің имамы Мұхамеджан Бекішев (Бегишев) көшіріп және баспаханада бастырып, соңына «Бейшара бір адам» – деп қол қойған Үндеудегі Мәртебелі ағзам мен Архирейдің қазақтарды шоқындыру туралы жарлық-жоспарының мәтіні мынадай:

«Бейшара бір адамның» Үндеуінен: «1891 жылы қыркүйек айында Діни (архирей) басқарма Мәртебелі Ағзамға мұсылмандардың арасында Иса пайғамбардың православиелік дінін тарату туралы ұсыныс айтқан еді. 1902 жылы наурызда Мәртебелі Ағзамның бекіткен заңына сәйкес мемлекеттік құпия істер жөніндегі кеңесші: «Патшаның бодандығындағы барлық бағыныштылар бір дінге көшуі керек, бірақ та оларды бағындыру және шоқындыру, бір дінге көшіру – «Ережеге» байланысты құпия, ың-шыңсыз, бірте-бірте, күш қолданусыз, зорлаусыз, алайда асқан ептілікпен, айламен, «олардың өздері дінге кіруге ризалық берген-міс» – деген желеумен жүргізілуі тиіс. «Өздері православиенің дініне өтуге өтініш білдірді, өздерінің еркімен енді» – деген айлалы амалды жүзеге асыру үшін арнайы жоспар жасау керек» [53], – деп құпия хат таратты.

Ал, дін жолындағы қуғын-сүргінді басынан кеше жүріп, «пайғамбардың ақ жолынан қайтпаған», 1970 жылға дейін Қазақстан мұсылмандар қауымының бас имамы болған Сәдуақас Ғылмани ғұламаның естеліктеріндегі тура осы оқиғаға қатысты жайларды «Үндеумен» жарыстыра отырып үзінді келтіру арқылы, біз, дін бостандығы жолындағы қарсылық қозғалысының қалай басталғанының дереккөзін көрсету мақсатын көздедік.

Сәдуақас Ғылмани (үзінді мазмұндалып алынды): «Онда Романовтар тұқымы патша болып тұрған кездегі қазақты христиан дініне кіргізу туралы жасаған жоспары бар екен. Оның соңына: «Болыс басына школ ашылсын! Школ алдына «ёлка» деген ағаш отырғызып, басына Айсаның суретін шегелеп қойсын! Айсаның туған күні 15 күн тойлансын! ...Және жер министріне бұрынғы «Степное положениенің» 120-статьясы бойынша: «Қазақта жер жоқ... Мұжықтарға бере бер!» – деп жазылыпты. Осы бұйрықты желім бас-

пасымен 800 дана етіп көбейтіп, қазақ арасына таратқан. Таратушы – Абдулла Адамұлы деген соры ащы біреу. Таратушының бармаған жері қалмаған. Осындай кемшіліктер туралы Ақмола болысы, Көкшетау уезінің азаматы Шаймерден Қосшығұлов ізденеді. Бірақ жоғары жерден: «Бір арба зақонді бір уезд үшін өзгерте алмаймыз» – деген жауап алады. Содан соң бұған қарсы 6 миллион қазақтан қол жинауға кіріседі. Жер-жерге үндеу қағаз таратады. Халықтан жиналған қол (приговор): Ақмолада – губерния архивіне, Көкшетауда – Абдолла Адамұлының атына жіберілуі керектігі осы үндеуді таратушы пошташыға тапсырылады. Сөйтіп, Зайсан уезінен – Құрман қажы, Өскеменнен – Құсайын Күленұлы, Садуақас Шорманұлы хатты алып: алды ат, арты қой шығарып, болыс-болысқа қос атпен кісі шаптырып, уезд басына уәкіл сайлауға кіріскендерін хабарлайды» [58. I.149—150; II. 256,258].

Бұл құпия хаттың мазмұнымен танысқан шәкірт Мағжан рухани бостандық туралы «Тіршіліктің көркі – ерік» атты алғашқы өлеңдерінің бірінде:

Тіршіліктің көркі – Ерік,

Адамдыққа ол серік.

Бір кірген соң қақпанға,

Қалар бұрынғы еркелік.

Ойламай барып ұрынып,

Өкінген аз ба ертелік?» [10.46], –

деп өзінің қарсылығын білдірді. Сол арқылы сенімге, иманға ерік тіледі.

Бұл жоба-пәрмен көп кешіккен жоқ, XX ғасырдағы христиан дінінің салтанат құруын әлемге жар ету үшін және Романовтар әулетінің Ресей патшасының тағына отыруына 300 жыл толуы құзіретіне тәбәрік ретінде Ресейдің Бас епархиясы қазақ даласын шоқындыруды 1901 жылы қауырт түрде бастап кетуді ұйғарды.

Сәдуақас Ғылмани: (үзінді мазмұндалып алынды) «Сарыарқаның сар даласында жатқан қазақ халқы Николайға қарсы көтеріліс жасап, наразылық білдіруді Көкшетау оязынан бастады. 1900 жылы қыркүйекте ... 10 пәуескемен Архиерей келеді...» [58. I.147; II. 256].

«Бейшара бір адамның» Үндеуінен: «Ауылдарда, старшындарда «ауыл мектебі» деген бүркеніш атпен мектеп ұйымдастырылып, бірте-бірте олардың санын көбейтіп, алғашқыда қазақтардың көңілін табу үшін оларға қазақ мұғалімдерін жіберу керек. Оларға міндетті түрде орыс оқуын оқытып, балалармен орысша сөйлеуді, қазақ әрпін қандай жағдайда болсын қолданбауды тапсырып, сөйтіп қазақ кітабын оқи алмайтындай жағдайға жеткізу керек. Бірақ оны заң ретінде қолданбау керек» [53.29].

Бұл туралы Ө.Бөкейханов:» Әкімшілік бастауыш қазақ мектептерінде сабақ беретін мұғалім орыс тілін білуі керектігін талап етті. Мектеп пен мешітті салу тек арнайы рұқсатпен ғана жүзеге асатын еді. Соның нәтижесінде мектептер мен мешіттер астыртын түрде ашылатын болды. Жұрт полиция назарына ілікпес үшін мешіттерді азан шақыратын мұнарасыз салуға көшті... « [57. -308-310], – деп жазды.

Мағжанның «Мешіт пен абақты» атты әке мен баланың сұрақ жауабына құрылған өлеңінде тура осы шоқындыруға арналған «ауыл мектебін», яғни,

66 шіркеуді астарлап суреттейді. Өр жолдың астарында шіркеу мен поптың сүлдері анық танылады. Егерде көк күмбезді мешіт болса, бала, сөзсіз таныр еді. Мына «мешітті» неге танымайды? Неге бала:

Өкетай, мынау не үй ұзын мойын,
Тым ірі, ұлық ұстап тұрған бойын?
Басына шыққан адам білер еді-ау,
Сырын айтпас қаракөк көктің ойын.

Тып-тыныш бұл үйге, әке, кім барады,
Тыныштықта қасиетті кім қалады?
Биікте көк күңіреніп сыр айтқанда,
Бақытты кім көзіне жас алады? [10.97], –
деп сұрайды.

Өйткені, ол кәдімгі мешіт емес, балаға бейтаныс жат үй. Мағжанның «ұзын мойыны» дегені – «тым ірі, бойы биік, тақппар» шіркеудің мұнарасы. Тақпа «басына» – мұнараға шығып, «биікте күңіреніп» қоңырау шалады. Тып-тыныш болатыны, ол шіркеу – мұсылмандарды, қазақтарды шоқындыруға арналған, ал әзірше, шоқынғандар аз. Ол рәсім, 1891 жылғы жоба бойынша 1902 жылы салтанатты түрде басталуы керек болатын. 1902-1903 жылғы орыс-жапон соғысында Ресейдің жеңіліп қалуы және 1903-1905 жылдардың арасындағы орыс революциясы оған кедергі жасады. Сондықтан да іші бос. Мысалы, Алматыдағы собор қазақтарды салтанатты түрде шоқындыруға арнап әдейі салынған ғимарат. Құдайға шүкір, әлі де қаңырап тұр.

«Бейшара бір адамның» Үндеуінен: «Сонан кейін мына тәсілге көшу ұсынылады: барлық мектептердің мұғалімдерінен «мұғалім» деген инспектордың арнайы бекіткен куәлігін талап ету керек, ал инспекторға қазақ мұғалімдеріне куәлік беруді әдейі қиындатып, сарсаңға салып, қасақана кешіктіру туралы алдын ала тапсырылып қойылуы тиіс. Куәліксіз сабақ берген мұғалімдер қатаң түрде заң арқылы жауапқа тартылсын. Осы тәсілмен молдалардың санын кемітіп, ол міндет ауыл старшиндеріне жүктелсін. Поптарға белгілі адамдар ғана мұғалімдікке алынсын. Содан кейін ретіне қарап сылтау тауып: «Старшындар өздерінің ақымақтығынан және істің мәнісін білмегендіктен ананы-мынаны бүлдірді-міс, халық санының өсуі кеміп кетті-міс» – деген, тағы басқа да молдалар туралы лақап таратып, ауыл мектептерін молдалардың қолынан алып, поптың ықпалына еріп, айтқанына көнетін және оның үнемі қол астында жүретін адамға тапсыру керек [53.29-30].

Сәдуақас Ғылмани (үзінді мазмұндалып алынды): «Содан соң жиналған жұрт ақылдасып: «Дінге де, жерге де, құқымызға да енді өзіміз ие емеспіз. Құқымызды барша қазақ болып іздейік!» – деп қаулы қылады. Дабернайдың (сенім білдірушінің - ред.) орнын ашық қалдырып қояды. Газзауатлы пәлен пәленулына төменде қолтаңбамызды қойып тапсырамыз! Тиісті орындардан біздер үшін ізденесіз! Дінімізге, жерімізге, правомызға келген қиын таршылықтарды жоғалтуға. Егер өзіңіз мықтап басқа бір адамға уәкілдік берсеңіз, рұқсат береміз» – деп, әр уезге құпия кісі жібереді...» [58. I.148-149; II..257].

Тура осы жағдай Мағжанның «Мешіт пен абақты» өлеңінде қамтылған.

Баласының жоғарыда қойылған сұрағына әкесі:

Бұл үйді «мешіт» (шіркеу) дейді, құлыншағым,
Ерігіп қуған болып ата заңын.
Анда-санда домалап бармағы үшін,
Салдырған өзіне арнап «жуан қарын».
Бес минут «жатып-тұрып» жуып алмақ,
Былғанған бұзықтықпен ұят-арын.
Бұл мешіт – Көк (Тәңір) үйі емес, қарын үйі,
Көргің келсе, барып көр мал базарын [10.97-98], –
деп астарлы жауап береді.

Яғни, бұл үй – «ауыл мектептерін молдалардың қолынан алынып, «жуан қарын» поптың ықпалына көшетін шіркеу-мешіт», ал, «Ерігіп қуған болып ата заңын» – деп отырғаны – «патшаның қарауындағы жұрты бір дінді қабылдауы тиіс, қазақтар мұсылмандықтан өз еркімен бас тартты» деген «ерігіп қабылданған ата заң». «Ұят-ары бұзықтықпен былғанғандар» – шоқынғандар. Соңында, «бұл мешіт – Тәңір үйі емес», яғни, мешіт үйі емес, «жуан қарын мекестердің», отаршылдардың шіркеуі – дегенді ашық айтады.

«Бейшара бір адамның» Үндеуінен: «Қыздар мектебін ашу керек және қазақ қыздарын орыс оқуына оқытудың мақсаты мынау: ол ертең қазаққа тұрмысқа шығып, ана болған соң өзінің күйеуі мен баласын орыстарға бейімдейді. Олай болған күнде қазақтың оқуын тез жоюға қол жеткіземіз және орыс оқуын ғана оқытамыз. Содан кейін арнайы (ең шешуші) Заң шығарылуы тиіс, сол заң арқылы қазақтарды әр қонысқа бөліп-бөліп тастап, оларды крестьянға айналдырамыз» [53.30].

Мағжанның «Шойын жол» атты өлеңіндегі мына:

Кешегі маңғаз бәйбіше,
Қолында құрттай бір кесе,
Қатық сатып жүр ме екен?
Сорлының жанын жаралап,
Саудалап тұрған бір сар ит,
Қалжыңдап, шатып тұр ма екен?
Алпыстағы аналық,
Сатарына заты жоқ,
Көзін сатып тұр ма екен?
Көзін сатса, дариға,
Жанында бір қыз бала...
Қызын сатып тұр ма екен? [10.179], –

деген жолдар осы әйелдерді шоқындыру, крестьяндандыру туралы архирейдің сұм ниғылымен танысқан кезінде шошынған жүрек пен санада сақталып қалған саңлау ма екен, кім білсін.

Біртұтас Алаш идеясы жолындағы өмірлік күрес бағдарламасын М.Тынышбаев өзінің «Қазақтар және азаттық қозғалысы» атты 1905-жылғы 19 қарашада автономияшылардың I съезінде жасаған баяндамасында тұжырымдап алған болатын. Дума мүшесі ретінде ол қазақ жұртының саяси-әлеуметтік, рухани талабын империя депутаттарының алдына тұңғыш рет жа-

68 стыққа тән өжеттікпен жеткізді. Осы шешімді дайындаған «қасиетті әкейлердің» жүргізіп отырған шоқындыру саясатына тоқталған М.Тынышбаев:

«Осылайша әкімшілік бұйрықтар мен іс жүзіндегі заң бойынша, қазақтар бастықтың рұқсатынсыз аяғын қия баса алмайтын болды. Қазақтардың кәдімгі адамдық құқықтары да жоқ: халықтың өмірі мен ар-ұятын әкімшілік толық билеп алған. Мешіт, медресе және құран оқитын ғибадатханаларды жабу, діни кітаптарды кәмпескелеу мен рұқсат етпеу, қазақ тіліндегі інжілді (евангелиені) таратып беру мен оны қабылдағысы келмегендерді Сібірге айдаймыз деп қорқыту, миссионер-мұғалімдер оқытатын орыс емлесін міндетті түрде қазақ дін училищелерінде (медресе – Т.Ж.) оқытуды енгізу туралы бұйрықтар, қазақтарды мылтық оқпаны мен қылыш жүзін сүю арқылы ант бергізу жобасы, қазақ балаларын миссионерлік үйлерде ұстап, оларды православный деп жариялау, православиені қабылдаудан бас тартқаны үшін қазақ қызының басына құрсау салып қинау, өтініш пен арызды қазақ тілінде беруге шек қою мен болыстық канцелерияларда хат жазуды орыс тілінде жүргізуді енгізу және басқа да бірқатар адамдардың жеке басы мен ар-ожданан дөрекі түрде күлкіге айналдыру мен күш көрсету – мұның бәрі мырзалар, ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың басында болып отыр және мұның бәрі күні бүгінге дейін адамдар мен құдай көзінен таса қалған алыс аймақтарда сақталып отыр. Мұның Ұлы Ресей державасының теократиялық және бюрократиялық надан өкіметінің тегі басқалар мен басқа діндегілерге қарсы крест жорығы демегенде, не дейміз?» [59.22-23],– деген ызалы баяндамасы арқылы оқығанның да, тыңдағанның да айызын қандыра жеткізді.

Мағжан еліктегіш ел-жұртын көбелекке теңей отырып, «әулие әкейлердің» бұл қастаншықпағыр уағызына сеніп қалмауды өлең жолдарымен былай емеуірін етті:

Отқа ұшар көбелек,
Қарамай сорлы алды-артын.
Ойына кіріп-шықпады,
Күйдірет деп от-жалын.

Шырқ айналып ентелеп,
Жүрер де бір уақ ол қонар.
Ұмтылған оты сорлыны,
Күйдірет де, тез тынар.

Құрбылар, іске бет алсақ,
Ойламай қанат қақпалық.
Анау жарық – алтын деп,
Көрінгенге шаппалық.

Желімен кетсек қанаттың,
Көбелектей күйерміз.
Алам деп алтын барғанда,
Күлден кебін киерміз! [10.100].

Иә, егерде: «Дінге де, жерге де, құқымызға да енді өзіміз ие емеспіз.

Құқымызды барша қазақ болып іздейік!» – деп қаулы қылып», күреспесе, онда қазақ халқының «күлден» – поптың күлгін матасынан «кебін киері анық» еді.

«Бейшара бір адамның» Үндеуінен: «Қазақтардың өз атынан бізге шокындырушы уағызшы керек деген арыз ұйымдастыру керек. Бұл міндетті орындауға жіберілген адам (уағызшы) қазақтардың барлық талаптарын орындауға, көмектесуге міндетті, оларды өзімен бірге ертіп жүріп бойын үйретсін, өзімен қол беріп амандасқан қазақтардың өкіліне сый-сияпат көрсетсін, өзіне тартсын. Дінге үйір қыла берсін, сөйте жүріп: «Қазақтардың дініне ешкім де қысым көрсетпейді» – деп пікір тарата берсін, ал олардың уағызға келуі және тыңдауы өздеріне пайдалы, бір-біріне қастық жасамауға, шындықпен өмір сүруге көмектеседі деп сендірсін. Қазақтарды осылайша тыныштандырып алған соң мынадай ұсыныс жасау керек: «Мұның барлығын қазақтардың өзі сұрап жасаттырып еді, ол үшін миллиондаған сом ақша кетті, қазақтардың өзі уағызшы сұрап еді, ол да қанағаттандырылды, соның бәріне қарамастан қазақтар үкіметті алдады, сол үшін жазаға тартылуы керек» [53.30].

Сәдуақас Ғылмани (үзінді мазмұндалып алынды): «Сарыарқаның сар даласында жатқан қазақ халқы Николайға қарсы көтеріліс жасап, наразылық білдіруді Көкшетау оязынан бастады. 1900 жылы қыркүйекте ... 10 пәуескемен Архиерей келеді. Жанында генерал-губернатор, ояз бастығы бар: «Әр ауылнайдан он адамнан уәкіл даярлансын!» – деп бұйрық береді. Архиерей 1 200 қазақты шіркеу түбіне жинап қойып, алтындай жылтыраған киімін киіп шығып: «Қазақ халқын мұсылман деп мүфтиге қаратқан әуелгі жақсы басшыларыңыз – аға сұлтандарыңыз. Олар өздеріңіздің кеңестеріңіз бойынша: «Бізге мүфтидің керегі жоқ. Біз әдет заңымен тұрамыз» – деп арыз берген. Сол тілек қабылданып, сіздерді (патша ағзам) мүфтияттан шығарған. Осы күнде сіздер дінсіз тұрасыздар! Сол себепті ақ патшаңыз сіздерді жақсы, анық дінге сал – деп мені жіберді. Өйткені, мемлекет сіздерге дін тауып беруге міндетті. Енді сіздердің дін жөніндегі ұлықтарың – мен. Өз тілдеріңмен жаздырып, алтындаған дін кітабін әкелдім. Оқысаңыздар түсінесіздер! Айса – Құдайдың баласы. Құдай деп Айсаға табынасыздар! Құранды тастаңыздар!», – деп аудармасы алтын жазумен жазылған «Евангели» деген кітапты ауылнай басына бір-бірден таратып береді.

Болыс Шалабай Тыныке баласы: «Айса Құдай емес. Қатыннан туған зат. Құдай болуға жарамайды. Біздің Құдайымыз барша дүниені, дүниеде болған нәрселерді жаратушы!», – деп қарсылық білдіреді. Содан соң қазақтарды Көкшетаудан бес шақырымдай Қарабұлақ деген жерге жиып, кітапты оқиды. Сол жиында Көкшетау имамы Наурызбай Таласұлы: «Осы Айсаны Құдай деп танитын кітаптан бүгін құтылмасақ, ертең кеш болады. Қазақ халқы Құранды тастап, Айсаны Құдай деп, «Евангелиді» алды деп, жоғарыға мәлімдейді. Сол үшін осы бүгін құтылуымыз керек!», – деп айқай салады. Дегенмен кітапты қайта апарып беруге адам шықпайды.

Сол сәтте қараша болысынан – Қосдәулет Тәттімбет, Көкшетау болысынан – Ақкиік Дүйсен, Мезгілден – Жүсіп, Айыртаудан – Әби Тоғжанұлы, Қотыркөл болысынан – Смайыл Құлбекұлы, Бимағамбет Тоқпанұлы дегендер шығып: «Дін үшін өлеміз!» – деп, көп кітапты етектеріне салып алып, дуанға қарай жөнеледі. «Олардан жанымыз артық емес» – деп, қалған 1 200

70 қазақ та қолдарына балта, сойыл-шоқпарын алып, әлгілердің соңынан келеді. Улап-шулап, «Аллалап!» көшеде тұрады. Кітап көтергендер Коноваловтың үйіндегі Архиерейге келіп: «Мына кітабың адамды Құдай дейді екен. Алмаймыз!», – деп еденге төге салып, шығып кетеді. Мұнан кейін Архиерей қайтады» [58. I.147-148; II..256-257].

Осындағы айтылған «жазалауды» және түрмеге қамауды жүзеге асыру үшін «қабырғасы қанмен боялған түрмені көрген бала әкесінен:

Әкетай, анау не үй түсі суық,
Жанына жібермейді жанды жуық.
Терезесі – темірлі, көр – есігі,
Қабырғасын қойған ба қанмен жуып?

Тас кима, темір қақпа, шойын құлып,
Тым-тырыс. Жалғыз-ақ жел тұр ғой ұлып.
Сасық та, қараңғы да, аш һам ауру,
Кім жатыр екен, әке, тірі өліп? [10.98], –
деп сұрайды.

Міне, осы арада, бозбала, жас ақын Мағжанның поэзиясында алғаш рет «Бұлбұл» атты өлеңінде жылт етіп қана көрінген символикалық бейнелі тұспалдар мен софылық көркем ойдың астарлы аңсары нышан береді. Ол санамен, түйсікпен астасатын «рух, иман, сенім» деген қасиетті таза ұғымдарды – «таза қиял» деген абстрактілі ұғыммен:

Жапанда бір жас жан бар, «Қиял» аты,
Мәңгі ойнайтын, сөнбейтін сәуле заты.
Жанға – жан беретұғын тәтті жырлы,
Меруерттен тізілген қос қанаты.
Ұшып жүріп жырымен жанды ояту –
Жас қиялдың ежелден бар мұраты.
Тірі жанға жырламақ тәтті жырын,
Адамзаттың жоқ оған жақын-жаты.
Жиһанда бар нәрсені жаратқан сол,
Тәңірі бар – бір ғана «Қиял» аты [10.98], –
деп шендестіре суреттейді.

«Жанға – жан беретін кім, арсы-гүрсідегі асыл сәуленің иесі кім, тірі жанға қайырым мен мейірім түсіруші кім, алыс-жақын демеі бүкіл адамзатты бауырым деп бауырына тартын кім, он сегіз мың ғаламды жаратқан кім?». Таза, қуатты, мейірімді, күдіретті, жаратушылық қасиетке ие – «жас Қиял». Ал:

Анау үйді адамзат «Абақты» дер,
Адам – доңыз, еменнің тамырын жер.
Тәңірісі – жан жары Қиялға арнап,
Сонау үйді салған ол: «Болсын, – деп, – көр».

Көремісің күзетшіні жүрген жарап,

Қабак түйіп, терезеге қойған қарап.
Есалаң малданып жүр: «Қиялды ұстап,
Тарихтың таңында, – деп, – қойдым қамап».

...Балам, енді білдің ғой, ол – абақты,
Ашуменен түйіп тұр ол қабақты.
«Қиялды ұстап, жаптым!»), – деп бос малданған,
Ақымақ деп болмай ма адамзатты?! [10.98-99], –
деп суреттелген «мына абақты» – адамдарды сенімнен айырып, имансыз қалдырған, зорлап шоқындырған құдайсыз қоғам, яғни, Ленин айтқандай, «Россия – халықтар түрмесі». Алла – Қиял! Ал Қиялды қалай түрмеге қамауға болады? Ендеше, қазақты иманынан айыру мүмкін емес. Бұл өлең, Үндеуді оқыған кезде, не көшіріп отырғанда жазылған рухани қарсылық пен күрестің образды озыны.

«Бейшара бір адамның» Үндеуінен: «Өлген қазақтарды жерлеуге поп басшылық етуі тиіс, ал қазақтар өлген адамдары туралы оларға міндетті түрде хабар беруі керек. Тек поп рұхсат бергеннен кейін ғана үш күннен соң жерленуі тиіс. «Өлген адамның жаны әлі шыққан жоқ, тірі көмуге болмайды, ол дүниеде жұмаққа бармайды-мыс» – деген сылтау айту керек. Мұндай тәртіптің кіргізілуін: «Қазақтар кісі өлімі туралы үнемі жалған ақпар береді, ал дененің іріп, еті босағанға дейін көмілген адамның неден өлгенін анықтау мүмкін емес. Сондықтан да қазақтардың арасындағы дақпырт пен дауды болдырмау үшін өлген кісіні жерлеу кезінде міндетті түрде попқа көрсету қажет» [53.30].

Шіркеуді қазақтың өлімі мен тойына дейін араластырып, бүкіл ішкі рухын билеп, қолқасын өкпесімен қоса суырып алғысы келді.

С.Ғылмани: «Учитель, поп шенімен өлген адамдар болса, жұқпалы ауру шығар дегенді сылтау қылып, попқа көрсетпей қойылмасын!» [58. I.150; II..258].

Ең қасиетті рәсімнің бірі – жаназа мен жерлеуге қол сұқты. Қилы-қилы құйтұрқы насихаттар мен уағыздар жүргізді. Демек, Мағжанның:

Сар дала, бейне өлік сұлап жатқан,
Кебіндей ақ селеулер бетін жапқан.
Тау да жоқ, орман да жоқ, өзен де жоқ,
Сәуле емес, қан шашып тұр, күні батқан [10.75], –
деп күніренуі осындай «өлген кісіні жерлеу кезінде міндетті түрде попқа көрсету қажеттігі» туатын күндерді ойлап түңілуден туған.

Ал, біз ақынды «жылауық, ыңырсығыш, күйреуік, өлімді жырлайды» – деп күстаналап-ақ бақтық.

Жаһилдік отарлау рухы өмір сүріп тұрғанда Рухани бостандықтың рухы да өлмек емес еді. Шымырқанған наразылық қазақ даласын шамырқана шарпыды.

С.Ғылмани (үзінді мазмұндалып алынды): «Бірақ бұл мәселені халық мұнымен қоймайды. 1901 жылы 1 қарашада жұрт қайта жиналып, құпия

72 приговор жинауды нан жеп анттасып, Қотыркөл болысынан (осы күнгі Еңбекшілдер ауданы 1-ауыл) Шаймерден Қосшығұлұлына тапсырады. Ол жасырын түрде, қайыршы ретінде жаяулап жүріп, приговор жинауға кіріседі. Сөйтіп, бір саржаншының шанасына мініп кетеді. 8 айда Көкшетау уезінің хат-мөрін жиып тамамдайды. 1901 жылы 20 мамыр күні болыс басына сайланған уәкілдер Көкшетау судьясы Күдірбекұлы дегенге барып, татар, орыс алдында заңдастырады. Содан соң Мезгіл болысындағы (адвокат – Т.Ж.) Айдархан Тұрлыбайұлы істі өте тиянақты бітірген Шаймерден Қосшығұлұлына бұдан әрі ізденуді тапсырады. Ол Омбы барып, присяжный Поварных деген атбекетке (негізі: «присяженный поверенный адвокатқа – сот сенім көрсеткен қорғаушыға» болса керек – Т.Ж.) 300 сомға доверенность (сенім қағаз) береді. Оған генерал-губернатор мен министр Анатолев: «Арызыңыз аяқсыз қалды. Себебі, 6 миллион қазақ халқына «Степной положениедегі» 120-124 баптағы жер заңын һәм 70 баптағы дін заңын бір уез үшін өзгерте алмаймыз», – деп жауап береді. Сол уақытта губерниялық директоры Алекторовтың хатшысы Торғай болысынан Ақтасов деген екен. Сол Ильминскийдің, Шербинскийдің оқу бөлім бастығына тапсырған құпия құжаттарын ұрлап береді» [58. I.149; II.258].

Архирей ағзамның, екі бірдей губернатордың, ояздың төбе шашы тік тұра алашапқынға неге түскені енді түсінікті. Мұндай қауырт һәм құпия мәліметті таланға тастағаны үшін патша да, патриарх та бастарынан сипамайды. Шаймерденнің қолына түскен бұл мәліметтен: 1902 жылы 22 наурызда патшаның мұсылмандарды шоқындыруға жарлық бергені, ол науқанға дайындықтың құпия түрде жүріп жатқаны анық байқалады. Егер дүние тыныш, төңкеріс пен соғыс басталмаған жағдайда, бұл шоқындыру шамамен 1903-1905 немесе 1913-1916 жылдардың арасында «салтанатты түрде» ресмияттан өтетін еді.

Ашынған жұрттың ауанын атойлата көтеру үшін, еңсесі езілген жұрттың бойын тіктеу үшін Мағжан ұранды тұлғаларды ел есіне салды. Ол «Ақсақ Темірдің сөзі» арқылы:

«Жиһан деген не нәрсе» ? –

Алақанның ауданы.

Бір ауданда көп Тәңірі,

Болудың, тіпті, жоқ сәні.

Тәңірі – Көктің тәңірісі,

Күңіренсін, көгін билесін!

Жер Тәңірісі – Темірмін,

Жеріме тәңірі тимесін!».

Көк Тәңірісі – Тәңірінің,

Тұқымы жоқ, заты жоқ.

Жер тәңірісі Темірдің,

Тұқымы – түрік, заты – от! [10.74], –

деп көтерілген халқының жігерін қайрады.«Бейшара бір адамның» Үндеуінен: «Қазақтарды жазаға тарту туралы мәртебелі ағзамнан пәрмен сұра-

лады. Пәрмен берілгеннен кейін қазақтарды жазалау үшін әскер жабдықта- лады және олар кресті алға ұстап жорыққа аттанады. Қазақтардың бәрін де шоқындыруға және православие дініне кіргізуге мәжбүр етеді. Ал бұл та- лапты өз еркімен орындамағандарды қырып салу керек. Сол кезде қазақтар: «Бізді орыстар үнемі күзетіп отырар деймісін» – деп православие дінін қа- былдайды, іле-шала орыстарды алдап, кресті сандықтың түбіне тыға қойып, өзінің дінін ұстауды жалғастыра береді. Міне, осы кезде барып ауылға шір- кеу мен мұнара салып, қолына күн сайын крест ұстатып отырғызып, уағыз тыңдату қажет. Сонда ғана татар мен сарттардың қазақтарға жасайтын ықпа- лынан құтыламыз» [53.30].

Сәдуақас Ғылмани (үзінді мазмұндалып алынды): «Ел ішіндегі осындай харекетті сезген патша жандармдары 1902 жылдың 1 көкегінде Ақмола, Се- мей, Көкшетауда тексеру, тінту әрекетін жүргізеді. Сол барыста Шаймерден Қосщығұловтың үйінен (сандығынан) желім баспасымен басылған бірнеше үндеу қағаз (көк баспа) табылады. Содан соң Шаймерден Қосщығұлов қама- уға алынып, қараңғы үйге жалғыз жабылады. Адам жолықтырмайды. Тамақ бергізбейді. Аштан өлсе: «Ауырып өлді» – дей салуға бекиді. «Өлмегенге өлі балық» деген тегі рас болса керек. Пештің мұржасының артынан, бөрене арасынан үш саусақ сиятындай тесік тауып, күнде балшық тығып тұрып, со- дан екінші бөлмедегі тұтқындар құйған қымызға аузын тосып, көректенеді. Он күннен соң Ақмоланың генаралы Романов деген әдейі келеді. 300-дей қарт адамдар босатуын жылап тұрып сұрайды. Ол: «Босата алмаймын. Пат- ша өзі жаптырып отыр. Қазақты бунтовщик движениеге (қарсылық қозғалы- сына) ерткісі келіп, құтыртып жүргендер Ресейде де бар. Солар кім? Соны айт! Сонда босатамын», – деген талап қояды. Алайда: «Не кылсам – өзім кылдым. Бәрін де өз мойныма аламын», – деп отырып алады. Үш айдан соң Якутияға жер аударылатынын естіртеді. Қылмысы: барлық қазақ халқының арасында үкіметке қарсы үгіт таратқан. Сөйтіп, патша үкіметінің дұшпаны ретінде 34-статья бойынша (военный положение – әскери ереже) 1902 жыл- дың 10 мамыры күні Көкшетаудан жөнелтіледі: «Шаймерденге ақылшы бол- дың» – деп, онымен бірге Наурызбай Таласұлын да айдайды» [58. I.150-151; II..259].

Қан құсқан халықтың осынау қысылтаяң кезіндегі қасіретін «Жаралы жан» атты өлеңінде Мағжан:

Қысылған солры адамның шыбын жаны,
Шапшып тұр жүрегінен ыстық қаны.
Ішті өртеп, жүректі елжіретед,
Күңіреніп сол сорлының сарнағаны:

«Ойпырым-ай, Алла-ай, жасаған,
Қысылды ғой шыбын жан!
Қуат кемір барады,
Көл болды мынау аққан қан.

Тәңірі, өзіңе жылайын,
Ғал жоқ, қалай тұрайын!
Жүректі жара жеп барад,

Жасаған-ау, қалай шыдайын?!.

Сокпа, сорлы жүрегім,
Шірі енді, ақ білегім.
Мына қарға, құзғынның,
Бердің-ау, Тәңірім, тілегін! [10.75-76], –
деп кәдімгі қазақы жоқтау түрінде жеткізеді:

«Бейшара бір адамның» Үндеуінен: «1902 жылы 61 пәрмен бойынша Ақмола мекемелерінде жарлыққа сәйкес қазақ молдалары дін ісінен шеттетілді. Егер молдалар пәрменді бұзса қатаң жауапқа тартылып, «Ереженің» 79 тармағы бойынша жазаланады. Крестьян басқармасының бастығы мұны қатаң бақылауға алып, мәлімет беріп отыруға тиіс. Осындай шаралар арқылы істі оңға қойып, жолға түсіріп алған соң миссионерлерді жіберу керек. Олар қазақтардың ұстанған дінінің дұрыс емес екендігін және Иса пайғамбардың жіберуімен келгендігін, сонымен қатар Заң бойынша патша ағзам қандай дінді ұстанса, оның құзырындағылар да сол дінге кіру керек екендігін, ал қазақтардың дінінің бұл дінге... жат екенін дәлелдеуі тиіс» [53.31].

Арыны қатты ішкі қуатпен, сенімді берік ұстаныммен жазылған Мағжанның «Пайғамбар» атты өлеңдер топтамасы – ақынның осы «Иса пайғамбардың жіберуімен келгендерге» деген қыжылы мен оларға берген жауабы сияқты. Ашынған ақын:

Түн баласы... Түн жолына түскен ол,
Сақаусың деп Мұса тілін кескен ол.
Тәңірінің сүйікті ұлы Исаның,
Тітіркенбей ұрттап қанын ішкен ол, –
деп, шамырқанып алады да:
Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар,
Мен – Күн ұлы, көзімде Күн нұры бар.
Мен келемін, мен келемін, мен келем,
Күннен туған, гуннен туған Пайғамбар! [10.68,70], –
деп, кекті қуған кекшіл Қабыл емес, жақсылықтың жаршысы Әбіл боп жар салады.

М.Тынышбаев (жалғасы): «1904 жылғы 12-желтоқсандағы жарлықпен ішкі істер министрінің 19-ақпандағы рестскриптімен және 17-көкектегі жарлықпен ата-баба дініне қайта оралу еркіндігін беруге, Сібірге дін мәселелері үшін айдалғандарды қайтаруға, жабылған мешіттер мен медреселерді және т.б. ашуға уәде берілді, бірақ айдаудағы молдалар қайтқан жоқ, мешіттер мен медреселер әлі де жабық, діни кітаптар тартып алынған күйі қалып отыр. Сонымен бірге өз патшаларының түрлі жарлықтары мен рестскриптеріне ешқандай мән бермейтінін көрсеткісі келгендей, қазақ балаларын ұстап алып, күшпен христиан деп жариялауда. Мен мұндай жағдайлардың басты кейіпкерлерін атайын – Орынбор губернаторы Барабаш, Торғайдағы – Ломачевский, соңғының кеңесшісі белгілі миссионер Г.Васильев және архиерей Левицкий. 18-ақпандағы рестскрипті бойынша, әркімге де өз қажеттіліктерін еркін айтып арыз жазуына құқық берілді: жергілікті әскерлер, қазақтарды қуып съездер өткізуге мүмкіндік бермеуге тырысады, ал Петерборда Булы-

гин сенімді адамдары арқылы халықтан куәлендірілген еркіндікті талап етіп, бар мүмкіндіктерін жұмсап, қазақтардың ұмтылыстары мен талап-тілектеріне кедергі жасап келе жатқан губернаторлардан рұхсат күтті. Сол рестскрипте өкілеттік тағы да «лайықты және халық ризалығына бөленген» адамдардан құрылады делінген. Қазақтар өткеннің ащы дәмін әбден татып болған. Булыгин барлық губернаторлардың мәлімдемесі арқылы өздерін дауыс беру құқынан айырғысы келген, қандай да болсын өкілеттілікке сене алар ма еді; кейіннен даладағы күшті толқулардың арқасында үкімет қазақтарды да қосуға мәжбүр болды, бірақ тағы да тек бір ерекше тәртіптер негізінде. Осында адамдар мен ұлттардың қандай да бір теңдігі бар ма?» [59.26].

Өкінішке орай, осындай рух қарсылығына қарамастан ресейлік архирей басқармасы жаппай шоқындыру науқанына кірісу туралы жарлық берді.

«Бейшара бір адамның» Үндеуінен: «Содан кейін император ағзам бүкіл консульдықтарға: «Менің құзырымдағы қазақтарым ислам дініндегі мүфтиге бағынатын, бірақ та ислам шарифатына қазақтардың бағынғысы келмейді. 68 жылғы Ереженің 97 және 98-тармақтарына сәйкес олар мүфтилік бағынудан алынып, әр болыста діни рәсімді өтеу үшін жеке-жеке молда сайланған болатын. Сонымен бірге молдалардың міндеті – туған балаларды тіркеп, оларға ат қою болатын. Қысқасын айтқанда, шарифаттың барлық заңын орындауға тиіс еді. Алайда қазақтар өзінің молдаларының талаптарын орындамады, оларды көзге ілмеді, өзінің рухани дәстүрін ұстанды, балаларына – Қойлыбай, Жылқыбай, Итаяқ деп ат қойды, кейін өздеріне арнап орыс мектебін ашуды талап етіп, өтініш білдірді. Мектеп ашылды. Енді қазақтар өзінің дінін өзгерткісі келетіні туралы өтініш жасап отыр – деп хабарлау керек» [53.31], – дегенді желеу етіп, әкімшілік тұрғысынан жазалау саясатына көшеді.

Міне, халқын болашақта осындай қорлық пен басыну, құлдану күтіп тұрғанына наразы ақын бір сәт бар ызасын бойына жиып:

Қысық көзді Күншығыс,
Болсын соңғы бұл жүріс,
Күн батысқа жүрелік.
Желкілдеген туменен,
Жер күңіrentкен шуменен,
Қаласына кірелік.
Күл қылайық қаласын!
Күл қылайық баласын!, –

деп атойлата жорта озандатып алады да, іле Күннің, яғни, жарықтың – жақсылықтың пайғамбары ретінде:

Жоқ!Жоқ! Ашу басалық!
Гүл қылайық қаласын,
Ұл қылайық баласын,
Мейірім есігін ашалық! [10.71], –

деп адамгершілікке, сабырға шақырады.

Ал, кеңестік қызылөңешетер ақындық ой құбылту, сөзіне назар аударту ретіндегі көркем амал ретінде қолданылған алдыңғы шумақты бөліп алып, ақынды кекшіл-реакционер кейпінде күстаналады. Негізінде, Мағжанның осы «Пайғамбар» топтамасындағы айтайын деген басты идеясы да осы:

76 «Гүл қылайық қаласын, Ұл қылайық баласын, Мейірім есігін ашалық!», – деген бүкіладамзаттық адамгершілік ұстанымы болатын.

Мағжанның бүкіл поэзиясының ең ақжарқын өзегі де осы адамгершілік-гуманистік көзқарас болатын. «Гүл» мен «Ұлға» мейірім-қайырым көрсету арқылы Батыс пен Шығысты рухани диалогқа шақырды.

М.Тынышбаев (жалғасы): «Жазда Семей облысы, Қарқаралы уезіндегі Қоянды жәрмеңкесінде үлкен жиын ұйымдастырылды: мұнда дала өлкесінде үлкен шу тудырған атақты петицияға 14,5 мың адам қол қойған. Әскери губернатор Романов пен әскери генерал-губернатордың іс басқарушысы Лосевскийдің даланы аралауы да қазақтарды тоқтата алмады. Күзде Семей губернаторы Галкин: өкімет бар күшін салып қазақтарды Омбыдағы жиынға жібермеуі керектігі – жөнінде бұйрық шығарды. Генерал Романов қазақ тәржімшілерді босатып, орнына қазақтарды алу туралы бұйрық берді. Шаруа және уезд бастықтарына алдағы уақытта қазақтарға қатаң шаралар қолдану жөнінде және түрлі петицияларға қол қойған барлық қазақтардың тізімін алу бұйырылды. Ерекше белсенділік көрсеткен Қарқаралы уезінің бастығы Оссовский мырза бәрібір ойдағыдай нәтижеге жете алмады. Өйткені, қарқаралықтар қазақтардың ішіндегі ең әрекетшіл және саналылары еді: ол қалаға адамдарды жауап алу үшін, патшаға арналған петицияға қол қойған 42 адамды тауып алу үшін шақырды. Олардың барлығы да жауап беруден бас тартып қалаға келмеді.

11-қарашадағы «С.О» -да (газет – Т.Ж.) күш көрсетуге қарсылық пен үкіметтің уәделеріне сенімсіздік білдірген ашық протест түріндегі Семей және Павлодар уездеріндегі қазақ пен татар өкілеттілігінен жіберілген телеграмма (азамат Веттенің атына) басылған. Көптеген қорқытуларға қарамастан, Ақмола облысының қазақтары да біршама іс тындырды. Аталмыш, әсіресе, бюрократтық зорлық-зомбылық тым күшті жерлердегі, яғни, түрлі петицияларға 25 мыңға жуық адам қол қойған Дала өлкесіндегілер ерекше көзге түсті. Генерал Сухотинге барлық жиырма бес мың қазақты Сібірге айдап, айдалада өзі ғана патшалық құру қалды. Семей облысындағы қозғалыс Жетісуға дейін жетті. Мұнда Лепсі уезінің қазақтары үкіметтің шірік саясатына қарсы ашық протест білдірген және өз талаптарын қойған 1000 адамның қолы бар петиция жіберді. Қазақ өкілдерін кіргізу мәселесі барлық тұрғындарды толғандырғандықтан кепілдік берген делегациялар бірінен соң бірі келіп жатты. Олардың арасында Орал және Торғай облыстарының қазақтарын атап өтпеуге болмайды» [59.26-27].

«Жан бостандығына» жету жолында түрлі амал іздеп, қилы-қилы тағдырды басынан кешіп, түрлі діни сенімдерді ұстанып, соны медет тұтқан ұлттар мен ұлыстардың мүддесі рухани мойынсұнбауға алып келді.

«Осы үндеуге байланысты қазақтың белгілі адамдарының, молдалар мен мұғалімдерінің үйлерінде тұңғыш рет саяси тінтулер жүргізілді, кітапханалары алынып, олар екі-үш жылдан кейін, бостандық күндері ғана қайтарылып берілді. Көкшетауда әкімшілік пәрмені бойынша күллі қазақ даласына әйгілі ғұлама – молда Наурызбай Таласов өз шәкірттерімен бірге жер аударылды. Оны халық «Науан хазірет» деп атайды, Көкшетау оязының кедей қазағының баласы болған ол, бір кездердегі Ломоносов сияқты Бұқа-раға жетіп, сол шаһарда 15 жыл оқып, жоғары діни мектепті бітірген. Ерекше

алғырлығымен көзге түскен ол, сонда калып ұстаз боп жүрген кезінде Көкшетау қазақтары ел атынан қалап, оны атамекеніне қайта алдыртып алған болатын. Егер өкімет саналы түрде қазақ халқын орыс білімінен аулақтатып, оны ісләмшілдікке итермелегісі келсе, тура сол үшін Науан сияқты әйгілі адамдарды қудалаудан артық тәсілді ойлап табу қиын да шығар» [57. 308-310], – деп жазды Ә.Бөкейханов.

Сәдуақас Ғылмани: «Наурызбай Таласұлы Енесей губерниясы, Қазақтың болысына жіберіледі. Шаймерден Қосшығұлов Кемерскінің (Кемерово - ред.) орталық түрмесінде жатып, қазан айында Якутияға жөнелтіледі. Онда Балтаба губерниясы мен Мәскеуден жер ауларылған 35 бунтовщикпен бірге ағаш арасында екі жарым жыл тұрады.

1905 жылы кешірімге ие болып, Көкшетауға келеді. Бірақ күн сайын оязға көрініп тұруға міндеттеледі. Бір күні Петербургтан Мұхамеджан Тынышбайұлы мен Сәдуақас Шипабекұлынан құпия хат алады. Онда: «Аман қайтқаныңды естіп қуандық. Осы күні бұдан бәйге алдың. Өз мерейің. Бәйгені бәрімізден бұрын алдың. Отағасы февральдағы уәдесін бұзатын түрі бар көрінеді. Тегі қатуланып қалды. Соған арнаған зор тойымыз бар. Қазақша қымбат формамен тойда болыңыз!», – деп жазады. Содан соң бір түнде қашып шығып, Қызылжар вокзалына келеді. Шапқыннан қайтқан жаралы солдаттарды таситын санитар поезына тап болады. Жүріп бара жатқан поезға секіріп мінеді. Қысыла-қымтырыла Мәуліт қаласына жетіп, сонда түсіп қалады. Сол жерден билет алып, Петроградқа келеді. 1905 жылдың 10 желтоқсаны күні шақырған жолдастарын тауып алады. Келесі бір күні студенттер қолдарына қызыл жалау ұстап, демонстрацияға (ереуілге) шығады. Басында тымақ, үстінде жарғақ, нағыз қазақ формасындағы Шаймерденді араларына алып жүргізеді. Ұлықтар жоғарыдан көріп тұрады. Онысы: «Енді Сібірдің қазағы да риза емес екенін білсін, түңілсін», – дегенді білдіргені еді. Ереуілшілерді жан-жақтан 30 мың әскер пулеметпен қарсы алады. Ереуілшілер де аянып қалмайды. Көп адам өліп, қала қирайды. Ереуіл 17 желтоқсанда таратылады» [58. I. 151-152; II..259-261].

Мағжанның ереуіл рухты:

Жер жүзіне ер атағым жайылған,
Жан емеспін оттан, судан тайынған.
Қайратым мол, қандыбалақ қыранмын,
Күн болған жоқ жаудан жүрек шайылған.

Еркін ырғып шыққам асқар Алтайға,
Қырда тұрып садақ тартқам Қытайға.
Талай тайғақ, тар кешуде таймаған,
Батыр жүрек, қайрат енді алдай ма?!.

Талмай, қайтпай қамал бұзған кемеңгер,
Арыстанға қарсы ұмтылған мендей ер.
Бір барқылдақ жалпылдаған төбеттен,
Қорқар болсам, жұтсын мені қара жер! [10.79], –

деген «Жер жүзіне» атты өлеңі Петроградтағы қанды ереуілге «басына

78 тымақ, үстіне жарғақ киіп, нағыз қазақ формасында шыққан Шаймерденге» арналған сияқты.

Осындай, Ш.Қосшығұлов, М.Тынышбаев, Ө.Бөкейханов қатысқан «орыстың өз ішінен шыққан бүліктердің» (ереуілдердің) нәтижесінде қазақ дала-сына жасалатын әскери жорық кейінге қалдырылды.

Сәдуақас Ғылмани: «Заң шығару билігі мемлекеттік думаға беріледі. 1906 жылдың маусымына дейін мемлекеттік думаға депутат сайлауға жарлық шығады. 200 000 адамнан бір депутат сайлау құқы беріледі. Ақмола мен Семейдің миллионға жақын қазағынан екі депутат сайлауға түседі. Ақмола облысынан 100 уборщикке (жинаушыға) 10 мың сом беріп шарға түскен Торсан Тілемісұлы 30 шарға ие болады. Шаймерден 96 шармен екінші думаға депутат болады. Қазақтан барлығы жеті уәкіл. Айлықтары үш жүз сом» [58 I. 152; II...261].

Ақыры үшеуі де Думаның депутаттығына сайланды.

М.Тынышбаев: «Тұтастай айтқанда алғашқы кезеңдегі, яғни, 6-тамызға дейінгі қазақтардың талабы мынадай: толық өзін-өзі басқару, ерекше заңдар мен әкімшілік бұйрықтарының күшін тоқтату, генерал-губернаторлықты, шаруа басшылары мен урядниктерді жою, әскери басқаруды азаматтықпен алмастыру, казактар жөніндегі заңдарды олардың өкілдерін қатыстыра отырып қайта қарау, сол мақсаттар үшін орыс сотын қайта құру және халық сотын саналы түрде юстиция министріне бағындыру, жеке басқа, тұрғын үйге, ар-ұятқа, сөзге (ауызша, жазбаша және тасқа басылған) тиіспеу, одақ және жиындарға қатысу негізіндегі азаматтық бостандық, газет, брошюра, кітап және т.б. болу үшін типография ашудың барлығына бірдей тәртібі, жалпыға бірдей, тең және құпия түрде, жынысына, ұлтына, діни сеніміне қатыссыз дауыс беруге негізделген сайлау өткізу және сайлау алдында үгіт жүргізуге рұқсат беру, қазақтарға тиісті жерлерді және солардың пайдалануындағы, қоғамдық меншігіндегі жерлерді мойындау» [59.26-28].

Бұл – біртұтас алаш идеясы ұйытқан алғашқы ашытқы ой еді.

Сәдуақас Ғылмани: «Содан соң Шаймерден Қосшығұлов: «Біздің қазақ қараңғы жатыр. Орыс газеттерін түсінбейді. Қазақта газет жоқ. Думадан пайда шығатын емес. Біздің қазаққа ортамыздан (айлығымыздан ақша бөліп) қазақша газет шығаралық!», – деп ұсыныс қояды. Жолдастары көнбейді. Ақыры татарша «Үлфат» газетін шығарушы қажы Ибрагимовпен бірлесіп, қазақша газет шығаруға келіседі. Жылдық бағасы – 2 сом. Аты – «Серке». Ондағы ойы: боранда ыққан қойды серке бастаса, боранға қарсы айдауға болады – дегенді білдіру еді» [58. I.152; II..261].

Мұнда дін, жер мәселесі ашық қойылды.

Жер мәселесімен Алаш ісі ушығып, саяси қысым мен жазалау науқаны қатар жүргізілген қат-қабат күндерде де ұлттық сана мен қоғамдық пікірдің қозғалысы толас таппады. Қазақ зиялыларының бұрынғы ашық талқылаулары мен кездесулері жартылай құпия, мүлде құпия түрде жүргізілді. Олардың арасындағы байланыс құралына сол кезеңдегі мүмкін болған барлық тәсілдер пайдаланылды. Патшаның отаршыл жазалау саясаты мен жандармерияның тіміскі әрекеті алаш азаматтарына конспирацияның неше түрлі китүркы амалдарына үйретті.

Сәдуақас Ғылмани: «Сонымен Шаймерден Қосшығұлов екінші думадан да қуылады. Ал, 3-думаға қазақтан депутат алмайды. Алайда, 50 адамға қол қойдырып, «Жер туралы» заң жөнінде запрос (сұрау) енгізеді. Бірақ, оған да еш жауап болмайды. Содан соң Петроградтағы қазақ зиялылары бас қосып, ақылдасады. Сол бас қосуда Әлихан Бөкейханов: «Малдың ең нашары лақ. Қонаққа сойғалы жатқанда, мені өлтіргелі жатыр» деп бақырып, жан-жаққа мәлімдейді. Біздің қазақ осылай тұрғанда таза біткеніміздің ақыры. Бұлай жатпай, шет патшаларға хал-жайымызды газет арқылы жариялауымыз керек. Осы күндері Түркияда Балқан туралы әңгіме болып жатыр. Болгария Түркиядан бөлінбекші. Түркияға барып, қазақтың мұң-мүддесін газеттерде жариялап, ондағы ұлықтардан ақыл сұрау керек», - дейді. Әлихан қазақтың басқа зиялылары сияқты Шаймерден Қосшығұловпен бірге жүріп-тұрудан қорықпайды. Қасында болып, ақыл-кеңесін беріп көмектеседі. Екеуі Түркияға бару мәселесін ақылдаса келіп: - Менің қалтамда 150 сом ақшам бар, - дейді Шаймерден. Ал, Әлихан: - Сенің қалтаңда көп халықтан алған доверенность (сенім хат) және думаның мүшелік билеті бар. Арабша, түрікше білесің, сен бар! - деп, Шаймерден Қосшығұловты поезбен жөнелтеді.

Одессаға келіп шетелге шығу билетін ала алмай 15 күн жатады. Ақырында қажылар көмектеседі. Ақмола уезінен қажыға бара жатқан Тілеулес Шабанбайұлы өліп, соның билетімен Тілеулес болып Стамбұлға жетеді» [58. I.153-154; II.261-262].

Сол дәуірдегі түрік сұлтаны Абдул-Хамидке, өзі де дін сақабасына айналған Шаймардан Қосшығұлов қана емес, мұқым дүние «Омар шадиардың зұлфұһарының мұрагер халифы», «күллі мұсылмандардың қорғаны» ретінде оған аса зор үмметтік сеніммен қарайтын. Сондықтан да оған Ресей мұсылмандарына араша іздеп барды. Сөйтіп, Мағжан:

Бұл қазақ – Тәңірге зар еткен қазақ,
Қиналып, қанды азап шеккен қазақ.
Әйтеуір, қанды азаптан құтқарар деп,
Оқыған азаматын кеткен қазақ [10.77], –

деп жырлаған, «күткен қазақ» – мұсылман ғұламасы Шаймерден Тоқжігітов болып шығады.

Сәдуақас Ғылмани (үзінді мазмұндалып алынды): «Қырым өнеге» деген нөмірге түседі. Осында жатып, бар зарын қазақша жазып алады. Содан соң оны түрікшеге аударып, әбден жаттайды. Бір жұмадан соң Халифаға барып жолығады. Ол қасына бір аудармашы мен Жибалай дегенді қосып, жас түріктер жұмһүриятына жібереді. Оның бастығы доктор Назарбай (?) деген екен. Оған хал-жайды түрік тілінде баяндайды. Олар мәжіліс мабғұтына жібереді. Онысы – дума екен. Оның төрағасы Ахмед Ризабай (Ырғызбай –?) деген ақсақал қабылдайды. Ол: Ғалия назаратының жамиғаты Хадырағзам Камал (?) және Шамғұл Есламмен (?) кездесіп, хал-жайды толық баяндайды. «Ресей өзі қылған қиянатын білмейді. Болгарияны да аяған болып, қысады» – деген пікірлерін айтады. Ал, Шаймерден: «Олардың уақыты бола ма? Әлде босағадан шығарып сала ма?» – деп сұрайды. Ол: «Мен телефон соғып хабарлаймын. «Ресей мемлекетінен, Қазақстаннан қардашыларымыздан мазлум уәкіл келді. Қабылдап, сөйлесіңіз деймін», - дейді.

Сонымен Шаймерден Түркияда екі ай жатады. Тиісті орындардың бәріне

80 барып жолығады. Ақыры олар: «Егер өзің осында тұратын болсаң, әшкерә сейлесеміз. Қайтатын болсаң, басқа бір әдіс қолданамыз», – деп ашық айтады. Бұл ақшасының аз қалғанын айтып, қайта шақыру жіберуін өтінеді. Содан соң «Ресей мемлекетінің құрамындағы Қазақстанның ахуалы» туралы «Як(н)дам сарыбас» (?) деген түрік газеті Николайға мәлімдеме жариялайды. Онда: «Сіздің қоластыңыздағы қырғыздар (Қазақстан халықтары): «Жақсы жеріміз Ресей мұнажирлеріне (жерсіз көшпелілеріне) алып берілді. Бізге қалғаны – жан сақтай алмайтын тау-тас, сортаң жер» – дейді. Сол себепті «Көшіп келсек» деп, бізден жер сұрайды. Біз оларға: келсендер Анадолы сахарасын берейік – дедік. Мал бағуға қолайлы жер сол», – делінеді» [58. I.153-154; II..262-263].

Міне, ісі мұсылманның дін қорғаны, түрік сұлтаны Абдул-Хамидке:

Бауырым! Сен о жақта, мен бұ жақта,

Қайғыдан қан жұтамыз.

Біздің атқа

Лайық па құл боп тұру. Кел кетелік,

Алтайға, ата мирас алтын таққа! [10.72], –

деген Мағжанның сәлемін – ел сәлемі ретінде Ш.Қосшығұлов, ол бұл өлеңді жазбастан он бес жыл бұрын қара сөзбен жеткізді.

Сәдуақас Ғылмани (үзінді мазмұндалып алынды): «Бұдан соң қолындағы қажылық билетімен Ресейге қайтады: Станболдан мұның билеті ұрлап алынған, «жол кесер» – деп танылып, зор тінту жүргізеді. Тінтудің қаттылығынан зәре-құты қашады. Өйткені, бойында тығылған неше түрлі қағаздар бар еді. Бәрі де киім арасына салынған болатын. Өз билетін ұлтарағының астына сақтап, аман қалады. Бірақ ақшасы таусылады. Ел таба алмайтын болған соң Қырымға келіп жетіп, Ресейден шығатын қажыларды күтеді. Оған дейін киімдерін залогка салып, аужал қылады. Бір күні пароходпен күткен қажылары да келеді. Олар 100 сом жиып береді. Сонымен қайтып Петроградқа жетеді. Қазақ халқының мұң-мүддесі жазылған газеттер күн сайын патшаға келіп, оны мұндағылар алып оқып жүргенін көреді.

Алайда, қайтып келген соң түк білмегенсіп, патшаға арыз береді. Онда: «Қазаққа деген жер бар ма, жоқ па? Бар десеңіз, әуелі қазақтың өзін орналастырып, қалғанын басқаларға берсеңіз екен!» – делінеді. Оған Николай патша: «Әуелі қазақтарды орналастырып, олар егістік, шабындық, жайылымдық жермен қамтамасыз етілсін! Артық жер табылса, соны алсын!», – деп қол қойып, жауап қайтарады. Ол қағазды Кокшетаудың оқу болім бастығы Біләл Малдыбаев алады» [58. I.153-155; II..262-263].

Ол туралы Ә.Бөкейханов: «Қазақ даласы – қазынаның меншігі, оған мұжықтар мен казактарды сұраусыз қоныстандыра беру керек – деген заңдар алынып тасталуы керек» [57. -308-310],– деді «Қазақтар» атты сол кезде жазған мақаласында.

Бұл талап – Біртұтас алаш идеясының қалыптасуының басты алғы шартына, басты ұстанымының басты тұжырымына айналды.

Сәдуақас Ғылмани (мазмұндалып алынды): «Ол жарлық пәрменсіз қағаз күйінде қалады. Сондықтан да жер «Ақмола облысынан материал жинау үшін 1916 жылы қазақ төңкерісіне басшылық қылып өлген Моншақты бо-

лысы (осы күндегі Азат болысы) Молдабай Байұзақұлының атынан 500 ауыз сөзбен Николайға телеграмма соғады: «Жақсы жауап келсе, ие болармыз. Жаман жауап келсе, қабірін көрсетерміз» – деп ойлайды. Ақырында құпия зерттеу жүргізіліп, Молдабайдың июнь жарлығынан бұрын өлгені анық болып табылалы. Сөйтіп, оған: Патшаға өлген адамның атынан жалған телеграмма соғуы, «Қазақ» газетіне қазақтың мұңын айтып, жазғаны айып болып тағылып, 17 ақпанда 3 стражник, бір жандарм жасырынып жатқан үйден ұстап, 15 шақырым жерге жаяу ұрып-соғып, айдап отырып, Мәкен (Макин) қаласына әкеледі. Өлдім-талдым дегенде онан қашып шығып, Қызылжарға келеді» [58. I.155; II..263-264].

Сөйтіп, бұл діни қозғалыс жадидтік бағыттан бастау алып, 1902-1905 жылдары арасында барлық Түркістан жамиғатына ортақ «Иттихат уә таракки» деп жалпылама аталған бағыт саяси сақнаға шықты. сол ұйымның ықпалымен жекелеген түрік тектес ұлттардың өз ішінде: «Шакиртлик» (1901), «Иттифак» (1905), «Танчи» (1905),» Таракки» (1905), «Хуррият» (1905), «Идел-Урал» [2.44-49], «Қоянды құзырхаты (1905), «Автономияшылар» одағы құрылды.

Сонымен: қоғамды революциялық дүрлігуге жеткізген осындай аса зор саяси маңызды Үндеу мен Діни (архирей) басқарма мен Мәртебелі Ағзам бекіткен заңдық құқы бар жоғарыдағы жарлықты Мұхамеджан Бекішев көшірген, Абдолла Адамұлы таратқан. Ал, мұқым қазақ даласына жететіндей көп дананы Мұхамеджан Бекішевтің жалғыз өзі көшіріп шығуы мүмкін бе? Әрине, ол іске медресе мүдәристері мен шәкірттері тартылғаны анық. Ал, соның ішінде ең үздік шәкірттің көшірмеге тартылмауы мүмкін емес. Демек, Мағжанның діни қозғалысты және оның мақсат-міндеттерін білгені анық. Болыс және ауыл медресесінің иесі ретінде әкесі Бекмұхамедтің бұл қозғалыстың бел ішінде жүргені де белгілі, сондықтан да, оның жан-жақты мағлұмдар болғаны күмән келтірмейді. Демек, сеніммен: бұл үндеуді көшіріп-таратуға Мағжан да демін қосқан. Оның мәтінімен танысып, іштей күйінген. Үндеу барлық мешіт-медреселерде талқыланып, қол жиылған. Солардың бірі боп Мағжанның да қол қоюы ықтимал іс. Мұны архив құжаттары арқылы тиянақтауға болады – дегіміз келдеді.

Бұл ретте Ж.Аймауытовтың: «Ұлтшылдық, түрікшілдік, қала берсе исламшылдық туын көтеріп, медресе «Ғалия» өз заманында қазақ, татар, башқұрт сияқты уақ ұлттардың жасына недәуір сезім кіргізді. Россия қол астындағы түрік баласын оятып, жауыз патшаның арамыза саясатына қарсы тұрғызбақ болды... Қазақтың жерін тілгілеп, келімсек мұжықтарға аударып әпере бастады, тілін бұзуға ауылнай, школ, миссионерлер тартты, әдет-ғұрпын, салт-санасын өзгертіп, орысқа бас игізуге жаңа закон, мировой судья, крестьянский начальниктер шығарды...» [11.370-371], – деуінде шындық бар.

Сондықтан да, бұл сана төңкерісін ақыл-ойына жасынан сіңірген Мағжан мейлі, ұстаздарының ырқымен болсын, бәрібір, он сегіз жасында:

Біз жаңа көрдік таңның желі ескенін,

Салқынмен сескендірмек боп ескенін.

Сылдырап су, сыбдырлап жапырақтар,

«Есінді жи енді, Алаш, тұр!» – дескенін! [10.61], –

деп өзінің рух бостандығы мен ұлт азаттығы жолына түскенін, ашық жа-

3.

Міне, осындай аса тегеуірінді, ұлт-азаттық рухындағы саяси төңкеріс толқынында ер жеткен Мағжан 17 жасында, яғни, 1910 жылы Россиядағы ең беделді мұсылман университеті атанған жоғары білім беретін Уфадағы «Ғалия» медресесіне түседі. Оның білім деңгейінің мәртебесін білу үшін профессор Б.Жангуттин ғылыми айналымға түсірген мына деректерге жүгінсек, бәрі де түсінікті болады. Жоғары дәрежелі медресеге түсу үшін талаптанушылар: Құран-тәфсірден, Құран-хадистен, Діни фалсафадан, Ислам тарихынан, Мұсылманның заңдық құқынан (фикх), Ислам тарихынан, Араб әдебиетінен, Орыс тілінен, Ақидадан (Сенім пәні) емтихан тапсыратын болған. Дайындық сатысынан өтерде бұған қоса жалпы тарихтан, геометриядан, географиядан үстеме емтихан тапсырған. Мағжанның осындай сүзгінің барлығынан сүрінбей өткеніне қарағанда, оның медреседегі білім деңгейінің өте жоғары болғандығын танытады.

Ал, «Ғалия» да мына пәндер оқылған:

Діни пәндер: Құран тәфсір, Мұхаммедтің хадистері, мұсылман дінінің негізгі қағидалары және оның пәлсафасы, исламның азаматтық заңдары (фикх), Мұхаммедтің өмірбаяны, ислам тарихы және дін тарихы.

Философиялық пәндер: этика (адат), психология, логика және діни философия.

Педагогикалық пәндер: педагогика тарихы, жалпы педагогика, дидактика, методика.

Математикалық пәндер: арифметика, геометрия, алгебра, тригонометрия, астрономия.

Жаратылыстану пәндері: физика, химия, анатомия, физиология, гигиена, жаратылыстану (ботаника, геология, минералогия).

Жалпы оқу-ағарту пәндері: география, экономика, халықтар мен мәдениеттердің жалпы тарихы, түркі-татар тарихы, түрік тарихы.

Филология пәндері: татар тіл-әдебиеті, араб тіл-әдебиеті, түрік тіл-әдебиеті, орыс тіл-әдебиеті. Дін мен азаматтық мазмұндағы барлығы 30 пән оқылған [49.14-15, сонда, қараңыз: 2.54].

Міне, бұл мағлұматтарға қарағанда «Ғалия» медресесінен алған білімі – Станбол, немесе, Константинополь педагогика институтының білімімен деңгейлес келеді деп толық сеніммен айтуға болады.

Бұл ретте Мағжанға түрікшілдіктің рухын сіңірген медресе оқытушыларының деңгейі туралы мағлұматтарды назарға ұсынсақ, ақынның жанын тербеген толғаныстың түп төркінін аңғару қиынға соқпайды. «Ғалия» (жоғары оқу орыны деген мағынаны береді) медресесін құрған – Зия Камали, Каирдағы атақты «Аль-Азхар» университетін бітірген (1904), Хаибулла Зайни – Станбол педагогика институтының (жоғары оқу орындарының аттары толтырылған құжат бойынша берілді – Т.Ж.) биология-география факультетін бітірген (19012), Губайдулла Саттар – Константинополь мұғалімдер инсти-

тутын бітірген, Габулла Сатаев – Станбол университетінің физика-биология факультетін бітірген. Заки Қадыри – Бейрут пен Каир университетінде, Фахри Ғабдулла – Түркияда, Закир Аюханов – Каир университетінде (1911-1914), Таки Бадыги – Хиджазда оқыған, Хатмулла Фазылов пен Лутфулла Байчурин – Египет пен Аравияда білімін жетілдірген, ұзақ жылдар сонда тұрған. Нұри Ахмет, Абдулла Шепасов Константинополь мен Бейрутта білім алған [49.15; 54].

Мағжанның рухани-азаматтық көзқарасының қалыптасуына осылай ықпал жасаған медресе ұстаздары – жай ұстаздар емес, нағыз ғұламалар, кәсіби мамандықтың иелері, ғылымның әр саласындағы жоғары білікті оқытушылар еді. Олардың көзқарастарына Мағжан өсіп-жетілген әлеуметтік ортада жүріп жатқан революциялық қозғалыстар да тікелей әсер етті. Мағжан теңіздей буырқанған заманның адуынды толқынында арпалысып өсіп, «жәдидшіл мүритке», «түрікшіл оғланға», «ұлтшыл-алашшыл азаматқа», «миллатшыл ақынға», «ташбилаушыл мұңлыққа» айналды. Жүсіпбек айтқандай, «Мағжан – ұлтшыл, түрікшіл, санашыл, дарашыл ақын болып шығады. Олай болдып шықпауы мүмкін де емес. Өйткені, әлеумет ортасының, заманының жағдайы солай!» [10.372] еді. Сол екпінмен Мағжан:

Міне, Күн! Сәулесі алтын жерді құшты,
Жарыққа қуанысып құстар ұшты.
Ізгі оймен ерік тілеп, жарық тілеп,
Ұшамыз біз де жиып есті, күшті» [10.62], –
деп келешекке үлкен үмітпен қанат қақты.

Демек, Мағжанның поэзиясының ішкі құрылымында Құран-каримнің ырғағы, сарын-аяны, ішкі ұйқасы, мазмұн мен емеуіріні, мақамы бар. Өлеңдерінің дыбыстық үндестігінің өзі де тылсым мазмұнға ие. Мысалы: «Жұмақтағы каусар судан, Бетіндегі алтын будан, Періштелердің жырынан, Жұмақ суы сылдырынан, Жапырағының сыбдырынан, Тәңірінің дәл өз наұрынан, Жаратылған періште еді, Мекені оның әріште еді» [10.62], – деген шумақтағы «толқынды қуған толқынның» ырғағымен бірін-бірі сүйене ығыстырып, соңғы жолға келгенде лықсып тоқтайтын ой, сөз, мағыналық мақам ырғақтар соның дәлелі. Сондықтан Мағжанның үнді, ырғақты поэзиясында төрт жасынан бастап жаттаған қасиетті Сөздің қирағаты бар. Өйткені ол – ислам ілімін хатып-имам («Ғалия» медресесін тәмәмдағаны туралы куәлікке жазылатын білім дәрежесі) деңгейінде меңгерген ғұлама. Сондықтан да, Мағжан шығармаларындағы ислами-діни, жалпы христиандық-діни рауияттарды, емеуіріндерді, терминдерді астарлы мағынасымен түсіну керек. Сонда ғана оның өлеңдерінің көркем идеясы ашылады.

Осыған орай, Жүсіпбек Аймауытов:

«Кейбіреулер Мағжанды ескішіл дегеннен тудырып, діншіл деп ойлап қалуы мүмкін. Олай ойлауға да жеңіл-желпі себеп бар. Мағжан екі сөзінің бірінде : «Алла», «жасаған», «пайғамбар», «періште, иман, құран, ғарыш, ұжмақ, ібіліс» деген сөздерді келтіреді. Осындай сөздеріне байланысып, діншілдікпен айтады десек, ол тым сыңаржақтық болады, қандай дәнсіз ақын болса да, сөзді күшейту үшін, халықтың ұғымымен есептесу үшін дін лұғаттарынан қашпайды. Қазақтың қала берді мұжықтың ақыны боламын деген

84 кісі «құдай», «әулие», пайғамбар» деген сықылды күшті сөздерден қашып құтыла алмайды. Өйткені, бұқараның екі сөзінің бірі «құдайсыз» келмейді» [11.390], – деп түсінік береді.

Жүсіпбектің өзі де медреседен өткен адам, сондықтан да Мағжанның діни жоғары білімі бар мүрит екенін жақсы біледі және ақынның діншілдігі осында айтылғанындай жадағай, үстірт ұғымдармен шектелмейді. Ол діни атауларды, аты аталған адамның есімін, оларға қатысты мұғжизаларды, тәмсілдер мен тәфсірлерді аса терең мағынада астарлап, не ишара етіп, не мысал, дәлел етіп поэзиялық әсер мен әсірелеу деңгейінде суреттеп отыр. Дүние революционерлерінің барлығы, Маркс пен Энгельстен бастап Ленинге дейін, діни рауияттар мен қағидаларды коммунистік уағыздың негізі етіп алған, мысалы, «Адамға – адам: дос, бауыр, жолдас», «Бірің – бәрің үшін, бәрің – бірің үшін», «Оқы, оқы және оқы». Сондай-ақ, әлемдік революциялық идеяның көркем әдебиеттегі көркем тартысының негізгі сюжеті әке мен бала арасындағы қайшылық, «қаңғыбас ұлдың қайтып оралуы», «тіпті, «қосымша құн», «тап» деген сөздің өзі «Інжіл», «Таурат», «Құраннан» алынған. Сондықтан да, рауияттарды аңызы, революционерлердің, соның ішінде большевиктердің де ең түсінікті тәмсілі. Міне, Мағжан осыны білгендіктен де, аян ишараларды поэзиялық пафоспен ертегілетіп береді.

Мысалы, тән мен жан, Ібіліс, от пен жел, тамұқ пен бейіш, албасты мен періште, жұмақ суы, дәрғаһ пен шайтан, сегіз жұмақ пен тамұқ, Ескендірдің мүйізі, «жын жолдас», «Ібілістің әміршілері Лат пен Манат», хор мен от (шам), у мен каусар, Әбіл мен Қабыл және оның ұлдары, Мұсаның таяғы, Мұсаның сақау тілі, Мұсаның адасуы, Иса пайғамбардың қан жосасы, өртенген Інжіл мен Забур сияқты тағы да басқа ұғымдардың астарында ақирет пен қиямет, Еуропа мен Азия, Ұлы пайғамбарлар мен өздерін «пайғамбар» деп жариялаған жаңа шыққан көсемдердің арасындағы айырмашылықтар мен қайшылықтарды рауият ететін мистикалық-мифтік қақтығыстар мен салыстырулар, ишаралар мен емеуіріндер бар. Мысалы, христиандық поэзияда «Сизифтің еңбегі» (Сизиф труд) деген ұғым – еш кеткен қайырсыз еңбекті білдіреді. Сизиф ауыр тасты күнде дөңеске домалатып шығарады. Лемалып отырған сәтінде тас сайға қайтадан домалап кетеді. Мың жыл бұрын да, бүгін де, мың жыл кейін де, мәңгі бақи, қияметқайымға дейін солай болмақ. Еш кеткен еңбек.

Ал «Пайғамбар» топтамасындағы әр ұғымда терең тарихи астар бар. Егер әр ұғымның шығу тарихын сол замандағы Еуропадағы бірінші дүниекүздік соғысқа себепкер болған тарихи оқиғалармен салыстырып, оның астарын өлеңдегі жолдармен түсіндірсек, оны тарату үшін дербес еңбек жазу керек болады. Екі- үш тәмсіл келтірейік. «Пайғамбар» кім және Д.Мережковский неге: «Қасіреттің баласы, Түн баласы, Күтеміз, Шығыстан біздің пайғамбарымыз келе ме деп» – отыр. Інжіл, Таурат, Забур, Құран рауияттары бойынша, жазадан қашқан АЙСА пайғамбар – түрменің тар тесігінен көкке ұшып кеткен, ал ағайындары оны жазаға тартпақ боп қуып келе жатқанда, құтылмасын білген МӘДІ пайғамбар: «Жер, жарыл!» – дегенде жер қақ айырылған, сөйтіп Мәді пайғамбар жер астына түсіп кеткен. Осы екі пайғамбар жер бетіне оралғанда «қасіретті түн баласының мойынынан қарғыс қамыты алынбақ. Сонда ғана жерге жарық сәуле – жақсылық түсіп, бақыт орнамақ. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың өліарасында пайғамбарсыз қалған Еуропа жұртының тең жартысы Құдайсыз қоғам құруды қалаған. Сондықтан

да, мұқым зиялы қауым «Еуропаны ымырт басты» – деп күңіренген. Орыс ақыны осы құдайсыздарды райынан қайтару үшін бір пайғамбардың келуін ақындық рухпен күтеді. Ақын Мағжан – ақын Д.Мережковскийдің ақындық аңсарына ақындық раймен сестене жауап беріп, оны:

Қап-қара түн. Қайғылы ауыр жер жыры,
 Қап-қара түн. Күңіренеді түн ұлы.
 Күгшығыста ақ алтын бір сызық бар:
 Мен келемін, мен пайғамбар – Күн ұлы! [10.70], –
 деп жұбатады.

Мағжанның «Күн!» – деп отырғаны – отпен аласталған таза, арлы қоғам. Күн – жақсылықтың пайғамбары. Гунндар бір кезде Күнге, Отқа табынған. Мағжан өзінің поэзиясы арқылы: «Гүл қылайық қаласын, Ұл қылайық баласын, Мейірім есігін ашалық!» – деп, «ымырт басқан Еуропаға Күн болып, гунн болып» жарық түсірмек. Бұл – екі рауиятшыл ақынның көркем ой шарпысуы десе – шындыққа жақын келеді. Ал, Мағжанның әр жолындағы мағынаға толы інжілдік, зәурлік, құрғани ұғымдарды кеңестік қоғамға қарата қолдануы – «Аллаға емес, әзәзілге табынған, Інжілді өртеп, құранды табанға салған, Түнерген түн жамылған түн баласына» [10.69] көрсетіп отырған эмоциялық қыры, рухани сесі, азаматтық наразылығы деп қабылдау керек. Әрине, ең бастысы бұл – Мағжанның құдайсыз қоғамға қарсылығы. Үшінші шумақта Мағжанның:

«Сақаусың!» – деп тілін кескен Мұсаның,
 Тәңірінің сүйікті ұлы Айсаның,
 тітіркенбей ұрттап қанын ішкен ол» [10.68], –
 дегенінің бір астары мынада.

Мұса – Адам-Ата мен Нұқ пайғамбардан кейінгі барлық қасиетті кітаптарды мойындалған қасиетті пайғамбар. Інжілде, Тауратта, Забурда, Құранда: израилдік жұртын перғауындардың құлдығынан құтқарған, құлдық психологиясын ұмыттыру үшін бір ұрпақ ауысқанша араб түбегін шыр айналып жүріп, ақыры «жерұйыққа» – Палестинаға бастап келген жанкешті әулие. Рауияттардың бірінде: кекештеніп, «р» әрпін тілін күрмеп айтатын семиттердің көсемі Мұсаның тілін кекештігі үшін кескен-міс делінеді. Егерде, большевиктердің «пайғамбары» Лениннің тілін күрмеп сөйлейтінін еске алсақ, онда Мағжанның кімді, неге емеуірін етіп отырғанын түсіну қиын емес. Ал, «Тәңірінің сүйікті ұлы Айсаны» жазалады» дегенде – Лениннің атылғанын мекзеп отыр десек – қателеспейміз.

Оған мына жайт дәлел.

Емеуірін – софылық поэзияның, еуропалық символизмнің басты мағыналық құралы. Мағжан бұл екі поэтикалық мектептің әбілхаят суын қанып ішкен ақын. Сондықтан да, оның «Бостандық» атты өлеңіндегі:

«Тәңірісі боп Лат, Манат,
 Жүргізіп Ібіліс әмірін,
 Жауыздық жайып тамырын,
 Өршіп өтірік, дұшпандық...» [10.103-104], –
 деген жолдардың астарында Ленинді атқан әйел Коллантайдың кекшілді-

86 гімен жауыздығы меңзеліп отыр – десек, жаңылыс жала болып табылмайды.

Өйткені, Інжіл, Таурат, Забур, Құран рауияттары бойынша: Манат – опасыз тағдырдың, қарғыс пен жазмыш жазасының тәңіриясы. Ол о дүниедегі жер астының тәңір анасы әрі қабір азабының тыныштығын бақылаушы әйел. Ал, Лат – Ібіліс Тайфтің әміршісі, не ойлап, нәпсісі не қаласа, соны істейтін әйел құдай. Манат пен Лат құдайдың қыздары екен-мыс делінген. Олардың ақ тастан жасалған мүсіні әр үйдің төрінде тұрған. Ислам діні енген соң олардың мүсіні қиратылып, аттары мансұқ етілген. Мағжанша айтқанда: Ібілістің – настықтың әміриялары, өтірік-өсектің, жауыздықтың, қастандықтың қағанағы. Мағжанның бұл емеуірінін ажыратсақ: Коллантай ханым – Лениннің ең жақын құрбысының бірі әрі әріптесі, көңілжықпасы. Талай қастаншықпағыр әрекетке барғанда оны Ленин қорғап қалған. Бұл әйел де «ойлағаны мен нәпсісінің дегенін жүзеге асырып отырған». Ашынған кезінде Ленинге қарсы «жазымштың жазасын» тартқызып отыр. Осы шумақтың соңында: «Келді ұшып Бостандық» [10.103-104] – деп қуанады ақын. Бірақ ол үміті алдамшы екен. Олар:

«Есін жиып күйленіп,
Өбден бойы үйреніп,
Алғаннан соң сәулеге –
Баяғысын бастады,
Ұжданды былай тастады,
Бостандықта жоқ жұмыс.
Зар еңіреді талай жан,
Сел боп ақты қызыл қан,
Өтірік, талау, өлтіріс(ке)» [10.104], –
жол берді.

Демек, Мағжанның пайымдауынша, бұлар шын «коммунистік қоғамды» емес, Манат пен Латтың жаза мен былыққа, жауыздыққа бөккен қоғамын құрып отырған болып шығады. Міне, «Пайғамбар» топтамасындағы бір-екі есімге қатысты астарлы сөздердің емеуіріндік мағыналары осындай.

Сондай-ақ, Мағжан поэзиясындағы От – барлық ыбырсыған дүниенің коқысы мен қастандық пиғылын өртейтін тазарту құралы. Түріктестер осы күнге дейін наурыз басталғанда: жаңа жылға жын-шайтаннан тазарып барамыз – деп жағылған оттың ортасынан өтіп, өзін-өзі отпен аластайды. Жел – мәңгілік қозғалыстың, жаратылыстың алғашқы себепкері. Күн – таза ар-ожданның символы. Мағжанның өлеңдеріндегі әр атауда дүниенің жаратылысы, адамзат тарихы, жақсылық пен жамандық, күн мен түн туралы мифтік-мистикалық, діни аңыздық, көзқарастық мағына бар. Мұның барлығы, оның діни білімінің аужарын танытады. Сол жадидтік дүниетаныммен қалыптасқан мәңгілік ұғымдарды көңіл сарасында, ақыл-санасында екшейді.

Дүниені ислами көркем жүйе арқылы қабылдау, яғни, мифтік-рауияттық шендестірулер мен ишаралар Мағжан шығармашылығының көркем ойлау жүйесінің бір талшығы болып табылады. Демек, Мағжан жаратылыстың, яғни, шарифаттың әр құбылысына баға бере алатын жадидтік-софилық танымдағы заманауи оқымысты-символист ақын. Ол, рух еркіндігі үшін күресті – ұлт-азаттық күресінің бір парасы деп санады.

Қарашы, төңірекке мойын бұрып,
 Алтай, Орал бойында тұрған түрік.
 Аты да, заты да жоқ, дыбысы жоқ,
 Жоғалған әлдеқайда іріп-шіріп [10.56].

Мағжан.

1.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында дін ислам әлемі мен түрік дүниесінің рухани-тарихи тұтастыққа ұмтылу қозғалысы екпіндей күш алды, сөйтіп, «тіл, дін, діл» бауырластығы басты нысанаға – идеология дәрежесінде көтерілді. Бұл заңды да еді. Өйткені, түркі жұрты сол тұста бір-бірімен кереғар екі діннің, екі қоғамның, екі мүдденің шарпуына түсіп, ұлттық тұрғыдан да, діни сенім тұрғысынан да жанталаса арбасқан күйді кешіп жатыр еді. Шығыс Еуропаның – Түркияға ентелеуі, Ресейдің – Орал мен Алтайға дейінгі аралықтағы түрік тектес халықтарды отарлау саясаты мен шоқындыру пиғылының жүзеге аса бастауы Түркия мен Россиядағы түркі тектес миллаттардың ортақ қарсылығын туғызды. Ал, күрес бар жерде – жаңа нысаналардың (идеялардың) тууы табиғи. Шығыс пен Батыстың ырғасуының нәтижесінде – жәдидшілер мен түрікшілер, еуро-орыс ұғымымен айтсақ, панисламизм мен пантүркизм дүниеге келді. Ол қозғалысты заманның өзі екшеп шығарды...» [52.2.349, 340, 247].

Бұл қозғалысты асқындыра ушықтырған сорақы әрі рухани қорлық М.Ес-полов Самара құрылтайында:

«1906 жылғы жаппай қоныс аударудың қарқыны ерекше болды. Қоныс аударушыларды мемлекеттік мекемелердің кеңшілік жасағаны сондай, 1912 жылы қасиетті Синодтың жоспары бойынша, әрбір қазаққа екі қоныстанушыдан келсін пәрмен берді» [61.2.223],– деп әшкерелеген ашық басыну болатын.

Сол бағытта жер мен елдің жағдайына барлау жасау мақсатында жіберілген жобалаушы-бақылаушы И.Мельников ашықтан-ашық:

«Бұдан әрі қарай оларға (қазақтарға – Т.Ж.) жойылып кету жолы ғана қалды. Жер бөлісі тұсында олардың біразы көрге кіреді, екінші тобы христиан дінін қабылдап, орысқа айналады, үшіншілер тұқым қалдырмастан тұздай құриды, төртіншілерін жалға алған жерінен біреу ығыстырып шығарады, дәл қазір темір жолға жақын шекаралы жерде сондай оқиға болып отыр, олардың қаңырап басы қалады немесе жалданып жүрген жалшыға, қаладағы фабрикалар мен зауыттарда күнелтіп жүрген жұмысшыға айналады. Қысқасын айтқанда, олар жұмысшының күйін кешеді, жоғалады, сіңіп кетеді, қолайлы жағдай туса тағы да пайда болады. Сондықтан да Ертіс бойындағы жатақтар мен көшпелі қазақтар туралы пәлендей алаңдаудың қажеті жоқ, оларға арнап отырықшыландыру, жер беру туралы жарлық шығармай-ақ қойған жөн, онсыз да олар өз-өзінен жойылып бітеді» [52.1.33; 52.2.34]– деп сәуегейлік айтты.

Бұл жай сөз емес, Мельниковтың қазақ жері мен елін бүтіндей игеріп, да-

88 ланы орыстандыру туралы жоспары болатын. Ондағы «басты бағыттың бірі – қоныстанушылар арқылы күштеп шоқындыру еді» [52.2.34]. Осы Мельников көріп, біліп, ертенін елестетіп тұрып айтқан қауіпті көріністер шындық, ащы шындық болатын. Заман шындығы Мағжанның жүрегін тітіркендіргені, оны шошына қабылдағаны да шындық. Өзінің туған жерінде, медреседегі шәкірт кезінде көрген шойын жол бойындағы оқыс көрініс оның көз алдынан он жылдан соң да кетпеді. Сайын сақраны арқырай кісінеп өткен отарбаны:

Солқылдатып белдерін,
Толқындатып көлдерін,
Ұшқын бүркіп кетіп пе?
Бұла қырдың бұланы,
Қазағымның құланы –
Жылқы үркіп кетіп пе?» [10.177], –

деп жатырқай суреттуінің астарында келер күндердегі кейісті көріністердің алаңы бар болатын.

Мәселе – «үріккен құлан мен жылқыда» емес, мәселе – сол отарбамен бірге құлданып, күнденіп кететін, Мельников айтып отырғандай, «дәл қазір темір жолға жақын шекаралы жерде сондай оқиға болып отыр, олардың қаңырап басы қалады немесе жалданып жүрген жалшыға, қаладағы фабрикалар мен зауыттарда күнелтіп жүрген жұмысшыға айналады» – деп сәуегейсіген есіл елінің тағдырында болатын. Соған алаңдаған ақын жүректің:

Екеуінің бірі жоқ,
Қалың қайғы, ойға тоқ,
Қайран ел тозып жүр ме екен?
Кемпір, шал, бала, азамат,
Станция біткенді аралап,
Көзін сүзіп жүр ме екен?
...Алпыстағы аналық,
Сатарына заты жоқ,
Көзін сатып жүр ме екен?
Көзін сатса, дариға,
Жанында бір қыз бала,
Қызын сатып жүр ме екен?...
Басқан анау жол жайын,
Басылған анау ел жайын,
Әдейі көріп қайтқайсың? [10.177-179], –
деп шымырлай құмығыуында.

Мұны коммунист-колонизатор, большевиктердің көсемі, халық жауы «жолдас Бухарин комсомолдардың сегізінші одақтық съезінде:

«Қазақ ақыны Жұмабаев көркем сөзбен Қазақстанда шойын жол жүргізуге қарсы болды. Ондағы дәлелі: шойын жол қазақ даласына бұзықтық, жаңа жұқпалы аурулар әкеледі – дейді. Шойын жолдың бұлай істеген уақыты болды. Бірақ, қазір шойын жол ауруы көп Қазақстан сияқты көшпелі, мәдениет-

сіз елге ауру апармайды, ауруға дәрі апарды» [52.34], – деп өлеңнің идеясы мен мазмұнының ішін сыртына айналдырып сынады.

Егер, Бухариннің терминін пайдаланатын болсақ, онда мұндағы ауру – «мәдениетсіз қазақтардың» дерті емес, коммунист-колонизаторлардың обасы – отаршылдық ауруы еді.

«Момындардың бұлқынысы» булығып, буырқанған тұста исі түрік әлемі қауымдастығының ішінде тегеуірінді рухани қозғалыстар орын алды. Бірінші дүние жүзілік соғыстың аласапыраны кезіндегі дүние халықтарының әптігі өзгерді. Өзара дұшпан елдер – одақтасты, бұрын өзара қырғиқабақ боп келген мүдделі ұлттар бірікті. Ресейдегі партиялар мен бодан ұлттар патшалық монархияның құлағанын қалады. Солардың қатарында қазақ ұлты да болды. Ресеймен соғысып жатқан Германияның одақтасы – Түркияның тілеуін тіледі. Түрік-Балқан майданына мұсылман-түрік жігіттерінен – «еріктілер», қыздардан – «шафқатлық тәтелер» тобы аттанды. Солардың арасында, Мағжанның «өліп-тіріліп сүйген» ғашығы Гүлсім де – Гүлсім Камалова да болды. Сол кездегі қазақтың түрікшіл ниеті туралы С.Мұқанов:

«Түрікшілдердің пікірі Мағжанға медресе «Ғалияда» оқып жүрген кезінде татар түрікшілерінен жұққан. 1914 жылы болатын жиһангер соғысында түрік – немістермен одақтасып, орысқа қарсы соғысқан. «Қазақ» газеті бар, жалпы ұлтшылдар бәрі, шынында да, түрік тілегін тіледі. Сол тілегін олар ауыл арасына да жайды. «Түрік жеңсе екен» деген тілекке қазақ байларының (байларының дейтініміз, кедей ол кезде түрікті қайдан білсін) ынтасы құлағандығы сондай, балаларына Әнуэрбек, Талғатбек, Мұстафа, Камал, Әмірбек, Жамалбек, Сұнғатбек сияқты түрік пашаларының аттарын қойды. Әнуар паша туралы ел арасында ертегі тарап, ел іші оны ертедегі Бабақұмар сияқты сиқырлы, айлакер адам және адамзатқа бітпеген күші бар палуан деп жүрді» [33.186], – деп жазды.

Әрине, мінеп жазды. Бірақ, қалай дегенмен де сол жылдары Орал тауының орамындағы Уфа қаласында оқып жүрген Мағжан:

Кеше: Бір күнде сенің иең түрік еді,
Орын ғып, көшіп-қонып жүріп еді.
Қорықпайтын таудан, тастан батыр жүрек,
Қойнына жайыменен кіріп еді.

Бүгін: Қарашы, төңірекке мойның бұрып,
Алтай, Орал бойында тұрған түрік.
Аты да, заты да жоқ, дыбысы жоқ,
Жоғалған әлдеқайда іріп-шіріп.

Оралдай ата мекен жерлеріне,
Қасиетті атаның көрлеріне,
Аузы түкті шет елдер ие болып,
Көрсетіп тұр қысымды ерлеріне.

Ертең: Атамыз бізді өсірген, қайран Орал,
Мойның бұр, тұңғышыңа қайтып орал.

Қосылып батыр түрік балалары,
Тапталпа, қолын кесіп, тізгінге орал! [10.56], –

деген балаң ақынға тән ишара тілек білдірді. Өлеңдегі «Орал тауы» деген астарлы емеуірін – Балқан тауының баламасындай салыстырмалы әсер береді, яғни, Орал тауын да, Балқан тауын да қайтарып алайық – деген аңыс танытады. Сол бір бұла шақтағы ақындық аңсар-тілектің ыстық демі басылмай, араға жылдар салып барып:

Алыста ауыр азап шеккен бауырым,
Қураған бәйшешектей кепкен бауырым.
Қамалған қалың жаудың арасында,
Көл қылып көздің жасын төккен бауырым! [10.72], –
деп көңіл алаңын жолдайды.

Міне, осы кезде, яғни, Мағжанның туу, ер жету, есею, күрес майданына араласу тұсында түрік халықтарының тұтастығы – бостандық жолындағы күрестің күретамырлы идеясына айналды. Бұрынғы, тарихи, діни, тілдік байланыс, енді, саяси күрестің мүдделі мақсат-құралы болды. Мұхамед Ғабдұһу мен Жалалиддин Ауғаниға, Шағабуддин Маржаниге, Мұстафа мен Әнуэр пашаға рух күрескерлері ретінде тағзым етті. Оның үстіне, жадидтік-түрікшілдік ұстанымдағы «Жас түріктер» қозғалысы Ресей мұсылман-түріктерінің азаттық рухына қайрат-күш, сенім берді. Исмайыл Гаспаралының «Тіл бірлігі, дін бірлігі, іс бірлігі» деген үштік ұғымы тұтас түркінің рух бірлігінің ұраны болды. Ұлтты ояту мақстында «Тұтас Түркістан» мен Тұран аттары ұлы империялық рух аңсарына айналды.

Ал, түрікшілдіктің тамыры, тектік ынтымақ – қазақ ұлтының арасында ілгерінді-кейінгі ауырлы-жеңіл замандардың ешқайсысында үзілген жоқ. Өткен ғасырлардағы бірінші, екінші орыс-түрік соғысында да, бірінші дүниежүзілік соғыста да Ресей түріктері, соның ішінде қазақтар да Түркияны қолдады. Мағжанның бұрынғы ілгері заманда өмір сүрген Абайдың түрікшіл көзқарасының қалыптасуының түп-тамыры туралы М.Әуезовтің:

«Абайдың оқыған медіресесінде... арабияттан басқа түркіні оқыды. Түркі тілі деген бертінге шейін келген. Бұл тіл – кітап тілі, әдеби тіл болып есептелген. Түркі тілі – 1915 жылға шейін түркі елдерінде ортақ тіл болатын. Түркі тілінің негізі шағатай әдебиетінен шыққан. Шағатай әдебиеті – сол уақыттағы бүкіл түркі еліне ортақ әдебиет болған... Абай үйінде, бала кезінде де түркі тілін оқыған. Сондықтан Абайдың түркі тілімен оқығаны тек медіреседегі 3 жыл ғана емес, Абай түркіні де, арабиятты да Ахмет Ризаның медіресесінде оқыды. Түркінің қандай, араб мәдениетіне көңіл бөлудің қандай екенін, араб тарихынан әсер алуын Абайдың шығармаларынан көруге болады» [52.342], – деген пікірі анық дәлел.

Төрт құбыладан жау табалап, Анкара мен Шанаққаланы құрсағанда Мағжанның жанталаса:

Шарқ ұрып ерікке ұмтылған түрік жаны,
Шынымен ауырды ма, бітіп халі.
От сөніп жүректегі, құрыды ма,
Қайнаған тамырдағы ата қаны?! [10.73], –
деп жан айқайын жеткізуі, сол «тіл бірлігінің, дін бірлігінің, іс бірлігінің»

ортақтығына үн қосуы еді.

Бұл – жан айқайында тек қана Мағжанның өз жүрегінің ділі ғана емес, сол бір асыл идеяны санасына сіңірген ұстаздарының да ұлы аңсары жатыр еді.

Міне, Ж.Аймауытов айтқандай: «Мағжанның түрікшілдігі тыңнан тауып алған нәрсе емес», бұл аңсар оның түйсігінде «әуелден-ақ бар болатын, «Ғалияда» жүргенде-ақ түрікшіл пікірдегі өлеңдер жазды» [11.375].

Бұған қоса, осы медресе «Ғалияның» қабырғасында ол өз заманының сөз көсемдерімен бауырласа бауырында өсіп, азаматтық және көркем көзқарасын қалыптастырды. Әр адамның ар-намысы жанығып тұрған сол бір шақта исі түрік тектестердің ожданы ретінде көрінген Ғалымжан Ибрагимов пен Міржақып Дулатовтың бауырында тәрбиеленіп, ар-ождан қайрағынан он төрт-он сегіз жастың аралығында өтуі оның өзін де исі түркі халықтарының рух жыршысы деңгейіне көтерді.

2.

Лаухұлмахфуздың тақтасында Мағжанның маңдайына «ақындық» деген сөз жазылса керек, талаптана бастаған шағында тағдыр оны Міржақыппен кезіктіреді. Қазақтың ұлт-азаттық қозғалысының бас сөз ұстаушысы, алғашқы қазақ романы «Бақытсыз Жамалдың» авторы Міржақып Дулатов 1909-1910 жылдары Қызылжар қаласында тұрады. Сонда ол Мағжанға бір қыс орыс тілінен сабақ береді. Ең бастысы, оның ерекше ақындық талантын танып, сөз өнеріне баулиды:

«Мен осы қалаға келген соң өзіме шәкірт таптым, оны оған тілін оқытып жатырмын. Ол – жас ақын Мағжан Жұмабаев. Ол менен жас. Ал өлеңдері сондай тамаша. Ол өте талантты, күшті ақын. Біздің өмірге деген көзқарасымызда да айырмашылық жоқтың қасы. Біз рухани досқа айналдық», – деп жазды өзінің туған ағасы Асқарға жазған хаттарының бірінде» [49.18, сонда, қараңыз: 63.247].

Сөйтіп, Міржақып Дулатов – Мағжанды еуропалық поэзия әлеміне тартып, қанаттандырды. Бұл оның болашақтағы азаматтық, ақындық өміріне бетбұрыс әкелді.

Ал, Мағжанның замандастары Сәйфи Құдаш пен Хасан Туфанның естеліктеріне жүгінетін болсақ, сол «Ғалия» медресесінде 1906-1908 жылдардың арасында оқыған, кейін сонда оқытушы болып қалған Ғалымжан Ибрагимовтың шығармашылық беделі мен ұстаздық ықпалы шәкірттердің жадында мәңгілік өшпестей із қалдырыпты. «Заки шәкірттің медреседен қуылуы» (1907), «Махаббат құрбаны», «Татар қызының тағдыры», «Ежелгі ислам тарихы» және оның атағын әйгілеген «Яшь йорэklar» хикаяты осы «Ғалияда» ұстаздық етіп жүрген кезінде жарық көрді. «Ана тілінен дәріс берген Ғалымжан Ибрагимов шәкірттерін ауызекі сөйлеу мәнері мен жазбаша ойын жеткізуге ерекше көңіл бөліпті. Көркем шығармаларды ауызша оқытып, жазбаша талдатып, оның нәрін ойға сіңіре біліпті». Мағжанмен қатарлас оқыған татардың көрнекті жазушы-ақыны Хасан Туфан «Ғалия» медресесі мен өзінің ұстазы Ғалымжан Ибрагимов туралы:

«Оқуға бейімділігімді аңғарған ағаларым мені, Россиядағы ең озық мұсылман оқу орыны – «Ғалия» медресесіне берді. Мен, бізге әдебиет пәнінен

92 сабақ берген татардың аса үлкен жазушысы, ғалым және қоғам қайраткері Ғалымжан Ибрагимовпен алғаш рет сонда таныстым. Онымен араласу, Россияның әр түкпірінен келіп Уфа қаласында бас қосқан «бұратана» жастарға революциялық зор ықпал жасады. Ғ.Ибрагимов бізге: Тарас Шевченконы неге жер аударғанын, Генрих Гейнениң неліктен Парижде тұруға мәжбүр болғанын, Байронның неге Грецияда қаза тапқанын айтып берді. Ол бізге: Хафиздің лирикасы мен Хайямның рубаяттарының философиялық астарын, бұл ақындардың еркін ой үшін күресін ашып берді. Оның бірнеше рет тұтқындалып, қуғынға түскенін білсек те, Ғалымжан Ибрагимовтың революцияға дейінгі астыртын жұмыстағы қайраткерлігін, әрине, білген жоқпыз. Ғалымжан Ибрагимовтың арқасында мен өз өмірімді әдеби шығармашылыққа арнауға бекіндім. Татар және басқа да түрік халықтарының фольклоры мен поэзиясын зер сала оқыдым, өлең құрылысының негіздерін жадымда сақтадым, поэтика өнерінің құпияларына терең үңілуге тырыстым. Бірақ, баспасөзде көрінуге асыққамын жоқ, өйткені, жазушының халық алдындағы, заманы алдындағы ұлы жауапкершілігін Ғалымжан менің санама сіңіріп кетіп еді» [49.16], – деп еске алады.

Міне, Мағжан Жұмабаев та өзінің ұстазы – Ғалымжан Ибрагимовтің алдында осындай жауапкершілікті сезіне отырып дәріс алған. Көркем сөздің құпия әдіс-тәсілдерін меңгерген. Сөйлеу мәнері мен жазу стилін қалыптастырған. Жазған өлеңдерін талқылатқан. Қысқасы, үлкен әдеби мектептен өткен. Татарстанның халық ақыны Радиф Гатташ:

«Мағжан «Ғалия» медресесінде Ғ.Ибрагимов, М.Гафури, З.Валиди, Ш. Бабич, С.Құдашпен әдебиет, милли саясат туралы пікір алысқан. Ғабдолла Тоқайдың, Закир Рәмидің (Дәрдемәнд) ойлы-мұңлы жырларымен Мағжан поэзиясы да сарындас, ырғақтары ұқсас, Бабичтің азатшыл шығармаларымен рухтас» [55.7-8], – деп жазды.

Ұстаз бен шәкірттің арасындағы шығармашылық жақындықтың бір белгісі, Ғалымжан Ибрагимов 1924 жылы, Мағжан өмірінің ең бір ауыр кезеңінде жарияланған атақты «Қазақ қызы» атты романына әріптес шәкіртінің «Айға» атты өлеңіндегі:

Кең дал, көресің ғой ана жатқан,
Жібектей жасыл шөптер бетін жапқан.
Асқар тау, балдан тәтті сулары бар,
Өне, сол анам еді мені тапқан [10.87], –

деген шумақты эпиграф етіп алды және оның астына «Мағжан» деп атын жазды.

Бұл, шындығында да, большевиктердің көсемі Бухариннің өзі жауантаңкөз етіп жүрген кезінде Мағжанға танытқан аса адал шығармашылық құрмет пен аға-достықтың белгісі еді.

Міржақып Дулатов пен Ғалымжан Ибрагимов сияқты түрік дүниесіне машһүр сөз шеберлерінен арнайы дәріс алған Мағжан сияқты 16-18 жастағы шәкірт ақын Ресей түріктерінің арасында ол кезде болған емес. Сөйтіп, ол сол тұстағы түркі тектес ұлттардың руханиятындағы ең нәрлі, намысты, заман рухты азат ойды бойына ақыл сарасымен, қан-жанымен бірге сіңірді. Татар-башқұр поэзиясымен танысу арқылы ой-талғамы кеңейді деу – пәс

айтылған сөз. Ол – Абайдың, Ахметтің, Міржақыптың ар-ождан, ақыл-ой, намыс-қайрат рухын қалай бойына сіңірсе, татар-башқұрдың жанының рухы немесе рухының жаны – Тоқайдың, Дәрдемәндтің, Бабичтің көркем әлемімен солай сусындады. Оның барлық өлеңдерінің көркем ойлау мен көркем бейнелеу жүйесі, әр жолдың буынға бөліну жігі мен өлшемі, ішкі ырғақтары мен ұйқастық үйлесімдері Ақ Еділ мен Ақ Жайықтың «тәшбилауын» еске түсіреді.

Ал, татар-башқұртың «тәшбилауы» Еуропа ақындарының «мировая скорбь», қазақтың «зар заман» сарынымен азынаса тоғысатын «ұлы мұң» жыры. Ал, мұң – Мағжанның көркем әлемінің азаны болып табылады. Сол «ұлы мұң» оны:

Алдымда құлаш жайып қарсы алатын,
Сүйген жарым – мейірімді ол қара жер! [10.48], –
деп азандата зарлатып, күй тартып тұрды.

Бұл, жәй мұң емес – адамзат азасы (мировая скорбь), «тәшбилау», «ақыр заман» азасы. Әлем ақындарының озандасқан ішкі үндестігі. Осы бір мұңлы көркем ойлау жүйесімен де, Мағжан қайғы-зар теңізінен «көз жасын» тамшылата сорғалатып, жоғары көтеріліп шыға келді. Сол «мұңлы әлем» ақ маржан жыр боп жылт-жылт етіп тамшылап ақ қағазға тамды. Ал біз оны:

Есіме сол қалқаны алған кезде, ай,
Ақ маржан жылт-жылт етіп, япурай, жерге тамар, ай!, –
деп әлі де терең күрсініспен демала озандатып, көз алдымызға елестетеміз.

Сондықтан да, түрік дүниесіне қаратыла айтылған «–» панисламизм», «пантүркизм», «пессимизм» деген сөздер арзан саяси термин ғана, осы бір «ұлы мұңлы жырдың» садағасы ғана ол.

Біздің ойымызша, Мағжанның шәкірттік кезде жазған түрік тақырыбына қатысты жекелеген әсерлері барған сайын тереңдеп, 1911-1919 жылдардың арасында жалпы түрік азаттығы, Тұтас түрік жұрты, «тіл бірлігі, дін бірлігі, іс бірлігі» деген ұлы идеяға саналы түрде бет бұрған. Сол жолға түсу арқылы алаштың ұлттық идеясын қаны мен жанына сіңіріп, мығым ұстанған. Содан бастап бұл ұстаным оның мақсат-мұратының діліне айналды:

«1905 жылғы өзгерістен былай қазақтың қамын ойлаймын деген азаматтар ұлт мұңын сөйлеп, ұлт мәселесін қолға ала бастады. Ол өзгерістің арты мемлекеттік думаға уәкіл жіберуді шығарды. Қазақ азаматтарының бас қосуына, мұңын сөйлеуіне аз да болса еркіндік берілді. Қазақтың баласын оқуға беруі көбейді. Қазақтың баспасөзі, газет-журналдар шыға бастады. Қазақтың «жақсы» боламын деген жасы ұлтшылдық сезіміне жабысуға айналды. Міне, сол жастың біріне Мағжан да қосылды [11.370-371].

Қос ұстазының қанаттандыруымен 19 жастағы қазақ ақыны Мағжанның «Шолпан» (Қазан, «Ағайынды Каримовтер» баспаханасы, 1912 жыл) деген атпен тұңғыш жинағы жарық көрді. Жинақтың мұқабасына берілген:

Жетсе егер қорқынышты қара түнім,
Басса от, тілім құрап, шықпай үнім.
Көңілашар, кеудеме жан кіргізер

Өлең – менің Шолпаным, Айым, Күнім, [39.237-282], – деген эпиграф оның поэзиядағы өмірлік ұраны болып қалды.

Мағлұмат үшін ғана қаперге іле кетейік, 1917 жылға дейін ағайынды Каримовтардың «сатылма кітаптар» баспасынан 20 миллион дана кітап басылып шықты, соның 117 атауы қазақ тілінде жарық көрген.

Кітаптың саяси күрес құралы екенін, сол үшін де қудаланып, түрмеге түсуге тура келетінін Мағжан: сол баспадан шыққан «Оян, қазақ!» атты жыр жинағы үшін патшалық цензура тарапынан саяси әдебиет ретінде тіміскіленіп, тәркіленіп, Міржақыптың өзін түрмеге қамағанда-ақ білді. Тіпті, өзі де сол күдіктілердің қатарына қосылды. Тура осы сүргі өзін де күтіп тұрғанын, патшалық самодержавие мен кеңес державасы сияқты екі империяның цензурасы жетпіс жыл бойы қадала тиым салып, оның атының өзін ағатпайтынын жас ақын, әрине, ол кезде білген жоқ. Бірақ, өзінің «Жан жарым, ұзақ, ауыр жолға түстім» – деп жазғанындай, ол азапты азаттық жолына түскенін жүрек ділімен сезінді.

Көз алдында түрмеге қамалған ұлт көсемі қапаста отырғанда оған арнаған өлеңінде ол:

Кеудеде – от, іште – жалын, көзде – жас,
Күні-түні қайғы жұтқан сорлы бас.
Сабан төсек, дым, қараңғы жатағы,
Наны қара, шайы қара, қарны аш.
Күн түсірмес мейірімі жоқ қара тас,
Ағармай ма мұндай үйде қара шаш?
Жанында жоқ, жаны ашитын жақын жүз,
Тасбауырлар ыңғайына қарамас! [10.81], –
деп қамығады.

Бірақ, аз уақытта көп қуғын қысымын көрген Мағжанның да рухы тітіркеніп, қарсылық пен күрес майданына қанат қағып, дауыл алдындағы қауырт қамданыспен шыныға бастады. Міржақып түрмеден шыққанда жазған:

Күннің бетін ежелден бұлт жаппақ,
Жапса да ұзақ тұрмай жөнін таппақ.
Қайғы көрсе, ер жігіт қайраты аспақ,
Қамшы тисе, шын жүйрік үдей шаппақ.

Оңнан есті жел біраз қырын ескен,
Соң туса да, оң туса, қалмас көштен.
Өткен іске салауат. Күтіп қалдық,
Өткір қимыл, ескі үміт, жаңа күшпен [10.82], –
деген өлеңінен оның сол кезде-ақ «өткір қимыл, ескі үміт, жаңа күшпен» жүресуге дайын екендігі анық байқалады. .

М.Жұмабаев (тезист ретінде теріп алынды): «Сол дәуірде қазақ дала-сына капитализм кеулеп кіре берді. Ел езіле берді. Әдебиетте – бағыт та, түр де қалмады. Әдебиет «ғизатлу», «матурлы», «писмилла» деп «башлай-

тын» сөздің басы сықылды балдыр-батпаққа айналды. Бірақ Европа отаршылдығының бір қасиеті – «Құлды көп қуып батыр қылады». Өлімге бұйырылуымен, өмірді сүйгізуімен езілген елдің ұлттық сезімін оятады. Осы заң бойынша, 1905 жылғы төңкерістен соң соққы жеп, сілесі қатқан қазақ елі есін жия бастады. Жаралы жанның есін жия бастағандағы бірінші үні – ыңырсу, күрсіну, күңірену болмақ. 1905-жылдан соңғы әдебиетіміз – «Оян, қазақ», «Қырық мысал» сықылды «елім», «жұртым» деген әдебиетіміз. Сол күңірену, сол зәреде күңіренген жаралы жанның көзіне... әлгінде ғана қылышынан қан тамып, майданда ойнап жүргені елестемек. Ояна бастаған ер кешегі ел болған күнін есіне түсірмек. Әдебиетіміз де мынау «Оян» деген зармен бірге елдің өткен күнін есіне сала бастап еді. Өткен, тағы болып жүрген дәуірді қайта орнату үшін емес, жасыған елдің жанына үміт салу үшін өткенді жырай бастап еді. Жырлап үлгірген жоқ еді, жырлай бастап еді. Әдебиет осы күйде тұрғанда біз үстіміздегі зор төңкеріске кіріп кеттік» [4.18].

Әсірешолшыл сыншылар мұндағы, «жасыған елдің жанына үміт салуды» – өткен дәуірді сағыну, дәріптеу, ал, «кешегі ел болған күнді еске түсіруді» – сарыннамашылдық, яғни, реакцияшыл романтизм – деп өршітті. Мағжан мұны тергеушіге берген жауабында «тарихи романтизм» – «исторический романтизм» – деп атады. М.Әуезовтің:

«Жаңағы атағандай, әдебиетшілердің шығармалары революцияның алғашқы жылдарында пантюркистік, ұлтшылдық саналарын дамыта түсіп, Шыңғысханның, Ақсақтемірдің, Кенесарының аттарын да әйгілей бергіш болған. Шығыс тарихындағы ең қатал, қаны шыққан деспоттық пен тирандықтың өкілдерін буржуазиялық-ұлтшылдықтың санасына қосқан. Сонымен қатар, кейбір жазушылардың буржуаздық реакциялық романтиканы да үлгі еткісі келгені мәлім еді» [41.375-376], – деген пікірінің барлығы да өзгеге емес, тура Мағжанның жеке туындыларына арнап берілген баға еді.

Бұл «дерттен» Мұхтар Әуезовтің өзі де ада емес болатын. Мағжанның атын атамай, жанап өтуінің де себебі сол болса керек.

Міне, осындай күрес күндерінің дауылды толқыны қарсаңында қанаты қатқан Мағжан 1913 жылы, «Россияның мұқым Сібір кеңістігіндегі ең үздік университет» деп танылған Омбы қаласындағы мұғалімдер семинариясына оқуға түсті. Мағжан семинарияда үлгілі шәкірттің қатарында емес, алаш-азаттық идеясы ойын билеген күрескер азамат қатарында болды.

Оған алдағы азаттық жолындағы арпалысты күндердің рухы ұрандап тұрған «Жауға түскен жанға», «Тұтқын», «М.Д. (Міржақып Дулатов) абақтыдан шыққанда» және «Мен жастарға сенемін!» деген өлеңдеріндегі:

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты,
Мен жастарға сенемін!

...Тау суындай гүрілдер,
Айбынды алаш елім дер,
Алтын арқа жерім дер,
Мен жастарға сенемін!

«Алаш!» айбынды ұраны,
Қасиетті Құраны.
Алаштың олар құрбаны,
Мен жастарға сенемін!.. [10.82-83], –
деген озанды үні дәлел.

Мағжан семинарияға осындай ұранмен озандатып жүріп түсті. Түскен бетте «адамзаттың тарихында теңі жоқ төңкеріске... Адамзат тарихының ... албастысы –отаршылдықты ... жойып, тарихты жаңа арнамен ағызуға бет алған төңкеріске» [4.16] тап болды. Еуропаның отары болған жалпы Шығыс елі..., шығыстың бір ұшқыны болған, әсіресе, толқынның ішінде отырған қазақ елі мынау теңсіз төңкерісті «досым» деп ұқпай, «қасым» деп ұғуы тіпті мүмкін емес» [4.16] еді.

«Досым» деп ұғудың басты шарты: орыс әдебиетінің «алтын, күміс ғасырындағы» шығармалардың барлығы да Ресей қоғамына, монархиялық дворяндар қауымына қарсы бағыттағы, «сыншыл реализм» деп аталған көзқараста жазылды. Пушкин де, Лермонтов та, Толстой да, Тургенев те, Достоевский де, Чернышевский де, Гончаров та, Салтыков-Щедринде, Некрасов та, Чехов та, сыншыл-ойшылдар Чаадаев та, Белинский де, Добролюбов та патшалық самодержавиенің ең қауіпті оппоненттері болды. Мағжан, «мұғалімдер семинариясында орыстың сондай сыншыл бағытындағы әдебиетімен танысып, солардан үлгі алды... Орыстың жақсы деген зиялылары патша өкіметіне қарсы болды, қара бұқараны жақтап, «бұқарашылдық» туын көтерген шақ еді...» [11.371].

Өзі өмір сүрген қоғамға, билеуші монархияға мойынсынғысы келмеген «ақындардың, жазушылардың көбі дарашыл (индивидуалист) болды. Әлеуметтің ішінен «жеке адамның» тағдырын ерекшелеп, бас еркіндігі үшін басын құрбандыққа шалуға дайын «төңкерісшіл рухтағы» жиынтық (типтік) кейіпкерлер көркем идея арқылы дәріптелді. Сонымен қатар, «зар заман» (мировая скорбь) бағытындағы тарихи трагедиялық романтизмнің азапты ой иелері Шекспир, Гейне, Гете, Байрон, Гюго, өз замандастары Метерлинк, Аполлинер, Фет, Бальмонт, Александр Блок, Максим Горький сынды идеалист (дарашыл) [11.371] өршіл тұлғалардың көркем рухы – оның көркем ойлау жүйесіне аса қуатты шығармашылық толқын әкелді.

Мұхтар Әуезов: «...Мағжанды сүйемін. Европалығын, жарқырағын, әшекейін сүйемін... Европадағы мәдениет пен сұлулық сарайына барып, жайлауы жарасқан Арқа қызын көріп, сезінгендей боламын» [65]; С.Мұқанов: «Мағжан ...Еуропа пәндерімен суарылған адам болғандықтан, Еуропаның... әдебиетін тез меншіктенді... Еуропаның әдебиет түрлерімен қазақ оқушылары Мағжан арқылы толық танысты» [33.242];

Ә.Тәжібаев: «Еуропа, орыс символистерінің Мадонналарды сайқалға айналдыруының қазақ поэзиясындағы бір үлгісі осы» [19.51],– деген:

еуропашылдық, декаденттік, символизм, натурализм, сентиментализм, романтизм, пессимизм, мистика сияқты «дертті қасиеттер» осы семинарияда санасына сіңіп, ойын билеп, көкірегінде күмбірлеп, жүрек қылын шертіп, жырға айналды.

Сөйтіп, өнерді: тектік, таптық дос-дұшпандық көзқарас тұрғысынан емес,

таза өнер туындысы тұрғысынан қабылдап, баға беру керек – деген қағиданы берік ұстанды. Ол ұстанымдарын Мағжан «Алқа» әдеби үйірмесінің «Табалдырық» атты платформасында былай білдірді (тезис ретінде теріп алынды):

«Біздің жазушыларымыз ... азаматтық міндетін ұмытып, құр ақындыққа қадалып қалуы мүмкін. Әсіресе, ақындық міндетін біле алмай, жалпы айғайдың екпінімен кетуі де мүмкін. Әдебиетті айғай ғана деп, ақындықты үгіт-насихат қана деп ұғуға» (болмайды)...

«Мысалы: әдебиетті – не діншілдіктің бәдүәмі, не дінсіздіктің бәдүәмі (деп), әйтеуір «бәдүәм» деп ұғуға» болмайды...».

«Өмірге өз еркімен қадам басқан елдің, яки, таптың әдебиетінің алды – өр, үкіммен қадам басқан елдің, яки, таптың (ұлттың – Т.Ж.) әдебиетінің алды – көр».

«Қысқасы: искусствоның негізі – сезім, құралы – сезімнен туған сурет. Максұты – білім беру емес, сезім ояту... Терең сезім оята алса – ол ақын. Оята алмаса – ақын емес. Сондықтан... тұңғыш сезім оятатын Байрон – қайткенде де ақын. Тарғынды жырлаған – Марабай, Жібек қызды жырлаған – Жүсіпбек қожа, қыл көпірді, мақшарды, жұмақ-тамұқты суреттей біліп, тыңдаушыны еміткендей дін қиссасын шығара білген біреу – қайткенде де ақын».

« ... Ақындық – жаратылысты, тұрмысты айнытпай, бұлжытпай құр түсіріп қана отыратын фотография емес. Фотография – ақындық емес. Тұрмыс пен жаратылыс – ақынға тек тиянақ. Лениннің фотография(ға) түсірген портреттерінде ақындық жоқ. Ал, суретшіл ақын салған портретінде ақындық бар».

«Ақынның міндеті – білім беру емес. Терең сезім, асқар пікір ояту».

«... Жаңа дүниеге бет алған жолымызда өзіміздің шығыстығымыз, қазақ иісіміз шықпауға мүмкін емес. Ойымызда, қиялымызда, әдебиетімізде Азия иісі аңқымауы мүмкін емес. Бағыттың бір екені даусыз болғанымен... қазақтың мыңжылдық тарихының, елтірі тұмағының иісі шықпауға мүмкін емес».

Мысалы: «... Еуропаның күн батқандағы суреттерді аузының суы құрып мақтауы – қазақтардың өз әдебиетінде жоқ қой».

«Осы жолда қазақ ақыны... қазақтың өзінің ойын, өзінің сезімін, өзінің қиялын, өзінің ұғымын жырлауға ұмтылуға міндетті. Болмаса, қазақ әдебиеті деген әдебиет тұмақ емес. Бағытта емес, рухта басқалық болмай, құр сыртында, мысалы, сөзде ғана басқалық болса, әдебиет шеттен аударылған аударма, тәржіме ғана болып қалмақ» [4.18-23].

Мағжанның көркемөнерге, көркем әдебиетке, ақындыққа деген бұл кредосы – оның өмірлік ұстанымы болып қалды. Ату жазасы алдында бәрінен бас тартса да, ақындық кредосынан бас тартпады.

Енді, оның бұл ұстанымына Омбыдағы оқыған қазақ жастары құрған «Бірлік» ұйымының: «1. Қазақ халқын мәдени һәм әдеби жағынан ілгері қатардағы жұрттарға қосуды, 2. Ұлтшылдық сезімін туғызуды һәм 3. Ұлтты сақтауды, 4. Айтылған мақсаттарға жету үшін жастар арасында ұлтты сүю сезімін сіңіре беруді» – мақсат еткен міндеті қосылды [66.52].

Бұл мақсат пен міндет Мағжанды ұлт-азаттық алаш қозғалысының айды-

Не көрсем де алаш үшін көргенім,
 Маған атақ – ұлтым үшін өлгенім.
 Мен өлсем де, алаш өлмес, көркейер,
 Істей берсін қолдарынан келгенін! [10.144], –
 деп жанкешті сеніммен аттады.

Дүниенің астан-кестенін шығарған бірінші дүниежүзілік соғыс жер шарының әр нүктесіне сілкініс әкелді. Сол дүбірге сайын сақра да дүр сілкінді.

«Россиядағы¹ отар ұлттардың ар-ожданын оятып, ұлттық, діни санасын сілкіндірген және кейінгі бостандық жолындағы күреске негіз қалаған ұлы жиын – 1914 жылғы маусымның 15-25 аралығында Санкт-Петербург қаласында өткен Ресей мұсылмандарының алғашқы құрылтайы еді. Бұл – Ресей бодандығындағы барлық мұсылмандардың, соның ішінде мұқым түркі жұртының бірігіп, бірге тәуелсіздікке ұмтылған алғашқы дербес саяси қадамы болатын. Ұлттық ынтымақ, саяси дербестік туралы ұғымдар мүлдем ұмыттырылған Ресей мұсылмандарының бұл құрылтайында «ар-ождан, дін, діл, тіл және күрес бірлігі» мәселесі тұңғыш рет мемлекеттік деңгейде талқыланды. Талқыға: шығыстық, батыстық және түркілік даму нысаны ұсынылды. «Дербес ұлттық Автономия құру» мәселесі тұңғыш рет мемлекеттік құрылым ретінде ұсынылды [62.2.16].

Бұл – аса маңызды, түркі тектес ұлттардың Ресейден іргесін бөліп, жеке республика ретінде өмір сүруді мақсат еткен ең қажетті шешімі еді.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі бүкіл қазақ даласының қыртысын асты-үстіне көтерді. Дала оянды, намыс оянды, иман оянды. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі қарсаңында алаш қайраткерлері:

«Елім-айлап» жоқтаудың заманы өткен. Сондықтан да басқа халықпен тең дәрежеде саяси талап қоюға мүмкіндік беретін таңдау және ұлттық тәуелсіздікке жеткізетін жол мынау: азаттыққа ұмтылған алаш азаматтары заманауи қару-жарақтың тілін білуі; өзінің ұлттық, елдік, жігіттік намысын қорғауы үшін «орыс, ноғай, қалмақ, шеркес, бурят» ұлттарымен қатар әскери ілімді үйренуі; жаһангерлік-империялық майданның соғыс ашуалын көзбен көріп, игеруі; бостандық жолында құрбандыққа бас тіге білуі; езгіге – ерлікпен, басынуға – батырлықпен, кергіге – кекпен жауап беруі, сол арқылы алаштың азаттығы жолындағы күреске дайындалуы тиіс. Патша ағзам мен Думаның шығарған заңы бойынша, майданға барудан бас тартқан жағдайда: ол ұлттың жері «мәңгілік қазына есебіне өтпек», ал «өздері басыбайлы мұжықтың қатарына жатқызылмақ», сөйтіп, мәңгілік құлдықтың қамытын кимек» – деген көзқарасты ұстанды.

Қазақ үшін – Ұлт-азаттық көтерілістен басқа, азамат Мағжан Жұмабаев үшін – алаш туының астынан табылудан басқа, ақын Мағжан үшін:

Тірілтейін алып атам әруағын,

1 Жоба Түркия қауымы үшін дайындалғандықтан да, сол бір бақытты да азапты, ең бастысы – азаттық рухы буырқанған тарихи кезеңдегі негізгі оқиғаларды «Ұраным – Алаш!...» [42] атты ұштағаннан алынған қысқаша тезистер арқылы мағлұмдар етеміз. Егерде, Жобаға тапсырыс беруші ұйым тарапынан: қысқарту туралы ұсыныс айтылса, онда, тырнақша ішіне алынып, [42] белгісі қойылған үзінділерді толық алып тастауға зерттеуші қарсы емес – Т.Ж.

Тазартайын Сарыаркамның топырағын.
Жан-жағына тегіс билік жүргізіп,
Кемеліне келсін кейінгі ұрпағым.

Дұғада бол, алтын Алтай – қарт анам,
Алып ата қуды жолын ер балаң.
Ақ шашыңды, көкірегіңді иіскеуге,
Тәңір жазса,
сәулетпенен (салтанатпен) тез барам![10.75], –
деп озандатудан басқа жол қалмап еді.

3.

1917 жылы ақпанда патша тағынан кетті. Енді не істеу керек? Бүкілқазақтық кеңес шақыру қажеттігі туды. Оны ұйымдастыруды Уақытша үкіметтің қазақ даласындағы комиссары Әлихан Бөкейханов қолына алды. 1917 жылы сәуірде Торғайда, содан кейін Оралда Жалпықазақ кеңесі шақырылды. Ақмола облыстық қазақ комитеті атынан Мағжан Жұмабаев кеңеске уәкіл боп сайланды. Ахмет Байтұрсынов ұлттың қазіргі ұстанатын бағыты, ақпан революциясының саясаты туралы баяндама жасады. Бұл ұлттық кеңес – қазақ мемлекеттігінің мәйегін ұйытқан ұлы мәжіліс ретінде тарихта мәңгі қалатын кеңес болды.

1917 жылы шілде-тамыз айларының өліарасында Жалпылқазақтық I құрылтай шақырылып, «Алаш» «Алаш» партиясы тарих сахнасына шықты. «Алашорда» халықтық кеңесі құрылды. Алаш – қазақ ұғымының баламасы. Сол кездегі ресми іс-қағаздарда қазақтар – «киргиз» деп жазылып жүргендіктен де, Қырғыз автономиясы – деген атаудан бойларын аулақ салып, XIII-XV ғасырлар арасында атой атқа айналған: «Ұраным – алаш, керегеміз – ағаш!», – дегендегі «Алаш» ұранын мемлекеттің аты ретінде таңдап алды. Алаш идеясы мен «Алашорда» халық кеңесі қазақ тарихынан мәңгілік орын алатын көшпелі қоғамдағы тосын құбылыс боп қалды.

1917 жылы 2 қараша күні кеңес өкіметі «Россия халықтары құқықтарының декларациясын» жариялады. Онда:

«1. Россия халықтары тең праволы және суверенді. 2. Россия халықтары бөлініп шығып, өз алдына дербес мемлекет құруға дейінгі еркін (мемлекетін – Т.Ж.) өзін-өзі билеуге құқылы. 3. Ұлттың және ұлттық-діни артықшылықтар мен тежеу біткендердің бәрі жойылады. 4. Россия территориясын мекендеген ұлттардың және этнографиялық топтардың еркін дамуына жол беріледі» [69.39-41],– деп (сол жылдардағы аударма –Т.Ж.) жазылды.

Бұл колонизаторлық-миссионерлік, шовинистік езгідегі ұлттарға тәуелсіздік алу мүмкіндігін беретін алғашқы ресми құжат еді. Ұлттар туралы декларация, шындығында да, өзінің тарихи миссиясын орындады. Бірақ та оның жүзеге асу жолы аса қиын әрі қанды қыспаққа толы болды. Сонымен қатар, осы декларацияның мазмұны мен құқықтық нормаларын нақтылай түсу мақсатында және Түркістан мен Қазақстандағы, Кавказдағы ұлттардың бөлініп кету мүмкіндігі молайып, империяның құлау қаупін тудыратынына көзі жеткенде, кеңес өкіметі асығыс түрде 1917 жылы 20 қарашада «Россия-

100 ның және Шығыстың барлық еңбекші мұсылмандарына» Үндеу жариялады. Екеуіне де Ленин мен Сталин қол қойды. Екінші үндеуде:

«Бұдан былай сіздердің нанымдарыңыз бен әдет-ғұрыптарыңыз, сіздердің ұлттық және мәдени мекемелеріңіз ерікті және қол сұғылмайтын болып жарияланады. Өздеріңіздің ұлттық өмірлеріңізді еркін және бөгетсіз құра беріңіздер. Сіздердің бұған праволарыңыз бар» [69.2], – деп жар шашты.

Нағында бұл кеңес өкіметін нығайтып алғанша алдарқата тұратын «бір жапырақ қағаз ғана» (Ленин) болатын. Бұл үндеулер сол кезде Ресей империясына қарайтын аса үлкен территорияны алып жатқан аз ұлттардың назарын өзіне аударып, оларды кеңес өкіметін мойындауға мойын бұрғызатын тәсіл еді. Екіншіден бұл – бір ұлтты қанаушы және езілген тап деп екіге бөлетін жымсытпалы саяси амал болатын [42.38].

Тарихи мүмкіндікті дер кезінде пайдалана отырып 1917 жылы 29 қарашада – Башқұртстан тәуелсіз мемлекеті, 5-желтоқсанда – «Алашорда» автономиясы жарияланды.

«Алаштың» ұйымдық-саяси мәселе қараған II съезі 1917 жылы 5-13 желтоқсан аралығында Орынбор қаласында өтті. Оған бүкіл қазақ елі өз өкілдерін сайлады. Құрылтайда қатты қадағаланып, ұзақ талқыланған мәселе – автономия, милиция, кеңес мәселесі болды. Орынбордағы казак әскерінің өкілі Меньшин автономияны қолдай отырып, «Алаш» автономиясын Оңтүстік Шығыс Одағына қосылуға шақырды, ал М.Шоқаев казак пен қырғыз бір автономия құрап, Түркістанның құрамына кіруді ұсынды.

«Алашорданың» құрылымдық жобасын ұсына отырып Халел Ғаббасов: «Октябрь айына дейін халықтың сеніміне ие боп, билеп келген Уақытша өкімет құлады. Россия мемлекеті үкіметтен айырылды. Белгілі үкіметке бағынбай әркім өзінше билік етсе, азамат соғысының тұтанып кетуі мүмкін. Анархия толқыны бүкіл мемлекетті, үлкен қалаларды да, кіші ауылды да жайлап барады. Ол казактар тұратын облыстарға да тарап, халықтың өмірі мен дүние мүлкіне қауіп-қатер төндірді. Олар қорғансыз қалды. Тығырықтан шығудың жолы – қазақ болыстары түгел мойындайтындай мықты үкімет құру керек. Екінші: мемлекет қазір басынан үлкен күйзелістерді кешіріп отыр: жаппай құлдырау мен анархия өріс алып, кісі өлімі көбейді. Бұл анархияның зардабы қазақ облыстарына тарау қаупі төнді. Қалыптасқан төтенше жағдайға – арпалысқан анархияға қазақ халқы енжар қарай алмайды. Бұл анархия қазақ облыстарында бұрқ ете қалса, ешқандай қорғанышы жоқ қазақ халқының мүлдем құрып кетуі мүмкін. Сондықтан да, аласұрып, төніп келе жатқан анархиядан ел-жұртты аман сақтау үшін, халық жасағын құру керек» [70.476], – деп ұсыныс жасады.

Мағжан алаш жастарына атой ұранын салды. Орамалға кестелеп жазған қыздың: «Ел үшін өл. Ел үшін!..» – деген сөзін оқыған алаш сарбазы:

Қар бетіне қанменен,
Не деп жаздың, көрейін:
«Ел үшін өл. Ел үшін!..» –
Өмірді аяп не етейін.
...Мен садаға кетейін!..

«Ел үшін өл. Ел үшін!..» –
 Өлесің, жүрек, дүрсілде!
 Құралай көзді қарағым,
 Кестеңе қарап күрсінбе!» [10.95], –
 деген өршіл махаббаттың сәлемінен шамырқанып майданға аттанады.

Х.Ғаббасовтың сол жобасы бойынша Съезд «шұғыл түрде халық жасағы (милиция) құрылсын» деген қаулы қабылдады» [42.35]. Алаштың ұлттық идеясы және олардың барлық іс-харакеті бес түрлі тұжырымға негізделді. Бұл идеялар Мағжанның шығармаларында сезіммен астаса ақындық тебіреніспен қанық көрініс тапты.

Бірінші ұстаным: жер, жер және жер. Жерсіз Отан жоқ. Әлихан Бөкейхановтың ұйғарымы бойынша: «Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жеке меншікке де, қоныстанушыларға да берілмейді».

Білмеймін не боларын, қайран көлім,
 Жарайды тең болмаса күн мен түнің.
 Итиіп қара шекпен келіп конса,
 Басыннан құсың ұшып кетер сенің. [Мағжан. «Сасықкөл». 10.44].

Қазағым, таянды ғой қылта мойын,
 Жер, мал кетіп, бос қалды біздің қойын.
 Қарашы өзіңе-өзің көз жүгіртіп,
 Жараспас бұдан былай күлкі-ойын. [Мағжан. «Қазағым». 10.46].

Жер кетті, жаның кетті, кам жемедің,
 Құл болдың қара табан енді малсыз...
 Қарағым, арыстаным, қайратты ерім,
 Тұрдың ба қару қылмай, құр амалсыз? [Мағжан. «Осы күнгі күй». 10.54].

Екінші ұстаным: жердің астындағы, үстіндегі, аспанындағы барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек. Ә.Бөкейхановтың айтуынша: «Оның әр бір түйір тасы қазақтың өңіріне түйме болып қадалу керек» болатын.

Сар дала, бейне өлік сұлап жатқан,
 Кебіндей ақ селеулер бетін жапқан.
 Тау да жоқ, орман да жоқ, өзен де жоқ,
 Сәуле емес, қан шашып тұр, күні батқан.

...Сауықшыл есіл елім-ай,
 Сарыарқа сайран жерім-ай!
 Күмістей таза суы бар,
 Айдын шалқар көлім-ай!

Сол жерде ойнап жүре алмай,
 Сауық-сайран құра алмай.

Қарғаға, күзгын жем болып,
Қалғаным ба, бір Алла-ай! [Мағжан. «Жаралы жан». 10.75-76].

Үшінші ұстаным: Ә.Бөкейхановтың жобасы бойынша, «Қазақтың жерінде өндірілген «бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі» керек, яғни, толықтай экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізуге ұмтылуы тиіс еді.

Таласқан аспанменен көкпеңбек тас,
Қарасаң төбесіне айналар бас.
Жасаған мейірі кең қадір Тәңірі,
Шығарған сол тауыңнан алтын, алмас.
Жіп-жиі, шытырманда түрлі ағаш,
Тұрғаны мұнарланып өсіп жалғас...

...Қарашы төңірекке мойның бұрып,
Алтай, Орал бойында тұрған түрік.
Аты да, заты да жоқ, дыбысы жоқ,
Жоғалған әлдеқайда іріп-шіріп.
[Мағжан. «Орал тауы». 10.56].

Төртінші нысана: қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тіл, дін, діл үстемдігі болуы керек.

Елдік, бірлік, ерлік, қайрат, бақ, ардың –
Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың...
Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,
Нұрлы жұлдыз – бабам тілі, сен қалдың!

Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кен – тілім,
Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім.
Таралған түрік балаларын, баурына
Ақ қолыңмен тарта аларсың, сен тілім! [Мағжан. «Қазақ тілі». 10.79].

Баяулады жалғыз-ақ,
«Мінеки», – деп тұрақтап.
Ләззаттанып сөзіне,
Қолына кітап Құранды ап. [Мағжан. «Ләззәт қайда?». 10.39.].

Қор болдық өнер қумай, қайран елім,
Күш кетіп, талай жаннан көрдік көрім.
Сұлық боп жан шыққалы тұр таяулап,
Маңдайдан шып-шып шығып өлім терің. [Мағжан. «Қарасаң сонда қазақ арасына...». 10.54].

Бесінші, түпкі мақсат: Қазақ елінің өзінің қоғамдық ғылымға, ұлттық

салт, дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, Жапонияның үлгісіндегі 103 ұлттық-демократиялық мемлекет құру еді [6].

Кел, қазақ, қолдағыдан құр қалмалық,
Отырайық жиылып, ондалайық.
Мың жылғы өткен қуам деп ата заңды,
Өнерден кеш қалармыз, ойланайық. [Мағжан. «Қазағым». 10.46].

Біртұтас алаш идеясының аясындағы Мағжанның ұлт-азаттық қозғалыстағы басты қайраткерлігі, өзінің өлеңінде айтылғандай, негізінен қазақты «өнерден кеш қалдырмай, ойландыруға» бағытталды. Құрылтайда оқу жөніндегі комиссияның құрамына: Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Елдес Омаров, Биахмет Сәрсенов, Телжан Шонанов мүше болып сайланды. Шұғыл түрде қаралған оқу-ағарту мәселесі – қазақ халқының әбден жегісін жеп, рухани мұқтаждыққа ұрындыратындай халге душар еткен ділгір іс еді. Комиссияның алғашқы отырысында бір ауыздан: «Бастауыш және орта білім беретін қазақ мектептеріне арналып қазақша оқулықтар құрастырылсын» деп шешім қабылдады.

4.

Міне, сол күннен бастап қашан атылып кеткенге дейінгі аралықтағы (1917-1938) Мағжанның барлық қызметі (түрмеде отырған жылдарынан басқа) тек оқу-педагогика саласымен қатысты болды.

1917 жылы 18 желтоқсанда «Қазақ» газеті: «Омбыда «Алаш» партиясының комитеті ашылды. Комитетке сайланғандар: ...Асылбек Сейітұлы, Мағжан Жұмабайұлы...» – деп хабарлады. А.Сайдалининнің тергеуге берген жауабына жүгінсек, 1917-1918 жылдары Омбы гимназиясында, «Бірлік» жастар ұйымында: «Күн сайын жиналыс өткізілген, әдеби тақырыптарға реферат оқылған, мәдени-ағарту мәселелері талқыланған. Ішінара саяси мәселелерде (әйел теңдігі, бастауыш білім жүйесі т.б.) қозғалған. Алаш ұйымы мен қазақ комитетінің мүшелері Жұмабаев, Тілеулин, Е.Мұқышев кеңес өкімет тарапынан тұтқындалды» [49.50; 67.36].

Бұл кезде Омбыда кеңес үкіметі уақытша орнаған еді. «Известия Петропавловского Совета рабочих, солдатских и крестьянских депутатов» газетінің 1918 жылғы 10 наурыз күнгі «Қазақтар өмірі. Қарар» деген атпен жарияланған редакциялық мақалада:

«Үш жүз» қазақ социалистік партиясының Орталық комитетінің шұғыл мәжілісінде комитет төрағасы жолдас Көлбаев қазіргі жағдай туралы баяндама жасап, мынадай қарар қабылдады: Германияның шабуылының басталуымен орыс буржуазиясының контрреволюциялық бүліктеріне қосылған қазақ буржуазиялық «Алаш» партиясы Облыстық қазақ атқару комитетінің мүшелері Асылбек Сейітов, Мағжан Жұмабаев, Ерқосай Мұқышев, Айдархан Тұрлыбаев, Ережеп Итбаев және басқалар, жергілікті жердегі тұрғындардың қарсылығын туғызу үшін большевик жолдастардың да, солшыл эсэрлердің де жергілікті советтердегі көсемдерін ыластап көрсету арқылы қазақ тұрғындарын кеңес өкіметіне қарсы қойып отыр, Алаш партиясының ең басты көсемі Әлихан Бөкейханов белгілі контрреволюционер Дутовпен Орынбор қаласында шарт жасасып: кеңес әскеріне қарсы қол ұстаса соғыса-

104 тынын мәлімдеді... Ақ гвардияның қатарына жігіттер жинау үшін Петропавл қаласына аттанған комитет мүшелері Мағжан Жұмабаев пен Қазый Торсанов милициялардан сытылып шығып, қазір Омбы қаласында жасырынып жүр...» [49.53; 68. 2].

Бұл – шындық. Мағжан алаш сарбаздарына арналған:
Желе бер, жаным Қаракөк,
Желкілде желмен, айдарым!
Қолымда найза көк болат,
Ерлігіме айғағым.

Ұлт дегенде көпіріп,
Жарайсың, қаным, қайнадың.
Ұлтымнан мен садаға,
Бекіндім, басты байладым! [10.94], –
деген «Жауынгер жырын» сол жасақ жиып жүрген кезінде жазды.

Қарарда: «5. Жұмысшылар мен солдаттардың Омбы кеңесінің жанындағы революциялық трибуналдың тергеу комиссиясы жүргізген айыптау материалдары шұғыл түрде қаралып, жоғарыда баяндалған контрреволюциялық облыстық комитеттің мүшелері: Асылбек Сейітов, Мағжан Жұмабаев, Айдархан Тұрлыбаев, Ерқосай Мұқышев, Ережеп Итбаев және Мұсылманбек Сейітов дереу айыпты ретінде жауапқа тартылып, күзетті қамаққа алынсын» [49.53; 68. 2], – деген мазмұндағы үкім қабылданды.

Нақты күні анықталмаса да, Мағжанның «ақпан айында Омбы Кеңес Атқару Комитетінің қаулысымен Қазы Торсанов пен Мағжан Жұмабаевтің «Алаш» партиясының мүшелері ретінде тұтқынға алынғаны анық. Бұл туралы «Сарыарқа» газеті 7 наурызда:

«Большевиктер Ақмола облыстық қазақ комитетін жойды. Комитет мүшелері Мағжан Жұмабаев пен Қазы Торсанов тұтқынға алынды. Басқалары да қамалатын шығар. Бұл оқиғаға себеп болған Көлбай Тоғысов соның алдында Петропавлдағы 20 қазақты қаматып еді. Олардан, земская управаның мүшелері Жұмағали Тілеулин мен Біләл Малдыбаев босатылды», – деп хабарлады.

«Үш жүз» партиясы 1918 жылы мамыр айында жұмысын тоқтатты. Яғни, М.Жұмабаев 1918 жылғы 7-наурыздан, мамырдың ортасына дейін шамамен 40-45 күн Омбы түрмесінде отырды» [38.47].

Сөйтіп, Мағжан да түрменің дәмін татты:
Жайылды бар денеме уы дерттің,
Мінеки, екі ай болды жалын жұттым.
Күндіз – Күн, түнде күміс Ай көрмедім,
Дарига, жаным – азат, денем – тұтқын
[10.141], –
деп қапаста қамықты.

Мінеки, қамаудамын, тар үңгірде,
Мұнысы – көмгені ғой тірі көрге.

Мейірімді Ай, мені-дағы жаныңа алшы,
 Болайық екі мұңлық біз де бірге
 [10.87], –
 деп аспандағы Аймен де мұңдасты.

Мұның барлығы оны күрескер ретінде шыңдады, ақын ретінде шамырқандырды.

Сондай қысылтаяң шақта, 1918 жылы наурыз айында Сталин телеграф арқылы «Алашорда» үкіметімен «сымсыз байланысқа» шығып, алаш атынан өкілдік етіп сөйлескен Халел Ғаббасовқа қазақ автономиясын мойындайтынын мәлімдеді:

«1918 ж. 19 мартта совет үкіметінің мүшесі, ұлт жұмыстарын басқарушы комиссар Сталин Мәскеуден Семейдегі «Алашорданың» бастығы Әлихан Бөкейханов хәм оның жолдасы Халел Ғаббасовты ауызша сөйлесетін төте телеграфқа шақырды. Ертеңінде 20-мартта комиссар Сталин мен Халел сөйлесті. Сталин «Алаш» автономиясы туралы сөйлеспекші екен. Екі жағы өз пікірлерін айтысып, ақырында совет үкіметінің атынан халық комиссары Сталин мынаны айтты (Сталин сөзін өзгертпестен түгелімен тәржіма қыламыз): Рүсиядағы халықтардың құқықтары туралы Халық комиссарлары шығарған белгілі ережесі бұл күнге шейін ұлт мәселесі тақырыпта (жөнінде – Т.Ж.) совет үкіметінің негізгі қызмет жобасы болып келеді. Үшінші советтер съезі осы ережені жайғастыруға қаулы қылды. Өзіңіз бізге тапсырып отырған жалпы қазақ-қырғыз съезінің қаулысы түгелімен жоғары жобаға муафық келеді. Бірақ жалғыз-ақ шарт қоямыз: егер сіздің съезіңіздің қаулысы өкілдеріңіздің совет үкіметін тануға халаф болмаса болғаны. Үшінші советтер съезі советский федерация низамын жасап хәм бұл мизам ІҮ советтер съезінің бекітуіне салынсын деп қаулы қылынды. Бұған қарағанда енді сөзді қойып, іске кірісу керек, яғни, әрбір тұрмысы, салты басқа халықтар жергілікті советтермен қосылып, автономия, федерация алу құқы, басыбайлы бөлініп кету секілді ұлт ниеттерін жарыққа шығаруға съез шақыратын комиссия құруға тырысу керек. Біз ойлаймыз, жалпы қазақ-қырғыздың өкілдері тез қамданып, ыңғайлы уақытты өткізбей, жергілікті советтермен бірігіп, әлгідей комиссияны құрар. Сізден өтінеміз, біздің жауабымызды «Алашорданың» кеңесіне салып, жауап қайтарсаңыздар екен. Адрес: Мәскеу, Кремль, Халық комиссарларының бастығы Ленинге хәм Халық комиссары Сталинге» [61.124-125].

Міне, «Алашорда» мен кеңес үкіметінің арасындағы алғашқы және басты келісім құжаты осы. Бұл – қазақ мемлекеттігін құруға мүмкіндік берген ресми құжат. 21 наурыз күні «Алашорда» үкіметі 11 баптан тұратын келісім шартты Кремльге жіберді.

«Мәселені тездетіп шешіп, сөзден іске көшуді» ұсынған Ленин мен Сталин бір айдан астам уақыт жауап бермеді. Азаматтық соғыс жүріп жатқан ел үшін бұл өте ұзақ уақыт. Сондықтан да, шұғыл түрде тағы да 1918 жылы 21 сәуірде «Алашорданың» күншығыс бөлімінің бастығы Халел Ғаббасов Ленин мен Сталинге:

«Қазақ автономиясы мәселесі – қазақ халқы үшін өмір мен өлім мәселесі болып табылады. 2 сәуір күні комиссар Сталин арқылы тура, сымсыз тораппен жолданған Халық комиссарлары кеңесінің көзқарасы қазақ халқының

106 арасына аздаған жұбаныш әкелді. Алайда жергілікті халықтың табиғи талабына өктемдікпен қарау жергілікті кеңес депутаттары тұрғысынан тиылмай отыр. Қазақ ұйымдарын қудалау, олардың мүшелерін тұтқындау қазақ жұртын алаңдатып, ұлттық араздықты өршітеді. Бұл отты дер кезінде өшіру керек және ұйымдастыру жұмыстарына шұғыл түрде кірісіп, бас көтеріп келе жатқан аласапыран мен толқулардың алдын алу қажет. Қазақ халық кеңесі – қазақ халқының талабын бұлжытпай орындайды, сондықтан да, автономия идеясын тездетіп жүзеге асыруға мүмкіндігінше күш салады және сіздерден шұғыл жауап күтеміз. Ресми мәліметімізді 3 сәуір күні төте торап арқылы жолдадық.

«Алашорданың» төрағасының орынбасары – Ғаббасов» [70.141-142], – деген жеделхат жолдады.

Бұл – солтүстік тараптағы кеңес өкіметі құлап, Сібірде – Колчак үкіметі, Самарада – Құрылтай үкіметі құрылып, большевиктердің тығырыққа тіреліп тұрған кезі болатын. Түрмеден шыққан Мағжан Жұмабаев ызалы бір екпінмен жаңа саяси науқанға кірісті. 1918 жылдың 5-13 мамыр аралығында Бүкіл қазақ жастарының бірінші жалпы құрылтайы шақырылды. Бұған, алдағы екі-үш жылдан кейін Қазақ автономиясының жастар одағы мен идеологиясына көсемдік еткен Смағұл Сәдуақасов, Қошке Кемеңгеров, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов сияқты қуатты, тегеуірінді толқын ерекше ынтамен араласып, «Алаш» партиясының жастар қанатын құрды. Оны «Жас азамат» деп атады.

Құрылтай қарсаңында «Омбыдағы Алаш партиясының бас комитеті» атынан ісі қазаққа Үндеу жариялады. Мұнда большевиктердің алты-жеті айдағы салған ылаңы долы қаламмен барынша әшкереленді. Біздің ойымызша, кейінгі зерттеушілердің Мағжанды көзтүрткі етуіне осы Үндеу тұздық болған сияқты. Үндеудің соңында – «бас комитеттің» аты тұрса да, оның авторы Мағжан Жұмабаев екені еш секем алдырмайды. Өйткені, облыстық комитет мүшелері – Асылбек Сейітов, Айдархан Тұрлыбаев, Ерқосай Мұқышев, Ережеп Итбаев және Мұсылманбек Сейітов, Қази Торсанов, Жұмағали Тілеулин мен Біләл Малдыбаев мұндай қуатты да уытты қалам иелері емес еді. Біз, Мағжанның сол тұстағы ішкі ызалы күрескерлік рухы мен көзқарасын толық жеткізу үшін Үндеудің мәтінін толық ұсынамыз:

«АЛАШ АЗАМАТТАРЫНА!

180 миллион Россия халқын 300 жылдан астам бір шыбықпен айдаған Роман тұқымының тағы күйреп, іс басынан құлаған(ын)дай, жеті айдай зорлықпен, қанішерлікпен билік жүргізіп, дәурен сүрген большевик үкіметі де Сібір жерінде жығылды. «Дін үшін, туған жер үшін, патша үшін!» деп Николай үкіметі халықтың қанын қандай сорса, «Социализм үшін, жұмыскер христиан үшін, Совет үшін!» – деп большевик үкіметі де халықтың қанын сондай сорды.

Қолдан мал, бастан ерік кетті. Бостандық, теңдік – арманы арамтамақ, қаны бұзықтардың тепкісіне түсті. Халықты қараңғыдан жарыққа шығару жолында аюдай үкіметпен алысып, абақтыда бит-бүргеге жем болып, қыр-

шын өмірлерін қоршылықта, таршылықта өткізген саяси сабаздар, олардың бейнеті, қаны мен миынан табылған олжа да зорлықшылдардың аяғының астында қалды.

Ел таланды, шабылды, ашықты, ер-азамат қанға батты, алыстағы алысқан жау былай қалып, аяқ астынан жауласып, ағайын жұрт бірінің етін бірі жеді. Қара халықтың өзі сайлап қойған мекемелері тас-талқан болды. Ұры-қары, ит мінезді азғындар халықтың қасиетті тағдырына ие болды. Халық қазынасы ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетті. 300 жылдай қорлық көрген 180 миллион халықтың атан бәйге ат жарысы, ұлы дүбір, үлкен тойда бас қосатын құрылтайы (учредительное собрание) – басқан ізі қан сасыған, жүгенсіз топтың, қара күштің қаһарына ұшырады. Бұратаналардың билігінің өз қолында деген арман-үміті қапыда аққан қан болды.

Қырым, Кавказ, Башқұртстанның, Түркістанның... қанды оқиғалары, большевиктердің қанқұмарлықтарына айдай айқын дәлел. Алты миллион Алаш халқы көз жасын төгіп, құдайдан тілеген Ақ ордасын тіге алмады. Алаш азаматтарының қайсысы қараңғы тар абақтыны көрді, қайсысы бұлт жамылып, мұз төсеніп, қашып жүрді, қайсысы жасылданып жанған отқа, шапқан қылыш, атқан оққа қарсы жүрді. Алаш үшін ажалдан тайынбады, басқа жұрттың большевигі біреу болса, Алашқа деген екеу болды. Өзімшілдігін, ұлт пайдасын сатқан жақыннан жат шықты.

Қашан да болса, ақтық шындық үстіге шықпақ, жауыздық жоғалмақ – тұрмыс заңы. Большевиктердің һәм болшевикшілдердің жеті айдың ішінде істеген зорлықтары өздеріне жендет болды. Қар суындай, қазанның күйесіндей большевиктер жоғалды. Большевик бұлтты басқан бостандық күні жарқырап, жаңадан шықты, нұрын төкті.

Азаматтар! Құдай Алаштың тілегін берді. Дұшпан кеудесі басылды, үні өшті. Қозғалмастай күйге түсті. «Алаш Орда» тігілді, Ақ ту көтерілді. Күні ертең тұрмыс тонын пішетін, келешекке үлгі жөн салатын Алаш құрылтайы болмақ. Аяқтан әуіре, қолдан кісен, ауыздан қақпақ кеткен Алаш баласы өз құрылтайынды көріп өлсең, арманың жоқ! Өткен өмірдегі ауыр жағдайға қалың қайғы, көз жасы – бәрі де енді ұмыт болды. Қара шаңырақ «Алаш Орданың» тігілгені – бір уақытта қазақты алға шығарды.

Ақсақалдар, ағалар! Ақыл айтып, жол бастаңдар! Баяғы еркін дәуреннен сөз қозғап, жастардың жүректеріне қызулық жалынын салыңдар! Қазақ-қырғыз бір кезде кемеліне келген, өз алдына хандық құрып, билік жүргізген ел емес пе еді? Топ бастаған көсемі, сөз бастаған шешені, қол бастаған батыры бар емес пе еді!?

Дәулетті байлар, мырзалар! Кісілік малда емес, әсте, бүгін бар дүние, ертең жоқ. Әркім шамасына қарай ұлтына қызмет қылуы тиіс. Большевик заманында жұрт алдағы малды садақа қылып еді. Күн жадыраған соң құдайды ұмытпау керек. Большевик бұлтты айыққанмен, алдымызда қатерлі күндер көп. Қара бұлттың оңнан болса да, солдан болса да көтеріліп кетуі ғажап емес. Аласпыран күндерде мал аяп қалу ақылға да, арға да, шарифатқа да теріс.

Жастар! Атқа мін! Басқа жұрттар көрсін! Орал, Алтай, Ертіс, Есіл-Нұра, Еділ-Жайық бойында шарқ ұрған арыстандай ақырған Алаштың рухының

Япырмай! Кеше ғана емес пе еді, алты миллион Алаш баласының басы құралмай, жер-судан айырылып, пендеге – пенде болып жүргені, мейірімсіз тас бауырлардан рахым тілеп жүргені. Міне, «Алаш Ордаға» жәрдем қылма-сандар, ұранға қызбасандар, сол көңілсіз күндерің алдарыңда даяр.

Ардақты азаматтар! Алаш туы – Қағбамыз болсын, бәріміз соған қарайық. Алаш тілегі – иманымыз болсын, бәріміз соған ұйыйық.

Иншалла Алаш жасайды! Жасасын Алаш Автономиясы!!!

Омбыдағы Алаш партиясының бас комитеті» [38.52-54].

Құрылтайдың қаулысымен «Жас азамат» атты газет шығарды. Шығарушысы – Қошке Кемеңгеров, бастырушысы – «Алаш» серіктестігі болды. Газет 1918 жылдың шілде айынан 1919 жылдың ақпан айына дейін Қызыл-жар қаласында аптасына бір рет шығып тұрды. Бұл «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің бейресми жастар басылымы болды. Мақсаты да, мүддесі де, міндеті де, көтерген мәселелері де тек алаш идеясына қызмет етті. Оған сол тұстағы үмітті жастардың бәрі де қалам тартты. Мұхтар Әуезовтің «Ескеру керек» атты алғашқы мақалаларының бірі қазан айында «Жас азаматта» жарық көрді.

Бұл – Мағжанның саясат саласындағы ең дәуірлі, ең қатерлі, ең қасіретті кезеңі болды. Кейіннен саяси айып болып тағылған жайлардың барлығы да оның осы 1918-1919 жылдар арасындағы іс-әрекетіне тікелей қатысты болды. Ол бұл кезде үлкен-үлкен саяси ойындарға қатысып, тәуекелшіл астыртын міндеттер атқарды. Көбінесе сақна сыртында тұрып алаш үшін жанкешті қызмет етті. Біз, ақынның алаш бостандығы мен болашақ азат қоғамы үшін жаннан кешкен еңбегінің бір парасына ғана, түрік халықтарының бірлескен партиясын құру жолындағы күресіне тоқталамыз.

Сол жылы 15 мамыр күні Қостанай қаласында «Алашорда», Башқұртстан, Қоқан автономияларының құпия кеңесі өтті. Онда Қазақстанның, Башқұртстанның, Түркістанның саяси жағдайы туралы мәлімдеме жазылып, оны бүкіл әлемге тарату үшін Жапония үкіметіне жеткізу мәселесі қаралып, мақұлданды. Жапонияның таңдап алынуының себебі, бұл ел Ресейдің одақтасы болатын. Сол арқылы халықаралық үрдісті сақтауды көздеді. Қалыптасқан әскери қоршау жағдайында Урал мен Қазақстан аймағындағы біріккен мұсылман Мемлекетін құру идеясы да ұсынылды. Башқұрт әскері жеңістен жеңіске жетіп, Қазақстан мен Түркістанға бет алды [42.42].

«Кеңес өкіметіне қарсы башқұрттар мен қазақтардың бірігіп күресуі (большевиктердің) өшпенділігін өршіте түсті» [71.246]. 1918 жылдың 6 (19) маусым күні кешкі сағат 6-да «Алашорда» жасағы Семейге келіп, әскери саппен Никольский шіркеуінің алдынан жүріп өтті. Шеруді сол күні қалаға келіп үлгерген «Алашорда» үкіметінің төрағасы Әлихан Бөкейханов қабылдады. Алаш жасағының командирі подполковник Тоқтамысов «Алла жар!», – деп ұран салды. Барлық жасақ «Алла жарлап!» шеруден өтіп, бірден майданға аттанды. «Алашорда» кеңесінің мүшелері – Ә.Бөкейхановтың, М.Тынышбаевтың, Х.Фаббасовтың атынан шұғыл түрде:

«Екінші қазақ-қырғыз құрылтайының қаулысы бойынша 11/24 (ескі және

жаңа жылқайыру күнтізбесі бойынша – Т.Ж.) маусым күні «Алашорда» үкіметі Алаш қаласында ресми түрде іске кірісті... Семей мен Ақмола облыстарында милиция жинау ісіне аса шұғыл кірісіп, отряд құрылды. Отрядтардың бірсыпырасы атты казактарға һәм офицерлерге (ақ гвардия) қосылып, Жетісу облысындағы большевиктермен соғысуға кетті... Түркістан жағынанатты қазақ һәм башқұрт жігіттері бас қосып, большевиктермен соғысуға аттанды... Бұл туралы Дутовқа телеграмма берілді. Ахмет Байтұрсынов 29 июньде Қостанайға кетті. Міржақып Дулатов екі жұма шамасында сонда бармақ. «Қазақтан шыққан большевиктерге ешбір рақым қылмаңыз». «Кеңес өкіметі шығарған барлық декреттер «Алаш» автономиясы территориясында күшін жойсын». «Алаш» автономиясы территориясында земство мекемесі 1917 жылғы 17 маусым күнгі Уақытша өкімет кіргізген заң бойынша қайтадан іске кіріссін, кеңес өкіметі мекемелері таратылсын». «Алашорда» үкіметінің жанынан Әскери министрліктің міндетін атқаратын үш адамнан тұратын әскери кеңес құрылсын». «Сот пен тергеу комиссиясы құрылсын». «Алашорда» үкіметі – «Алаш» автономиясы территориясында жергілікті Облыстық және уездік кеңестер арқылы билік жүргізеді» [70.190-191], – деген жеделхаттар жан-жаққа жіберіліп жатты.

Бұл суыт хабарлар берілген кезде кеңес өкіметі тарапынан автономия мәселесі толық ресми түрде шешілмеген еді. Ә.Бөкейханов сол күні – 11 маусым күні қатаң түрде:

«Қазақ халқы кеңес өкіметін еш уақытта мойындамаңдар және кеңес өкіметіне бағынбаңдар» [70.172], – деп нұсқау берді [42.43].

Жалпы түркі тектес халықтардың тәуелсіздігі жолындағы саяси стратегиялық іс-қимылдарды реттеп, үйлестіріп, шешім қабылдауда 1918 жылғы 30-тамыз бен 7-қыркүйектің арасында Орынбор мен Самарада өткен Башқұртстан, Қазақстан, Түркістан үкіметтерінің мүшелері – Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Қоқан үкіметінің төрағасы Мұхамеджан Тынышбаев, сыртқы істер министрі (Қоқан үкіметінің) Мұстафа Шоқаев, Убайдулла Хожаяв т.б. қатысқан мәжіліс ерекше орын алады. Онда осы үш үкіметтің негізінде «Оңтүстік-Батыс мұсылмандары федерациясы» құрылып, қазақ-башқұрт біріккен әскерін жасақтау жөнінде ұйғарым жасалды [42.44].

Сондай-ақ, Социалистердің азаттық партиясының бағдарламасы түрік халықтарының талабына сәйкес келетіндіктен де, сол партияның айналасына бірігу көзделді. Мұны Әлихан Бөкейханов және оның жақтастары дерліктей қолдады. Оған өзбектер жағынан Низам Хожаяв, Шолпан, Әбділхамит Арипов те қосылды. Ең бастысы: Кеңес өкіметі тарапынан қысымға ұшыраған түркі зиялылары Түркістанға шоғырлансын, қандай жағдай болса да күресті ешқашанда тоқтатпау керек, – деген ұйғарымға келеді.

Тергеу барысында қатты көңіл бөлініп, қадала сұралып, қазымырлана тексерілген жай – кеңес өкіметіне қарсы ашық майданға шығуы. Бұл туралы Әлихан Бөкейханов 1929 жылы 27 мамыр күні мәскеулік тергеушіге:

«Алашорданың құрылғанынан бастап тарқағанына дейінгі іс-қимылын жолдас Каширинге берген көрсетіндімде баяндап бергемін. Ал менің Валидовпен байланысыма келетін болсам, мен оны соңғы рет Уфадағы «Мемлекеттік кеңесте» көріп, сөйлестім. Онда біз өзіміздің дұшпанымызбен, ол

110 дұшпанның ішіне, әрине, кеңес өкіметі де қосылады, қалай күресетінімізді талқыладық. Нақтырақ айтсам, Дутовқа қарсы күресті талқыладық, кеңес өкіметі туралы арнайы әңгіме болған жоқ. Өйткені жоғарыда көрсеткенімдей, ол өз-өзінен түсінікті мәселе еді. Мен де, Валидов те солай түсінді. Біздің көтерген және ойластырған жоспарымыз жүзеге асқан жоқ, себебі, Уфа кеңесінде бекітілген ол үкіметті Сібір үкіметі тұтқынға алды. Бұдан кейінгі қалыптасқан жағдай бойынша, екеуара кездесеміз жоқ және байланыс та жасай алмадық» [1.191], – деп батыл жауап берді.

Мұндағы емеуірін танытып отырған оқиға – «Алашорда» үкіметі мен Башқұртстан үкіметінің кеңес өкіметіне қарсы біріккен майдан ашу мәселесі туралы өткен астыртын кеңес болатын. Кеңес өкіметі майданның аңысын аңдып, егер қызыл әскер жеңіске жете қалған жағдайда қазақ және башқұрт автономияларын мойындаудан бас тартуды көздеп отырғаны башқұрт және алаш қайраткерлеріне де аян еді. Сондықтан да, әскер жасақтап, қару алып, майданға шықпаса, арлы-берлі сапырылысқан ақ пен қызылдар, атамандар мен партизандар қазақ халқын жусатып салатыны анық еді.

Ресейдегі әскери-саясаи жағдай шиеленісіп, Колчактың Сібір үкіметі, Самарадағы Құрылтай үкіметі өзара қақтығысып, большевиктерге қарсы күресті әлсіретіп алды. 1918 жылы 21 қарашада Колчак өзін Ресейдің билеушісі деп жариялады. Башқұртстан мен «Алашорданы» мойындаудан бас тартып, оларды таратып, көсемдерін ату жазасына кесу туралы бұйрық берді. Сондықтан да, Башқұрт әскері мен «Алашорда» жасағы төрт жақты: Колчак үкіметі әскері, казак атамандары әскері, кызылармия және жергілікті ұлт жасақтары (башқұрттар үшін – татар атқыштары, қазақтар үшін – Жангелдин мен Иманов жасағы) тарапынан қыспаққа түсті. Сөйтіп, өте қиын жағдай қалыптасты. Франция, Англия, АҚШ, Жапония мемлекеттері Колчакты жақтап, ұлттық федерацияларды шеттетті. Енді төрт жақты қысымға түсіп, жазаға ұшырау қаупі шындыққа айналды. Азаттық үшін күрескен әскерді қырғынға ұшырату, не оның өзге амалын тауып, аман сақтап қалу мәселесін шешу керек болды. Сондықтан да, еріксіз кеңес өкіметін мойындаудан басқа амал қалмады.

Екінші себеп: Сібірдегі Колчак өкіметі де, Самарадағы Құрылтай кеңесі үкіметі де Башқұртстан мен «Алашорда» әскерін күшпен таратып, олардың жетекшілерін ату жазасына кесуге бұйрық шығарды. Сөйтіп, олардың Түркістанға қосылып, Түркия мен Германияның әскери көмегіне қол арту мүмкіндігінен айыруды көздеді. Бұл З.Валидовтың «Қатирасында» :

«1919 жылдың ақпан айының басында Құлғын ауылына Қазақстанның екі өкілі, аттарын ұмытып қалдым, келді... Оның біреуі, ақын Мағжан болса керек, ол бұрын да келген болатын. Оның «Орал» атты шығармасында башқұрттардың орыс жаулап алушыларына қарсы күресі баяндалғаны ғана есімде. Ол екеуі Торғайдағы Ахмет Байтұрсыновтан хат әкелді. Онда: кеңес үкіметі жағына шығуымыздың қалай жүріп жатқанын сұрапты және олардың пікірінше: тек үкіметтің батыс бөлімінің ғана кеңес үкіметі жағына шығатынын, ал Шығыс Қазақстан бөлімі Колчак армиясының генералы Беловтың қармағында қалуға мәжбүр болып отырғандығын жазыпты. Мен Ахмет Байтұрсынов пен Әлихан Бөкейхановқа арнап хат жаздым. Мазмұнын өзім де ұмытып қалған бұл хат «Алашорданың» архивінде сақталып қалыпты, кейін қызылдар оны жариялады... Сөйтіп, біздің қызылдар жағына шығуымыз

қазақтармен келісілді. Бұл қазақтар үшін де өте маңызды болатын: өйткені әскердің кеңес [42.48] жағына өтуі нашар ұйымдастырылса, онда олардың қырылып қалу қаупі бар еді. Сонымен қатар, егер де Москваға қазақтармен бірге барсақ, біздің позицияларымыз да мықты әрі келіссөздің табысты өтуіне де ықпал жасайтын» [62.280-281], – деп жазды.

«Алашорда» үкіметінің кеңес өкіметімен келіссөзге барып, оны мойындауы, Алашорда» жасағының Орынбор мен Ор өңірінен шегінуі жөніндегі құжаттар біршама бар және онда үш үкіметтің де (Кеңес, Колчак, Алашорда) көзқарасы қамтылады. Олардың барлығы бұл оқиғаға тек кеңестік идеология тұрғысынан баға берді. Оның басты себебінің бірі, дәлелге жүгінетін құжаттардың жария етілмеуі еді.

З.Валидовтың «Қатирасы» мен «Түркістанның қазіргі (таяу) тарихы» атты монографиясы бұл оқиғаларды өзгеше көзқараспен бағалауға негіз қалайды. Өзінің «Қатираларында» Зәки Валидов 1921-22 жылдары қайтадан қозғалған бір мәселені еске алады. Ол – барлық түркі тектес халықтарға ортақ жаңа саяси партия құру мәселесі. Бұл идея кейін түркістандық қайраткерлер тұрғысынан да қолдау тапты, бірақ олардың идеясы да, мақсаты мен міндеті де, құрылымдық жүйесі де заман ағымына қарай өзгерген еді. Ал оның алғашқы негізі 1918-19 жылдары қаланыпты. Оған З.Валидов:

«Кеңес өкіметі жағына шықпас бұрын саяси күштерді біріктіру мақсатында коммунистік партиядан өзге, социалистік партия құру мәселесімен айналыстық. Бастапқыда оның теориялық тұғырнамасын жазумен Ильяс Алкин айналысты. Ол азат социалистік партия аталуы тиіс еді. Бұл туралы қазақ жетекшілеріне хабарлай отырып, оларға: «Алаштың» неосоциалистік қоғамдық-экономикалық платформасының негізінде Қазақ социалистік партиясын құруды ұсындық. Бағдарламаны біз әзірледік. Оның бір данасын қазақтарға бердік. Кейіннен бұл бағдарлама (1926) Прагада жарық көрді... Біз партия мәселесімен шұғылданып жатқанда майдандағы оқиғалар да тез өзгере бастады. 21-қаңтар күні Орынбордың шетіндегі мекендер де, Ор қаласы да қызылдардың қолына өтті. Біз толықтай қоршауда қалдық...» [71.282], – деп куәлік етеді.

Демек, ұлттық партия құру мәселесі 1919 жылы талқыланған. Ташкенттік ұйым Бұқарадағы З.Валидовпен байланыс жасауға ұмтылғанда, осы жобаны жүзеге асыруды ойластырған. Ал оның платформасының 1926 жылы шетелде жариялануы тергеушілердің алдынан шыққан. Бұл Голощекиннің:

«Алашордашылардың» шетелмен байланысы бар. Дәл қазір Валидовпен бірігіп большевиктерге қарсы партия құрған астыртын ұйым әшкереленіп отыр» [72], – деуіне себепкерлік етті» [42.49-50].

Бір жұбанышы, кеңес өкіметін мойындаймыз деп алдарқатып қойып, астыртын партия құру туралы құпия мәжілістер мен келісім жасап жүргендердің қатарында Мағжан Жұмабаевтің де бар екендігі туралы мәлімет большевиктердің қолына түспеді. Егер түсе қалған күнде, онда Мағжан сол алғашқы тергеуде-ақ ату жазасына кесілер еді.

Алайда, оларды бұл зауалдан Лениннің өзі қол қойған 1919 жылғы 4 сәуірдегі ВЦИК-тің Президиумының:

«Бүкілресейлік Орталық атқару Комитетінің 1919 жылғы 4 сәуірдегі Қа-

112 улысының негізінде БОАК (ВЦИК)-тің Президиумы: Қырғыз (Қазақ) және Сібір революциялық комитетіне және Челябині губаткоміне жоғарыда аталған БОАК (ВЦИК)-тің Қаулысымен тұрғындарды кеңінен таныстыруды ұсынады, сонымен қатар, БОАК (ВЦИК)-тің Президиумы: «Алашорда» үкіметінің бұрынғы мүшелерінің кеңес қызметіне алынуын орынды деп тапқанын және оларды бұрынғы қайраткерлігі үшін қудалауды түбірімен тоқтауды талап ететіндігі түсіндірілсін» [73.11], – деген қаулысы да тоқтата алмады.

Кеңестік күркілдер мен қызылөңештер алаш қайраткерлері «Қайда барса да Қорқыттың көрі» болып, олардың алдынан шығып отырды. Ол қудалауға Мағжан да ұшырады. Сұрланған сұқсыр көздер желкесінен қадалып, бұрылыстардан бұқпантайлап, қалтарыстардан қақшандап, бауырына кіріп, бауырын тіліп отырды. Әсіресе, Мағжанның 1918-1919 жылдары Ақмола облысының жергілікті (земство) басқармасының қазақ бөлімін басқарып, оқу-ағарту ісіне белсене араласқан тұсы қызылдардың көзін қызартты. Ол большевиктердің түрмесінен шыққаннан кейін:

«1918 жылғы 23 мамырда (5 маусымда) Сібір уақытша үкіметі мен жергілікті әскери өкіметтің жарлығымен ... Мағжан Жұмабаев уездік басқарама-ның мүшелігіне енгізілді».

Міне, оның Колчак үкіметіне қатысы осы пәрмен ғана.

Шындығына сайсақ, 1917-1920 жылдардың арасында бірінен кейін бірі төңкерілген бес үкіметтің тұсында – Патша үкіметінің, Уақытша үкіметтің, Алашорда үкіметінің, Колчак үкіметінің, Кеңес өкіметінің тұсында да Мағжанның атқарған қызметі тек оқу ағарту, педагогика курстары мен саласымен байналысты болды. 1918 жылы 24 қазаннан бастап ол Омбы қаласындағы екі жылдық қазақ Педагогикалық курсының меңгерушісі, 1920 жылдың 10 ақпанынан бастап Омбы облыстық білім басқармасының қазақ-татар бөлімінде нұсқаушысы, ал 1920 жылдың 6 маусымынан Қызылжар (Петропавловск) қаласынан ашылған «Қызыл мұғалімдер» курсының директоры қызметтерін атқарды.

Не тұрақты үкіметі жоқ (6-7 ай сайын өзгеріп отырған), не қаржысы жоқ (тіпті, тұрақты ақшасы да жоқ), не оқушылар оқитын, жататын ғимараты жоқ (бәрі де азаматтық соғыстың кесірінен қирандыға айналған), не тұрақты педагогикалық маманы жоқ (бәрі де «тұрымтай тұсына» кеткен), не оқушыларды қабылдауды ұйымдастыратын мекеме жоқ (тұрақты үкімет жоқ), не азық-түлікпен, отынмен (Нан тек карточкамен беріледі, ал қыс кезінде 30-35 градус аяз – Омбыдағы тұрақты ауа райы болып есептеледі), оқулық түгілі қағаз-қарындаштың өзі қат (өнеркәсіп, фабрика, заводтар тоқтаған) кезде, ең қиыны – әр үкіметтің тұсында қуғын-сүргінге түсіп, түрмеге қамалып жүріп жаңа оқу орынын ашудың қандай қияметті іс екені өзінен өзі түсінікті. Оған сол азамат соғысы жылдары екі жыл бойы мұқым Сібір өңірі мен қазақ даласын жайлаған «қара өлім» – оба мен сүзек індеті қосылды. Мағжан сол қияметтің бәрін басынан кешті, шыдады, ақыры жеңді.

Профессор Б.Жангуттиннің ғылыми айналымға түсірген архив құжаттарына жүгінсек: 600 мың адамы бар Ақмола облысында 1918 жылы 86 бастауыш мектеп болды. Сол жылы жергілікті басқарманың (земствоның) күшімен 5 екі сыныптық училище, оның жанынан интернат ашылды. Орыс-қазақ мектебі – Жоғары сатылы училище дәрежесіне көтерілді. Оқулықпен қамтама-

сыз етілуі үшін Уфа, Орынбор, Қазан қалаларының баспаханаларымен байланыс жасалды. Педагогикалық курстың шәкірттері тегін оқыды және олар пәтермен, отынмен, жарықпен, жатақханалар күзетшімен қамтамасыз етілуі тиіс болды. Барлық орындарға оқытушылар сайлау арқылы алынды. Курсқа меңгеруші (бұл ретте М.Жұмабаев) жетекшілік етеді. Шешуші орган – курстың педагогикалық кеңесі. Шәкірттер жылына бір рет қабылданады. Оқу мерзімі 2 жыл. Екі класстық училищенің талабы деңгейінде қабылдау емтиханын тапсырады. Дәрігермен, шаруашылық қызметшілермен қамтамасыз етілді. Бітіргендер 4 сыныптық бастауыш мектептің мұғалімі мамандығын алып шықты. Ал, бұл мамандық ол кезде ең қажетті мамандық болатын.

5.

1918 жылы 22 қазанда Ақмола облыстық жергілікті басқарманың «бұратана халықтар бөлімінің меңгерушісі» М.Жұмабаевтің бұйрығымен Омбы, Атбасар қалаларында 2 жылдық педагогикалық курс ашылды. 28 қазан күні Бегичеваның жеке меншік гимназиясында сабақ басталды. Бастапқыда 23 шәкірт оқыды. Соның ішінде, М.Жұмабаевтің өзі қабылдап, пәтер тауып берген Петропавл уезінің Таузор болысының №1 ауылының 18 жасар азаматы Сәбит Мұқанов та болды. Ұйымдастыру жұмысына қарбалас кіріскен М.Жұмабаев 1918 жылы 13 желтоқсанда Облыстық жергілікті басқармаға: 1. Шәкірттерге арнап орыс-қазақ мектебінің жатақханасынан бірнеше бөлме босатуды, 2. Ол мүмкін болмаған жағдайда шәкірттерге пәтер ақы үшін 60 сомнан ақша беруді өтініп хат жазды. Бұл талабы 1919 жылы 2 қаңтарда қанағаттандырылды. Күніне бір рет ыстық тамақ берілетін болды. [49.58-72;101-108]. С.Мұқановты неге ерекшелеп атап отырмыз, себебі, оның мынадай бір зор кілтпаны бар.

Орынсыз болса да ескерте кетейік: бұл арада зерттеуші тағы да тым қазымырланып кетті деменіздер, себебі, тәпсірімізді тағы да сол «жағымсыз кейіпкерлерден» бастауға тура келіп тұр. Өйткені, дыбысы сыртқа шықпайтын тылсым заманда, өткеннен бір шындықты біліп, оның аңғысын аңғару үшін сол кездегі саяси қиқуларды оқу қажеттігі туды. Ақты ажырату үшін де, оның бетіне жағылған қара бояуды өшіру керек болды. Ал оның жиырма бес жасынан бастап қашан атылып кеткенге дейінгі өмірін Сәбит Мұқановтан артық білетін адам да, одан жақыны да жоқ еді және Мағжанның даңқы мен дақпыртын жалпақ жұртқа жария етуші де:

Ақылға кеш ойландым, қараң күнім,
 Бір күні құшағына алар өлім.
 Қара жерді құшақтап мен жатармын
 Сол кезде не деп мені сынар елім?! [10.65], –
 дегендегі «сыншысы да» осы Сәбит Мұқановтың өзі болды.

Сондықтан да, оның «Өмір мектебі» трилогиясындағы жағымсыз кейіпкер Мағжан туралы деректеріне жиі жүгінуге тура келеді. Әсіресе, Жоғары соттағы алашордашылардың тергеу ісіне әдеби кеңесші-сарашы болған тұста жазушының жазғаны мен өмір шындығын салыстыруға тура келді. Сонда, көп қитұрқы мен астарлы ишара ашылды. Мен бұл арада, ақынды атылуына себепші болған және Мағжанның шығармаларын «мәңгі жария-

114 ланбасын» деп әдеби сот үкімін шығарған баспасөз беттеріндегі даңғазда-даурықпаларға тоқталмаймын. Кейінгі өмірі, «Алқа» әдеби үйірмесі, соттағы тергеу ісі, тағдыры туралы мұрағат деректері өз жөнімен дербес баяндалады.

Сонымен, 1918 жыл. Омбы. Жоғарыда айтылғандай қияметті көріп жүріп Мағжан Жұмабаев ашқан мұғалімдер курсы туралы шәкірті С.Мұқановтың естелігі:

«Омбыда қазақ тілінде мұғалімдер курсы ашылуына лұқсат июнь айында берілген. Колчак үкіметі керекті қаражатты бермек болаған. Оқушылар жатақ үймен, стипендиямен қамтамасыз етілмек те. Қазір оның бірі де болмайын деп тұр: жатақхана жоқ, стипендия жоқ, тек қана оқу үйі мен оқытатын мұғалімдер ғана қазына күшінде болады. Оқушылар өз қаражатына ғана сүйенеді: пәтерді өздері табады, тамақ, киімді өз ақшаларына алады...» [17.89].

Жазғаны рас, оның себептері шолу деректе келтірілді.

С.Мұқанов (жалғасы): «...Курстың бастығы белгілі байшыл-ұлтшыл, кейін революцияға қарсы болған (ондағы басты дәлел Мағжанның Колчак үкіметі ашқан осы курстың меңгерушісі болғаны – Т.Ж.) ақын Мағжан Жұмабаев боп шықты. Оның 1913 жылы «Шолпан» деген атпен басылған кішкене өлеңдер жинағын, «Абай» журналына, «Сарыарқа» және «Жас азамат» газеттеріне басылған бірнеше өлеңдерін оқығам, өзін көрген жоқпын да. Енді көрсем: үлкендеу қой көзді, дөңгелектеу жүзді, қыр мұрынды, бұйра кара шашты көркем жігіт екен, сақал, мұртын қырады екен... Түстен кейін келсем Мағжан орынында екен: – Егер тұрғын келсе, орын таптым. Менің тұрған пәтерім Ғазизбай деген кісінің үйі. Оның әйелі – менің шешемнің сіңілісі. Сол кісімен сөйлестім. Қора-қопсысын күтесің...Еңбекақы бермейді, киім-кешек те бермейді. Тек ішетін тамағың мен жатар орыныңа ғана ақы алмайды. Ендеше, – деп Мағжан Ғазизбайға хат жазды да, сыртына адресін көрсетіп, қолыма берді...» [17.89, 91.].

Міне, осы арада қиыннан қиыстырылған қисындар тамылжыта баяндалады. Әліпті енді таяқ деп қана білген Сәбит – аяқ астынан тапшыл, тап күресінің жанашыры боп шыға келеді. Мағжанға, үй иесі Ғазизбайға, сол үйдің қызы, Мағжанның туған бөлесі Ғазизаға, өмірі көрмеген, атын сол күндері естіген большевиктерге, большевиктердің астыртын ұйымына көзқарастарын баяндайды. Аяқ астынан Мағжанға, үй иесіне, Ғазизаға суық тартады. Әсіресе, Ғазизаға деген көзқарасынан қимастық ырқы танылады. Шынымен, бір-екі айдың ішінде «батырақ Сәбит» – «большевик Сәбит» болып шыға келді ме? Қайдам. Бізге салса, ауылдасы, ұлы жазушыс Ғабит Мүсреповтің күнделігіндегі:

«18-жыл Омбыда мұғалімдер курсында. Сәбит Ғазизаның үйінде. Атшы қаражорғаның құлауы, ұят жанжал. Сәбит ол үйден кетеді... Ол үйге оны Мағжан орналастырған [32.228], – деген емеуірінінде қандай да бір бүгулі астар бар сияқты.

Бүкіл өмірі мен шығармасы емеуірінді астардан тұратын Ғабеннің:

«Қаражорғаның құлауы, ұят жанжал, Сәбит ол үйден кетеді» – деген сөздерінің астарында шынында да Сәбеннің «Өмір мектебіндегі» тапшыл, кедейшіл бозбаланың екпінді бөртпесінен көрі, өзіне де ұятты сөз келетін бір

Мағжан мен Ғазизаның арасындасы аға-қарындастық сезімді «ғашықтық қызғанышқа» айналдырып жіберген тұстағы Сәбиттің қаламынан бір күдікті діріл байқалады. Ғабең емеуірін етіп отырған «ұят жанжалдың» шымылдығы осы арада ашылмай қалған. Ал, шымылдық жасырған ол шындық қандай, «ұяттың Мағжан көтеріп» кете бере ме. Әзірше, қиянатын қиямет қана анықтайтын бір шымшым шындық осы болып қала беретін сияқты. Үйге орналастырған кезде Мағжанның: «Ұятты кісілер. Бірдеңе бүлдіріп жүрме. Байқа», – деп ескертуінде және тура сол сөздерді естелігіне жазуын – жазып, әдібін жазбай кеткен Сәбиттің күмілжуінде бір кілтипан жатқаны анық. Ұстаз бен шәкірт арасына өшпенділік туғызатындай ол қандай оқиға? Оның астарын – көркем мәтін мен көркем шындықтың алмасу психологиясын ажырататын «бір өлеңнің тарихын» талдауға негізделген әдеби тәсіл ғана ашып береді. Сол тәсілдің маманы болып есептелсек те, ол біздің дәл осы арадағы міндетімізге жатпайды.

Жауапсыз сұрақ мынау: естелік иесі жатқан үйінен неге кетті және оған Мағжанды неге кінәлай баяндайды?

Әдетте, әр оқиғаны ұзағынан баяндап, өрекип-өршіте баяндайтын Сәбит Мұқанов курстың жабылуы туралы бір абзацпен шектеліп, шұғыл қайырады:

«Одан курсқа келсем, тінту жасалып, бірнеше оқушыны тұтқынға алыпты. Хатшының айтуынша Мағжан қазір үкіметтің көтерілісті тексеру комиссиясының мүшесі боп отыр... Бір жұмадан кейін басталған курстың сабағы ұзаққа созылмады. Неден екені белгісіз, курстың үйі бір түнде күйіп кетті, соған байланысты курстың оқуы жабылды...» [17. 121].

Негізгі себеп: Оқу ғимараты мен пәтер мәселесінің өте қиындап кетуіне байланысты 1919 жылы 31 наурызда курсты жабу туралы шешім қабылданды. М.Жұмабаевтің ұсынысымен ауылға қайтатындарға ақшалай көмек берілді.

«Ақмола облыстық жергілікті басқарма: майдандағы және тылдағы жағдай анықталып, қалпына келгенше аталған курстардың жұмысы тоқтатылсын, 1 қазаннан бастап несие төлеу есебі жабылсын» – деп қаулы қабылдады. Бұған өршіп тұрған сүзек пен оба індетінің де кесірі тиді [49.58-72].

Осы арада екінші бір дүдәмал дерек шан береді:

«Мен өкінген жоқпын. Несіне өкінем, курс жабылмағанда да, одан әрі оқитын хал менде жоқ еді. Тарар алдында дирекция (яғни, Мағжан Жұмабаев): Алдағы жылы оқуды қайта бастаймыз, оған дейін үй табылмады», – деп дирекция жұбатпақ болды. Кім нанады оған?» [17. 121], – деп жортақтатады С.Мұқанов.

Сәбит Мұқановтың бұл «жазбасы» Мағжанның өміріне қаратыла таратылған алғашқы ресми лақап. С.Мұқанов өзіне соншама жақсылық жасаған адамға неге күйе жағып, пәле іздеп, дұшпандық ниетпен көрсетеді, сонысы түсініксіз. Өліпті жаңа танып жүрген шала сауатты бозбаланың «Қызылдардың Орал тауынан бері шығып, жаппай шабуылмен жылжып келе жатқанын» [17.121] үмітпен күтетіндей, Сәбит Мұқановтың өзі айтқандай, «тап-

Міне, содан бастап Мағжан туралы аңыздар мен арыздар қаулай бастады...

1919 жылдың соңғы маусымында Батыс Сібір мен Омбы өңірі большевиктердің қолына қайта көшті. Бұл жолы алдағы уақытта 74 жыл билеуге мүнәфік етілген кеңес өкіметі қайта орнады, жергілікті басқармалардың күші жойылды, оның орынын ревком, губком, обком алмастырды.

Мағжан 1920 жылы 10 қаңтардан бастап Омбы облыстық білім басқармасының қазақ-татар бөліміне нұсқаушы болып орналасып, ондағы үш ер балалар гимназиясының, жекеменшіктегі қолөнер училищесінің, бес қыздар гимназиясының және үш жекеменшік гимназияның жұмысына жетекшілік етті. Оларда барлығы 2946 шәкірт оқитын. Басты қиыншылық – оқулықпен қамтамасыз ету және жаңа талапқа бейімделген оқу-әдістемесін қалыптастыру еді. Қазақ өлкелік халық ағарту комиссары А.Байтұрсыновтың ұсынысымен және редакциялық алқаның ұйғаруымен Мағжанға: 1.Қазақ тарихы. 2. Педагогика (1922 жылы Орынборда жарық көрді). 3.Әдебиеттану пәндері бойынша оқулық жазу тапсырылды.

1920 жылы ақпанда Омбыда ашылған «Кедей сөзі» газеті 14 наурызда Қызылжарға ауыстырылып, «Бостандық туы» деген атпен шыға бастайды. Мағжан Қызылжарға ауысып, сол газеттің алғашқы шығарушыларының бірі болды. Сол жылы жазда 6 маусымда Қызылжарда «Қызыл мұғалімдер» курсы ашылып, педагогикалық оқу орынының ұйымдастыру шараларымен жақсы таныс Мағжан Жұмабаев директорлыққа бекітіледі. Курс «Романовтар үйінде» орналасты. Аудандық, уездік мұғалімдер съезінде іріктелген 191 шәкірт қабылданады. Мағжанның өзі қазақ тілі мен әдебиетінен 1922 жылға дейін дәріс берді [49.58-72;101-108].

Онда бір жылда кәнігі большевик боп үлгерген Сәбит Мұқанов тағы да оқыды, бұл жолы да оны Мағжанның өзі орналастырды. Сол «Қызыл мұғалімдер» курсына ол өзінің ұлы махаббаты:

Жаным өлік еді, жанға жан кірді,
Тамыр кеуіп еді, ыстық қан жүгірді.
Жиегінде қорғасындай көгімнің,
Бүгін ғана бақыт таңы білінді...

...Жиырма жеті жыл жүрекке берілдім,
Түнін көрмей, күнін көріп өмірдің:
Ескі жаспен жуып алдым жанымды,
Өлген жерден бүгін мәңгі тірілдім! [10.169-170], –
дегізген Гүлсім Зәкір қызы Камаловамен танысты.

Бұл екі адам да оның маңдайына жазылған жазмыштың тозағы (Сәбит) мен жұмағы (Гүлсім) болды. Айтпауға, жазбауға болмайтын, жалынынан күйесі басым тозақ оты былай тұтанды.

1920 жыл. 6 маусым. Қызылжар. «Қызыл мұғалімдер» курсы. М.Жұмабаев – директор. С.Мұқанов шәкірт:

«Қазақ тілі» аталатын сабақ енді екі жүйеге бөлінді: біреуі – грамматика-

сы мен синтаксисі, екіншісі – әдебиет таныту. Бұл екі сабақты да оқытатын – Мағжан Жұмабаев. Жұмабаевтің сабағын тыңдаушылар екіге жарылды: бір жүйесі – қарсы, бұлар – көпшілік, енді бір жүйесі – жақтайды, бұлар – азшылық. Екі жүйелі курсанттардың арасында кешікпей таластар басталды. Талас көбінесе жатақ үйде болады. Күндіз оқумен шұғылданған курсанттар, кешкі астан кейін клубқа арналған кең бөлмеге жиналады да, Жұмабаевтің сабағы туралы ғана емес, өзі туралы да пікір алысады. Көпшіліктің айтуынша, ол революцияға қарсылық құралын тастамаған, шамасы келсе, ұлтшыл-байшылдық ойын іске асырғысы келетін адам. Азшылық бұған қарсы болғанымен, көпшіліктің дәлелі басым бола береді. Біраз күннен кейін курсанттардың арасынан әдебиет және музыка үйірмелерін құрушылар да шыға бастады...» [17.271].

Естелігіне қарағанда Сәбиттің аңдығаны Мағжан болыпты. Мүйіздері қатая бастаған курсанттар Мағжанды директорлықтан ысырады, ақыры мүйіздей-мүйіздей келіп курсқа дәріс беруден де шеттетіп тынады. Бұл – тап қайшылығынан көрі, кәдімгі пендешілік өшпенділікке жақын табалауға ұқсайды. Күндіз: Мағжан жойылсын! – дейді, түнде: Мағжан жасасын! – дейді. Оның бұл мінезіне таң қалған сол кездегі досы Ф.Мүсрепов өзінің «Күнделігінде» :

«Сәбит 21 ж. Пресногорьковте екі түн Мағжан өлеңдерін айтып еді. Әдейі соны үгіттеуге шыққандай еді» [32.228], – деп жазады.

Қызық. Сонда, С.Мұқановтың нақты ұстанған өз пікірі қайсы?

Сәбит Мұқанов мұнымен де тыным таппайды. Енді ол Мағжан Жұмабаевті әдеби кештен қуады:

«Сауық кештерінің бір түрі – әдебиет кеші. Сондай кештердің біреуінде, бізге белгілі алашордашы ақын Мағжан Жұмабаев өзінің пан-азиатшылдық бағытта жазылған «Пайғамбар» атты өлеңін, пантүрікшілдік бағытта жазылған «Бауырыма» атты өлеңін, ұлтшылдық мағынада жазылған «Сары дала» атты өлеңін оқыпты. Жиылып тыңдағандардың көбі «Нәпмандар» (Жаңа үнем саясаты кезінде бас көтерген буржуазия – С.М.). Осы мәселе ячейканың бюросында сөз болды. Пікір алысқанда, біреулер: «Жұмабаевқа өлең оқытпау оңай, сонда советтік темада жазылған өлеңдерден әдебиет кешін ұйымдастыруға бола ма?» – деген сұрау қойып еді, мен бюро мүшелеріне советтік бағытта жаза бастаған бірнеше жастардың барын айттым. – Онда былай болсын, – деді Уғар (тентек мінезді жұмысшыдан шыққан оғар большевик – Т.Ж.), – Жақын арада Жұмабаевтар тағы да әдебиет кешін жасағалы жүр деп естідім... Кешке кім келсе де еркі, ал бұл кеште совет тілегіндегі өлеңдер ғана оқылады. Осы кештің билігін маған беріңдерші», – деп сұранады... Көпшілік Уғарды қостады...» [17.166-167].

Мұның барлығына себепкер болып отырған басты кілтипан – Бернияз Күлеевтің құрастыруымен 1922 жылы Қазан қаласында басылып шыққан Мағжанның «Өлеңдер» жинағы еді. Жастардың қолынан – Мағжанның жыр жинағы, аузынан – өлеңдері түспейді. Әрине, бұл сол жылдары «қызыл белсенді, шолақ белсенді» деп аталғандардың жүйкесіне тиді, «намыстарын қоздырды». Сонымен:

«Шығыс кеші» өтеді. Мағжан қатысады» – дегенді естіген көпшілік залға

118 сыймай кетеді. Сырттағы билетсіз тұрғандар есікті тарсылдата ұрғылайды. Кеңесшіл жастар өлеңін оқиды. «Мағжан солардың арасында әлде не қауіпті сезіп», сақнаға шықпай қалады. Уғар мылтықтың күшімен халықты қамап ұстайды» [17.167].

Міне, осымен өзінің өмірдегі және өнердегі ұстазына Сәбит осылай қысастық жасап, Мағжанды үшінші рет (Жұмбақ қалған «Ғазиза қыз» хикаясы, 1918 жылғы және 1920 жылғы курс оқиғасы) арандатып, «тап жауы» ретінде қорлайды.

Сөйтіп, Мағжанға арналған әдеби кеште, Мағжанның сол кезде дүниені дүр сілкіндіріп, дәуір салмағын сілкіп тастап: «Сен түрік боп туғаның үшін де бақыттысың!» – деп озандатып жатқан «Алыстағы бауырына» – Ата түрікке жолдаған:

Алыста ауыр азап шеккен бауырым,
Қуарған бәйшешектей кепкен бауырым.
Қамалған қалың жаудың ортасында,
Көл қылып көздің жасын төккен, бауырым!

...Алтайдың алтын күні еркелетіп,
Келгенде жолбарыс боп жаңа ер жетіп.
Ақ теңіз, Қара теңіз ар жағына,
Бауырым, мені тастап қалдың кетіп!

...Бауырым! Сен о жақта, мен бұ жақта,
Қайғыдан қан жұтамыз.
Біздің атқа
Лайық па құл боп тұру.
Кел кетелік,
Алтайға, ата мирас алтын таққа! [10.72], –
деген атой ұранды өлеңі оқылмай қалды, деген атой ұранды өлеңі оқылмай қалды.

6.

Міне, осылай: бірі – жасасын, екіншісі – жойылсын! – деп қызылөңештеп жатқан науқанның соңы 1921-1922 жылдардың арасында бір жарым миллион қазақты қырып салған ашаршылыққа ұласты.

1921 жылдың күзі мен 1922 жылдың көктемі қазақ мемлекеті мен ұлты үшін саяси, экономикалық, ұлттық мәселелердің ширыға шиеленіскен тұсы болды.

1928 жылы 26 қарашада басталған тергеу ісіндегі Мағжанға тағылған басты айып: «1921 жылы 10 желтоқсан күні өткен қазақ қызметкерлерінің Өлкелік кеңесіндегі күн тәртібіне қойылған: 1. «Коммунист-колонизаторларды» әшкерелеу, 2. Ашаршылыққа ұшыраған қазақ ауылдарындағы аштарға көмек комиссиясын құру – мәселесінің жүзеге асырылуына тікелей қатысты тағылды.

Кеңесте жарияланған «Аштарға көмек комиссиясының жұмыс қортындысы» мынадай:

«Қазақ Автономиялы республикасының бес губерниясында 1 миллион 559 мың адам аштықтың тырнағына ілініпті. Әрине, бұл толық дерек емес екендігі түсінікті. Қазақ Республикасындағы баспанасыз, қаңғып қалған балалардың саны 1921 жылы 1 желтоқсанда – 128 мыңға, 31 желтоқсанда – 158 мыңға, 1922 жылдың қаңтар айында– 333 мыңға, наурыз айында – 408 мыңға жетіпті. Бұлар тек есепке алынған аш балалар. Ал, қалаға жете алмай далада сүйегі шашылып қалғандар қаншама. Қазақ даласына ажал сепкен аштықтың қалай жайылғанын Мәскеудегі Орталық Партия Комитетіне Қазақ өлкелік комитеті жолдаған мына төмендегі екі кестеден анық байқайсыздар.

Кесте 1: 1921 жылы наурыздың соңындағы мәлімет бойынша аштыққа ұшырағандар (мың адам)

Губерниялар	Тұрғындардың жалпы саны	Аштыққа ұшырағаны	Үлесі %
Орынбор	680.271	526.401	80.3
Қостанай	455.598	414.350	74.5
Ақтөбе	501.637	361.049	72.0
Орал	470.028	446.536	99.0
Бөкей	224.028	66.255	29.5
Ақмола	1 млн. 021.164	472.000	46.2
Жиыны:	3млн. 353.228	2 млн. 286.591	68.2

Кесте 2: 1921-1922 жылдары аштық пен індетке ұшырағандардың (мың адам) тізімге іліккен мөлшері (жақшаның ішіндегі сан – өлгендердің есебін көрсетеді)

Айлары	Орынборда	Оралда	Ақтөбеде	Ақмолада
1921 жыл.				
Қараша	3044(210.7)	112.(39)	1112(1.010)	250(172)
Желтоқсан	2.835(2.022)	947(481)	749(1.642)	224(184)
1922 жыл.				
Қаңтар	2.241(1.908)	813(503)	1.050(981)	483(350)
Ақпан	770.3(625)	850(545)	1.438(138.9)	105.0(730)
Наурыз	520.1(378.5)	868(428)	712(602)	103.1(150.9)
Көкек	433.3(340.1)	712(472)	630(530)	226.0 (149.1)
Мамыр	347.9(270.0)	536 (418)	548(474)	704(502)
Маусым	682(376)	338(57)	505(430)	57(17)
Жиыны:	2.957.8 (2.253.5)	5.178(3.003)	7804(70.58)	6659(4955)

Екі кестенің соңына да: «Бұл толық есеп емес. Аштардың да, өлгендердің

120 де саны бұдан әлдеқайда көп. Әсіресе, 1922 жылдың басындағы өлгендердің саны тым көп: 16 000 адамы бар Ор қаласындағы өлгендердің саны 11 000 адамға жетті (Сонда, 15 адамның 11-і өлген болып шаға ма – Т.Ж.). Ақтөбе губерниясының Можаров ауданына қарасты Тоқан болысындағы 1 500 адамның 600 адамы аштан өлді, сонымен қатар, мұқым поселкалар мен ауылдардың толықтай аштан қырылып қалғандары да бар» [3.1.186], – деп ескерту берілген.

1922 жылдың мамырдың 5-күні аштыққа қарсы күрес жөнінде Солтүстік Қазақстан губерниялық төтенше комиссияның мәжілісі болды. Мәжілісте уездер бойынша қалыптасқан жағдай сараланды. Облыстық аштарға көмек комиссиясының төраға орынбасары болып сайланған Мағжан Жұмабаев талқылауға белсене араласты. Елді аштық жайлағанын бұдан былай жасырмай, бүкіл республикаға ашық жариялауды табанды түрде талап етті. Соның нәтижесінде, жоғарыдағы өлкедегі ашаршылық туралы жоғарыдағы ресми кестеге кірмеген мынадай мәліметтер республикалық комиссияға жолданды:

«Ақпан айында Қазақстанның аштық жайлаған солтүстік өңірінде жағдай тіпті асқынып кетті. Күн суытты. Жер-жерден үрейлі хабарлар келіп жатыр. Аштық пен ажал аранын ашып, Қазақстанның солтүстігінен, орталыққа қарай жылжи тарап барады. Оны тоқтатар күш жоқ сияқты... 1922 жылғы 30-қыркүйектегі мәлімет бойынша Ақмола уезінде аш-арық ретінде 128 698, Көкшетау уезінде 20 083, Атбасар уезінде 14 585 адам тіркелген. Осы мерзімге дейін Ресей жақтан өз бетімен келген 10 мың босқын бұрынғы тұрған жеріне қайтарылды» [74.294].

Компартияның Қазақ өлкелік коммунистері Қазақстандағы аштыққа қарсы шара қолданбақ түгіл, бұған үзілді-кесілді қарсы шықты. Олар: «Партия съезінің назарын басқа жаққа аударуға, таптық күресті әлсіретуге жол бермейміз» [75.391] – деп өршеленді. Губернияларға жергілікті ұлтшылдықпен күресті нығайтуға пәрмен берді. Бұған қарсы М.Жұмабаевтің ықпалымен жоғарыға мынадай әшкерелеуші жеделхат жолданды:

«Жағдайдың осындай шиеленіскеніне қарамастан Оны мына жеделхаттан анық байқауға болады: «Орталық Ақмола губерниясындағы жергілікті халықтың аштан қырылып жатқанын мойындамай, үнемі қысым көрсетіп келеді. Орталықтың нұсқауы бойынша Орынборға бес мың пұт, Башқұрт Республикасына бір мың пұт астық жөнелтілді» [74.294-295].

Жалпы, Мағжанның өз еліндегі досы да, жалған жанашыры да, меншікті тіміскілері де көп болды. 1922 жылы өзге емес, Мағжан Жұмабаев пен Жұмағали Тілеулиннің Қызылжарда өткен қазақ зиялыларының кеңесінде аштарға көмектесу туралы сөйлеген сөздерін «ауырсынып», өзінің «естімегеніне» өкінген жазушы-революционер Сабыр Шарипов:

«Көпшілігі мәселені талқылауға дәрменсіз қазақ интеллигенциясы мен жаңадан тартылған коммунистерді қатыстырып Қазақ кеңесін өткізудің қандай қажеттігі бар? Қазақ кеңесін шақыруды кім шығарғанын білмеймін, алайда өткен жылы Орынборда бұл идеяны ұсынған «Бөкейханов бабай» дегенді естігемін» [13.105-106], – деп Губкомға арыз жазды.

Осы арыздың сыртына қарындашпен:

«Бұл фракцияда емес, кеңес те емес, тек орыс тілін білмейтін қызметкер-

лердің жиналысы ғана. Оларды үйірмеге ертіп келген Шарипов емес қой. Мен мұны үнемі жиналыс деп атаймын... Жиналыстың мақсаты: партияда жоқ көпшілікті тарту ма? Жұмабаевты да. Уәкілдің келуіне байланысты дайындалған» [13.105-106], – деп бұрыштама соғылыпты.

Ресейге астық жөнелткендердің қатарында Мағжанның шәкірті Сәбит Мұқанов та бар болатын. Ол өзінің «Өмір мектептері» атты мемуарлық кітбында Лениннің өзіне:

«Қиыншылыққа ұшыраған елдің ауыр жағдайына қарамастан олардың тығып қойған жерінен тартып алып: «Пролетариат мүддесі үшін» он мыңдаған пұт астықты Мәскеуге жөнелттім» [17.347] – деп жеделхат жолдағанын ашық жазады.

Өзі басқарып отырған халыққа өзі аштық жариялаған Өлкелік партия комитетінің хатшысы С.Меңдешев бастаған большевиктер де С.Мұқановтан қалыспай Мәскеуге:

«Ашаршылық туралы қауесетті таратып жүрген ұлтшылдар. Олар қарапайым шаруаның мұң-мұқтажын жоқтағансып, еңбекшілердің назарын өздеріне аудару үшін қасақана байбалам салуда» [75.391], – деп қарсы жеделхат жолдады.

Ақыры, мұндай қылмысты әшкерелеу үшін, 1922 жылғы 11-маусым күні Мағжан губерниялық «Мир труда» атты орыс газетіне «Сарыарқадағы аштық» атты мақала жазып, қазақ даласындағы аштықтың тұтас ұлтқа қатер төндіріп отырғанын ашық жария етті. Ол осы уақытқа дейін солтүстік аймақтарды аштық жайлағанын жасырып отырған большевиктердің пиғылын әшкерелей келе, өзінің толғау сөзін:

«Еділ қатса, кім кешпес? Едіге өлсе, кім келмес?. Өзір Еділ қатпайды, әзір Едіге өлмейді, Еділдің ханы Едіге өлсе күн сөнеді, ай тұтылады. Тарих тереңінен ұмытылмай келе жатқан осы бір қанатты тіркестер қазақ халқының тағдырында Еділдің қандай орын алатынын, қазақтың Сарыарқасы мен мол сулы Еділ дариясының үзілмес байланысын көрсетеді. Еділ жағасында басталған алапат аштық алып өзеннің алабындағы қалың елді жайпап, Сарыарқаның маң даласына келіп жеткелі де бірталай болды... Ал, енді осындай қанды қырғынның себебі неде? Былтыр, Еділ бойы ашыққанда бүкіл Ресей дабыл қақты. Кең арналы Еділ бүкіл елді дүр сілкіндірді... Ал, бұған керісінше, қасіретке мойын ұсынып, үн шығармай жатқан Сарыарқа, сол аштықпен арпалысуда, қауқары біткен соң жеңіліп, тұяқ серіппей жан тапсыруда» [2.294-299], – деген ақындық рухпен бастады.

Сүйікті ақындарының атынан жазылған бұл сөз бүкіл қазақ халқына айтылған ұлттық үндеу болып жетті. Барымен көмек қолын созды. Жоғарыдағы ресми мәліметтерге кірмеген, Мағжан Жұмабаев көрсеткен аштардың санынан-ақ, бұл ашаршылықтың қазақ халқына қандай көлемде зауал әкелгенін болжауға болады.

1928-1932 жылдары алашордашылардың үстінен іс қозғаған тергеушілер Мағжанның «ең басты қылмысын», оның: 1922 жылы «Жауапты орындарға кіріп алып, кеңес өкіметіне жат идеяны насихаттағанын», «мысалы, алашордашылар аштарға көмектесу арқылы өздерінің ұлтшылдық ықпалын жүргізуге тырысқанын» білмеген, не қаперге ілмеген. Мағжанның өзі

122 де оны «жасырып қалған». Егерде 1922 жылы «аса жауапты орын» – Ақмола губерниялық аштықпен күрес жөніндегі төтенше комиссияның төрағасының орынбасары ретінде белсенді қызмет атқарып, уездерді аралағаны тергеушілерге мәлім болса, онда Мағжанның тура Жүсіпбек Аймауытовқа тағылған: ашаршылықты желеу етіп кеңес өкіметіне қарсы ұлтшылдық үгіт-насихат жүргізіп, контрреволюциялық әрекеттер жасауға ұмтылды – деген айыппен жазаға тартылатыны анық еді. Біз, тағы да профессор З.Тайшыбайдың жинақтаған деректеріне иек артамыз:

«1922 жылғы 23 маусым күні Аштықпен күрес жөніндегі губерниялық төтенше комиссияның мәжілісінде Мағжан: «Петропавл станциясында 1 500 аш-арық жүр, олар елдеріне қайтқысы келеді. Осыларды қосқанда таяу арада 5 000 адамды қайтару керек. Олардың құжаттарын тексеру жөнінде сөз қозғалмасын», – деген ұсыныс айтты.

Бұйрық: «1922 жылғы 1 шілде. «Аштықпен күрес жөніндегі Ақмола губерниялық төтенше комиссиясы төрағасының орынбасары Мағжан Бекенұлы Жұмабаев аштарға көмек көрсету үшін Петропавл және Көкшетау уездеріне жіберілді. М.Жұмабаевқа аштарға көмектесу жөнінде жұртшылық арасында үгіт-түсінік жұмыстарын жүргізу үшін қазақ қызметкерлерін, ақсақалдарды пайдалану құқы берілді.

ҚОАК және ЦЧК төтенше өкілі Қияқов».

Сол күні М.Жұмабаев пен Қияқов Петропавлдан Көкшетауға қарай салт атпен шығып кетеді. Қазақ ауылдарын 50 күн бойы аралап, жағдаймен танысып, аштарға көмек көрсету жөнінде нақты шараларды ұйымдастырады. Шілденің 14 күні Мағжан Көкшетау уездік атқару комитеті шақырған жиналысқа қатысады. Жанында еріп барған молла Ғалиасқар Айтқожинді Ақсары, Қотыркөл, Шығыс, Жауар, Көк-сеңгір болыстарына жібереді.

1 тамыз күні Ақмола губаткомының төрағасы және сол ашаршылыққа қарсы күресуге тиісті және аштардың өліміне тікелей жауап беретін азық-түлікпен қамтамасыз ету жөніндегі губерниялық комиссияның төрағасы С. Шарипов: «Аштар комитетіне. Жұмабаевқа баяндама жасау үшін губернияға қайтсын» – деген жеделхат жолдады.

Іле, сол «жазушы» Сабыр Шәріпов «Мир труда» газетінің 9 тамыздағы санында «Рибас» деген бүркеншік атпен «Кеңес қызметінде алашордашыларға орын жоқ» деген атышулы мақаласын жариялады. Онда, Мағжанның бар жақсылығын жоққа шығарып:

«Қазақ интеллигенциялары көсемдерінің, буржуйлар мен кулақтардың жалдаптары мен балалары Жұмабаев, Тілеулин, Мұқышев, (ағайынды) Сейітовтер, Итбаев, Тұрысбаев, Жанайдаров, Нұралин, Колчактің есебінде тұрып, Бөкейхановтың, Байтұрсыновтың және Дулатовтың қолпаштауымен большевиктердің көзін жоюға, құртуға атсалысты, олар, тіпті, қатардағы жай кеңес қызметкерлерін жазалауға да жиі-жиі белсене араласты. Алайда, кеңес өкіметі шын мәнінде әділетті және тарихтағы алғашқы кешірімді өкімет. Аталған интеллигенттердің ешқайсысы кінәсіне орай жазасын алған жоқ, керісінше, олар кедейлер үшін қандай да бір пайда әкелер деген үмітпен оларды осы уақытқа дейін жауапты қызметтерге қойып келді. Бірақ та, олар бұған тек қастандық жасаумен және санасы төмен еңбекшілердің арасында

кеңес өкіметіне қарсы іріткі салатын үгіт жүргізумен жауап беріп келеді... Мысалы, алашордашылар аштарға көмектесу арқылы өздерінің ұлтшылдық ықпалын жүргізуге тырысты» [39.118; қараңыз, сонда: 76] – деген жала жабылды.

Мағжанның мұндай сауапқа толы жанкешті ісі большевиктік белсенділерге жақпады, олардың өлермендік өшпенділігін туғызды.

Мағжан 17-тамызда Қызылжар қаласына қайтып келіп, 20 тамызда іспардың есебін жазып берді.

Баяннама

Шілденің 1 күні Қияқов жолдас екеуіміз Петропавлдан аттанып кеттік. Маған Көкшетау және Петропавл уездеріндегі қазақ ауылдарын аралап, аштыққа ұшыраған қазақтар үшін малы бар аймақтардан азық-түлік жинап, тарату және Көкшетау уездік аштарға көмек комиссиясының жұмысын жолға қою тапсырылған болатын.

Шілденің 9 күні Көкшетауға келдік. Қияқов жолдас сол жерден Атбасар арқылы Ақмолаға жүріп кетті. 14-шілде күні Көкшетауда кезектен тыс жалпы жиналыс өткізіп, жағдайды талқыладық. Қазақ ауылдарынан аштарға арнап жылу жинауға шұғыл кірісу туралы қаулы алынды. Әрбір әкімшілік ауылдан 1 ірі қарадан жинап, жиналған мал мен азық-түліктің үштен бір бөлігін Петропавлға, губерниялық комиссияның құзырына жіберуге, қалған үштен екі бөлігін сол жердегі аштарға үлестіріп беру ұйғарылды. Сондай-ақ, Көкшетау қаласында жетім қалған қазақ балалары үшін арнайы мекеме ұйымдастыруға келісілді.

16-шілде күні жер-жердегі жағдайлармен танысу үшін және аш-арықтарға көмек жасау үшін Шұңғыршы, Қарашы, Мезгіл және Айыртау болыстарына жүріп кеттім. Бұл аталған болыстардағы жағдай, шынында да, жан шошырлық екен. Халықтың 90 проценті дала кезіп, жабайы жидек теріп, қоректенуде. Аштықтан дертке ұшыраған көп адамдарды көрдім. Аталған болыстарда 10-11 күндей жүріп, аштарға көмек көрсетуге күш салдым. Бес сиыры мен жылқысы барлардың бір малын алып, малы жоқтарға таратып, уақытша, қысқа дейін сауып, жүрек жалғайтындай жасадым.

Реті келіп тұрғанда, көрсетпесем болмайды, аштыққа ұшыраған отбасыларға салынған май салығы оларды мүлде тұралатып кетіпті. Мысалы, он жаны бар отбасы жалғыз сиырға қарап отырса да, салық түрінде май өткізуге міндеттелген, сөйтіп, жаңағы он адам қайыршылыққа ұшыраған.

Аштарға азық үлестіріп, шілденің аяғына қарай Көкшетауға келдім де, уездік комиссияның мүшесі Мұхтасип Айтқожин жолдасты ертіп, аштыққа ұшырай қоймаған шығыс өңірге аттанып кеттім. Көкшетау мен Қотыркөл болыстарында болдым, жұртшылық аштарға көмек көрсету жөнінде менің сөздеріме қалтқысыз құлақ түрді. Осы екі болыстың халқы жылу ретінде ірлі-уақты жетпіс мал берді, жүз елу дана мал терісін жинады.

«Укомпомголдың» қаулысына сәйкес, жиналған малдың үштенекі бөлігін Көкшетауға жеткізіп, аштыққа ұшыраған батыс болыстарға тарату және қалған үштен бір бөлігін Петропавлға айдап әкелу жөнінде Мұхтасип Айтқожинға тапсырма бердім, бұл мал таяуда келіп те қалар. Айтқожин менің

124 жұмсауыммен Ақсары, Жауар және Шығыс болыстарына жүріп кеткен. Сол жақтан мал жинап, Көкшетау мен Петропавлға жібереді.

Петропавлға қайтар жолда губпомгол өкілі Жақыпов жолдаспен бірге Петропавл уезінің Жамантүз және Тереңкөл болыстарында болдым. Бұл болыстардың халқы аштыққа жартылай ұшыраған. Дегенмен, аз-кем малы барлар менің айтқанымды екі етпей, аштарға көмек көрсетуде.

Тайынша болысынан 20 ірі қара мен 20 тері, Жамантүз болысынан 20 ірі қара және 25 тері, Тұран болысынан 7 ірі қара мен 5 тері жиналды (Тері де адамдарға азық болған. Астағфиралла!). Менің нұсқауыммен, Жақыпов жолдас бұл малдардың бәрін болыстық атқару комитетімен келісе отырып, аш-арықтарға таратып берді. Петропавл уезіндегі 4 болыста мал жинау 15-тамызда аяқталды.

17-тамыз күні Петропавл қаласына келдім.

Аштарға көмек жөніндегі губерниялық төтенше комиссия төрағасының орынбасары М.Жұмабаев.

Петропавл қаласы, 1922 жылғы 20 тамыз».

Тек бір анығы – сол күні аштықпен күрес жөніндегі төтенше комиссияның аты – «Аштықтың зардаптарын жою жөніндегі комиссия» деп өзгертіліп аталған. Ол комиссияның құрамына Мағжан Жұмабаев, әрине, кіргізілмеді. 1922 жылдың 29 тамызында Қияков та Петропавлға қайтып келді» [74.300-303].

Мұндай ашықтан-ашық тағылған ауыр айып, ал сол жылдардағы революциялық тәртіп бойынша мұндай қылмысы үшін бірден ату жазасына кесілетін, қандай дерекке негізделді? Мамыр айында өткен Сорлтүстік Қазақстан губерниялық төтенше комиссияның мәжілісінде кеңес өкіметіне қарсы қандай да бір пікір айтылуы мүмкін бе? С.Шариповтің губкомға жазған шағым хатына не түрткі болды? Аштарға көмек комиссиясының төрағасының орынбасары ретінде уезді аралап, аштарды азық-түлікпен қамтамасыз етіп жүрген жанашыр жанға: «олар бұған тек қастандық жасаумен және санасы төмен еңбекшілердің арасында кеңес өкіметіне қарсы іріткі салатын үгіт жүргізумен жауап беріп келеді... Мысалы, алашордашылар аштарға көмектесу арқылы өздерінің ұлтшылдық ықпалын жүргізуге тырысты», – деген сөз өзеурегендердің өзегіне талшық болмайтынын, өзге – өзге, Сабыр Шарипов сияқты қалам иесі білсе керек-ті. Біздің ойымызша, бұған себеп:

бірінші, 1922 жылы партия қатарын тазалау науқаны жаппай қатаң түрде жүргізіліп жатты. Бұл, сол «тазалау науқанының» тасқынынан туған екпін болуы мүмкін.

Екінші, сол кезде азық-түліктен қиналған Ресейдің және Петорград пен Москваның тұрғындарын қамтамасыз ету үшін жан алысып-жан берісіп жатқанда, Мағжан Жұмабаевтің ол азық-түлікті жергілікті аштарға бөліп беруі – большевиктердің ызасы мен дәрменсіздігін тудырды әрі олардың коммунистік-колонизаторлық аяр пиғылын әшкерелейтін. Ол туралы Сәбит Мұқанов өзінің «Өмір мектебі» естелігінде, азық-түлік жинай келген қуақы қызталақ (шын мағынасында, кейіннен дәлелденген қылмыстық факті) Калининнің:

«Қалжың араластыра, жұртты күлдіре айтқан бұдан кейінгі сөзінен тындаушылардың аңғарғаны: Өкімет, шынында да Москва мен Ленинград (ол кезде әлі Петроград болатын – Т.Ж.) халқын биыл азықтандыруды Ақмола облысына жүктейді екен... Желпініп сөзге шыққандардың бәрі...: «Петроград – Россиядағы пролетариаттық революцияның ошағы. Москва – Советтік Россияның астанасы. Сондай екі үлкен астананы азықтандыру, биыл негізінде, Ақмола облысына жүктелсе, бұл аса құрметті міндет, ендеше орындау керек!» – десті... Ұзаққа созылған жиналыс, Ақмола облысынан үш миллион пұт астықты, 43 мың бас малды үш айдың ішінде Москва мен Ленинградқа жеткізуге қаулы алды... Продразверстка жұмысы қанша қиыншылықпен жүрсе де, 1921 жылдың январь айының басында Пресногорьковкадағы Рацпродком орындады да, телеграмма арқылы Россияның социалистік Федеративтік Советтік республикасының Халық комиссарлар Советінің председателі Владимир Ильич (Ульянов) Ленинград рапорт берілді. Рапортқа қол қоюшы бес кісінің біреуі болу бақыты – менің де маңдайыма жазылды!..» [17.346-347], – деп марқая жазды.

Тағдырдың тәлкегі деген осы, «халық жауы» Мағжан Жұмабаев – халықты аштықтан құтқаруға жанталасады, ал «еңбекшілер мен езілгендердің досы» Сәбит Мұқанов – аштардың ауызынан соңғы дәнін тартып ап, «бақытқа бөленеді».

Мағжанның қудалануының үшінші себебі, большевиктер алаш қамын ойлаған алаш қайраткерлерінің елдің алдындағы беделінің өсуінен сескенді. Ашаршалық кезінде беделден жүрдай болған большевиктер, тек үрей тудыру арқылы халықты қарамағында ұстауға жанталасты. «Халық жауларын» аңдыды, қамады, атты. Мағжан да соның кебін құшты. 1930 жылы 25 қаңтарда Есім Байғасқинның НКВД тергеушілеріне берген мына көрсетіндісі соған дәлел:

«Ташкент қаласы Пушкин көшесі №10/12 үйде тұратын Есім Байғасқин нақты мына айғақтарды көрсетті: «Алашордашылардың» іс-әрекеттері туралы білетіндерімнің барлығын өткен жолғы көрсетіндімде жазып берген болатынмын. Мен олардың жұмысына араласқан емеспін, «Алашордашыларды» маған сеніммен қарап, сырын жасырмай шынын айтатын Байтасовтың әңгімелері арқылы ғана білемін. Қазақстанда, оның ішінде Петропавлда тұрғандықтан да, алашордашылардың ішінде жүрдім, бірақ олардың тобына қосылғамын жоқ. Өйткені, олар аса сақ жүрді, маған сенімсіздікпен қарады. Себебі, Байділдин мен Тоқтабаев оларды іс жүзінде сатып кеткен болатын. Жоғарыда айтып өткенімдей, маған тек Байтасов қана сеніммен қарайтын.

Өткен жолғы тергеу барысында ұмыт қалған тағы бір жайды айта кеткім келеді. Бірінші көрсетіндімде: 1922 жылы мамыр айында Әнуар паша мен Заки Валидовтің келуіне байланысты алашордашылардың арасында қозғалыс басталғанын, түрікшіл үгіт-насихаттың күшейе түскенін, оған Мұхтар Әуезов пен Тоғжановтың белсене араласқанын жазып берген болатынмын (бірінші көрсетіндіні қараңыз). Петропавлдағы алашордашылардың арасында жүргізген түрікшілдікті насихаттаған отырысқа сол кездегі губаткомның төрағасы Смағұл Қазбеков, губпарткомның ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Мұхамеджан Бейсенов, Әуезов, Тоғжанов, Жұмабаев, Қияқов т.б. қатысты, кеңесте олар ешқандай да қорытынды шешім қабылдаған жоқ, өзара пікір алысумен шектелді. Нәтижесінде ешқандай әрекет жасамауға, Әнуар

126 паша мен Заки Валидовтің іс-қимылын күте тұруға келісті. Міне, олармен араласып, таныс-біліс боп жүрген Байтасовтың айтуы бойынша менің бар білетінім осылар.

Байтасовтың: «Дайындалу қажет», – деген сөзінің астарын мен: қарулы топ құрып, ауыл тұрғындарын көтеріліске дайындау керек, – деп түсіндім. Менің жеке пікірім мынадай: егерде Әнуар паша мен Заки Валидовтің әскері жеңіске жетіп, алға қарай жылжитындай бола қалса, онда алашордашылар тұрғындарды сөзсіз көтеріліске бастар еді, – деп ойлаймын. Сондай-ақ, Байтасов маған: Қожанов пен Рысқұловтың Әнуар паша мен Заки Валидов екеуімен байланысы бар, – деді.

Бұдан басқа алып-қосарым жоқ. Дұрыс жазылған және маған оқып берілді.

Тергеген ПП ОГПУ-дің Шығыс бөлімінің өкілі – Атабеков. 25.1.1930 ж.» [1.6.110-111].

Егде ұстаз Есім Байғаскин, Мағжанның өз еліндегі досы ма, жалған жанашыры ма, жоқ, меншікті тіміскі ме? Мәселе онда емес, мәселе: «1922 жылы мамыр айында Әнуар паша мен Заки Валидовтің (Түркістанға – Т.Ж.) келуіне байланысты алашордашылардың арасында қозғалыс басталғаны, түрікшіл үгіт-насихаттың күшейе түскені» туралы мағлұматта. Демек, Солтүстік Қазақстан губерниялық төтенше комиссияның мәжілісінде ме, жоқ, басқа бір бас қосуларда ма, әйтеуір, «Әнуар паша мен Заки Валидовтің (Түркістанға – Т.Ж.) келуіне байланысты» сөз қозғалғаны анық болып шығады.

7.

Егерде, 1919-1920 жылдары Мағжанның екі рет Заки Уалидимен астыртын кезігіп, бірлескен Түркістан партиясын құру туралы құпия хат апарып, келісім жүргізгенін ескерсек, онда мұндай мәселенің ұшқын беріп қалуы заңды. Сонымен қатар, Әнуар паша мен Заки Валидов Түркістанға келіп жатқанда, атой белгісіне Мағжанның жауап бермеуі мүмкін емес. «Менің жеке пікірім мынадай: егерде Әнуар паша мен Заки Валидовтің әскері жеңіске жетіп, алға қарай жылжитындай бола қалса, онда алашордашылар тұрғындарды сөзсіз көтеріліске бастар еді». Сондықтан да, Мағжанның Түркістанға кетуі оқыс шешім емес, ойда жүрген жоспарлы іс. Мағжанмен бірге Абдолла Байтасовтың да іле Ташкентке келуі соны аңғартады.

Әрине, талқыға салынды. Сол талқының кесірінен, Мағжан өзінің туған жерінен Орта Азияға қуылып, бейресми жер аударылды. «Қыркүйектің басында Челябинскі қаласы арқылы Ташкентке жасырын жүріп кетті» [38.117-118, 123].

Бұл, оның бірінші рет саяси жазаға ұшырауы еді. Бірақ, не үшін? Ұлтын құрып кетуден сақтауға жанталасқаны ма? Иә, сол үшін! Өйткені, коммунист-колонизаторлар билеген большевиктер өкіметі үшін қазақ ұлты – «басы артық ұлт» болатын. Ал, Мағжан Жұмабаев «басы артық» ақын ғана болатын. Сондай-ақ, Мағжан Жұмабаев сияқты «өте қауіпті» творчество иесін, азулы ақынды еркіндікте қалдырудың өзі – «мәдениет майданындағы» қылмыс болып табылатын.

Ұстазына көрсеткен жоғарыда айтылған қорлығына қанағаттанбаған, айызы қанбаған «большевик шәкірт» Сәбит Мұқанов, «Өмір мектебі» атты ғұмырнамалық шығармасында:

«Қызылжардан соққы көре бастаған Мағжан 1922 жылдың күзінде Ташкенге кетті. Со кезде бұ қалаға Мағжаннан басқа да ойда-қырда қашып жүрген алашордашылар жиналды. Қазақ тілінде «Ақ жол» деген атпен шығатын газет, «Шолпан», «Сана» деген атпен шығатын журналдар алашордашылардың ықпалында болды. «Ақ жолдың» бетінде Жұмабаевтің және басқа алашордашыл жазушылардың совет өкіметіне ашық қарсы шыққан өлеңдері, әңгімелері, фельетондары, мақалалары басылып тұрды. Орымборда Байтұрсыновтың юбилейі құлап жатқанда, Ташкендегі алашордашылар оны көтеріп, жоғарыда аталған журналдар мен газеттің беттерінде мақалалар жариялап, портретін басты» [17.510; 17/2.418-420], – деп жазды.

Шындығында да, тек алашордашылардың ғана емес, мұқым Түркістанның милләтшіл қайраткерлері Ташкентке жиналғаны рас еді және Мағжанның сол екі бас қосуға қатысу үшін, соның ішінде Зәки Уалидимен де кездесу үшін аттанғанына төмендегі деректер дәлел.

Х.Досмұхамедовтің 1930 жылы 6 қараша күні ОГПУ-дің тергеушісіне берген жауабынан: «1). ... Жаһанша Досмұхамедов, Мұхамеджан Тынышбаев қатысқан ұйым 22 жылы құрылды да, 24 жылдың басына дейін жұмыс істеді» [6.136].

М.Тынышбаев ОГПУ-дің тергеушісіне берген жауабынан: «1) Біздің Ташкенттегі ұйым 1922 жылдан бастап жұмыс істеді...» [6.130].

Х.Досмұхамедовтің 1930 жылы 21 қыркүйекте ОГПУ-дің тергеушісіне берген жауабынан: «16) Заки Валидовтің Ташкентке келуі туралы айтарым мынау. 1922 жылы күзде Ташкентке келгенімде: Заки Валидовтің бізбен кездескісі келетінін маған жеткізді. Ол кезде біздің ұйым құрылған болатын. Өзге ешкім болмағандықтан да кездесуге өзім жалғыз бардым. Кездесу Қашқынбаевтің үйінде жасырын өтті... Басты мақсатымыз: 1. Заки Валидов пен Әнуар пашаның нақты бағдарламасын, 2. Олардың күрес нәтижелерін, 3. Ташкентке не үшін келгендігін білу еді. Жасырын кездесу ақшам кезінде өтті. Мен контрреволюциялық көтерілісшіл қозғалыстың жетекшісі Заки Валидовпен кездесуге бара жатқанымды толық жауапкершілікпен сезіндім. Заки Валидовтің қасында бейғаныс бір адам болды. Ол қасымнан өтіп бара жатып мені байқап қалды. Әңгімеміз қызу өтті. Мен одан: мұнда қалай тап болғанын, неге келгенін сұрадым. Ол: Әнуар паша жараланып қалғандығын, сондықтан да кеңес өкіметіне қарсы күресті тоқтатуға шешім қабылдағанын, енді ұлттық мүдде үшін күресетінін айтты» [6.153].

З.Валидовтің «Қатирасынан» : «Әнуар паша төртінші тамыз, жұма күні Балшыбаннан 7-8 шақырымдай жердегі Шекен ауылында орыстармен қақтығыста шаһит болды. Оның мына сөзі: «Жеңіске жете алмасақ та, ең болмаса өлігімнің осында қалуымен Түркістанның тәуелсіздігіне қызмет еткен болар едім», – деуі оның шын жүрегінен шығып еді». .. Құрылтайымыз 18-қыркүйекте басталды. Он алты адамның жиналғаны есімде. Әсіресе, қазақ ағайындар жақсы дайындалған еді. Үш күн үш жерде жиналды. Талқыланған қаулылардың бәрі шын жүректен қабылданды. Әуелі Бұхарара құрылған «Орта Азияның қарапайым мұсылмандарының ұлттық одағының»

128 орнына тек «Түркістан ұлттық бірлігі» деген ат қана алынды. Қазақстандағы «Алашорда» атауы – «Солтүстік Түркістан» болып өзгертілді. Мемлекеттік басқару одақтық дәрегейде жүргізіледі, ұлттық мәдениет үстемдігі сақталады, тәуелсіз сот құрылымы болады, тең және туыстық қарым-қатынастарды қамтамасыз ететін одақтық қағидағар жасалады, Түркістан сотын Ресейдің ішкі істері дәрегейінен шығарып, ұлтаралық сотты енгізу, Түркістанның ұлттық сотын Ресейге тәуелсіз жасақтау туралы қаулылар қабылданды» [6.154].

«Алаш», «Түркістан», «Түрікмен азатлығы», «Усуул жадид», «Шура-и ислам», «Кіші Башқортстан», «Солтүстік Түркістан» [62] деп әр түрлі атау алған қоғамдық-саяси қозғалыстың өкілдері 1922 жылы Ташкентте астыртын құрылтайға қатысты. Олардың басын біріктіруге ұмтылған «Башқорт-қазақ комиссиясы», «Біріккен Түркістан социалистік партиясы», «Түркістан милли бірлігі», «Орта Азиядағы мұсылман халықтарының милли қоғамының федерациясы», большевиктік «Түрк комиссиясы» солардың орынын алмастыра алмады. Бұл ұйымдардың мақсат, күрес бірлігі мен іс айырмашылықтары терең, тарата талданылмай келеді. Ортақ бір концепция да қалыптаспады. Әнуар паша қаза тапқаннан соң ресми түрде тарқатылды деп есептеледі. Ал, ақиқатына келсек, кеңес өкіметінің «құпия кеңсесінің» жазалау саясатында «Иттихат уә тарахият» деген пантюркистер мен ұлтшылдардың ұйымы ретінде қарастырылды және солған мүше болды деген айыппен, нақты емес мәліметтер бойынша 64-67 мың адамға ату жазасы кесілді.

Мағжан қазақ қайраткерлері ұйымдастырған астыртын ұйымның отырысына да, түрік халықтарының біріккен құрылтайына да үлгере алмады. Бірақ Ташкентке асқан үмітпен, асқар арманмен:

Түркістан – екі дүние есігі ғой,
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған,
Түріктің тәнірі берген несібі ғой! [10.186], –
деп озандатып келді.

Мағжанның бүкіл түрік дүниесін атойлатқан «Түркістан» толғауының маңдайы «Ақ жол» газетінің 1922 жылғы 30 қараша күнгі санында жарқ ете қалды. Бұл – кешегі де, бүгінгі де, ертеңгі де ісі түріктің ұран-озанына айналды.

Ж.Аймауытов кеңестік жазалау саясатының қыспағынан ығысқан ақынның Түркістанды рухани нысана етіп келуін:

«Қолчактың кер заманы, одан қала берсе ұлтшылдықтың ауызына қақпақ салған кеңес заманы Мағжанның баяғы басылып қалған түрікшілдік сезімін қайта оятты. Мағжан енді ұлт жалауын түрік жалауының панасына, түрік қанатының астына қоюды табады. Жеке ұлтшылдықтың өрісі тартылғандығын көріп, түрік тұқымды жұрттармен әдебиет жүзінде өзінше одақ жасаған болады» [11.375], – деп түсіндірді.

Демек, Мағжан «шын түрікшіл емес еді, онысы бет-перде ғана болатын» – деген уәждер жәй жортақ қана. Мағжан – өзінің барлық көркем ойлау жүйесімен, алпыс екі тамырын иіткен сезім-болмысымен, қан-жанымен түрікшіл ақын. Түрікшілдік – оның ақындық болмысы болып табылады. Сол Тұтас Түркістан – Түрік бірлігі жолындағы тәуекелмен, үзілмеген үмітпен

Оның озандап ұрандатқан бұл дауысы түрік бауырларға Қазақстан тәуелсіздік алған соң барып жетті. «Мағжан Жұмабай өлеңдеріндегі ұлттық болмысты» [77] саралап зерттеген Фейзуллах Будақ «Алтайдағы жүрегім: Мағжан Жұмабайға жауап» деген атпен:

Алыстан азабымды білген, бауырым,
Жұбатып көздің жасын жүрген, бауырым.
Отырып өзі жаудың ортасында,
Көңілін мұң-зарыма бөлген, бауырым...

...Бір күні бұл дәуреннің соңы жетіп,
Тәңірдің жазуымен сапар шектік.
Ақ теңіз, Қара теңіз ассақ-тағы,
Жүректі сол Алтайға тастап кеттік

... Бауырым, сен о жақта, мен бұ жақта,
Не таптық, шашырағанда шартарапқа.
Барлығын күш-қайраттың жинау керек,
Атадан мирас қалған ұлы отанда! [78.138-140], –
деп, араға 80 жыл салып барып жауап берді.

Ол үн, сол сәлем – Алтай мен Атыраудың, Ертіс пен Еділдің арасындағы аспан астын жаңғырықтыра ата жұртқа қайтып оралды. Мағжанның туғанына 125 жыл толуына орай Әли Ақбастың аударуымен «Алыстағы бауырыма» (Uzaktaki kardes,ime) атты жыр жинағы Анкарада жарық көрді.

Ал, Мағжанның Түркістанға кетуі туралы бұл шешімі – «махаббат машахаты» мен «жадыланған еркектің» ырықсыздығынан туған» деген бикелердің сөзі жәй қауесет қана.

Үшінші тарау: «ЖАҚЫН ҮШІН ЖАННАН КЕШТІМ..!».

Жол алыс, жақын үшін жаннан кештім,
Бауырдың халін көріп, бейнет құштым.
Құшақта, сүй, күл, жыла, қайраттандыр,
Жан-жарым ұзақ, ауыр жолға түстім [10.58].

Мағжан.

1.

Тура осы, 1919-1922 жылдары аралығында ақынның жаны мен жарынның жанын жаралаған бұл тақырыпты саясатпен араластырмай, айналып өтуге барынша тырысқанымызбен де, ол қауесет емес, жазылмас жан жарасы екеніне көзіміз жеткен соң, қаламды еріксіз қайтадан қолға алдық. Бұл – Мағжанның басына үйірілген әдеби-саяси байбаламдар мен теріс әдеби

130 теориялық тұжырымдардың, шығармашылық шығандау мен шығаландардың, яғни, ақиқат пен жаланың арбасуы болып шықты. Бұрын күн тәртібінде маңызсыз деп есептелген Мағжанның жеке өмірдегі махаббат машахаты да араша тілейді екен. Сондықтан да, жарты ғасыр бойы жанкешті болған тұлғаның жан азабын сейілту үшін, саясаттан сәл ауытқып, кәдімгі сүйдіріп-күйдірген тіршілік ғадауатына, Мағжан поэзиясындағы «зар заман» сарынының шығу тегіне лажысыз аял жасадық

Ақындарың өміріне аңыз, лақап араласу әлмисақтан бергі дәстүрсіз дәстүр. Ол «дәстүрсіз дәстүр» дүниеге біткен бар ақынның мандайына жазылған. Сондай, соңынан ерген аңыз бен дақпырт – ақиқатын ажыратып болмайтындай деңгейде араласып кеткен ақынның бірі және бірегейі Мағжан Жұмабаев.

Мағжан ұлтшыл ретіндегі барлық саяси айыптан арылып, ақталған соң, оның кәдімгі тіршіліктегі пендешілік сақнасы басталды. Мағжанның тауқымет тартуының «бәріне ұлтшылдығы емес, махаббат зауалы кінәлі» екеніне сендірген жастық дәурендегі құрбыларының естеліктерін естіген куәләр да табылды. Тіпті, Мағжан: Ташкентке ұсталудан, түрмеге түсуден, жер аударылудан құтылу үшін кеткен жоқ. «Жадыланған махаббат машақатымен» кеткен – деп түсіндіргісі келген ағайын-туыстар да шықты. Сондай-ақ, ақынның елуінші жылдардың ортасына дейін тірі жүргенін көзімен көрген, Мағжанмен түрмеде бірге отырған куәлар да бар екен. Анығы сол: бұл қауесеттердің барлығы да Мағжанның аталас туысы, соғыс кезінде тұтқынға түскен, «Түркістан легионында» сарбаз болған, елге келген соң жиырма бес жыл тағы да итжеккенге жер аударылған, кеңестік қуғын-сүргінді, тергеу мен түрме қысымының қияметін белшесінен батып жүріп кешірген, қабілетті ақын Хамза Абдуллиннің құрастыруымен шыққан «Мұстафа мен Мағжан – Тұран елінің даналары» атты жинақ арқылы тарағандығы.

Хамза Абдуллинмен отыз жылдай жақын араласқан пікірлес әдебиетші ретіндегі біздің айтарымыз мынау: ол кісі Мағжан ақталғанға дейін де, Мағжанның ақталуы тұсында да ақынға және оның жамағаты Зылиха Жұмабаеваға шын жанашырлық танытты. Әсіресе, Мағжанның жинағына Ә.Тәжібаевтің алғысөз жазуына З.Жұмабаеваның мүлдем қарсы болған кезінде, ол кісі З.Жұмабаеваны ашық қолдады. Бұл да азаматтық мінез еді. Алайда, кеше ғана тату жүрген жеңгесі Зылиха Жұмабаева дүние салғаннан кейін жарық көрген «Мұстафа мен Мағжан – Тұран елінің даналары» [48] атты жинақтағы жазбаларында «мен ғана білеміннің» жетегінде кеткені өкінішті. Әсіресе: Зылиха мен Мағжан некеге отырмаған, басқа бір адамға тұрмысқа шыққан, оның қолында өлеңдері болған жоқ, бәрін мен жинағам – деген сықылды қауесетке мұрындық болған жағдайына да қанық едік. Жазушылар одағының праволық комиссиясының төрағасы ретінде З.Жұмабаеваның мұрагерлік құқын заң арқылы, қауіпсіздік комитетіндегі ақынның үй-іші туралы анықтамасы арқылы, ол түрмеде жатқан кезде бірнеше рет іздеп барған, рұқсат алған түбіртектер арқылы дәлелдеп, өзімен сот арқылы бәтуаласуға дейін жүгінген тұсымыз бар еді. Сонда біздің уәжімізге үнсіз көнуге мәжбүр болған.

Алайда, жоғарыда аталған «Мұстафа мен Мағжан – Тұран елінің даналары» атты жинақта ағайын арасындағы дұрдараз әңгімені Мағжанның туған інісі Қалижанның қызы Райхан Шонаеваның атынан емін-еркін баяндапты

(Өңгімелескен Б.Тобаяқов). Мен Райхан Шонаева марқұммен кездескен жоқпын, өмірлік деректерінен де мағлұматсызбын. Алайда, сол Хамза Абдуллиннің өзімен өткізген ұзақ-ұзақ әңгіменің барысы мен өмірбаяндық архив деректеріне жүгінгенімізде және оларды сол тұстағы саяси-әлеуметтік жағдайлармен салыстырғанымызда, Райхан Шонаева мен оның сөздерін қаламының ұшымен жетектеп отырған Хамза Абдуллиннің кейбір суырыпсалма «дейсалдымына» – Мағжан тақырыбын қырық-елу жыл бойы барынша түбегейлі зерттеген ұстазымыз Тұрсынбек Кәкішұлы мен Зарқын Тайшыбай және Бауыржан Жангуттин сияқты профессорлар да, біз де дүдәмалмен қарадық.

Бұл «дейсалдымдар» Мағжанның жеке басының тағдырындағы ең шафқатлы әрі қасіретті және қоғамдық-әлеуметтік қайраткерлігіндегі ең күрделі кезенді – 1919-1922 жылдардың арасын қамтиды. «Арбасып тұрып алған ала құйын» заманалардың» (Қасым) иірімі адамның сезім ұшығын да ұштап, жанкештілендіріп, тылсымға жетелейтіні пенде атаулының жанжүйесінің табиғи мінезі.

2.

Сол бір шафқатлы әрі махаббатты маусым Мағжанның басына былай үйіріліпті. Өзінің жүрек қалауымен жарасқан Зәйниге (Зейнепке) 1916 жылы үйленген, аз уақыт жарасыммен тұрмыс кешен. Мағжанның замандасы, Мағжанның некелі кешулерінің бақытын қызықтаған Ғазиза Омарқызының естелігін жазып алған Гүлнәр Міржақып қызы Дулатова:

«1916-1917 жылдары мен Шонаевтардың қыздарымен бірге оқып жүргенімде Мағжан Жұмабаев Шонаевтардың зәулім екі қабат, 48 бөлмелі үйінің бір бөлмесінде пәтерде тұрды. Мағжанның жаңа ғана үйленген кезі болатын. Келіншегі Шоқан Уәлихановтың інісі Жақып төренің Зейнеп деген қызы болатын. Зейнеп орта бойлы, талдырмаш келген, бет әлпеті аққұба, қыр мұрынды, құралай көздері сиқырлы қарап күлімсіреп тұратын сүйкімді әйел еді. Бәлдену, жатырқау дегенді білмейтін ашық мінезді, өлеңді нақышына келтіріп, құбылтып жақсы айтатын. Зейнеп оқыған, қолынан кітап түспейтін. Мағжан келіншегін жанындай жақсы көретін. 1917 жылдың күзінде (нағызда 1918 жылдың ақпан-наурыз айлары –Т.Ж.) Мағжан аз уақыт Омбы түрмесінде отырғаны болмаса, Зейнепті қасынан қалдырмай ертіп жүретін. Солармен көрші бөлмеде тұратын Фазиланың қасында кей-кездері, қыстың боранды күндерінде қонып қалатынмын. Сонда, екеуміз төсекте тым-тырыс жатып Мағжанның әйелін айналдырғанын тыңдайтынбыз. Мағжан әйелінің еш жерін қалдырмастан айналатын, неше түрлі еркелеткен сөздерін еститінбіз, көрпемізді тістеп күлкімізді эзер тиятынбыз» [51.199], – деп әдібін жаза әдеппен баяндайды.

Сондай бақытты күндерді басынан ұзақ кешуді жазмыш Мағжанның маңдайына жазбаса керек-ті. Жоғарыдағы «48 бөлмелі үйдің» қызы, Мағжанның немере қарындасы Райхан Шонаева:

«Зәйни 1919 жылы 10 ақпан күні баладан қайтыс болды. Зәйни өлген күні Мағжан аға Омбыда жүр екен. Зәйни таң атар алдында қайтыс болыпты. Бекен (Мағжанның әкесі – Т.Ж.) Әбемүслім (Мүсілім) дейтін баласын поезбен

132 дереу Омбыға жібереді. Ол Омбыға таңертеңгі поезбен барады да, кешкі поезбен ағамды алып келеді. Сөйтіп, Мағжан ағам сүйген жары Зәйниді өз қолымен жерлейді. Мұны Мағжанның «З» -ға деген өлеңі дәлелдейді» [48.156], – деп еске алады. Демек:

Мен бейбақ тап сол кезде шетте жүрдім,
Есімде еш нәрсе жоқ, ойнап-күлдім.
Бұл күнде қалың ойлар, қайғы басты,
Жан жарым жоқ екенін енді білдім.

Алысқа неге кеттім, елге кетпей,
«Жан жарым, жаныңдамын!» – дерге жетпей.
Жүрегің жанып, қасірет тартқаныңда,
Көл қылып көздің жасын бірге төкпей.

Жан досым, бақытсызбын, бара алмадым,
Бақылдық ауызыңнан ала алмадым.
Көз жасың қасіретіңе мен күнәлі ем,
Дарига, кешу сұрап қала алмадым
[10.139], –
деген өлеңді Мағжан түрмеден бұрын жазған.

Тоғыз айдан кейін, атын – азамат соғысының азап пен рахат сыйлаған алмағайып оқиғаларын есте сақтау үшін Граждан (Азамат) деп қойған сәби де шейіт болады. Колчактың жазалау түрмесіне қамалуы, толғақ үстінде о дүниеге аттанған жарымен бақұлдаса алмауы, соған қоса анасына «өлім әдилеткен» Азаматтың-Гражданның – «Баласының қабір тасына» жазған:

Қайғырмаңдар бұл бөбекті өлді деп,
Жас қызыл гүл мезгіл жетпей солды деп.
Бақыты жоқ сорлы ата-ананың,
Жанар-жанбас шамшырағы сөнді деп.

Өлгені емес, жерді тастап кеткені,
Шын бақытқа ерте бастан жеткені.
Ізгі оймен жайлы жәннат төрінен,
Орын алып ата-анасын күткелі [10.146], –
деген өлім күйі (эпитафия) – Мағжанның көңіл күйіне айналды.

Ақыл-ойы, нәзік сезімі, ғұмыры өлімнің әлдиінде қалған ол өлімнен жұбаныш іздеді. Арман-мақсатын – Заманның күйігі; махаббат-ғадауатын – Жар күйігі; перзент парызын – Бала күйігі тербетті. Ақынның көңіліндегі бұл қасірет-уайым – оның ақындық зар күйіне, көркем әлемді қабылдау күйігіне айналды. Бұл күйікті сарынды – шетін де әсершіл, от сезімді ақын өзінің осыдан кейін жазылған барлық көркем туындыларының зар күйі, шабытының құлақ күйі етіп алды. Сондықтан да, әдебиет теориясынан хабары барлардың бірі – мистик, бірі – реакцияшыл мистиик, бірі – пессимист, бірі – символист, бірі – натуралист, эклетик, бірі – «зар заманшыл» (скорбь мира),

бірі – сарнамашыл (романтик-трагик), ал байбаламы мол «пролеткульттің» қызыл өңештері – «өткен күннің азаншысы» деп атағандардың барлығы да, ақын жанының жеке трагедиясын қаперге ілмеді. Бұл уайым әлдіі оның:

Қажыдым, енді, күш бітті,
 Көңілсіз, салқын, күн бұлтты,
 Жел бұйығып тербелед.
 Әлдекімнің өлгенін,
 Оны қалай көмгенін,
 Әңгіме қып күңіренед.
 Жел, күңіренбе, жасың тый,
 Өлім күйі – тәтті күй,
 Балқиды жаным бұл күйге.
 Мені де, өлім, әлдиле,
 Әлдиле, өлім, әлдиле! [10.166], –
 деген жан азасын тербетеді.

Бұл аза күйінің «әлдіін» айтқызып отырған:
 Қара орманның шетінде,
 Нағыз желдің өтінде,
 Өскен нағыз жас қайың.
 Былқ-сылқ етіп билеген,
 Сылдыр-сылдыр күйлеген,
 Болсын онда не уайым?
 Сол жас қайың құлапты,
 Жанында жел жылапты,
 Балқиды жаным бұл күйге.
 Мені де өлім, әлдиле,
 Әлдиле, өлім, әлдиле [10.167], –
 дегізген жас өлім иесі, «құлаған жас қайың» Зэйна (Зейнеп).

Жар өлімі – талай ұлы ақынның өмір жолын өлім жолына бастап әкелген қасірет. Жар күйігін – «әлем күйігіне» (мировая скорбь) айналдырып, өз басына «зар заман» орнатып, опат еткен ақынның басы – Байрон, ортасы – Рембо, дәл сол күндері Мағжанның өзін:

Ойлаймын да, өкінемін ғапылдығына,
 Жаным сенің сеніп еді жақындығыңа.
 Жастай сөнген жалын жанды жеткіншек,
 Күнәң ауыр, кешем ақындығыңа [10.174-175], –
 деп күңіrentкен Бернияз өрім болатын.

Ал, сол қасіретке «бұл жалғандағы көрем деген қызығының, жан рухымды жалғастырар деген етбауыр баласының қазасы қосылып, өзін бұл жалғанда жалғыз қалғанын сезінген, уайымның уытынан зеңіген ақынның:

Талпынған жаңа нәресте,
 Ақ қанатты періште,

Былдырлаған бұлақтай,
 Көрінген жанды күлдірген,
 Жаңа піскен бүлдірген,
 Балауса нәзік құрақтай.
 Қайтыпты қозы көз тиіп,
 Бетінен кепті жел сүйіп,
 Балқиды, жаным, бұл күйге.
 Мені де, өлім, әлдиле,
 Әлдиле, өлім, әлдиле!.. « [10.166-168], –

деген «әлдиінде» : «Жан-жарыммен, баламмен бірге мені де қасым ет, мені де құшағыңа ал, солармен бірге мені де әлдиле» – деген жардың, әкенің өң мен өлім арасындағы жұбатусыз жанкешуі жатыр.

Мұндай шалық күйін – «ант мезгілі» (Абай) дейді. Сондықтан да, Әбділдә Тәжібаевтің:

«Ажал шақырған, өлім бесігіне түсіп тербетілген Бальмонт өлеңдерінің қайтармаларындағы «Әлдиле, өлім, әлдиле» дейтін жолдарды Мағжан сол қалпында алады. Пессимизм – дүниден торығу, табыт пен көрден басқаны көрмеу, өлім күйін ғана естірту, қандай тілде жазылса да, символизмнің ортақ ауруы. Өліп бара жатқан капитализммен бірге өлу белгісі. Мағжан да осы тапта» [19.49];

тіпті, ақынның жан сырына қанық М.Әуезовтің:

«Бальмонттың бір жазған өлеңінде: «Смерть, убаюкай меня» десе, Жұмабаев та: «Мені де, өлім, әлдиле» деп зар қосады» [41.376], – деген пікірлері,

сонымен қатар біздің назарымызды аударып отырған Р.Шонаеваның:

«Ұлы ақынның бір соққыдан бір соққыға ұшыраған бақытсыз болашағы, өстіп, 1922 жылдағы апрель айынан басталды», – деген ауызекі дерегі тіл үшімен үстірт айтылған жәй желеу сөз ғана.

Әйтпесе, трагик ақын Мағжан Жұмабаевтің трагедиялық көркем ойлау жүйесі:

«Қарашы, төңірекке мойның бұрып,
 Алтай, Орал бойында тұрған түрік.
 Аты да, заты да жоқ, дыбысы жоқ,
 Жоғалған әлдеқайда іріп-шіріп [10.167], –
 деп озандаған он сегіз жасында-ақ «әлемдік күйік» ауанында басталған.

Міне, сол «әлемдік күйік» 1919-1922 жылдары Мағжанның жеке басының тағдырымен астаса асқынады. Есеңгіреген, меңзеген ақынның тағдырын жазмыш періштесі қайыра тітіркендіреді. Енді, ол «өлімнің бар кебінін» сыпырып тастап:

Сансыз күндер ой астына көмілдім,
 Қор болып ем көңілін таппай көңілдің.
 Жаспен жасып, оймен азып-тозып ем,

Өліп едім, бүгін тағы тірілдім» « [10.169], – деп жар салады.

3.

Міне, осы кезде осы пікірлерді айтуға мәжбүрлеп отырған «шафқатлы қыздардың» махаббат машақаты туралы «ташбилаулары» басталады. Асыл Поэзияның асқақ та астарлы ағысын осы арадан үзіп, «тоташтардың тәшбилауларына» көшейік. Жалпы, мұның өзі де «әлемдік күйіктің» татар әдебиетіндегі бір жанры болып табылады. Осы «ташбилаулардың» әлдііне тербелген талай-талай татар-башқұрт малый-матурлары (жігіт-қыздары), соның ішінде Бернияз Күлей де «өз еркімен өлім әлдііне» бөленді. Ол әлдіді еліте тыңдаған жалғыз Мағжан емес еді. Сол тұстағы оқыған салтбасты жігіттердің, соның ішінде Мағжан, Жүсіпбек, Мұхтар, Абдолла, Әбдірахман, Қаныш, Далел сияқты алаштың бозжігіттері де болды. Ол «тәшбилаулардың» өзіндік себебі, мәтібі, сарыны, шарықтауы, шешімі болды. Әрине, ол ықпалдан қазақтың «шафқат бикелері» де тыс қалмады.

Бұл арада біз Х.Абдуллин мен Қ.Хасенов құрастырғын «Мұстафа мен Мағжан – Тұран елінің даналары» атты жинақтағы барлық әсіре деректерге тоқталмаймыз. Тек Райхан Шонаеваның естелігіндегі ақынның жамағаты Зылиха Жұмабаеваға қаратыла «Сыбырлақ кемпір» [48.78] деп мұқатыла айтылған ұшқары пікірлеріне қарсы ғалымдардың уәжін келтірумен шектелеміз. Бұл орайда, Мағжанның шығармашылығына ерекше назар аударып жүрген шетелдік ғалымдарды ақынның ар-ожданына көлеңке түсіретін көлгір сөздерден сақтандырғымыз келді және адал жардың намысын қорғау – парызымыз деп есептейміз.

Бірінші, уәж, Р.Шонаева өзінің естелігінде бірден:

«Мағжан ағам ақталғанда, бұл «Сыбырлақ кемпірде» (Зылиха Жұмабаева да – Т.Ж.) ақынның бір өлеңі болған жоқ. Кейбір журналистердің: Осы кемпір Мағжанның барлық өлеңдерін жинап, сақтаған, қазіргі ұрпаққа түгелдей жеткізген – деген сөздері өте үстірт, білместікпен айтылған. Қайталап айтайын, бұл адамның қолында Мағжанның бір өлеңі болған жоқ» [48.78], – деп бірден сыңаржақ жалаға көшеді.

Бұл естіліктегі Зылиқаға қаратыла қолданылған «Сыбырлақ кемпір» деген сөздің өзінен-ақ айтушының өз кейіпкеріне деген жатсынуы байқалады. Ал, сонда 1977 жылы машинкаға басылып, 2 том боп дайындалып, хатталып, қол қойылып, мөр басылып, архивке өткізілген 100 баспа табақ көлеміндегі қолжазбаларды кім дайындады? Профессор Т.Кәкішев сол томға енген 12 өлеңнің 1989 жылғы жинаққа кірмей қалғанына өкініп, аттарын атап шығады [47.207-208]. Осы шындықты біліп тұрып, Х.Абдуллин марқұм мына естелікке еш түсініктеме берместен жариялауы, біз үшін мүлдем түсініксіз, тіпті, осылай деп сұрақ қойып жатудың өзі әруақтың алдында ыңғайсыз. Бірақ, басқа амал қайсы. Біліп тұрып біз айтпасақ, онда онсызда тағдырдың тауқыметін кешкен ақынның жамағатының намысын кім қорғайды?

Екінші уәж, Мағжанның жеке өмірінде де, ақындық өнерінде де ерекше орын алатын әйел заты – Гүлсім ханым туралы алыпқашпа деректер туралы. Егерде, мәселе З.Жұмабаеваның ар-ожданына қатысты болмаса, онда біз

136 Гүлсім Камаловаға қатысты бұл деректерді қағыс қалдырған болар едік. Сонымен, жоғарыдағы естелігінде Р.Шонаева:

«Гүлсім ханым – 1914 жылы Петербор қаласындағы Ғибыратлы қыздар институтын бітірген, кейін бірінші дүниежүзілік соғыста шафқатлық тәтесі (сестра милосердия) болып қатысқан, татардың атақты ақыны Камаловтың қарындасы. Соғыстан соң Бичурин деген ауқатты адамға ерге шыққан. Бичурин 1918 жылы Колчакқа қарсы жорыққа шыққан большевиктерден қорқып, Уфа қаласынан Қызылжарға көшіп келді. Гүлсім осында Мағжан ағам ашқан курста математикадан сабақ берді...», – деп өмірбаяндық мағлұмат береді.

Біз бұл мағлұматтардағы жаңылыс жайларға түсіністікпен қарай отырып, профессорлар Т.Кәкішев пен Б.Жангуттиннің архив құжаттары арқылы дәйектеген Гүлсім ханым туралы нақты деректерді салыстыра келтіреміз.

Т.Кәкішевтің дерегі бойынша: біріншіден, толық аты-жөні – Гүлсім Закирқызы Ақчурина (Бичурина емес). Екіншіден, татар жазушы-драматургі Камаловтың қарындасы емес. Үшіншіден, Гүлсім ханым Петербургтағы Бестужев атындағы әйелдер (благородных девиц) институтында оқып, III курсы тәмәмдаған. 1912-1913 жылдары Константинопольде қызмет істеп, «Шора» журналы мен «Вақыт» газетінде жалпы педагогикалық мәселелер бойынша жазып тұрған. Педагогикалық өтілі 10 жыл [47.164].

Ал Б.Жангуттиннің ғылыми айналымға түсірген архив құттары бойынша: Уммүгүлсім Камалованың әкесі Закир ишан Камалов Чистополь мешітінің имам-хатыбы болған, өз қаражатына «Камалия» атты мешіт салдырып, онда 1847 жылдан бастап дәріс берген. 1893 жылы ұлы Ибрагимге (1876-1930) мұрагерлікке қалдырған. Оның екі некесінен 18 баласы болған. Уммүгүлсім әкесінен ерте жетім қалып, ағасы Ибрагим Камаловтың тәрбиесінде өскен. Чистопольдегі «Амирхания» қыздар медресесінде, содан кейін Қазандағы Котованың гимназиясында оқыған. 1911 жылы Санкт-Петербургтағы Жоғары (Бестужев) қыздар курсына түскен. Оқу мерзімі төрт жылдық. Сол кезде Гүлсімге татардың белгілі қоғам қайраткері және жазушы Гаяз Исхахи де ғашық болыпты. Балқандағы соғыс (1912 ж.) басталғанда Түркияның шақыруы бойынша бір топ татар қыздарымен бірге түрік әскерлерінің арасына барады. Татар баспасөзінде Гүлсімнің репортаждары жиі жарияланып тұрған. 1913 жылдары Қазанға қайтып оралған. Сонда Симбирь фабриканты Ғабдолла Ақчуринге тұрмысқа шыққан. 1920 жылы Қызылжарға ауысып, «Қызыл мұғалімдер» курсында математикадан сабақ берген [49.106-107].

Үш мәлімет те мазмұндас болғанымен, профессор Б.Жангуттиннің деректері барынша сенім ұялатады. Мәселе, Гүлсім ханым мен Зылиха туралы Р.Шонаеваның келесі баянынан басталады. Онда:

«Ақын мен сұлу ханымның арасында махаббат оты тұтанады. Екеуі қол ұстатсып, қосылудың амалын ойластырып жүргенде, күйеуі өлген Зылиха бұл туралы ебін тауып Бичуринге жеткізеді. Бичурин ақынды өлтірудің амалын ойластырады. Мұны біліп қалған Гүлсім ханым, махаббаттан да Мағжанның тірлігінің қымбат екендігін ойлап, күйеуін алдап-арбап, Қызылжардан көшіп кетуге мәжбүр етеді. Сөйтіп, Гүлсім ханым жанындай жақсы көрген Мағжанын аранын ашып келген ажалдың ауызынан алып қалады (сонда, 85-86 беттер) [Қараңыз: 47.156], – деп баяндайды.

Бұл – бұл ма, Хамза Абдуллин марқұм бізбен еркін әңгімелесіп отырған сәттерінде, қызды-қыздымен айтқан ауызекі лақабында: Зылиха Мағжанға тиуі үшін Хасен есімді күйеуінің өліміне себепкер болған-мыс – деп те жіберетін. Қайтымы тез адам еді, артынан жаймалап ұмыттыратын. Өкінішке орай, бұл жаңсақ пікір сол кездегі кейбір басылымдардың беттерінде жарияланып та кеткен жағдайы болды.

Сол мұғалімдер курсына Мағжаннан дәріс алған, атақты әнші Ермек Серкебаевтің анасы Зылиха Серкебаеваның:

«Сол Зылиханьң үйінде Мағжанды алғаш көргенім әлі есімде. Мағжан сұлу, кербез, сыпайы сөйлейтін. Кербездігі сәнімен ұласатын, тұйық емес, ашық мінезді, көргенді, тәрбиелі еді. Қыз-келіншектерге сынды әділ бере білетін. Мағжан мен Зылиха үйленіп, Қызылжардан Ташкентке кетті... Оның табиғи сұлулығы, киген киімі, сабақ беру әдісі, терең ой-пікірі, жан-жақты білімділігі бізді еліктіріп, өзіне баурап ала беретін. Кейде отырып қыз-келіншектер Мағжанның сабағынан кейін сырласып, армандасатын едік: «Зылиханьң арманы жоқ шығар, осындай, Мағжандай азаматтың жары болуы әрбір бойжеткеннің арманы ғой!», – деген әңгіме айтылып қалатын» [32.341-342], – деген естелігінің аңысында Мағжан мен Зылиханьң жарасымдылығына деген сүйініс қана байқалады.

Бұл оқиға туралы Б.Жангуттин: «Ақын мен жас келіншектің арасындағы бұдан кейінгі қарым-қатынас өте тығыз, тіпті, қауырт дамығанын оның «Г-ге», «Есімді жия бастадым» атты өлеңдерінен анық байқалады... Гүлсімнің күйеуі екеуінің арасындағы қарым-қатынастың әдеттен тыс дамып бара жатқанын байқап, бір жылдан соң әйелін басқа қалаға алып кетеді» [49.108], – деп баяндайды.

Ал, профессор Т.Кәкішев бұл махаббаттан сатқындық, өлім қатерін іздемейді. Керісінше:

«1919 жылы жан жары Зейнептен айырылған Мағжан қайғы тұманына батып жүргенде Ақчурина Гүлсімге кезігіп, қазақ поэзиясының айына айналған махаббат лирикасының керемет үлгісін тудырды:

Бір жыл болды, сені сүйдім, уладым,
Баурыңа алдың. Мені неге кумадың?
Білдім бүгін мені тастап кетесің,
Күміс көбік Ақ Еділден өтесің.
Бота көзім, өлтіріп кет қолыңнан,
Тірі тастап кетіп мені не етесің! [10.167], –

деген ақынның жан толғауы әуейленген көңілдің көрінісі ғана емес еді. Оның ішіне бір жылға созылған махаббат сезімінің керемет тамаша сыры мен трагедиясы араласып жатқан-ды» [47.206], – деп, романтикалық рухта баға береді.

Біздің ойымызша, оқиғаның шындығы қос ғашықтың жұртқа жария ете ашық қоштасуында. Мұндай тебіреністі қоштасулардың тұсында, әдетте, фанат құрбы-қыздардың өздеріне бұйырмаған «бақыт иесін» қызыл тілімен тырнайтын әдеті емес пе. Біз бұл лақапты соның қатарына жатқызамыз.

Райхан Шонаева өзінің жеңгесі «Сыбырлақ кемпірге» деген жатбауыр көзқарасының себебін және құрбысы Жәмилә үшін өтіл қайырудың ретін Мағжанның түрмеге қамалу қаупі төнген кезде оқыстан Ташкентке кетуімен байланыстырады. Оған да Зылиха кінәлі болып шығады:

«...Ауқатты да адуынды Бекен Мағжанға Қызылжардың атақты байы Қуанышев Дәулидің асқан сұлу қызы Жәмилаға құда түседі. Қырық жетісін төлеп, қазақтың барлық жора-жобаларын түгел жасайды. Ақыры ағам мен келінін алып келу үшін бір тұтас «керуен» шеру тартып Қызылжарға келеді. Той басталады. Жәмилә да өзінің бір топ құрбыларымен күйеумен кездесу сағаттарын күтіп, шаттықтың шаңырағында шарықтайды... Бірақ, аяқ астынан Мағжан жоғалып кетеді. Екі жақ та сендей соғылысады. Жұрттың бәрі: –Мағжан ағамды баяғы өшіккен татарлар (Гүлсім Камалованың күйеуі Ақчуринді мекзеп отырған болуы мүмкін – Т.Ж.) өлтіріп кеткен болу керек – деп қаланың ойы мен қырынан ақынның денесін іздестіре бастайды. Ойын-күлкі тоқтатылады, елге, Бекен ағамызға қайғылы хабар жіберіледі. Бекен ағамыз Гүлсім әжемізді (Мағжанның шешесіні аты да Гүлсім – Т.Ж.) алып, еңіреп-жылап қалаға келді. Мағжан жоқ... Ел болып, милиция болып бәрі жабылып «опат» болған Мағжанның сүйегін іздейді. Бірақ таба алмайды... Күндердің күнінде Мағжан ағамды Хасеннің жесірі Зылиханың сиқырмен басын айналдырып, бір жаққа алып кеткендігі әйгілі болады. Арыстандай әкесі мен нәзік махаббатты Жәмиланың қарғысы сау қалдырсын ба, аңғал да аңқау ақынды. «Бәрінен де қыз қарғысы жаман!» деген көнелердің сөзі тегі рас болса керек ... Ұлы ақынның бір соққыдан бір соққыға ұшыраған бақытсыз болашағы өстіп, 1922 жылдағы апрель айынан басталды (85-86, 88-бет)» [47.106, 206-207], – дейді.

Ал, енді осы лақап – «Мағжанның жадыланғаны» шындық па, жоқ, құрбы қыздардың кәдімгі қызғанышы ма? Иә, мына естеліктегі Зылиха – «Рүстем-дастандағы» Судабаның нақ өзі болып шыққан. Мәтінтанушы әдебиетші: осындағы «бір тұтас «керуен» шеру тартып Қызылжарға келеді», «Жәмилә да өзінің бір топ құрбыларымен күйеумен кездесу сағаттарын күтіп, шаттықтың шаңырағында шарықтайды...», «Арыстандай әкесі мен нәзік махаббатты Жәмиланың қарғысы» – деген сөздердің қазақ тілін жазбаша деңгейде еркін меңгермеген адамның ауызекі әңгімеде қолдануы неғайбыл екенін бірден аңғарады және бұл сөз тіркестері Х.Абдуллиннің (тілші Б.Тобаяқовтың емес) жазу стилі мен сөздік қорына сайма-сай келеді.

Сонымен қатар, осындағы уәждердің біразы қисынсыз да емес. Оны шығарған «кінәмшіл қыздардың» (тоташтардың) аты-жөндері мен қылықтарын біз ертеден білуші едік. Бірақ, бұл арада оны қозғаудың жөні жоқ. Тек, Мағжанның өмірі мен шығармашылығын зерттеуді ғұмырына арқау еткен, тергеу ісімен де таныс профессор Ш.Елеуқеновтің Зылиха Жұмабаевамен және осы оқиғаның ішінде болған Мағжанның жиен қарындасы Жамал (Жұмабайдың қызы Ғалиядан туған) Жақияқызымен арадағы әңгімесінің мазмұны мынау:

Мағжан мен Зылиха бозбала-бойжеткен кезінен таныс, бір-бірінің жан жылуын сезініп өскен. Ата дәсүрі негізінде, Мағжан – бала жастан айттырылып қойған қалыңдығы Зейнепке (Зәйнаға) үйленген. Зылиха кейін ба-

рып – ересек жастағы башқұрт көпесі Хасенге тұрмысқа шыққан. Арадағы ұшқын жарқ етіп барып, сөніп отырған. 1919 жылдың басында Мағжанның әйелі, 1920 жылдың қарсаңында Зылиханың күйеуі Ақмолада дүниеден озды [50.75-77].

Ал «Мағжанның өмірі мен шығармашылығының» үш томдық жинағына ғылыми жетекшілік еткен профессор З.Тайшыбай жариялаған құжаттарға сүйенсек:

1922 жылы 5 мамыр күні Мағжан Жұмабаев Аштықпен күрес жөніндегі Ақмола губерниялық төтенше комиссиясы төрағасының орынбасары болып бекітіледі. Бұдан кейінгі оның әр күні мәжілісте өтеді. 23 маусым күні «... Мағжан Бекенұлы Жұмабаев аштарға көмек көрсету үшін Петропавл және Көкшетау уездеріне іссапарға жіберіледі». 11 шілде күні «Мир труда» газетінде «Сарыарқадағы аштық» деген мақаласын жариялайды 14 шілде күні Көкшетау уездік Атқару Комитетінің мәжілісін өткізіп, аштарға көмек көрсету шараларын ұйымдастырады». 1 тамыз күні Ақмола губаткомының төрағасы С.Шарипов: «Аштар комитетіне. Жұмабаевқа баяндама жасау үшін губернияға қайтсын» – деп жеделхат жолдайды. 17 тамызда қалаға келіп, 20 тамызда іспардың есебін жазып берді. Қыркүйектің басында Челябинскі қаласы арқылы Ташкентке жасырын жүріп кетті [38.95, 110,113-114,117-118, 123].

Сонда, Зылиха Мағжанды қай жерде, қашан және қалай «жадылаған»? Бірінші уәж: егерде Р.Шонаева: «Ақынның бір соккыдан бір сокқыға ұшыраған бақытсыз болашағы өстіп, 1922 жылдағы апрель айынан басталды», – деп Мағжанның Аштар комитетіндегі жанкешуін айтып отырса, онда дау жоқ. Мәселе, оның айтуынша, «Зылиха Мағжанды» апрель (сәуір) айында «жадылап», ұрлап кеткен болып отыр ғой. Бұл, енді, кәдімгі жаңылысу. Ал, мамыр-тамыз айына дейін Мағжанның «жадылануға» да, жасырынуға да мұршасы келмеген. Оған әр күні өткізген Аштар комитеті мәжілісінің құжаттары куә.

Ал, Зылиха Жұмабаеваның айтқандарын жазып алған Ш.Елеукуеновтің жазбасы бойынша:

Мағжанның «Жәмилә Қуанышеваға үйленетіні туралы» қауесеттің тарағаны рас екен. Ол «қиын жолда жасымай, ауыр жүкті бірге көтерісетін, ыстық-суығына шыдайтын» әйел емес екен. Мағжан шілде-тамыз айларында Аштар комитетінің іспарымен Ақмолаға келгенде Зылихамен кезігіп қалады. Бұл кезде ол Гүлсіммен қоштасқан, «махаббаттың зар күйін» кешіп жүрген кезі. Осы кездесу кезінде Мағжанның ойына «Енді, есімді жидым» деген өлең шумақтарын оралады. Сол кезде Мағжанның жиен қарындасы Жамал тұрмысқа шығады. «Ол тойға кешігіп келеді де, сол арада отырған қалыңдығы Жәмиланың қасына емес, Зылиханың қасына кеп отырады. Мұны көрген қалыңдығы Жәмиләнің көзіне жас толып, тойдан кетіп қалады». Сол тойдан Мағжан мен Зылиха қол ұстасып бірге шығады[50.77-78].

Міне, Мағжанның «жадылануы» осы тамыз айының соңы, 20 тамыз бен 15 қыркүйектің арасы. Ал, Мағжанның жаңағы Зылиха мен Жәмилә қатысқан тойдан кейін жасырынып Челябинскіге кетуінің себебі де мынада: Аңдып отырған губаткомның төрағасы Мағжанды тұтқындауды көздейді. Оны сезген Мағжан Зылихаға астыртын хабар беріп, өзі Ресей территориясына өтіп

140 кетеді. Зылиха: Орынборға барып оқимын – деген сылтаумен шешесін алда-усыратып, он бес күннің мөлшерінде Челябинскіде қонақүйде күтіп отырған Мағжанмен табысып, Ташкентке бет алады [50.77-78].

Сонымен, бұл тарауды ұстазымыз, профессор Т.Кәкішұлының:

«Ағайындар арасында талай дұрдараз қылықтар кездесіп жатады ғой. Алайда, оның бәрі ақын жырындағы трагедиялық үн-лептің дәлелі болуға жарамас, бірақ, өзінің салқынын түсірмей кетпесі тағы да белгілі» [47.107], – деген аталы сөзімен аяқтаймыз.

Құрбысы үшін күйінген Райхан Шонаеваның жеңгесі Зылиханы жақтырмай баяндауын түсінеміз, тек: Мағжанды жадылаған – махаббат. Ал, ол махаббатың иесі – Зылиха болатын – дегенде ғой, бар дүние орынына түсер еді. Қашанда, көрікті ойды бір сөздің бұзып жіберетіні-ай десеңші!

ҮШІНШІ БӨЛІМ: «ҚИЯҢҚЫ КЕЗЕҢ»

«Сондықтан да, осы мінез, осы құлық үстінен қарап айтқанда, осы қияңқылық, осы ыстық қандылық қазақ әдебиетінде де болу(ы) мүмкін, болғанда да өзінше, қазақша, азияша болу(ы) мүмкін».

Мағжан Жұмабаев

Шындығында да, бұл кезең, яғни, 1922-1929 жылдардың арасын, Мағжанның өзі дәл тауып айтқанындай, «қияңқы кезең» еді. Азаматтық соғыс пен аштықтан, оба мен сүзектен соң жусап қалған халықтың есенгіреп барып ес жия бастаған тұсы болатын. Кеңес өкіметі амалсыздан қолданған жаңа экономикалық саясат, яғни, салықсыз еркін сауда айналымы аштықтан тұралаған жұрттың жаны мен тәніне нәр берді. Құлаттық деп уралап жүрген капитализм қайтадан тіріле бастады. Міне, осы кезде «қызыл қырғын» науқаны тұрмыстан руханиятқа ауысты. Ескі мәдениетті күйретті, ал, жаңа мәдениет жоқ. Бірақ, «мәдениет майданы» деген рухани азаматтық соғыс басталып кетті. Жалаңаш кеуде мен жалаң жұдырық бар, мәдениет жоқ. Кіммен күреседі? Әрине, мәдениеттің тамыры – ескі зиялы қауыммен күреске шықты. Мұқым Ресей «пролетариаттап» балғасы мен орағын атойлатты. Ал, қазақтар, ұлт «зиялыларының тамырына балта шабуға көшті». Бұл сол кездегі туға жазылған ұран сөз болды. Бұл науқан, «партия ішін тазалау» деген даурықпамен жүргізілді. Семейде Әлихан Бөкейханов пен Міржақып Дулатов тұтқындалды. Ендігі тұзақ Мағжанға қарай лақтырылған болатын. Ол тұзақты өзге емес, Мағжанның жанында жүрген ақындық майданындағы бақталасы, саясат майданындағы «таптық жауы», бұрынғы сабақтасы, Мемлекет бастшысы Сәкен Сейфуллин мен бауырына басқан бауыры, батырақ ақын Сәбит Мұқанов тастады.

Бірінші тарау: ТҮРКІСТАН ТАБАЛДЫРЫҒЫ

«Елің тастап кет!» – дедің, кетпедім бе,
 Жер шетіне барсам да: «Шет» – дедім бе,
 Жыландай бауырына кіріп алып,
 Қалайда жатты жақын етпедім бе?... [10.65].

Мағжан.

1.

Ұлттың игілігі үшін атқарылған еңбегінді әдірә еткен мұндай «қорлықтан» құтылудың жолы – сыртқа кету болатын. Бір тамырдан көктеген

142 бұтақтардың таптық табасына қалған Мағжан, сонымен, қадірін білетін «қаратаяқтары» (зиялысы) бар Түркістан республикасына барып паналайды. Олардың мұнда шоғырлануы большевиктердің зығырданын бұрынғыдан бетер қайнатты. Қазақ қайраткерлерінің Түркістанға жиналуын «кеңес өкіметіне төнген қауіп» ретінде бағалап, С.Сейфуллин:

«Халел Досмұхамедов, Мырзағазы Есполов, Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Қошкө Кемеңгеров, Жүсіпбек Аймауытов, Ғазымбек Бірімжанов сияқты шірінділерді және контрреволюциялық әрекеттері үшін біз Қазақстаннан қуып жіберген контрреволюционер жазушыларды Төреқұлов пен оның жолдастары Ташкентке жинап алды, қолтығына алды, қасақана жауапты қызметтерге қойды, негізінен, ташкенттік қазақ басылымдарына, қазақ пединститутына, қазақ-қырғыз ғылыми кеңесіне т.б. орналастырды» [67.258], – деп Мәскеуге «жау шаптылап» шағым жазды.

Мағжанның Түркістанда, дәлірек айтсақ, Ташкентте болған бір жылдық мерзімін, әдебиет зерттеушілері әр қалай атайды. Біреуі, оның «ең шабытты дәуірі» (Ш.Елеуқенов), екіншісі «елден қуылған ең қасірет белдеуі» (З.Тамшыбай), ал өзі ең «қияңқы кезең» деп бағалайды. Біз, осы «қияңқы кезеңге» жүгінеміз. Өйткені, осы бір жылдың ішінде Мағжан қуғын-сүргінсіз (әрине, шартты түрде) өмір сүрді, «Халел Досмұхамедов, Мұхамеджан Тынышбаев, Мырзағазы Есполов, Міржақып Дулатов, Мұхтар Әуезов, Қошкө Кемеңгеров, Жүсіпбек Аймауытов, Ғазымбек Бірімжанов, Абдолла Байтасов» сияқты мақсаттас-қаламдастарымен еркін араласты, тұрмыстық мұқтаждықты сезінбеді, яғни, қаржыданқысылмады. Өзінің бойына біткен ақындық мүмкіндігін барынша сарқа көрсетуге тырысты. «Ақ жол» газетіне, «Сана», «Шолпан» журналдарына үзбей қатысты. «Түркістан», «Жұлдыз – жүзік, Айды алқа ғып берейін», «Алатау», «Тұранның бір бауында», «Оқжетпестің қиясында» (1923), «Қойлыбайдың қобызы» (1923), «Батыр Баян» (1923), «Шолпанның күнәсі» (1923), «Ақан сері» сияқты көркемдігі аса жоғары классикалық туындыларын өмірге әкелді. Мұндай шабытты да шырқау шамырқану, өрісті көркем қиял, өнімді шығармашылық кезеңді соған дейін де, одан кейін де басынан кешкен емес. Тіпті, өзі айтқандай, түрлі ақындық мінез танытқан, «қияңқы, ыстық қанды» болған, «болғанда да өзінше, қазақша, азияша болған» айшықты мезеті осы Ташкент кезеңі еді.

Онда Мағжан қазақ ағарту институтында сабақ берді және тек 1922 жылы ғана 622 кітап шығарған Халел Досмұхамедов пен Мұхамеджан Тынышбаев сияқты ғұламалар жетекшілік еткен Түркістан республикасы оқу ағарту комиссариатының жанындағы Қазақ ғылым кеңесінің жұмысына белсене араласты. Оған:

«Түркістан республикасы оқу ағарту комиссариатының жанындағы Қазақ мемлекеттік кеңесі осы куәлік арқылы Қазақ ғылыми комиссиясының қызметкері М.Б.Жұмабаев жолдас мекемелермен, бас-палармен және жеке адамдармен этнография, педагогика және басқа да Түркістанның жергілікті халықтарына, соның ішінде қазақтануға қатысты мәдени-ағарту қызметтерімен келісім жүргізуге өкілдік береді. Оған, Жұмабаевқа жоғарыда көрсетілген мәселелер бойынша мағлұматтар жинау жүктеледі және мемлекеттік ғылыми кеңеспен арадағы келісімшартқа байланысты тұрақты түрде есеп беріп тұруға міндетті» [80], – деген куәлік кепілдік береді.

Шындығында да, Мағжан бұл жылдары ғылыми-көркем шығармашылықпен алаңсыз араласты. Ғылыми комиссияның тапсырмасымен, біздің ойымызша, Ақан сері туралы ғана емес, жалпы шығармашылық психология туралы көркем ойдың үлгісі «Ақан сері» атты зерттеу де осы Ташкентте жазылды. Ол өз мүмкіндігіне және қоғамға қажет екендігіне сене бастады. Оған Институттың ғылыми Кеңесінің төрағасы Халел Досмұхамедовтың:

«1923 жылы 11 шілде күні Мәскеу қаласында өтетін Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы көрмесінде ұйымдастырылатын қазақтың тұр-мысы мен этнографиясына байланысты шараға Ташкенттегі Қазақ ағарту институтының студенті Құрманбек Жандарбековтің әнші ретінде қатысуын ұсыныс етті, соған орай, ол демалыстан шақыртылып алынды. Бүкілодақтық ауылшаруашылығы көрмесіне қатысқан қазақтардың көрмесінде Қазақ ағарту институтының оқытушысы, Ташкенттегі Қазақ ғылыми комиссиясының мүшесі Мағжан Жұмабаев ерекше ынта көрсетіп, белсенділік танытты. Көрмеге әр түрлі құжаттар, кітаптар, материалдар жинағы апарылды. Олардың ұзын саны 100-ге жуық. Солардың ішінде Темірдің Түркістандағы Ахмет Яссауидің мешітін салу туралы жарлығы, Иса Тоқтыбаевтың «Түркістанның жағырапиялық очерктері», Тұрар Рысқұловтың «Жетісу мәселелері» атты кітаптар бар» [81.52], – деген мінездемесі дәлел.

Бір жылда 622 кітап, негізінен институтқа аса қат оқулықтар шығарған Ғылыми комиссияның жұмысы кеңестік күркілдер үшін «мәдениет май-данындағы қастандық» болып есептелді. Сол жылдардағы алаш зиялыларының алаңсыз ғылыми-мәдени санаткерлікпен айналысуының нәтижесінде барлық ғылым саласындағы атаусөздер қалыптасты. Алайда, кейін мұның барлығын тергеушілер қылмыс ретінде қарастырып:

«е). Аударма әдебиеттерімен – Бөкейханов, Дулатов, Жұмабаев, Байтасов аудармалардың мағынасын бұрмалап, керексіз, кеңес мектептері мен бұқара халыққа аса қажетті емес кітаптарды аударумен шұғылданды.

к). Маркстік қондырғысыз, бұрынғы «Алашорданың» идеологиясының негізінде мектепке: Байтұрсынов, Аймауытов, Жұмабаев, Байтасов, Жәленов, Омаров Е., Омаров А.С., Байсейітов Әзіз, Әділев, Әуезов, Х. Досмұхамедов, М.Тынышбаев оқулық жазды.

л). («Ақ жол» және басқа да «Алашорданың» идеологиялық ықпалында болған басылымдар арқылы): Байтұрсынов, Дулатов, Жұмабаев, Әуезов, Есполов, Аймауытов, Омаров Уәлихан, Досмұхамедов Х., Қашқынбаев, Қожамқұлов, т. б. баспасөзде ұлтшыл пікір білдірді» [1.7.129-133], – деп айыптау қорытындысын жасады.

Мұнда да тыныштықтың болмайтынын, «тықырдың таянып келе жатқанын» сезіп, Мәскеу сапарына аттанарда Мемлекеттік ғылыми Кеңестің төрағасының (С.Қожанов – ?) атынан Әдебиет институтының жетекшісі, ақын В.Брюсовқа қарата:

«Түркістан республикасының Мемлекеттік ғылыми Кеңесі Түркістанның жергілікті тұрғындарын мәдени қаруландыру және олардың мәдениеті мен тұрмысын жақсартуға жағдай жасау мақсатында қыр интеллигенциясын өзінің айналасына топтастыруда. Соның бірі осы хатты тапсырушы,

144 Мемлекеттік ғылыми Кеңестің жанындағы Қазақ ғылым комиссиясының қызметкері, өзінің білімін жетілдіру үшін, соның ішінде ақындық шығармашылықты тереңдеп оқу үшін Мәскеуге бара жатқан М.Б.Жұмабаев жолдас. Қазақ ғылым комиссиясының мінездемесіне жүгінсек: М.Жұмабаев – таланты енді ғана ашылып келе жатқан қазақтың ең белгілі ақыны, егерде оның талантының толық жетілуіне мүмкіндік жасалса, келешекте одан аса көрнекті ақын шығуы мүмкін. Қазақ ғылыми Комиссиясының төрағасы (Х. Досмұхамедов – Т.Ж.) оны: «Біздің болашақ Пушкиніміз», – деп бағалады. М.Жұмабаевтің жоғарыда аталған сала бойынша талантының ұшталуына тиісті жағдай туғызу мақсатында Мемлекеттік ғылыми Кеңес Сізге – Әдебиет институтының жетекшісі ретінде хабарласып: М.Жұмабаевтың шығармашылық жұмыстарына назар аударып, оның Сіз басқарып отырған институтқа қабылдануына көмек беруіңізді өтінеді» [80], – деген жолдама алады.

Бұл жолдаманың ебепке-себеп болғаны анық. Сол сапарда этнографиялық көрмені сәтті өткізген Мағжан Жұмабаев оқу мәселесін де оңтайлы шешіп келеді. Соған орай:

«Қазақ әдебиеті пәнінің оқытушысы Мағжан Жұмабаев 1923 жылы 1 қазан күні: оқуын жалғастыру үшін Москваға кетуіне байланысты қызметінен босатылды» [81.55].

«Қазақтың болашақ Пушкинінің» тағдырына шынымен алаңдаған, аз уақытқа болса да «таптық тартыстың табанында тапталып қалмасы» үшін Сұлтанбек Қожанов Тұраткомның төралқасы мен Оқу ағарту комиссариатына жазған Баянхатында:

«Орталықтағы жоғары оқу орындарында оқитын түркістандық стипендианттардың тізімінде қазақтың көрнекті ақыны Мағжан Жұмабаевтың да есімі жүр. Жұмабаев жолдас – Революцияның талантты жыршысы және қазақ әдебиетіндегі реалистік жаңа бағыттың басы, халық ертегілері мен аңыздарын жырлаудағы теңдессіз шебер саналады. Революция жылдарында ол көптеген тамаша әндер мен ертегілерді сыйға тартты, Түркістан мемлекеттік баспасынан бірнеше кітаптары жарық көрді. Жұмабаев жолдас осы уақытқа дейін Қазақ ғылым комиссиясында қызмет етіп, халық ауыз әдебиетін жинауға көп күш жұмсады. Жұмабаев жолдас бүгінгі күннің рухына сай білім алу үшін Мәскеудегі Көркем әдебиет институтына кетіп барады. Оның тума шығармашылығы мен еңбегі Кеңес өкіметі тарапынан ұқыпты көзқарасты және біздің заманымыздағы қазақ көркем әдебиетінің жалғыз жыршысына үлкен назар аударуды талап етеді. Оның үстіне Жұмабаев үйлі-баранды, соған қарамастан оқу орынына үй-ішімен бірге кетуге мәжбүр болып отыр. Жоғарыдағы айтқандарды ескере келіп:

1) Жұмабаевтың стипендиясын жауапты қызметкерлерге төленетін жаалақымен теңестіруді, 2) Жолақысын өтеу үшін және үй-ішімен барып орналасқанша бір рет жәрдемақы төлеуді, 3) Жоғарыдағы аталған оқу орынына ауысу үшін Петорградқа жолданған іссапарын Мәскеуге ауыстыруды» [82.149-150], – ұсынады.

Бұл Баянхат қандай нәтиже берді, ол жағы бізге беймәлім. Тергеу ісінде бұл туралы М.Жұмабаев:

«1923 жылы Ташкентке ауыстым, онда Оқу-ағарту халық комиссары Қо-

жановтың жолдауымен Қазақ оқу-ағарту институтына оқытушы болып орналастым, әрі Қазақ ғылыми комиссиясына мүше болып сайландым. 1924 жылы Мәскеуге барып әдебиет-көркемөнер институтына түстім, ол оқу орынына жолдама бергендер Нәзір Төрешұлов пен профессор Поливанов. Поливанов өзінің досы профессор Ричиге хат жазып берді. Сонымен қатар, Қазақ ғылым комиссиясының да жолдамасы болды. Оқудың бірінші жылы Түркістаннан стипендия алып тұрдым. Кейін орталық баспада қызмет істеп жүргендіктен де, ол стипендияны алып тастады. Орталық баспаға Төрешұлов жұмысқа алды, онда әдеби қызметкер міндетін атқардым» [3.2.34], – деп жауап берген.

«Мағжан» атты монографияның авторы Шерияздан Елеукунов: «Қазақ үкіметінің есебінен 20 сом стипендия алып тұрған, – деген мағлұмат береді. Зады, бұл осы алғашқы оқу жылының шәкірттік нәпақасы болса керек» [83.66].

Осы бір жылдың ішінде Мағжан өзінің шығармашылық жолына толық хабар беретін, ақындық өресін танытатын «Өлеңдер» жинағын құрастыруға мүмкіндік алды. «Оқжетпестің қиясында» (1923), «Қойлыбайдың қобызы» (1923), «Батыр Баян» (1923), «Шолпанның күнәсі» сияқты классикалық дастандары осы жинаққа арналып арнайы жазылса керек. Алғысөздегі: «Қай өлеңнің қай жылы һәм қай шарттарда жазылғандығын көрсете алмадық» – деген ескертуге қарап, жинақты Мағжанның өзі ұсынбаған – деген күдік те тууы мүмкін. Бірақ, мұны өлеңдердің шығу тарихы мен жазылу себептерін ашпау үшін айтылған уәж деп түсінген дұрыс сияқты. Жинақ 1923 жылы Сұлтанбек Қожановтың алғысөзімен Ташкентте басылып шықты. Бернияздың «сыршыл сөзімен» және Сұлтанбектің:

«М.Жұмабайұлының өлеңдері қазақ әдебиетінде үлкен орын алған деп санап басып отырмыз. М.Жұмабайұлының өлеңдерімен оқушылар бұрыннан таныс. Әдебиеті жаңа аяқтанып, әдебиет тілі енді жасалып келе жатқан жұртта Мағжандай ақындардың қызметі зор екені анық. Осы күнге дейін Түркістанда қойшылар тілі саналып келген, ресми қағаздар жазуға, кітаптар жазуға жарамсыз делініп келген қазақ-қырғыз тілі іске асуы былай тұрсын, өнерге асатын бай, жатық, таза, өткір, әдемі тіл екенін Мағжан өлеңдері көрсете алады.

Сондықтан, біз Мағжан өлеңдерінің саяси мәнісінен гөрі, әдеби мәнісін көбірек көзде тұттық. Сол жақтарын ескеріп, Мағжан өлеңдерінің ішінде кез келетін марксизм дүние тануына ұйқаспайтын жерлерін оқушылар көре салып үрікпей, көркемдік жағына, сыршылдық жағына, суреттеу жағына көбірек көз салуы керек, тарихи мәнісіне жете түсінуі керек. Бұл кітапқа М.Жұмабайұлының баспасөз майданына шыққаннан бергі жазған өлеңдерінің көбісі кірді. Басу жағынан түзей алмай отырған кемшілігіміз: қай өлеңнің қай жылы һәм қай шарттарда жазылғандығын көрсете алмауымыз. Сөйтсе де М.Жұмабайұлының өлеңдері әдебиет тарихындағы соңғы 10-15 жылдағы ағымдарды тексеруге де жақсы құрал бола алады деп ойлаймыз. Түркістан қазағына арнап, Абайдан кейінгі екінші бастырып отырған әдебиет кітабымыз осы М. Жұмабайұлының өлеңдері. М.Жұмабайұлы өлеңдерінің тіл жағынан, әдебиет тану жағынан пайдасы көп болады деп сенеміз» [80], – деген саяси астарлы пікірлеріне қарамастан «қаратаяқтардың» өкілінің поэзиясын «тапшыл қарабалақтар» қабылдамады.

«Қара қазақтың» батырақ ақындарының пікірімен санаспай, қазақ ақынының жинағын Қазақстаннан сырт жерде шығару – олар үшін «шетелдік идеологиялық үстемдік, басыну» болып табылды. Сондықтан да, Орынбордағы Баспасөз және баспа құпияларын сақтау жөніндегі Қазақ өлкелік Бас басқармасы 1925 жылы 21 наурыз күні «Өте құпия түрде Ақмола губерниялық Литосына (цензурасына):

«Түркістан мемлекеттік баспасынан 1923 жылы қазақ тілінде шыққан Мағжан Жұмабаевтің өлеңдер жинағын айналымға жібермей тәркілеу туралы шұғыл шара қолданыңыздар, тәркіленген даналарды қашан арнайы нұсқау берілгенше сақтап қойыңыздар. Қазлитоның менгерушісі Кондратов. 21 наурыз 1925 жыл», – деген жеделхат жолдады. Жеделхатқа: «Иванов жолдасқа: тез орындаңыз, алдымен Қазпедтехникумнан, ауыл шаруашылық мектебінен және кітапханадан, сонан соң Тілеулиннен алыңыз. 21. III. (қолы)» [38.166-167], – деп бұрыштама қойылды.

Сол бұрыштама 1989 жылға дейін күшін жоймады.

Сол жылы Пролетар жазушыларының қазақ ассоциациясы құрылып, оның құрамына тек қана кедей табынан шыққандар қабылданды. Олар Мағжан, Мұхтар, Жүсіпбек сияқты «оқып туған байшыл-буржуазиялық идеологияның құйыршықтарының тамырына балта шабу үшін» шабуылға шықты. Әрине, балтаның сабын ұстаған Сәбит Мұқанов болды. Оған Мағжанның 1923 жылы Ташкентте шыққан «Өлеңдер жинағы» негізгі себеп болды.

Әрине, «Мұның бәрін (Сәбит) салқын қанмен оқып отыра алмады. (Оған) халық алдында Мағжанның және өзге алашордашылардың халыққа жау екендігін әшкерелеуге тура келді. Осы мақсатпен (олар) 1924 жылдың басында Орынборда Мағжанға әдебиеттік сот жасады. Білетін адамдардан сұраса, бұндай соттың әдеттегі соттан еш айырмасы болмайды екен. Бұнда да судья және заседательдер белгіленеді екен, куәлар шақырылады екен. Осы тәртіппен өткізбек болған сотта, айыптаушының міндеті (оған) жүктелді, қорғаушылық міндетін Рабфактың Жакен Сәрсембин дейтін оқушысы қалап алды. Қазір әлдеқайда, төменгі қызметтердің біреуінде жүрген бұл адам, ол кезде барып тұрған ұлтшыл болатын... Судья мен заседательдер, әрине, (өзеріне) сенімді оқушылар. Куәлікке қалаған кісі шыға беруге тиісті» [17.510; 17/2.418-419] болды.

Сотта басты айыптаушы болып сөйлеген шешен өзінің «Өмір мектептері» атты ғұмырнамалық шығармасында:

«Соттың мәжілісі Свердлов клубының залында басталды. Кең залға бұл жолы да адам симай, көп кісі сыртта қалып қойды. Сот құрылар алдында алған міндеттемемізге қарасақ, кәрілі-жасты алашордашылдар бұл сотты не құлатпақ, не өздерінің пайдасына жаратпақ. Олардың бұл ниеттері іске аспады. «Заң» бойынша, сөз айыптаушыға беріледі екен. Менің екі сағатқа созылған айыптау-баяндамадан кейін, залда отырған көпшілік қорғаушы Жәкен Сәрсембинді айғайлап сөйлетпей қойды... Жұмабаевтің совет өкіметіне қарсылығы, халық дұшманы екендігін дәлелдеп сөйлеуші куәлар – жақтаушы куәларды басып кетті. «Көп ауыз біріксе, бір ауыз жоқ болады» дегендей, «Жалғыз қаздың үні шықпайды» дегендей, Жұмабаевті жақтаушы

азшылықтың әлсіз үндерін көпшіліктің қалың қуатты үні жоқ қып жіберді» [17.510; 17/2.418-420], – деп еске алады. 147

Бір түсініксіздігі, С.Мұқановтың Мағжан туралы және басқа да оқиғалар жайындағы естеліктерінің мәтіні «Өмір мектебінің» әр басылымында әрқалай өзгеріп отырған. Сондықтан да, біз бұл естеліктің мәтінін мемуардың әр басылымымен және оның орысша аудармасымен салыстыра отырып жариялауға мәжбүр болғанымызды ескерте кетеміз.

«Сот үш тармақты қаулы алды: 1. Жұмабаев қазақ халқының, онымен қатар, қазақ халқына қамқор болып отырған Совет өкіметінің қас жауы деп танылсын. 2. Оның барлық шығармалары оқылудан алыну(ы) өкіметтен сұралсын. 3. Бұдан былай советтік баспасөз бетінен Жұмабаевтың шығармаларына орын берілмесін».

Сот қоғамдық түрде құрылғанымен, халық тілегінен туған оның үкімі со күннен бастап түгелімен іске асты. Аз уақытта Мағжан және оның әріптестері халық жауы боп әшкереленді. Баспасөзден Мағжанға да, оның серіктеріне де орын берілмеді. Олардың аты мәңгілік қара тақтаға жазылды [17.510-511], – деп қаулы шығарғанын жазады.

Қыза келе Сәбит Мұқановтың балтасының жүзі Абайдың өлеңдерін де отап тастады, сөйтіп, ұлы ақынның есімі «қара тақтаға жазылды».

«Беті теріс, қабағы қырғи» мұндай байбалам-даңғойлыққа қарсы пікірлер де жарық көрді. Соның ішіндегі сүйектісі әрі байсалды пікірі бар мақала «Ақ жол» газетіндегі «Мағжан» және «Лениншіл жас» журналында жарияланған Жүсіпбек Аймауытовтың «Мағжанның ақындығы туралы» атты әдеби кеште жасаған баяндамасы еді. Газеттегі мақаланың авторы да, лақабы да көрсетілмеген. Бірақ жазылу мәнеріндегі:

«... Соңғы ақындардың ішінде өлеңге тәтті күй, нәзік сезім, майда тіл тудыру жағынан Мағжанның артық қызмет істегені жоқ. Мағжан өлеңдерінің оқушының сезімін де, ойын да тәрбиелейтін өзгеше артық күші бар... Оқушы өзінің жаратылыстағы көретін анық бар сипаттарын Мағжан өлеңдерінен анық көреді, сұлулыққа лайық болуға мүмкін деген фантазияның іздеп табатын әдемі сипаттары да Мағжан өлеңінде көп кездеседі, оқушының сезіміне әсер беріп, қиялын шарықтатады. Мағжанның өлеңінде ойды тербетіп, адамның ішкі күйіне күшті әсер беретін сыршылдық бар. Сыршылдық белгісі жаратылысқа әйел туралы жазған өлеңдерінде ашық көрінеді. Әйел туралы жазған өлеңдерінде Мағжанның сыршылдық сипатының үстіне өлеңінің ішкі мақсатында, көздеген идеясында да зор күш бар» [11.397], – деген қисынды пікірді М.Әуезов пен Ж.Аймауытов қана айта алатын.

Ал, мұнда М.Әуезовтің жазу мәнері мүлдем сезілмейді. Оның есесіне, Жүсіпбектің «Мағжанның ақындығы туралы» көлемді еңбегіндегі жазу мәнері мен ой ағымының, сөз бен термин атауларының демі анық сезіледі. Тіпті, бір әредікте: «Мағжанның өлеңдері басылып шыққаннан кейін оның өлеңдері туралы бір-екі сөз жазып өту керек көрінеді» [11.397], – деп өзінің бұдан бұрын да қалам тартқанын аңғарта кетеді.

Ал, «Мағжанның ақындығы туралы» терең және жан-жақты талданған ұзақ баяндамадан асқан пайымды әдеби-сыни пікір қазір де некен саяқ. Өйткені, мұнда Мағжанның көркем әлемі мен шығармашылық психологиясы-

148 ның, әлеуметтік және саяси көзқарасының қалыптасуы сол Мағжан өмір сүріп отырған заманның демімен жазылған. Ақынның жан сыры да, рух сыры да, талант болмысы да тұтастай ашылған. Өкінішке орай, осы заманның әдебиеттанушылары Ж.Аймауытовтың баяндамасындағы әлеуметтік-қоғамдық, саяси-көркем, теориялық қисындарға назар салып, оның астарын ашудан тайсақ тартады. Оның:

«Күшті ақын – әлеуметінің тіл қамшысы, сайламаса да табиғатымен сайланып шығарылған уәкілі, мұның, зарын айтқызатын елшісі... Қараңғыны – жарық, бұлдырды – ашық көрсете алмаған ақын – ақын емес. Сондықтан, ақын жалғыз ғана таптың пайдасын көздеп, сойылын соға бермейді, өмірді анық танып, кемшілікті түгел көріп тұрған соң, ақын кейде тап көлемінен шығып, жалпы шындыққа, жалпы адам баласының қамына да құлаш ұрып кетеді. Кейде көңілдегі ойы шықпай, басқа нәрселерге ауысып кетеді [11.368], – деген пікірінің астарында сол кезде әлі атауын таппаған «социалистік реализм әдісінің» басты талабы – әдебиеттің тек қана таптық мүдде тұрғысынан жазылуын заң ретінде бекіту шарасына деген қарсылық бар.

Ал: «Мағжанның алғашқы кездегі өлеңдерінде неше түрлі рух бар. Сыртқы түрінде орыстың бейнешілдеріне (символист) еліктесе, ішкі рухында күйректік, жылауықтық (сентиментализм), романтизм болады [11.382]... Жазу жолында бейнешілдердің негізгі әдісі – ишарамен, бейнемен түсін бояп, көлеңкелеп жазу, олар төңіректегі деректі тұрмыстан өзге дүниеге, ана дүниеге бір ұйқастық (ұқсастық –?–Т.Ж.) іздейді. Сөздің ішкі маңызында көбінесе сыртқы ұйқасына, тізіліміне, ырғағына көбірек назар салады. Олардың сөзі ақылдан көрі жүрекке артығырақ әсер беріп, сезімді билейді. Бүгінгі өмірді онша керек қылмау, өзінен өзгені жақтамау, өнерді өте жақсы көру, әйелді сүю, махаббатты жырлау – міне, бейнешілдердің тұтынған жолдары. Сондықтан да, бейнешілдердің өлеңі құлаққа жағымды, үнді, әуезді, күйлі, зарлы келеді. Дыбыстардың құрылуы сурет туғызады. Өлеңнің тілге жеңіл, құлаққа жылы тиюін Абай да іздеген, Абай да сөздің ішін мәнерлі, тонын сұлу қылуға тырысқан, бірақ, дыбыспен сурет жасауға, сөздің сыртқы түрін әдемілеуге Мағжанға жеткен қазақ ақыны жоқ [11.382]... Мағжан идеалист. Дүниені – рух, пікір билейді, тұрмысты – сана билейді, тарихта – әлеумет маңызды емес, жеке адам маңызды – дейді [11.397]», – деген талдауында сол кездегі пролетариаттық мәдениеттің басты талабы: болмыс – бірінші, сана екінші, таптық сана – көркемөнердің негізгі идеясы, демек, құдайсыз әдебиет, құдайсыз рух болуы керек. Рух – ол марксизм. Көркемдік – басты мәселе емес, таптық мүдде, партиялық көзқарас, интернационализм (яғни, ұлы орыстық бауырмалдық) басты мәселе – деген әсіресолшыл бағыттың можантопайлыққа әкелетінін мекзейді.

«... Қазақ әдебиетіне Мағжанның кіргізген жаңалығы аз емес, орыстың символизмін (бейнешілдігін) қазаққа аударды, өлеңді күйге (музыкаға) айналдырды, дыбыстан сурет туғызды, сөзге жан бітірді, жаңа өлшеулер шығарды. Романтизмді күшейтті, тілді ұстартты. Мағжан – заман туғызған көшпелі дәуірдің ақыны, ескіні жырлаған, жаңаны әлі мойындап болмаған ақын.... Мағжан терең ойдың ақыны емес, нәзік сезімнің, тәтті қиялдың ақыны, ол кедейдің ақыны емес, ұлт ақыны. Ел ішіндегі бай, кедейдің арасындағы қиянатты, теңсіздікті көрмейді. Ұлтты жалпағынан алып қарайды. Ол – түрікшіл (пантюркист), санашыл (идеалист), дарашыл (романтик),

уайымшыл (сентименталист, пессимист), өзімшіл (индивидуалист) ақын. Бұл жағынан қарасақ, ол – ескі пікірлі ақын. Жақсы жағынан санасақ: ол – сыршыл, толғағыш, суретші, сөз ұстасы, түршіл, романтик, мәдениетшіл, отаршылдыққа, жауынгерлікке² (жаугерлікке, жаһангерлікке –?– Т.Ж.) қарсы күншығысшыл ақын» [11.3395], – деген пікірлер Сәбиттердің төбе шашын тік тұрғызды.

Мұны: «Көркем өнер – көркем өнер үшін» деген буржуазиялық талап деп бағалап, түп тамырымен жоюға үкім шығарып қойған болатын. Бәздің ойымызша, Мағжанның шығармашылық тамыры мен психологиясын бұдан асып талдаған сыншы әзірге жоқ. Көбі тамсанумен ғана тынып жүр.

Сол кезде Сәбиттің көктен тілегені жерден табылды.

1924 жылы 19 қарашада РК(б)П Орталық Комитетінің баспасөз бөлімінің кеңесінде Т.Рысқұлов пен С.Сейфуллиннің Сталинге жазған шағым хаты бойынша «Ақ жол» газетінің саси кемшіліктері талқыланды. Әрине, бір ауыздан сыналды. «Ақ жолды» жабу туралы Сталиннің қолы қойылған нұсқау берілді. Соның желігімен 1924 жылы 24 қарашада Күншығыс еңбекшілері университетінде «Жерлестік» атты қазақ жастары ұйымы «Ақ жолдың» белсенді авторы Мағжанның шығармашылығын талқыға салды. КСРО халықтар орталық баспасөзінің директоры Нәзір Төреқұлов, Орталық комсомол комитетінің бюро мүшесі, Жастардың коммунистік интернационалы атқару комитетінің бөлім бастығы Ғани Мұратбаев, басқа оқу орындарынан Ғаббас Тоғжанов, Салықбек Сапарбеков, Жәкен Сәрсенбин, т.б. алпысқа жуық адам қатысты. Тек осыған ұйытқы боп жүрген «сұр кардинал» Әбдірахман Байділдин ғана бұл кешке келмей қалды. Олардың дені, С.Сейфуллин айтқан, «үлкен орындардан түсірілгендердің ішіндегі оқуға сұранып келгендер» еді.

3.

Сөйтіп, 1924 жылдың басында Орынборда, Сәбит Мұқановтың бастама-сымен: «Халық алдында Мағжанның және өзге алашордашылардың халыққа жау екендігін әшкерелеу... мақсатымен Мағжанға жасалған әдеби сот» жыл аяғында Мәскеуде жалғасын тапты. Мағжанның қу жаны Мәскеуде де тыныштық таппады.

Мәскеудегі Күншығыс баспасының бас редакторы Нәдір Төреқұлов бастатқан қазақ қызметкерлері мен студенттері де бұл аламаннан тыс қалуды «ар санады». 1924 жылы 24 қараша күні алпысқа жуық «оқырман» қатысқан жиналыста Сұлтанбек Қожанов алғысөз жазған Мағжанның «Өлеңдер» жинағы туралы Нәзір Төреқұлов баяндама жасап, жинақты талқылады, жәй талқыланған жоқ, талқандады. Талқылауға өзінің қол астында істейтін ақын шақырылмады. Сол талқылаудың барысы туралы «Еңбекші қазақ» газетінің 1925 жылғы, 14 ақпанында «Мағжанның кітабі туралы» есеп жарияланды.

² Дұрысы: «жауынгерлікке» емес, «жаугерлікке, жаһангерлікке» – шығар, араб қарпінен крилл қарпіне түсіргенде кеткен жаңсақтық болуы мүмкін.. Өйткені, жауынгерлік рухқа арналған «Мен жастарға сенемін», «Орал», «Орамал», «От», «Пайғамбар», «Күншығыс», «Алыстағы бауырыма», «Ақсақ Темір», «Ұлан», «Жауынгердің жыры», «Батқан күн, атқан таңның жыры» сияқты тағы да басқа өлеңдерінде ақын алаш ұланын ерлік шақырады. Өкінішке орай, түпнұсқаны қарастырып, салыстырудың мүмкіндігі болмады.

«1924 жылы 24 ноябрьде Мәскеудегі Күншығыс коммунистер университетіндегі Қазақ жастарының «Жерлестік» ұйымының жиналысы болды. Жиналыста Рабфакта және басқа да орындарда оқитын жастар да болды. Жиыны 60-тай кісі жиналды...» [11.398].

Н.Төрөқұлов (терме үзінді): «Осы уақытқа дейінгі Мағжан өлеңдерін иалсақ, қазақ әдебиетінен бөлек кеткен Мағжан: Дала ақынымын – дейді. Бірақ далаға ұқсаған жері жоқ. Барлық жазатыны өзінің тегі, қиыры жоқ қиялы. Мағжан, кімсің? (– десе): өзінің кім екенін, кімнің ақыны екендігін «айтып бере алмайды. Дала ақыны деп айтуға келмейді. Кейбіреу(лер) айтады: Саясат пен әдебиетті араластыруға болмайды – дейді. Мағжан өлеңдері көбінесе осы пікірге сүйеніп басылған. Бұл қате... Біз айтамыз: Мағжан кеңес топырағына отыратын (сінетін) адам емес. Мәселен, «Жолдастарға» деген өлеңін оқып қараңыз. Бұл өлеңінде бізді кекетіп, коммунист партиясын қоңыз қылып көрсетіп: оларда түпкілікті идея, жол жоқ, олар қарын тойғызу (үшін) жүр – дегенге келтірген... Мағжанның өлеңі де, өзі де байлар әдебиетіне байланысқан. Кеңес өкіметіне қарсы ретіне (жағына) қосылған..... Мағжанға: «Қай топтың ақынысың?» – десе, айта алмай сасып қалады... Осы күнде кеңес өкіметінде орыстың партияда жоқ ақындары, жазушылары кеңес жолымен халықтың мұңын жазып жүр. Мағжан сол жазушылардың тобығына жетсе де, өзгерген деп айтар едік. Мағжанның өлеңінде қазақтың шаруашылығына, саясатына үлкен қарсылығы бар. Сондықтан да, ішін айтып тексермей, мынау әдебиет деп қабыл ала берсек, барлық идея» дан), коммунист(ік) жолымыздан айырылып қаламыз. Біз: қазақ әдебиетіне жол салған Абай – дейміз. Бірақ, қазақ әдебиетінің атасы Абай дегенде, бәрін өзімізге қосып алу (деген) емес, соның негізімен жазушылар әдебиетте негіз, жол салу деген сөз. Мағжан – ақын, бірақ қазақ ақыны емес, қазақтың тұрмысынан айырылған ақын. Осы күні: «Коммунист жасасын!», «Төңкеріс жасасын!» – деп сыдыртып жүргендер де бар. Олардың дегеніне еріп кетпей, демагогиясына жол бермей, сынап, ішін ашып қарап, тексеру керек. Мақтай берсек, бір күні одан да айырылып қалуымыз мүмкін», – деген үзінділерден-ақ Н.Төрөқұловтың ұстанған бағытын түсінуге болады.

Түсініксіздігі, осыны айтып отырған адам – Мағжанды Күншығыс баспасына кәсіби баспа маманы ретінде қызметке алған, бұдан кейін де екі жыл бірге істейтін, Ленинді аударуға сеніп тапсырған Нәдір Төрөқұловтың өзі болуы және ақынның шығармашылығына «бейнесі жат бейтаныстықпен» шүйлігуі. Екінші, түсініксіздігі, өзі сол шығармашылығы талқыланып отырған Күншығыс еңбекшілері университетінде дәріс беретін Мағжанның талқылауға қатыстырылмауы.

«Сөйлеушілердің ішінде Нәзір баяндамасына қиғаш келген Мағжан өлеңдеріне өзінше сын тағушы Сәрсенбайұлы Жәкен болды. Ол: – Мағжанның өлеңін тексеріп сын беретін болсақ, көбінше әдебиет жағынан сынауымыз керек қой. Ақын, болса да өзінің заманымен ақын. Абай өз заманының ақыны болды. Қазақтың азып-тоза бастағанын көріп қамықты, күйінді. Байлардың тұрмысын жырлады. Ол да өз заманының ақыны еді. Байрон өлеңінің көбінде феодализмді жақтайды. Оны заманы жоқтатқан. Біз Маркс жолымен сынасақ Мағжанды да өз заманы ақын қылып, заманның ыңғайымен кетіп отыр деуіміз керек. Мағжанды мінегенде тегіс мінеі алмаймыз, мінseitін

жерін мінеу керек. Рас, оның түпкі идеясы коммунистке қосылмайды, бірақ, пайдалысын – пайдаланып, пайдасызын – алып тастауымыз керек, – деді» [11.400].

Әрине, ол бұл пікірі үшін кейін жазасын алды.

«Нәзір(дің) баяндамасы бойынша 20-шақты жастар сөйледі... Мағжанның соқыр ұлтшылдық, құрғақ қиялшылдық, жоққа табынатындық сықылды зиянды пікірлерін өлеңдерінен дәлел келтіріп көрсетті...

Мағжан(ның) өлеңдері туралы төмендегі қарарды шығарды:

– Мағжан өлеңінің көбінде өткенді көксеуді, ескілікті іздеуді, ұлтшылдықты жырлайды, өзімшілдік, менмендікті дәріптейді;

Мағжан өлеңдерінің сырты әдемі, бірақ, сыртқы бояуын суырып тастап, ішіне көз жіберсек, Мағжанның Коммунист партиясы мен Кеңес өкіметінің негізгі жолына қарсы жерлері бадырайып шыға келеді.

Мағжанның ұстаған беті, негізгі пікірі – түрік ағағын көтеру, түрікшілдікті (пантюркизм) тарату. Бұл бет қазақ еңбекшілерін басқа жұрттардың еңбекшілерімен біріктіретін, оңға бастайтын бет емес, ірітетін, теріске бастайтын, төңкеріс жолынан адастыратын бет. «Күн шығысым», «Алашым», «Қазағым» деп жырлағанда Мағжан қазақтың байының, бұрын билеп-илеп төстеген ханының, би-болысының, жуанның қамын қайғырады...» [11.400-401].

Талқылаудың үкімі былай шығарылды:

«... Мағжан өлеңдерінің осы сияқты зиянды екендігін есімізге алып, біз марксизм, ленинизм жолына түскен жастар былай ұйғарамыз:

1. Мағжан өлеңдеріне сырты әдемі, ұйқасы, тізімі жақсы деп қарау, саяси жағын ескермеу, мазмұнын тексермеу – зор қате деп білеміз. Саяси жолы теріс, төңкеріске қарсы өлеңдер еңбекшілер әдебиетіне өң бермейді.

2. Бұдан былай жер жүзінің еңбекшілерімен бірге қазақ еңбекшілерін де бастап отырған коммунистер партиясының жолына қайшы Мағжанның «жұмбақты» өлеңдері газет-журналдар бетіне тексерусіз басылмасын дейміз.

3. Қазақ еңбекшілеріне коммунистер партиясының бағытымен түзу басшылық етеді дейтін бірсыпыра коммунист жолдастар (Мағжан кітабының басылуына, таралуына себепші болған жолдастар кіреді): Мағжан өлеңдеріне әдейі сын көзімен қарасын, әдебиетке «көркемдік», «сыршылдық», «суреттілік» кіргізеді – деп, жолынан адасып, мына кітапты түсіндірусіз бұл түрде бастырулары қате екендігін еңбекшілер алдында мойнына алсын және бұдан былай бұл секілді қате істерден сақтансын – дейміз.

4. Мағжанның саяси жолы қазақ еңбекшілеріне зиянды екендігін есімізге алып, осы Мәскеудегі лениншіл жастар, оның өлеңдерінің зиянды жерлерін қазақтың еңбекші жастарына, жалшы, жарлыларына, қырдағы бұқара еңбекшілерге толық түсіндіруді міндетіміз деп білеміз. Басқа жердегі жастарды да осы іске шақырамыз.

Күншығыс университетіндегі қазақ-қырғыз жастарының «Жерлестік ұй-

Сонымен, «дүние астан-кестен болды». Өмір де, өнер де тығырыққа тірелді. Не істеу керек? Ұлттың рухын өлтірмей, жанын қалай таза ұстау керек? Бұл талқылау мен талқандалу ұлт жазушысын қатты ойлантты. Жәкен Сәрсенбинмен екеуара әңгімеде әдеби үйірме құрудың қажеттігі туралы ой туындады. Ұлт ақыны алты алаштың азаматтарына атой салып «Табалдырық» атты бағдарлама жазды:

«Қазақ әдебиеті тоғыз жолдың торабында тұр. Артында бір жол, алдында мың жол. Мың жолдың ішінде өзен өрлегені де, шөліркегені де, барса – келері де, барса – келмесі де бар. Қазақ әдебиетін мынау мың жолдың тарауына алып келіп, аңыртып тұрған – тұрмыс. Аңырып тұрған тұрмыс – қазақ тұрмысы. Қазақ тұрмысы орыс тұрмысымен, орыс тұрмысы арқылы Еуропа тұрмысымен соқтығуы – қазақ әдебиетінің орыс әдебиетінің екпініне, орыс әдебиеті арқылы Еуропа әдебиетінің екпініне кез келуі – «таспен жапалақты ұрсаң да, жапалақпен тасты ұрсаң да, жапалақ өлмектің» кебі.

Әрине, қазақ тұрмысы қирамақ, әрине, қазақ әдебиеті өлмек. Бірақ, бізге молда болатын Еуропа әдебиетінің өзі де бір молда емес, мың молда. Алыстағы анау Еуропаны қоялық, көршіміз орыс әдебиетін алалық. Оның да өткен дәуірлерін бүркеп, осы күнгі дәуірін алалық.

Осы күнде пролетариат төңкерісі дәуірінде, кеңес өкіметінің өзінде орыс әдебиетінің мың бағыты бар. Бәрінің жалауы – қызыл, ұраны – төңкеріс, алды – ортақшылдық сықылды... Алайда, искусство һәм оның бір саласы болған әдебиет туралы түрлі жақтың түрлі ұғымы бар. «Искусство – бар, һәм болмақ», – деген бағыттан бастап, «Искусство – жоқ, һәм – болмақ емес, бұрын болса да – бұдан былай болмақ емес, болуға тиісті емес», – деген бағытқа шейін бар.

Оның үстіне, біз дүние астан-кестен болған заманның адамымыз. Жұмыр жердің бетіндегі шірік қауды өртеп, өртең шығару үшін қылыш, найзаны қолдан түсірмей, майданда жүрген әскердейміз. Әйеліміз де, еріміз де саясатшылмыз, шаруашылмыз, әдебиетшілміз, тегіс әскерміз. Әскер болуға міндеттіміз. Төңкеріс ісі осыны тілейді. (... бір сөз танылмады – Т.Ж.) тұрмысы да осыны тілейді.

Бірақ майдандағы әскердің әрбір тобының да, әрбір таптың да бас міндеті болмақ. Әрбір топ өзінің ісін дұрыс атқарса ғана, жалпы әскер соғыста ұтып шықпақ. Бір топ өз міндетін атқара алмаса, өз міндетін ұмытып, көптің дүрмегімен, айғай-аттанның желігімен лап қойып кете барса, майдан құр ойранға айналмақ. Қазақтың жазушылары да аз әскердің кішкене бір қанаты. Үркердей бір тобы. Бірақ олардың мойнында жалпы әскерлік міндеттен басқа бас міндет бар. Жазушылықтың, ақындықтың өз міндеті бар. Жазушыларымыз әскерлік міндетін біліп, ақындық міндетін білмесе, атқара алмаса – ақын емес. Ақындықты біліп, әскерлікті білмесе – әскер емес.

Қазақ елі – Еуропа мәдениетінің көзімен қарағанда мәдениет қоры, әдебиет қоры жоқ, кедей ел болғандықтан, біздің жазушыларымыз әскерлік, азаматтық міндетін ұмытып, құр ақындыққа қадалып қалуы мүмкін. Әсіресе, ақындық міндетін біле алмай, жалпы айғайдың екпінімен кетуі де мүмкін. Әдебиетті – айғай ғана деп, ақындықты – үгіт-насихат қана деп ұғуы. Мы-

салы, әдебиет, не діншілдіктің бәдуамы (бәдуам – әліппе, яғни, оқу құралы – Т.Ж.), не дінсіздіктің бәдуамы деп, әйтеуір, бәдуам деп ұғуға мүмкін... Үлгі боларлық орыс әдебиетінің түрлі тарауының тұрақсыз бір тарауына, не барса – келмесіне, не ұзамай құрып кететін сиырдың шұбырындысына түсіп кетуге мүмкін.

Осы мүмкіндіктердің шет пұшпағын көріп, әдебиет қазанының бір құлағына жармасып жүрген біз – тоғыз ойланып, тоқсан толғанып, төмендегі пікірлерді ортаға салуымызды борышымыз деп білдік.

Бұл құрғанымыз сегіз қанат боз орда, алты қанат ақ отау емес, «абылайша». Майдан, ойран, жорық дәуірінде дағарадай орда да, алты қанат ақ отау да құрып отыруға болмайды. Аттан дәуіріне «абылайша» керек. Жорық «абылайшасы» керек (жорықта тігілетін қос – Т.Ж.). Жорық – «абылайша» болады. Жорық басылар, жаңа тұрмыс орнар, «абылайша» қалып, бәріміз сиытын боз орда тігілер. Бұл келешектікі. Өзіргі баспана – «абылайша!».

Оқушы! Жақсы келдің. «Табалдырықты» аттап, төрге шық. «Алқаға» кір!» [6.398], – деп ұран тастады.

Бұл – «Алқа» әдеби үйірмесінің «Табалдырық» атты бағдарламасының кіріспе үндеуі. Оны жазған – ақын Мағжан Жұмабаев болатын.

Екінші тарау: ТАБА ТАБАЛДЫРЫҒЫ

«Өзіңнің сұмырай мақсұтыңа шындықты құрбан қылып шалып, қайқайып жүре беретін соғылған болмасаң, балапан әдебиетіміздің шын әдебиет болып ержетуін шын тілейтін болсаң, мынау «Алқа» сенікі. «Алқаға» кір. Шын әдебиетшіл, шын ақын болсаң, мынау «Алқа» сенікі».

Мағжан Жұмабаев
(«Алқа» әдеби үйірмесінің «Табалдырық» платформасынан)

1.

Ақындық асқақ көңілмен екпіндете жазылған бұл үндеудің астарында терең мән жатыр еді. Ол тұстағы әрбір науқанның өзін «майдан» деп атау рәсімге кіріп кеткендіктен де, әр саланың адамдары өзін «әскер есебінде» сезінуі заңды және мұны Мағжан жарым-жартылай мысқылмен айтып отыр. Негізгі түйіні: қалайда Мәскеудегі әріптестері сияқты бір көркемдік мақсатты ұстанған өнер адамдарының басын біріктіру. Өйткені сол тұстағы жалаң әлеуметшілдер мен қызыл жалаулы «жасасыншылдар» мәдениеттің түп тамырына балта шауып, ежелгі мұраның бәрінен бас тартты. Тек қана «жасасынды» желеу етті.

Бұл өнерді өлтірудің ең бір отамалы шарасы еді. Екінші, Мәскеудегі қазақ оқығандары мен студенттерінің: «Мағжанның шығармалары қазақ кедейдеріне қарсы үгіт-насихат құралы», – деген қаулы қабылдап, барлық баспасөздерге хат жазды. Ол хат бүкіл Қазақстанды дүрліктіріп, Мағжанға және

Ақынның намысын қоздырған және оны «Алқа» атты әдеби үйірме құруға мәжбүр еткен де сол жағдай. Ол майданға «жеке әскер» ретінде емес, «абылайшасы» бар әдеби топ ретінде аттануға қамданды. Сондықтан да, ол өзінің ойын айқындай жазып, қанаттас қаламгерлерден ақыл-кеңес сұрады.

Тергеушілерге берген жауабында М.Жұмабаев:

«Алқа» үйірмесін құруды студенттердің талқылауынан кейін ойыма алдым және оның «Табалдырық» атты бағдарламасын 1924 жылы желтоқсанның аяғында бастап, 1925 жылы қаңтар айының басында жазып бітірдім. Бағдарламаны сол кездегі Мәскеу студенттері Сәрсенбин мен Сегізбаевқа оқып беріп, талқылаттым, өзгертулер енгіздім. Содан кейін барып жан-жаққа тараттым» [6.366], – деп жауап берген.

Әрине, тергеушілерге: «Алқаның» алдына қойған ешқандай саяси мақсаты жоқ, тек қана әдеби мүддеден туындады, – деген лаж айтады. Бұл орынды да, өйткені, негізгі мақсат – өнерден туындап отыр.

Алайда, қызылкөбікті көптіріп бүріккендер үшін айғай мен дау ғана қажет болатын. Ал, Мағжанның дауысы олардан өзге, сырлы, мұңлы, өр рухты қоңыр дауыс болатын.

Сөйтіп, тергеушілердің айтуынша – «астыртын ұйым, ал шын мағынасында «Алқа» атты әдеби үйірме өмірге келді. «Астыртын ұйымды», яғни, әдеби үйірмені құрған – Мағжан Жұмабаев пен рабфактың студенті Жәкен Сәрсенбин және ақын Аманғали Сегізбаев. Бұған енді тек қана қара күйе жағып, тонын теріс айналдырылған:

«Алқа» атты астыртын әдеби үйірменің өмір сүруі әдеби еңбектерді белгілі бір тәртіп бойынша бөлісіп дайындауға ұйытқы болды», – дегізетін көрсетінді ғана жетпей тұрды.

Әрине, мұның ар жағы әккі тергеуші үшін түсінікті. Түсініктісі сол, бұл үйірме – Совет Одағындағы жүздеген әдеби-творчестволық үйірменің бірі ғана болатын. М.Горькийдің өзі «ОПОЯЗ» -ға жетекшілік етті. Солардың үлгісімен КазАПП-тың жанкешті қарсылығына ұшыраған «байшыл, өткенді көксеген ұлтшылдар» – өздерін де, өнерді де қорғау үшін «Алқа» атты әдеби үйірме ашуға ұмтылды. Сол мақсатқа орай шығармашылық бәсекеге түсті.

Мағжанның «Батыр Баян», «Қойлыбайдың қобызы», Мұхтардың «Көксерек», «Қилы заман», Жүсіпбектің «Күнікейдің жазығы», «Ақбілек» іспетті кесек туындылары сол жылдары жазылды. Үйірме өз алдына саяси мақсат қойған жоқ. Таза өнерді қолдап, таптық мүддеден гөрі көркемдік шеберлікті жоғары қойды. «Жалаң ұраннан арылып, саф өнермен сусындауды» (М.Әуезов) мақсат тұтып, «Сана» мен «Шолпан» журналына жариялау арқылы сол идеяларын жүзеге асыруды ойластырды. Көркем әдебиет туралы Ж.Аймауытовтың, Қ.Кемеңгеровтің, С.Сәдуақасовтың, А.Байтасов пен Д.Ысқақовтың, Ә.Мәметованың, Ы.Мұстамбаевтің орайлас пікірлері тұтаса жарияланып, «тапшыл табашылдардың» бетін қайырды.

Өршіген сөздің асқынғаны сондай, С.Қожанов өзінің 1925 жылы 31 қаңтар күні сол «Еңбекші қазақта» жарияланған «Менің қателерім» атты мақаласында Н.Төрөқұловты «әдебиет саудагері» деп емеуірінмен міней

келіп: «Мағжан жөнінен менен қателік кеткен. Бастырғанымнан да, менің сол кітапқа саясаттан тысқары қылып баға беріп, сөз басы жазып бергенім үлкен қателік» [50.110], – деп мойындауға мәжбүр болды.

«Әдебиет мәселесі» (Талқыға), «Көркем әдебиетті саралау», Ыдырыс Мұстамбайұлының «Көркем әдебиет туралы» (Айтыс ретінде), «Біздің таластарымыз» (Ақындардың мінездері және Сәбиттің мінездері), «Абай» (Сын – айтыс), Жүсіпбек Аймауытұлының («Екеу») «Әдебиет мәселесі (Талқыға)», («Ақ жол» газеті, 1925 жыл, 1 сәуір), «Көркем әдебиетті саралау», («Ақ жол», 1925, 21 сәуір), Абдолла Байтасов пен Даниял Ысқақовтың «Көркем әдебиет туралы» («Еңбекші қазақ», 1927 жылғы 8-9 тамыз), Қошке Кемеңгерұлының «Көркем әдебиет туралы», «Еңбекші қазақ», 1926 жыл, 1 желтоқсан, «Көркем әдебиет туралы» (Сәбитпен айтысты доғардым), («Еңбекші қазақ», 1927 жыл, 30 қаңтар), Әмина Мамыт келінінің «Көркем әдебиет туралы», («Қызыл Қазақстан» жуналы, 1927 жыл, № 5-6-7 сандары) және Сәбит Мұқановтың «Көркем әдебиет туралы» («Еңбекші қазақ», 1926, 14-15 қазан), «Көркем әдебиет туралы қорытынды пікірлерім» («Қызыл Қазақстан», 1927 жыл, №2 саны) атты пікір таластары сол тұстағы әдеби үдерістен және Мағжанның шығармашылығы туралы талқылаулардың бағыт-бағдарынан толықтай хабардар етеді. Соның ішінде, С.Мұқанұлының «Аттан, пролетариаттап!» жазған «Әркім өзінше ойлайды» («Жаңа әдебиет» журналы, 1928 жыл, №3-4 сандары) сияқты даңғазаларынан басқа жарияланымдар өзінің пайымды, ойлы пікірлерімен, талдауларымен, тың деректерімен, теориялық қисындарымен ерекшеленеді. Бұл, әдеби мақалалар қазақ әдебиетінің ең бір талмауытты-отамалы тұсындағы мәдениет пен әдебиет майданындағы күрестің қалай жүргізілгенін түсінуге мүмкіндік берді. Олар қазірдің өзінде де сол орайдағы маңызын жойған жоқ. Өйткені, қарама-қайшы екі қоғам бірбірімен бетпе-бет келіп шарпысқан тұстағы тауқыметті тартысты түсінбей, жалпы сол кездегі көп ұлтты кеңес әдебиетін, қазақ әдебиетін, соның ішінде Мағжанның шығармашылық тағдырын түсіну мүмкін емес еді (Алаш туралы ақиқатты іздеген біз сияқты шәкірттерге сол кездегі мерзімді басылымдар оқу құралының орынын алмастырды – Т.Ж.) .

Әсіресе, Ыдырыс Мұстамбаевтің сол жылдарғы әдеби-мәдени, әлеуметтік-саяси жағдай туралы жарияланған «Біздің таластарымыз», («Жаңа әдебиет» журналы, 1928 жыл, №3-4), «Абай», («Жаңа әдебиет» журналы, 1928 жыл, №7-8, І.Қабыловтың «Қазақ ақыны Абайдың философиясы және оның сыны», («Советская степь», 1928 год, 2 августа) атты мақаласындағы даулы пікірге қарсы орыс тілінде жарияланған «Ақын Абай және оның философиясы» («Советская степь», 1928 год, 22 август), «Роковое преступление» (Из зала суда над атаманом Анненковым. По материалам Семипалатинской губернской газеты «Новая деревня») , «Новая деревня», 1927 год, 23 август), «Джумабаев и «Девяносто» (В порядке постановки вопроса), («Советская степь», 1929 год, 24 май) атты көлемді әрі ең опалы ғылыми-публицистикалық еңбектерінің маңызы қазір де ерекше.

Соның ішінде «Тікен» атты «тікен сыншы» Сәкенге:

«Тапшыл ақынбыз деп жүрген «ақындардың бет жуары» Сәкен мен Сәбит (Мұқанұлы) қой. Сәкеннің біраз өлеңдерінде суретшілік бар болғанымен, табанды пікір жоқ. Сәкен қара қазақтың қолына түспейтін «асау тұлпар» болып жүрген. Комиссарлықтан түскен күні үні өшкен Сәкенді қалай

156 тапшыл ақын дейміз? Сегіз жылдай айқайы таусылмаған кемпірге үгіт-насихат айтып отырған, өлең жазудың техникасын білмей, соқыр түйедей шалып отыратын Сэбитті қалай ақын дейміз?» [4.91], – деп қадалды.

Ал Ыдырыс Мұстамбаев өзіне тән тура мінезбен:

«Сэбит мақаласының аяғын: «Абайдың ар жағында да қазақтың жақ-сылы-жаманды әдебиеті болған. Сол әдебиеттер сарқылып келіп, Абай заманында бір қазық қағып өтті. Осының кезеңіне Абай кез келген соң, даяр табактың иесі, даяр тоқпақтың ұрушысы, даяр қазықтың қағушысы болды да жүре берді», – деп бітіреді... Жөн, жөн, Сэбит!!! Онан да қазақша: «Абай – арамтамақ», – деп бір-ақ айтсаңшы. Көп сөз сөйлеп әуре болып жататын не бар?» [4.92], – деп бетке айтты.

Қанша жерден «жолдастық сын» тұрғысынан айтылса да, мұндай пікірлер жауапсыз қалмады. Оның зардабы бірге емес, мыңға тиді.

Араға апта салмастан Т.Рысқұлов пен С.Сейфуллиннің баянхатының негізінде Сталиннің «Ақ жол» журналы туралы хаты» жарияланады. Күзге қарай «алашордашыларды аластатып», қазақ қайраткерлерінің өтініші бойынша Голощекинді Қазақстанға жіберді. Басылымның атын ауыстырып алған Сталиннің қарапайым қатесін түзетуге Орталық Комитеттің де, Өлкелік Комитеттің де, екі «арызшының» да дәті жетпеді. Тура сол кезде «Ақ жолды» жабу туралы қаулы да шықты. Ғалым Шериаздан Елеукеновтің сыни ой өзегінен бұл салыстырудың астарында «Қу жақтың» Қазақстанға келуінің «жоғарыдағы себепкерлерін» меңзеу бар. Олар: жақсылықты күтіп – жама-натқа, көсемді күтіп – Қужаққа тап болды.

Иә! Қандай ұқсастық десеңші! Сексен алтыншы жылы да осы жағдай қайталанып еді-ау! Тарихтан сабақ алмаппыз. Айтпақшы, сол тарихтың беті кешігіп ашылды емес пе. Біздің мына жиырма жыл бойы салыстыра жинақтаған жанталасты жанығуымыздағы салыстырулар мен талдаулар сол үшін қолға алынып отыр ғой.

Сөйтіп, «Алқаның» бағдарламасы – қиял, жұмысы – жоба күйінде қалды. Жоғарыдағы екі журнал да («Сана» мен «Шолпан») көркемдік-идеялық жат ұстанымы үшін жабылып тынды. «Әйел теңдігі» мен «Жаңа мектеп» журналында жарияланған М.Жұмабаевтің өлеңдері мен Ж.Аймауытовтың, М.Әуезовтің әңгімелері, Ө.Бөкейхановтың аудармалары, Ы.Мұстамбаевтің, Д.Ысқақовтың сыни мақалалары жалғасын таппай, тоқтатылды. Оның есесіне, 1927 жылы шыққан С.Сейфуллин ұйымдастырған КазАПП мүшелерінің «Құс жолы» атты жинағында «Алқа» мүшелерінің «жон терісін сыпырған» бес-алты мақала қатар басылды. Саяси айып тағуға соның өзі де жетіп жатыр еді. Солай болды да. Ондағы айыптаулардың пәрмені сот үкімінен бірде-бір кем соқпады. Әдеби пікір алысудың өзі «жаға жыртисудың» бір түріне айналды. Әсіресе, Мағжанның ақындығы туралы жарыса жарияланған «таңқиттар» (сын) таланттың танауын тіліп жатты.

Шындығында да, М.Әуезов айтқандай, Голощекин келісімен Қазақстандағы дәуір де, уақыт өлшемі де, құндылық та, көзқарас та өзгерді. Мұны «ұсыныс жасаушылардың» өздері де кеш аңғарып, бармағын тістеп үлгере алмай қалды. Ал Мұхтар Әуезов:

«Қазақ жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін. ... Бұдан соң Мағжанды

сүйемін. Европалығын, жарқырағын, әшекейін сүйемін. Қазақ ақындарының қара қордалы ауылында туып, Европадағы мәдениет пен сұлулық сарайына барып, жайлауы жарасқан Арқа қызын көріп, сезінгендей боламын... Мағжан – культурасы зор ақын. Бүгінгі күннің бар жазушыларының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалатын сөз – Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін» [65], – деп өзінің сөзін айтып үлгерді де, іле өзі де түрмеге қамалды.

2.

Талқылануға ұсынылған мәселенің ашық және кең ауқымда қойылуы, талқы барысында байыпты және батыл талдануы, келтірілген дәлелдерінің нақтылығы мен пікірінің пайымдылығы, ең бастысы, қозғалған тақырыпты терең білуі мен тиісті теориялық қисындарды орынымен пайдалана отырып жүйелі қорытынды-ұсыныс жасауы – заңгер Ыдырыс Мұстамбаевты өз заманының озық ойлы ақыл иесі екенін танытты. Мағжан поэзиясының көркемдік ишарасын әлеуметтік-таптық, саяси тұрғыдан қалай түсіну керектігі жөніндегі Ы.Мұстамбаевтің сол кездегі сыни-пікірлері және ұлы халық пен ұсақ ұлттың басынан кешкен ұқсас тарихи оқиғалардың астарын салыстыра талдаған және тұжырымдаған тарихи пайымдауларыңыз, ол мәселелерді түсіну қазір де қиынға соғады. Дәлел ретінде, аса күрделі саяси-таптық көзқарастардың тартысы ушығып тұрған кездегі әдеби-мәдени процеске, оның ішінде Мағжан Жұмабаевтің шығармаларындағы тарихи тұлғаларға нақты баға бере алмай, алаөкпе болып жатқан шақта арашаға түскен мына пікірін назарға ұсынамыз:

«Біздің әдебиетіміздің осы күнгі дәуірінде үш түрлі ағым бар. Ұлтшылдық, бұқарашылдық, кедейшілдік. ...Абай заманында қазақтың ұлт әдебиеті туды. Үкіметтің отаршылдығы күшейе бастаған соң, мұнымен қатар қазақ елінде ұлтшылдық туған соң, жаңа туған жас әдебиетіміз ұлтшылдық түріне айналып кетті. Көркем әдебиетіміздің сол ортақшылдық, ұлтшылдық заманында алған ұлтшылдық беті әдебиетіміздің ішінде әлі бір ағым болып келе жатыр. Бір заманда мұның пайдасы болса, осы күні зияны көп.

Бұрынғы заманда қазақтың ұлтшылдығы қайда жүр? Кейінгі замандағы ұлтшылдық бұрын неге тумайды? Бұрын тууға мүмкін емес. Орыс қол астына поляк, татар, башқұрт бәріміз бір заманда қарадық, бірақ бұлардың әрқайсысы, әсіресе, поляк орыс үкіметіне неше рет көтеріліс жасап, қан төкті. Бізде де аз-аздап көтерілістер болды. Бірақ олардың көтерілістері Кенесары, Махаттың (Махамбеттің емес пе екен – ? –Т.Ж.) көтерілістеріндей болған жоқ. Ойран топыр, қырған болды. Бұл неге бұлай, біз жаманбыз ба? Себебі, ол елдерде, әсіресе, поляктарда орыс капиталымен бірге жарысып келе жатқан капитал тұрмысы бар. Сондықтан, олардың ұлтшылдық сезімдері ерте ояңған. Мұның барлығын айтып отырғандағы мақсат: отаршылдық, ұлтшылдық дегендер капитал тұрмысының әртүрлі дәуіріне байланулы – деген сөз. Бір күндегі ұлтшылдықтың тамыры осы еді.

Бұл күнде октябрь төңкерісі бұл тамырды мүлде жойып отырса, әдебиетіміздің де бұрынғы ұлтшылдық бетінің тамыры бұл күнде жоқ. Ендігі ұлтшылдық бір нәрсенің күйігі – жоғарғыны жоқтау. Мұны бұқарашылдық боламыз деп жүрген жазушыларымыз білу керек, (Мағжанның) «Қорқыт»,

158 «Ертегі», «Жұмбақ», «Өткен күн» секілді өлеңдерінің арғы сарыны – өткенді жоқтауды көрсетеді. Заманы өткен таптың ақынның «сарындамалық» (романтикалық) жолына түскендігін көрсетеді. Әдебиетіміз қай дәуірде: сентиментализм, романтизм дәуірінде ме, реализм дәуірінде ме – деп таласып жүрушілерге жауап: әдебиетімізде жоғары айтылған ұлтшылдық, кедейшілдік, бұқарашылдық секілді үш түрлі ағым бар. Бірақ бұлардың әр қайсысы жоғарғы айтылған дәуірлердің әрқайсысын басынан өткізіп жүр. Сарындамалық дәуірі – өліп бара жатқан таптың, ақынның (Мағжанның – Т.Ж.) жолы, (оның) бізге керегі аз – дейтін жолдастардың сөзі дұрыс. Сондықтан, осы күнгі әдебиетіміздің ішіндегі «сарындамалық» – ұлтшылдардың ішінен, бұрынғы атақты ақындардың өлеңдерінен табылып отырса, бұл бір нәрсенің күйігі.

«Пайғамбар», «Бостандық», «Жолдасқа» деген секілді ұлтшыл ақынның (Мағжанның – Т.Ж.) өлеңдері бұл күнде ұлт тілегін көрсетпейді. Тап тілегін көрсетеді. Бізде мұндай жырларды жырлайтын ақындар болса: (онда) бізде де тап сезімі туған, өткенін көксейтін, келешекте пайғамбар күтіп отырған (Күнбатыстан болсын, Күншығыстан болсын, бәрібір) бір таптың болғаны – деп түсіну керек. Бұны Жүсіпбек, Қошкелер таныса жөн, танымаса – адасқаны. Әңгіменің, таластың зоры осы.

Ескі тұрмысты суреттеме, халықтың ескі тұрмысын жазба – деп ешкім айтпайды. Әбдірахманның мақаласындағы («Е.Қ», 248-сан, 26 жыл, 9/10) романтизмге берілген мағынасынан (бағасынан – Т.Ж.) және Сәбиттің мақаласының ішіндегі Мағжан: «Кенесарыны өлең қылады, бұл өткенді жоқтағандық» – деген сөздерінен («Е.Қ», 4 сан, 27 жыл, 4/1, «Мазмұн және пішін деген бөлім») ескіні тексермесе, ескіше өлең – сарындамалық болады. Бұрынғы ақсақалдық тұрмысты жоқтау болады – деген пікір шығуы мүмкін. Кенесарының, Наурызбайдың – Пугачевтан, Стенка Разиннан несі кем. Кенесары хан боламын деп көтерілсе, Пугачев та: мен қатын патша Екаторинаның ойнастары өлтірген, Петр патшамын – деп ел көтерген. Пугачев былай айтты екен деп, осы күнгі өзгеріс тарихының жүзінен сызылып қалып отырған жоқ. Пугачев патшамын деп айтқанымен де, сол уақыттағы қарашекпен көтерілісінің саяси мағынасы жоғалмайды. Кенесары хан тұқымы болса да, хан болуға ниеті болса да, ол уақыттағы қазақтың үкіметке қарсы көтерілісінің саяси тарихы, мағынасы болмайды. Қанша бай патшалар тұрмысынан алынып жазылса да «Анна Каренина», «Борис Годунов», «Отелло», «Гамлет» секілді драма, романдар көркем әдебиеттің ішіндегі маржан секілді нәрселер. Қанша заман өтсе де бұлар өзінің мағынасын жоғалтпайды. Көркемдігінде бұларға сөз жоқ. Бірақ ертегілерді, ескі әңгімені жазғанда қазақтың ескі тұрмысын дәл суреттемей, ескі тұрмысқа аса орынсыз мағына беріп отырса, не болмаса тарихи уақиға жазғанда болған уақиғаларды шын жазбай – бұрып, не өзінше жорып, әлде болмаса бұқараны былай қойып – батырды, ерді жеке алып (герой и эталон) отырса, ондай жазулардың мағынасы аз болады.

Міне, жазушыларға қойылатын шарттар осылар. Бұрынғыны көксемей, жаңа тұрмыс заманында қойылып отырған саяси тілектерді орынсыз жерге зорлап апарып қыстырмай жазылған бізде ертегі, ескі әңгімелер, тарихи уақиғалар жоқ. Осылай жазылған бір-екі ертегі, драма, романдар болса, көркем әдебиетіміз әжептәуір байып қалар еді. Соңғы мезгілде ұлтшыл

жазушылардың жазғандарының ішінде «Қаракөз», «Бүркіт кегі» «, «Батыр Баян», «Қартқожа» секілді жақсы нәрселер шықты» [4].

Басты байбаламшыл Сәбит Мұқановтың өзіне тікелей қаратылған бұл пікір оны ойға қалдырса керек. Араға бес жыл салып барып жазған «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты монографиясының көлемді бөлігін ұлтшыл ақын-жазушылар мен алаш орда қайраткерлерінің шығармаларын талдауға арнады. Соның ішінде, жеке кітапқа жетекабыл көлемдегі бір тарауы Мағжан Жұмабаевтің өмірі мен шығармашылығын қамтыды. Мұнда Мағжанның туғаннан бастап отызыншы жылдарға дейінгі жеке өмірі мен оның қаламынан шыққан барлық өлеңдері мен дастандарына қазымырлана тоқталып, ұзақ-ұзақ үзінділер келтіріп, бүге-шігесін талдайды. Аңғарлы қауым сол ұзақ үзінділер мен поэмалардың мазмұнын оқи отырып, Мағжанның бүкіл шығармаларымен танысып шығады. Мұндай толымды шығармашылық зерттеу қашан ақын ақталғанша жазылған жоқ. Осы зерттеуінің қорытындысында С.Мұқанов:

«Ақындық жағына келгенде Мағжан, әрине, қазақтың күшті ақындарына саналады. Қазақтың тілін байыту ретінде, әдебиетіне жаңа түрлер енгізу ретінде Мағжанның еңбегі көп. Абайдан кейін тіл өнегесінде Мағжаннан асқан ақын қазақта жоқ. Мағжанның және бір еңбегі мынау: Мағжанға шейін өткен қазақ ақындары, көбіне өлең үлгісін күншығыс елінен, әсіресе, араб, парсыдан алатын... Соңғы ғасырларда... өнер, білім әлемінің бәйгесін Еуропа елі әкетті... Мағжан орыс мектептерінен оқып, көбіне Еуропа пәндерімен суарылған адам болғандықтан, Еуропаның, оның ішінде, әсіресе, орыстың әдебиетін тез меншіктенді. Абай қазақ әдебиетіне Еуропа түрлерін шетпұшпақтап кіргізсе, Мағжан дендеп кірді. Еуропаның әдебиет түрлерімен қазақ оқушылары Мағжан арқылы толық танысты. Әдебиетте оның екінші зор еңбегінің біреуі: алған теманың пікірін өрбіту ретінде, кейінгі жазушылардың көбіне жол ашты. Қазақта поэмалар жазудың желісін қалаған адамның біреуі болды. Онымен қатар, Мағжан өлеңдерінде сыршылдық (лирика) жағы күшті келеді. Мағжанның өлеңін оқып отырғанда, оның сол өлеңді жазып отырған уақыттағы жан-жүйесінің құбылысы (душевное переживание), ішкі сезімнің толқыны көрініп отырады. Мағжан өлеңінен құр ғана үйлескен сөздерді көрмейсің, ақынның ішіндегісін әйгілейтін айнасын көресің. Сыршыл жағынан Мағжан көп ақынға бәйге бермейді... Мағжанның пролетариат үстемдігіне қарсылығының пролетариат үшін екінші жақтан зор пайдасы бар... Мағжан өлеңдері, әсіресе, қазақ еңбекшілеріне көп пайда береді. Ол беретін пайда: Мағжан өлеңін оқыған еңбекші қазақ байларының, оның партиясы «Алашорданың», ақыны Мағжанның қай кезде не әдіс ұстағанын көріп отырады» [33.242-244],– деп тұжырым жасап, Мағжанның қазақ әдебиетіндегі орынын көтере дәріптеді.

Тек... Иә, тек... Әсіре әлпештің соңында Сәбиттің қаламы оп-оңай, жеп-жеңіл, еш қымтырылусыз теріс аунап түседі де: дұрысты – бұрыс, терісті – оң, елжіреуді – ұлтшылдық, туған жерге сағынышты – феодализмді көксеу, жылқышыны – алаш көсемі, жылқыны – жұрт, құрбы-достарын – алашордашылар, Қазақстанды – ұлтшылдық бағытта құрылған республика, – деп отыр деп шімірікпей сүйдектете жөнеледі. Мұны осы монографиядағы әдеби-теориялық талдаудың методологиясы деп түсінуге және солай түсіндіруге мәжбүр боласың (Бұл пікірімізді білдіргенде ұстазымыз, профессор

160 Х.Бекхожин: «Солайы солай ғой. Солай түсін», – деп жымиысқа бергісіз байыптылықпен өңін ішіне тартушы еді). Мұны, 1927 жылы Мәскеуден Қазақстанға қайтып келер алдында жазған «Толғау», «Тоқсанның тобыры» атты толғауларының толық үзінділері мен мазмұнын келтіре отырып берген:

«Толғауды» (мазмұндап) аяқтағанда біздің айтарымыз мынау: дүниеде өзгермейтін ешнәрсе жоқ... Мағжан өзгеріп, пролетариатшыл болса, ол ғажап нәрсе емес. Егер, шын өзгерсе, пролетариат оны да ардақтайды. Бірақ Мағжан «Толғауда», біріншіден, шынын айтып келмеді. Екіншіден, «Езілген елді тең қылуды ежелден жырлап ем, ол тілегім болды» – деп, кеңес негізіне құрылған Қазақстанды ұлтшылдық бағытқа құрылған республика – деп түсінді... Мағжан да кеңес өкіметіне: «Қазақты ерікті ел қылды, сондықтан мұны қолдаймын», – деп қарады. Бұлай қарау – байшылықтың, ұлтшылдықтың жөнін бояған бір түрі. Қазақ еңбекшілері олай қарамайды. Қазақ еңбекшілері Қазақстанды автономия деп түсінгенде: «Бөлек елмін» – демейді. Басқа кеңестік республикалармен одақпын, менің досым – ұлтына қарамай барлық еңбекшілер, қасым – барлық байлар, соның ішінде, қазақ байлары да бар – дейді. Үшіншіден, Мағжан «Тоқсанға» (еңбекшілерге) шын жақындасам десе, «оннан» анық безсе: «Тоқсан саған келдім, күнәмді кеш» – деп орынсыз жылағанша, «Онның – тоқсанға қас екенін, өзі өз болғалы «онды» жырлағанын, «тоқсанмен» қосылып «онға» жау болатынын жазу керек еді. Ол уақытта Мағжанға «Тоқсан» сенер еді. Тапа-тал түсте «Онды» жақтағам жоқ деп өтірік айтып, өткенін жасырып, жасырмаса теріс айтып, құр көз жасын мөлдіреткенге еңбекші қалай илансын. Пролетариатқа Мағжанның көз жасы, не күнәсінен қайтқанының керегі жоқ, жауымен белсеніп күрескені керек. Мағжан «Толғауда» жаздым, жаңылдым деп құрғақ жылағаннан басқа: мен сенімен бірге енді байға қарсы аттанам! – деген батырлықты айта алмады. Сондықтан «Толғаудың» пролетариат үшін түкке маңызы болған жоқ» [33.244], – деген тұжырымдамасы соның анық дәлелі.

Зерттеуші, ақынның, ақынның көркем шығармасын емес, қылмыскерді, қылмыскердің қылмысын тергеп отырған сияқты сондай бір өктемдікпен дікілдейді. Ыдырыс Мұстамбаев айтқандай:

«Сәбиттің мінездері тым қызық: 1) Бірінші, барлық жаңа әдебиеттің негізін жалғыз өзі қорғап отырған секілді болады. Өзгелердің бәрі Сәбит басқан таңбамен жүру керек. 2) Екінші, Сәбит тым текебір. Басқа дүниеде өзім білмеген тесік қалған жоқ деп лепіреді де отырады. Екі ауыз ақыл айтып, Сәбитке қатесін көрсеткен адам пәлеге қалады. 3) Үшінші, Сәбит тым қылжаң, «қазан бұзар» тентек. Қылжаңдап келіп рұқсатсыз келіншектің бетін ашып қалады. «Бұл қалай?» – деп біреу сұраса, «Мен редактормын» – дейді. Айтқанға түсінбей жагып «байбалам» салады, біреумен айтысып отырып, екінші адамды қоса қабат беталды түйрей салады» [4].

Мұның себебі не? Қазір де түсіну қиын. Тек Ғабит Мүсреповтің: «Осы Сәбит қызық. Күні бойы: «Алашордашылар жойылсын, Мағжан – кеңес өкіметінің барып тұрған қас жауы!», – деп айғайлайды да, кеш түскеннен таң атқанша: «Алашым-ай, ардақтыларым-ай! Қайран, Мағжан!», – деп зарлап шығады», – деген сөзінен ғана бір ишараны аңғаруға болады. Тағы бір таңданарлығы, кезекті халық жауын әшкерелеген әрбір бес жылда бір қайталанатын саяси науқан тұсында әдебиетшілердің дені «ұлтшылдықты дәріптегендердің» қатарында жазаға тартылып жатқанда, тек қана ұлтшыл

ақын-жазушылардың шығармашылық жолына арналған Сәбит Мұқановтың бұл еңбегі және Сәбиттің өзі әшкереленусіз қалған. Ал, сол науқандарда Сәбең – Сәбит Мұқанов Мұхтар Әуезов бастатқан ұлтшылдарды әшкерелеуде алдына жан салмаған. Бұл да бір кеңестік идеологияның аяр қитұрқысы ма, кім білсін.

(Қалай дегенмен де, С.Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» монографиясы ақ-қарасы айырғысыз жолда жүрген шәкірт үшін қазақ әдебиетінің тарихына қосымша бейресми оқулық ретінде толайым мағлұматтар берді – Т.Ж.).

Қашан Мағжан Жұмабаев түрмеге қамалғанша осы «Тоқсанның тобы» төңірегіндегі жөнді-жөңсіз, даурықпа, даңғаза пікірлер баспасөздің бетінен түспеді. Барған сайын жаныға, өрттей қаулай берді. Сөйтсе, отты ысырып қойып өртті қаулатып отырған мұның басты «арандатушысы» Өлкелік партия комитетінің өзі екен. Ол туралы сол «Тоқсанның тобы» жарияланғанда алғысөз жазған Ш.Тоқжігітов:

«Мағжанның «Тоқсанны тобына» мен жауапты Өлкелік партия комитетінің тапсыруымен жазғанмын. «Қызыл Қазақстан» журналына басылатын мақалаларды тізе келіп, өлкелік партия комитетінің хатшылығы әркімге жазатын мақаланың аты-жөнін көрсетіп, әдейі атап тапсырған болатын. Соның ішінде мен де бар едім, менің еншіме тигені осы болатын. Мен жауапты қалай жаздым? Ең алдымен, ұзын-ырғасын, нобайын жазып алып, біледі деген қазақ коммунистерінің бірсыпырасына оқып та ескерткенмін. Қанша айтқанмен, Мағжанның бұл өлеңі – жаңа өлең, жаңа бет екені рас, кім біледі, Мағжан алдап жүр ме, арбап жүр ме, бұл жағдайларды ескеріп отырып, дұрыс жауап беру – партия жұртшылығының міндеті. Сондықтан әркімнің пікірін білу керек болды» [11.414-415], – деп түсінік береді.

Ал, мұның барлығы Ш.И.Голощекиннің «Қазақстанның октябрь мерекесіндегі күйі» кітабындағы:

«Қазақ ақыны ұлтшыл Жұмабайұлы ауылда не боп жатқанын көргеннен кейін «Тоқсанның тобы» деген өлеңін былай жазады:

Ұзын сөздің түйіні:

Бұл – тоқсанның жиыны.
Жүзден тоқсан түгел бар.
Жүзден тоқсан еңбекші,
Он тоқсанға көнбекші,
Көнбесе, жаныштар жігер бар.

Ес біліп, ойлап, толғанып,
Қолыма қалам алғалы,
Сөйлеген емен жасыра.
Мен – мұндымен мұндастым,
Адассам – ел деп адастым,
Он деген емен асылы.

Он демедім, демеспін,

Ой көзінде көмескі,
 Жырладым елді жалпылап.
 Жасырман, жүзді жоқтадым,
 Тоқсанға енді тоқтадым,
 Толғанып, ойлап, талқылап.

Сөздің тоқтар түйіні:

Бұл – тоқсанның жиыны,
 Осы армансыз білгенім.
 Тоқсаннан сонау он аулақ,
 Сонау оннан мен аулақ,
 Мен тоқсанмен біргемін [11.89-90].

Мінекей, октябрь төңкерісінің екпіні, кеңес құрылысының күйімен патшалық дәуірдің тепкісіне езіліп, шала-жансар боп қалған қазақ жұртының көзге түскен халге жетуі, өсуі қандай сыңарезу байшыл ақындарды да ойға түсіріп, бағытын өзгертіп отыр», – дейді Голощекин жолдас (Жоғарғы кітаптың 37, 38, 39-беттерін қара, Айсарыұлының аудармасы) [11.416], – деген көпірме сөзіне алдын-ала дайындалған басыртқы екен.

Тек. Тағы да тек, тағы да сол Ы.Мұстамбаевтің «Жұмабаев және «Тоқсанның тобы» (Мәселені талқылау орынына) [«Джумабаев и «Девяносто» (В порядке постановки вопроса), («Советская степь», 1929 год, 24 май)] атты мақаласында ғана:

«Біздің ойымызша, М.Жұмабаевтің октябрь идеясы мен «Тоқсанның» мүддесіне толық берілгендігін дәлелдемесе де, «Тоқсанның тобырында» жалғандық жоқ сияқты. Бұл өлең, біздің ойымызша, авторды толғандырған, не басынан кешкен толқулардың әсерінен алған аса терең тебіреністен не терең психологиялық бетбұрыстан туған. Бұл арада ол барынша шынайы және сенімді берілген. Оның бұл шынайылығы, тіпті, жан күйігі, мазмұнынан да, сөзінен де, өлеңнің толқынды ырғағынан да сезіледі. Өлеңнің барлық болмысында бір де бір жасанды сөз жоқ. Блок та «Он екі» атты поэма жазды, бірақ, оның мистикалық формада жазылуына қарамастан, озық пікірлі сыншылар мұны көркемдігі аса жоғары туынды және дәуір дастаны – деп танып отыр. Бұл реттен алғанда, «Тоқсанның тобыры» толғауы да өзінше ерекше оқиға болып табылады» [4], – деген пікірі ғана сабырлы әдеби-сыни көзқарасты білдірді.

Әрине, Голощекин мұнымен тоқталған жоқ. Ол 1927 жылы Бүкілқазақстандық ҮІ конференцияда тағы да килігіп:

«Ескі интеллигенцияның арасында сменовеховшыларды еске түсіретін қозғалыс бар. Сендер Жұмабаевтің «90» жөніндегі әйгілі өлеңін білетін шығарсыздар, ол өзі 90 жағында болғандықтан, 90 туралы жазады, ал көпшілік бұл сан шынайы екен деп алданып қалады. Олар 100 деп еді, жеңіліп қалды, енді 90 деп күңіренуде, бізге жақсы істерімен келсе, біз олардың арқасынан қағамыз, алайда 90-ды басқалардың қолдамауы қажет екенін аңғарту үшін біз арқасын сипап қана қоймай, бір мезгіл соққыға да жығып аламыз» [14], – деп ойкастады.

Ақыры, «соққыға жықты». Ол туралы Әбділдә Тәжібаев өзінің 1989 жылы Мағжан ақталғаннан кейінгі шыққан алғашқы басылымға жазған атышулы алғысөзінде:

163

«1927 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған Мағжан өлеңі («Тоқсанның толғауы») осыған кепіл. Ол: Жүзден тоқсан садаға, Мен тоқсанмен біргемін, – деді. Бұл оның советтік қазақ халқына ағынан жарылып шынын айтқаны, өз күнәсін мойындағаны еді (Қандай – ? – Т.Ж.). Бірақ, біз оған сенбедік. Сол кездегі он сегіздегі бала – мен (Жүсіпбек Аймауытовтан дәріс тындап жүрген кезі – Т.Ж.) мен «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы Ғаббас Тоғжановтың тапсыруы бойынша «Тоқсанның жырын тоқсанның өз ұлы жырлайды» деген өлеңмен жауап жаздым. «Еңбекші қазақ» газетінде ол да басылып шықты. Бұл менің де, мені тәрбиелеп сөйлеткен ағаларымның да тарихз алдындағы кешірілмейтін күнәсі еді» [11.479], – деп куәлік берді.

3.

Бұл – соңғы және ауыр күнә емес еді. Алайда, содан бастап қашан Ә.Тәжібаевтің өзі сұранып, тіленіп алғысөзін жазған Мағжанның «Шығармалары» жинағына дейінгі 60 жыл бойы «тоқсанның тобырының өз жыршылары» ақынды әдебиет сақнасына шығармады. Бұл өзі, аға ұрпақтың өмірлеріндегі не жазғыруға болмайтын, не ризашылыққа татымайтын қадірсіз кезеңдері еді. Тәжібаев та белсене араласып:

Мағжандай іздемеймін Қорқыт көрін,
Қобызбен сарнамаймын сұрап өлім.
Кезбеймін есуас боп ен даланы,
Қуатты орыс, қазақ еңбекші елім.
Көр де аулақ, өз басымнан өлім де аулақ,
Көрсетем Мағжандарға көрдің төрін! [63.28-29], –
деп «Тоқсанның жырын тоқсанның өз ұлы боп жырлады», яғни, Мағжанды тірідей жерледі.

Тұрсын Жұртбай

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ: ТҮРМЕ ТАБАЛДЫРЫҒЫ

...» Жоқты іздеп тап!» – дедің, таппадым ба,
Сен: «Айға шап!» – дегенде, шаппадам ба?
Не керек! Бар бұйрығыңды орындадым,
Сұм жүрек, сол қызметімді ақтадың ба?

Ақтамадың, алдадың, енді білем,
Енді бір ай – жиырма жеті жасқа келем.
Отыз... қырық..Қартаям, сөнем, өлем,
Еліме есебімді не деп берем? [10.65].

Бірінші тарау: ЕКІНІҢ БІРІ

Алты алашқа әйгілеп:
 «Не бостандық, не құлдық,
 Не езілу, не теңдік.
 Не патшалық, не кеңес,
 Екіден – бір» – дер ме едім [47.299].

Мағжан.

1.

1928 жылы 26 қарашада яғни, «Алашордашылардың» тергеу ісі басталған күнімен күнбе-күн БК(б)П Қазақ Өлкелік Комитетінің «Қазақстанның орта оқу орындары мен жоғары оқу орындарындағы шәкірттердің әлеуметтік құрамын тексеру» туралы қаулысы шықты. Бұл қаулы – қаулы емес, алашордашыларға алдын-ала шығарылған үкім болатын. Тергеу ісінің «Айыптау қорытындысының» «Мәдениет майданы» атты тарауында:

«Өздерінің жолын қуатын ізбасарларды дайындаудың аса маңызды мәселе екендігін ескере келіп, ұйым мүшелері оқушы жастарды өздерінің қарамағына іліктіру үшін белсенді түрде қимылдады және оларды ұлттық рухта тәрбиелеуге ұмтылды... Жастардың арасындағы өздерінің ықпалын күшейту үшін және ұлтшыл рухтағы жастарды дайындау арқылы өздерінің идеяларын бұқара қауымның арасында кеңінен тарату үшін контрреволюциялық ұйым баспасөздегі, мәдени-ағарту мекемелеріндегі және ғылыми-зерттеу мекемелеріндегі, жоғары оқу орындарындағы, ең бастысы, әдебиет саласындағы контрреволюциялық әрекеттерін өршіте түсті. Астыртын ұйымның бұрынғы мүшелерінің көмегімен басылып шыққан кітаптар – бұқара халықты ұлттық рухта тәрбиелеуге, хан мен батырлардың дәуірін аңсау сарынында, кеңес өкіметіне наразылық тудыру рухына бағытталды.

«Алашордашылар» көркем әдебиетке ерекше көңіл бөлді. Олардың көзқарасын бұқара халыққа кеңінен таратуда пьесалар, өлеңдер, ескі әдебиеттің нұсқалары, әңгімелер мен фельетондар, тағы да басқа жанрлар таптырмайтын онтайлы құрал болды. Байтұрсынов қазақ жазушыларын бұл майданға... (белсене араласуға шақырды)... М.Әуезов, Д.Ысқақов та соған үндеді және әдебиет мәселелерін ұлтшылдық тұрғысынан түсіндірді, Аймауытов өзінің 1923 жылғы, Кеменгеров 1924-1925 жылдарғы мақалаларында солай жазды (Байділдин, № 541784 іс, 1 т., 134 парақ) [1.7.129–133]», – деп атап көрсетілді.

Бәрі де қисынды. «Астыртын ұйым», «қарулы көтеріліс», «Голощекинге қастандық» – қалайда идеологиялық арандатумен аяқталуы тиіс еді. Сонда ғана тергеудің төрт құбыласы түгелденетін. Сондай-ақ, Мағжан Жұмабаев сияқты «өте қауіпті» творчество иесі, азулы ақынды еркіндікте қалдырудың

өзі – «мәдениет майданындағы» қылмыс болып табылатын. Марксизм-ленинизм ғылыми зерттеу институтында С.Брайнин мен Ш.Шафионың «Алашорда тарихының очерктері» атты кітабының қолжазбасын талқылауға арналған кеңесті жүргізіп отырған «голощекиндік идеологтың» бірі І.Құрамысовтың:

«Тек қана мына нәрсенің өзі, Лениннің қазақ тіліндегі үш мақаласының да аудармасының Мағжан Жұмабаевқа тиесілі болуы, біздің оқулық саласындағы ісіміздің масқаралық жағдайда тұрғанын көрсетеді. Мысалы, орыс тілін білмейтін қазақ жұмысшысы, қазақ батырағы, кедей, коммунист, комсомол мүшесі Ленинді Жұмабаевтің, ең бір шынайы әрі ең көрнекті алашордашылдың аудармасы бойынша оқып жатқанын елестетіп көріңдерші! Бұл дегеніңіз барып тұрған коммунистік жексұрындық екенін тура айтуымыз керек» [60.4.21], – деп «намыстана» сөйлеуі соған дәлел.

Әрине, зияткер қауым еріксіз қаламнан бас тартты. Соған қарамастан, көркем өнер туралы пікір таластары ушығып келіп, өлім жазасына ұласты.

Қауіпсіздік комитетіндегі хаттамаға сүйенсек, 1929 жылы 20 шілде күні Мағжан Жұмабаев тұтқындалып, жауапқа тартылыпты. Ал зиялы зерттеуші Шерияздан Елеуменов айналымға түсірген дерек бойынша Мағжан Жұмабаев 1929 жылы 6 шілде күні Қызылжар қаласында тұтқындалып, төмендегі ілеспе хат арқылы Алматыға жөнелтіледі:

«№ 6333 2 ПП ОГПУ-дің Шығыс бөлімінің КССР бойынша Алматы қаласындағы өкіліне. 1929 жыл, 6-шілде.

Үстіміздегі жылы 6-шілде күні тұтқынға алынған белгілі ұлтшыл қазақ ақыны Жұмабаев Мағжанды сіздерге жіберіп отырмыз. Пәтеріндегі тінту кезінде оның ішінара өмірбаяны жазылған қалың дәптерден басқа ештеңе табылмады... Байтасов Абдолла Петропавловскі қаласы аумағында көзге түспеді. Қалың дәптер «Қосымша» ретінде жіберіліп отыр. ОГПУ округтік бөлімі бастығының орынбасары – В.Никеров. Ш/Б өкілінің көмекшісі – Губайдуллин» [83.109].

Көзі қарақты, ойы сергек, жадуалға қабілетті, алғашқы тергеулердің мазмұнымен таныс оқырман М.Жұмабаевті тұтқындауға шығарылған қаулының хаттамасын мысқылмен оқитыны анық. Онда М.Жұмабаевтің өміріне қатысы жоқ, тек Д.Әділевке тағылған айыптау қорытындысын көшіре салған. Оқыңыз (Д.Досжанның жарияланымы бойынша):

«Қаулы: 1929 жыл, 20 шілде. Мен, Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың Шығыс бөлімінің Қазақ АССР-і бойынша өкілетті өкілі бастығының көмекшісі Саенко №6 тергеу ісімен танысу барысында мынадай қылмысты істің ұйымдастырылғанын анықтадым:

1. Жұмабаев Мағжан кеңес өкіметіне қарсы күрескен және Орта Азиядағы басмашылар қозғалысымен байланысы бар астыртын ұйымның жұмысына белсене қатысқан;

2. Бұл астыртын ұйым Сырдария округіне қарасты Сарысу ауданының көлемінде қастандық әрекетпен айналысып жүрген ағайынды Әділеветердің бандысымен астыртын байланыста болған.

3. Астыртын ұйым біраз жылдан бері кеңес үкіметінің науқандық шара-

166 ларына тұрақты түрде іріткі салып, мәдениет пен шаруашылық жұмыстарына кедергі жасады, сондықтан да, Мағжан Жұмабаевті Қылмыстық кодекстің 58 бабының 7, 11 тармақтарына және 59 бабының 3 тармағына сәйкес айыпты деп тауып, соған орай 128, 142, 147 баптарды басшылыққа ала отырып:

1883 жылы туған, ірі бай тұқымынан шыққан, жартылай феодал, партияды жоқ, үйленген, бұрын істі болмаған, бұрынғы алашордашы, Петропавл кеңес-партия мектебінің оқытушысы М.Жұмабаевті жо-ғарыда аталған қылмысты істерін мойындату үшін тергеуге алуды, со-ған орай Петропавл кеңес-партия мектебіндегі қызметінен 29 жылдың 15 шілдесінен бастап қызметтен босатуды мақұл деп тауып, Қаулы қабылдадым.

Тергеу ісіне кедергі келтірудің алдын алу мақсатында Жұмабаев Қазақ АССР ОГПУ-нің комендатурасына қамаққа алынсын.

ОГПУ-дің Шығыс бөлімінің бастығының орынбасары Саенко. Тергеушілер: Логачев, Альшанский (қолдары)» [1.3.184; 4.250].

Тергеу ісімен таныса отырып, айып қорытындысындағы жалғыз ғана жанама деректің растығына көзіміз жетті. Ол – Мағжан Жұмабаевтің Омбы қаласындағы гимназияда Дінше Әділевтен бір саты жоғары курста оқығаны ғана. Тергеу барысында өзге айғақтар қаперге де алынбады. Демек, бұл айыптаулар нақты айып емес, желеу күйінде қалған.

Әрине, «жаппай құрбандық шалу» науқанына ұшырағандардың негізгі «кінәсі» ұлтын сүйгендігі, ұлты үшін күйгендігі, ұлтының рухани мұрасын сақтап қалу жолындағы күресі екендігі түсінікті.

Ал, осы төртінші («майдан – мәдениет майданы» саласындағы, «Алашордашылардың» қылмыстары мынадай еді:

1. Жауапты орындарға кіріп алып, кеңес өкіметіне жат идеяны насихаттап, оны «Алқа» арқылы жүзеге асырды.

2. Жоғары оқу орындарының шәкірттеріне оқулықтар жазып, аран-датуға ұмтылған әрекеттерін жандандырған.

3. Әдебиеттің таптық мүддесін мойындамады.

4. Ұлтшыл-буржуазиялық идеологияны көркем шығармалары арқылы насихаттаған. Сөйтіп, пролетариаттық мәдениетті мансұқ етіп, хандар мен феодалдық еркіндікті, еркін замандағы қазақтың бостандығын мадақтаған.

2.

Анкеталық анықтама: Жұмабаев Мағжан Бекенұлы (Бекмұхамед), 1893 жылы 25 маусымда Ақмола облысы Қызылжар уезі Сарыайғыр болысы Сасықкөл ауылында ауқатты жанұяда туған. Қызылжардағы Шалақазак (1905-1910), Уфадағы Ғалия медреселерінде (1910-1911) оқи жүріп орыс тілінен қосымша дәріс алған (Міржақып Дулатов дайындаған), содан кейін Омбы мұғалімдер семинариясында (1914-1917) оқыған. 1918-1922 жылдары Петропавл уездік мұғалімдер курсына дәріс оқыған, сонымен қатар «Бостандық туы» газетінде қызмет істеген. 1922-1923 жылдары Ташкенттегі Қазақ оқу-ағарту институтында оқытушы болған. 1923-1927 жылдары Мәскеу-

дегі әдебиет институтында оқыған, Шығыс баспасында әдеби қызметкер боп істеген. Әскер қатарында болмаған, жылжымайтын меншік мүлкі жоқ. «Алаш» партиясының оқу-ағарту комиссиясының мүшелігіне сайланған. 1927 жылдан ұсталғанға дейін Қызылжардағы Қазақ педагогикалық техникуми мен Кеңес-партия мектебінде орыс тілі мен қазақ әдебиеті пәнінен дәріс берген [1.3.184-185, 12.250-251].

Өмірлік шындықты жандүниесімен астасып жатқан көркем ойлау жүйесі арқылы қабылдайтын тума талант иесі тергеу сұрақтарына да ақындық көзқараспен жауап береді.

М.Жұмабаев, 1929 жыл, 14 шілде (Д.Досжанның жарияланымы бойынша): «Өзімнің ұстанымым бойынша, шамамен 1911 жылдан бастап Мәскеуге келгенге дейін, дәлірек айтсам, 1924 жылға дейін ұлтшылдық көзқараста болғаным рас. Ұлтшылдың аянышты тағдырына жаным ауыратын. Мәскеуге келгеннен кейін көзқарасым елеулі өзгерістерге ұшырады. Қазір коммунистік танымға бір табан жақындағаным рас, бірақ, ол ойымды дәлелдейтін нақты дәйегім жоқ. Қайталап айтамын, менің ұлтшылдық көзқарасым тек қана ұлтшыл сарындағы шығармаларымда ғана көрініс берді, яғни, менің ұлтшылдығым өлеңдерім мен мақалаларымнан байқалатын, бұл туындыларым басылымдарда жарияланып, халыққа кеңінен таралды, олардың көңілінен шықты. Мысалы, «Батыр Баян» атты поэмада ұлтшылдық сарыны барынша айқын көрініс тапты...» [96.245].

Қазақ әдебиетіндегі еуропалық үлгідегі лирикалық жинақтың алғашқы қарлығашы – Мағжанның 1912 жылы Қазан қаласында жарияланған «Шолпан» атты жыр жинағы. Бұл жинаққа дем салған, ұлтының көркем сөзінің ой ұйытқысы болуға баулыған адам – қазақ халқының жүрегін «Қазақ қызы» романы арқылы жылытқан татар әдебиетінің тұрлаулы тұлғасы Ғалымжан Ибрагимов. «Ұлтшылдық көзқарасым 1911 жылдан басталды», – деп көрсетуі де Мағжанның Уфада Ғалымжанмен танысқан және одан кейін Міржақыптан орыс тілінен еркін дәріс алған тұсына дәл келеді. Демек, оның ұлтшылдық санасы зиялыларға тән көркем ойлау деңгейінде қалыптасқан.

Соған орай, Мағжан «Алқа» әдеби үйірмесінің мақсат-мүддесін, іс-әрекетін саясаттан қаншама саяқсызды сырттатып:

«Бағдарламаны сол кездегі Мәскеу студенттері Сәрсенбин мен Сегізбаевқа оқып беріп, талқылаттым, өзгертулер енгіздім. Содан кейін барып жан-жаққа тараттым» [3.35], – деп жауап бергенімен, тергеушілер одан саяси астар іздеген.

Соған дәлел табу үшін Ж.Сәрсенбинді сұраққа тартқан.

«№ 5. Тергеу хаттамасы

1929, 5 май. Мен, ПП ОГПУ-дің Шығыс бөлімінің ҚССР бойынша Саясаттан төменде аты аталған азаматты куә ретінде сұраққа алдым, ол мынаны көрсеті:

Мен, Сәрсенбин Жакен, 30 жастамын, қазақтың, Ақмола округінің Атбасар ауданының №1 ауылының тұрғынымын. Үйленгем, БКП(б) мүшесімін, мамандығым бойынша газет қызметкерімін, бастауыш мектеп дәрежесінде білімім бар, қозғалмайтын мүлкім жоқ, бұрын сотталғамын жоқ.

Мынаны көрсетемін: 1924 жылы қыркүйек айында мен БКП(б) өлкелік комитетінің іссапарымен Мәскеу қаласына келіп, Мемлекеттік журналистика институтына оқуға түстім. Институтты аяқтай алмадым, 1925 жылдың қаңтарында Өлкелік баспасөз комитеті мені кері шақыртып алды.

1924 жылы желтоқсан айында Қазақстанның Москвадағы өкілеттігінің жанындағы студенттер комитеті мен Сталин атындағы КУТВ-ның жанындағы «Жерлестер» қауымы Мағжан Жұмабаевтің шығармаларын («Өлеңдер» жинағын) талқылау үшін Москвадағы қазақ студенттерін жинап алды. Бұл жиналыс Тоғжановтың, Байділдиннің және Төрехұловтың жетекшілігімен ұйымдастырылды. Айтпақшы, осы жиналысты ұйымдастырушылардың өздері, Тоғжанов пен Байділдин талқылауға қатыспады. Тек Төрехұловтың жалғыз өзі ғана болды. Мен бұл жиналыста Жұмабаевтің шығармаларын қорғап сөйледім. Студенттердің көпшілігі: Мағжанның шығармалары басылмасын, болмаған жағдайда, қатаң бақылаудан өтсін – десті. Шығарылған қаулының мағынасы: Мағжанды суреткер және сөз шебері ретінде ғана пайдалану керек – дегенге сайды.

Тоғжанов пен Байділдин жиналысқа неге келмеді – деген сұрақ менің ойымнан кетпеді. Жұмабаевпен кездескен кезде, ол маған: жиналыстың алдында олар менің кейбір шығармаларыммен және қолжазбаларыммен танысты – деді. Мағжанның сөзінен ұққаным: Тоғжанов Жұмабаевқа қарсы емес екен, бірақ мұның шығармаларының ішінде басылмайтындары да бар деп есептейтінін айтыпты.

Мен Жұмабаевпен жиналыс өткен күні кеште кездестім. Ол Түркеспубликасының өкілеттігінің бұрынғы үйінде тұратын. Әңгіме барысында Мағжан: жиналыста сөйлегендердің не дегендерін, қорғап сөйлегендер қандай пікір білдіргендерін тиянақтап тұрып сұрады. Содан кейін, оның өзінде жазылып қойған бір шығарма бар кекендігін, оны қалайда тарату керектігін айтты. Ол шығармасы «Табалдырық» деп аталатын әдеби платформа болып шықты.

Сонымен қатар: «Алқа» атты әдеби үйірме құру керек және оның платформасын жазу керек – деген бірнеше ұлтшыл жазушылардың хаттарын көрсетті. Олардың ішінде есімде сақтағандарым: Ленинградтан – Әуезов, Орынбордан – Аймауытов, Ташкенттен – Досмұхамедов Х., Кемеңгеров Қошқе, Байтасов Абдолла және Исполлов Мырзағазы. Соның ішінде, ташкенттік топтан, жоғарыда аты аталғандармен қоса Ахмет Байтұрсынұлының қолы қойылған екі ұжымдық хат келіпті. Бұдан басқа, тура осындай хаттар Семейден – Сәбит Дөнентаевтан, Халил Ғаббасовтан және Мәннан Тұрғанбаевтан жолданыпты. Тағы да Орынбордан Алдоңғаров пен Елдес Омаровтан хат келіпті. Петропавлдан – Жұмағали Тілеулин мен Ғали Кемеловтың қолы қойылған хаттар да болды. Ақмоладан – Хайретдин Болғанбаевтан бір хат жіберіпті.

Хаттарды оқып болған соң, Жұмабаев: жоғарыда аты аталған адамдарға жіберу үшін платформаны көбейту керектігін айтты. Сол үшін маған платформаны көшіруді ұсынды. Мен келістім. Мен. Жұмабаев және оның бауыры үшеуіміз бір апта бойы көшірдік. 17 дана көшірдік, бір данасын өзіме қалдырдым» [38.85-86].

«Айыптау қорытындысында» бұған: «Жекелеген әдеби еңбектерді дай-

ындау белгілі бір тәртіп бойынша жүргізіліп, ұйым мүшелеріне өзара бөлініп берілді. «Алқа» атты астыртын әдеби үйірменің өмір сүруі әдеби еңбектерді белгілі бір тәртіп бойынша бөлісіп дайындауға ұйытқы болды, оның бағыт-бағдарын («Табалдырықтың») анықтауға Жұмабаев М. және айыпталушылар Ысқақов Даниял, Досмұхамедов Х., Әуезов Мұхтар мен Кемеңгеров Қошмұхамед қатысты» [3.129-133], – деп баға берілген.

Бұдан кейін Ж.Сәрсенбин өзінің куәлігін былай деп жалғастырады:

«Сол кезде мұғалімдердің Бүкілодақтық құрылтайы шақырылды, оған Қазақстаннан Ахмет Байтұрсынов келуі тиіс екен, Жұмабаев одан: вокзалдан күтіп ал – деген жеделхат алыпты. Жұмабаев маған: платформаны Әлихан Бөкейханов пен Байтұрсыновқа оқытып алу қажеттігін айтты. Алғашқы адам платформаның жайымен таныс, бірақ, әлі оқып шықпапты. Байтұрсыновты үш адам: мен, Жұмабаев және Бөкейханов (вокзалға бірге бару үшін біз оған жолай соқтық) үшеуіміз қарсы алдық.

Түнде, мұғалімдер құрылтайы өкілдерінің жатақханасындағы Байтұрсыновтың бөлмесінде платформаны оқыдық. Оқып болған соң, Жұмабаев: «Алқа» әдеби үйірмесін құруға біраз ұлтшыл жазушылардың келісімі бар екенін жеткізді. Бөкейханов: барлық іс – платформаны жазумен бітпейді, мәселе – соны ұйымдастыра білуде, егерде жүзеге асыра алсаң, тіпті, жақсы – деді. Содан кейін, менің коммунист екенімді білетін Бөкейханов Жұмабаевқа қарата: мені сенімді ме, жоқ па? – деп сұрады. Жұмабаев және Байтұрсынов: мені жақсы білетіндіктерін және маған өз адамдары ретінде сенетіндіктерін айтты. Сол кезде Бөкейханов: Коммунист ретінде мені, Сәрсембинді платформаны тарату үшін пайдалану керек және Қазақстанның бір журналына не газетіне мақала жазсын – деді.

Байтұрсынов: Көркем әдебиетке пролетарлық ықпал жүрмеуі тиіс. Европалықтар қазаққа Европаның костюмін кигізгісі келеді, ал, қазақтың киетіні шапан. Қазақтың түйесін поезға тіркеп, сүйреткісі келеді. Бұл қазаққа жараспайды және ол мүмкін емес. Қазақ әдебиеті – ұлттық әдебиет болуы керек, оны осындай үйірме құру арқылы жүзеге асыруға болады. Сондықтан да, әдеби үйірме құру идеясын қостаймын, бірақ та, жұмыс барысында әдебиет пен саясатты араластырып алмау керек екенін ескертемін – деді.

Үш күннен кейін Жұмабаев екеуіміз платформаның 16 данасын «Алқа» үйірмесіне қатысуға келісім берген ұлтшыл жазушыларға почта арқылы жібердік. Платформа мына адамдардың: Ташкентке – Байтасовтың, Орынборға – Аймауытовтың, Петропавлға – Тлеулиннің, Семейге – Донентаевтың, Ленинградқа – Әуезовтің атына жолданды. Кейбір топтарға бірнеше дана жіберілді. Бұл – 1925 жылдың қаңтары болатын.

1925 жылы 19 қаңтарды Өлкелік партия комитетінің ұйғарымы бойынша Орынборға шақыртылдым. Москвадан кетер алдында Ә.Бөкейханов пен М.Жұмабаев маған Орынбор мен Ташкенттегі «Алқа» үйірмесінің топтарымен байланыс жасап, ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуді тапсырды. Оларға: «Алқа» платформасымен танысқанын растатып қолдарын қойғызып, пікір-ескертпелерін Жұмабаевқа жіберуімді қадағалауды тапсырды. Сонымен қатар, бара салысымен Смағұл Сәдуақасовқа хабарласып, платформаны журналдардың, не газеттердің біріне шығару мәселесін түпкілікті шешу тапсырылды. Бұл тапсырмалар маған Жұмабаевтың пәтерінде берілді.

Орынборға келгеннен кейін мен Садуақасов бас редактор болып істейтін «Еңбекші қазақ» газетіне қызметке тұрдым. Іле платформаны С.Сәдуақасовқа көрсеттім. Сәдуақасов оны құптады және «Еңбекші қазаққа» жариялауға уәде берді. Бірақ, әуелі оны Елдес Омаровқа, Қожановқа, Байтұрсынов пен Ж.Аймауытовқа көрсетіп, олардың пікірін білуді өтінді. Сол арада мен Сәдуақасовқа: осы платформаның негізінде «Алқа» үйірмесі құрылмақшы екенін ескерттім. Ол бұны жақтайтынын білдірді. Платформаны БКП(б) Өлкелік комитетінің бұрынғы екінші хатшысы Қожановқа көрсеткенімде, ол: бұл туралы білетінін, С.Сәдуақасов екеуі Мәскеуге барғанда М.Жұмабаевпен кездескендігін, платформа туралы айтқанын, ол жөнінде пікір жазып, оны баспасөзде жариялауды өтінгенін, өзінің көмектесуге уәде бергенін айтты. Қожанов платформаны алып қалды, жаубын алуға келгенімде бір бет қағаздың сыртына платформа туралы: әр жазушы өз заманының, өз ортасының саяси және экономикалық жағдайымен санасуы керек – деген мағынадағы пікірін жазып қойған екен. Бұдан кейін платформаны Е.Омаровқа көрсеттім, ол қысқаша ғана: платформаның мазмұны өте жақсы екен, тек тілі ауырлау екен – деп жазып берді. Ж.Аймауытов платформаны негізінен қостап, бұл туралы білетін адамдардың барлығының басын қосу керек – деген ұсыныс айтты. Сөйтіп, біз, төменде аты аталған адамдар Алдоңғаровтың пәтеріне жиналды: Аймауытов, Омаров Елдос, Сегізбаев Аманғали, Алдоңғаров, Байтұрсынов және мен қатыстым.

Мәжілісте: платформаны міндетті түрде жариялау керек – деп шешім қабылданды. Егерде оған коммунистер тарапынан жауап бола қалса, оны қорғау партия мүшесі Алдоңғаров пен Аймауытовқа тапсырылды. Сонымен қатар, Алдоңғаров: С.Сәдуақасовпен хабарласып, бағдарламаны газетке емес, «Қызыл Қазақстан» журналына бастыру туралы келісуді өзіне міндет етіп алды.

Ал, үйірменің жайына келетін болсақ, оны құрылды деп есептеу керек, тек платформаны жариялауға ұсынған кезде «Алқаның» аты аталмауы тиіс. Басты мақсат – «Табалдырықтың» платформасын жария ету, платформаға қол қойған адамдардың пікірін тиянақтау. Жазушылардың арасында «Табалдырықтың» идеясы түсінікті болсын, оны қабылдаған соң барып үйірменің ұйымдастыру шараларын «Алқаның» атынан жариялау керек».

Соңғы Е.Алдоңғаровтың үйінде өткен пікір алысудың барысы Ж.Аймауытовтың жауабында баяндалған.

Ж.Сәрсенбин: «Айтпақшы, ұмытып барады екенмін, Москвада, Байтұрсыновтың, Бөкейхановтың, Жұмабаевтың және менің қатысуыммен платформаның мәселесі шешілген кезде: Мұны тұтас жариялау өте қиын болады. Сондықтан да, платформаны толықтай жариялау мүмкін болмағандықтан да, оның негізгі идеясын көпшілікке жеткізу үшін басты пікірлерді жекелеген мақала ретінде жариялау керек – деген ұсыныс айтылды.

Орынбордағы баяндалған оқиғадан кейін қазақ басылымдарына жазылуды қйымдастыру үшін мені Оңтүстік Қазақстанға іссапарға жіберді. Испарда, Түркістанда жүрген кезімде Москвадан Жұмабаевтан екі жеделхат алдым. Жұмабаев: Ташкенттен тоғыз адамның, атап айтқанда: Исполовтың, Досмұхамедов Халелдің, Байтасов Абдулланың, Баймаханов Шәкірдің, Байғаскин Есімнің, Кемеңгеров Қошмұхамедтің, Омаров Әшімнің, Досмұхаме-

дов Жаханшаның және Тоқтабаев Исаның – қолы қойылған платформаның бір данасын алғанын хабарлапты. Ташкенттік топтан басқа, Петропавловскіден – Тілеулин Жұмағали мен Кемелов Ғалидан және Ақмоладан Хайретдин Болғанбаевтан платформаны қолдайтыны туралы хат алыпты. Семейден: Сәбит Дөнентаев, Мәннан Турғанбаева, Халел Ғаббасов қолдарын қойған бір келіпті. Тура сондай хатты Мұхтар Әуезовтен де алыпты. Жұмабаев маған: Менің Ташкентке баруымды, онда платформаға қол қойған адамдармен байланысып, олармен ақылдаса отырып платформаны «Ақ жол» газетінде жариялау мәселесін шешуді тапсырыпты.

Мен Ташкент қаласына келгенімде, Аймауытов сонда, «Ақ жол» газетінде уақытша істеп жүр екен. Бір жолы, ташкенттік топтағылар, Досмұхамедов Халел мен Исполван басқа, жоғарыда аттары аталғандардың барлығы да Қошкелі Кеменгеровтің пәтеріне жиналды. Аймауытов та қатысты. Платформа мәселесі келісіліп қойылған және бәрі де анық болғандықтан, сөз көпке созылған жоқ. Барлығы мақұлдағандықтан да, тек оны жариялау ғана қалған болатын. Мен үйірме құру туралы айта бастап ем, олар маған: бәрі де шешілген, тек баспасөзде ол жөнінде не және қалай жазу керек – деді. Пікір алысқаннан кейін, көркем әдебиет туралы дереу сыналқы мақала жазу керек болды. Оны жүзеге асыру Аймауытовқа тапсырылды. Аймауытовтың мақаласына орай мен жауап жазуға келісімімді бердім. Мен іле Ташкенттен жүріп кеттім. Маусым айында Әулие-Атада жүргенімде «Ақ жол» газетінен «Табалдырық» платформасының идеясын сондай сақтықпен жеткізген Аймауытовтың «Біздің анкета» деген мақаласын оқыдым. Бұл мақалаға көптеген жауаптар берілді. Кейіннен Аймауытов маған: менің мақалама риза емес екендігін әзілдеп жеткізді, қалайда, риза еді. Испар біткен соң Орынборға қайтып оралдым, тамыз айында мені Қарағандыға тұрақты қызметке жіберді. Содан бастап мен үйірмеден байланысымды үздім. 1927 жылы Қостанайда Мағжанның хаттары мен «Платформаны» заттарыммен қоса ұрлап әкетті.

Бұдан басқа ештеңе айта алмаймын. Менің көрсетінділерім өзіме оқылды, менің айтылған сөздерім дұрыс жазылған, сол үшін қолымды қоямын («Қолы») [38.85-88].

Жакен Сәрсенбин «Алқаның» бағдарламасы туралы өзінің пікірін «Ақ жол» газетінде мынадай:

«Қазақ әдебиеті қазір күйректік (сентиментализм), санашылдық (идеализм), сарындамалық (романтизм), нағыздық (реализм), көп тізімнен құралған қырық құрау деуге болады. Мұның ішінде реализмді заманға үйлесімі бар десек те, қазақтың салт-санасы, тұрмысымен әзірге қайшы келуі анық. Соның үшін, романтизм мен сентиментализмді әдебиетте қолданбай отыруға әзірше мүмкін емес. Сентиментализмнің онша ұзаққа созылуы екіталай. Бірақ қазақтың қазіргі тұрмысында романтизм көпке шейін әдебиетке кіреді. Түбінде реализм романтизмді жеңуі мүмкін. Оған әлі күн ілгері, түрлі жағдай керек. Сол себепті қазіргі әдебиетте көбірек қуаттырық шығуы мүмкін» [99], – деген әдеби пайыммен білдірді.

Ж.Сәрсенбиннің бұл теориялық пайымдауы сол тұстағы әдебиет майданының даму бағыттарына сай айтылған шындыққа барынша жақын пікір.

Тергеу ісінде «Алқа» әдеби үйірмесінің «Табалдырық» атты бағдарламасының фотопенкаға түсірілген көшірмесі, оның негативі және орысша тәржімасы тіркелген. Бағдарламаны жазғандығын растаған қолтаңбасы бар (Біз сол негативтен көшірілген нұсқаны пайдаландық). Тергеуші Логачев «Алқа» әдеби үйірмесін қалайда ұлтшыл астыртын ұйым ретінде қарастырып, оны «Алаш» көсемдерімен байланыстырғысы келіп, әр бағытты қамтитын түрткі сұрақтар қойған. Соның ішінде, «Алқаның» ұйымдастырылуына «Алашорда» көсемдерінің қатысы туралы сұраққа М.Жұмабаев (Д.Досжанның жарияланамы бойынша):

«Алашорданың» құрамында қызмет істегемін жоқ, 1917 жылдың соңында Орынборда өткен Бүкілқазақтық бірінші құрылтайда, «Алашорда» үкіметі құрылғанда 5 адамнан тұратын, оның ішінде Омаров, Шонанов, мен және тағы басқа бір адам (Міржақып Дулатов – Т.Ж.) бар, оқу-ағарту комиссиясының мүшелігіне сайландым. Жеке басым «Алашты» қандай да бір құқылы партия ретінде қабылдағамын жоқ... 24-жылдың соңында, не 25-жылдың басында (нағызда 1924-жылы желтоқсан айының басында – Т.Ж.) Мәскеуде өлкетанушылардың құрылтайы өтті. Қазақ өкілдері ретінде оған Байтұрсынов пен Бөкейханов Әлихан қатысты. Сонда ол кісілермен жолығып, әңгімелестім» [96.245], – деп жауап берді.

Иә, «жолығып, әңгімелескен», үйіне бармаған.

Сайып келгенде, бұл – Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынов қағыс қалатындай елеусіз іс емес еді. Өйткені, мұнда ұлттың мәйекті мүддесі жатқан. Сондықтан да, алғашқы сұрақтар соларға қойылған. Бұл жөнінде Ахмет Байтұрсынов 1929 жылы маусымның 18 күні берген жауабында:

«...Қазақ әдебиетінің ағымдары туралы мәселені мен ешкіммен де бірігіп талдағам жоқ. Оның ішінде, Мағжан Жұмабаев жасаған әдеби платформаны Бөкейхановпен бірігіп талдаған емеспін. Қалай болған күннің өзінде, мен Мәскеуге барған кезімде Мағжан Жұмабаевты Бөкейхановтың пәтерінен көрмегенім анық, сондай-ақ, Жұмабаевтің де пәтерінде болғаным жоқ.

Нақтысын айта алмаймын, бірақ, Жұмабаев пен Бөкейханов мен орналасқан жатақханаға (ол РСФСР-дің Халық ағарту комиссариатының Мәскеудегі жатақханасы болатын, 1924 жылы күзде мен өлкетанушылардың өлкелік құрылтайына қатысу үшін барғанмын) келді ме, әлде бәріміз де өлкетанушылардың құрылтайының мәжілісінде кездестік пе, әйтеуір, бір жүздескенім рас.

Сондай-ақ, «Табалдырық» әдеби үйірмесінің бағдарын оқығаным да есімде жоқ. Әрине, әдеби шығармаларды оқыған болармыз, алайда ешқандай қолжазбаның болғаны жадымда сақталмапты, ал Сәрсенбиннің газетте жарияланған мақаласы есімде. Мен Мәскеуде болған кезімде оны Жұмабаевпен көріп қалғаным бар. Орынбор қаласында тұрғанымда Сәрсенбин менің үйіме келген емес. Әйтеуір, менің жадымда қалмапты. Тіпті, өлкетанушылардың құрылтайынан кейін соның өзін көрдім бе, жоқ па, білмеймін. Жұмабаевтің әдеби бағдарын талқылауға арналып Алдоңғаровтың үйінде мәжіліс өткендігінен бейхабармын, тіпті, Алдоңғаровтың үйіне бір рет бас сұққан жоқпын» [1.2.1-2], – дейді.

Тіпті, Мағжанның өзін Әлихан мен Міржақыптан бөліп тастайды. Әйтпесе, жоғарыдағы жауаптың әр сөзі «Алқаның» негізгі бағыттарының бірі болғандығы бағдарламадан анық байқалады. Мысалы:

«Мағжан Жұмабаев жасаған әдеби платформаны Бөкейхановпен бірігіп оқыған емеспін. Қалай болған күннің өзінде, мен Мәскеуге барған кезімде Мағжан Жұмабаевты Бөкейхановтың пәтерінен көрмегенім анық, сондай-ақ, Жұмабаевтің да пәтерінде болғаным жоқ...», – деген пікірдің астарына үңілсеңіз, бәрін де жоққа шығарған сияқты.

Ал енді осыны: иә, Ахмет Байтұрсынов «Алқаның» бағдарламасын Бөкейхановпен бірге, қатар отырып оқымаған, бірақ бірге тындаған. Мағжанды Әлиханның үйінен көрмеген, Мағжанның пәтерінде болмаған, бірақ кезіккені рас, – деп түсінуіңізге де болады. Солай да. Мұның барлығы әдейі: кіммен, қай жерде, қалай танысты, қандай пікір айтылды, соның ізін жасыру үшін сөйлемді әдейі «жоққа шығару» бағытында құрған.

Философия ғылымында «теріске шығаруды теріске шығару» деген категория бар. Сөзді ойнату арқылы ұғымды тұмандату сияқты көрінгенімен, өмірдің қайшылығын терең талдайтын және соны түсіндіретін қарама-қарсы ойлардың шарпысуынан туған парасаттың пайымы. Ұлттың рухани көсемі Ахмет Байтұрсыновтың жауабынан ғылыми тұжырым суыртпақталып шықпағанымен де, осынау қысқа ғана айпақтан, оның ойлау жүйесінің күрделі құрылымы мен ақыл сарасы анық аңғарылады. Ол тергеушілердің барлық сұрақтары мен бопсаларын жоққа шығарып отыр. Сол арқылы өзгені де, өзін де оқшаулатып, адамдардың арасындағы көзқарас бірлігін қасақана ыдыратып жіберіп, оларға тағылатын ортақ айыптан құтқаруды көздеген.

«Алаш ісінің» жалғасы болатындығын және оның міндетті түрде рухани мәселені қамтитынын білген. Сондықтан да, М.Тынышбаевтің және Х.Ж.Досмұхамедовтердің, М.Әуезовтің, Ә.Ермековтің, Қ.Кемеңгеровтің тұтқынға алынуынан бір жыл бұрын оларды арашалап, екі топтың «қылмыстық ісін» бір-біріне байланыстырмаудың бар шарасын қарастырған. «Алқа» әдеби үйірмесі мен оның «Табалдырық» атты бағдарламасына ешқандай қатысы жоқ екендігін үзілді-кесілді мәлімдейді. Бірақ та, өзінің көзқарасын ашық айтпайды. Демек:

«Күйсек, біз күйсейік, сендер өздеріңді сақтаңдар. Елге екі сөз айта алмаймыз. Ал сендер келешек үшін керексіндер», – деген сөзін іс жүзінде дәлелдеген.

Мұны Мағжан да түсінген. Сондықтан да, тергеушілерді «жалған ізге» салып, әр адамның іс-әрекетін дербестендіруге тырысқан. Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсыновтың, Міржақып Дулатов пен Мағжан Жұмабаевтің, Мұхамеджан Тынышбаев пен Халел Досмұхамедовтің, Әлімхан Ермеков пен Жаһанша Досмұхамедовтің, Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезовтің ұлттық рухани тұтастығын және олардың бір бағытта, бір майданда күрескенін досы да, дұшпандары да мойындады. Алайда, саяси күреске әбден шыныққан алаш қайраткерлері өздерінің достығын, ұлы мақсатын, ұлтының қаскүнемдеріне ашып бергісі, Абай айтқандай, «ақ көңіл, ашық жарқын боламын деп, көрінгенмен жыртақтағысы» келмеді. Қосақ арасында қоса кетпей, қалайда бір-бірін сақтауға тырысты.

Алғашқы тергеудегі барлау мен арбау сұрақтарына берген (Д.Досжанның жарияланымы бойынша):

«Бөкейхановпен кездескен кезімізде әңгімеміз әдебиет туралы пікірден әрі аспайтын» ;

«Ақ жол» газетінің саяси бағыт-бағдары айқын болмады, онда ұлтшылдық көзқарасты ұстанған мақалалармен қатар, коммунистік күресті насихаттайтын мақалалар да жариялана беретін. Оның сол кездегі редакторы Сұлтанбек Қожанов болды. Ұлтшылдардың ішінен ол газетте Әуезов «Шолпан» журналымен сәйкестендіре істеді» ;

«Заки Валидов туралы ешқандай мағлұматым жоқ. Шоқай туралы газеттерден оқығамын, Бірімжановпен таныс емеспін» [96.246-247], – деген жауаптарынан бұл анық аңғарылады.

Сөйтіп, «терістеуді терістей отырып», ұлттың мәйегін аман алып қалуға ұмтылды. Тіпті басты «куәгер» Дінше Әділев те:

«Қазақстандағы астыртын әдебиет үйірмесінің бар екендігі туралы мен ештеңе естігемін жоқ. Ұлтшыл көсемдердің жанама аттары маған белгісіз. Мен Ташкентте жүрген кезімде бір күні Байтасов па, әлде басқа біреу ме, ұмытып қалдым, маған Жұмабаевтің бағдарламасын көрсеткені есімде. Өзімнің әдеби үйірмеге тікелей қатысым болмағандықтан да, оған қатысқан жоқпын, ол жөнінде ештеңе айта алмаймын» [3.319], – деп бас тарта жауап беріпті.

Айыптау қорытындысында: «Қазақ тілінде мыналар: Х.Досмұхамедов (қазақтардың тәуелсіз кезіндегі өмірін жырлаған, батырлар мен қазақ даласының құдіретін баяндайтын ежелгі әндер мен халық аңыздары), Әуезов (өткен кездің табиғаты мен ауыл өмірін эпикалық сарында әспеттей суреттеді, оларды үлгі етіп көрсетті), Жұмабаев (сол сарындағы әндер мен өлеңдер), Тынышбаев (орыс тілінде – байтақ кең далаға қоныстанған бұрынғы тәуелсіз өмірдің, өзге халықтарға тәуелсіз күн кешкен тарихын) кітап етіп, бастырып шығарды» [1.7.129-135], – деп жазылған.

Ал оған М.Тынышбаев: «Ал «Алқа» әдеби үйірмесі туралы ештеңе білмеймін. Әдеби үйірмелер Сібір үкіметі тұсында болған шығар, оған Мағжан Жұмабаев, Әуезов, Смағұл қатысқан шығар. Ал оның қалай аталғанын білмеймін. Олардың идеялық бағыты біздің алашорданың бағыты болуы тиіс. «Алқа» үйірмесі туралы Халел Досмұхамедов білуі мүмкін. Ол әдебиетке жақын әрі өзі де айналысады» [3.175], – деп жауап беріп, аттың басын теріс бұрып жібереді.

Әйтпесе, баспасөзде даңғазалықпен желпілдетіп жатқан әдеби айтыстан хабардар болғаны айдан анық. Еш күмән туғызбайды. Халел Досмұхамедов бірнеше рет:

«Тағы да қайталаймын: 1. «Алаштықтармен» 24-жылдың қыркүйегінен бастап, барлық байланысымды үздім және олардың Қазақстандағы қылмысты әрекеттеріне ешқандай да қатысым жоқ. 2. «Алқа» үйірмесіне қатысқаны жоқ. Ол туралы білгендерімді бұрын айтқанмын» [1.1.919], – деп жазып берген.

Ал бұрынғы айтқандары, Қазақ ғылым комиссиясындағы атқарылған

жұмыстар, шығарылған кітаптар, ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспары туралы болатын. Сол жауаптардың барлығының басы қосылып, қорытылып «Айыптау қорытындысында» :

«Осы кезде әдебиет майданындағы жұмыстарымыз жандана түсті... Әуелі Аймауытов, содан кейін Кемеңгеров келіп қосылып, біздің ісімізді жүргізіп отырды. Өзіміздің ықпалымызды баспасөз арқылы кеңінен тарату үшін біз барлық күшіміз бен жағдайды пайдаланып қалуға тырыстық... «Алқа» үйірмесінің пайда болуы да соның нәтижесі. Бұл істі тікелей жүзеге асырған Ысқақов, Кемеңгеров және Байтасов маған жұмыс бабы бойынша кеңес алу үшін келіп тұрды, мен оларға өзімнің нұсқауларымды бердім» (Досмұхамедов Х., № 2370-іс, 1 т., 221-парақ)», – деп «толықтырылып», шындықтың астары өзгертіліп берілді.

«Терісті теріске шығару» тәсілін жауап беру барысында Мағжан да қолданды. Ол өзінің түсініктемесінде:

«Байтұрсынов пен Бөкейхановтың жалпы әдебиет, оның ішінде әдеби сын туралы көзқарастары менің пікіріммен үнемі қайшы келіп отырды. Өз басым, әдебиетті рухани толысуға, рухқа, рухани құштарлыққа қызмет етеді деп есептедім, ал жоғарыда аты аталған адамдар: әдебиет – ең алдымен халықты жаңа бағытқа, жаңа іске шақырады, оларды үгіттейді, – деп түсінеді. Әдебиетті – өнер, – деп емес, насихатшы құрал, – деп қабылдайды. Міне, осындай пікір қайшылықтарының нәтижесінде жолымыз екі айырылды. Осыған орай, «Тоқсанның тобы» деген толғау жаздым, мұндағы негізгі ойым: тоқсан деп көрсеткенім – қалың бұқара халық, қалған оны – еңбексіз күн көретін тоғышарлар...

Осы толғау арқылы болып жатқан төңкеріске өзімнің көзқарасымды білдірдім. «Алқа» атты үйірменің бағдарламасын сол толғау арқылы насихаттадым. Бұл толғауды Оқу-ағарту халық комиссариатының Ақмоладағы бұрынғы төрағасы Молдағали Жолдыбаевқа жібердім. Сонымен қатар, «Толғау» атты өлеңмен жазылған бағдарламаны да қоса жолдадым. Ол «Толғау» баспасөзде жарияланбаған күйінше қалды. Аты аталған ұзақ толғауымда өзімнің бүкіл өмірімді, жіберген қателіктерімді, оңды-солды толқуларымды, соқпақсыз жолдарымды, тұтастай жалпылама баяндап шықтым. Ақыры «Алқа» үйірмесі ұйымдастырылмай, аяқсыз қалды» [3.35], – деп көрсетті.

«Толғауда» өзінің саяси көзқарасы туралы:

Мен тоқсанға жау болсам,
 Жеті жыл бұрын осыдан,
 Төңкерістің таңында,
 Алты алашқа әйгілеп:
 «Не бостандық, не құлдық,
 Не езілу, не теңдік.
 Не патшалық, не кеңес,
 Екіден – бір» – дер ме едім [47.299], –
 деп өлеңмен түсінік берген.

Әрине Бөкейханов пен Байтұрсыновтың тергеушіге берген жауаптарындғы және өлеңдегі көзқарастарының Мағжанның көзқарасымен үйлеспейтіндігін шынайы мәнісін, саяси астарын жоғарыда ескерткен жайды еске ала отырып

176 түсінген абзал. Сәбит Мұқанов Орталық партия комитетінде Сәкеннің тергеуде түскен суретін көріп жары Мариямға: «Сәкеннің атылардағы суретін... әлгі секретар... сол маған көрсетті. Алла-ай, Мариям-ай, жылап жібердім, көзімнен жастың қалай шығып кеткенін білмей қалдым. Адамға ұқсамайды, хайуанға ұқсайды. Шаш, сақал төскен. Атуға апарып тұрғанда түсірген көрінеді... Сондай сұмдық болып кеткен. Құдай сақтасын. Аңға ұқсай ма, құдай сақтасын!», – деп шошына айтқан мағлұматындағы ұрып-соғып, қинауды Мағжанның да басынан кешіруі мүмкін екенін де емеуірін етеміз. астарын Әйтпесе, ұлтын ояту үшін Міржақып пен Мағжанның тартынып қалған жері жоқ. Ахмет Байтұрсыновтың:

«Мен үшін әдеби бағыттардың – пролетарлық немесе ұлтшылдық бағыттардың қайсысы басымдық танытса да бәрібір», – деп немқұрайлы қарамағаны анық.

Бұл тергеушіні ізден жаңылыстырудың ғана амалы. Рас, Бөкейханов пен Байтұрсыновтың ұлт алдындағы жауапкершілігі аса үлкен, тек көзқараспен шектеліп қалмайды. Олардың басты мақсаты – барлық мүмкіндікті пайдаланып, ұлттың рухани мәдениетін жаңа танымдық сатыға көтеру еді. Көркем әдебиет саласындағы белді таланттардың өзін, Мағжан мен Жүсіпбекті, Мұхтарды, Халел және Жаһанша Досмұхамедовтерді, Мұхамеджан мен Елдесті, Даниал мен Қошкені оқу-ағарту саласына тартып, ғылымның барлық саласынан ұлтына мағлұмат беруді көздеді. Бұл идея олардың өзара жазысқан хаттарында да басты тақырыптың бірі болды.

Алайда, қандай да қолға ілінетін суыртпақты іздеген кеңестің кекшіл тергеушілері мұны мүлдем басқаша баяндап, контрреволюциялық ұлтшыл әрекеттің қатарына жатқызды.

Оған Ә.Байділдиннің: «Тағы да: «Алқаның» бар екенін мен жақсы білдім. Алғаш рет шамамен 1925 жылдары білдім. «Алқа» ұлтшыл Жұмабаевтің бастауымен Мәскеуде ұйымдастырылған. Бұл әдеби үйірмені бүркемелеген астыртын ұйым болатын... Семейден рабфакка оқуға келген Ыдырыс Мұстамбаевтің туысы Смағұл Нұрпейісовтен ұйым туралы сұрадым. Ол көпке дейін жасырып айтпады... Ақыры Смағұл: өзінің Аймауытовпен, Байтасовпен, Кеменгеровпен байланысы бар екенін, оларда астыртын қоғамның платформасы бар екенін, ол қоғамға мұны да тартқанын айтты. Оның бастаушысы Жұмабаев екенін білдім. 1927 жылдары Аймауытовтың, Кеменгеровтің, Әуезовтің, Байтасовтың арасында хат арқылы пікір алысулар болыпты. Жұмабаев Мәскеуде, қалғандары Шымкент пен Ташкентте тұратын» [67.71], – деген көрсетіндісі негіз қалады.

Араларында пікір алысудың тәжірибесі болғандықтан да және сол тұстағы маңдай алды жазушының қатарына көтерілген сөз қайраткері ретінде «Алқаның» «Табалдырық» атты бағдарламасын Мағжан Жұмабаевтің Жүсіпбек Аймауытовқа жіберуі заңды да, орынды да еді. Бұл Аймауытовтың айы оңынан туған дүлдүлді шағы болатын. Мағжан жолдаған бағдарламаны қалай алғаны туралы түрме тергеушісіне Жүсіпбек:

«24 / VI – 29 жыл. Мен «Алқа» үйірмесінің бағдарымен бірінші рет 1925 жылдың басында Орынбор қаласында мынадай жағдайда таныстым.

Мен Ташкент қаласында шығатын «Ақ жол» газетінде істейтінмін, содан

Орынбор қаласына демалысқа келдім. Сол жолы редакцияда Сәрсенбинмен кездесіп қалдым, ол өзінің менде жұмысы бар екендігін айтты. Екеуміздің сөзімізді Алдоңғаров тыңдап отырған болатын, содан кейін біз соңғы адамның (Алдоңғаровтың – Т.Ж.) пәтерінде кезігуге уәделестік. Сәрсенбин: «Онда бізден басқа да бірнеше адам болады», – деді. Сөйтсем, Алдоңғаров үйірме бағытымен (платформасымен) таныс екен. Келесі күні, әлде сол күні ме, әйтеуір түс әлетінде біз Алдоңғаровтың үйінде жолықтық, онда – Сәрсенбин, Алдоңғаров, Сегізбаев, мен аты-жөнін білмейтін тағы да басқа адамдар отыр екен. Менің ойымша, олар қостанайлық студенттер болуы керек. Сәрсенбин «Алқанын» бағдарын оқып шығар алдында: «Мұны Жұмабаевтің қатысуымен мәскеулік студенттер жазған», – деп түсініктеме берді. Кейіннен Жұмабаевпен хат алысудың барысында, ол бағдарды жазған Жұмабаевтің өзі екенін білдім, себебі оның маған жолдаған бағдарының үлгісі әлгіден айнымайды. Бұл іске Бөкейханов Әлихан мен Байтұрсынов Ахметтің қатысының бар-жоғын білмеймін, ол туралы Сәрсенбин ештеңе деген жоқ. Ол маған бұл бағдарды Байтұрсыновқа оқып бергенін айтты, бірақ, бұл жөнінде Байтұрсыновтың не дегенін білмеймін. Бағдарды Сәрсенбин тағы кімге оқып берді, одан да хабарым жоқ. Бағдарды оқып болғаннан кейін, өзім келіспейтін бірнеше тармағын қағазға түртіп алдым да, бұл туралы пікірімді Жұмабаевтың өзіне тікелей жазып жіберемін, – дедім. Ол тармақтарда не жөнінде айтылғаны қазір есімнен шығып кетіпті.

Қатысқандар Сәрсенбиннен: «Алқа» сияқты үйірмелер өзге жерде бар ма, ондайды ұйымдастыруға мүмкіншілік бола ма?», – деп сұрады. Оларға Сәрсенбин: «Мәскеуде орыс жазушыларының «Алқа» іспетті үйірмелері бар, «Алқаны» ұйымдастыратын күш те бізде бар», – деді. Сөзінің соңында Сәрсенбин: «Кімде-кім үйірменің бағдарымен келіспесе және оған мүше болғысы келсе Мәскеудегі Жұмабаевқа не Сәрсенбинге хабарлассын», – деді.

Содан кейін, мен өзімнің әдеби бағыттардың ағымдарымен таныс емес екенімді айтып, Жұмабаевқа осы мәселе турасында жазылған кітаптарды жіберуді өтіндім. Ол маған «Символизмнен бастап қазан төңкерісіне дейін» деген кітапты жіберді.

Орынборда үйірме жұмысы ұйымдастырылмады. Мүмкін менсіз өтуі де мүмкін, өйткені, мен іле Ташкентке кеттім. Онда барған соң әлгі бағдарлама тағы да алдымнан шықты, оның бір данасы Мәскеуден Қошмұхамед Кемеңгеровтің атына жіберіліпті. Бір күні мен, Кемеңгеров пен Байтасов және маған белгісіз тағы екі студентпен бірге Кемеңгеровтің үйінде отырып, тағы да сол бағдарды талқыладық, «Алқа» үйірмесін ұйымдастыра аламыз ба, оған кім қатысуға келіседі, кімдер қарсы болады – соны талқыладық.

Негізінен алғанда, қатысқандардың бәрі де үйірмені ұйымдастыруды қолдады, ал жекелеген тармақтарымен келіспеген нәрселерін Мәскеудегі Жұмабаевқа жазып жіберуге уағдаластық. Олардың барлығыда: үйірме мүшелері бағдарламада көрсетілген талаптардың негізінде көркем шығарма жазуы тиіс, қазақ әдебиеті жас әрі жұтаң болғандықтан да, әдеби мәселелерді талқылау үшін құрылтай шақыру керек дегенге келісті. Қорыта айтқанда, үйірменің негізгі міндеті – қазақ әдебиетін дамытуға үлес қосу болатын.

Құрылтайды шақыру жөніндегі барлық жауапкершілікті мәскеулік студенттер өз мойындарына алсын десті жиналғандар. Кейін менің өзім, Жұ-

178 мабаевқа хат жазып, құрылтайдың қай жерде өткені оңтайлы деп сұрадым. Мәскеуде ме, Орынборда ма, Ташкентте ме? Олардың көпшілігі Ташкент қаласында жиналуға тілек білдірді. «Алқа» үйірмесі сол күйі ұйымдастырылмай қалды, себебі, айтылған мәжілістен кейін, біз бірде-бір рет бас қосқанымыз жоқ, Жұмабаевтің бағдары өзіне қайтарылып берілді. Ол бағдарға мен қол қойдым ба, жоқ па, есімде қалмапты, сондай-ақ, өзгелердің де қол қойған-қоймағанын білмеймін.

Осы бағдардың негізінде жазылған шығарма жарық көрді ме, оны да айта алмаймын. Жеке басым ол бағдарды негізге алып ешқандайда туынды жазғамын жоқ. Кемеңгеров пен Байтасов бағдардың көшірмелерін өздерінде қалдырды ма, оны да білмеймін. Ал менің өзімде оның ешқандай көшірмесі қалған емес. Кейіннен мен, бұл бағдар туралы Жұмабаевпен, Әуезовпен пікір алысып, хат жаздым» [3.373-375].

Өмірінде де, өнерінде де шындықты ту қып ұстап өткен Жүсіпбек Аймауытовтың бұл жауабында ешқандай жала да, жалтаң сөз де жоқ. Олар «Алқа» үйірмесінің бағыт-бағдарын ашық мәлімдеп, ондай ниеттің болғанын бір ауыздан тайсақтамай мойындайды. Өздеріне: пәлендей кесірін тигізеді, айып ретінде тағылады, үйірмені астыртын ұйым ретінде бағалайды – деп қауіптенбегендері байқалады.

Алайда, қандай да қолға ілінетін суыртпақты іздеген, кеңестің кекшіл тергеушілері мұны мүлдем басқаша баяндап, контрреволюциялық ұлтшыл әрекеттің қатарына жатқызды. Мұны олардың барлығы да кеш, өте кеш, айыптау қорытындысымен танысқанда бір-ақ білді. «Алқа» әдеби үйірмесін алдыға тарта отырып, тергеуші Поповтың Мұхтар Әуезовке қойған сұрақтарына алған жауабы мынадай:

«Ал «Алқа» үйірмесіне байланысты айтарым мынау: 1925 жылдың басында «Табалдырық» әдеби тобының декларациясы қосып салынған Жұмабаевтің хаты маған почта арқылы келді. Ол партияда бар және партияда жоқ 6-7 адамнан тұратын топ, жария түрде «Алқа» әдеби үйірмесін құрғандығын, бұл туралы менің пікір білдіруімді, егерде бұл үйірмені қостайтын болсам, онда соның құрамына кіруімді өтініп, тілек білдіріпті. Мен ол кезде Семейде болатынмын. Мен «Табалдырықтың» декларациясын губерниялық комитеттің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Токжігітов жолдасқа көрсеттім, бірақ та ол, мұны бір айдай ұстады да, қайтарып берді, алайда, нақты ештеңені ашып айтқан жоқ.

Бұл декларацияның мазмұнынан ұққаным: үйірме ашық жұмыс істеу керек екен және баспасөзге араласуы тиіс көрінеді, өйткені, өзінің бағыт-бағдарынан байқалып тұрғанындай, М.Жұмабаевтің бұрынғы көзқарастарына қарағанда мүлдем басқаша, мазмұны жағынан солшылдыққа жақын, бүгінгі күнге бейімделе жасалған еді. Жұмабаев бұл бағдарлама (платформа) туралы маған баспасөз бетінде пікір білдіруімді өтініпті, бірақ та мен, олай істемедім және оған жауап хат жаздым, мазмұны толық есімде жоқ, бірақ та: әдеби мектептің өмір сүруі аса қажетті, көкейкесті мәселе, «Алқаның» талап-тілектерін қостаймын, кейбір діттеген ұсақ мәселелер жазушылардың кеңесінде талқылануы тиіс – екендігін ескерттім.

Жұмабаев екеуіміз бұдан кейін де хат жазысып тұрдық, мен оған шақыру, қалайда кеңесу керек екендігі туралы жаздым, алайда «Алқа» жөніндегі

мәселе бірте-бірте өшіп тынды.

Қандай да бір астыртын ұйым туралы ештеңе естігенім де жоқ, білмеймін де.

Күдеринмен арадағы қарым-қатынасым туралы Ташкентте берген жауабымда айтқан болатынмын» [2.1.334-336].

Қат-қабат хатталған көп томдық тергеу ісінің ішіндегі жауаптардың арасынан «Алқа» әдеби үйірмесі жөніндегі барынша толық тоқталған жауаптың бірі осы. Мұнда Мұхтар Әуезов өзінің көзқарасын ашық білдіреді. «Алқаны» ешқандай күдіксіз-ақ ақтап шығады. Сонымен қатар, Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезовке қойылған тергеушілердің сұрақтарының астары да өзгеше. Екі сұрақ-жауаптың арасын бір жыл төрт ай уақыт бөліп тұр. Осы мерзімнің ішінде Жүсіпбек пен Мағжанның тергеу ісі аяқталып, сотқа берілген болатын. Олардың ізі суымай жатып ұлтшылдардың екінші тобын әшкерелеу қолға алынды.

Тергеу ісі жаңа басталғандықтан да, бұл мәселеге Голощекиннің және барлық жазалау мекемелерінің қандай астарлы мән беріп отырғандығын аңғармаса керек. Кейінгі тергеулердегі пікірлерінде оған барынша елеусіз етіп жауап берген.

Кейінгі тергеулердегі пікірлерінде М.Әуезов:

«Байділдиннің «Алқа» туралы берген көрсетіндісі дұрыс, әдеби үйірмені принципті түрде қолдағанымды бұрынғы түсінігімде жазған болатынмын. Мен Жұмабаевқа бір-ақ рет хат жаздым, астыртын ұйым туралы ештеңе естігемін жоқ» [2.2 334-336], – деп оған барынша елеусіз етіп жауап берген.

Сөйтіп, Ә.Байділдиннің көрсетіндісіне жүгіне отырып, «Алқаны» астыртын идеологиялық-контрреволюциялық ұйым ретінде бағалаған тергеушілер түрмедегі әр адамға сұрақ қойып, жауап алып отырған. Олардың мазмұны жоғарыда келтірілген мәтіндерден алшақ кетпейді. Сондықтан да, «Алқанын» ұйымдық бағыт-бағдары қақындағы көрсетінділерді осымен шектеп, қорытынды тұжырымды ұсынамыз.

Жоғарғы соттың анықтамасынан: «...Жұмабаев, Омаров, Байтасов және Жәленов «Алқа» атты жасырын, ұлтшыл бағыттағы әдеби үйірмені ұйымдастырды және оның жұмыстарына қатысты деген айып та негізсіз. Бұл әдеби үйірме болғандықтан да, өзінің алдына совет өкіметін құлатуды, немесе оған қастандық жасап, күшін әлсіретуді мақсат етіп қоймағаны, сондай-ақ, контрреволюциялық қылмыстарды жасауға шақырмағаны, тергеу материалдарынан-ақ көрініп тұр. Аталған үйірме мүшелерінің әдеби шығармаларында да мұндай іс-әрекетке шақырған үндеулер кездеспейді. М.Жұмабаев осы үйірменің жетекшісі болғанымен де, өзінің алдына контрреволюциялық мақсат қойған жоқ».

Бірақ, «Алқа» – алқадан тұзаққа айналды.

«Домбырада бірі – қоңыр, бірі – ащы үн беретін екі шек бар. Екі шек екі түрлі үн шығарып тұрса да, бір-ақ күй тартылмақ... Шын әдебиетшіл, шын ақын болсаң, мынау «Алқа» сенікі».

Мағжан Жұмабаев

(«Алқа» әдеби үйірмесінің «Табалдырық» платформасынан)

1.

Міне, «Алқа» әдеби үйірмесінің құрылу қарсаңында қазақ көсемдерінің ішінде, осындай қоғамдық саяси-рухани жаңғырулар жүріп жатқан болатын. Тарихи дерекке сүйінсек, сол кезде оқулық жазуға араласпаған бірде-бір зиялы жоқ. Тіпті, Мұхтар Әуезовтің өзі де «Құрылыс туралы», «Жердің жаратылысы туралы» оқулықтарды аударуға қатысыпты. Қаражат та қажет болған шығар, бірақ, түпкі мақсат – қазақ елін ғылымның әр саласымен жан-жақты суару, ғылыми ұғымдар мен тілді, жаңаша ойлау жүйесін қалыптастыру болатын. Ұлт ішіндегі рухани түлеудің осындай толқынды тұсында көркем әдебиет туралы пікірдің қозғалмай қалуы мүмкін емес-тін. Мұның өзі өмірлік қажеттілік, әрі көркем ойдың дамуының өзекті мақсатын өгей қалдыруды ойларына да алмады. Көркемдік ізденістің өзі – өмірлік шешімнің көрінісі еді. Арпалысып тұрған заманды бейнелей отырып, көркем тұжырым жасау болатын. Әсіресе, Мағжан, Жүсіпбек, Мұхтар сияқты насихаттық әдебиеттен көркем әдебиетті екшеп, тіл-жағын айырып алу – өздерінің өмірлік мақсатын таңдап алумен бірдей талқы еді. Мұндай пікір алысулар екеуара жүріп жатты. Ұлттық даму бағытын мұрат еткен жазушылар барған сайын, қоғамдық өмірден шеттетіліп, әрбір қадамы аңду мен арандатуға ұшыраған тұста олар жан сырын бір-біріне ашты. Өзара пікір білдіру арқылы болашақ «Алқа» әдеби үйірмесін құрудың алғы шарттарын жасады.

Өзара пікір алысуларда осыншама тереңдеп барған зиялылардың көзқарасы қалайда жарыққа шығып, талқыға түсуі қажет еді.

Иә, «Алқа» үйірмесі мен «Табалдырық» атты бағдарламада ешқандай «жасырынбақтың» жоғы анық еді. Алайда, тергеушілердің қаламының күшімен ол «контрреволюциялық ұлтшыл астыртын ұйым» болып шыға келді. Оған таңданатындай ештеңе жоқ еді. Бұл кезде Ресейдің өзіндегі әдеби ағымдардың жетекшілері бірінен кейін бірі жазаға тартылып, қудалауға ұшыраған болатын. Есенин өзінің күретамырын қиып жіберді, Маяковский атылып өлді. Тарихтың бір тәлкегін реті келгенде айта кетейік: Маяковский Есениннің қазасына арналған сөзінде оны кінәлай сөйлеген болатын, іле-шала өзі де соның таңдаған өлім жолын өзіне мұрат етіп алды. Маяковскийдің басында тұрып сөйлеген Фадеев те кейіннен өзін-өзі атып өлтірді. Тура бір қарғыстың қамыты сияқты қаралы нышан.

Мәскеудің данышпандарының өзі осылай «құрбандыққа шалынып жатқанда», Ахаң – Ахмет Байтұрсынов айтқан «біздің 96 – пробалы коммунистер» бұл науқанды одан әрі өршітіп жіберді. Оның кесірі Жүсіпбек сияқты адал да абзал азаматқа тиді. Мұхтардың да, Жүсіпбектің де, Мағжанның да «терістеуді теріске шығарған» тәсілі іске аспады. Бірақ, олар айтарын

ашық айтып барып, қанатынан қайырылды.

Бұл ретте, әдебиет туралы Жүсіпбек пен Мағжанның пікірі барынша айқын көрінді. Тергеушілердің қолына түскен Жүсіпбектің хаты мен «Алқаның» бағдарламасы дербес талдауды қажет етеді. Мұнда саяси көзқараспен қатар, Мағжанның ішкі ақындық әлемінің де жаңғырығы қылаң береді. Біз олардың әр пікірін жік-жікке бөлмей, ойлары орайласқан тұстарды ғана қысқаша үзіндімен салыстырып өтеміз. Мағжанның пікірі – «Алқа» үйірмесінің ресми бағдары. Ал Жүсіпбектің пікірі сол «Табалдырықты» оқып шыққаннан кейін жазылған хат. Хаттың бас жағын әдейі кірістіргеніміз жоқ.

Ал үшінші сөз – Мұхтардың «Ашық хатының» ішіндегі пікір. Үш пікір үш түрлі жағдайда жазылғанына қарамастан ұзын сарыны ортақ желі тартады. Әңгіме – әдебиеттің ұлттық, таптық, көркемдік сипаты қақында өрбиді. Соның ішінде маркстік ілімнің қағидаларын талдайды. Алғашқы кезекті Мағжан ақынға береміз. Ол бірден Марксті аузына ала ой сабақтайды:

Мағжан Жұмабаев, «Алқаның» бағдарламасынан: «Әдебиеттің өзінше дәуірлеуі – техника мен әдебиеттің өзінше дәуірлеуіне бағынбайды» (К. Маркс. Введение к критике политической экономии. Изд. «Московский рабочий», 1922 г.). Маркс осы пікірін бекіту үшін грек тарихының Гомер заманы мен Еуропа тарихының Шекспир заманын көрсетеді. Шынында да, Гомер заманындағы – гректің, Шекспир заманындағы – Еуропаның техника мәдениетінің бала болғаны рас. Алайда, сол дәуірде грек пен Еуропа мәдениеті құлашты аспанға сермеген. Неге бұлай болғандығын тексеру, әдебиет тарихының міндеті. Біздің бұл жерде айтатынымыз: Маркстің мынау пікірін қазақ өміріне қабыстырсақ, қазақтың техника мәдениеті тіпті төмен болған. Сондықтан да, әдебиеті де «жоқтың жанында болған» деген пікірдің тууы қате. Шындығында да, қазақтың өзінше терең әдебиеті болған. Һәм бір қазақ әдебиетінің түрлі өзгерісі, өрі – қыры, қайғысы – қуанышы, ойы – қиялы әдебиетіне түсіп отырған» [3.260-261].

Жүсіпбек Аймауытов, хаттан үзінді: «... Сірә, біздің жас маркстілер үлкен кітаптарды оқып алады да: мынау қазаққа келеді екен, – деп жалшының не мұжықтың көзімен қазақты өлшейді. Марксті біздің жігіттер қазаққа жанастыра алмай, шатақ осыдан туып жүр ғой деп ойлаймын. Қазақ өзгеше (своеобразный) тұрмысты, тарихты, салт- саналы жұрт болуға керек. Қисыншыл (теоретик) болу мен тәрбиешіл болудың арасы алыс. Біздің Ғаббас (Тоғжанов – Т.Ж.) алдыңғысы болар деймін. Әуелі қазақты оқу керек. Қазақты білемін дегенімізбен, көбіміз біле бермейміз, оны Броданың кітабынан оқып отырмын. Біз анық біле алмай, көмескі көрген нәрселерді ол анық айтып отыр. Қазақ ұйымсыз, қазақ берекесіз, (бірақ) қазақ ұлтшыл емес. Малы қандай болса, мінезі де сондай жұрт. Бұл мәселе түбірленбей тұрғанда, біздегі даудың шегі болмайды» [1.7.177].

Мұхтар Әуезов, «Ашық хаттан» үзінді: «Өзімнің сондай топтармен («Алашордамен» – Т.Ж.) байланысқан артқы күнімді осылайша нақ тексеріп, қайта бағалап келгендегі ендігі байламым: сол ескілігімнен өз арамды бұдан былай бір жола үзіп, жарып алу және сол ескілікпен мені байланыстырып, жақындастырған жайлардың барлығынан үзілді-кесілді арылып шығу. Осы сияқты жаңа түсінік, жаңа бағыт тұрғысынан алғанда, енді менің жүріп өткен әдеби және қазақ әдебиетінің тарихын қарастырғандағы зерттеушілік

182 қызметімді шолып өткенде айтатыным: ол қызметтерім, Қазақстандағы мәдени төңкерістің жол-бағытымен үйлескен жоқ. Қайта соған қайшы келіп отыр» [85].

Алдыңғы екеуі теориялық тұрғыдан пікір қозғаса, Мұхтар Әуезов әдебиет тарихшысы ретінде «өткендегісінен арылған». Әрине, «Ашық хатта» теріске балаған ісін оң деп түсінсек, мұның астарын тез аңғарамыз. Үш пікірдің айтар түйіні – қазақтың төл ұлттық әдебиеті мен мәдениеті, дербес көркем ойлау жүйесі қалыптасқан, тарихи танымдық сынақтан өткен және сол мәдени-рухани жәдігерлер ұлттық мүдденің тұтастығын көздеген. Демек, таптық мүддеден көрі биік мұратты нысанаға алған. Мұхтардың жазғанындай, бұл пікір «Қазақстандағы мәдени төңкерістің жол-бағытымен үйлескен жоқ. Қайта, соған қайшы келіп отырды». Мағжан бұл ойын былай дамытты.

Мағжан Жұмабаев (жалғасы): «Әлі тіпті тексерілмеген дәуірді қоя тұрып, соңғы дәуірді алсақ, кешегі Мұрат, Махамбет, Базар, Шортанбай, Ақан сері сықылды ақындардың елдің мұңын, зарын, ой-қиялын жырлай білген шын жыраулар екені анық. Бұлар қазақ даласына бет алған Еуропаның, орыстың қарабоз отаршылығының қарасын көріп, бірінші уланған ерлер. Қазақ әдебиетінің алыбы Абай қазақ даласына кеулеп кіріп келе жатқан капитализмге, отаршылдыққа қазақтың қанды жас төгіп, еріксіз шалған бірінші құрбаны. Ел билеп, елге ақыл айтудан бастап, өмірден үміт үзуге, тұңғыш тұңғыық ойға барып келген Абайдың өмірінің ақындық трагедиясы да, тереңдігі де осында. Абайдың алыптығы – қыл көпірдің үстінде тұрғандығы. Екі қолмен, екі өмірмен алысқандығы. Сондықтан да, қазақ әдебиетінің ескі мағынасын, бұрынғы бағытын тереңдеткендігі, әдебиетке жаңа түр кіргізгендігі. Абай жиын-тойдың ақыны болмағандықтан, әсіресе, баспасөздің жоқтығынан Абайдың әдебиеттегі бағыты, әсіресе, түрі сол дәуірде қазақ даласына тарай алмады. Сол дәуірде қазақ даласына, капитализм кеулеп кіре берді. Ел езіле берді. Әдебиет те, бағыт та, түр де қалмады. Әдебиет: «ғизатлы», «матурлы», «бисмиллә деп башлиын сөздің басын» сықылды балдыр-батпаққа айналды.

Бірақ, Еуропа отаршылдығының «бір қасиеті» – «құлды қуып батыр қылды». Өлімге бұйырылумен өмірді сүйгізді, езілген елдің ұлттық сезімін оятты. Осы заң бойынша, 1905 жылғы төңкерістен соң соққы жеп, сіресіп жатқан қазақ елі есін жия бастады. Жаралы жанның есін жия бастағандығы үні – ыңырсу, күрсіну, күңірену болмақ. 1905 жылдан соңғы әдебиетіміз – «Оян, қазақ», «Қырық мысал» сықылды «елім-жұртым» деген әдебиет. Сол күңіренген жаралы жанның көзіне әлгіндей қылышынан қан тамып, майданда жүргені елестеген.

Ояна бастаған ер – кешегі ел болған күнін есіне түсірді. Әдебиетіміз мынау «Оян!» деген зармен бірге елдің өткен күнін есіне сала бастап еді. Өткен(дегі) тағы болып жүрген дәуірді, қайта орнату үшін емес, жасыған елдің жанына үміт салу үшін өткенді жырлай бастап еді. Жырлап үлгерген жоқ еді, жырлай бастап еді. Әдебиет осы күйде тұрғанда біз үстіміздегі зор төңкеріске келіп кірдік» [3.261].

Жүсіпбек Аймауытов (жалғасы): «Менің тағы бір қосылмайтын жерім бар, мысалы: «Ақын таптың ғана ақыны болады. Бірақ кейде тұрмыс жағдайымен, таптан мойыны асқан, тап шарасынан жоғары, өзге таптың да сойылын соғатын бұқарашыл, ұлт санасын меңгерген ақын да болады», – деп Плева-

нов айтады. Оны Ғаббас жазып отыр. Олай болса, қазақ ақындары тапқа неге қамалып қалады? Неге байшыл, неге діншіл болуға міндетті? Отаршылдық зардапты бай, кедей – ұлт болып тартқан жоқ па еді? Жерінен бай да, кедей де қуылған жоқ па еді? Малы жоғалса – хохолдан бай да, кедей де таяқ жеп өлген жоқ па еді. Ұлт мұңы бұрын бір емес пе еді? Бір болғандықтан да, Асан қайғысы, Бұқар жырауы, Шортанбайы, Абайы, Ахметі, Міржақыбы, Мағжаны, тағы басқалары отаршылдыққа, орысқа, патша өкіметіне қарсы болып келген жоқ па еді? Осы өткен ақындардың бәрін түгелімен байшыл, кедейшіл қылып алып, одан кейін Мағжанға, тағы тағыларға келсе, сонда жүлгелі (последовательный) болып сынаған болмай ма, әйтпесе, Мағжан – байшыл, Міржақып (?) – байшыл, Бейімбет – кедейшіл деген сөз бола ма? Төңкерістен бұрын қара кедей Сәбит Дөнентайұлы да, Бейімбет те, бәрі де ұлтшыл болып жазып жүрсе, енді кедейді бетке ұстады деп, олар тап ақыны бола қалмақ па? Бояма ақын бола ма? Әдебиеттің сұйылуы боялудан шығады деп білемін. Шындап ақын жаза алмаса, ақын емес – етікші» [1.7.177-178].

Мұхтар Әуезов: «Менің өткендегі жазушылық қызметімнің айқын белгілері – «Еңлік – Кебек», «Қаракөз» сияқтылары еді. Бұлар бүгінгі төңкеріс дәуірінен алыстағы қазақ салтын көрсетумен қатар, өздерінің екшеліп алынған тақырыптары бойынша, төңкеріс тематикасынан әдейі аулаққа жайылып кеткендігі және ұлтшыл жазушылардың тобын білдіретін нәрселер. Мен сол жазушылардың қатарына кіріп, 1920 жыл мен 1928 жыл, аздап 1929 жылдың аяғында Қазақстандағы және Ташкенттегі баспасөзге әсер етіп, баурап алмақ боп әрекет еттім. Сол жылда оқушы тобына тар ұлтшылдық бағытында әсер етіп, әдеби шығармалар, сындар, айтыстар арқылы ұйымда қандай іс жүргізсек, жастар арасына (сондай – Т.Ж.) ұлтшылдық күйін тараттық. Бұл әрекеттің ортақшыл партиясы мен кеңес үкіметінің сол жастарды интернациональдық рухында баулимын деген міндет бағытына негізсіз қарсы жүріп отыр. Мен қазір де жаңағы сияқты шығармаларымның бүгінгі күннен аулақ кетіп, бір беткей тақырыптарды ғана екшеп алғандығын айып деп, кінә деп қоймаймын. Сол тақырыптарды суреттеген, таратқан әдісін санашылдық-суреттеулік ретіндегі қалыптасуын да теріс деп білемін» [85].

Үшеуінің мұндағы шүйіліп отырған басты мәселесі – әдебиеттің ұлттық сипаты. Ұлттық сипаттан айырылған көркем өнерде не қасиет қалады. Бұл – ұлттың тарихын, танымын, сенімін, салт-дәстүрін, тілін, өзіндік ерекшелік сыпаттарын жоюмен пара-пар қылмыс. Ұлттың мұңы – оның ұлының да мұңы. Ал, кеңестік кесір идеологиялық саясат ұлттық сананы өшіріп, оның орынына тексіз таптық, массондық будан ұрықты сепкісі келді. Мағжан да, Жүсіпбек те, Мұхтар да елдің өткендегі тарихы мен тағдыр тәлкегін суреттей отырып, ұлттық сананы ояпқақ болды. Сол үшін де олар «Батыр Баянды», «Қорқытты», «Қартқожаны», «Қилы заманды», «Хан Кенені» жазды. Ал кеңес идеологиясы бұларға мүлдем жат бағытты ұсынды. Бірақ та, көркемдік ойлау жүйесі мен қалам қуаты әбден қалыптасқан үш арыс оған көндіге қоймады. Мойынсынбады. Олар тарихи шындықты, кеңес өкіметінің билігін жоққа шығарған жоқ. Алайда, оның кесірлі саясатына еріп те кетпеді. Бәрін де суық ақылмен қабылдап, өздерінше қортынды жасады.

Мағжан Жұмабаев: «Үстіміздегі зор төңкеріс – біздің өз тарихымыз тудырған, өз тарихымыздың қатынасы болған таныс төңкеріс емес, Еуропа тарихы тудырған жат төңкеріс еді. Осы себептен, біздің әдебиетіміз баста-

пқы жылдарда төңкеріс туралы ешнәрсе жаза алған жоқ... Бір жағынан, орыс отаршылығының зардабынан елге кірген бүліншілікті, бұзықты суреттеп, екінші жақтан, елдігін ұмытып, жасып қалған елдің өткенде өзінше ел болғанын есіне салып, табиғи жолмен келе жатты... Осы жолда жаңа әдебиетіміз бірталай ілгері аттап та қалды. Қияға қарғып шығамын деп мертігіп қалмай, тұрмыстық тарихтың заңы бойынша табиғи жолмен жүріп, күн санап өсіп келе жатқан кешегі, бүгінгі әдебиетімізді қарғауға емес, алқауға міндеттіміз. Төңкеріс туралы тез үндей қоймады деп томпыып өкпелеуге емес, не себепті үндемегенін ұғынуға міндеттіміз. Әдебиетімізге төңкерістің мәтібінің түспеуінің, бірен-саран түсірем деген топас тәжірибиелер де теріс жағынан түсушіліктің бір себебін (аңғартады). Төңкерістің өзінің қазақ даласына күнгей бетінен емес, теріскей бетінен, оңынан емес, солынан кіруі алақандағы нәрсе ғой. Оны бүркеп қоюға болмас... Зор төңкеріске пролетариат зеңбірек, пулемет, машинамен кірсе, қазақ қамшы, сойыл, балпаң етік, малма тымағымен жолдан қосылып отыр... Осы төңкерістің екпінінен қазақ сықылды құр қалған елдер өмір үміті кіргенін жырлай білсе, төңкерісшіл әдебиет болғаны. Марксшыл зор ғалым белгілі ақын Луначарский жазады: «Жаңа ұлт, жаңа тап бұрынғының бітірген жерінен бастап кетпейді... Жаңа тап, яки, жаңа халық, бұрын өздерін билегендерге қас болып, олардың мәдениетін жек көретін болып өсіп-өркендейді», – дейді (Основы позитивной эстетики. Москва. 1923. стр. 125.). Сондықтан да, осы мінез, осы құлық үстінен қарап айтқанда, осы қияңқылық, осы ыстық қандылық қазақ әдебиетінде де болуға мүмкін, болғанда да өзінше, қазақша, азияша болуға мүмкін» [3.266, 263-264].

Жүсіпбек Аймауытов: «Рас, пікір жүре өзгереді. Орыс жазушыларының да кейбірінің төңкерістен кейін жарамсақтанғаны да бар, олардың жарамсақтықтан аمانы да бар. Қазақ ақындарының пікірі соншама күрттен өзгертіндей жағдай болған жоқ, өйткені, төңкеріске көлденеңнен қосылдық. Ащысын, тұщысын, тауқыметін басымыздан кешіргеміз жоқ. Сондықтан, тек думанға, дүрмекке қызып, төңкерістің маңызын, дәнін тата алмай қалдық. Сол дүрмекпен әлі де келе жатырмыз. Күшенгенмен сөзіміз үйлеспей жатыр.

... Менің миымдағы перне – шұп-шұбар. Сыртқы әсерден қалған миымдағы іздер де бар. Ол іздермен жүрмесіме мүмкін бе? Ғаббас қалай жүргізбейді екен? Құлағымнан, көзімнен миға хабар жеткізетін жүйкелерімді (нерв) кесіп тастамақ па екен? Әлде, жүйкемді мүлде құртпақ па екен? Көлденең адам жазушыға, ақынға көтен зорлық қылуға жарамайды. Өзінше ойлатам деу – қиянат...

Қағаз жүзі мен өмір жүзін айыру керек. Ғаббас, Әбдірахмандар қағаз жүзін алса, мен өмір жүзін алғым келеді. Міне, менің пікірім осы» [1.7.178-179].

Мұхтар Әуезов: «Менің шығарманың көпшілігі сарыннамашылық бетімен болуымен бірге, өткен дәуірді төңкерісшіл сарыншылдық жолымен сипаттаудан қашық болды. Қайта ескіліктің кейбір залалды салттарын жарыққа шығарып, өсумен, ол салтты жақтаушыларды аз-аздап пікірі жолындағы құралсызданумен қатар, бәрібір, мен өз шығармаларымның көпшілігімен, анығында беті ашық ұлтшылдық күйіндегі жазушы боп шықтым... Қорытындысын айтқанда, менің әдеби қызметім, сол жастардың көңіліндегі, салт-санасындағы ұлтшылдық күйін жеңілдетіп, сейілдетуге арналмай, қай-

та соны нығайта түсуге арналып кетті. Қазіргі күнде мен өзімнің бұрынғы жазушылық жолымдағы бағытыма ғана емес, қазақ әдебиетін тексерген тарихшы, зерттеуші есебіндегі қызметіме де теріс деп қараймын. Түгелдеп айтқанда, төңкеріс жолдарының қоғамдық қазақы мен төңкерісшіл жұртшылықтың тілегіне біржолата үйлеспейтін сөздерім болған. Бұл ретке қосылатын төңкеріс жолындағы жылдар ішінде қазақ әдебиетінің жолы қандай болуы туралы «Шолпан» журналының бетінде ертеректе айтқан пікір еді. Сол қателерім кейбір кейінгі тексерулерімнен де арылған жоқ. Мысалы, соған ұқсаған қателер, Абай шығармаларын тексеруімде де бар» [85].

Жә, үш арыстың әдебиет туралы пікір таласын осымен тоқтатамыз.

2.

Сұлу сөздің насихаттық құрал емес екендігі, өнердің міндеттері туралы қилы-қилы қисындар бұрын да, бүгін де, ертең де айтыла бермек. Үш түрлі жағдайда, үш түрлі көңіл күйде жазылған бұл үш пікірдің түп қазығы – ұлттың рухани тәуелсіздігі еді. Үш арыс бұл мүддені азаматтық арымен қорғай білді. Сол арқылы ұлттық сананы мәңгірттеніп кетуден сақтап қалды. Мұхтар айтқандай, «ұлтшылдық күйін жеңілдетіп, сейілетуге арналмай, қайта соны нығайта түсуге арналды». Олардың басты мақсаты да сол болатын. Ең маңыздысы – кеңестік жазалау саясатының диірменіне өздері жаншылса да, ойларын жаншылдыртпады. Отаршылдық коммунистік пиғылдың еркінде кетпей, оны әшкерелей білді.

Бұл олардың үлкен рухани ерлігі еді. Талқыға түсті. Талқыланды. Бірақ, рухтары талқандалған жоқ. Осынау үш дерек – Мағжан мен Жүсіпбектің соңғы сөздері, Мұхтардың ең талмалы мәлімдеуі болғандықтан да, олардың сол тұстағы жандүние тебіренісін сезіндіру үшін аталған құжаттардағы олардың соңғы пікір-тілектерін оқырманға жеткізуді парыз деп санадық. Бұл олардың бізге жолдаған жүрек сәлемі еді.

Мағжан: «Домбырада бірі – қоңыр, бірі – ащы үн беретін екі шек бар. Екі шек екі түрлі үн шығарып тұрса да, бір-ақ күй тартылмақ. «Алқа» осы. Жөн іздеген жас болсаң, жол іздеген жолаушы болсаң, тез іздеген есті тентек болсаң, мынау «Алқа» сенікі! «Алқаға» кірейік! Өзіңнің сұмырай мақсұтыңа шындықты құрбан қылып шалып, қайқайып жүре беретін соғылған болмасаң, балапан әдебиетіміздің шын әдебиет болып ержетуін шын тілейтін болсаң, мынау «Алқа» сенікі. «Алқаға» кір. Шын әдебиетшіл, шын ақын болсаң, мынау «Алқа» сенікі».

Жүсіпбек: «Мен осы пікірімді газетке жазуға Смағұлдан рұқсат сұрап, толық хат жазып отырмын. Өріс берер-бермесін білмеймін. Ішімде қайнап жатқанша тым болмаса сендей жолдасқа ағытайын деп жазып отырмын. Сен бұған өз пікіріңді жаз. Теріс, бұрысын көрсет! Бұл пікірімді Ғаббасқа да айт. Жөні келсе, керек жерін оқып жібер» [1.7.180].

Мұхтар: «Тағы бір сөз, ауыр қатем деп санайтыным – қазақ баспасөзінің жүзіндегі төңкерісшіл марксшілдің сынына құлақ салмауымда. Дәлелсіз сынаржақтықпен қарап, барлық сынды түгелімен ұйымсыз жазушыларға арналған жаулықтың ғана сыны деп санап жүрдім. Өз ішімнен: ол сынның ролі де, мұраты да, ортақшыл емес. Жазушыны әдебиет жүзінде соққыға жығу-

186 дан басқа емес – деп, бір жақты теріс баға беріп жүрдім, сонымен сынның негізді – ғылыми негізді төңкерісшіл басшы екенін ескермедім. Сынға осылайша теріс қараған көзқарасыммен соңғы жылдарға шейін келдім де, әдейі ұстаған көңіл құрылысы есебінде, жұртшылық алдында өзімнің қателерім туралы да үндемей, сөз көтермей келдім. Бұл да қатемнің бірі еді. Енді «Қазақстан правдасы» мен «Социалды Қазақстан» арқылы барлық Қазақстан жұртшылығының алдында өзімнің бұрынғы әдеби-саяси істерімді осылайша айқын күйінде айыптайтынымды ашық жарияламақ болдым. Сонымен бірге, енді бұрынғы қателерімді төңкеріс ісіне барымша бой салып ұдайы, адал қызметпен түзетуге бекінгенімді білдірмекпін. Енді мәдениет, салт-сана майданының ең жауапты, ең тартысты кезеңдерінде іс істеуге өзімді өзім міндеттімін деп санаймын» [85].

Міне, талқы осылай аяқталды. Бірі – «Алқаға» ақылдасуға шақырды, екіншісі – өзінің өзгелерден бұрын атылып кететінін білгендей «Қош, сүйдім. Жүсіпбегің!», – деп бақұлдасып қалды, үшіншісі – «ең жауапты, ең қызу тартысты кезеңді» күтіп алуға бел бұды. Бұл олардың ақ қағаз бетіндегі соңғы пікір бөлісулері болды. Үш тұлға. Үш тағдыр. Үш түрлі қаза. Енді олардың басын қазақ ұлтының тәуелсіздігі ғана мәңгі қосты. Олардың асыл бейнелері қатар ілініп, есімдері де құрметпен аталатын болды.

Әрине, мұның барлығы көңіл жұбанышы ғана. Үшеуі тізе қосып өмір сүріп, қаламдарын қатарласа ұстап, көркем сөзбен еркін айналысқанда, қазақ ұлтының рухани мұрасы мен көркем ой деңгейі сол тұстың өзінде-ақ әлемдік сатыға көтерілер еді. Өкінішке орай, бұл салмақты Мұхтар Әуезовтің жалғыз өзі көтерді және ұлтының рухани байлығы мен мәдениетін дүниеге мойындатты. Біз соған шүкіршілік жасаймыз. Әйтпесе, екі досымен бірге одан да көз жазып қалуымыз әбден мүмкін еді. Құдай оның бетін аулақ қылды. Бұған да тәубә.

Міне, III томда тіркелген тергеу ісінің реті мен ұзына мазмұнының бір желісі осындай.

«1930 жыл, наурыздың 12 күні. АЙЫПТАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Осы іс бойынша жүргізілген тергеу материалдары арқылы көрсетілген адамдардың төмендегідей контрреволюциялық әрекеттері:

1. 1921-1922 жылдары астыртын ұйым құрғаны. Содан кейін олардың кеңес өкіметіне қарсы әрекеттер жүргізгені және олардың «ұйымға қатысы болғандығы себепті де» өзара жеке байланыс орнатқаны;

2. Шет елдегі Заки Валидимен байланыс орнатқаны;

3. Қарулы күш дайындауға бағытталған әрекеттері (жастарды үгіттеу, «Алқа» үйірмесі, Байтасовпен байланыс жасау және т.б.);

4. Кеңес өкіметіне қарсы оны құлату мақсатында қарулы көтеріліс дайындағаны – дәлелденді.

Осы іс бойынша жүргізілген тергеу материалдарында көрсетілген әр адамның контрреволюциялық әрекеттері мынадай деңгейде дәлелденді:

1). Байтұрсынов Ахмет: 58 жаста, қазақ, бай әулеттен шыққан, интеллигент, БКП(б)-ның бұрынғы мүшесі, партиядан шығарылған, «Алаш» пар-

тиясын ұйымдастырушы, 1918-1919 жылдардағы «Алашорданың» кеңес өкіметіне қарсы әскери күресті ұйымдастырушы әрі жетекшісі...

... 10). Жұмабаев Мағжан, 46 жаста, қазақ, бақташы байдың баласы, партияда жоқ, педагог-әдебиетші:

1) Астыртын ұйымда мүше болғаны: «... мен білгенімнің бәрін айтуға бекіндім... Сондықтан да, ең алдымен, маған ұйымның мына мүшелерімен сөйлесуге мүмкіндік беруіңізді сұраймын ... Мағжан Жұмабаев...» (Дулатовтың 19.IX-29 ж. Өтініші, 17 іс, 1 т.);

2). Ұлтшыл бағыттағы астыртын «Алқа» үйірмесін құрып, қазақ баспасөзі мен әдебиетіне ықпал етуді жүзеге асырғаны: «... «Алқаның» бар екенін мен шамамен 1925 жылдары білдім. Бұл үйірме Жұмабаевтің бастамасымен Мәскеу қаласында құрылды. Бұл – әдеби үйірме түрінде құрылған астыртын ұйым болатын» (Байділдиннің көрсетіндісі, №252 жеке іс, 1 т.);

3). Қарулы күш дайындауға бағытталған әрекеттері (жастарды үгіттеу, «Алқа» үйірмесі, Байтасовпен байланыс жасау және т.б.) – үшін АЙЫПТАЛДЫ.

Айыпталушының өзі «Алқа» үйірмесі туралы мынадай түсініктеме берді: «Алқа» үйірмесі әдейі ұйымдастырылған ұйым емес... «Алқа» үйірмесін құруды студенттердің талқылауынан кейін ойыма алдым және оның «Табалдырық» атты бағдарламасын 1924 жылы желтоқсанның аяғында бастап, 1925 жылы қаңтар айының басында жазып бітірдім. Бағдарламаны сол кездегі Мәскеу студенттері Сәрсенбин мен Сегізбаевқа оқып беріп, талқылаттым, өзгертулер енгіздім. Содан кейін барып, почта арқылы жан-жаққа: Семейдегі – Мұхтар Әуезовке, Ташкенттегі – Аймауытов Жүсіпбекке, Байтасовқа және басқаларға тараттым. Бағдарламаның тағы да кімдерге таратылғаны есімде жоқ. Тек, біз оны оқып шығып, біздің бағыттарымызды қолдау үшін жібергеніміз есімде» (№350, №251 жеке іс, 1 т.)...

... Тергеу ісі аяқталды және жоғарыдағы көрсетілген қылмыстар дәлелденді деп есептеп, шешім қабылдадым:

Айыпкер ретінде:

1. Байтұрсынов Ахмет – Қылмыстық Кодекстің 58/2, 58/4 және 58/11 баптары бойынша;

2. ...

5. Жұмабаев Мағжан – ҚК-нің 58Б2, 58/4 және 58/11 баптары бойынша;

6. ...

36. Байділдин Әбдірахман – ҚК-нің 58/2 және 58/13 баптары бойынша – ЖАЗАҒА ТАРТЫЛСЫН.

II. СССР ОАК-і Президиумының 9.IY-27 жылғы қаулысын басшылыққа ала отырып іс ОГПУ-дің Коллегиясының қарауына берілсін.

III. Тілеулин Нақып пен Тұйғымбеков Дүзенге қатысты іс – өлуіне байланысты тоқтатылсын.

Анықтама: тұтқындалғандардың барлығы Бутырка түрмесінде отыр. Оларды ұстау мерзімі СССР ОАК Президиумының 31.III-30 күнгі қаулысымен ұзартылды.

2 бөлімнің бастығының көмекшісі: (Павлов)

«Келісемін» : ВООГПУ бастығының көмекшісі: (Соболев)

«Бекітемін» – ВО бастығы (Дьячков).

СССР Халық Комиссарлары Кеңесінің жанындағы ОГПУ-дың кол-легиясының 1930 жылы 4-көкектегі қаулысы бойынша:

– Жұмабаев Мағжан, Омаров Елдес, Битілеуов Дамолла – «Алқа» атты жасырын, ұлтшыл үйірме құрғаны үшін;

– РСФСР қылмысты істер кодексінің 58 статьясының 4, 11, тармағына сәйкес – Жазаның ең ауыр түріне кесіліп, ол жаза 10 жыл концентрациялық лагерьде өтеу туралы үкіммен алмастырылды» [1.7.247-309].

Үшінші тарау: КЕБІН КИГЕН КӨБЕЛЕК

Болмаса басыма да бармас па екен,
Атымды ауызына алмас па екен?
Қарайып жапан түзде жалғыз тұрған,
Молама көз қырын да салмас па екен?...

...Мені атама, бұл жүрек – жынды дерсің,
Ұмтылған «Аламын, – деп – Күнді» – дерсің.
«Сүйіп-күліп, күйіп – көз жасын төгіп,
Жынды жүрек өлді де тынды!» – дерсің [10.166].

Мағжан.

1.

Әлихан Бөкейхановтың араласуымен Мағжан бір рет тұзақтан құтылды. Жары Зылиха Жұмабаеваның естелігіне жүгінсек: Әлихан Бөкейханов Мағжанның зайыбы Зылихаға арыз жазып беріп, оны М.Горькийге және оның әйелі, Қызыл крест қоғамының төрайымы, актриса Екатерина Павловна Пешковаға жолықтырған. Түрлі мекемелерге кіргізген. Қаржылай көмек көрсетіп, кешірім жасалуына дәнекерлік еткен. Гүлнар Міржакыпқызы Дулатова ол туралы:

«(түрмедегілер)... 1922 жылдан бері Мәскеуде «жіпсіз байланып», еш жаққа шығуға рұқсаты болмаған, сондықтан адресі белгілі Әлихан арқылы кімнің қайда жүргенін біліп, өзара байланыс жасап, хат алыса бастайды. Ешкімнен сескенбейтін ер жүрек Әлихан, оқта-текте Бутыркаға барып, тұтқындарға ауқат жеткізіп тұрған. Ахмет, Мағжандардың қызыл крес меңгерушісі Екатерина Павловна Пешковаға жиі жазған арыздарын қадағалап, нәтижесі тезірек болуы үшін Пешковаға жиі барып, көмек көрсетуін өтінеді. Көп ұзамай арыздары бойынша екі арысымызға жеңілдік жасап, берген үкім мерзімін қысқартып, елге қайтарған. Елге жету үшін жол қаржысын Пешковадан алып берген де сол Әлихан атам» [86.349], – деп жазды.

Бұған Ахмет Байтұрсыновтың:

«Қыр баласының ел жайынан жазған хаты қолды болып, қолыма тиген жоқ. Қужақ екі жолдасымен орнынан түскен. Жолдастары кім екенін жазбайды. Қазақ жайы – соқырға көрінген, саңырауға естілген болса керек. Жақын арада жазушының бұрынғы қатыны бастық болып тұрған мекеме арқылы арыз бердім. Мұнда қазіргі жай-күйімнің бәрін айтып: өлсін демесеңдер, мені не жылы жаққа жіберіндер, не қатын-балам тұрған жерге жіберіндер. Мен бұл күйде тұрғанда өлемін, – деп жазып отырмын. Мұнан анау қатын арқылы бірдеме болар деген үміт бар. Мұнан еш нәрсе шықпаса, шынында да өлу ғана қалады» [86.351], – деген хаты да дәлел.

Мұндағы «жазушының қатыны» деп отырғаны М.Горькийдің әйелі Е.П.Пешкова болатын. Ол өзінің өтелін Карелиядағы Соловки мен Сивир (Сібір емес) лагерьлерінде өткізді. Ақынға тән сарыуайым жүрегінің басына сарысу боп ұйып, тіршіліктен түңілдірді. Ол отыз сегізінші жылғы соңғы тергеуде берген жауабында:

«Соловки мен Свир лагерлерінде өткізген жеті жылдың ішінде, шамамен 1931 жылдан бастап өзімнің өткеніме деген түңіліс бірте-бірте мүлде билеп алды» [83.113], – деп жазды.

Бұл, көңілінің зар күйі ме, жоқ, өткенімен толық есеп айырысқанын дәлелдеуге тырысқан ілдебай ма? Алайда кесімді уақыты бітіп, елге қайтқан адамнан беріп жіберіпті-мыс делінетін:

Жігер, шіркін, желінді,
Болат жеген қайрақтай.
Мешеу болды жүйрік ой,
Кететін орғып қарғытпай.
Қолды қардан оқ үзді,
Ордаға байрақ байлатпай.
Өлер – өмір, сөз қалар,
Молаға қойған сайғақтай, –

деген өлеңнің астарында ақындық ой мен қайраттың қайрақтан өткен ұшқындарының жарқылы бар.

Алаш ақиықтарының ішінде соңына аңызға бергісіз естеліктер қалдырған кейіпкер тұлғалардың бірі де, бірегейі осы Мағжан Жұмабаев пен Сәкен Сейфуллин. Әсіресе, бірінші және екінші тергеудің арасындағы аңыздар шындыққа барынша пара-пар. Сол аңыздардың арасынан сенімді зергер Шерияздан Елеукеновтің ақынның жары Зылиха Жұмабаеваның естелігімен тиянақтаған бір-екі деректі келтіреміз. Концлагерьде Мағжан айдауылдағыларға сауатсыздықты жою дәрісін береді. Петербургтің зиялы тұқымы Иван Иванович Фетисовтың ақылымен медфельшерлік мамандықты игереді. Медициналық техникумның бағдарламасына сәйкес қажетті кітаптарды И.И. Фетисовтің үйінен (Васильев аралы, 20 орам, №15 үй, 10 пәтер) Зылиха Жұмабаева жеткізіп тұрады. Бұл білімнің өмірде қызығын көрмесе де, ой-сарасын тотықтырмай, жанып отыруға жанабы тиген.

Сондай-ақ, Әлкей Марғұлан да лагерьге барып, өзек жалғайтын қолүздік беріп тұрыпты. Зылиханың тұрмысына сүйеу болыпты. Барлық қаражаты мен бұйымдарын ұрлатып алғанда Әлкей Марғұлан 25 сом көмек беріпті. Ол

190 кездегі ақшаның құнына шаққанда қомақты қаржы. Өзі «қалпақ астында» жүріп халық жауына жолығуы – ерлік. Өкіл баласындай болған Әлекеңнен – Әлкей Марғұланнан бұл туралы сұрағанымызда: «Маған Ленинград пен Мәскеудің үлкен ғалымдары қорған болды. Солардың ақылымен «тереңге шөгіп жаттым», – деп қырылдай күлетін. Ал Мағжан екінші рет ұсталғанда тергеушілерге: «Маған досым, әрі жанашырым Әлкей Марғұланов келіп тұрды. Ол шизофрениямен ауырып, жүйке ауруханасына түскен», – деп жазыпты. Ал тергеушілер Марғұланның тұсына: «Өлген», – деп белгі қойыпты. Шындығында, Әлкей Марғұлан 1934 жылы Ленинградтағы студенттердің қозғалысына қатысып, соңынан тіміскі түскенде өзіне өзі қол жұмсап, ажалына әлгі тыңшының себепкер екенін көрсетіп, өсиет қалдырған. Жүйке ауруханасына сол жолы тіркелген. Әлгі «тіміскінің» аты-жөнін атап:

«Ол әлі тірі. Соны іздеп барып, қатты-қатты ұялтшы», – деп сондай бір өкпелеген балаға тән аңқаулықпен кәдімгідей өтінетін.

Содан отыз тоғызыншы жылы ғана СССР ғылым академиясының Қазақстандағы бөлімшесі ашылғанда ұстаздарының тапсырмасымен «жарыққа шығып», академияның ғылыми жолдамасымен уақытша көмектесу үшін Алматыға келген.

Жақсылардың алақанының табын сезген ақынның қалайда еркіндік пен жарық дүниеге ұмтылысы өзінің нәтижесін берген. Сөйтіп, Мағжанға ресми түрде мұрсат беріліп, уақытша бостандыққа шыққан:

«ССР Одақтық Орталық Атқару Комитеті президумының 14/IV – 1934 жылғы мәжілісінің № 72 хаттамасы. «34». ОГПУ коллегиясының 4/ IV – 30 ж. күнгі үкімі бойынша 20/ VI – 29 ж. күнгі қаулысымен 10 жыл концлагерге кесілген Мағжан Жұмабаевқа кешірім жасау туралы ұсыныс (№ П-443-41 іс) мақұлданып. Концлагердегі тұтқындалу мерзімі жеті (7) жылға қысқартылсын. ССР Одағының ОАҚ-нің хатшысы үшін: А. Медведов. Көшірме Сивирлагка жіберілісін» (ҮІІ том, 441-бет).

Бұл Қаулы Мағжан тұтқында болған Свердловскідегі лагерге жіберіледі:

«ОГПУ-дің Свирлаг басқармасының ПВШ-сына Лодейное поле қаласы. 28 апрель. ССР ОАҚ-нің Президумы мәжілісінің азамат Мағжан Жұмабаевтің № П-443-41 ісі туралы 1934 жылғы 14 сәуір күнгі № 72-91 қаулысының көшірмесі жолданып отыр. Анықтама: ОГПУ коллегиясының 26/IV-34 жылғы қаулысы» [1.7.440].

Осы томның 439-бетінде ОГПУ коллегиясының:

«ССР ОАҚ Президумының 14/IV-1934ж. Қаулысы орындалуға жіберілісін», – деп жазылған осы қатынаспен ҮІІІ том аяқталады.

Бұл Қаулы араға екі жыл салып барып, күшіне енді. 1936 жылы 2 маусым күні айдаудан босатылды. Вязьма – Сызрань – Челябинскі арқылы Қызыл-жарға келді.

Анду мен тіршіліктің мұқтажынан құтылмаған Мағжанды алда қысқа ғұмырдың күдікті күндері тосып тұрды. Қысқа жіптің күрмеуін шешу үшін Елбаев Халилдің көмегімен 20 күндік мұғалімдер курсына дәріс өтеді. Одан «саяси жағдайға байланысты» босатылады. Жұмабай Шаяхметовтің «қалпағының» астында қатаң бақылауға алынды.

Жалпы Мағжанның өз еліндегі досы да, жалған жанашыры да, меншікті тіміскілері де көп болды.

Әрине, жаны күйген жанашыры да жоқ емес еді. Мағжанның қанатының астынан түлеп ұшқан ақын, бауырына басып тәрбиелеген бауыры «кәдімгі Сәбит Мұқанов» болды. Мағжан түрмеде жатқан жылдардың ішінде, дәлірек айтсақ, 1931 жылы 15 мамырда соңғы нүктесін қойған «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты тарихи зерттеуінде С.Мұқанов:

«Ақындық жағынан келгенде Мағжан, әрине, қазақтың күшті ақындарына саналады. Қазақтың тілін байыту ретінде, әдебиетке жаңа түрлер енгізу ретінде Мағжанның еңбегі көп. Абайдан кейін тіл өнегесін-де, Мағжаннан асқан ақын қазақта жоқ... Мағжанға шейін өткен қазақ ақындары көбіне өлең үлгісін күншығыс елінен, әсіресе, араб, парсыдан алатын. Мағжан орыс мектептерінде оқып, көбіне Еуропа, оның ішінде, әсіресе, орыстың әдебиетін тез меншіктенді. Абай қазақ әдебиетіне Еуропа түрлерін шетпұшпақтап кіргізе, Мағжан дендеп кіргізді. Еуропаның әдебиет түрлерімен қазақ оқушылары Мағжан арқылы толық танысты... Мағжан өлеңдерінде сыршылдық (лирика) жағы күш-ті келеді. Мағжанның өлеңдерін оқып отырғанда, оның сол өлеңді жазып отырған уақыттағы жан жүйесінің құбылысы (душевное переживание), ішкі сезімнің толқыны көрініп тұрады. Мағжан өлеңінен құр ғана ұйқасқан сөздерді көрмейсің, ақынның ішіндегі әйгілейтін айнаны көресің. Сыршылдық жағынан Мағжан көп ақынға бәйге бермейді» [19.163], – деп жазды.

Кенестік идеологияның тылсым түрмесінде жатып, ату жазасына кесіліп, одан он жылға концлагерьге жер аударылған ақынның шығармашылық жолына мұндай жоғары баға берген Сәбит Мұқановты Мағжан Жұмабаевқа қарсы қою, ұстазымыз Тұрсынбек Кәкішұлы айтқандай, «тіпті ұят» [19.161]. Бірақ... Өзінің азаматтығын ол Мағжан Карелияда тұтқында жүргенде дәлелдеп, 1934 жылы қарашада хат жазып, онда әдебиеттегі маркстік талапты, таптық күресті мойындаса, онда социализмнің адасқан ақынды кешіре алатынын, осы сапарда бір жола тазарып келсе, жазушылар одағының есігі ашық екенін айтқан. Бұл жай хат емес, әдеби ортаға ресми шақыру еді. Араға арандатқан сөз араласпау үшін Сәбит Мұқанов бұл хатты орысша жазған. Мағжанға және 1933 жылы 21 ақпанда Мұхтарға жазылған хаттың түпнұсқасын бізге сексенінші жылдардың аясында Сәбеңнің шырақшысы боп жүрген тұста пікірлес досым Құлбек Ергөбек ұсынып еді.

«Мағжанға – Сәбиттен.

Мағжан! Мен жақын күндері сізбен бірге тұрған Әуелбеков деген жігітпен кездейсоқ кездесіп қалдым, түрмедегі кесімді уақытын бітіріп, үйіне қайтып келеді екен. Егер ол Сіздің адресіңізді дұрыс берсе, онда менің бұл хатымды аласыз. Бұған сіз алғашында таңданып та қаларсыз. Ол орынды да, өйткені, сіз бен біз мүддесі мүлдем кереғар екі таптың өкіліміз. Алайда, сіздің қазіргі жағдайыңызды бетіңізге баса айтқым келетіні мынау. Біздің өкіметтің жазалау саясаты адамды қанауды мақсат етпейді, қайта еңбек арқылы, қайта тәрбиеленуге мүмкіндік береді.

Сіз, жұмысшы табының алдында үлкен қателіктер жібердіңіз, оның иде-

192 ясы мен мүддесіне қарсы шықтыңыз. Большевиктер: керек кезінде күш те қолдана алатынын үнемі айтып келді, айтып та жатыр, бірақ, бұл зорлық күш өзіне ұнамайтынның бәрінің көзін жоя береді деген сөз емес. Буржуазия табымен жұмысшы табы татуласпайды, оны жояды – деген болатын Ленин. Алайда, кейбір тұлғалар қайтадан түлеуі мүмкін. Ондай жағдай тарихта бір-неше рет қайталанған.

Сіз, біздің қазіргі сөз өнеріміздің ұлы шеберлерінің бірісіз. Қазақтың жазба әдебиеті тарихы дәуірлік маңызы бар туындыларды дүниеге әкелген үш ірі ақын мен жазушыны біледі, олар: феодалдық әдебиеттің шыңы – Абай, буржуазиялық әдебиеттің шыңы – Сіз және кеңестік әдебиеттің шыңы – Сәкен. Біздің сынымыз мұны әлденеше рет атап өтті.

Иә, Сіз, 1928 жылы «Тоқсанның тобыры» мен «Толғау» атты 2 өлең жаздыңыз. Бұл өлеңдеріңізде кеңестік идеологияға қарай қадам басуға тырысқаныңыз байқалады. Бұл шығармалардың негізгі құрылымын дұрыс түсінсем де, кейбір жағымды тұстарын бағалай алмағанымды мойындауға тиіспін. Біз сізді сол пікірімізбен үркітіп алдық па, әлде басқа себептері болды ма, бұл қадамыңызды одан әрі жалғастыра алмадыңыз.

Буржуазия табының жойылуы және оның мәдениетінің күнінің батқанын біз, коммунистер ғана емес, сол таптың өз өкілдері де мойындап отыр. Бұған ағылшынның буржуазияшыл жазушысы Уэллстің Сталин жолдаспен әңгімесі мысал бола алады (Бұл сұхбатты Сізге оқып шығуды өтінемін, «Большевик», № 17, 1934 ж.).

Кім де кім талқаны шыққан буржуазиялық мәдениетті қалпына келтіруге ұмтылып, өліп бара жатқан тапқа қызмет еткісі келсе, онда «құмды суарып, егін екпе» деген қазақ мәтелінің кебін құшады. Сондықтан да, әлемнің адал ниетті интеллигенттері пролетариаттың өсіп келе жатқан мәдениетіне шұғыл бет бұрып, оған үлес қосуға тілек білдіріп отыр. Сөйтіп, адамдар өздерінің азаматтық парызын өтемек. Өйткені, адамзат қоғамы оның бір бөлігінің екінші бөлігін қанаудан тек пролетариат диктатурасы арқылы құтқара алады. Біз, коммунистер, оларды қайта тәрбиелеуге бар күшімізді жұмсаймыз. Мысалы, Сіздің кешегі пікірлесіңіз Мұхтар Әуезов бүгін өзінің қателігін мойындап, кеңестік жолға түсті және ол жазушы коммунистермен бірдей партия мен үкіметтің қолдауына ие болып отыр.

Сталин жолдас жазушы Уэллспен сұхбатында: жекелеген адамдар субьективті түрде социализм идеясына қарсы шықпауы мүмкін, бірақ буржуазиялық диктатураның күшпен құлатылуын мойындамауы арқылы оның қорғаушысы болып шығады – деген болатын. Сіздің күнәңызға пролетариат мемлекеті қашан кешірім жасайтынына қарамастан, мен сізге бір сұрақ қойғым келеді: болашақта сіздің ақындық қаламыңыз кімге қызмет етеді?

Сіз маған жауап береді деп сенемін.

Соңғы екі-үш жылда мен Қызыл профессура институтының әдебиет бөлімінде оқыдым. Қарашаның 20-да Алматыға тұрақты қызмет істеуге барамын. Отбасым әзірше Мәскеуде қалады. Оларды алып кетуге мен желтоқсанның аяғында келемін.

Сәлеммен – Сәбит. 2/-XI.1934 ж.»

Менің адресім: Мәскеу, 21, Остоженко, 53, 62-бөлме (алпыс екінші). Мұқанов Сәбитке».

193

Шындығында да, бұл хаттың мазмұны түсініксіздеу көрінуі мүмкін. Алайда, екеуінің де жазушы екенін ескерсек, онда мұндағы емеуіріннің астары тереңде. Біріншіден, тұтқыннан босанған жолаушы арқылы Мағжанның жөнін біліп, хат жазуының өзі мәрттік. Екіншіден, тура осы хаттағы «енбекпен тәрбиелеу», «біз, коммунистер қайта тәрбиелейміз», М.Әуезов солай істеді, Сіз, кімге қызмет етесіз, маған жауабын беріңіз – дегеннен-ақ, Сәбит Мұқановтың: Сіз де Мұхтар сияқты ашық хат жазыңыз, оған жазушылар одағының атынан мен кепілдік беремін, адресім мынау, – деп отырғанын Мағжан түсінетінін білген. Кейін Мағжан тура осы мағынада Жазушылар одағына және Халық Комиссарлары кеңесіне өтініш жазуы соның дәлелі. Зады, түрмедегі Мағжанға жазылған бұл хатты ешкім білмеген. Әйтпесе, С.Мұқанов партия қатарынан шығумен ғана шектелмейтіні анық еді.

Бұл хатты 1959 жылы 10 қарашада Сәбит Мұқановтың өзі сүйікті бауыры Тұрсынбек Кәкішевке оқып беріпті. Тұрсекең ол хатта:

«Таяуда түрмеден шығасыз, сонда қай жақта боласыз, зорлық-зомбылықты кек тұтқан пиғылда шығасыз ба, әлде «Тоқсанның тобындағы» ойға ойысасыз ба? Біз үшін, қазақтың қасиетті поэзиясының келешегі үшін Сіздің совет жағына шыққаныңыз олжа болар еді», – деген ойларды жазыпты. Тұрсекең: «Сізге тиісті орындар жазғызды ма?» – деп сұрағанында: «Жоқ, өзім жаздым – арымның әмірімен жазғанмын» [83.127], – деп жауап қайырыпты.

Ал отыз жетінші жылы мұндай «саяси көрсоқырлыққа» жол жоқ болатын. Дегенмен де, бір жыл болса да бой жазып қалған сол қысқа қызықтың бірі туралы ақынның немере бауыры Ғадылша Қаһарманов:

«1936 жылы Қызылжарда педтехникумда мұғалімдердің мамандығын арттыру курсына сабақ беріп жүрген кезінде Жәжекемді (Мағжанды – Т.Ж.) екінші рет көру сәті түсті. Бұл кісілер Зылиқа жеңгей екеуі Дзержинский көшесіндегі екі қабатты ағаш үйдің үстіңгі қабатында бір бөлмелі пәтерде тұрды. Сенбі, жексенбі күндері немере туысым Мүтәш екеуіміз Жәжекемнің үйіне барып, қонаға жатып қайтатынбыз. Жәжекем бізге әсте бала деп қарамайтын, төредей сыйлап, өзі қызметтен шаршап келсе де, бізге әңгіме-ертегі айтушы еді. Қашан көзі ұйқыға кеткенше жалықпайтын, шыдамды және бауыр жанын нәзік түсінетін адам еді. Кейбір демалыс күндері Жәжекем, Зылиқа жеңгей үшеуіміз қаладан 10 километр жердегі «Машан» (Мықан – ?) ағашына ат арбамен барып қайтатынбыз. Ағаштың көлеңкесінде бізден бұрын барып, аттарын доғарып, алқа қотан болып отыратын көп азаматтар, Жәжекемді күтіп отыратындай көрінуші еді. Әйтеуір, біз бұл жерге жақындағанда барлығы бізге қарай лап қойып, Жәжекем мен жеңгемді лезде қоршап алатын. Олардың ортасында қатар түзеп отыратын Жәжекем мен Зылиқа жеңгей қос аққу сияқты әсер қалдырушы еді. Осынау көпшіліктің ортасында Жәжекемнің аузынан шыққан әр сөзді жиналған қауымның зор ынтамен тыңдап отыратынын, мен, бала да болсам анық аңғаратын едім. Бірақ, қаншама көпшілік отырса да, туысқа деген сүйіспеншілігінен бір айнымай, менен көзін жазбай әрқашан назар аударып, көңіл-күйімді бағдарлап, қас-қабағымға қарап отыратындығын да сезінетінмін. Жәжекемнің менің атымды ерекше атайтындығы да әлі күнге дейін құлағымда. «Ғадылша» дегенде да-

194 уысының ырғағын көтеріп, екпінді басты буын мен соңғы буынға түсіретін. Ара-тұра: «Алысқа кетіп қалма, ағаштың ішінде адасып, қорқып қаларсың», – деп ескертіп те қоятыны есімде. Ал кешкі салқынмен қалаға қайтқанымызда жол бойы жеңіл желдіртіп отыратын. Біздің атымыз жүрдек болушы еді. Жарыста алдына ат түсірмейтін, қамшы салдырмайтын. Оның жүрісіне Жәжекем де риза болып, жымыып отырушы еді. Атты мен айдайтынмын, бала да болсам тізгінге мықты едім. Соны байқайтын Жәжекем, маған сенімсіздік білдірмей, ерік беріп қоятын. Жанында отыратын Зылиқа тәтей де әйел болып жеңіл мінез көрсетпейтін, қорықпайтын. Тек байсалды сәнмен жар қызығына тойып, бал-бұл жанып отырушы еді» [80.27], – деп еске алыпты.

Балалық мөлдір сезім мен азаматтың туыссыраған ыстық сағынышының тоғысы ұзаққа созылмады. 1936 жылдың қыркүйек айында Сәбит Мұқанов Қызылжар қаласына келіп, Мағжанды өзі іздеп тауып, оны Алматыға шақырады. Мәселенің ресми шешілуі үшін 1936 жылы 27 қыркүйекте Жазушылар одағының хатшысы атына:

«Өзімнің кінәма лайықты жазамды өтедім. Еңбектің қара қазанына қайнап, адасулар мен жат ойлардан мәңгілікке арылдым. Мен бұрынғы ойларымнан арылып, бай мен ұлтшылдардың жолынан бас тарттым және жаңа жолға, еңбекшілер жолына бет бұрдым. Мен қалған өмірімді берік ниетім мен үмітімді дәлеледеу үшін социалистік құрылысқа еңбек етуге бел будым, ісіммен барлық ескі көзқарастан арылғанымды көрсеткім келеді. Мен үшін енді еңбекші таптың, коммунистік партияның жолынан басқа жол жоқ. Еңбекші табы әдебиетінің жетекшісі – Жазушылар одағы басқармасы, менің өткен кезеңдегі адасушылығымды қатаң сынға ала отырып, сыртқа теппей, өзіне тартып, жазушылар одағына қабылдап, жетекшілік етуін, көмек беруін сұраймын.

Мағжан Жұмабаев. Петропавловкі қаласы, Дзержинский көшесі, №19 үй» [89.177-178], – деп өтініш жолдады.

Алматыға оралған соң, осы хатты алға тарта отырып, тиісті орындармен ақылдаса келіп, Сәбит Мұқанов Мағжанға хат жазды. Бұл хатты Ш.Елеуке-нов ағамыздың қысқартып пайдаланған нұсқасы бойынша келтіреміз:

«...Сізбен жолығып сөйлескенде де мен айттым ғой: егер де өзіңіз шын ниетпен совет әдебиетіне қызмет етем десеңіз, жазуыңызға ешкім бөгет болмайды деп. Сол сөзім әлі де сөз. Бұл пікірге басқа жолдастар да қарсы емес. Бұл хатта мен жалпы сөзді қоя тұрып, сіздің екі сұрағыңызға жауап берейін:

1. Жазушылар ұйымына совет әдебиетіне қаламымен еңбек сіңірген кісі алынады. Біз сіздің қателіктен қайттым деп жазған хатыңызға сенеміз. Бірақ, көпшілік алдына дұрыс қаламыңыздан шыққан көркем сөзіңізді ұсынғанша, өлеңдеріңіз басылғанша, ұйымға мүше болуыңызды устав көтермейді. Бұл сөзге сіз ренжуге тиісті емессіз. Устав – ұйымның тәртібі. Тәртіп – декларациядан істі жақсы көреді. Жазуыңызды бетке қақпаймыз. Совет платформасында отырып жазған сөзіңізді басамыз. Содан кейін ұйымға мүшелік мәселесі өзінен-өзі шешіледі.

2. Қызметіңіз, ұйымның сізге көмегі туралы. Алдымен Қызылжарда тұрсаңыз да, Алматыға келсеңіз де, ықтияр өзіңізде болсын. Мұнда келем десеңіз, сізді бетке қағатын кісі жоқ. Қайда жүрсеңізде жазуға керекті жағдай-

ды жасатуға болады. Бірақ, бұл ретінде маған хабар беріңіз. Қызылжарда сөйлескенде айттым ғой: жазуға белсене кірісу, совет әдебиетіне қызмет ету тетігі өзіңізде деп. Егер де шын ниетпен совет әдебиетіне атсалыссаңыз, сізді бетке қағатын, бұрын пәлен болып едің – дейтін кісі болмайды. Пролетариаттың рақымы мол. Ол қорғай да біледі, жарылқай да біледі. Бірақ, пролетариат сөз емес, істі жақсы көреді. Сәбит» [83.135-136].

Бұдан кейін Мағжан Көкшетаудағы Казгородоктағы дәрігер досы Мұратбек Сейітовтің шақыруымен демалып қайтады. Саяси қысым басталғанда күнкөріссіз қалған ақын Степняк қалашығында мектеп директоры болып істейтін досы Біләл Молдабаевтің үйіне «мейманшылап» барып, сонда жүріп ол Сәбитке:

«Құрметті жолдасым Сәбит! Сіз менің Петропавловскідегі орыс мектебінде орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беріп жүргенімнен хабардар боларсыз. Январьдың басында мені қызметімнен босату туралы мәселе қозғалғанымен де, біраз уақыт басылып қалған еді. Бірақ, январьдың соңында бұл жәй тағы әңгіме болды да, мені жұмыстан шығарып жіберді. Не себепті босатылғанымды сұрасам, қалалық оқу ісінің меңгерушісі жалпы саяси себептерге байланысты дегенді айтты. Міне, 20 шақты күн болды, жұмыссыз отырмын.

Декабрьде көркем әдебиеттердің қазақ баспасымен Толстойдың «Петр I», Некрасовтың «Декабристерін» аударуға келісімшартқа отырған едім. Содан бері, одан да хабар жоқ. Ол жақтан мен өте қиын халде оралдым. Әсіресе, жұмыссыздығым жанымға жаман батады.

Мен Қазақстанға жаңа жолға түскенімді өз қалам күшіммен көрсетсем деген тілекпен оралдым. Қалай болғанда да, орталыққа жетуім ке-рек деп шештім. Егер жолға қаражат тапсам, орталыққа баруды ойлап отырмын. Әрине, өз халімнің мүшкілдігін айта отырып, сізді де бірдеңе-ге міндеттегім келмейді. Сізге осылай жазуға қазіргі халім мәжбүр етіп отыр. Бұл хатты қыдырып келген туыстарым жақтан, «Степняктан» жазып отырмын. Төрт-бес күннен соң қайтамын. Құрметпен Мағжан. 20 февраль, 1937 жыл» [83.127-128], – деп хат жазды.

Бұл – жетіскеннің емес, мұқтаждықпен амалсыз торға өзі кеп түскен арыстанның шарасыздығы. 1937 жылы 25 науырызда Мағжан Алматыға келді. Ол туралы Мұхамеджан Қаратаев:

«Жазушылар одағының секретары қызметінде істеп жүрген кезім. Одақтың председателі Сәбит Мұқанов екеуміз бір кабинетте отырамыз. Жаңылмасам, 1937 жылдың жаз айы. Бір күні кабинетте жалғыз едім, бір орта бойлы, жұпынылау киінген, өңі сынық кісі кірді. Амандасып болған соң, өзін таныстырды: «Мен Мағжан Жұмабаев боламын, шырағым. Сәбитті іздеп келіп едім...», – деді. Жүрегім лүп ете қалды. Көп өлеңін жатқа білетін, сүйсінсек те сүйгенімізді өзгеге білдірмей, сездірмей жүретін уақыт. Орнымнан ұшып тұрдым: «Сәбең жаңа ғана шығып кеткен. Осы маңайда жүрген шығар. Қазір», – дегенше болған жоқ, Сәбеңнің өзі де кіріп келді. Амандық-саулықтан соң, телефонның құлағына жармасты. Сол кездегі Қазақстан Қомпартиясы Орталық Комитетінің екінші секретары Нұрпейісовке мән-жағдайды баяндап еді, ол: «Келе беріңдер, бірақ бұл мәселені шеше алмаймын, Мирзоянның өзіне кіріңдер», – деді. Сәбең маған да жүр деп, үше-

196 үміз Мирзоянның қабылдауына бардық. Қазақтар Мырзажан деп қадір тұтатын бұл басшымыз жақсы адам, кісілікті кісі еді ғой. Бірден: « – Несі бар. Келе берсін. Жағдай жасаңдар. Өне, Өуезов сияқты. Театрда істейді. Сабақ береді. Жазуын да өндіріп жазып жүр» [83.138], – деп Шерияздан Елеукуеновке айтып беріпті.

Өзінің ақындық жолдағы ұстазы Мағжанға берген уәдесін Сәбит Мұқанов орындады. А.Толстойдың «Петр I» және Некрасовтың «Декабристер» атты көлемді шығармаларын аударуға келісім шарт жасатып, несие қаламақысын төлеттірді.

Мұңлы ақынның бейнесін жүрегінде сақтап жүрген, «ақынға ғашық болған ару» Зағипа Тінәлина:

«Көзден ғайып болып кеткен Мағжанды, тек 1937 жылы ақпан (наурызда – Т.Ж.) айында Алматыда Орталық Партия Комитетінің қабылдау бөлімінде көрдім. Оны Сәбит Мұқанов Мирзоянға кездестіруге әкелсе керек. Бұл менің Мағжанды көп жыл өткеннен кейін көруім ғой. Бұрынғы сән-салтанаты жоқ, үстінде былғары пальто, аяғында былғары етік, басында қаракөл бөрік. Көп ұзамай тағы да Өлкелік партия комитетінің қабылдау бөлмесінде Мағжанның жалғыз отырғанын көрдім. Мүмкін біреуді күтіп отыр ма? Бұлай күтпеген жерден бетпе-бет жеке кездесуіміз мені қатты састырды, не болғанымды өзім де сезбей қалдым. Төбемнен ұрғандай тұрып қалыппын, ол да ләм деген жоқ, тек бір-бірімізге қараумен болдық. Маған сол сәтте қолын ұстап амандассам ба, деген ой келді. Бірақ, жолым тар, әйел адам болған соң дәтім бармады. Артынан үйге келген соң өкініші кетпей, жолдасым Абатқа: «Мағжанды үйге қонаққа шақырсақ қайтеді?», – деп едім, ол басын ашып ештеңе жауап бермеді. Тек: «Мағжан Сәбитке келіпті ғой...», – деді де қойды. Бұл менің Мағжанды соңғы көруім болды. 1937 жылы мамыр айында менің жолдасым Абатты да «халық жауы» деген жаламен түрмеге жапты. 1938 жылдың 10 сәуірінде мені де, қызмет істеп отырған орнымнан ұстап әкетті. «Халық жауының әйелі» – (член семьи изменников родины) деп үш жылға кесті. Осымен «Алжир» колониясында 1941 жылға дейін жазамды өтеп, елге Ақмолаға көштім» [88.198-202], – деп еске алыпты.

Сөйтіп, үмітсіз нәзік жүрек тағы да бір шымши соғыпты. Иә, бұл да бір үмітті үмітсіз дүние.

Үмітсіз дүниеден үміт күттірген құпия құжаттың бірін тағы да сол талмайтын тарлан Тұрсынбек ұстазымыз көпшілік назарына ұсынды. Онда:

«21 көкек, 1937 ж. Құпия. Жаманқұлов жолдас, алашордалық ақын Мағжан Жұмабаевтің Алматыға келгені саған мәлім, ол Жазушылар одағына өтініш жазып, өзінің кеңеске қарсы жіберген қателіктерін мойындап, түзелуге мүмкіндік беріп, көмектесуді, қызмет беруді сұрапты. Бұл мәселе жөнінде, мен таяуда Мирзоян жолдаспен кеңестім. Ол маған: «Қызмет беріңдер, яғни, орыс әдебиетінің классиктерін қазақ тіліне аударту арқылы қаржылай көмектесіндер. Оның қаншалықты түзелгені содан кейін белгілі болады», – деді. Мен сенен, партия мүшесі және Қазкөркеммебастың меңгерушісі ретінде менің тілшемдегі Мирзоян жолдастың сөзін ескере отырып, аударма жасауға шарт жасасып, аванс беруінді өтінемін.

Коммунистік сәлеммен, ҚКЖО-ның төрағасы және партия мүшесі

Қарар: шарт жасасу кезінде ескерілетін болады. Редактор. 21сәуір, 1937» [87.180], – деп жазылған.

Алдын-ала айта кетеріміз, бұл шарт жасалғаннан кейін, арада үш-төрт ай өткен соң Р.Жаманқұловқа:

«алашордашыл-ұлтшылға» үкімет қаржысын рәсуа еткені үшін», – деп, ал Ал С.Мұқановқа:

«Жұмабаев айдауда жүргенде онымен хат жазысты және қаржылай көмек берді», – деген айып тағылды.

Іле Р.Жаманқұлов халық жауы ретінде ұсталды, С.Мұқанов партиядан шығарылды. З.Тінәлианың естелігінде көрсетілген Мағжанның үкімет кеңсесіне екінші рет келуінің себебі, тарихшы Қ.Алдажұманов ғылым айналымға түсірген 1937 жылы 21 мамыр күні Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы О.Исаевқа жолдаған төмендегі «Ашық хат» болса керек. Онда:

«Қаз ССР Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы жолдас Исаевқа Жұмабаев Мағжаннан (Алматы қаласы, Лесная, №89 (Киров, 103)

Мені, контрреволюциялық алашордашыл қайраткер ретінде және төңкерісшіл ұлтшыл жазушы ретінде социализм құрып жатқан қазақ еңбекшілерінің ортасынан пролетарлық өкімет әділ шеттеті, сондай-ақ, қазіргі уақытта мені социалистік қоғамнан аластатып ұстағаны да өте дұрыс.

Біраз уақыт еңбекпен түзету мекемесінде болған кезімде, өзім тікелей атсалысқан социалистік алып құрылыстарда оның ізгі ықпалын сезіне отырып, кеңес мемлекетінің еңбекпен түзету саясатының әлемдегі бірден-бір ең сенімді және дұрыс саясат екеніне көзім жетті, сондықтан да, мен өзімнің идеологиям мен бүкіл қоғамдық-әдеби жұмыстарымды қайта тексеруден өткіздім, сөйтіп, барлық қоғамдық-әдеби қызметімде мен ұстанып жүрген және басшылыққа алып жүрген, ұлтшыл-алашордашыл идеологияның сөзсіз реакцияшылдығына және сатқындық қылмыс екеніне бүтіндей сендім, ұлтшыл-алашордашыл идеологияның және алашордашыл ұлтшылдардың барлық сатқындық әрекеттері қазақ еңбекшілеріне және бүкіл социалистік отанға дұшпандық қылмыс екеніне көзім жетті.

Осы тексерісімнен, ұстанымымнан кейін өзімнің өткендегі барлық іс-әрекетімді, қоғамдық және әдеби қызметтерімді айыптай отырып, өзімнің қылмысты өткенімнен, ұлтшылдықтан, ұлтшыл-алашордашылардан мүлдем және мәңгілік қол үземін, сөйтіп, қалған өмірімді ешқандай бұлтарыссыз тұтастай социалистік қоғамға сенген азаматы ретінде, социалистік Отанның сенімді ұлы ретінде, социалистік қоғамға қызмет етемін деп шештім.

Осындай асыл арманмен, осындай бірегей мақсатпен мен осыдан бірнеше ай бұрын, тиісті мекемелердің рұқсатымен, таңғажайып өркендеу үстіндегі Қазақстанға келдім, қазақ еңбекшілерінің гүлденген өмірі менің және барлық ұлтшыл-алашордашылардың іс-әрекеттерінің сатқындық қылмыс екеніне толықтай көз жеткізді, сөйтіп, өзімнің өткендегі контрреволюциялық ұлтшылдығымды және ұлтшылдарды революция мен социалистік отанға, қазақ халқына дұшпандық деп санап, олармен екі арамды ешқандай бұлтарыссыз және мәңгілік ажыратқанымды, аса ауыр қылмыс жолынан толықтай

198 арылуға бет алғанымды, Отанның адал ұлы ретінде қайта түлегенімді, сол үшін қалған өмірімді социалистік отанға қызмет етуге арнайтынымды мәлімдеймін.

Бұл мақсатымды мен, Сізге – кеңестік Қазақстанның Үкімет басшысына, бақытты өмір құрып жатқан мұқым қазақ халқына ашық, шын жүрекпен және бұлтартпас сеніммен мәлімдейтінімді осы хат арқылы Сізге жеткізе отырып, менің өзімнің қайта түлегенімді, қайта түбегейлі шыңдалғанымды, социалистік отаныма шынайы берілгендігімді іс жүзінде, шығармашылық жұмысымда, соның ішінде әдеби шығармашылық қызметімде дәлелдеуім үшін (еңбектерімнің) Қазақстанда жариялануына, сол арқылы ұзақ уақыт бойы қылмысты реакциялық жолға, қазақ контрреволюцияшыларына қызмет еткен қаламымның кеңестік еңбекпен өтеу саясатының ықпалымен қайта шыңдалып, қайта тәрбиеленгеннен кейінгі социалистік отанға адал және өнімді еңбек етуіме мүмкіндік берулеріңізді өтінемін.

Менің шығармашылық жұмысымның соңғы үлгілері ретінде, үш өлеңді осы хатпен қоса жолдап отырмын.

Сонымен бірге, дәл қазіргі кезде кеңестік-еңбекпен түзету саясатының әлемдегі ең дұрыс ұстаным екенін көрсететін жаңа тақырыпты көркем түрде игеру ісіне кіріскеніме, Сіздің және мұқым социалистік қоғамның назарын аударамын, бұл поэмада екі қазақтың – тұрмыстық қылмыскер қазақ пен қылмыскер-ұлтшыл қазақтың өмірі, тәрбиеге көнетін және көнбейтін атышулы халық жаулары мен қоғамның шірінділерінің тәрбиелену жолы жарыстырыла суреттеледі.

М.Жұмабаев. 21 май, 1937 жыл» [98].

Бұл «Ашық хат» туралы не айтуға болады? Естайдың:

«Жалғанды жалғамалап әркім жүр ғой,

Қысқа жіп келмеген соң күрмеуіне», –

дегені сияқты, «жалғандықпен жалғанған көңіл жібі» (Абай) болса керек.

Араша тілеп отырған Ораз Исаевтің бұл өтінішті қарауына мұршасы да келмеді. Оқыған күннің өзінде де мұрағатқа жолдаумен аяқталды. Өйткені, алашордашыларды әшкерелеуші бас идеологтың өзі де көп ұзамай және Мағжаннан бұрын тұтқындалып, тергеушіге:

«Менің тұтқындалуым – менің дұшпандық әрекетімнің жолын кесті, сондықтан да мен, өзімнің сатқындық әрекеттерім мен опасыздығым бұлжытпайтын айғақтармен әшкереленіп отырған сәтте, іштен тынып, әлденені жасырып қалуға жортакси тырысуымның ақылға сыймайтынын білемін. Мен жиырма жыл бойы партия мен халықты алдап келдім. Өтірік пен екіжүзділік менің екінші және нағыз болмысыма айналды, сол болмысым маған ұзақ уақыт бойы партия ісіне шынайы берілген адал коммунистің ролін орындауға мүмкіндік берді. Мен, тұтқындалғанға дейін, оңшылдар орталығының қарары бойынша әрекет еткен, Қазақ ССР-дегі кеңес өкіметіне қарсы ұлтшыл ұйымның жетекшілерінің бірі болдым» [67.266], – деп жауап беріп жатты.

Шағынар қайраткердің қалмағаны және енді олардың қайтып оралмайтыны түсінікті еді. Сондықтан да, ендігі арызданудың өзі өз еркіңмен абақтыға қамауға өтініш берумен тең болатын. Кімнің абақты мен концлагердің есігін

қайтадан ашқысы келеді дейсің?

Бірақ, Мағжан ашпасам деген есік тағы да ашылды, ашылған жоқ, ашқызды. 1937 жылы желтоқсанның 31 күні кеште Мағжан Жұмабаев екінші және соңғы рет ұсталды. Ш.Елеукеновтың зерттеуі бойынша, Мағжанды тұтқындау туралы №1445 ордер 1937 жылы 27 желтоқсан күні жазылыпты. Осы арада ескерте кетеріміз, Мағжанды тіміскілеткен не тұтқындаған, біз танысқан Ахмет Байтұрсыновтың ісіне де қатысы бар тергеушілердің біреуі – кейіннен Қазақстанның бірінші басшысы, екіншісі – қауіпсіздік комитетінің төрағасының орынбасары, үшіншісі – Ішкі істер министрі, төртіншісі – төбе би болды. Солар қызмет басында тұрғанда, бұларды ақтау туралы мәселе қозғалудың қандай нәтижемен аяқталғаны түсінікті. Олардың үрім-бұтақтарының өтініші бойынша аты-жөндерін қағыс қалдырдық. Ол үшін бізді жазғырудың да жөні болмас.

Сонымен, ұлтшыл және қылмыскер қазақтар туралы дастан жазылмай қалды. Зылиха Жұмабаева:

«– Зылиха, көп болды пельмен жемегелі, пельмен жасашы, – деп ойланп отырды да, – енді менде несі бар, ұстамайтын шығар, табылса қара жұмыс болса да істеп күн көреміз, – дегені. Мен болсам Қызылжардан бекер келдік деп өкінемін. Бір бәлені сездім-ау... Бұл Мағжанның өзін-өзі жұбатқаны екен ғой. Соңғы кезде дөңбекшіп ұйықтай алмай шығатын. Енді қайта түрмеге түссе, кездесетін күн жоқ екенін Қызылжарда түсінгенмен, Алматыға келгенімізге қатты өкіндім. Тамақ та алдымызға келді, үйге екі жігіт кіріп келді:

– Мағжан Жұмабаев, сіз тұтқындалдыңыз, – деді де ең құрымаса алдындағы асынан дәм татқызбай дедектетіп ала жөнелді...» [91].

Тергеудегі азап пен қинаудың тәсілдерінің бірі туралы бізге академик Мұхамеджан Қаратаевтің:

«Мұны таспаңа (магнитофон) жазба. Есінде жүрсін. Кім біледі, көлеңкеміз қысқарып келеді... Тергеу камерасында жатқанымда қасыма біреуді әкеп қосты. Өскеменнің омарташы орысы екен. Ол да ұзақ жатыпты. Жөн сұрастық. Сонда Сәкенді есіне алды... Менен бұрын сол кісімен бір камерада болыпты. Ол: «Мен өзім орнатқан өкіметтің жауы емеспін», – деп ұзақ қасарысыпты. Бар қорлыққа шыдапты. Бір күні тергеуге кеткен Сәкен кіріп кеп: «Мен біттім, төзбедім қорлыққа!», – деп айғайлап сөйлеп, төсекке етпетінен жата кетіп, солқылдап жылапты. Талай қыспаққа салғанда қайыспаған Сәкеннің морт сынуына сенбеген омарташы себебін сұрайды. Сонда Сәкен: «Бәріне шыдар ем ғой. Жас ұрпақты бізге қарсы қойғанына қалай шыдармын. Орындыққа отырғызып қойды да, қазақтың екі жас баласын алып келіп, екеуіне екі құлағымды создырып: «Ой, әкеңнің аузын... Сейфуллин, ой шешенді... Сейфуллин! Сен халық жауысың!», – дегізгенде шыдамадым. Қорлық қой. Олардың көзіне жексұрын боп көрінгенше, өлгенім жақсы. Қағазына қол қойдым, – депті», – деп айтқан, біз көзі тірісінде жариялаған естелігінде ащы да кекесінді шындық бар, мүмкін көп шындықтың біреуі осы шығар.

Арлы, намысты азаматтар осындай қорлаудан бас тартып, ешкімге зиянын тигізбей, өзін-өзі әшкерелеген. Мағжан да сол жолды таңдағанына оның 1938 жылы 6 қаңтар күні КСРО Ішкі Істер Халық Комиссариатына қарата жазған Мәлімдемесіндегі:

«Мен – Жұмабаев, кеңес өкіметі алдындағы өзімнің кінәмды жуу үшін:

200 «Шетелдік бір мемлекеттің мүддесі үшін бірнеше жылдар бойы шпиондық әрекетпен шұғылданды», – деп маған тағылған айыпты мойындаймын. Жапонияның пайдасына шешілетін шпиондық жұмыспен, мен – Жұмабаев 1919 жылдан бастап, 1929 жылға дейін, яғни, ұсталып, лагерьге айдауға жөнелтілгенге дейін айналыстым. Ондағы мерзімімді өтеп, 1936 жылы Қазақстанға қайтып келгеннен кейін де жоғарыда аталған мемлекеттің мүддесі үшін өзімнің шпиондық жұмысымды одан әрі жалғастырдым» [83.146], – деген «мойындауы» анық дәлел.

Бұл арада тергеушілер Мағжанға неге 1919 жылды нақты көрсеткізіп отырғанының мәнісі «Ұраным – Алаш!..» атты зерттеуіміздің бірінші томында, З.Валидовтің «Қатираларындағы» М.Тұңғашиннің архивіне қатысты пікірлер талданған тұста толық баяндалған болатын. Өзге істерге қарағанда мұнда Ә.Бөкейхановтың да аты аталып, сол «шпиондық» қылмысты дәлелдеу үшін Колчак үкіметінің архиві сақталған Омбыға сұрау салыпты. Олардың бұл сұрауына Омбы облыстық мемлекеттік архивінің бастығы Маркова мен бөлім бастығы Попова:

«Омбы облыстық мемлекеттік архивінде Бөкейханов Әлихан мен Мағжан Жұмабаевтің жапон барлау мекемесіне қызмет еткені туралы және сұрау хатта көрсетілген өзге де жайларға қатысты мәліметтер жоқ» [83], – деп хабарлаған.

Іздеген «шпиондарының» табылмағанына тергеушілер өкінген-ақ шығар. Бірақ, ең басты өкініш – алтын басты азаматтар имансыз көмілді. 1938 жылғы тергеу ісімен жете танысқан мағжантанушы Ш.Елеуеновтің мәліметінше оныншы, жиырмасыншы ақпан күндері жауапқа алынып, әр жолы 8 беттен хаттама жазылып: Отанын сатқаны және кеңес өкіметіне қарсы қастандық жасау мақсатында астыртын ұйым құрғаны үшін 58- баптың 6, 11-тармақтары бойынша айып қорытындысы шығарылады. Кіші лейтенант Гайкович жасаған «Өлім туралы актісіндегі» мәлімет бойынша:

«Мағжан Бекенұлы Жұмабаевті ату жазасына кесу жөніндегі 1938 жылы 11 ақпан күнгі №377 шешім 1938 жылы 19 наурызда орындалды» [83.147].

3.

Бірақ Мағжан: «... тірі еді». Оған Қаз ССР Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары А.Тілеулиевтің 1962 жылы 27 тамызда Партия институтына берген анықтамасындағы:

«1936 жылы 2 маусым күні түрмеден босатылды, жазасын өтеп келгеніне қарамастан 1937 жылы тағы да қылмыстық жауапқа тартылған, НКВД-ның комиссиясы мен СССР прокурорының шешімі бойынша 1938 жылы 11 ақпанда сотталды (осужден)» [60.43], – деген жолдар себепші болған.

Осындағы «сотталған – осужден» деген сөз де жұрт арасында Мағжанның соғыс аяқталғанша жер басып тірі жүрді-мыс деген жорамал жасауына мүмкіндік берген.

1958 жылғы 28 ақпандағы Мағжанды ақтау туралы Қазақ ССР Жоғарғы сотының шешімін қолына алып тұрып Зылиха өзінің жесір қалғанын, күйеуінің өлгенін естіп, оған сенбей немересі Ұлжанға:

«– Ау, Мағжанды неліктен 1938 жылы 19 наурызда атылды дейді? Маған осы жері түсініксіз. Өзің білесің, Алматының күні сәуірде ыси бастайды. Жұрт қысқы киімдерін тастайды. Мағжанды қысты күні желтоқсанның 30-ы күні ұстады. Қысқы киіммен кетті. Күн жылы бастаған соң, сәуірдің орта белінде НКВД-ға жаздық киімдерін апарып, өз қолыммен тапсырып едім ғой. Олар қабылдап алды: «Жарайды, иесіне тапсырайық», – деді. Ал комиссияның қаулысына сенсек... Сенбеске амал не? Сонда мен шын мәнінде киімін емес, кебін апарған екем ғой. Мен киімін апарғанда Мағжаным бұл дүниеде жоқ екен ғой. Алданған екенмін, әй, сұм тағдырым-ай!», – деп жылапты» [83.146].

Сонымен қатар, өздері атып өлтірген адамның қаза болған күнін де мүт-тәйімдікпен жасырып, онсызда жаны азалы адамды тағы да қапалы етуге дөттері барды. 1967 жылы 14 мамыр күні Қаз ССР МҚК бөлім бастығының орынбасары Васильев Алматы қалалық Фрунзе аудандық ЗАГС бюросына: Мағжан Жұмабаевтің өлімі бұрын заңды түрде тіркелмеген. Сондықтан да, оның өлімі туралы туыстарына заңды құжат беру үшін: осылай, 1943 жылы 20 наурызда іш сүзегінен қайтыс болды – деп тіркеу керек [38.281] – деген ұсыныс жасапты. Иә, өлген күнді де «ұсыныспен анықтаудың» қандай қызметтік қажеттігі туды десеңші.

Аяулы ақынды елі өлімге қимаған. Сәкен екеуінің ажалының өзі аңызға айналған. Оның басты себебін оқымысты мағжантанушы Ш.Елеуқенов:

«Тұтқындауға келгендердің біреуі: «Ақынға тиіспейміз. Тек Қазақстаннан сырт жерге жібереміз», – депті-мыс. Содан болуға керек, Мағжан Новосибирскі маңында бір жерде жасырын тұрады, – деген аңыздың тарауы. Осы сияқты аңыздардың әсері Орталық Комитеттің комиссиясы кешірім жариялағаннан кейін де кей газеттерде белгі беріп қалып жүрді. Рас болса жарайтын еді, бірақ, ақиқат олай болмады ғой» [83.146], – деп түсіндіреді.

Иә, «рас болса жарайтын еді». Тіпті мен де Мағжанның соғыс аяқталған соң да тірі екеніне сендім. Сенбеске амалым да жоқ болды. Ол оқиға былай басталды. 1977 жылы қараша айында «Білім және еңбек» журналының Бас редакторы Әбілхамит Мархабаев мені Бауқене – Бауыржан Момышұлына қызыл әскердің құрылғанына 60 жыл толуына орай мақала жаздырып алуды тапсырды. Алдын-ала келісіп, тура сағат онда қазіргі Төле би көшесінің бойындағы пәтерінің есігін қақтым. Мақаланы айтып отырып жаздырды. Шараппен сыйлады. Сұхбат аяқталғанда мен демімді ішіме ала отырып: «Профессор Хайыржан Бекхожин студент кезімде: «Алдарында қарыздар едім», – деп мені алаш ардагерлерінің архивімен танысуыма себепкер болды, ол ізденісті жалғастырып жүрмін, өйткені, мен де ұстазыма қарыздар едім. Қаламгер Мамытбек Қалдыбаевтің айтуы бойынша, Сіз Мағжан мен Жүсіпбекті көріпсіз. Соны білгім келеді», – деген уәж айттым.

Қатты дауыстап: «Жүсіпбектің алдында мен де қарыздармын. Ол менің ұстазым... Ал Мағжанның ажалына себепші болдым ба? – деп ойлаймын», – деп ұзақ ойланып қалды да мына хикаяны айтты.

Бауыржан Момышұлы: «Соғыстан кейін мен әскери академияда бол-дым. Бірақ та армияның өзіне сұрандым. Новосибирь қаласындағы дивизия командирі етіп тағайындады. Бірде Совет Одағының маршалы, армия қолбасшысы әскери поезбен Новосибирь вокзалы арқылы Қиыр Шығысқа кетіп бара жатқаны, менің оған жағдайды баяндауым туралы бұйрық түсті. Вок-

202 залға келдім. Сібірдің қысы қатты. Әскери состав келгенше перронда ары-бері жүрдім. Көзім жүк почтасын қабылдайтын қоймаға кіріп-шығып, шанаға жүк тасып жүрген егде адамға түсті. Түрі азият, азияттың ішінде қазақ сияқты көрінді. Қасына барып: «Қазақпысыз?», – дедім. Қазақ екенін білген соң жөнін сұрадым. Сөйтсем: «Среди гор, среди скаль, Александрия централь», – дейтін атақты концлагерьдің жүгін тасиды екен. Аты-жөнін айтқысы келмеді. Соның арасынша екі-үш рет кіріп-шығып үлгерді. Дауысымды қатайтыңқырап сұрап едім: «Жастар сендер білмейсіңдер ғой. Мен – Мағжан Жұмабаев дегенмін», – деді. Сол арада өзім оқулықтан жаттаған «Шал» деген өлеңін жатқа айтып бердім. Тағы да бір-екі жәшікті шанаға сап үлгерді: «Ә, мені ұмытпаған екенсіңдер ғой. Біледі екенсіңдер ғой», – деп кемсеңдей сөйлеп, өзімді сұрады: «Ә, Бауыржан Момышұлы деген сіз екенсіз ғой. Естігенмін. Білемін», – деді. Өтірік емес, шын Мағжан екеніне көзім жетіп, лагерінің командирін сұрадым. Сол арада поезд келіп, вокзал жабылып, сартта сұрт боп кетті. Мен де асығыс маршалға рапорт беруге асықтым. Жарты сағаттан кейін жаңағы жерге келсем, әлгі шал кетіп қалыпты. Лагердің командирін танытын едім, қаладағы әскери кеңесте кездесіп тұратынбыз. Телефон шалып, Мағжан – қазақтың үлкен ақыны екенін, оны жеңіл жұмысқа ауыстыруын өтіндім. Ол келісті. Содан арада үш-төрт ай уақыт өтті. Әскери қарбаластан қол босамады. Бір жолы әлгі лагерь бастығын Новосибирскідегі әскери кеңесте көріп қалып, өтінішімнің не болғанын сұрадым. Сонда ол: «Жерлес ақыныңнан айырылып қалдық. Сен тапсырғаннан кейін мен оны жеңіл жұмысқа – хат тасушы етіп ауыстырғамын. Көктемде Енесай өзенінің сеңі бұзылған кезде почта таситын қайық аударылып кетіп, суға кетті. Сүйегін таба алмадық», – деді маған. Мұңайып мен қалдым. Міне, менің Мағжанның өліміне себепші болмадым ба – деп ойлайтыным осы, қарағым», – деп сөзін аяқтады.

Тәуелсіздік жылдарында осы оқиғаны қаламгер Мамытбек Қалдыбаев та газетке жариялады, басылымға енгізді. Оқымысты ағамыздың Новосібірді меңзеп отырғаны сол жарияланым ба, жоқ, басқа басылым ба екен? Анығы бұл оқиғаға өз басым кәміл сендім және жастық аусарлықпен Шәкәрім мен Мағжан екеуін басты кейіпкер ете отырып 1978 – 1979 жылы «Жер – бесік» атты роман жаздым. Ол 1984 жылы жарық көрді. Сондағы Енесайға суға кетіп өлетін Саржан ақын осы Мағжан еді... Енді, міне, ол оқиғаны тағы да бір еске алудың реті келіп отыр.

Иә, шындығында да, аңызға бергісіз ақиқат және естелік иесі қандай сенімді адам. Қай шындықты қабылдайсыз, оны патша көңіліңіз білсін. «Мағжан өлмепті!», – деп жұмбақтап емеуірін танытқанымыз осы оқиға еді. Мағжанды еске алған сайын «Кәмилә» мен «Япурай» әндері жұмсақ мұңымен жүректі шымшылай сыздатып жүрді. Шындығында да Мағжанның рухы өлген жоқ. Бірақ тұншықтырып ұстағысы келгендер болды.

Мағжан ақталған тұста Зылиха ханыммен соттасып, ол туралы лақап тарата жүріп шығармаларына алғысөз жазған бір кәрі ақын, Ш.Елеуенов ескертіп өткен жазушылар одағындағы комиссияда және алпысыншы жылы екінші хатшы боп тұрған кезінде: «Мағжанның шығармашылығы мәңгілік жарияланбауы тиіс», – деп Орталық Комитетке және Қауіпсіздік комитетіне қарсы пікір жазды. Осы кітаптағы деректермен танысуға себепкер болған 1987 жылғы ақпан айында Жазушылар одағының төрағасы Олжас Сүлейменовтің кабинетінде өткен Қауіпсіздік комитетінің төрағасының орынба-

сары, С.Қ.Әбдірахманов бастатқан жеті полковникпен кездесуде генерал: «Мағжанның шығармаларын жариялауға біз емес, рұқсат бермеген сіздерсіздер. Сол кездегі екінші хатшы ... қарсы болып, Мағжанды ешқашанда ақтауға болмайды деп қол қойған», – деп әлгі қорытындыны оқып бергенде Сафуан Шаймерденов марқұм: «Не дейді?!. Әқау, ол да сондай ма еді?!», – деп еш қымсынбастан жылап жіберіп еді.

Ұлт үшін ең қауіпті жау – іштегі жау. Оны не сүйкімдінің, не сүйкімсіздің қатарына қоса алмайсың.

Бұл үкім шыққан кезде Мағжанның атасы Жұмабайдың да, әкесі Бекеннің де (Бекмұхамедтің де) шаңырағы ортасына түсіп еді. Ғадылша Қаһарманұлының мағлұматы бойынша, Жұмабайдан қалған тұқым-тұқиянның барлығы, соның ішінде:

«Бекеннің 9 баласы түгелімен қуғынға түседі. Олардың басты айыптары – Мағжанның туысы болғандықтары. Мәселен, екі ағасы Әбәммүсілім мен Қаһарман, інілері Мұхамеджан мен Сәлтай «халық жауы» деген атпен тұтқынға алынды. Ал ең кіші інілері Қалижан мен Сабыржан 1930 жылы қырғыз ағайындарға барып, сол жақта қалып қояды... Осы Жұмабай әулетінен айдауда он жыл өмірін өткізіп, еліне қайтып келгені тек Мұхамеджан мен Сәлтай... Бекеннің тоғыз баласынан тірі қалған ешкім жоқ. Бекеннің ұл-қыздарынан ұрпақтар көп тараған, олар қазір Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Жамбыл, Маңғыстау, Алматы, Қарағанды, Ақмола және Ресейдің Қорған, Омбы, Түмен облыстарында, Қырғызстанда, Тәжікстанда, Солтүстік Осетияда тұрады. Ағамыз артына тұяқ қалдыра алмаса да, өлмес мұрасы қалды» [88], – деп жазады бір өкініш, бір жұбанышпен.

Сөйтіп, Мағжанның қаны орыс, қырғыз, тәжік, осетин ұлттарының тамырында соғып тұр. Ақын:

Желімен кетсек қанаттың,

Көбелектей күйерміз.

«Алам, – деп – алтын барғанда»,

Күлден кебін киерміз! [10.100], –

деп өзі айтқандай, «Елім!» – деп өбектеп жүріп көбелек боп отқа күйді.

Тұңғыш өлеңдер жинағының эпиграфына:

Жетсе егер қорқынышты қара түнім,

Басса от, тілім қурап, шықпай үнім.

Көңілашар, кеудеме жан кіргізер

Өлең – менің Шолпаным, Айым, Күнім, [39.237-282], –

деп жазған аманат-арманы орындалды.

Оның ақындық рухы жай кебінге емес, поэзия періштесінің ақ қанатына оранды.

Иә, бір өкініш, бір жұбаныш. Әлмисақтан бері сүзіліп келген тұқымның текті үрімі, махаббатшыл сұлу сезім, осылай үзілді.

«АЛҚА»

ТАБАЛДЫРЫҚ

Қазақ әдебиеті тоғыз жолдың торабында тұр. Артында бір жол, алдында мың жол. Мың жолдың ішінде өзен өрлегені де, шөліккегені де, барса келері де, барса келмесі де бар. Қазақ әдебиетін мынау мың жолдың тарауына алып келіп, аңыртып тұрған – тұрмыс. Қазақ тұрмысы орыс тұрмысымен, орыс тұрмысы арқылы Еуропа тұрмысымен соқтығуы – қазақ әдебиетінің орыс әдебиетінің екпініне, орыс әдебиеті арқылы Еуропа әдебиеті екпініне кез келуі: «таспен жапалақты ұрсаң да, жапалакпен тасты ұрсаң да жапалак өлмектің» кепі.

Әрине, қазақ тұрмысы қирамақ, әрине, қазақ әдебиеті өлмек. Бірақ бізге молда болатын Еуропа әдебиетінің өзі – бір молда емес, мың молда. Алыстағы анау Еуропаны қоя-ақ Қоялық, көршіміз орыс әдебиетін алалық. Оның да өткен дәуірлерін бүркеп, осы күн дәуірін алалық.

Осы күнде пролетариат төңкерісі дәуірінде, кеңес өкіметінің өзінде орыс әдебиетінің мың бағыты бар. Бәрінің жалауы – қызыл, ұраны – төңкеріс, алды – ортақшылдық... Алайда, искусство ... (бір сөз танылмады – Т.Ж) һәм оның бір саласы болған әдебиет туралы түрлі жақтың түрлі ұғымы бар. «Искусство бар әм болмақ» – деген бағыттан бастап: «Искусство жоқ әм болмақ емес. Бұрын болса да – бұдан былай болмақ емес. Болуға тиісті емес», — деген бағытқа шейін бар.

Оның үстіне, біз дүние астан-кестең болған заманның адамымыз. Жұмыр жердің бетіндегі шірік қауды өртеп, өртең шығару үшін қылыш, найзаны қолдан түсірмей майданда жүрген әскердейміз. Әйеліміз де, еріміз де – саясатшылымыз (да), шаруашылымыз (да), әдебиетшіліміз (де) тегіс әскерміз. Әскер болуға міндеттіміз. Төңкеріс ісі де осыны тілейді. ... (бір сөз танылмады – Т.Ж) тұрмысы да осыны тілейді. Бірақ, майдандағы әскердің әрбір тобының да, әрбір таптың да бес міндеті болмақ. Әрбір топ өзінің ісін дұрыс атқарса ғана жалпы әскер соғыста ұтып шықпақ. Бұл топ өз міндетін атқара алмаса, өз міндетін ұмытып, көптің дүрмегімем, айғай-аттанның желімен лап қойып кете барса, майдан құр ойранға айналмақ.

Қазақтың жазушылары да аз әскердің кішкене бір қанаты. Үркердей бір тобы.

...Олардың мойнында жалпы әскерлік міндеттен басқа бес міндет бар. Жазушылықтың, ақындықтың өз міндеті бар. Жазушыларымыз әскерлік міндетін біліп, ақындық міндетін білмесе, атқара алмаса – ақын емес. Ақындықты біліп, әскерлікті білмесе – әскер емес.

Қазақ елі – Еуропа мәдениетінің көзімен қарағанда мәдениет қоры, әдебиет қоры жоқ, кедей ел болғандықтан, біздің жазушыларымыз әскерлік, аза-

маттық міндетін ұмытып, құр ақындыққа қадалып қалуы мүмкін. Әсіресе, ақындық міндетін біле алмай, жалпы айғайдың екпінімен кетуі де мүмкін. Әдебиетті айғай ғана деп, ақындықты үгіт-насихат қана деп ұғуға. Мысалы: әдебиет не діншілдіктің бәдуәмі (бір сөз танылмады, «бәдуәм» – әліппе, яғни құралы – Т.Ж), не дінсіздіктің бәдуәмі (деп). Әйтеуір «бәдуәм» деп ұғуға мүмкін... Үлгі боларлық орыс әдебиетінің түрлі тарауының тұрақсыз бір тарауына, не «Барса келмесіне», не ұзамай құрып кететін сиырдың шұбырындысына түсіп кетуге мүмкін.

Осы мүмкіндіктердің шет-пұшпағын көріп, әдебиет қазанының бір құлағына жармасып жүрген – біз, тоғыз ойланып, тоқсан толғанып, төмендегі пікірлерді ортаға салуымызды борышымыз деп білдік.

Бұл құрғанымыз – сегіз қанат боз орда, алты қанат ақ отау емес – абылайша (Жорық кезіндегі әскери қос – Т.Ж.). Майдан, ойран, жорық дәуірінде дағарадай орда да, айдай ақ отау да құрып отыруға болмайды. Аттан дәуіріне «абылайша» керек. Жорық «абылайша» болады. Жорық басылар, жаңа тұрмыс орнар, «абылайша» қалып, бәріміз сиятын боз орда тігілер. Бұл келешектікі. Әзірге баспана → абылайша».

Оқушы! Жақсы келдің. «Табалдырықты» аттап, төрге шық. «Алқаға» кір.

Бірінші (сөз) әдебиетіміз туралы

«Әдебиеттің өзінше дәуірлеуі – техника мәдебиеттің дәуірлеуіне байланыбайды» – деген Маркс (К. Маркс, «Введение к критике политической экономии. Изд. «Московский рабочий», 1922 г.). Осы пікірін бекіту үшін грек тарихының Гомер заманы мен Европа тарихының Шекспир заманын көрсетеді. Шынында да Гомер заманындағы – гректің, Шекспир заманындағы – Европаның техника мәдениетінің балаң болғаны рас. Алайда сол дәуірлерде грек пен Европа мәдениеті құлашты аспанға сермеген. Неге бұлай болғандығын тексеру әдебиет тарихының міндеті. Біздің бұл жерде айтатынымыз: Маркстің мынау пікірін қазақ өміріне қабыстырсақ: «Қазақтың техника мәдениеті тіпті төмен болған. Сондықтан да, әдебиеті де жоқтың жанында болған» – деген пікір тууы қате. Шынында да қазақтың өзінше терең әдебиеті болған һәм бар. Қазақ өмірінің түрлі өзгерісі, өрі-қыры, қайғысы-қуанышы, ойы-қиялы әдебиетіне түсіп отырған. Әзір тіпті тексерілмеген дәуірді қоя тұрып, соңғы дәуірді алсақ, кешегі Мұрат, Махамбет, Базар, Шортанбай, Ақан сері сықылды ақындардың елдің мұңын, зарын, ой-қиялын жырлай білген шын жыраулар екені анық. Бұлар қазақ даласына бет алған Европаның, орыстың, қара жүз отаршылығының қарасын көріп бірінші уланған ерлер.

Қазақ әдебиетінің алыбы Абай – қазақ даласына кеулеп кіріп келе жатқан капитализмге, отаршылдыққа қазақтың қанды жас төгіп, еріксіз шалған бірінші құрбаны. Ел билеп, елге ақыл айтудан бастап, өмірден үміт үзген, тұңғыш тұңғыық ойға барып тірелген Абайдың алыптығы – қыл көпірдің үстінде тұрғандығы. Абайдың өмірінің, ақындығының трагедиясы да, тереңдігі де осында. Абайдың алыптығы – қыл көпірдің үстінде тұрғандығы. Екі қолмен, екі өмірмен алысқандығы. Сондықтан да қазақ әдебиетінің ескі мағынасын, бұрынғы бағытын тереңдеткендігі, әдебиетке жаңа түр кіргізгендігі – Абай жиын-тойдың ақыны болмағандықтан. Әсіресе, баспасөздің

206 жоқтығынан Абайдың әдебиеттегі бағыты, әсіресе түрі, елге тарай алмады, сол дәуірде қазақ даласында тарай алмады.

Сол дәуірде қазақ даласына капитализм кеулеп кіре берді. Ел езіле берді. Әдебиетте – бағыт та, түр де Қалмады. Әдебиет «ғизатлу», «матурлы», «писмилла» деп «башлайтын» сөздің басы» сықылды балдыр-батпаққа айналды. Бірақ Европа отаршылдығының бір қасиеті – «Құлды көп қуып батыр қылады». Өлімге бұйырылуымен, өмірді сүйгізуімен езілген елдің ұлттық сезімін оятады. Осы заң бойынша, 1905 жылғы төңкерістен соң соққы жеп, сілесі қатқан қазақ елі есін жия бастады. Жаралы жанның есін жия бастағандағы бірінші үні – ыңырсуы, күрсіну, күңіреу болмақ. 1905-жылдан соңғы әдебиетіміз – «Оян, қазақ», «Қырық мысал» сықылды «елім», «жұртым» деген әдебиетіміз. Сол күңірену, сол зәреде күңіренген жаралы жанның көзіне... әлгінде ғана қылышынан қан тамып, майданда ойнап жүргені елестемек.

Ояна бастаған ер – кешегі ел болған күнін есіне түсірмек. Әдебиетіміз де мынау «Оян» деген зармен бірге елдің өткен күнін есіне сала бастап еді. Өткен, тағы болып жүрген дәуірді қайта орнату үшін емес, жасынан елдің жанына үміт салу үшін өткенді жырлай бастап еді. Жырлап үлгірген жоқ еді, жырлай бастап еді.

Әдебиет осы күйде тұрғанда біз үстіміздегі зор төңкеріске кіріп кеттік.

Бұл күнге шейінгі төңкеріс әм әдебиетіміз

Үстіміздегі зор төңкеріс – бізге өз тарихымыз тудырған, өз тарихымыздың қатынасы болған таныс төңкеріс емес, Еуропа тудырған жат төңкеріс еді. Осы себептен біздің әдебиетімізде бастапқы жылдарда төңкеріс туралы қолға аларлық ешнәрсе болмағаны даусыз. Әдебиет өзінің бұрын келе жатқан бетімен жүре берді. Бір жағынан, орыс отаршылдығының зардабынан елге кірген бүліншілік – бұзықтықты сүйретіп, екінші жағынан, елдігін ұмытып, жасып қалған, өткенде өзінше ел болғанын есіне салып, табиғи жолмен келе жатты. Маркстіл зор ғалым Плеханов: «Шаруа –тұрмыс-салт төңкерісінің бейімделуі болмақ», – дейді (Бельров. «К вопросу о развитии монистического взгляда на историю»).

Төңкеріспен қазақ төңкерісінің сырты ғана соқтыққандай болғанымен, санасы – дағдылы жолымен келе жатты. Сондықтан әдебиетіміз төңкерістің бастапқы дәуірінде өзінің табиғи жолымен өсіп келе жатты. Осы жолда әдебиетіміз бірталай ілгері аттап та қалды. Қияға қарғып шығамын деп мертігіп қалмай, тұрмыстың, тарихтың заңы бойынша табиғи жолмен жүріп, күн санап өсіп, тереңдеп келе жатқан кешегі, бүгінгі әдебиетімізді қарғауға емес, алқауға міндеттіміз. «Төңкеріс туралы тез үндей қоймадың» – деп, томпынып өкпелеуге емес, не себепті үндемегенін ұғуға міндеттіміз.

Әдебиетімізге төңкерістің тіпті түспеуінің, бірен-саран «түсірем» деген топас тәжірибелердің теріс жағынан түсуінің тағы бір себебі: төңкерістің өзінің қазақ даласына күнгей бетінен емес, теріскей бетінен, оңынан емес, солынан кіруі – алақандағы нәрсе ғой. Мұны бүркеп қоюға болмас. Маркстің: «Санаға сипат беретін – салт» – деген асқар пікірін де аттап кетуге болмас.

Төңкерісті оң жағынан түсірем деп ұмтылған әдебиетіміздің тәжірибесі соңғы бірер жылдың ішінде ғана басталды.

207

Бұл айтылғандардың бәрі – әдебиетіміздің бұл күнге шейін жүріп келген жолы. Тарихтың, тұрмыстың құрыш заңы бойынша өз бағытымен дұрыс жүріп келген жолы. Енді бұдан «былай» деген мәселе тумак: аққан судың өзінен айрылмайтын сипаты – ағу. Аққанда, жазық жерде – жайылып, жыбырқанып, тар жерде, тастың бауырында –көбіктеніп көпіріп, жарды соғып лепіріп ағу. Яғни, өзінің ағу заңына да, жолдың, арнаның заңына да бағыну. Тұрмыс та ағып жатқан су сықылды. Қазақ тұрмысы да, салты да жаңа арнамен ағуға бет алды. Зор төңкеріс қазақ даласына енді күнге бетінен кіргелі жаңа жол іздемек.

Сонау жаңа жолдың жөні қайда? Бұған жауабымыз –мынау.

Ендігі төңкеріс әм әдебиетіміз

Үстіміздегі төңкеріс – адамзаттың тарихында теңі жоқ төңкеріс. Адамзат тарихының ең соңғы албастысы – отаршылдықты, капитализмді жойып, тарихты жаңа арнамен ағызуға бет алған төңкеріс. Еуропаның отары болған жалпы Шығыс елінің еңбекшілері, шығыстың бір ұшқыны болған, әсіресе, толқынның ішінде отырған еңбекші Қазақ елі мынау теңсіз төңкерісті «досым» деп ұқпай, «қасым» деп ұғуы тіпті мүмкін емес.

Отаршылдық – Еуропа пролетариатының жауы болса, отар болған елдердің де жауы. Төңкерістің тамыры Еуропа тарихында терең жатқан болса да, Еуропа тарихы тудырған төңкеріс – затында жат болса да, төңкерістің мақсұты бір – Еуропаны ғана астан-кестен қылу емес, жалпы адамзатты бақытқа жеткізу болғандықтан, жер жүзінің езілген елі, тарыққан табы мынау төңкерісті менікі емес деуі мүмкін емес. Шығыстың отар болған елдері, соның бір ұшығы болған кедей қазақ – отаршылдықты, капитализмді жою жолында төңкерісшіл пролетариаттың шын жолдасы. Басқаша болуға мүмкін емес. Әдебиетіміздің де төңкерісті – біздің төңкерісіміз деуден басқаша жырлауы мүмкін емес.

Бірақ бағыт та, негіз де, мінез де, бірлік те бір деп ұғу қата. Зор төңкеріске пролетариат – зеңбірек, пулемет, машина, қайыс камзолымен кірсе, қазақ – камшы, сойыл, балпаң етік, малма тұмағымен жолдан қосылып отыр. Еуропаның музыка, оркестрі бар. Елу, алпыс музыка құралдарынан құралған оркестр бір ойнағанда, бір ғана күйді ойнамақ. Бұл оркестрдің сұлулығы – барлық музыка құралы бірдей, бәрі бір дауыспен барылдауында, яки, шикылдауында емес, жеке музыка құралының өз орнында, өз мінезіне лайық үн шығаруында. Төңкеріс әдебиеті дегенде де осыны ескеру керек. Төңкеріс әдебиетінің тура төңкерістің өзінен туатын, яғни пролетариат төңкерісінің өзінен туатын пролетариаттың өз әдебиеті болмақ. Бұл – төңкеріс әдебиетінің бірінші түрі. Яки, төңкеріске қазақ сықылды жолдан қосылған елдің, яки таптың төңкеріс әдебиеті болмақ (Л. Троцкий. Литература и революция. Стр. 169-170). Бұл – екінші түрі. Мұндай түр пролетариат төңкерісінің өзінен тумай, алыстан, рухынан, еңбегінен тумак. Біздің әдебиетімізде әзір бірінші түр бола алмақ емес. Екінші түр болуға тиісті әм болмақ. Біздің әдебиетіміз

208 әзіргі дәуірінде: пролетариаттың төңкерісі – біз сықылды езілген елдің төңкерісі болды – деген пікірді нысана қылып қоя алса, осы төңкерістің екпінінен қазаққа, біз сықылды құл болған елге өмір үміті кіргенін жырлай білсе, (сонда ғана) төңкерісшіл әдебиет болғаны.

Маркстіл зор ғалым, ақын Луначарский жазады: «Жаңа ұлт, жаңа тап бұрынғының бітірген жерінен бастап кетпейді... Жаңа тап, яки жаңа халық бұрын өздерін билегендерге қас болып, олардың мәдениетін жек көретін болып өсіп өркендейді», – дейді (Луначарский. Основа позитивной эстетики. М. 1923, стр.128). Сондықтан осы мінез, осы құлық, үстен қарап айтқан осы қияңқылық, осы қандылық қазақ әдебиетінде де болуға мүмкін. Болғанда, өзінше – қазақша, Азияша болуға мүмкін. Тағы бір ойланатын нәрсе – осы.

Дұрыс, зор төңкеріс құр қирату үшін емес, жер үстіне жаңа тұрмыс орнату үшін екені рас. Біздің де көксегеніміз – сонау қиырда көгерген жаңа дүние екені рас. Әдебиетіміздің де құр қиратуды, құр төңкерісті ғана бағыт қылатыны рас. Бірақ пролетариатпен қол ұстасып, жаңа дүниеге бет алған жолымызда өзіміздің шоқтығымыз, қазақ иісіміз шықпауға мүмкін емес. Ойымызда, қиялымызда, әдебиетімізде Азия иісі аңқымауы мүмкін емес. Бағыттың бір екені даусыз болғанымен, пролетариаттың өз тарихының, машинасының қайыс камзолының иісі шықпауға, қазақтың мыңжылдық тарихының, елтірі тұмағының иісі шықпауға мүмкін емес. Адамзаттың артындағы, тарихтың таңындағы ортақшылдық – таңбасында бір ұят, бір сезімді санасы жоқ хайуанның ортақшылдығы. Алдымыздағы ортақшылдық – түрлі пікірді, түрлі сезімді санамен тізгіндеп отыратын, тұрмысын солай құра білген шын адамның ортақшылдығы. Пролетариатпен қол ұстасып, осы ортақшылдыққа, адамзат тарихы әм мәдениетінің құйылысқан маңдайына бет алғанымызда: осы жолда қазақ ақыны кедей қазақтың күнгірт тұрмысын, пролетариатпен ортақ мақсұтын жырлаумен бірге, кедей қазақтың өзінің ойын, өзінің сезімін, өзінің қиялын, өзінің ұғымын жырлауға ұмтылуға міндетті. Болмаса, қазақ әдебиеті деген әдебиет тұмақ емес. Бағытта емес, рухта басқалық болмай, құр сыртында, мысалы, сөзде ғана басқалық болса, әдебиет шеттен аударылған аударма, тәржіме ғана болып қалмақ. Негізде(гі) бірлікті – мінезде(гі) бірлік деп ұғу – адасқандық.

Әдебиетіміз бен төңкеріс арасы туралы сөз осы. Әдебиет мәселесі мұнымен бітпейді. Енді оның басқа жағын шолалық.

Әдебиет не нәрсе? Әдебиеттің жалпы заңы

Әдебиет – искусствоның бес тарауының біреуі. Искусство да адамзаттың сұлулық сезімінен, сезім арқылы жаратылысты, өмірді ұғуға ұмтылуынан туған.

Сұлулықтың өзі не нәрсе?

Философ Кант былай деп жауап береді. «Түрімен ғана тура – байланған ләззат оятатын нәрсенің бәрі – сұлулық?» – дейді. Осы сөзде түгел болмағанымен бір талай шындық бар. Шынында да, мысалы, қазақтың мұрын тесіп, зере салуында құлық үшін, тұрмыс үшін қандай тура пайда бар? Әрине, тура, қолма-қол пайда жоқ. Қазаққа мұны істеткен Кант айтып отырған құлқына

байланатын «сұлулық» сезімі. «Сұлулық сезімі – барлық жануардың, оның ішінде адамның жаратылысына салынған, табиғатына берген», – дейді Дарвин. Осы пікірлерді Маркс философиясы негізінде қате демейді. Марксшылдықтың бұған қосатыны, толтыратыны бар. Марксшыл зор ғалым Плеханов жазады: «Адамның табиғаты – адамның сұлулық ұғымдары болуының мүмкіндігіне жол ашқан. Айналадағы шарттар осы мүмкіндікті іске асырады. Қоғам – адамның, қоғамның, бір халықтың, бір таптың сұлулық ұғымдарының тууы, сипаты анадай болмай, мынадай болуы, осы айналадағы шарттарға байлаулы (Плеханов. Об искусстве. Сборник «Искусство», М. Изд. «Новая Москва», 1922 год, стр.44).

Мынау сөзді ұғымдырақ қылып айтқанда былай болар: бір халықтың, бір таптың бір заманда анадай сұлулық ұғымы болмай, мынадай сұлулық ұғымы болуы; сипаты анадай болмай, мынадай болуы – тұрмыс түріне, еңбек түріне байлаулы. Бұл пікірдің дұрыстығында дау жоқ. Қазақтың мұрнын тесіп зер салуы – Европа көзінше сұлулық емес, тағылық деп саналады ғой. Тұрмыс өзгерген сайын зерге де қазақ өзі де тағылық деп қарап келеді ғой. Яки, Европаның күн батқандағы суреттерді аузының суы құрып мақтауы – қазақтардың өз әдебиетінде жоқ қой. Біз жоғарыдағы сұлулық сезімнен хәм сезімі арқылы жаратылысты, өмірді ұғуға ұмтылудан искусство тұмақ делік. Бұл мәселе жоғарғыдай сөздермен біраз шешіліп қалды. Искусство тұрмыс түріне, еңбек түріне қарай өзгертіліп отырмақ. Искусствоның тұрмысқа байланысы жалғыз тұрмыс пен жырға өзгеріліп отыруы ғана емес. Искусствоның сезімі – әр қилы сезімнен туған хәм сезім оятатын сурет арқылы жаратылысты, өмірді ұғуға ұмтылу болғандықтан, искусство өмірге, тұрмысқа пайда тигізуге тиісті. Бірақ искусство тұрмысқа тура, қолма-қол пайда тигізбейді. Тигізе алмайды. Арада талай қол арқылы алыстан тигізбек. Әдемі өлең, сұлу күй, ешкімнің қарнын – тоқ, көйлегін – көк қылмақ емес. Бұлардың пайдасы –қиғаш, алыстан орап барып тиетін пайда. Марксшыл ғалым Ортодокс осы пікірді бір әсерінде толық айтады Л.Ортодокс, О,Уайльд.Иваново-Вознесенск, изд. «Основа», 1923, стр. 50-53). Қысқасы: искусствоның негізі –сезім, құралы - сезімнен туған сурет. Мақсұты – білім беру емес, сезім ояту. Бұлай болса искусство қайраткерлерін, ақынды өлшейтін кез мынау болады: сұлу, терең суреттеу арқылы қандай болса ондай болсын, әйтеуір терең сезім оята алса –ол ақын. Оята алмаса –ақын емес. Сондықтан Агамемнон Ахиллесті жырлаған Ғұмар өмірді қарғап өтсе де, суретті, терең болып тұңғыық сезім оятатын Байрон – қайткенде де ақын. Тарғынды жырлаған Марабай, Жібек қызды жырлаған Жүсіпбек қожа, қыл көпірді, мақшарды, жұмақ-тамұқты суреттей біліп, тыңдаушыны емінтендей дін қиссасын шығара білген біреу – қайткенде де ақын. Қырық парызды сынайтын Орынбай «Қырық парызына» келгенде – ақын емес. Уақытында «Айқапта» басылған «Қазағым өнерлен, мектеп аш, қала бол, егін сал» – деген сықылды ақылды өлеңдер, қайткенде де ақындыққа жанаспайды. Ақындық –бағытта емес, ақындық – ақындықта. «Қалай жұмсалса да талантты – талант дейміз ғой» – дейді Луначарский (Луначарский. «Что такое искусство». М. «Этюд», Госиздат, 1922, стр.32). Қысқасы, ақынды өлшейтін бірінші өлшеуіш – ақынның ақындығы. Бірақ ақын қандай болса да елдің, бір таптың азаматы болғандықтан, өлімді емес –өмірді, жауыздықты емес – ізгілікті нысана қылған. Жалпы адамзаттың бір мүшесі болғандықтан ақынның оқушыға да, қараушыға да, ізгі, дұрыс сезімді – өмір сезімін оятуға ұмтылуы – азаматтық борышы. Тағы да айталық,

210 ақындық борыш емес, азаматтық борыш. Осы борышты атқарғандығы үшін ақын – ақындығын өмірге, тұрмысқа жаратуға міндетті. Таза ақындықпен бірге осы борышты да атқарған ақынды ғана ел: «Тап өз ақыным» – демек. Ақындықты ақындықпен өлшеу – бұл ақынға салынатын екінші өлшеуіш. Бұл арада ашып кететін сөз мынау: ақындықтың тұрмысқа жанасуын – тұрмыстың құлы болу деп ұғу қате. Ақындық – жаратылысты, тұрмысты айнытпай, бұлжытпай құр түсіріп қана отыратын фотография емес. Фотография – ақындық емес. Тұрмыс пен жаратылыс – ақынға тек тиянақ. Осы тиянаққа таянып, басып, осыны мұрат қылып, көптің көргенін, көптің сезгенін жинап бір топ қылып, сол топқа ақын өзінше түс жорытуға міндетті. Тип – портрет емес, тип – Қашанда болса жасама. Лениннің фотография(ға) түсірген портреттерінде ақындық жоқ. Ал, суретшіл ақын салған портретінде ақындық бар. Мұның себебі не? Еуропада әдебиет шыңы – Шекспир дейік. Осы Шекспирдің ақындығы 16-17-ші ғасырдағы, қалса –Англияның, асса – Еуропаның тұрмысын бұлжытпай суреттегендігінен ғана ма? Жоқ. Еуропаның асқан ақыны Гете айтады: «Кәдімгі бір күшікті тұрған күйінше суретке салсаң – жердің жүзіндегі толып жатқан күшіктің санын көбейтіп, бір күшік қосқан болып табыласың. Онымен суретшілі ақын болып табылмайсың» – дейді.

Ақын Гетенің тағы бір жұмбақ сөзі бар:» Әдебиет әсері неғұрлым жабайы, өлшеуден аса берсе, неғұрлым ақылға ұғымсыз болса – соғұрлым сұлу болмақ», – дейді.

Жоғарыдағы пікірлерді қорытқанда былай болады: ақындық ауданында ақын – ақын ғана, тұрмыс ауданында – әрі ақын, әрі азамат. Тұрмыстың мүшесі болған соң, ақын –азамат та болуға міндетті. Ақындық – фотография емес, фотография – ақындық емес. Ақынның міндеті – білім беру емес. Терен сезім, асқар пікір ояту.

Тарихта әдебиеті тұрмысқа тиянақталмаған, жалаңаш пікір билеп кеткен дәуір бар. Сүмірейтіп, тұқыртып тұрмыс билеп кеткен дәуір бар. Бастапқы дәуірлерде де, соңғы дәуірлерде де жиһан әдебиеті бәсеңдеген, төмендеген. Ал тұрмыс пен асқар пікірді киюластырып қоса білген дәуірлерде асқарлаған. Дәуірлеген әдебиеттің шын асқарлауы, сөз жоқ, тұрмыс пен қиял-мүлтіксіз қабысатын алдымыздағы ортақшылдық дәуірінде болмақ. Бірақ үстіміздегі төңкеріс дәуірі де адамзат тарихының теңсіз бір дәуірі. Бұл дәуір –тұрмыстың қиялаға, шын бақытты өмірге қол созған дәуірі. Қиялдың, жаңа өмірдің жерімізге жақындап, көгімізде қалықтап ұшып жүрген дәуірі. Мұндай дәуірде тереңдеп, екпінді әдебиет тууға тиіс. Бірақ мұндай дәуір әдебиетінің екі бетінде екі нұр болмасқа мүмкін емес. Плехановтың: «Жаңа таптың тудырған искусствосы – реализм мен идеализмнің бір түрлі қоспасы болмақ» – деген сөзінің мәнісі осы (Петров. За двадцать лет. Спб. 1905, стр. 307).

Бұл сөзде шошитын ешнәрсе жоқ. Ұққысы келген адамға: бір қолымен қиратып, бір қолымен жаңа дүние құрып жатқан пролетариаттың өзінің өмірі де феодализм мен реализмнің қоспасы екені ашық қой. Тарихтың ең зор, ең бір қасиетті істері осындай қоспа дәуірде істелмек. Терең де, екпінді де әдебиет осындай қоспа дәуірде тұмақ.

Маркшілдік әдебиет туралы негізгі пікір мынау: әдебиетке сипат беретін –тұрмыс. Тұрмысқа түр беретін техника мәдениеті. Яғни, негізінде әдебиетке бағыт беретін – тұрмыс.

Өмірге өз еркімен қадам басқан елдің яки таптың әдебиетінің алды – өр, үкіммен басқан елдің, яки таптың әдебиетінің алды – көр. Бұл даусыз. Бірақ әдебиетті тұрмыс бағытымен ғана өлшеумен іс темам болмайды. Әдебиет көзімен қарағанда: құр бағытпен әдебиет – жақсы да, жаман да әдебиет алмайды. Байрон құлап бара жатқан ақсүйектердің ақыны. Оның ақындығының негізгі бағыты – қирауға бет алған ақсүйектің тұрмыс бағыты. Дін қиссаларын жазған біздің Жүсіпбек қожамыз – діншіл ақын. Бірақ бұларды танумен ғана бұлардың ақындық мәселесі шешілмейді. Мұны шешу үшін бағытты жолдармен бірге, олардың ақындығын тексеру керек. Плеханов жазады:» Әдебиет әскерінің тұрмыстағы негізін табумен ғана әдебиет ісінің ісі бітпейді. Тұрмыстағы негізін тапқан соң, оның ақындық жағын тексерсе, сол уақытта әдебиет – шын әдебиет болмақ», – дейді. (Бельров. За 20 лет. Предисловие к третьему изданию). Дұрысы – бір таптың ақыны екінші тапқа жат болуға, шет болуға тиісті. Бір тап екінші таптың ақынына жат болуға тиісті. Бірақ бұл шеттік, бұл жаттық, бұл жаулық, ақындық жағынан емес, азаматтық жағынан болуға тиісті. Болмаса, мысалы: «Қараңғы түнде тау қалғып, ұйқыға кеткен балбырап», – деп жырлаған ақынға – осы ақындығын жат көру, осы ақындық жағынан жау көру –даусыз ақымақтық болар еді. Осы себептерден де ақсүйек ақын Пушкин пролетариатқа азаматтық жағынан шет болса да, ақындық жағынан шет болмақ емес. Пушкиннің төңкеріс дәуірінде де пролетариаттың қолынан түспеуінің мәнісі осы. Пролетариат Пушкиннің азаматтығынан емес, ақындығынан сабақ алайын деп ұстап отыр. Плеханов, Ленин,Меринг, Тисмер, Бухарин, Клара Цеткин, Луначарский, Троцкий сықылды маркшіл көсемдердің пролетариатқа: «Азаматтық жағынан қас, дос екенін біліп ал да, ақындық жағынан әдебиеттің алыптарынан сабақ ал», – деп үгіт беруінің мәнісі осы.

Ол үгітті біз де ұғуға міндеттіміз. Біз де бағыт сабағын төңкеріс пролетариатынан алған соң, таза әдебиет сабағын – жиһан әдебиетінің ергежейлерінен емес, алыптарынан алуға міндеттіміз. Көшерін – жел, қонарын – сай білетін қаңбақтардан емес, заман толқыны қатты долданып соқса да былқ етпей, елең қылмай тұрып келген асқарларды молда қылуға міндеттіміз. Жиһан әдебиетінің алыптарынан әдебиет сабағын алудың тағы бір себебі: шын ақынның тар тапшылықтан қанша дегенмен жоғары болуы, белгілі бір тап мүшесі болса да, шын ақынның тапшылдыққа қана қамалып қалмай, өз тобынан озып, жалпы таптың, жалпы адамзаттың жанындағы қайғыны яки қуанышты шекті шерте білуі.

Адам әуелі – адам, одан соң бір таптың мүшесі ғой. Осы сөздерден әдебиетіміздегі тап мәселесі келіп шығады. Үстіміздегі төңкеріс – тап төңкерісі болғандықтан да: «Адамзатты бақытқа пролетариат тобы жеткізеді», – деп күмәнсіз сенгенімізден, жердің жүзі екі тапқа бөлінген күнде ғана төңкеріс қанатын кең жаяды деп білгенімізден, сөз жоқ, әдебиетімізде тап сарыны болуы, әрине, мүмкін. Бұл сарынның күші қанша болар, мұны тұрмыс жуырда-ақ көрсетпек.

Жолдастарымыздың кейбіреулерінде: «Қазақтың осы күнгі тап сезімі өспек емес, ұзамай өшпек», – деген пікір бар. Дәлелі: «Тап сезімін тереңдеткендей – бай, кедей шаруалардың негізінде айырма жоқ. Айырма болса – сипат жағынан емес, сан жағынан. Осы шалажансар айырма, осы күні-ақ құрып қалды», – деген болады. Бай, кедей шаруасы аз жылдың ішінде сан жағынан да қарадар болып қалды деуге болады. Шаруа мен айырманың қайта тууына жол жоқ. Осы себептерден қазақта тап сезімі тереңдей алмай, өсе алмай, осы күнгі күңгірт күйінше өшіп кетуге мүмкін. Бұлай болса, әдебиетімізге тап сарыны терең түспеуге мүмкін. Дәлелдері де осылар. Тағы да ескертелік. Бұл – бәріміздің емес, кейбір жолдастардың ғана пікірі. Бірақ: «Әдебиет басынан бақайшығына шейін тап туралы ғана болсын» – деп ұғуға, маркшілдікке де, әдебиетке де қиянат. Маркшіл бір әдебиет сыншысы В. Шумак айтады: «Жұмыскердің жайынан басқа нәрсені жазба», – деп ақынды қамап қоюды маркшілдік білмейді хәм білгісі де келмейді» (В. Шумак. К эстетике марксизма, В сборнике «К диалектике марксизма», Чита. 1921, стр. 26-27).

Төңкеріске қосшы аталған әдебиетшілердің бірі Лев Лунц: «Әдебиет әсері үстіндеті заманды суреттеуге де, суреттемеске де мүмкін. Одан жақсы-жамандығы табылмайды», – дейді (Л. Лунц, «Серепионово братья». Сборник «От символизма до Октября». М. Изд. «Новая Москва», 1924). Троицкий жазады: «Жаңа әдебиетте (социализм әдебиетінде) трагедия болмақ. Әрине, құдайсыз болмақ. Жаңа искусство –қ ұдайсыз искусство болмақ қой. Жаңа әдебиет те комедиялық болмақ. Жаңа адамға күлкі керек. Жаңа әдебиетте роман өспек. Жаңа әдебиеттің терең сыры –сыршылық болмақ. Жаңа адам бұрынғы адамнан күшті сүймек қой. Жаңа әдебиеттің де ақыны өмір, өлім туралы жырламақ. Жаңа адам бұлар туралы ойламақ қой» – дейді (Л. Троицкий. «Литература и революция»).

Қысқасы, әдебиет домбырасында бір ғана ішек емес, көп ішек бар хәм болуға тиіс. Көп ішектің бәрі басылуға тиіс. Бірақ барлық ішекті рет-ретімен басқанда бір ғана күй шығатын болсын. Яғни, түрлі нәрсені суреттейтін әдебиет негізгі бағытқа қайшы болмасын. Негізгі бағытымыз – төңкеріс арқылы ортақшылдық. әдебиет негізінде, осы бағытты темір қазық қылумен бірге өзінің ішкі заңы бар әдебиет екенін ұғып, дұрыс жүре білсін. Әсіресе, біздің жас әдебиетіміз жан-жаққа, алға-артқа көп қарауға міндетті. Оның бір себебі мынау: Еуропа әдебиетінің артында асқар белес бар. Еуропа өмірінің өрі де, қыры да, күнгеі де, теріскейі де, беткейі де әдебиетіне хат боп түскен. Еуропа адамының терең сезімдік асқарлаған қиялдары да әдебиет алыптарының сұлу суреттерінде болып, жалпы адамзаттың алдына тасталған. Қара да, хандық та, бай да, кедей де, дұшпан да, надан да, ер де, әйел де, тәңірге махаббатшылы да, ерге махаббатшылы да, әйелге махаббатшылы да, ұлтшылы да, ортақшылы да, бүгіншілі де, ертеңшілі де, меншілі де, сеншілі де – бәрі де жақсылық-жаманшылығы жағынан суреттелген.

Қалайда, Еуропа пролетариатының атадан қалған мұра, қазына(сы) – сансыз таңдауына да, талдауына да жете(ді), келесі байлығына қосылатын Қоры мол. Ал біздің әдебиетіміздің Еуропа жолына түскеніне 15-20 жылдан артық емес. Жаңа әдебиеттің тартылса «ағзубий» ғана тартылды. «Піссімиллэсі» әлі басталған жоқ. Өміріміздің күнді хәм күңгірт дәуірлерінде болған ән бар. Қазақтың өзінің жаратылысқа, өмірге, тұрмысқа көзқарасы, өзінше философиясы, терең сезімі болған ән бар. Осылардың бірі туралы әлі ай-

тарлық қалам тартылған жоқ. Оның ішінде елді қоғамдаған – хан; қоғамды құрған – бағыр, өзінше қоғамның қорғаны болған – би, хан заманындағы – құл, төре заманындағы – төлеңгіт, бай заманындағы – кедей, жауынгер ерге жолдас болған – әйел, өткен ертегідей күніміз, кешегі капитализм кеулеп кірген дәуірдегі азғындық, мұң-зар; бүгінгі кедейлік, бүгіншілік; сонымен бірге жаңа өмірге бет алу ...қысқасы, қазақтың ертегі күні, ертегідей күні, өткен күні, кешегісі, бүгінгісі бізде айтарлықтай суретке түспеді. Осылар түспей қазақ әдебиеті терең әдебиет бола алмақ емес. Осыны баса көрсетпей әдебиет өз әдебиетіміз бола алмақ емес.

Сондықтан жас әдебиетіміздің осы күнгі мойнындағы жауапты міндеті –қай жаққа болса да бір езу болмау. Бұл – бір бағытты болмау деген сөз емес. Бағыттың аты – бағыт, бір езудің аты – бір езу. Саясатшыл азаматтың алдында – бүгінгі мәселе, бүгінгі тұрмыс мәселесі тұратын болса, ақынның алдында –өткен, бүгін, келешек үшеуі де тұруға тиісті. Ақын осы үшеуінің арасына көпір салуға міндетті.

Қазақ ақыны мен пролетариат ақынының арасында бір талай айырма бар. Пролетариат ақыны – төңкерісті өзі жасаған, өзі қиратып, өзі құрып жатқан, өзінің тарихы тудырған; Еуропа тарихының машина дәуірі тудырған; ойы, сезімі – зауыт, фабрикаларына байланған таптың ақыны. Қазақ ақынының тарихы бөлек, тұрмысы бөлек, рухы бөлек, төңкеріске жолдан қосылған жабайы тұрмысты елдің ақыны. Сондықтан екеуінің ақындығының мінезі бір болуға мүмкін емес. Бірақ негізі бір болуға тиісті хәм бір болмақ. Бұл ортақ негіз(дің), бұл ортақ бағыт(тың), зор төңкерістің үдеуі, төңкеріс арқылы жер жүзіне бақытты тұрмыс(тың) орнауы – ортақшылдану болмақ. Домбырада бірі қоңыр, бірі ащы үн беретін екі ішек бар. Екі ішек екі түрлі үн шығарып тұрса да, бір-ақ күй тартылмақ.

Оқушы жасқа жөн сілтейтін, адасқандарды жолға салатын, қисыққа тез болатын «Алқа» осы. Жөн іздеген жас болсаң, жол іздеген жолаушы болсаң, тез іздеген есті тентек болсаң, мынау «Алқа» сенікі.

«Алқаға» кірейік!

Өзіңнің сұмырай мақсұтыңа шындықты құрбан қылып шалып, қайқайып жүре беретін соғылған болмасаң, балапан әдебиетіміздің шын әдебиет болып ер жетуін шын тілейтін болсаң, мынау «Алқа» сенікі. «Алқаға» кір!

Шын әдебиетшіл, шын ақын болсаң мынау «Алқа» сенікі.

«Алқаға» кір!

Құшағыңа қойынымыз ашық!...

Пайдаланған әдебиеттер:

1. ҚР ҰҚК архиві // «Кеңес өкіметін құлату мақсатында алашордашылардың астыртын террористік ұйымын құрған Байтұрсыновтың және басқа да қылмыстық әрекеті үшін жауапқа тартылғандардың үстінен жүргізілген № 2370 тергеу ісі» [Негізгі істе, алғашында: Д.Әділевіті, М.Дулатовты, Ғ.Бірімжановты, Х.Болғамбаевті, Битілеуовты, А.Байдоллаевті, М.Исполовты, К.Жәленовті т.б. айыптау ісі], «Е.Омаровты т.б. айыптау ісі», ең соңында:

214 «Байтұрсыновты және басқа да қылмыстық әрекеті үшін жауапқа тартылғандардың үстінен жүргізілген № 2370 тергеу ісі. 1-7 тт.», – деп көрсетілген]. – Т. 1-7.

2. ҚР ҰҚК архиві // «Білал Сүлеевті, Даниал Ысқақовты, Әбдірахман Мұңайтпасовты т.б. айыптау туралы №2370 іс» [Негізгі істе: М.Тынышбаевтың және т.б. тергеу ісі. 1-3 том], – деп жазылған]. – Т. 1–3.453 б.

3. Алаш қозғалысы – Движение Алаш. Алаш қайраткерлерінің үстінен жүргізілген сот ісінің материалдарының жинағы: Құжаттар, сұрақ-жауаптар, аудармалар, сот ісі, тәркіленген хаттар». Профессор Тұрсын Жұртбайдың авторлық басылымы – Сборник материалов судебных процессов над алашевцами. Документы, допросы и ответы, синхронные переводы, материалы судов, конфискованные письма. Авторские издания профессора Т.К. Жұртбая». 1–3 том // – А.: Ел-шежіре, 2011; 2016; Т.2. -374 б.

4. Алаштың ақиықтары. Мақалалар. Деректі құжаттар, аудармалар / құрастырған, алғысөзі мен түсініктемелерін жазған Т. Жұртбай. // – А.: Алаш, 2006. – 288 б.

5. Жұртбай Т. «Ұраным – Алаш!..», Жегі. Түрме әфсанасы. // -Алматы. –Ел-шежіре, 2009. 1-кітап. -464 б.

6. Жұртбай Т. «Ұраным – Алаш!..», Тез.Түрме әфсанасы // Алматы: -Ел-шежіре, -2011,-2-кітап,-464 б.

7. Жұртбай Т. «Ұраным – Алаш!..», Талқы.Түрме әфсанасы // Алматы:-Ел-шежіре, -2013, -3 кітап, - бет.

8. Мағжан. Өлеңдер жинағы // – Ташкент, 1923. – 180 б.

9. Жұмабаев М.Шығармалары: өлеңдер, поэмалар, кара сөздер (Құрастырған Абдуллин Х., Дәрімбетов Б., Жұмабаева З.) // -Алматы: -Жазушы, 1989, -448 б.

10. Жұмабаев Мағжан. Шығармалар. Үш томдық // -Алматы: Білім. 1995. 1 том. 256 б.

11. Жұмабаев Мағжан. Шығармалар. Үш томдық // -Алматы: Білім. 1996. 2-3 том. 512 б.

12. Мағжан Жұмабаев. Табалдырық. Құрас. М.Қойгелдиев, Ш.Тілеубаев // -Алматы: Тау-Самал,2011-108 б.

13. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жиінағы // -Алматы: Ел-шежіре, -2013.-1 т.-384 б.

14. Гоголь Н. В. Полн. собр. соч. // М. Худ.лит, 1952-1954.

15. Жүнісов С. Жапандағы жалғыз үй. Заманай мен Аманай: роман, повесть // -Алматы: Жазушы,1990.-281 б.

16. Бөкеев О. Шығармалары. Бірінші том. Өз отыңды өшірме. Роман. // -Алматы: Ел-шежіре,-2013.-392 б.

17. Мұқанов С. Таңдамалы шығармалары. Өмір мектебі.2-том // -Алматы: Қазмемкөркемәдбаспасы, 1955. -519 б.; 2.Школа жизни. Роман. Кн. 2. Юность. В сокр. Варианте, пер. с казах. А.Брагина // – А.: Жазушы,1985.-432

с.

18. Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. Тарихи-мемуарлық роман // -Алматы: Жазушы. 1977, -392 б.
19. Тәжібаев Ә. Өмір және поэзия: қазақ лирикасы тарихы // -Алматы: -Қазмемкөркемәд баспасы, -1960, -483 б.
20. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы, Өңгімелер // -Алматы: Жазушы, -1979, I том, -456 б.
21. Мүсірепов Ғ. Бес томдық шығармалар жинағы. Өңгімелер // -Алматы: -Жазушы, 1975, I т., -555 б.
22. Шәкібаев С. Үлкен Түркістанның күйреуі. Деректі повесть // – Алматы: Жазушы. 1968. -264 б.
23. Әуезов Мұхтар. Абай жолы: Роман-эпопея // .-Алматы: Жеті жарғы, 1997. 4-кітап: Абай жолы.- 336 бет.
24. Шашкин З. Таңдамалы шығармалар. Құрастырған Т.Шаханов // – Алматы: Жазушы, 1979. 6-т.-59-101 б.
25. Есенберлин І. 10 томдық шығармалар жинағы. 2 т. Қатерлі өткел: роман // – А. Жазушы, 1981, -384 б.
26. Мұхамеджанов Қ. Шығармалары. Жат елде: пьеса // - Астана: Фолиант, 2009. Т.-29-69 бб.
27. Алимжанов А. Собрание сочинение в 5-и томах, т.2. Стрела Махамбета: роман // А: -Жібек жолы, -2010, 262 с.
28. Жұртбаев Т. Жер-бесік. Роман-новелла // –А. Жалын. -1985.– 384 б.
29. Бекенов С. Қазақ тұтқыны // –Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2007.-256 б.
30. Толғанбаев А. Исповедь судьбы жестокой // – Алмат: Қазақстан, 1993, -112.
31. Жұртбай Т. Құнанбай. Тарихи-әдеби әфсана // А.Ел-шежіре. 2004.
32. Естеліктегі Алаш..Құрастырған С.Б.Жұмағұл // -Қарағанды: Tengri Ltd, 2018. -676 б.
33. Мұқанов С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті (I бөлім) // -Алматы: Атамұра, 2008, -384 б.
34. Выступления Голощекина на партактиве 21 ноября 1927 г. // Советская степь. 1927 г., 29 ноября.
35. ҚР ОМА, Қазақстан Жазушылар одағының қоры // – 1778 қор, №36 іс; 1951 ж. 20 сәуірдегі ашық партия жиналысының стенограммасы – П. 1–89, 149, 153, 159.
36. Жұртбай Т. «Ұраным – Алаш!...», Талқы. Түрме әфсанасы // Алматы: -Дәуір, -2019, -3 кітап, - 800 б.
37. Әбішев Ә. «Айтпай кетті демесін арттағылар...», Естеліктер, эсселер // А. Гига Трэйд - 2007 – 344 б.

38. Мағжан Жұмабай өмірі мен шығармашылығының шежіресі. Ахметжанова Г. Б., Мәлікова С. З., К. Қ. Оспанов., З. С. Тайшыбай. // Петропавл: -» Северный Казахстан», -2018 ж. Т. 1.-385 б.

39. Мағжан Жұмабай өмірі мен шығармашылығының шежіресі. Ахметжанова Г. Б., Мәлікова С. З., К. Қ. Оспанов., З. С. Тайшыбай. // Петропавл: -» Северный Казахстан», -2018 ж. Т. 2.-332 б.

40. Мағжанның өмірі мен шығармашылығы: -әдістемелік оқу құралы /Г.Б.Ахметжанова, С.З.Мәлікова, З.С.Тайшыбай. // - Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2019. - 218 б.

41. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы, Он тоғызыншы том. Зерттеулер, мақалалар // -Алматы: Жазушы, 1985, 496 б. Қар: Әр жылдар ойлары – Мысли разны лет // -А: Қазмемкөрәдбас. -1959, -Б.382-393

42. Жұртбай Т. «Ұраным – Алаш!..», Жегі.Түрме әфсанасы // Алматы: -Дәуір, -2019, - 1 кітап, - 526 б.

43. Жұртбай Т. «Ұраным – Алаш!..», Тез. Түрме әфсанасы // Алматы: -Дәуір, -2019, - 2 кітап, - 528 б.

44.Жолдасбеков М. Асылдарым. Естелік // Егемен Қазақстан, 2011, - 1 қаңтар.

45.Тәжібаев Ә. Есімдлегілер // -Алматы: - Жазушы, 1995, -462 б.

46.Жовтис А. «Есть такой поэт!» // Казахстанская правда, 1989, - 5 октябрь.

47.Кәкішұлы Т. Мағжан – Сәкен. Ғылыми эссе // -Астана: Фолиант,-2016.-376 б

48. Абдуллин Х., Қ.Хасенов. Мұстафа мен Мағжан – Тұран елінің даналары. Жинақ // -Алматы: 1993.

49. Жангуттин Б. Мағжан Жумабаев: «Мой казак, ненастя час настал». Страницы биографии. Под редакцией М.Койгелдиева // -Алматы. – ТОО «Қаратау КБ», Дәстүр.-2016. -220 с.; 2. Тузбекова Л.С. Медресе «Галия» – высшее мусульманское учебное заведение Башкортстана (1906-1919) // Медресе Южного Урала и Приуралья: история и современность. Хрестоматия/ Составитель Т.М.Аминов // Уфа: изд-во БГТУ, 2010, с 339..

50. Елеуенов Ш. Көп томдық шығармалар жинағы (Мағжан) // -Алматы: -Қазығұрт,- 2008. -497 б.

51. Дулатова.Г. Шындық шырағы. Бірінші кітап. // -Алматы. Полиграфия.1995. 225 б.

52. Жұртбай Т. «Күйесің, жүрек сүйесің ...» (Абай: «Жан бостандығы...» немесе рухани тәуелсіздік) // – Алматы: Санат, 2001.– 408 б.; 2.Жұртбай Т. «Күйесің, жүрек... сүйесің!...» (Абай және рухани тәуелсіздік мәселесі). Монография // -Алматы: -Қайнар, - 2004, - 464 б.

53. ҚР ОМА, 15-қор, 2 тізім, 399 іс. Дело о рекационного движении мусульманского духовенство. 114 л.

54. Тузбекова Л.С. Медресе «Галия» – высшее мусульманское учебное

заведение Башкортстана (1906-1919) // Медресе Южного Урала и Приуралья: история и современность. Хрестоматия/ Составитель Т.М.Аминов // Уфа: изд-во БГТУ, 2010, с 339.

55. Жомабаяев Мағжан Жан сүзе. Шигырьләр, Казакъчадан (татаршаға) тәржемәләр. Түзүчесе Радиф Гаташ // -Қазан:-» Ильяһам» нәшрияты.-2013. -96 б.

56. Гаяз Исхаки, Идель-Урал. Алғы сөз Р.Хакимы, Наб.Челны, Газетно-книжное изд. «КАМАЗ», 1993, 63 с.

57. Букейханов А. Киргизы (Қазақтар), «Речь», 23/1 1914. // Бөкейхан Ә. Шығармаларының толық жинағы, 1-7 том. Құрастырған Жүсіп С.А./Астана. Сарыарқа – III том. 555 б. -308-310 Б.

58. І.Озғанбай Ә. Рух күрескері. Толықтырылып екінші басылуы // -Алматы: Нұрлы әлем, 2010. -192 б. П. Ғылмани С. Заманымызда болған ғұламалардың ғұмыр тарихтары // -Алматы: Дайк-Пресс, 2013. 1 т. -576 б.

59. Тынышбаев М. Таңдамалы // – Алматы: Арыс.-2001. -332 б.

60. Алаш қозғалысы – Движение Алаш. Құжаттар мен материалдар жинағы // -А.: Алаш, 2005.-Т. 4.-472 б.

61. Алаш қозғалысы – Движение Алаш. Құжаттар мен материалдар жинағы // – А.: Алаш, 2005 – Т. 2. – 496 б.

62. 1. Prof. Zeki Yelidi Togan. Natiralar: - Istanbul. Hikmet gazetecilik LTD. 1969. 643 б.; 2. Заки Валиди Тоган. Воспоминания. Борьба народов Туркестана и других восточных мусульман-тюрок за национальное бытие и сохранение культуры/ Пер.с турецкого Г.Шафикова и А.Юлдашева // -фа: Китап, -1994. 368 с.

63. Мұқанов К. Ақын ізі. След поэта. Петропавловск, 2008. 247 с.

64. Тәжібаев Ә. Жаңа ырғақ. Өлеңдер. // Алматы. 1934.

65. «М.О.Әуезов үйі» ғылыми орталығы, Папка №382.

66. Кеменгер Қ. Омбыда оқыған қазақтар. Зерттеулер мен мақалалар // -Астана: Полиграфия АҚ.-2007. -218 б.

67. Алаш қозғалысы – Движение Алаш.. Құжаттар мен материалдар жинағы // -Алматы: -Ел-Шежіре. -2007. –Т 3, кн.2. -344 б.

68. ҚР Президентінің архиві, 811 қор, 23 тізім, 193 іс, парақ 38.

69. Декреты Советской власти. // – М.: Гос. изд-во полит. Литературы, 1957. – Т. 1. – С. 39–41. – hist.msu.ru.; Собрание указаний и распоряжений правительства за 1917–1918 гг. – istmat.info.ru.

70. Алаш қозғалысы – Движение Алаш. Құжаттар мен материалдар жинағы // – А.: Алаш, 2004. –Т. 1.- 552 б.

71. Заки Валиди Тоган. Воспоминания. Борьба народов Туркестана и других восточных мусульман-тюрок за национальное бытие и сохранение культуры/пер. с турецкого Г.Шафикова и А.Юлдашева.– Кн.1 // – Уфа: Китап, 1994. – 400 с.

72. Голощекин Ф.И. 10 лет партийного строительства. Доклад на собрания актива г. Алма-Аты // – Советская степь, 1930. – 18 октября и 21 ноября.

73. ҚР ОМА. –14 қор, 3 тізім, №4 іс, 118 б.

74. Тайшыбай З. Атадан асыл аманат. Таңдаулы мақалалар // –Алматы. Қазақ университеті. 2017. – 484 б.

75. 4.Аманжолова Д. На изломе. – А.: Таймас, 2009. – 412 с.

76. Рибас. Алаш-ординцам нет места в советах // Мир труда, 1922, 9 августа.

77. Фейзуллах Будак. «Мағжан Жұмабай өлеңдеріндегі ұлттық болмыс» – Mag`can Cumabay s,iirlerinde milli rimlik tanimi // // - Ankara: -Yeni Avrasya Yayinlari, 2001.-62 s.

78. Фейзуллах Будак. Алтайдағы жүрегім: Мағжан Жұмабайға жауап – Feyzullah Budak. Altaydaki yu`reg`im: Mag`can Cumabay`a cevap // - Ankara: -Yeni Avrasya Yayinlari, 2003. -145 s.

79. Cumabay Mag`can. Uzaktaki kardes,ime. S,iirleri. C,eviren Ali AKBAS, // Ankara: Ankara Ofset matbaa. -2018 -144 s.

80. Құлжабайұлы М. Мұстафа мен Мағжан туралы құжаттар не дейді? // Қазақ әдебиеті. – 1999. – 5 ақпан.

81.Первый казахский институт в Ташкенте.Сборник документов и материалов // Ташкент: Zar-galam,2005.160с.

82. 5. ЦГА КУЗ. Жизнь и деятельность представителей казахской интеллигенции в Туркестане. Сборник документов и материалов. Часть II. // – Шымкент, 2004. – С. 149–150.

83. Елеуменов Ш. Мағжан. Өмірі мен шығармалары. Оқу құралы // – А.: Санат, 1995. – 384 б.

84. РГАСПИ. Ф. 558. Коллекция Наркомнаца. Папка 2. Д. 32. Л. 40–44 с об. Машинопись. Подлинник. Подпись – автограф // Россия и Центральная Азия. 1905–1925 гг. Сборник документов / авт.-сост. Д.А. Аманжолова / предисл. В.Ю. Зорина, Д.А. Аманжоловой // – Караганда: Изд-во КарГУ, 2005. – 495 с.

85. Әуезұлы Мұхтардың хаты // » Социалды Қазақстан» -1932 жыл. -10 маусым.

86. Дулатова Г. Шындық шырағы. Естелік-эссе. // – А.: Мектеп, 2012. – 408 с.

87. Кәкішев Т. Жүректегі жаралар // – А.: Қазақстан, 1992. – 224 б.

88. Кахарманов Ф. Жажеке. Естеліктер мен құжаттар // – А.: Қазығұрт, 200.

89. Кәкішұлы Т., Ахмет К. Сәбит Мұқанов. // – А.: Арда, 2005. – 302 б.

90. Алдажұманов Қ. Ақынның соңғы үміті // Қазақ әдебиеті. – 1992. – 21 тамыз; Мағжанға хат // Қазақ әдебиеті. – 1990. – 15 наурыз.

91.Тасымбеков А. Азапты сапарлар // Лениншіл жас. – 1989. – 10 қаңтар.

92. 28. Тайшыбай З. Бабадан қалған байтағым. Оқу-әдістемелік құрал // Петропавл: -С.Қозыбаев атындағы СҚМУ. -2017. -2 том. -256 б.

93. Дулатова Г. Алаштың сөнбес жұлдыздары. Естелік-эссе // -Алматы: Мектеп, -2010. 360 б.

94. Әбдешев Б. Қара сөзден маржан терген Мағжан. Зерттеу // -Алматы: Өлке, 2002. -160 б.

95. Тілешеев Е. Суреткер және көркемдік әдіс // -Алматы, Арқас.-2005. -278 б.

96. Досжанов Д. Абақты. // – А.: Қазақстан, 1992. – 286 с.

97. Засвление Ауэзова М. // Казправда: -1932. -10 июня.

98. Алдажұманов Қ. Ақынның соңғы үміті // Қазақ әдебиеті. – 1992. – 21 тамыз; Мағжанға хат // Қазақ әдебиеті. – 1990. – 15 наурыз.

99. Қаратаева Ж.Қ. Ұрпақтар сабақтастығы. Мұхамеджан Қаратаевтің 1985-1987 жылдары жазған қойын дәптерінен үзінді // -Алматы: САГА, -2002, 133 б.

100. Жұртбай Т. «Иман ізде!..» // -Жас алаш, -2018...

101. Tursın Jurtbay. Sovyet Döneminde Türk Cumhuriyetleri Edebiyatında Baymirza Hayit Karakteri // Doğumunun 100. Yılında Baymirza Hayit ve Günümüzde Türkistan Tarihi Araştırmaları Uluslararası Sempozyum Bildiri Kitabı. Türk Dünyası Belediyeler Birliği (TDBB) Yayınları No: 24, 2017: s.295-301

102. Tursun Zhurtbai. İttihat ve Terakki Partisi ve Sovyet Devrimi Öncesinde Orta Asya'da Milli Hareketler // Uluslararası sempozyum. Ekim 1917 Sovyet İhtilali'nin Yüzüncü Yılında Türk Dünyası'ndaki Bağımsızlık Fikri ve Siyasi Hareketler. 16-17 ekim 2017. İstanbul Üniversitesi

103. Tursun Jurtbay. Alaş Fikriyatı Ve Dini Hareketler // Türk Dünyasında Aydınlanma Hareketleri 100. Yılında Alaş. Uluslararası konferans, 24 kasım 2017, Ankarf: Türk Tarih Kurumu.

104. Tursun Jurtbay. Soviet politics of national punishment and the prosecution history of E. Bekmakhanov // The Soviet historiography and the question of Kazakhstan's history. A Retrospective of the Life and Works of The First Kazakh Historian Ermukhan Bekmakhanov. – İstanbul, 2016: s.27-37

105. Tursun Jurtbay. Sovyetler Birliği'nde Yaptırım Politikaları ve E.Bekmahanov'un Kovuşturulma Tarihi // Soviet Tarih Yazımı ve Kazakistan Tarihinin Meseleleri. İlk Kazak Tarihçisi Ermukhan Bekmahanov un Hayati ve Çalışmalarına Yeni Bakış. İstanbul, s.2016: 25-35

106. Жұртбай Т. Біртұтас алаш идеясы және діни қозғалыс. // Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқарманың қолдауымен «Адырна» ұлттық-этнографиялық бірлестігі» қоғамдық қоры өткізген «Алаш Орда» үкіметінің құрылғанына 100 жыл толуына орай «Алаш Орда»: ұлттық идея және дін мәселелері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары жинағы. Алматы. 22 қараша, 2017 жыл*.

220 107. Tursin Jurtbay. Şanslı Yolcu. (Anayurt Günlüğü). Kardeş Kalemler, Aylık Avrasya Edebiyat Dergisi. Ankara. 2016. №10. s.58-66.

Мағжанның әндері туралы деректер:

1. Ә.Әлімжанов: «Оның көп өлеңдері ән болып таралған, ауыл-ауылда айтылып жүреді, көпшілік оларды халық әніндей қалтқысыз қабылдайды [38.282-284]. (38. Мағжан Жұмабай өмірі мен шығармашылығының шежіресі. Ахметжанова Г. Б., Мәлікова С. З., К. Қ. Оспанов., З. С. Тайшыбай. // Петропавл: -» Северный Казахстан», -2018 ж. Т. 1.-385 б.).

Данагүл Махат

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚҰҒЫНДА-
ЛУ ТАРИХЫНАН

Жиырмамыншы ғасырдың басындағы қазақтың ойшыл-зиялылары өз еңбектерін демократиялық, гуманистік сипатта жазды. Олардың әдеби, ғылыми-танымдық шығармаларында жалпыадамзаттық маңызға ие – адам баласының еркіндігі, өмірдің мәні, дін, сүйіспеншілік пен махаббат мәселелері көтерілді, ұлт тарихы мен әдебиетін, қазақ халқының тарихтан алар орынын түсіндіруге ат салысты. XX ғасыр басында ғұмыр кешкен көрнекті қазақ ақындарының бірі де бірегейі – Мағжан Жұмабаев ғасырлар бойы отаршылдық қамытын киіп, аясыз езілген, «бұратана» атанған қазақ халқын ұйқысынан оянуға, оқу-білімді игеруге үндеді. Ол қазақ поэзия жанрына өзінің қайталанбас тамаша талантымен өшпес із қалдырды. Қазақ халқының тарихы мен рухани әлемі ақын шығармасына арқау болды.

Мағжан Жұмабаевтың өзі жазғандай: «Ақынның өмірі – ... судай сұлу, желідей екпінді, жалпақ жұртқа жат, жұмбақ өмір». Оның артында қалдырған әдеби мұрасы жан-жақты зерттеуді қажет ететін құнарлы да құнды еңбектер. Президент Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты кітабында: «Қазіргінің талай елін қайран қалдырған осынау байтақ кеңістікті кернеген поэзиялық әлем, тек қана сұлулық пен сезімнің шеңберінде шектелмеген. Ол жаңашылдықтың жалынын лаулата да білген. Содан да болар, қазақтың поэзиялық шығармашылығында мейлінше терең танымдық қасиеттер бар» [1, 28 б.] деп көрсетті.

Мағжан Жұмабаев өлеңдері тек қазақ халқы арасында ғана емес, бүкіл түркі әлеміне тарап, әлемдік мәдениеттегі ерекше құбылысқа айналды. Оның шығармаларындағы ойлар, жүрегін жарып шыққан толғаныстар бір ғасырға жуық уақыт өтсе де, өз мәнін жоймай, ұлттық, жалпыадамзаттық мәселе ретінде ғасырдан-ғасырға жалғасып отыр. Мағжан Жұмабаев шығармашылығындағы басты ұстаным ұлт және ұлт бақыты. «Әрбір адам бақытты болса, ұлт бақытты, адамзат дүниесінің мүшесі әрбір ұлт бақытты болса, адамзат дүниесі бақытты» дегенге саяады ақынның ойы. Ал, ұлттың бақытты болуы, ол жас ұрпақтың бесіктен басталатын тәрбиесімен тікелей байланысты болмақ. Мағжан Жұмабаев осы мақсатта «Педагогика» атты ғылыми еңбек жазып, оны қазақ мұғалімдеріне тарту етті. М. Жұмабаев тәрбиесіден баланың өсу-өркендеу кезеңінің басында дене тәрбиесімен жан тәрбиесін қатар алып жүруді, бала өскен сайын күшінің басым бөлігін бастапқы кезде жөпшенді білінбейтін баланың жан тәрбиесіне жұмсауға міндетті екендігін айта келе: «Адамзат дене һәм жан аталған екі бөлімнен тұратындықтан, бұл екі бөлімнің соңғысы, яғни жан, адамзат үшін аса қадірлі болғандықтан, дұрысын айтқанда, адамға шын мағынасымен «адам» деген атты осы жан ғана беретіндіктен, адам баласын тәрбие қылу дегенде, әрине, адам бала-

222 сының әсіресе жанын тәрбие қылу керек деп ұғу керек» [2] – дейді. Адамға дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі һәм құлық тәрбиесі тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны деп санайды. Осы төрт түрлі тәрбиені толық алған адамды - шын адам деп бағалайды. Шын адам - жөпшенді ыстық, суық, аштық, жалаңаштық, сықылды тұрмыста жиі ұшырайтын көріністерді елемейтін мықты, берік денелі, түзу ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды, сұлу сөз, сиқырлы үн, әдемі түрден ләззат алып, жаны жадырайтын, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты адам. Міне, осы төрт тәрбиені балам шын адам болсын деген ата-ана дұрыс орындауы тиіс. «Бала аурулы, зағып болса, баладан емес тәрбиешіден. Бала тар ойлы, ақымақ болса, бала кінәлі емес, тәрбиеші кінәлі. Бала сұлулықтан ләззат ала білмейтін мылқау жанды болса, бала айыпты емес, тәрбиеші жазалы» [2, 98б.] – деп жазады ақын «Педагогика» атты еңбегінде.

Сондай-ақ, тәрбиешіден шәкірт озық тұруы керек, яғни тәрбиешінің мақсаты баланы дәл өзіндей қылып шығару емес, оны өз заманына лайық қылып шығару. Жастарды біліміге, өнерге баулу, қазақты әлемдік өркениет көшінен қалдырмау.

Өнер-білімі бар, көзі ашық, көкірегі ояу елдің келбетін ақын:

«Басқа жұрт аспан-көкке асып жатыр,
Кілтін өнер-білім ашып жатыр.
Бірі-ай, бірі-жұлдыз, бірі күн боп,
Жалтырап көктен нұрын шашып жатыр»
деп сипаттаса, қазақ жайын:

«Ойламай біздің қазақ текке жатыр,
Бір іске жанаса алмай текке жатыр.
Азырақ көз жүгіртіп қарап тұрсаң,
Қазекен таң қаларлық кепте жатыр» – [3]

деп кинала жеткізеді, ұлт болашағы жастарды тәрбиелеп, білім нәрімен сусындатып ілгері дамыған елдер қатарынан орын алуды аңсаған ақын:

Мен сенемін жастарға:
Алаш атын аспанға
Шығарар олар бір таңда,
Мен жастарға сенемін! –

дейді. Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлттың тәрбиесімен тәрбие қылуға міндеттейді.

Ал, ұлт тәрбиесіндегі басты құрал – ана тілі екенін ерекше атай отырып: «Тілсіз ұлт, тілінен айрылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымық. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат болмасқа тиісті Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы,

біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың сар даласы кең, тілі де бай» [2, 162б.] – деп жазады. Ақын ұлт пен тілді қатар қояды, тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалуға дайын тұратынын, адамның толық мағынасымен адам болуы тіл арқасында екендігін, ұлт үшін тілдің маңызын Мағжан Жұмабаев жырына арқау етті, оның өмірлік мұраты - ұлтты сүю, ұлтқа қызмет ету болды.

«Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бак, ардың –

Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың... – [4]

деп ақын отаршылдықтың жез тырнағының қазақ халқына аяусыз батқанын, елдің өркендеп дамуына кедергі болғанын айта келіп, «Алтын Күннен бағасыз бір белгі боп, Нұрлы жұлдыз – бабам тілі, сен қалдың!» – дейді. Енді туған тілден айрылмауға бүкіл ел болып жұмылып, бүкіл түрік балаларын бауырына тартатын таза, терең, өткір әрі кең тіл деңгейіне көтерілетініне сенім артады.

Мағжан Жұмабаев шығармашылығында туған халқының мұң-зары, бүкіл түркі жұртының түгелдігі, Шығыс мәдениеті мен жалпыадамзат мәдениетінің тағдыры үндесіп жатады. Мағжанның махаббат лирикасынан әсемдік пен сұлулыққа құштарлықты, өзінің туған елі мен жеріне деген шексіз махаббатын көреміз. Өршіл рухты Мағжан:

«Күннен туған баламын,

Жарқыраймын, жанамын,

Күнге ғана бағынам.

Өзім – күнмін, өзім – от,

Сөзім, қысық көзім де от,

... ..

Шынында, менің өзім де - от,

Қысылған қара көзім де - от,

Мен оттанмын, от — менен.

Жалынмын мен жанамын

Оттан туған баламын» – [4, 39-40б.]

деп халықтың ұлттық рухын отқа теңейді. Ұлттық рух күн сияқты, күн батып оның орнын түн басқанымен түн сейіліп, жарқырап күн шығады, жер бетіне қайта нұрын шашады. Ақын өлең жолдарында:

«Ерте күнде отты Күннен Гун туған,

Отты Гуннен от боп ойнап мен туғам.

Жүзімді де, қысық қара көзімді

Туа сала жалынменен мен жуғам.

... ..

Күн шығыстан таң келеді – мен келем,

Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем!» – [4, 42б.] дейді.

Қиындық көріп жабыққан халқына:

«Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар,

Мен – Күн ұлы, көзімде күн нұры бар.

Мен келемін, мен келемін, мен келем –

Күннен туған, Гуннен туған пайғамбар» [4, 436.] –

деп ұлттың рухын көтеріп, бодандықтан, құлдық пен күндіктен құтылуға, бостандық пен еркіндікке қол жеткізуге үндейді. Жиырмасыншы ғасыр басындағы қазақ зиялыларын топтастырған ортақ мұрат – бодандық бұғауында жаншылған елін құлдықтан құтқару, өзге өркениетті елдер қатарына қосу, оның сан салалы жолдарын іздеу.

«Жиылмай өнерге аяқ баса алмаспыз,

Нық сіңген надандықтан қаша алмаспыз.

«Заман түлкі болғанда, тазы болмай»,

Биік қырдан алдағы аса алмаспыз!» –

деп Міржақып Дулатов пен Ахмет Байтұрсыновтың ұлттың тарихи зердесін ояту, намысы мен рухын сілкіндіру бағытындағы идеяларына үн қосады, туған халқының сол кезеңдегі қиын халін, кенжелеп қалған тұрмыс-тіршілігін көріп күйінеді, алайда дүниеде болып жатқан жаңалықтан мақұрым, онымен шаруасы да жоқ, «ескі заңымен», «алдындағы малымен» маңдайға жазған қоңырқай тіршілігіне көндіккен, құлдыққа-күндікке еті үйренген елін сүйеді. Еліне деген махаббатын:

«Ұйқы басқан қабағын,

Бастыра киген тымағын,

Жалқаулықты жар көрген,

Жүрген ескі заңымен,

Алдындағы малымен,

Бірге жусап, бірге өрген,

Алаш деген елім бар,

Неге екенін білмеймін,

Сол елімді сүйемін!» [4, 586.] –

деп күйзеле отырып жырға қосты, оның бостандыққа жетуі үшін жанын да, қанын да аямайтынын жыр жолдарымен жеткізеді. Қазақтың мұң – зарын жырлаған «Қазағым» деген өлеңінде ақын халқына:

«Кел, қазақ, қолдағыдан құр қалмайық,

Отырайық жиылып, ондалайық.

Мың жылғы өткен қуам деп ата заңды,

Өнерден кеш қалармыз, ойланайық» [3] – дейді.

Ал ақын «Қарағым» деген өлеңінде:

«Қарағым, оқу оқы, босқа жүрме!

Ойынға, құр қаларсың, көңіл бөлме

... ..

Жасынан оқу оқып, өнер қуған

Жан жетпес көңілі жүйрік кемеңгерге ... « [4, 346.] –

деп, қазақ ұлтының әлемдік өркениет көшіне қосылуының жолын өнер-білімнен, жас ұрпақты өзге елдердегі замандастарымен бәсекеге түсе ала-

Дана ақынның ой мен қиялы қазақтың кең даласынан асып, бүкіл әлемді шарлайды. Оның шығармашылығындағы үлкен де сүбелі идея - «түркі-шілдік» идеясы. Ол:

«Түркістан» поэмасында:
«Түркістан - екі дүние есігі ғой,
Түркістан - ер түріктің бесігі ғой,
Тамаша Түркістандай жерде туған,
Түріктің тәңірі берген несібі ғой»
деп түркі халықтарының рухани - мәдени бірлігін жырлады.

Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерінің бір тобы өткен ғасыр басындағы ала-сапыранды бейнелейді. «Күннен туған, Гуннен туған» ер қазақтың басына қара түнек орнады. Түн басты.

«Ойлама, – деді, – Күнді, сен – мал, күңсің,
Сөксем де, соқсамдағы шыда, сен көн.
Шыдамасаң, қарсы «ләм» деуші болма,
Түншығып көз жасыңа көміл, өл сен!» – [3, 61]

міне, 1917 жылы билік басына келген большевиктердің қазаққа шығарған үкімі осы. Ал большевиктердің қазақ даласына салған лаңын ақын өзінің «Адастым» деген өлеңінде:

«Әлдеқайдан шу шықты,
Қып-қызыл қан ту шықты,
Жердің жүзін түн басты.
Шегір көзді, сары шаш,
Бәрі тырдай жалаңаш, –
Жан-жағымды жын басты.

Әлденені бөлісіп,
Ыржиысып күлісіп,
Ән жер, мін жер жылт-жылт оқ.
Жел ұлиды, өкіред,
Жындар жалп-жалп секіред ...
Қара жолдан сүрлеу жоқ.

Артымда елім бар еді,
Алдымда жолым бар еді,
Ел де жоқ қазір, жолда жоқ ...
Табылар жолың, тарылма,
Жылама, жынға жалынба,
Таң атқанша күн де жоқ» [3, 50-51б.] –

деп дәл бейнелеп жазды. Большевиктердің қанға боялған қызыл жалауы

туралы:

« – Қанды жалау кімдікі?
Кімнің ұлы құл болса,
Тұлымдысы тұл болса –
Қанды жас жалау соныкі,
Ендеше қазақ сенікі!

Өртенген жалау кімдікі?
Кім өртенген гүлдемей,
Кім таланған, кім кедей –
Өртенген жалау соныкі,
Ендеше қазақ сенікі!» –

дейді. Сондықтан Мағжан Жұмабаевтың рухы биік өлеңдері, ұлттық бағытта жазылған шығармалары коммунистерге ұнамады.

XX ғасырдың басында отарлық езгіден зардап шеккен түркі халықтары зиялыларының алдында елді феодалдық мешеулік пен отарлық тәуелділіктен азат ету мақсаты тұрды. Алайда, олардың «еркіндік», «тәуелсіздік» ұстанымы большевиктердің бір орталыққа бағынған мемлекет құру мақсатына жетуіне мүмкіндік бермейтін болғандықтан, партияның X және XII съездерінде партиялық және мемлекеттік құрылыстағы ұлт мәселесіне, ұлы державалық шовинизм және жергілікті буржуазиялық ұлтшылдық, шығыстағы панисламизм, пантүркизм мәселесіне ерекше назар аударылды. Еврейлер арасындағы сионизмге, түркі халықтары арасындағы панисламизмге, пантүркизмге, поляк, армян, грузин, украин халықтары арасындағы ұлтшылдыққа қарсы саяси күрес өршіді.

1. XX ғасырдың 20 - 30 жылдары экономика, саяси даму, мәдениет саласы үлкен идеялық айтыс арқауына айналды. Коммунистік партия саясаты мен идеологиясын қанағаттандырмаған ой-пікірлер буржуазиялық ұлтшылдыққа, ұлтшылдыққа, байшыл оңшыл ағымға, кондратьевшілдікке негізсіз айыпталып, саяси тұрғыда қуғындалды. БК(б)П Қазақ Өлкелік Комитетінің 1925 жылдың 18 маусымындағы «Партияның көркем әдебиет саясаты туралы» қаулысынан кейін әдебиет-мәдениет саласына партияның ықпалы күшейіп, Сталиннің «... ұлт мәдениеті пролетариат диктатурасының заманында «мазмұны социалды, формасы ұлттық мәдениет» болады» [Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: «Атамұра», 2003. – 288б.

2. Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. 3 - том. Аудармалар, ғылыми еңбек, мақалалар. – Алматы: Жазушы, 2008. – 232 б. – Б. 162.

3. Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. – 2 – том. Өлеңдер, дастандар, әңгіме. – Алматы: Жазушы, 2008. – 208 б. – Б. 5.

4. Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. – 1 – том. Өлеңдер, дастандар, әңгіме. – Алматы: Жазушы, 2008. – 208 б. – Б. 46-47.

5. Брайнин Я. Социалды мемлекет халықтарының ынтымақты достығы // Социалды Қазақстан. – 1936. – 16 июль. - № 161.

6. Сәдуақасов С. Әдебиет әңгімелері // Еңбекші қазақ. – 1927. - 16 февраль. - № 34. 227

7. Мұқанов С. Көркем әдебиет туралы қорытынды пікірім // Қызыл Қазақстан. - 1927 -. № 1. – Б.49.

8. Мұстамбайұлы Б. Ақын Абай және пәлсапашыл Ілияс // Еңбекші қазақ. – 1929. –10 январь. - № 8.

9. Мұхамедханұлы Қ. Бдырыс Мұстамбайұлын кім білмейді? // Абай. – 1992. - № 4. – 52 – 56 бб.

10. Кеменгерұлы Қ. Таңдамалы. – Алматы: Қазақстан, 1996. - 296 б.

11. Жұмабаев М. Шығармалар. 3 томдық, 1-т. – Алматы: Білім, 1995 – 256б. – Б. 11.

12. Сыдықұлы Жақан. Сұлтанғалиевшылдық // Еңбекші қазақ. – 1929. – 16 - декабрь. - № 263.

13. Байділдәұлы Ә. «Жас Қазақстан» тонын жамылған «сәдуақасовшылдық» // Еңбекші қазақ. – 1929. – 12 апрель. - № 82.

14. Сәдуақасов С. Әдебиет әңгімелері // Еңбекші қазақ. – 1927. - 16 февраль. - № 34.

15. Тәжібайұлы Ә. Әдебиеттегі Смағұлшылдық // Еңбекші қазақ. – 1929. – 2 октябрь. - № 200.

16. О задачах борьбы на теоретическом фронте в Казахстане, в связи с письмом тов. Сталина, Письмо Культпропа Казкрайкома ВКП(б) и КИМЛ'а // НХК. – 1932. - № 5. – С.50.

17. Полномочное представительство ОГПУ в Казахстане секретно – политический отдел. Докладная записка о литературном творчестве и литературных силах Казахстана краткая история борьбы на литературном фронте. // Абай – 1997 – 2-3 – Б. 131 – 136.

18. ҚР ПМ 708 қор. - 33 тізбе. – 364 іс.

19. Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің Мағжан Жұмабаевтың, Ахмет Байтұрсынұлының, Жүсіпбек Аймауытовтың творчестволық мұрасын зерттеу жөніндегі комиссиясының қорытындысы // «Егеменді Қазақстан». – 1988. – 28 желтоқсан.

МАҒЖАНТАНУДЫҢ КЕЙБІР АҚТАҢДАҚ БЕТТЕРІ

Түбі бір түрік халықтарының тарихын жақсы білген, тарихтан дәріс оқып, жас ұрпаққа сабақ берген қазақ ақыны Мағжан Жұмабаев Бірінші Дүниежүзілік соғыс қарсаңында 1915-1916 жылдары түрік халқының Чанаккале жерінде болған азаттық соғысында, алыста азап шеккен туыстас бауырларға арнап «Алыстағы бауырыма» өлеңін жазды. Түрік бауырларымен бірге қайғырып, кешегі бейбіт күнді аңсады:

Япырай емес пе еді алтын Алтай
Анамыз бізді тапқан, асау тайдай,
Бауырында жүрмеп пе едік салып ойнақ,
Жүзіміз емес пе еді жарқын айдай?!

....

Бауырым! Сен о жақта, мен бұ жақта,
Қайғыдан қан жұтамыз. Біздің атқа
Лайық па құл боп тұру? Жүр, кетелік
Алтайға, ата мирас алтын таққа [1, 44-46 бб.] –

деп жыр арнаған ақынды түрік халқы жақсы көріп, құрмет тұтады. Алаштың Мағжан ақынының құрметіне 2018 жыл – Түркия Республикасында Мағжан Жұмабаев жылы болып жарияланып, атаулы жыл аясында әр түрлі іс-шаралар өтті. Бүгін, Түркия Республикасы Мимар Синан көркем өнер университеті, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Еуразия ғылыми-зерттеу институты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Отырар кітапханасы» Ғылыми орталығы бірлесіп ұйымдастырып отырған халықаралық ғылыми симпозиум, атаулы жыл аясында атқарылып жатқан игілікті іс-шаралардың қорытындысы іспетті.

Халықаралық ғылыми симпозиумды желтоқсан айында өткізуіміздің де өзіндік себептері бар. Мәселен, 13 желтоқсан – Алаш қозғалысы тарихының жарқын беттерінің бірі, 1917 жылдың 5-13 желтоқсанында өткен II Жалпы қазақ съезінің маңызды қорытындыға келген күні болатын. Бұл съезге Мағжан Жұмабаев та қатысқан. Ол өзінің 1929 жылдың 14 шілдесінде берген жауабында: « ... 1917 жылдың соңында Орынборда өткен Бүкілқазақтық бірінші құрылтайда, «Алашорда» үкіметі құрылғанда 5 адамнан тұратын, оның ішінде Омаров, Шонанов, мен және тағы басқа бір адам бар, (Міржақып Дулатов болатын – Д.М.) оқу-ағарту комиссиясының мүшелігіне сайландым» [2, Б. 36] – дейді. Сондай-ақ, алда келе жатқан 16 желтоқсан, ата бабамыз армандаған қазақ елінің – Тәуелсіздік күні.

XX ғасырдың басы – қазақ халқының ұлттық оянуының, демократиялық

қозғалыстардың дүниеге келіп, осы жолмен ілгерілеуді мақсат етіп қойған, осы бағыттағы қызметін бастаған тұсы болатын. Сонымен қатар бұл кезең – соғыс, төңкеріс қазақ тарихындағы қиындығы мен қайшылығы мол күрделі кезең болуымен де тарихта қалды. Осы аумалы төкпелі кезеңде өмір сүріп, ел ертеңі үшін жан аямай еңбек еткен есіл ерлер, өкінішке орай кеңестік тоталитарлық жүйенің құрбанына айналды.

Алаш қозғалысы, алаш зиялыларының тарихы мен тағдыры тақырыбы Қазақстанда 1988 жылдан бергі кезеңде ашық айтыла бастады. Олардың еңбектері жарық көріп, зерттеулер жазылды, арнайы жинақтар жарияланды. Алаш қозғалысына қатысқан ұлт зиялыларының тарихы мен тағдыры толық зерттелді дей алмаймыз, сондықтан бұл мәселе алдағы уақыттарда да зерттеле бермек. Біздің баяндамамыз бүгінгі халықаралық симпозиум тақырыбына тікелей қатысты ұлт зиялысы Мағжан Жұмабаевтың тағдыры мен шығармашылығына қатысты. Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен қызметі, шығармашылығы зерттелді, еңбектер жарияланды. Олармен сіздер де таныс боларсыздар. Біздің баяндамамыз әлі де зерттеушісін күтіп тұрған, мағжантанудың кейбір ақтандақтар беттеріне арналды.

Мағжан шығармашылығына шабуыл 1929 жылдан ертерек басталды³. «Еңбекші қазақ» газетінің 1925 жылғы № 277 санында Мағжанның өлеңін сынаған мақала жарыққа шықты, оған қарсы жауап ретінде осы басылымның № 283 санында Мағжанның «Менің жауабым» деген мақаласы, 1923 жылғы шыққан жинағына «Алғысөз» жазған Сұлтанбаек Қожановтың қателігін мойындап жазған [3, 180-181 с.] мақаласы қатар басылды. Ғаббас Тоғжанов бастаған партия сыншылары, барлығы 17 адам: «Тұраршыл болу, Тоқпақшыл болу бізге жол емес. Ешкімнің қол шоқпары бола алмаймыз. Жолымыз ленинишілдік жолы. Осы жолмен бізді кім бастаса, біз соған серік, соған жолдас» [4] – деп үндеу тастады. 1927 жылғы «Еңбекші қазақ» газетінің № 1 санында Сәбит Мұқанов «Көркем әдебиет туралы қорытынды пікірім» деген мақала жазып, Мағжан, Қошкелермен идеялық жағынан біріге алмайтынын ашық айтты.

Мағжан Жұмабаев шығармашылығын жоғары бағалаған және одан жастардың оқып, тағылым алуын қолдаған, алаштың жас буыны Смағұл Сәдуақасов еді. Ол Абай заманын, «Батыр Баянды» жатқа айтатын жастардан ұлтқа жанашыр азаматтар шығады деп үміт артса, коммунист, солақай, айқайшыл жастарды сынға [5] алып отырды.

1928 жылдың 25-29 сәуірі аралығында Қызылорда қаласында өткен БК(б)П Қазақ Өлкелік Комитеті мен Өлкелік Бақылау Комиссиясының Біріккен пленумы: «ұлтшыл интеллигенцияның монополиясын батыл жою үшін оқулық және принципті маркстік әдебиетті жасау, баспасөз органдарының құрамын саяси даярлығы бар партия мүшелерімен, әсіресе қазақтармен күшейту қажет» [6, Б. 21] деген қаулы алды.

Коммунистердің отаршыл саясатына қарсы бас көтерулер болып тұрғанын тәуелсіздіктен кейін біліп отырғанымыз белгілі. Бүгінгі күнге дейін,

3 «Үш жүз» партиясы 1917 жылдың 19 қазаны, күні Мағжанды абақтыға жапты. Ақын «Үш жүздің» түрмесінде 1918 жылдың май айына дейін отырған. 1924 жылдың соңына таман Мәскеуде Н.Төрөқұлов, Ғ.Мұратбаев бастаған алпыстан астам қазақ зиялылары жиналып, ақынның 1922 жылы Ташкент қаласында шыққан жинағын талқылып, оған өткенді көксейді, ұлтшылдықты дәріптейді деген саяси айып тақты, еңбектерінің жарияланбауын талап етті.

230 ғылыми әдебиетте айтыла бермейтін, жастардың «ҚАЗАҚШЫЛДАР» деген ұйымы Шымкент қаласында бас көтерген.

«ҚАЗАҚШЫЛДАР» ұйымы алаш зиялысы Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» өлеңімен үндес «Көтер қазақ басыңды!» (немесе «Оян, қазақ!») деген үнпарақ таратып, халықты отаршылдарға қарсы саяси күреске шақырған. Үнпарақ алғашқы нұсқасында қазақ тілінде жазылып, жарияланған. Кейін партия тыңшылары қолдарына түсіріп, орыс тіліне аударатқан. Біздің қолымызға Қазақстан Республикасы мұрағатындағы орыс тіліне аударылған нұсқасы түсті. Үндеу 6 пункттен тұрады. Оның қысқаша мазмұны төмендегідей:

«КӨТЕР ҚАЗАҚ БАСЫҢДЫ!» (НЕМЕСЕ «ОЯН, ҚАЗАҚ!»)

- Қазан төңкерісі ұлттардың өзін-өзі басқаруына құқық бергелі 11 жыл өтті, өзін-өзі басқару құқығын алған ұлттардың бірі — Қазақ автономиялық республикасы, алайда қазақтар ұлттық еркіндік алған жоқ, бүгінгі күнге дейін оларды орыс бұзақылары басқарып отыр

- Олар алдына әлемдік революцияның авангарды болуды мақсат етіп, Қазақстанда әр түрлі науқандар ұйымдастыруда, соның бірі астық дайындау науқаны.....

- Қазақстан еңбекшілері әлі де отарлық езгіде, бір ғана мысал, қазақ өзі үшін, өз мүддесі ескерілген бір заң-жобасын жасап па еді?! Жоқ!

- Оқу орындарындағы қазақ жастарына тәрбие беру — орыс мәдениетіне бағындыру принципіне негізделген. Жастарды мәдени дамуға жетелеу дегендері қазақты алдау.

Қазақ жастары! Біздің ұлттық принципімізді ұмытпаңдар! Жолдан тайып, орыс авантюристеріне ерсек, қапы қалғанымыз!

- Отаршылдар «Қазақстандыру» деген жалған ұран көтеруде, оған дәлел билік басына клең орыс ұлтының өкілдерін отырғызуы. Қазақ халқының ең болмағанда, мыңнан бір тілегі орындалып отыр ма?!

- Николай патша кезіндегі саясат салдарынан өз жерлерінен қуылып, қазақтың тауы мен орманына орналасқандармен арадағы реніш Қазан төңкерісінен кейін ұмытылар деп едік, алайда ол бұрынғыдан да ушыға түсті...

Қазақтар ешқандай да теңдікке жеткен жоқ. Оған фактілер дәлел.

«САНАЛЫ — АЛТЫ — АЛАШ» өкілдері орыс авантюристері мен қазақты сатқандардың жәбірлеуіне қарсы, ашық саяси күреске шақырады!

«Жасасын әділ «Алаш» ұйымының бірлігі!»

«Қой терісін жамылған қасқырлар, қан сорғыш орыс авантюристеріне өлім!»

«Қазақ ӘЛЕУМЕТІНІҢ бірлігі жасасын!»

«Жасасын «ҚАЗАҚШЫЛДАР» ұйымы!»

«ҚАЗАҚШЫЛДАР» ұйымы. Шымкент қаласы [7, 119 п.].

Бұл дерек «Ф.Голощекиннің жеке материалдары» деген бумада, Қа-

зақстан Президенті мұрағатының 141 қорындағы 17 тізбедегі, 254 істе тіркелген. Коммунистік партия белсендісі Ә. Байділдин: «Ерте кезде Түркияда Әбдіхамит сұлтаннның заманында «Жас Түрік» атты ұйымдар болған. Олар жастар қозғалысына басшылық етіп, жаңа пікір таратпақшы болған. Жалғыз түрік емес өзіміздің қазақтада сол болды ғой. 1914-1915 жылдарда әсіресе 1917 жылдан кейін, «Алаш орда» кезінде қазақ елінің әр жерінде-ақ «Жас қазақ» ұйымдары ашылған болатын. Бірақ, олардың дені жас қазақ тонын жамылып алып, «қарт қазақтың» пікірін таратқан болатын» [8] – деп жазды. Партиялық жауапты қызмет атқарған Ә. Байділдин сөзінен, ресми биліктің жастардың бас көтерулерінен сескеніп, ұлттық бағыттағы шығармаларға қарсы күресті үдете түскенін байқалады. Жастар мәселесін көтеріп, баспасөзде пікір білдірген, өлең арнаған С.Сәдуақасов пен М.Жұмабаев шығармашылығына қарсы саяси-идеологиялық күрестің үдете жүргізілуі де соған дәлел. С.Сәдуақасов өзінің 1929 жылы «Огонек» баспасынан шыққан «Жас Қазақстан» деген кітабында қазақ ақын-жазушылардың еңбектерін орыс тіліне аударып, соңғы уақыттағы Қазақстан жазушыларының көркем сөздері деп, Мағжан, Мұхтар, Жүсіпбек және басқалардың еңбектерін бергені және кітаптың алғысөзінде алаш ордашылардың шығармаларын мактағаны [9] үшін қуғындалса, Мағжан Жұмабаев:

«Қалың елім, қалың қара ағашым,
Қайраты мол, айбынды ер алашым,
Сырың берме әлі-ақ құлар, сабыр қыл,
Ақымақтар байқамай жүр шамасын!» –

деп төңкеріске қарсы жазған «Сағындым», сондай-ақ, «Бостандық», «От», «Күншығыс», «Пайғамбар», «Жолдасқа», «Жаралы жан» өлеңдері үшін ұлтшыл, байшыл атанды. Коммунистер Мағжанның кертартпа, байшыл ақын екендігі жалғыз Қазақстанға ғана емес, бүкіл Кеңестер одағына, жер жүзіне белгілі [10] деп жазды. Алаштың азаматтары әлі аттан түсе қойған жоқ [11, Б. 15] деп, олардың өзімен де, идеясымен де күресті. Одақтық пролетариат ықпалынан шығып, өз алдына мұсылман елінің коммунист партиясын жасауға немесе Шығыстық Кеңес елінде Түрік жұртының құрамасын жасауға ұсыныс кіргізген беталыс бар⁴, түрікшілдік пікір партия ұйымдары арасынан жақтастар, ниеттестер тауып, коммунистердің билігіне қауіп төндіреді [12] қашанда болсын, ұлтшылдар, байшылдар «түрік» туын қолына алып, «күншығыс» деп келді [13] деген кеңестік коммунистер Татарстандағы сұлтанғалиевшылдыққа, Башқұртстандағы уәлишілдікке, Қырымдағы ыбырайымшылдыққа, Өзбекстандағы діншілдікке, қазақ әдебиетіндегі Мағжаншылдыққа, түрікшілдікке қарсы тұрды. XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі түрікшілдік пен исламшылдық (жадидшілдік) идеялары ағартушылық сипаттағы, ғылыми-философиялық, этикалық мектеп, басқаша айтқанда мәдени бірігу жолындағы күрес тәсілі [14, 15 с.] болатын.

Осы кезде Мағжан Жұмабаев өлеңдері Париж қаласынан шығып тұрған Мұстафа Шоқайдың «Жас Түркістан» журналы арқылы, түркі тілес халықтар арасына ғана емес, еуропа елдеріне де тарап жатты. «Жас Түркістан» журналының 1929 жылғы № 1 санында «... атамекеніміздің түкпір-түкпірінде жастарымыздың жадында жатталып, аузынан түспей айтылып келе жатқан дұғадай қасиетті өлең» [15, Б. 30-32] – деп «Түркістан» өлеңін басты.

4 Сұлтанғалиевшылдық, рысқұловшылдық

1930 жылғы №3-4 санына «Алыстағы бауырыма» деген өлеңін басып, «Мағжанның «алыстағы бауыры» Анадолы түріктері екені кімге де болса белгілі. ... Біз құл болып тұра алмаймыз. Біз ұлт азаттығымызды аламыз. Мәскеудің «азабынан» құтылып, ұлт азаттығымызға тезірек қол жеткізетін бір ден-бір дұрыс жол – түрікшілдік жолы. Міне, сондықтан да Мағжанның «Алыстағы бауырыма» деп аталатын өлеңі түрікшілдік идеясы үшін ең құнды және ең пайдалы өлең» [16, Б. 60-62] – деген пікір білдірді. Ұлт зиялысы Мұстафа Шоқай: «Батыс білімін» «Шығыс рухымен» ұштастыру үстіндегі Түркия тәжірибесі біз үшін аса құнды, дүние тарихында бұрынды-соңды көтерілмеген жетістіктердің түпкі себептері – Түркия ұлттық күштерінің Еуропа тәрбиесін алған түрік зиялылары мен шығыс зерделі зиялылары түркі менталитетін сәтімен үйлестіре алуында» [17, Б. 157] – деп түсінді. Әрине, Мағжан Жұмабаев шығармашылығының шетелдерде насихатталуы кеңестік билікке ұнамады, әрі үрей туғызды. Сондықтан коммунистер мазмұны «байшыл-буржуазиялық, контрреволюционер, еңбекші қазақ үшін зиянды» [18, 16 п.] Мағжан Жұмабаевқа және оның шығармашылығына қарсы шабуылды үдете түсті. КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің жанындағы ОГПУ-дың (Біріккен Мемлекеттік Саяси басқарманың – Д.М.) коллегиясының 1930 жылдың 4 сәуіріндегі қаулысы бойынша:

... Жұмабаев Мағжан, Омаров Елдес, Битілеуов Дамолла – «Алқа» атты жасырын, ұлтшыл үйірме құрғаны үшін;

РСФСР қылмысты істер кодексінің 58 статьясының 4, 11 тармағына сәйкес жазаның ең аур түріне кесіліп, ол жаза 10 жыл концентрациялық лагерьде өтеу туралы үкіммен алмастырылды [19, Б. 11]. Сөйтіп, ақын-жазушы, тарихшы, ұстаз, журналист, аудармашы – Мағжан Жұмабаев Карелия орманындағы концлагерьге жөнелтілді.

Мағжан Жұмабаев жазасын өтеп жүріп, бір кездері «Сұңқар жыры», «Жұртын сүйген жүрек», «Ана» және басқа да әңгімелерін қазақ тіліне аударған орыс жазушысы М. Горькийге хат жазып, көмек сұрады. Ақынның тілегіне орай, Екатерина Павловна Пешкова М.Горькийдің атынан тиісті орындарға Мағжан Жұмабаевты тұтқыннан босату туралы хат жазған. Соның нәтижесінде, КСРО Орталық Атқару комитеті Президиумының 1934 жылғы 14 мамырдағы қаулысына сәйкес, ақынның тұтқын жазасын өтеу мерзімі жеті жылға дейін қысқартылды. Мағжан Жұмабаев 1936 жылдың 2 маусымында еңбекпен түзету лагерінен босатылып, Қызылжарға келеді. Онда жұмыстың ыңғайы келе бермегенге ұқсайды, алғашқыда 20 күндік мұғалімдер курсына оқытушы, орыс мектебінде орыс тілі мен әдебиетінен мұғалім болып қызмет жасаған. 1936 жылдың күзінде, Мағжан Жұмабаевтың бұрынғы шәкіртті Сәбит Мұқанов Қызылжарға келіп, ақынды іздеп барып, жолығып, Алматыға шақырады. XX ғасырдың 30 жылдары елдегі саяси науқандар аса асқынған жылдар болатын. Мағжан Жұмабаев бұл ұсынысқа көп ойланды. Жұбайы Зылиха да Алматыға барғысы келмеген сыңай танытқан. Алайда, ақынды Қызылжарда да шолық белсенді коммунистер тыныш қалдырмады, саяси себептерге байланысты оқытушылық қызметінен қуылды. Аумалы-төкпелі кезеңде орталыққа барып, еліме қызмет етудің жолдарын қарастырсам, шығармашылықпен айналыссам, мүмкін ондағы зиялы орта мені қабылдап, қадамыма жол ашар деген бір үміт, бір күдікпен Мағжан Жұмабаев 1937 жылдың 20 ақпанында Сәбит Мұқановқа былай деп,

«Мен Қазақстанға жаңа жолға түскенімді өз қалам күшіммен көрсетсем деген тілекпен оралдым. Қалай болғанда да орталыққа жетуім керек деп шештім. Егер жолға қаражат тапсам, орталыққа баруды ойлап отырмын. Әрине, өз халімнің мүшкілдігін айта отырып, сені де бірдене міндеттегім келмейді. Сізге осылай жазуға қазіргі халім мәжбүр етіп отыр. Кешіріңіз» [20, Б. 78]. Сөйтіп, Алматыға барып, еңбек жолын жалғастыруға бел буды. Алматыда да алдынан саяси-әлеуметтік кедергілер кез келді. Баспана мәселесі, жұмыстың ыңғайы болмау және басқа да көптеген қиындықтарды бастарынан өткерді. Бәрінен де ең азаптысы НКВД-ның 1937 жылдың 30 желтоқсаны күні Мағжан Жұмабаевты қайта тұтқындауы еді. Кеңестік әміршіл-әкімшіл жүйе ұлтын сүйген ұлы тұлғаны 1929 жылы «Алқа» ұйымын ұйымдастырды деп соттаса, бұл жолы Жапонияның шпионы деген жала жапты, 1938 жылдың 6 қаңтарында «кінәсін» мойындатып, НКВД 1938 жылдың 11 ақпаны күні Мағжан Бекенұлы Жұмабаевты ату жөнінде шешім шығарды (хаттама № 377). Ал, 1938 жылдың 19 наурызында үкім жүзеге асырылды. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы жарық жұлдыздарының бірі – Мағжан Бекенұлы Жұмабаев ақты қара, қараны ақ деп түсіндірген зорлық-зомбылық дәуірдің құрбаны болып кете барды.

«Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?

Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?» [21, Б. 59] –

деп асқақ рухты жыр жазған ақынның өмірі мен қызметі, шығармашылығы «жабық» құжат болып, жарты ғасыр бойы туған халқыннан жасырын сақталды. Сондықтан кеңестік кезеңдегі жас буын Мағжан Жұмабаевтың жеке тұлғасын, шығармаларын білмей өстік.

Реті келгенде айта кетейік, Мағжан Жұмабаев есімін атамаса да оның еңбектерінен үзінді беріп, зерттеулерінде пайдаланған ғалымдар болды. Соның бірі, қазақтың зор ғалымы Ақжан әл-Машани (Машанов). Ол өзінің «жердегі тіршіліктің пайда болу және дамуы», «таулар қалай пайда болды» деген мәселелерді қарастырған, академик Қ.Сәтбаевтың алғы сөзімен 1948 жылы жарыққа шыққан «Жер сыры» деген еңбегінде (кітаптың 114 бетінде) Мағжан Жұмабаев шығармаларынан үзінді бергені үшін айыпталды. Ғалым аталған еңбегінде өлеңнен үзінді беріп, автордың аты-жөнін атамаған болатын. Алайда, бұл жолдар «контрреволюционер, алашордашы Мағжан Жұмабаевтың 1923 жылы Ташкентте шыққан жинағының 192 бетіндегі өлеңмен бірдей» [22, 67 п.] – деп кітаптағы өлең авторы кім екенін анықтап, Ақжан Машановтың мәселесін Қазақ КСР Ғылым Академиясының партия бюросы мәжілісінде қарады. Бұл құжаттың өзі ұзақ жылдар бойы «Күпия» деген белгімен жабық сақталды. Ғалым А.Машанов Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерін жақсы білген деп айтуға негіз бар. Себебі, оның әл-Фарабиды ашуына да Мағжан өлеңі себеп болғанға ұқсайды. М.Жұмабаев өзінің «Түркістан» деген поэмасында:

«Тұранның кім кеміткен музыкасын,
Фараби тоғыз шекті домбырасын
Күңіrentіп тоқсан тоғыз күй тартқанда,
Тебіреніп кім төкпеген көздің жасын» –

деп жырлайды. Мағжан Жұмабаев Уфадағы медресе Ғалияда оқып жүрген кезінде Ш.Маржани еңбектерінен әл-Фараби туралы оқып, білген болса керек.

Өткен ғасырдың 50-ші жылдарының соңында бұған дейін есімдерін атауға, шығармашылық мұраларын жариялауға қатаң тиым салынған XX ғасыр басындағы ұлт зиялылары, олардың қоғамдық-саяси, тарихи-әдеби және ғылыми мұралары халқымен қайта қауыша бастады. 1957 жылдың 8 шілдесінде Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитеті «Қазақ халқының әдеби-поэзиялық және музыка мұрасын зерттеуді сын тұрғысынан қарап пайдаланудың жайы және оларды жақсарту шаралары туралы» қаулы қабылдады. Халықтың тарихына, жалпы мәдени мұраларға деген нигилистік көзқарастар мен жеке адамға табынудың салдары ұзақ жылдар бойы үстемдік етіп, тыйым салынған тарихи шығармаларға, классикалық рухани мұраларға аздаған болса да сәулесін түсіріп, нәтижесінде бұрындары зерттеуге тыйым салынған 300-ге жуық батырлар жыры, көне дәуірдегі ақын-жыраулар шығармалары, ғылыми айналымға түсе бастады. Алайда, Мағжан Жұмабаев және басқа да ұлтшыл, байшыл атанып, саяси қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ зиялыларының еңбектеріне теріс саяси баға берілді, кеңестік кезеңдегі қазақ жастары, қазақ кеңес интеллигенциясы олардың қазақ әдебиетіндегі ұлтшыл бағытымен ымырасыз күрес жүргізу рухында тәрбиеленді. Олардың авторлық еңбектерінен бөлек, аудармаларының өзін де⁵ пайдалануға, ғылыми айналымға енгізуге тыйым салынды [23, 76 п.]. Баспа өнімдері үнемі саяси-идеялық тексеруден өткізіліп, кітапханалар қоры зиянды кітаптар мен журналдардан тазартылды, «зиянды» деп табылғаны жабық қорға берілді немесе жойылды. 1953-1954 жылдары жүргізілген «саяси зиянды» шығармалардан кітапханаларды тазарту науқанында кітаптар, мақалалар, авторфераттар ғылыми айналымнан алынған болатын. Полиграфия және баспа ісі секторы, 1953 жылдың 17 қыркүйегі мен 25 желтоқсаны аралығында жасалған тізімді негізге ала отырып, 1954 жылдың 11 қаңтарында Қазақстан КП ОК комитетінің алдына ғылыми айналымнан алынуға тиісті еңбектердің тізімін және қысқаша сипаттамасын жасап, 1930 жылдары шыққан кітаптарды партия бюросында қарамай-ақ, ғылыми айналымнан алып, кітапханалардың жабық қорына беру жөнінде ұсыныс жасаған [24 , 219 п.].

Ал, И.Сталин өлгеннен кейінгі «жылымық» жағдайында ақын-жазушы, аудармашы, ұстаз Мағжан Жұмабаев шығармашылығын ақтауға талпыныс болды ма? Арнайы сараптамалық комиссия құрылды ма? Оның құрамында кімдер болды және қандай қорытынды шығарды? Бұл мәселеге арнайы тоқталып отырған себебіміз, бізге белгілі зерттеулерде 1950 жылдардың соңында Мағжан Жұмабаевтың азаматтық тұлғасы ақталды, алайда шығармаларын жариялауға тыйым салынды дегенмен шектелетіні. Сондықтан да біз осы ақтандақтың орынын толықтыру мақсатында, «Аса құпия» деген белгі басылып, бұрын сонды жарияланбаған, Мағжан Жұмабаевқа қатысты Қазақстан Республикасы Президенті мұрағаты қорындағы деректі назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Қазақстан Республикасы Президенті мұрағаты қорының 708 қорының 33-тізбесіндегі 364 істе⁶ «Аса құпия» деген белгімен, әдебиетшілер тобы


5 М.Жұмабаев та В.Ленин шығармаларынан бастап, бірқатар орыс тіліндегі шығармаларды қазақша аударған болатын

6 Іске 1960 жылдың 5 қаңтары – 26 желтоқсаны аралығындағы құжаттар тігілген.

дайындаған қорытынды тіркелген. Бұл құжат Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің өтінішімен әзірленген.

235

1959 жылдың 10 желтоқсанында 1938 жылы қуғын-сүргінге ұшыраған Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы әдебиетшілерден құралған сараптамалық комиссия жасақталып, жұмысын бастады. Комиссия құрамында 6 адам, олар: Әбділда Тәжібаев, Ысқақ Дүйсенбаев, Мұхтар Жанғалин, Есмағамбет Исмаилов, Ғалым Ахметов, Сырбай Мәуленов.



Сараптамалық қорытынды қалай дайындалды? Мағжан Жұмабаев шығармалары толық қамтылды ма? Осы мәселені анықтап алайық.

Мағжан Жұмабаев еңбектері 1911-1926 жылдар аралығында⁷ өткен ғасыр басындағы «Қазақ», «Ақ жол», «Сарыарқа», «Тілші», «Бостандық туы», «Еңбекші қазақ» газеттері мен «Айқап», «Абай», «Шолпан», «Сана», «Темір қазық», «Жаңа мектеп» журналдарында, 1913 жылы «Шолпан» деп аталған шағын жинағы мен 1923 және 1925 жылдары Ташкент қаласында ақынның (159 өлеңі басылған) өлеңдер жинағында, балаларға арналған «Терме» деп аталған кітаптарында жарық көрген. Алайда, сараптама жасау барысында М.Жұмабаевтың поэзия, проза, көркем аударма еңбектерінің барлығы дерлік қамтылмаған, сараптамалық комиссия негізгі деп тапқан 23 өлеңіне, «Шолпан» (Қазан, 1913) және «Өлеңдер жинағы» (Ташкент, 1923), балаларға арналған «Терме» (Ташкент, 1925) еңбектеріне, сонымен қатар үш аудармасына шолу жасаумен шектелген.

Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне дайындалған, «Аса құпия» сараптамада, «М. Жұмабаевтың 1938 жылы не себепті жауапқа тартылғанына келер болсақ, ол туралы еш нәрсе

⁷ 1925 жылы Мағжан Жұмабаев шығармаларын баспасөз бетінде басуға тиым салынған болатын.

236 айта алмаймыз, оның себебі: 1938 жылы ол нақты не үшін айыпталып, не үшін жауапқа тартылды, ақындық шығармашылығында контрреволюциялық сипат болғаны үшін бе, контрреволюциялық алашорда партиясында болғаны үшін бе, әлде кейінгі кезеңдерде кеңеске қарсы нақты бір ісі болды ма, білмейміз» [25, 123 п.]. – деп саяси тұрғыда айыпталып, қуғындалуы туралы ешнәрсе жазбаған. Сарапшылар ақынның 1913-1926 жылдардағы⁸ шығармашылығына шолу жасай отырып, «идеялық негізі ұлтшыл-буржуазиялық, контрреволюциялық болған»⁹, «XX ғасырдың басында әдебиет әлеміне қадам басқан Мағжан Жұмабаев жас қазақ буржуазиясының идеологы ретінде, декаданс¹⁰ ағымының нағыз ізін жалғаушы» болды деген баға берілген. М. Жұмабаев шығармашылығы арнайы әдеби зерттеулер шеңберінде, республиканың ғылыми мекемелері Қазақстан Жазушылар Одағының қатысуымен қазақ кеңес әдебиеті дамуының алғашқы кезеңіндегі буржуазиялық ұлтшылдармен аяусыз идеялық күресті түсіндіру үшін, тек қана сын тұрғысынан қарастырылуы мүмкін екені [25, 123 п., 125 п.] баса айтылған. Зерттеушіден аса қырағылықты талап ететін мұндай «зерттеудің» ұзақ уақыт алатыны да ескертіліп өткен екен.

Алтаудың қорытынды сараптамасында «қазақ кеңес жастарының, қазақ кеңес интеллигенциясының толықтай бір буыны қазақ әдебиетіндегі ыдырушылық, формалистік, ұлтшылдық бағытына қарсы күрес рухында тәрбиеленді, бұл бағыттың жарқын өкілі кезінде Мағжан Жұмабаев болған» деп жазылғандай, тоталитарлық жүйенің қазақ зиялыларын бір-біріне қарсы қойған идеялық күресінің, қалыптасқан кеңестік интеллигенция өкілдерінің жеңісінің көрінісі іспетті еді. Құжаттың соңында алты адамның аты-жөні жазылып (Ө. Тәжібаев, Ы. Дүйсенбаев, М. Жанғалин, Е. Исмаилов, Ғ. Ахметов), бес адам қол қойған, бір адамның қолы қойылмаған, ол, ақын – Сырбай Мәуленов.

Ресми билік Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығын ғылыми айналымға шығару туралы қандай шешімге келді?

Қазақстан жазушылар Одағы Басқармасының хатшысы Әбділда Тәжібаев сараптамалық комиссия жұмысы қорытындысының бір данасын, ақпарат беру мақсатында, «Аса құпия» деген белгімен Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің хатшысы Нұрымбек Жанділдинге жолдаған екен. Бұл құжат «Айрықша секторға» 1960 жылдың 21 мамырында келіп түскен, № 1459с. Ілеспе хаттың бұрышына «Қазақстан ОК КП айрықша секторына қайтаруға жатады» деген қызыл мөр басылған. Бұл құжатқа Нұрымбек Жанділдин 1960 жылдың 3 маусымында: «Бөлім қызметкерлері танысты. Алаш ордашының шығармашылығын зерттеу қажет емес. Іске тіркелсін» [25, 122


8 Алғашқы еңбектеріне 1911 жылдардан жаза бастаған

9 Бұл сөйлемдердің астын арнайы партия мекемелері қызыл қарындашпен сызыпты

10 Декаданс (фр. *dekadence* - түңілу) — XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғ. басындағы өмірден түңілу, келешектен үмітсіздікке бой алдыру сарындары, дара тұлғалардың жекеленуі байқалғанын білдіретін, Еуропа мәдениетінде көрініс тапқан тоқырау құбылысының жалпы атауы.

XX ғасырдағы модернизм ұғымымен байланыстырылған кейбір бағыттардан декаданс өзінің ерекшеліктерімен өзгешеленеді. Декаданс аумалы-төкпелі замандағы адамның құлазыған көңіл-күйін ашып көрсетуге ұмтылу, қоғамдық талас-тартыстан алшақтап, дарашылдық, сыршылдық сезімге бой ұрады. Төңкерістік бағыттағы үдерістердің қоғамды соқыр сенім үстінде қиратуға бағыттағанын көріп, декаданс — бағыттағы суреткерлер торығу күйін кешті. Декаданс бағытындағы суреткерлердің көзқарасы бойынша кез-келген таптық күрес пен қоғамдық прогресс формасының мақсаты қоғамдағы қатынасты қайшылыққа әкеледі деп таниды.

п.] – деп бұрыштама қойыпты. Сонымен, ақын-жазушы, ұстаз, ұлт зиялысы Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы туралы жартыкеш, шала жасалған сараптама қорытындысы Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетін қанағаттандырды. Себебі олардың күткені де осындай, ресми билік пен орыңқан саяси жүйені қанағаттандыратын «сараптама» болатын.



Сараптамалық комиссия мүшелері ақын шығармашылығы кеңестік кезеңде, қазақ кеңес әдебиеті дамуының алғашқы кезеңіндегі буржуазиялық ұлтшылдармен аяусыз идеялық күресті түсіндіру мақсатында, тек қана сын тұрғысынан, ұзақ әрі тиянақты зерттелуі мүмкін деп, яғни таптық-партиялық методология шеңберінде ғана қарастырылуы тиіс деп қорытынды жасаса, ресми билік ақын шығармаларын оқуға, зерттеуге, ғылыми айналымға шығаруға қатаң тыйым салды. Сонымен қатар, мектептерде, жоғары оқу орындарында, ғылыми мекемелерде Мағжан Жұмабаев шығармашылығын оқу, зерттеу мәселесі қатаң қадағаланды, жоғарыда аталған «Аса құпия» белгі басылған құжатпен Қазақстан КП ОК ғылым, жоғары оқу орындары, мектеп бөлімінің меңгерушісі де танысты.



Ресми органдар 1960 жылдың 13 шілдесінде Мағжан Жұмабаевтың азаматтығын ақтады, алайда Жазушылар одағының М.Жұмабаев жөнінде шығарған арнаулы қаулысынан соң ақын өлеңдері «зиянды» деп табылып, жиналынбады, зерттелінбеді.

Қазақ халқы үшін бұл шешімнің қандай зияны болды?


Кеңестік тоталитарлық жүйенің саяси қыспағы салдарынан бір ұрпақ тұтастай рухани мұралардан көз жазып қалды, ұлттың өсіп-өркендеуіне ықпал етер рухы мықты еңбектер архивтерде шаң басып жатты. Алаш зиялыларының ұлттық рухта жазылған еңбектерінің орынын қазақ халқына жат, коммунистік идеология, таптық-партиялық методология алып, осы бағытта тәрбие көрген ұрпақ өсіп келе жатты. Коммунистік идеологияға жат,

238 алашордашыл деп танылған тұлғалардың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі, шығармашылығы елу жылдай объективтік тұрғысынан қарастырылмады. Бауырлас түркі халықтарын бөлшектеп билеу саясаты нәтижесінде, түбі бір түркі халықтарының туыстық, достық және рухани байланыстары әлсіреді. Бұл ұлт тарихының тұтас бір кезеңін ақтандаққа айналдырды.

Алаш зиялысы Мағжан Жұмабаевтың мұрасын ақтау туралы мәселе елу жылдан кейін, 1988 жылдың 19 қазанында қайта көтерілді [26].



1988 жылы 4 қарашада Жоғарғы соттың қылмысты істер жөніндегі алқасының мәжілісінде «Кеңес өкіметін қарулы көтеріліс арқылы құлату мақсатында ұйымдасқан «Алашорда» қайраткерлерінің контрреволюциялық, террористік астыртын құпия ұйымын әшкерелеу ісіне» қатысты сот үкімі қайта



Іргесі ХХ ғасырдың 30 жылдарында-ақ қаланып үлгерген Мағжантану ілімі (Мағжан Жұмабаев)¹¹ ұзақ үзілістен кейін қайта жалғасын тапты. Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы деректер жарыққа шығып, зерттеулер жазылды. Ұлт тарихын объективтік тұрғыдан зерттеп-зерделуге мүмкіндік туып отырған қазіргі таңда оның ақындық, педагогтық, жазушылық, қайраткерлік қырлары зерттеліп, өмірі мен шығармашылына қатысты көптеген ақтаңдақтар ашылууда, шығармалары өз елінде ғана емес, бауырлас түркі халықтар арасында да танымал және түркі халықтарына ортақ тұлға ретінде құрметтейді. Сонын нақты көрінісі бүгінгі халықаралық симпозиумда бас қосуымыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. 1 – том. Өлеңдер, дастандар, әңгіме. – Алматы: Жазушы, 2008. – 208 б.
2. Движение Алаш: Сборник материалов судебных процессов над алашевцами. – В Т 3. – Алматы: ОФ «Дегдар», 2016. – Т. 2. – 400 с.
3. Лекеров А. Борьба партийной организации Казахстана с уклонами и группировками в восстановительный период и при переходе к реконструктивному периоду / Сборник статей и материалов из истории партийного строительства в Казахстане. – А – Ата, 1936. – 172-198 с.
4. Ешкімнің қол шоқпары бола алмаймыз // Еңбекші қазақ. – 1930. – 21 апрель. - № 319

¹¹ Мағжан Жұмабаев - қазақтың ұлы ақыны. Ол 1893 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданының «Молодежный» совхозы жеріндегі Сасықкөл мекенінде іргелі, әйгілі шаңыраққа дүниеге келген. Өз әкесі Бекен, бабалары Жұмабай қажы, Шонай, Өтеген, Өтеміс – бәрі де исі Атығай ішінде даңқы шыққан белгілі адамдар.

5. Қайыпназарұлы М. Смағұлдар жолы – байшылық жол // Еңбекші қазақ. – 1928. – 20 май. - № 111(1139)

6. Қазақстан Өлкелік партия ұйымы Өлкелік Комитет конференцияларының және пленумдарының қарарлары мен шешімдері (1928-1937) – А: Қазақстан, 1988. – Т.2. – 412 б.

7. ҚР ПМ. – 141 қор. – 17 тізбе. – 254 іс. – 119 п.

8. Бәйділдеұлы Ә. «Жас Қазақстан» тонын жамылған «сәдуақасовшылық» // Еңбекші қазақ. – 1929. – 10 апрель. - № 80(1409)

9. Сәдуақасұлы Смағұл баяғы жолында // Еңбекші қазақ. – 1930. – 27 январь. - № 1626(21)

10. Бәйділдеұлы Ә. «Жас Қазақстан» тонын жамылған «сәдуақасовшылық» // Еңбекші қазақ. – 1929. – 10 апрель. - № 80(1409)

11. Сырғабекұлы Н. Совет мекемелерін тазалау туралы // Қызыл Қазақстан. – 1929 - № 6(86)

12. Таболов Ұлт саясатындағы оңшылдық ағым // Еңбекші қазақ. – 1929. – 9 август. - № 156(1485)

13. Сызықұлы Ж. Сұлтанғалиевшілдық // Еңбекші қазақ. – 1929. – 16 декабрь. - № 263(1592)

14. Расулзаде М.Э. О пантуранизме // Тюркский мир. – 1991. – № 1. – с. 15

15. Түркістан ақындарынан / Шоқай М. Таңдамалы шығармалар: Үш томдық. 1-т. – Алматы: «Қайнар» баспасы. – 2007. – 352 б.

16. Түркістан ақындарынан / Шоқай М. Таңдамалы шығармалар: Үш томдық. 1-т. – Алматы: «Қайнар» баспасы. – 2007. – 352 б.

17. Ұлттық зиялы / Шоқай М. Таңдамалы шығармалар: Үш томдық. 1-т. – Алматы: «Қайнар» баспасы. – 2007. – 352 б.

18. ҚР ПМ. – 141 қор. – 1 тізбе. – 2245 іс

19. Движение Алаш: Сборник материалов судебных процессов над алашевцами. В 3 Т. / – Алматы: ОФ «Дегдар», 2016. – Т.1. – 424 с.

20. Елеуқенов Ш. Мағжан Жұмабаев / Ұлттық поэзия падишасы: Ұлы ақын Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармагерлігі туралы / Құраст. Ф.Қ. Бектурбекова. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2001. – 175 б.

21. Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. 1 – том. Өлеңдер, дастандар, әңгіме. – Алматы: Жазушы, 2008. – 208 б.

22. ҚР ПА. – 708 қ. – 11 тізбе. – 1608 іс.

23. ҚР ПА. – 708 қор, 16/2 тізбе, 160 іс.

24. ҚР ПА. – 708 қор, 26 тізбе, 343 іс.

25. ҚР ПМ. – 708 қор, 33-тізбе, 364-іс. - 123 п.

26. ҚР ПМ. – 122 қор, 1-тізбе, 155-іс. - 10-25 п.

27. ҚР ПМ. – 122 қор, 1-тізбе, 155-іс. - 25 п.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ЖӘНЕ «АҚ ЖОЛ» ГАЗЕТІ

«Ақ жол» газеті – қазақ тіліндегі алғашқы кеңестік басылымдардың бірі, Орта Азиядағы ұлттық межелеуге дейін, газет Ташкент қаласында шықты және Түркістан Коммунистік партиясы Орталық Комитеті мен Орталық Атқару Комитетінің органы болып табылды. Алайда басылымның ұстанған бағаты, онда жарияланған мақалалар ресми билікті қанағаттандырмады.

Тұрар Рысқұлов өзінің И. Сталинге жазған «құпия» хатында Алаш зиялыларының патша заманында да, 1917 жылдан кейін де Кеңес өкіметі мен большевиктер партиясына, Ресейге, орыс атаулыға қарсы болғанын айта келе «ескіше пішілген жас ақын» Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығына келіп шүйлігеді. Мәселе түсінікті болуы үшін Тұрар Рысқұловтың «Бұрынғы «Алашорда» мен «Бірлік туының» басты-басты қайраткерлерінің тізімі және сипаттамасы» деген хатына («Доклад об Алаш-Орде», 29/IV-24 г. г. Москва) назар аударайық¹².

... «Көрнекті контрреволюционерлер қатарынан Мағжан Жұмабаевты да көреміз. Оның керіартпа-контрреволюциялық мазмұндағы өлеңдер жинағы таяуда Туркгосиздатта, Қожановтың алғысөзімен басылып шықты. Осы жинақтың жарық көруіне байланысты «Ақжол» газетінде шыққан мақалада, Жұмабаев қазақ халқының екінші тарихи ақыны екендігі жазылған. Ол өз шығармаларында «құдай дегенді білмейтін, билікке ұмтылған таққұмарлар мен баққұмарларды өткір тілмен әшкерелейді...» делінген. Әрине, Госиздаттағылар қазақша тіл білмегендіктен, кітапты шығарып жіберген. Мағжанның «өлеңдерінде коммунизм туралы бір ауыз сөз жоқ» екендігінен жас «ақынның жау» екендігін таниды. Кеңес өкіметі қазақ арасында өз жұмысын толық жөнге қоюға үлгерген жоқ, міне осыны пайдаланған Алашорда идеологтары өз идеяларын жүзеге асырып, партияның беделін кемітуге күш салуда. Жас ақын Мағжан Жұмабаевтың мақалаларынан бастайын. Қожановтың ұсынысы бойынше оның суреті Қазақ ағарту институтының төрінде ілулі тұр, өзі Түркістан Республикасының стипендиясын алады. «Ақ жол» газетінің 1924 жылғы 25 ақпандағы 408 - санында оның «Жылқышы» деген өлеңі басылды. Даладағы соққын боранда (революцияны айтып отыр. – Т.Р.) жылқышыдан (жылқышы деп отырғаны – Алашорда көсемдері. – Т.Р.) бір топ жылқы (қазақ халқы – Т.Р.) бөлініп, ығып кетеді. Әрі қарай боран күшейе береді, күн суық, бәрі тоңа бастайды, айналаны аш қасқырлар (большевиктер. – Т.Р.)-орып жүр, ал, осы кезде малынан айырылып қалған жылқышы қайда кетті, дейсіз ғой? Ол да адасыпбасы ауған жақта жүр ме екен? Алында үлкен сай бар еді, әлде сонда жығылып жатыр ма екен? Әлде мерт болды ма, қардың астында қалды ма екен, батырымыз, боран болса сақ-сақ күліп өте береді-ау? Сорлының өлі денесін қарғадан басқа, кім көргендей? Ашынған аюдай арқы-

12 24 сәуір. Доклад т. Рыскулова И. Сталину о создателях газет «Бирлик туы» и «Акжол» г. Москва между 18 и 29 апреля 1924 г. советская власть и Туркестане начала и развивается совершенно в своеобразных условиях, ибо своеобразно было его прошлое. характер самой революции здесь, его основные действующие... Мақалада З. Тайшыбайдың қазақшаға аударған нұсқасы пайдаланылды. Мағжан Жұмабай өмірі мен шығармашылығының шежіресі. Ахметжанова Г. Б., Мәлікова С. З., К. Қ. Оспанов., З. С. Тайшыбай. – Северный Казахстан» баспасы, Петропавл, 2018 ж. Т. 1–2018. – 386 б. – Б. 150-153.

рап, аязды борағн күшейіп барады. Соңы жақсы болса екен. Алашорда идеясы арманда кетті ме әлде өлген жоқ па? Қаралы күндерде қайғырып еске алармыз», дейді автор Мағжан Жұмабаев.

«Ақ жолдың» I наурыздағы 10-санында сол М. Жұмабаевтың «Шойын-жол» деген өлеңі басылды. Мұндағы «теміржол» деп отырғаны – осыдан әлденеше жыл бұрын «даладағы ауылдарды» (Алашорданың қызметі мен бағдарламасын айтып отыр. – Т.Р.) басып өте салынған. Әрі қарай не болды. Сол ауылдардың үстінен салынған теміржол бітті ме? Қазақ халқы, әйелдері мен балалары оны қызықтап қарсы алды ма? Атты малшылар пойызбен жарыса шапты ма? Сол жаққа бара қалсаң, сол темір жолдың жайын біліп бер, бауырым! Егер, сен, оқырман, сол жаққа (яғни, қазақ даласына. – Т.Р.) бара қалсаң, осыны біліп қайт. Келген соң, сол жолдың қалай салынған тарихын айтып берерсің. Қанша жұрттың қанымен салынған жол ғой. Тексеріп көр, бітті ме екен, сол жол? Жол бойының халқы сол кездегідей, әлі де байқатты ма екен? Қабындағы астығы ортаймап па? Әлде, жақсы күндері келмесе кетті ме екен? Әлде қазақ жұрттының басына қасірет төніп, өзгерді ме екен? Бір кезде бал татыған сары қымыз сапырған бай қазақтар жоғалып, станса басында «ашы су» (арақ деген сөзі. – Т.Р.) ішіп жүр ме екен? Бақытсыз, бақсыз қазақ «сары итке» (орыстарды айтып отыр. – Т.Р.) бір тостаған сүтін саудалап, тіленіп жүр ме? Қызынан басқа сатары жоқ қайыршы (осы жоқшылықтың бәріне жазықты большевиктер деп түсіндіреді. – Т.Р.) қазақтың күні не болды екен? Осының бәрін көзіңмен көр де, қазақтың бұрынғы шат-шадыман күйлерін айтып бересің. Міне, жаңағы өлең осындай үгіт-шақырумен аяқталады. Мағжан Жұмабаевтың басқа көптеген шығармалары бар. Тұтас жинақ күйінде басылып шыққандары бар, олардың басынан аяғына дейін оқысаң, коммунизм туралы бір сөз таппайсың. Бұл өлеңдерінің аолтын арқауы – Алашорда идеясы, большевиктік принциптерді мұқату, марксизмді теріске шығару былай тұрсын, халыққа көмек беруді тілеп, Аллаға, басқа да қиял-ғажайып күштерге табынады. Жұмабаевтың шығармаларын таратуға Қазақстанда тиым салынған, осы тақырып бойынша Қожанов қазіргі («әлбетте «коммунистік») газеттердің бетінде Жұмабаевты жақтап Орынбормен нағыз пікірталас ұйымдастыруға дейін барды. Осы арада мынаны айта кеткен жөн. Қазіргі жастар, хат «Ақ жол» газетінің 385-санына берілген әдеби қасымшада Мағжан Жұмабаев орыстармен соғысқан Кенесарыны дәріштеп, «қорсылдаған шошқаларға» бағынған қырғыздарды сынға алады да, қазір (революциядан кейін. – Т.Р.) халық қайғы-мұңға бөленді, құдай тағала халықты қасыреттен құтқаратын Кенесары сынды батырды жібере гөр! деп жалбарынады танитын қазақтар маркстік, тіпті басқадай қазақ тілінде оқығысы келетін ғылыми әдебиеттерден мақрұм, ал, Қожанов басқарған бұрынғы «Бірліктіушылар» қазақша газет органын басып алып, ресми түрде өздері коммунист бола қалғансып, шала хат танитын қазақ жұртшылығы мен коммунистік жастарды патриархат-ұлтшылдық рухындағы идеализм мен дін сипатында жазылған Дулатовтардың, Жұмабаевтардың Бөкейхановтардың және басқалардың мақалаларымен суғаруда...¹³ [1, 45-70 с.] Тұрар Рысқұлов өз хатында ұлттық бағыттағы қазақ зиялыларының шығармашылығына бір

13 Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. – Сәуір 1920 – 1928 жж. Движение Алаш. Апрель 1920 - 1928 гг. Алматы: «Ел-шежіре», 2007. Т. 3. Кн.1. – 304 с. – С.144 – 164. Опущены часть I и частично II, содержащие сведения о трактовке И. Сталиным национальной политики и об истории возникновения Алаш-Орды; Полный текст РГАСПИ. Ф.17. Оп.85. Д.77. Л.204–229

244 жақты баға берді, алайда олардың қызметінің де, шығармашылығының да аясы Тұрар айтқаннан әлде қайда ауқымды болатын. Мәселен, Мағжан Жұмабаев 1911 жылғы «Айқап» журналының 2-санында

«Басқа жұрт аспан-көкке асып жатыр,
Кілтін өнер-білім ашып жатыр.
Бірі – Ай, бірі – Жұлдыз, бірі – Күн боп,
Жалтырап көктен нұрын шашып жатыр...»

деп өркениетті елдер қатарына қосылуды мақсат етіп жазған «Жатыр» деген өлеңінен бастап, осы басылымда «Шын сорлы» (№ 9), «Күз күні» (№ 12), 1912 жылғы сандарында «Жазғытұры» (№ 4), «Дала, қала» (№ 5), «Бұлбұл» (№ 7), 1913 жылғы «Қазақ» газетінде «Туған жер» (№ 5), «Орал тауы» (№ 7), «Қазақ» газетінің 1915 жылы «Көңіл» (№117), «Жарыма» (№121), «Есімде... тек таң атсын» (№ 134), «Зар» (№154), 1916 жылы «Дін үйреткенге» (№184), 1917 жылы «Орамал» (№ 218) деген өлеңдері, сондай-ақ, 1914 жылы «Айқап» журналының 22-санында орыс ақыны Мотиннің «Сибирские мотивы» кітабынан аударған «Кең дала» өлеңі басылды. Петропавлда 1918 жылдың 30 шілдесінен шыға бастаған «Жас Азамат» газетінің үшінші санына Мағжан Жұмабаевтың атақты «Жастарға» деген өлеңі, «Жас азамат» газетінің жетінші санында (15 қазанда шыққан) Ақмола облыстық земствосының мүшесі Мағжанның халық ағарту мәселелері бойынша земство белгілеген жұмыстар туралы «Земство» деген мақаласы, бұл басылымдардан өзге де «Сарыарқа», «Абай», «Кедей сөзі», «Бостандық туы», «Мир труда», «Сана», «Шолпан», «Еңбекші қазақ», «Тілші», «Жаңа мектеп» сияқты газет-журналдары мақалалары жарық көрді. Коммунистердің «Алашорданың» идеологиялық ықпалында болған басылым ретінде сынға алып отырған «Ақ жол» газетінің бетінде ақын Бернияз Күлеевтің қазасына байланысты «Бернияз Күлеев» (1923 жыл, 22 қаңтар), «Сұңқар жыры» (М. Горькийден алып қазақшаға аударған М. Жұмабаев, 1923 жыл, № 307), «Ана» (М. Горькийден алып қазақшаға аударған М. Жұмабаев, 1923 жыл, № 314), «Базар жырау» атты зерттеу мақаласы (1923 жыл № 374), «Жылқышы» (1924 жыл 25 ақпан № 408), «Қызыл жалау» (1923 жыл 29 маусым № 374) мақалалары басылды.

1917 жылдан Мағжан Жұмабаев қоғамдық-саяси жұмыстарға да араласа бастады. 1917 жылғы сәуірдің 25-нен мамырдың 7-не дейін Омбы қаласында Ақмола облыстық қазақ съезі өтіп, Ақмола, Атбасар, Көкшетау, Омбы және Петропавл уездерінен 250 делегат қатысқан болатын. Осы съезге Мағжан Жұмабаев та қатысты. 1917 жылдың маусымында Омбы мұғалімдер семинариясын бітіріп, Омбыда Ақмола облыстық съезінде қазақ комитетінің мүшелігіне сайланды, 21 – 26 шілде Орынбор қаласындағы жалпықазақ съезінде Ақмола облысынан Ресейдің құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. 1917 жылдың 28 қазанында Омбыда Ақмола облысы қазақтарының съезіне қатысып, бірінші Жалпы қазақ-қырғыз съезіне делегат болып сайланды.

1919 жылдың шілде айында Ақмола облысының атауы Омбы облысы деп өзгертіліп, 1919 жылғы 27 тамызда большевиктер Сібір аймағын түгел басып алып, өз билігін қайта орнатқан болатын. Мағжан «Сибирская кооперация» ұйымының мүшесі, әрі қызметкері болды. 1919 жылдың желтоқсанында Омбыда Сибревкомның «Азат Сібір» газетінің жанынан «Кедей сөзі» газетін ұйымдастыруға қатысты. 1919 жылдың соңы, 1920 жылдың басында Қызыл-

жарда, Ақмолада кеңес өкіметі қайта орнады да, Омбы губерниясы құрылды. Мағжан Жұмабаев пен Қошмұхамет Кеменгеров 1920 жылдың 10 қаңтарында Сібір ревкомы жанынан құрылған оқу бөлімінің аз ұлттар бөлімінің қазақ бөлімшесіне жұмысқа тағайындалды. 1 сәуірде Мағжан Жұмабаев Успен аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі міндетін атқаруға уақытша тағайындалды. 26 тамызда Қазақ Кеңестік автономиялы республикасы құрылып, бұрынғы Ақмола облысының аумағы орталығы Петропавл қаласы болған Ақмола губерниясының қарауына берілді. Осы жылдың қыркүйек-қазан айларында Сибревком өкілі ретінде Қызылжар уезінде халық санағын өткізуге келді. Мағжан Жұмабаев 1922 жылы аштықпен күрес жөніндегі Ақмола губерниялық төтенше комиссия төрағасының орынбасары болып тағайындалды. Мағжан Жұмабаевтың 1922 жылдың 11 маусым күні «Мир труда» газетіне «Голод в Сары-арке» деген мақала жазып, қазақ даласындағы аштықтың тұтас ұлтқа қатер төндіріп отырғанын көрсетіп, ащы шындықты жайып салады. Өкінішке орай Мағжан Жұмабаевтың осындай қайраткерлік қырлары да, хат иесінің назарынан тыс қалып қойды.

Жоғарыдағы Т. Рысқұловтың хатында айтылған Ташкентте шығатын «Ақ жол» газетінің 1924 жылғы 25 ақпандағы (№ 408) санында басылған Мағжан Жұмабаевтың «Жылқышы» деген өлеңінің мазмұны мынадай болатын.

Бораны – бөрі ұлып тұр,
Төбеттей тынбай үріп тұр,
Сын тағылды қаңтарға.
Аман ба екен жылқышы,
Аман ба екен жылқысы,
Малға барған жан бар ма?

Түтінді жерге тығатын,
Түкіріктен түйме тағатын
Аяз мынау шатынаған.
Хабар бар ма, мал қалай,
Малдағы жалғыз жан қалай,
Адам бар ма қатынаған?

Боран мынау қабандай
Арсылдаған шаба алмай,
Түбі қайыр болса игі.
Аяз анау жер тілген,
Ұша алмай анау құс өлген,
Жылқышы қасқа не күйде?

Бір бұта жоқ – айдала,
Аппақ кебін айнала,
Қалтиып қос тұр ма екен?
Құрт көжені сіміріп,
Тұмақты қойып жымырып,

... Бораны әлде даланың
 Бейітіндей баланың
 Қосын басып, жығып па?
 Қайран қасқыр – жылқышы,
 Ығыш кетіп жылқысы,
 Ол да бірге ығып па?

Долы, пері, жын боран,
 Сумандаған сұм боран
 Құлақ – мұрнын қарып па?
 Күші кете беріп пе,
 Үмітпен түнге төніп пе?
 Бір малта жоқ-ау ғарыпқа!

Жеңе ме, дүние-ай, тілсіз жау,
 Алдында бір сай бар еді
 Сол сайдан аман өтіп пе?
 Құлап әлде тап соған,
 Қарқ – қарқ күліп, басынан
 Боран жүріп кетіп пе?

Алас ұрып, ісініп,
 Есі кетіп жығылып,
 Есіл ер үсіп өліп пе?
 Ердің солай өлгенін,
 Қардың қалай көмгенін
 Құзғыннан басқа көріп пе?

Боран мынау қабандай
 Қатуланған қаба алмай,
 Түбі қайыр болса игі.
 Басында, өлсе, сайғақ жоқ,
 Өліміне айғақ жоқ,
 Жылқышы сорлы не күйде? [2, Б.]

Бұл өлеңді мысалға келтіріп, үзінділерін орысшаға аударып Тұрар Рысқұлов өзінің «И. Сталин жолдасқа» деп аталатын баяндамасына қосты. Мағжан Жұмабаев өлеңі жарияланған «Ақ жол» газеті Орта Азиядағы ұлттық межелеуге дейін, негізінен қазақ партия – кеңес интеллигенциясына арналып, Ташкент қаласында басылып шықты және Түркістан Коммунистік партиясы Орталық Комитеті мен Орталық Атқару Комитетінің органы болып табылды. «Ақ жол» газеті партия қойып отырған талап-тілектерге сәйкес ауыл тілшілерінің тұңғыш конференциясын өткізуді мақсат етіп, ұйымда-

стыру жұмыстарымен айналысып жатқанда, Мәскеуде қазақтың кеңестік билік жағдайындағы ұлттық басылымына қара бұлт төніп келе жатты. 1925 жылдың 7 сәуірінде өткен мәжілісінде Ташкент қаласынан шығатын «Ақ жол» газеті туралы мәселе қарады. РК(б)П Орталық Комитетінің қазақ тілінде алғаш шыққан кеңестік басылымдардың бірі «Ақ жол» газетіне ерекше мән беруінің бір себебі жоғарыда аталған Т. Рысқұловтың хаты болса, екіншіден газет басқа партиялық басылымдардан ұстанған ұлттық бағытымен ерекшеленді және басылым Түркістан республикасында шығып тұрғанына қарамастан, оқыған, беделді, зиялы азаматтар көп шоғырланған Қазақ республикасында көп таралды. Газет таралымы қарқынды өсіп, тиражы 7200-ден - 10000 данаға дейін жетті. Бұл Түркістан республикасындағы қазақ басылымы үшін үлкен таралым болатын.

1920-жылдардың екінші жартысынан партия-кеңес органдары жалғыз «Ақ жол» газетін ғана емес, жалпы мерзімді басылымдардың саяси-идеологиялық бағытын, редакциялардағы жауапты қызметкерлер мен жұмысшы, ауыл және әскери тілшілер жұмысын қатаң бақылауға алды. Қазақ Өлкелік Партия Комитетінің Баспасөз саяси бөлімі кітап, журнал, газет және басқа да баспа өнімдерінің мазмұнын жүйелі түрде тексеріп, ұсақ буржуазия ықпалындағы саяси сауатсыздыққа ермеу жағына баса назар аударды. Кітап-журнал және басқа да баспа өнімдерін шығару ісі және оның бағыт-бағдары, міндеттері бір жүйеге келтірілді. Мәселен, 1925 жылдың 7 сәуірінде РК(б)П Қырғыз (Қазақ) Өлкелік Комитетінің мәжілісі қазақ тілінде шығатын мерзімді басылымдар деңгейін көтеру, баспасөз органдарын бірқатар қазақ оқығандарымен толықтыру мәселесін қойды [3, 25 п. 1]. РК(б)П Орталық Комитетінің саяси-идеологиялық талаптарына сәйкес РК(б)П Қазақ Өлкелік Комитетінің Баспасөз бөлімі міндеттері айқындалды. РК(б)П Қазақ Өлкелік Комитетінің Үгіт және насихат бөлімі 1925 жылы қабылдаған «Баспасөз туралы уақытша Ережеде» Баспасөз бөлімінің идеологиялық саладағы негізгі міндеттері деп, төмендегі мәселелерді атап көрсетті:

- баспасөзді партия бағытын жүзеге асыруға және ағымдағы саяси, шаруашылық, мәдени міндеттерді шешуге бағыттап отыру;

- баспасөз қызметкерлерінің жергілікті жерлердегі комфракциялары жұмысына, әдебиет және басқа да шығармашылық жұмыстармен айналысатын құрылымдар мен ұйымдар жұмысына басшылық жасау;

- баспалардан шығатын өнімдердің мазмұнына, таралуына және баспа ісіне жетекшілік жасау (ГИЗ, Главлит, Губиздат және т.т.);

- партия-кеңес баспасөзінде қызмет ететін адамдарды дұрыс таңдап қою

- Баспасөз бөлімі мен Үгіт-насихат бөлімі өз міндеттерін кеңесе отырып шешу деп белгіленді. Партиялық органдар Ереже талаптарында айтылғандай мерзімді басылымдарды үнемі өз бақылауында ұстады. Қазақстандағы партия-кеңес органдары мерзімді басылымдардың және басқа да баспа өнімдерінің партия талаптарына сәйкестігін тексеріп, баспасөз саласына үнемі нұсқаулар беріп отырды [Одақтас республикалардың ішкі-тысқы саясат жайы – баяндамашы Жүргенұлы.

- Орындардан баяндама: Қазалыдан келген Баймұратұлының, Кереку уезінен Бердалиннің, Әулие атадан Құсбек Тнейұлының, Шалқар уезінен

- Тілшілердің мәнісі һәм міндеттері – баяндамашы Кеменгерұлы.
- Қазақ баспасөзінің тарихы һәм мәнісі – баяндамашы Ғабдулла Байтасұлы.
- Ел газетінің болуға тиісті түрі – Кеменгерұлы.
- Тілшілердің ұйымдастыру һәм газет тарату жолы және басқа мәселелер қаралды. Құттықтау телеграммалар, баяндамалардың мәтіні «Ақ жол» журналында [5 2] жарияланды. «Ақ жол» журналы үнемі шығып тұрған жоқ, аталған конференция материалдары журнал түрінде басылып шығарылды және мұқабасында журнал деп жазылды.

Ұлттық межелеуден кейін қазақ басылымын елге жақындату қажеттігі туындап, 1925 жылдың 9 мамырында Нанейшвили, Қожанов, Нұрмақов, Сәдуақасов және басқада бюро мүшелері қатысқан мәжілісте «Ақ жол» газетін Ташкенттен Шымкент қаласына көшіру туралы қарар қабылданды.

Алайда мерзімді басылымдарға партиялық бақылау күшейе түсті, соның нақты бір дәлелі – жоғарыда айтылған РК(б)П Орталық Комитетінің 1925 жылдың 7 сәуірінде қараған «Ақ жол» газеті туралы мәселесінің қорытындысы мен И.Сталиннің «Ақ жол» газеті туралы хаты мамыр айында Қазақ Өлкелік комитетіне келіп түсті. И.Сталин хатында: «Жуырда менің «Ақ жол» журналымен танысуға мүмкіндігім болды» [6, Б. 91 3 – деп басталады. Белгілі ғалым С. Қасқабасов «Ақиқат» журналының 1993 жылғы №1 санында «Ақ жол» газеті туралы деректер жариялап, түсінік берген болатын. Аталған журналдың 92-бетінде: «Сталин журнал деп «Ақ жол» газетін айтып отыр» – дейді. Академик С. Қасқабасовтың «Ақ жол» басылымына қатысты пікіріне қосымша өз тұжырымдарымызды да айта кеткенді жөн санадық.

«Ақ жолдың» бір саны журнал болып басылған болатын. Ол туралы жоғарыда айттық. Т. Рысқұловтың бір жыл бұрын Ташкентте шығатын «Ақ жол» газеті және ұлттық бағыттағы қазақ зиялыларының қызметі туралы хаты мен 1925 жылдың 7 сәуірінде РК(б)П Орталық комитетінің «Ақ жол» газеті жұмысын қараған арнайы мәжілісінен кейін, газет редакциясының жұмысын ресми органдар бақылауында ұстап отырғаны сөзсіз. И.Сталиннің қолына 1925 жылдың 11 сәуірі күні Ташкенттегі қазақ лениншіл жастар клубында өткен «Ақ жол» газеті тілшілерінің I конференциясы материалдары басылған журнал келіп түсуі және ондағы материалдармен танысуы мүмкін. Хаттың жалпы мазмұны «Ақ жол» газеті турасында бола тұрса да, мәтінде газет деген сөз жоқ. И.Сталин « «Ақ жол» журналын (астын сызған біз – Д.М) түбірінен жедел түрде қайта ұйымдастыру ... « [6, 3, 91] – туралы бұйырады. Оның мәнісі неде?

Біріншіден, Сталиннің «Ақ жол» басылымы газет пе, әлде журнал ма, анық білмеуі де мүмкін. Себебі, Сталин қазақ тілінде шығатын басылымды түпнұсқадан оқып түсінді деуге негіз жоқ. «Ақ жол» газеті материалдарымен өзінің қасындағы арнайы адамдар дайындап, аударған үзінділер арқылы таныс.

Екіншіден, жоғарыда айтқанымыздай И.Сталин «Ақ жол» журналымен танысқаннан кейін, ««Ақ жол» газеті сәуір айынан журнал болып шыға бастаған» деп түсініп, осыған орай Қырғыз (Қазақ) Өлкелік Комитеті бю-

росының барлық мүшелеріне ұлттық бағытқа баса назар аударған басылым туралы: « «Ақ жол» журналын түбірінен жедел түрде қайта ұйымдастыруды, одан партияда жоқ интеллигенттерді қуып және оны коммунистік насихаттың органы етуге байланысты шаралар қолдануды» сұрауы әбден мүмкін.

1925 жылдың 10 маусымында өткен РК(б)П Қазақ Өлкелік Комитеті бюро мәжілісінде И. Сталиннің «Ақ жол» газеті туралы хатына орай Нанейшвилидің арнайы баяндамасы тыңдалды. Мәжіліске бюро мүшелері: Нанейшвили, Қожанов, Боярский, Жандосов, Каширин, Нұрмақов, Мендешев және әйелдер мәселесі бөлімінен - Арықова, Үгіт – насихат бөлімінен – Варламов, Өлкелік одақтан (Крайсоюз) - Саматов, Өлкелік комсомол ұйымынан – Черный қатысты. Мәжіліс И.Сталиннің мерзімді басылымдар туралы нұсқауларын тәжірибе барысында үнемі басшылыққа алып отыру жөнінде қаулы қабылдады. РК(б)П Қазақ Өлкелік комитеті барлық губерниялық комитеттерге «Ұлттық баспасөзге басшылық және баспасөзге партияда жоқ ұлттық интеллигенция өкілдерін пайдалану тәртібі туралы» нұсқау хат таратты [3, 1, 67 п]. Нұсқау хат РК(б)П Орталық комитеті баспасөз бөлімінің 1924 жылдың қазан айындағы мен РК(б)П Орталық комитеті баспасөз бөлімінің 1925 жылғы 7 сәуіріндегі талаптарына, РК(б)П Орталық комитеті Секретариатының «Қазақ баспасөзін жақсарту шаралары туралы» қаулысына сәйкес жасалды. «Ақ жол» газеті сипаты жағынан бұқаралық шаруа газеті болып қайта құрылатын болды. Газет редакциясын Шымкент қаласына көшіру мәселесі қаулымен бекітілді.

РК(б)П Қазақ Өлкелік комитетінің РК(б)П Орталық комитетіне жолдаған хатында «Ақ жол» газетіндегі партиялық жағынан ұстамсыз мақалалардың соңғы жарты жылдықта жариялану себептері Орта Азияны ұлттық межелеу, Қырыз (Қазақ) Өлкелік комитеті ұйымдастыру бюросының Ташкенттен Шымкентке, РК(б)П Сырдария губерниялық комитетіне ауысуына байланысты партиялық басшылықтың әлсіреуімен және соңғы уақыттарға дейін «Ақ жол» газетінің Ташкент қаласында шығуымен түсіндірілді. РК(б)П Орталық комитеті баспасөз бөлімінің 1925 жылғы 7 сәуіріндегі «Ақ жол» газетін жақсарту туралы талаптары алдағы уақытта толық орындалатыны хабарланды [3, 1, 68 п].

РК(б)П Қазақ Өлкелік комитеті Үгіт-насихат және Баспаөз саяси бөлімінің 1925 жылдың сәуір-маусым айларында атқарылған жұмыстарының есебінде «Ақ жол» газеті туралы: «1925 жылдың маусым айына дейін Ташкенттен шықты, ... Шымкент қаласына ауысқаннан кейін Губерниялық комитет органы болды және қазақ шаруа бұқарасына арналды. Сонымен қатар Губерниялық комитеттің тікелей басшылығымен Ташкентте шыққан «Ақ жолдың» бағытынан байқалған партияға қарсы уклон жойылды» [7, 3-4 пп. 4] – деп жазылды. Алайда, «Ақ жол» газеті жұмысын тексеру жалғаса берді. РК(б)П Қазақ Өлкелік комитеті 1925 жылдың қазан айындағы мәжілісінде қазақ тілінде шығатын мерзімді басылымдар туралы: «Біздің басылымдар 1920 жылдан шыға бастады. «Бостандық туы» газеті 1922 жылға дейін ұлтшыл М.Жұмабаевтың, «Ақ жол» М.Дулатовтың, «Қазақ тілі» Ж.Аймауытовтың газеттері болды. Шындығында бұлар аталған газеттердің редакторлары болды» [8, 1 п. 5] деп атап көрсетілді. Мағжан Жұмабаев шынында да баспасөздің қалыптасуына үлкен үлесін қосты. 1919 жылдың желтоқсанында

250 Омбыда Сибревкомның¹⁴ «Азат Сібір» газетінің жанынан «Кедей сөзі» газетін ұйымдастыруға қатысты. Сібір бюросы «Кедей сөзі» газетінің редакторы етіп Бородихинді, алқа мүшелігіне Әйтиев, Телжанов, Тоқжанов, Жұмабаевты бекітті. Газетті 1921 жылдың 5 наурызында Омбы губаткомынан алып, қазақ өкілдігіне берді де «Кедей сөзі» газетті «Бостандық туы» деп шыға бостады.

И. Сталиннің «Ақ жол» газеті туралы хатынан кейін Қазақ Өлкелік Партия Комитеті мерзімді басылымдар жұмысын қатаң бақылауына алды. Газет коммунистік партияның жетекші органы болғандықтан партия өмірі, кеңес құрылысы, кәсіподақ жұмысы бөлімдері қызметін жандандыру міндеттелді. Ол үшін өлкелік ұйымдардың барлық жауапты қызметкерлері өз жұмыс салалары бойынша мақала беріп тұру бұйырылды. РК(б)П Қазақ Өлкелік Комитетінің барлық бөлімдері арнайы бөлініп қойылған өз адамдары арқылы жоспарланған жұмыстардың атқарылу барысы жайында «Еңбекші қазақ» газетіне мақала, хабарлама беріп отыратын болып шешілді. Ал, Қазақ Өлкелік комитетіне Ф. Голощекин келгеннен кейін ұлт мәселесін көтерген басылымдарға қарсы саяси науқан тіпті жандандана түсті. РК(б)П Сырдария губерниялық комитеті Үгіт-насихат бөлімінің бастығы Сафарбеков пен «Ақ жол» газетінің редакторы Күлетовке 1925 жылдың 17 қазанында РК(б)П Қазақ Өлкелік комитеті Үгіт-насихат бөлімінің бастығы Жандосов пен Баспасөз саяси бөлімі бастығы Байділдинен хат келіп түсті. Хатта: «Қазақ Өлкелік комитеті Баспасөз саяси бөлімі Сіздердің газеттеріңізде орын алып отырған бір қатар кемшіліктер мен қателіктерді және оларды тез арада жою шараларын ұйымдастыру қажеттігін атап көрсетуді өзінің міндеті санайды.

Сіздердің «Ақ жол» газеттеріңіз әлі бұқаралық шаруа газеті бола алмай отыр. Ол бұрынғы әдетімен әлде де жетекші газет болуға ұмтылуда және интеллигенцияға бейімделу бағытынан қайтпай отыр. Сіздердің газеттің мазмұны мен тілі қанағаттандырғысыз. Жергілікті тұрмысты және бүгінгі өзекті мәселелерді кеңінен жариялау орнына, сіздердің газет беттерінде малшы – қазақтың түсінуіне қиын ұзын мақалалар жарияланады. Оған нақты дәлел Жүсіпбек Арыстановтың газеттің № 584, 585, 586, 587 және тағы бірнеше сандарында жарияланған «Баспасөз тілшілерге», «Жастарға лениндік тәрбие керек» тағы басқа мақалалар. Бұл мақалалардың мазмұнында ешқандай өрескелдік жоқ, алайда бұқаралық шаруа газетіне басылуы орынсыз» – деп көрсетіп, [7, 4, 18-п] өз ойын көркем жеткізудің шебері, ақын әрі жазушы Жүсіпбек Арыстанов жазған мақалаларды сынға алды. Жүсіпбек Арыстанов «Октябрь мен баспасөз» деген мақаласында қазақ баспасөзін дамыту мәселесін көтерді [9, 6]. «Ақ жол» газеті 1925 жылдың желтоқсан айында өзінің бес жылдығын тойлаған болатын, газеттің мерекелік саны түрлі-түсті болып шығарылып, Ж.Арыстановтың баспасөз туралы «Газет - тілші» [10, 7] деген мақаласымен ашылды.

РК(б)П Қазақ Өлкелік комитеті Үгіт-насихат бөлімі мен Баспасөз саяси бөлімі жолдаған хатта: «Соңғы уақытта «Ақ жол» газеті таралымы үнемі азаюда, РК(б)П Орталық комитеті және Қазақ Өлкелік Комитеті оны газет мазмұнының төмендеуінен деп түсінеді» [7, 4, 18-п] – делінді. Шын мәнінде газет таралымы азаюының басқа да себептері бар болатын. Ол біріншіден,

14 1919 жылдың шілде айында Ақмола облысының атауы Омбы облысы деп өзгертіліп, 1919 жылғы 27 тамызда большевиктер Сібір аймағын түгел басып алып, өз билігін қайта орнатқан болатын. Мағжан «Сибирская кооперация» ұйымының мүшесі, әрі қызметкері болды.

бұрынғы «Ақ жолдағы» тәжірбиелі тілші-мамандар ұстанған саяси бағытына орай редакциялық жұмыстан кетірілгеннен кейінгі кезеңдегі газеттің мазмұны мен тіл жағынан кемшіліктері, екіншіден, сипаты жағынан бұқаралық шаруа басылымы және Сырдария Губкомы мен Губаткомы органы болып қайта құрылғаннан кейінгі кезеңдегі оқырмандар санының күрт төмендеуі, үшіншіден, техникалық жағынан сапасының нашарлауына да байланысты. Ташкентте газет жақсы сапалы ақ қағазда, үлкен көлемді, жаңа қаріппен шықты. Шымкентке келгеннен кейін газет сапасы нашар қағазда, көлемі шағын және бас әрпі жоқ, бір келкі қаріппен басылды.

Түркістанда төрт жылдан астам уақыт шығып тұрған «Ақ жол» газеті таралымының жоғары болуына басылым тілінің жатықтығы, сол кезең үшін газетте көтерілген мәселелердің өзектілігі мен мазмұнының өміршеңдігі, басқа қазақ басылымдарымен салыстырғанда техникалық жағынан жақсы жабдықталуы себеп болды. «Ақ жолдың» тіл, мазмұн, техника жағынан ілгері тұруы және басқа қазақ басылымдарымен салыстырғанда ұлттық идея мәселесінің өткір қойылуы оның ерекшелігі болатын. Аталған мәселелер ол кезеңдерде шыққан басқа қазақ газеттерінің әлсіз жақтары еді.

Жоғарыдағы хатта айтылған кемшіліктерді жою мақсатымен РК(б)П Сырдария губерниялық комитеті Үгіт-насихат бөлімі «Ақ жол» газеті редакциясын идеялық жағынан ұстамды жауапты партия қызметкерімен және екі техникалық маманмен толықтыратын болды [7, 4,19-п]. Губерниялық комитеттің Баспасөз саяси бөлімі «Ақ жол» газеті редакциясына газет жұмысы толық қамтылған баяндама мәтінін тапсыруды міндеттеді.

Өлкелік комитет тапсырмасымен 1925 жылдың қазан айында «Ақ жол» газетіне арнайы пікір жазған Ә. Нахым-жан мүмкіндігінше объективті пікір білдіруге тырысты. «Ақ жолдың» соңғы уақытта саяси ұстанымының біршама дұрысталғандығын, ұлттық-либералдық интеллигенция жетекшілері Дулатов, Досмұхамедов, Жұмабаев және басқалардың соңғы уақытта «Ақ жолға» қатыспайтындығын, сондықтан газет жұмысын біржақты бағалау дұрыс емес екендігін айтты. Ол 10000, 9000, 7000 таралыммен шығып тұрған басылымның 4000 нан 3000-ға дейін төмендеп кету себептері мен «Ақ жолдың» бұл дағдарыстан шығу жолдарын қарастырды. Ә. Нахым – жан газеттің аптасына 2-3 рет, болмағанда 2 реттен кем шықпауын және көлемін ұлғайтуды ұсынды. Болашақта газет таралымының төмендеуіне жол бермей, біртіндеп қайта көтеру мүмкіндіктерін қарастыру қажеттігі айтылды. «Ақ жол» деген атпен газет басылымына маза берілмейтінін түсінген Нахым – жан: ««Ақ жол» - «белый путь» па, әлде «светлый путь» па анық емес» дегенді сылтауратып, «Ақ жол» газетінің атын өзгертуді ұсынды [11, 9-10 пп. 8].

«Ақ жол» газеті редакциясы жұмысын тексеріп, Өлкелік Комитеттің Баспасөз саяси бөліміне басылым туралы есепті баяндама тапсыру Ғаббас Тоғжановқа жүктелді. Ғаббас Тоғжанов «Ақ жол» газеті редакциясы жұмысын тексеріп, қорытындысын почта арқылы Өлкелік Комитетке жолдады [12, 529-533 пп. 9]. 1926 жылдың 24 ақпанында Шымкенттегі «Ақ жол» газеті редакциясына БК(б)П Қазақ Өлкелік Комитетінің Баспасөз саяси бөлімі бастығы Әбдірахман Баділдиннен «Ақжол» газетінің жағдайы туралы жазылған Ғаббас Тоғжановтың есепті баяндамасы конверттің ішінде болмай шыққанын, сондықтан баяндама дайындау үшін Ғ.Тоғжановқа ұсынылған Губаткомның «Ақ жол» газеті туралы қаулыларын және барлық баяндама-

252 лар мәтінін қосып қайта жолдауын өтінген хат келді [12, 510-п]. Қазақстан Республикасы Президенті мұрағатында Ғаббас Тоғжановтың есепті баяндамасының мәтіні сақталған, оны оқып таныстық.

1926 жылдың 22 наурызында Ә. Байділдин БК(б)П Қазақ Өлкелік Комитеті Баспасөз саяси бөлімі атынан Самарқанттағы Өзбек Республикасы Бас әдеби баспасына да хат жолдап «Ақ жол» газетінің оларда бар сандарын уақытша пайдалануға беруін өтінді [13, 368 п. 10]. 1920-1925 жылдарда шыққан «Ақ жол» газетінің бағыт-бағдары, редколлегия құрамы жан-жақты тексерілді. Ф.Голощекин бастаған Қазақ Өлкелік комитетіндегі партия белсенділері Сырдария губерниялық комитетіне «Ақ жол» газетін жабудан басқа шара қалдырмады. 1926 жылдың 27 наурызында Сырдария губерниялық комитеті «Ақ жол» және «Смычка» газеттерін «Еңбекші қазақ» және «Советская степь» газеттерімен қосу туралы қаулы қабылдады. 1926 жылдың 21 сәуіріндегі БК(б)П Қазақ Өлкелік комитеті Секретариатының мәжілісі «Ақ жол» газетін «Еңбекші қазақ» газетімен, «Смычка» газетін «Советская степь» газетімен біріктіру туралы Сырдария губерниялық комитетінің қаулысын қанағаттандырды [14, 179 п. 11].

«Ақ жол» газетінің жабылуы ұлттық бағыттағы Мағжан Жұмбаевтай азаматтарға да, «Ақ жол» газеті сияқты еркін ойлы мерзімді басылымдарға да орнығып келе жатқан әміршіл-әкімшіл жүйеде орын жоқ екенін анық көрсетіп берді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Движение Алаш: Сборник материалов судебных процессов над алашевцами. В 3 т. – Алматы: ОФ «Дегдар», 2016. – 408 с. – С. 45 - 70.
2. Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. 1-том. Өлеңдер, дастандар, әңгіме. – Алматы: Жазушы, 2008. – 208 б.
3. ҚР ПМ Қ. 141; т. 1. – іс № 136. – 25 п.
4. ҚР ПМ. Қ. 141; т.1. – іс 369. – 6 п.
5. «Ақ - жол» тілшілерінің I Конференциясы // » Ақ - жол» журнал – 1925- апрель
6. «Ақ жол» туралы үш құжат / Алғы сөзін жазып, баспаға әзірлеген филология ғылымдарының докторы С. Қаскабасов // Ақиқат. – 1993. – №1.
7. ҚР ПМ Қ. 141; т. 1. – іс 396. – 3 – 4 пп.
8. ҚР ПМ Қ. 141; т. 1. – іс. 376. – 1 п.
9. Арыстанов Ж. Октябрь мен баспасөз // Ақ-жол – 1925- 31 октябрь - № 595
10. Арыстанов Ж. Газет – тілші // Ақ-жол. – 1925. – 17 декабрь. – № 601
11. ҚР ПМ Қ. 141; т. 1. – іс 377. – 9-10 пп.
12. ҚР ПМ Қ.141; т. 1. – іс 395. – 529-533 пп.
13. ҚР ПМ Қ.141; 1. – іс 398. – 368 п.
14. ҚР ПМ Қ.141; 1. – 496. – 179 п.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ «АЛЫСТАҒЫ БАУЫРЫМА» АТТЫ ӨЛЕҢІ ЖӘНЕ АНАДОЛЫДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КҮРЕС ПЕН АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ

Алаш ұлттық қозғалысына қатысқан қазақ зиялылары мен Ресейдегі басқа да түркітілдес халықтар Ататүрік бастаған ұлт-азаттық күреске және жаңа түрік мемлекетінің құрылуы кезінде немқұрайлы қарамаған. 1917 жылы патшалық Ресейді құлатқан большевиктер сезіндірген азаттық рухымен өз ұлттық мемлекеттерін құруға деген күш-жігер мен ынтасы пайда болған қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен, татар және әзірбайжан түріктері о бастан Анадолыда жүріп жатқан күреске де айрықша мән беріп, жақындық танытқан. Бұл жақындықтың артуына, Ресейде 1905 және 1917 жылғы төңкерістерден кейін пайда болған азаттықтың дәмінен кейін Ресейдегі түріктер арасында толықтай күшіне енген түрікшілдік ағымдарының септігі болды. Сол кезеңде Түркістандағы түрік халықтары арасында саяси белсенділік пен газет-журналдар жарияланымы артқан еді ¹⁵. Ұлттық сана күшейген еді. 1908 жылы II Конституциялық монархия орнағаннан кейін Түркия мен Ресейдегі түрік зиялылары арасында пікір алмасу артып ¹⁶, Түркістан түріктерінің арасындағы Түркияға деген ықылас пен сүйіспеншілік тарихта болмаған деңгейде артқан болатын. Мұны Түркістан түріктерінің Түркияға Балқан соғысынан бастап Ұлт-азаттық соғыстың соңына дейінгі қиын-қыстау кезеңде көмек көрсетуі және оның өзін сақтап қалуына жәрдемдесуі сияқты әрекеттерінен байқауға болады.

I Дүниежүзілік соғыстан бұрын Ресейде және Османлыда 1905 жылғы төңкеріс пен 1908 жылғы II Конституциялық монархиядан кейін Анадолы және Ресей түріктері арасында берік мәдени байланыс орнаған болатын. Осының нәтижесінде I Дүниежүзілік соғыста Түркістандағы түріктер Түркияға тілеулес болды ¹⁷. Бұл тілеулестіктің кереметтігін Тахир Чағатайдың I Дүниежүзілік соғыс кезіндегі бір естелігінен көруге болады.

Ташкентте қалың көрермен арасында генерал-губарнатор Матсон отырған кинозалда соғысқа қатысты деректі фильм көрсетіліп жатқан болатын. Экранда алдымен орыс әскерінің қалай жұмылдырылғаны туралы көріністер мен ресми шеруі көрсетілді. Оның артынан көрермендер бүкіл ұлы мемлекеттердің әскери ресми шерулерін көрді. Осының барлығын залдағылар тыныш қана көріп отырған болатын. Алайда экранда көріністің басында-ақ байрағымен түрік атты әскер жасағы көріне бастағанда ол кереметтей ғимаратта толып отырған халық бірден аяққа тұрып қол шапалақтай бастады. Осы бір аяққа тұрған көрініс соншалықты кенеттен және шынайы болғаны сонша, көрермендер арасында отырған орыстар да қалың көпшілікке ілесуге мәжбүр болды. Осы жағдайға байланысты ашуға бой алдырған генерал-гу-

¹⁵ Ақдеш. Н. Курат, Түркия және Ресей XVII ғасыр соңынан азаттық соғысына дейін түрік-орыс қарым-қатынастары (1789-1919), Анкара 1970, 415-416 беттер.

¹⁶ Осы бойынша жан-жақты мәлімет үшін қараңыз: Надир Девлет, Ресей түріктері ұлт-азаттық күресінің тарихы (1905-1917), Анкара 1985. 151-163 беттер, А.Е.Оба, Түрік ұлтшылдығының тууы, Стамбул 1995, 141-174 беттер.

¹⁷ Курат, 416-б.

Тағы да Чағатайдың айтып өткеніндей, I Дүниежүзілік соғыс кезінде Ташкентте халық бүкіл оқиғаларды аса толқыныспен қадағалап отыратын. Түріктердің жетістігін, орыстардың жеңілісін көрсететін қандай да бір хабар жарияланған газет болса дереу қара нарыққа түсетін еді ¹⁹.

Сол кезеңде Алаш қазақ ұлттық қозғалысының жетекшілері Түркияны және I Дүниежүзілік соғысты жіті қадағалап, Түркияның өмір мен өлім арасындағы шешуші күресті жүргізіп жатқанын жақсы түсінетін. Мәселен, Алаш қозғалысының Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынов сынды белсенді саясаткер және идеологтарының бірі Міржақып Дулатов әлемдегі 300 миллионнан астам мұсылмандар арасында ең мықтысы Түркия екенін және осы түріктерді ыдыратып жіберу үшін түрлі мемлекеттердің мүмкіндік іздеп отырғанын жазады. Алаш ұлттық қозғалысының басылымы «Қазақ» газетінің 1918 жылғы қыркүйектегі санында жарияланған мақаласында Дулатов, осындай оңтайлы сәтті аңдып отырудың бірнеше ғасырдан бері жалғасып келе жатқанын атап өткеннен кейін, болып жатқан I Дүниежүзілік соғыс кезінде дұшпандар Ыстамбұлды алып, Айя Софияға іліп қою үшін крестті де дайындағандарын жазады. Бірақ та түріктердің қарап қалмай, өз елдерін қорғау үшін ғасырлар бойы күресіп келе жатқаны сияқты, төрт жылдан бері қан мен тер ішінде, миллиондаған ұланын құрбан етіп, мал-мүлкін пида етіп соғысып жатқанын айтады ²⁰. Міржақып Дулатовтың жазбасы, қазақ даласынан түрік топырағында жүріп жатқан күрестің өте жақыннан бақыланып отырғанын көрсетуде.

Түркістан түріктерінің I Дүниежүзілік соғысындағы сияқты, түрік азаттық соғысын да әр кезеңіне қолдау көрсете отырып, жақыннан бақылап отыруға тырыскандарын көруге болады. Түркістан ішінде зиялылар мен ақындар халықты ағартуға бағытталған және азаттық күресті қолдаған жазбалар жазса, Түркістаннан тысқары шыққан зиялылар халықаралық платформаларда өз саяси мәселелерімен қатар, Түркияның тәуелсіздігі мен реформаларын қолдайтын еңбектер жасаған.

Кеңес Одағынан бөлек, Еуропа елдеріндегі түркістандық саясат және мемлекет қайраткерлері о бастан Ататүріктің саяси шараларын қолдаған. Стамбул Антанта елдері тарапынан жаулап алынған күндерде, Еділ-Орал түріктерінен Айяз Исхаки, Садри Максуди және Фуад Токтар Парижде еді. Олар, большевиктердің Еділ-Оралда үстемдік құруынан кейін өз күрестерін шет елде жалғастыру үшін Францияға келген болатын. Сол жерде Франция Сыртқы істер министрі және премьер-министрі Миллерандпен кездесу күнін күтіп жүргенде Түркия Айян мәжілісінің депутаты Ахмет Рыза Беймен кездеседі. Ахмет Рыза Бей де Франция үкіметінің сұрауымен Түркияның бейресми өкілі ретінде Парижде еді. Қазандық мемлекет қайраткерлері Ахмет Рыза Беймен ұзақ уақыт кездесу өткізеді. Кездесу өткен 1920 жылдың 4-сәуірі ағылшындардың Падишаға қысым көрсетіп, Мұстафа Кемалды бүлікші деп жариялауын талап еткен күндеріне сәйкес келетін еді. Қазандық мемлекет қайраткерлер, Ахмет Рыза Бейді, Падишаның мұндай талапты орындап Мұстафа Кемал сияқты қаһарман тұлғаны бүлікші деп санаудың

¹⁸ Й.Т., 62-63 беттер.

¹⁹ Аты аталған еңбек, 63-б.

²⁰ Міржақып Дулат, «Қайтсек жұрт боламыз», Қазақ, 10 қыркүйек 1918 ж. «Қазақ» (Дайындаған Ү.Субханбердина-С.Давитов-О.Сахов), Алматы, 1988, 440-бет.

елге үлкен зиян келтіретінін айтып, Падишаға осы турасында ұсыныс жасауға көндіреді²¹.

Қоқан автономиясы үкіметінің бұрынғы басшысы Мұстафа Шоқай да Түркияның халықаралық сахнадағы саясаттарына қолдау көрсететін еңбектер атқарған. Шоқай әсіресе, армян мәселесі бойынша Түркия құқықтарының қорғалуына үлкен күш жұмсады. 1918 жылдың ақпан айында Қоқан үкіметінің Қызыл әскер тарапынан жойылуынан кейін 1919-1921 жылдар арасында Грузияда болған кезінде, армян мәселесімен таныс болған Шоқай, Әскери күштердің Тбилисидегі өкілі Казым Беймен (кейіннен Измир әкімір, Тракия Бас инспекторы Казым Дирик) байланыста болып, армян мәселесі бойынша үнемі мақалалар жариялап отырды²².

Мұстафа Шоқау Тбилисидегі 1919-1921 жылдарында «Вольный Горец», «Горцы Кавказа» сияқты орыс тіліндегі журналдарда және өзінің басқаруында түрік тілінде жарық көретін «Шафак» газетінде Казым Бейден алған мәліметтерін «Анадолы хаттары» деген атпен жариялады²³. Шоқай осындай істермен шұғылданып жүргенде, Армениядағы Америка миссиясы басшысы және Түркия дұшпаны генерал тым қатты бір мәлімдеме жасайды. Ол мәлімдемеге Мұстафа Шоқайдың асқан қырағылықпен ауыр жауап бергені соншалық, өзінің жеке достары мұның салдарынан туындауы ықтимал қиындықтардан қорқып, алаңдаушылық білдіріп, бірқатар сақтық шараларын алған²⁴. Шоқай, армян мәселесіне қатысты мақалаларын Грузиядан Францияға кеткеннен кейін де жазуды жалғастырып, оларды французша «ORIENT et OCCIDENT» журналында жариялады²⁵.

Мұстафа Шоқай 1921 жылдың ақпанында Грузиядан Түркияға өтеді. Ыстамбұлға келе салысымен одақтас органдардың көмегімен Антанта мемлекеттерінің алдына Түркістан мәселесін қойып көреді. Алайда Түркияны да естен шығармайды. Ыстамбұлда көргендері, Түркияға қатысты одақтас жобалары және Түркияның келешегіне қатысты Түркістан түріктерінің көзқарастары мен тілектерін білдіретін меморандум дайындап, одақтас күштер басшылығына тапсырады²⁶.

Бұдан бөлек, Түркістанда отырып Анадолыдағы күресті жақыннан бақылауда ұстауға тырысқан зиялылар, әсіресе халықтың сезімі мен ойын жеткізуге шебер ақындар азаттық соғысы туралы өлеңдер жазды. Олар осылайша өлең тілімен Ататүрік және азаттық соғысына қолдау көрсеткісі келді. Қызығы сол, осындай өлеңдерді Түркістандағы барлық дерлік түркітілдес халықтың бетке тұтар ақындары қаламға алған. Мысалы, қазақ түріктерінің ұлттық ақыны Мағжан Жұмабаев осылардың бірі. Османлы империясы жеңіліс тауып, оны отарлау туралы шешім қабылданып жатқан тұста Кеңестік Ресейде ішкі толқулар мен соғыстардың кесірінен ашаршылық орын алып халық қиыншылықта қалған еді. Осыған қарамастан Түркияның отаршылыққа ұшырауы Түркістан халқы тарапынан үмітсіздік пен толқыныспен қабылданды. Қазақ ұлттық ақыны Мағжан Жұмабаев, алғашқы

21 «Күнделікті естеліктерден маңызды бөлімдер», Мухаммад Айяз Исхаки өмірі және қызметі, Анкара, 1979, 216-223 бб.; Т. Чағатай, «Ұлы түрікшіл мұжахид Айяз Исхаки», аты аталған еңбек, 94-бет.

22 Й. Т., 66-бет.

23 Сол жерде, Йаш Түркістан, 1933, №40 саны, Йаш Түркістан, №3, Алматы 1998, 27-бет.

24 Й. Т., 65-66 беттер.

25 Йаш Түркістан, сол жерде.

26 Й. Т., 66-67 беттер.

256 баспасы 1923 жылы Ташкентте жарык көрген шығармасында орын алған «Алыстағы бауырыма» атты өлеңінде осы бір сезімдерін айқын көрсеткен²⁷. Мағжан 12 шумақтан тұратын ұзақ өлеңін былай бастайды:

Алыста азап шеккен бауырым,
Қуарған бәйшешектей кепкен бауырым,
Қамаған қалың жаудың ортасында
Көл қылып көздің жасын төккен бауырым.

Тағы да түріктердің ауыр жағдайын былай жырлайды:
Алдында ауыр қайғы жатқан бауырым,
Өмірі жапа шеккен жаттан бауырым.
Түксиген жүрегі тас жауыз жандар,
Тірідей терің тонап жатқан бауырым.

Мағжан, Түркістан аумағында Түркияның ауыр жағдайы хақында өлең жазған жалғыз кісі емес. Қырғыз ақыны Исмаил Сарыбайұлы да 1921 жылы азаттық соғысына арнап бір өлең жазған. Өмірі туралы айтарлықтай мәлімет қолымызда болмаған осы қырғыз ақыны «Ағылшындар түріктерге басқыншылық жасағанда жазылған өлең» деп аталған шығармасында Анадолы түріктерінің өлім мен өмір үшін соғысына қырғыз түріктерінің назарын аудару және қажет болған жағдайда көмекке ұмтылу керектігін айтып, былай жазады:

Экчеме ичип көлөсүн,
Бар өнөрүн ордо атмак.
Мусулмандын иши емес,
Кылыч чаппай жөн жатмак.
Колдон келсе кайрат кыл.
Ойгон кыргыз уйкудан.
Стамбул түрктөн айрылдын.
Болуп алды ар бөлөк,
Ак жинистер бөлөк.
Америка, сары орус
Айдап жүрдү түркүндү.
Айлан келсе, сен болуш²⁸.

Түркістанның айтулы ақыны Абдұлхамид Чолпан да (1897-1938 жж.) бір жағынан Түркістанның еркіндігі үшін халық арасында жауынгерлік рух оятуға тырысса, екінші жағынан Түркияны назардан тыс қалдырмай түрік тәуелсіздік соғысына арнап өлең жазатын. Оның «Туфан» (Тасқын) атты

27 Аты аталған еңбек, Йаш Түркістан, Берлин, 1930, №3-4, 38-42 беттер; Г.Кайхан Мағжан Жұмабайұлының өмірі мен шығармалары (жарияланбаған магистрлік диссертация) Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, 1998, 45-48 беттер.
28 М.Сен, «Ұлттық күресімізді суреттеген қырғыз өлеңі», Тәуелсіз Қырғызстан, Түйіндер және шешімдер (Дайындаған профессор, доктор Емине Гүрсой), Анкара, 1999, 119-126 беттер.

өлеңі Анадолыдағы ұлт-азаттық күресте шайқасып жатқан түрік әскеріне арналған. Өлеңде түрік әскері «езілгендер тасқынының өш алушы селіне», жаулап алушы әскерлер болса «өркениет бесігіндегі баскесерлерге» теңестіріледі. 1920 жылдары жазылған өлеңнің басында және аяғында түрік әскеріне арналған екі жолдан тұратын мына бөліктері:

Ей Инөнү, Ей Сакария, ей Истиклал Ерлері
 Ұлттық уәде алынғанша тоталмасдан ілгері, -

ерекше тебіrentіп, толкытады. Өлең,

Ей Истиклал, Ей Сакария, ей Инөнү Ерлері,

Жүр, жәбірленуші тасқынының өш алушы селдері!

деген жолдармен аяқталып, Чолпан, түрік тәуелсіздік соғысын батыс отаршылары мен басқыншы күштеріне қарсы жәбірленуші ұлттардың кек алуы ретінде көрсеткен ²⁹.

Мағжан өз өлеңінің жалғасында өткен тарихта түріктер мен қазақтардың түбі бір, тарихы бір бауырлар екенін еске салып, былай жырлайды:

Апырмай, емес пе еді алтын Алтай –

Анамыз бізді тапқан асау тайдай!

Бауырында жүрмеп пе едік салып ойнақ,

Жүзіміз емес пе еді жарқын айдай!

Алалы алтын сақа атыспап па ек,

Тебісіп бір төсекте жатыспап па ек,

Алтайдай анамыздың ақ сүтінен

Бірге еміп, бірге дәмін татыспап па ек.

Тұрмап па еді, біз үшін мөлдір бұлақ

Сылдырап, сылқ-сылқ күліп, таудан құлап.

Даяр боп ұшқан құстай соққан құйын,

Тілеген бір-бір тұлпар бейне пырақ!

Ал одан кейінгі шумақта, түріктердің 1071 ж. Малазгирт шайқасымен Орталық Азияны тастап, Анадолыға барып орналасқандарын қозғайды.

Алтайдың алтын Күні еркелетіп,

Келгенде жолбарыс боп, жаңа ержетіп,

Ақ теңіз, Қара теңіз ар жағына,

Бауырым, мені тастап қалдың кетіп.

Сосын қайтадан I Дүниежүзілік соғыста түріктерге жәрдем бергісі келгенін, бірақ өзінің де тәуелсіздік жолында күресіп, мүмкіндіктерінің шектеулі екенін айтады.

Мен қалдым – жас балапан қанат қақпай,

Ұшам деп ұмтылсам да дамыл таппай.

²⁹ Хүсеин Өзбай, Чолпанның өлеңдері, Мәтін аудару және зерттеу, Анкара, 1994, 141-142 беттер, 329-331 беттер.

Жөн сілтер, жол көрсетер жан болмады,
Жауыз жау қойсын ба енді мені атпай.

Қорғасын жас жүрекке оғы батты,
Күнәсіз таза қаным судай ақты.
Қансырап, әлім құрып естен тандым,
Қараңғы абақтыға берік жапты.
Көрмеймін, кеше жүрген қыр-сайды да,
Күндіз – Күн, түнде – күміс нұрлы Айды да.
Ардақтап, шын жібектей арайға орап
Өсірген алтын анам – Алтайды да.

Бұдан кейін қазақтар мен түріктердің бір уақытта ауыр күйде екендерін былай жеткізеді:

Апырмай, айрылдық па қалың топтан,
Шабылып қайтпайтұғын жауған оқтан.
Түріктің жолбарыстай жүрегінен
Шынымен қорқақ құл боп жаудан бұққан.

Соңғы екі шумақтың алғашқысында осы ауыр жағдайдан шығу керектігін баса айтып өткеннен кейін, тұтқында және абыройсыз өмірдің түріктерге жараспайтынын, бұдан шығар жолдың күш бірлігінде екенін қысқаша білдіріп өлеңін аяқтайды.

Шарқ ұрып, ерікке ұмтылған Түрік жаны,
Шынымен ауырды ма бітіп халі?!
От сөніп жүректегі, құрғады ма
Қайнаған тамырдағы ата қаны?!

Бауырым, сен о жақта, мен бұ жақта,
Қайғыдан қан жұтамыз.
Біздің атқа
Лайық па құл боп тұру?
Кел, кетелік
Алтайға, ата мирас, алтын таққа!³⁰

Мағжан Жұмабаевтың «Алыстағы бауырыма» атты өлеңі сол кездегі қазақ зиялыларының Түркияға деген сүйіспеншілігін анық көрсеткен. Түркияның І Дүниежүзілік соғысындағы ауыр жағдайын көріп, бірақ та олардың сол жылдардағы жағдайын есепке алғанда, үлкен құрбандықтарға барғысы келеді, бірақ олай жасай алмайды. Азаттық соғысы жылдарында ең жоғарғы деңгейге жеткен бұл махаббат пен сүйіспеншілік Анкараның да назарынан тыс қалмады. Мысалы, осы жақындықты байқағандардың бірі Анкара үкіметінің Қаржы министрі Юсуф Кемал Тенгиршек. 1920 жылы Мәскеуге барған және Бұқара, Хиуа, Түркістан, Татарстан және Әзірбайжан өкіл-

30 М.Жұмабаев, Шығармалар, 1 том, Алматы, 1995, 72-б.

дерімен кездесулер өткізген Юсуф Кемал Бей 16 қазан 1920 жылы Түркия Ұлы ұлттық мәжілісінде жасаған баяндамасында осыған қатысты былай дейді: «Оларда бізге деген сенім бар... Бізді қасиетті де киелі жерден келген адамдар деп санайды... Біздің ұлтымыздың тағдырына бізден артық алаңдайды... Түркия тамырымыз, бұл жердегілер оның тармақтары, деп айтады»³¹.

Қорыта келгенде, Түркістандағы түркітілдес халықтардың 1920 жылдардағы Түркияға деген көзқарастарын, оған жәрдем беру және қолдау көрсетуге деген талпыныстарын ұлы идеалист Исмаил Гаспыралының «тілде, пікірде, істе бірлік» деген ұранының нәтижесі деп айтуға болады. Бұл, Гаспыралының XIX ғ. соңғы ширегінен XX ғ. басына дейін жарыққа шыққан және Балқаннан Шығыс Түркістанға дейінгі барша түркітілдес халықтар оқыған «Тержұман» газетіндегі идеяларын Түркі әлеміне жаюда белгілі бір нәтижеге қол жеткізгенін көрсетеді. Осы себептен Түркия Республикасы мен Түркістандағы түрік мемлекеттері арасында берік байланыстардың орнауы үшін бауырлас елдер арасында жылдам әрі бейтарап байланысты қамтамасыз ететін ортақ телеканал мен басқа да бұқаралық ақпарат құралдарының болуы аса маңызды қызмет атқарар еді деп айтуға болады.

31 Түркия Ұлы ұлттық мәжілісі, Құпия жазбалар, II том, 171-172 беттер.

МАҒЖАН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АЗАТТЫҚ ИДЕЯСЫ

Түркиядағы зерттеушілер Мағжан шығармаларында түрлі тақырыптарды зерттегенмен азаттық тақырыбын көп зерттемеген екен. Бұл тақырып бір екі зерттеуге қана кездесті. Бұлардың бірі Зәки Уәлидің еңбегінде. Ол құл және қиын жағдайдағы түркілерді шынайы бостандыққа жетелейтін өлеңі ретінде ақынның «Жер жүзін топан басса екен» өлеңін атап өтеді. Уәлиді Мағжанның ұлы бір топаннан, жербетін қайта жалмайтын орысты билеуші, түркілерді бодан қылатын сол күнгі жағдайларды түбірінен өзгертетін ұлы да жаһандық бір төңкерісті күткенін айтады. Кітабында сол өлеңенн мына жолдарды келтіреді:

Жер жүзін топан басса екен!
Асқар таудан асса екен!
Таудай толқын құтырып,
Улы көбік шашса екен!..

Заулаған от – жалғыз жан,
Жер мінезді жоқ адам.
Заулап тұрған отымнан
Жаратар ем жаңа адам.»³²

Мағжанда «бостандық» тақырыбын қозғаған екінші еңбек Ерлан Жиенбаев 2016 жылы Ғази университетінде қорғаған докторлық диссертациясы. Онда зерттеуші ақының бұл тақырыпта біраз өлеңдері барын айтады.

Олардың бірі «Тіршіліктің көркі – епiк» атты өлең.
Тіршіліктің көркі - ерік,
Адамдыққа ол серік.
Бір кірген соң қақпанға,
Қалар бұрынғы еркелік!
Ойламай барып ұрынып,
Өкінген аз ба ертелік?!³³

Бұл өлеңде ақын еркін өмірдің қадіріне тоқталады. Қақпанға түскен адамның бүкіл ынта-ықтиярынан көз жұмып қалатыны суреттеледі. Сондықтан ақын ойлап әрекет жасауды кеңес береді.³⁴

Жиенбаев Мағжанның «Бостандық» атты өлеңінде бостандыққа тоқталғанын көрсетеді. Оның пікірінше, осы өлеңде мистикалық сарында тілге тиек етілген бостандық 1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерістеріне меңзеледі. Өлеңінде ақын Патшалық Ресейде бодандықта болған халықтарға

32 Togan, s. 567-568.

33 Мағжан Жұмабаев шығармалары, 1- том. Алматы: Жазушы, 2013, 23-бет.

34 Zhiyenbayev, E. Kazak şairi Mağsan Cumabayev'in şiirlerinde uarı ve tema, (докторлық диссертация – Гази университети), 2016, 242-бет.

Өленде бостандық туралы мына жолдарды кездестіреміз:

... Көк есігі ашылды,
Жұмақ нұры шашылды,
Келді ұшып бостандық...

Баяғысын бастады,
Ұжданды былай тастады,
Бостандықта жоқ жұмыс.
Зар еңіреді талай жан,
Сел боп ақты қызыл қан,
Өтірік, талау, өлтіріс...

Қыбырлаған қоңыздар,
Қорсылдаған доңыздар,
Тілегің болды – қуан, күл.
Бостандық – ізгі періште
Кетпекке ұшып ғарышқа,
Ақ қанатын қомдап тұр.³⁶

Жиенбаев Мағжанның Лермонтовтан аударған «Сарғайып келген егін толқынданса» атты өлеңінде Патшалық Ресейде қысым көрген адамдардың еркін өмір сүру арманының тілек еткенін айтады.³⁷

Сарғайып келген егін толқынданса,
Жас орман, жел күңіrentіп, әнге салса,
Жапырақтың жасыл ләззатты саясында
Бақшада мойыл қаймақ жасырынса;

Себілген алмас шықпен шын хош иіс,
Сары алтын – ерте, яки қырмызы кеш.
Бір топтың қолтығынан күліп қана
Бас иіп есендесер күміс ландыш.

Секіріп салқын бұлақ ойнап сайда,
Батырып көмескі түс, тұманды ойға,
Шапқылап шыққан жерін әңгіме ғып,
Былдырлап ақ бетінен сүйгізсе Айға,–

Сол уақыт жай табады асау жаным,
Сол уақыт жадырайды қас-қабағым.
Шын бақты тапқандай боп осы жерде-ақ,
Көремін көк жүзінде Жасағаным...³⁸

35 Zhiyenbayev, 242-bet.

36 Мағжан Жұмабаев шығармалары, 1- том. Алматы: Жазушы, 2013, 215-216-бет

37 Zhiyenbayev, 242-bet.

38 Мағжан Жұмабаев шығармалары, 2- том. Алматы: Жазушы, 2013, 220-бет

262 Сол сыяқты Мағжан орыс тілінен аударған «Бала мен құс» атты өленде туған отанында өмір сүруді армандаған құс арқылы бостандыққа туралы арманын тілге тиек етеді.³⁹

– Жыршы құс, тілімді алып, келші мұнда,
Жасыл шөп, жасыл ағаш қалсын онда.
Қапаста жаның тыныш отырасың,
Жазы-қыс жейтін ұрық бәрі қолда.

Мен сені жан досымдай қадірлеймін,
Ерінбей, тамағыңды әзірлеймін.
Мөп-мөлдір саф күмістей, тәп-тәтті су
Күнде ерте, жалғаны жоқ: «Әзір!» – деймін.

Ас-суың керегіңше даяр қылам,
Кем-кетік жерің болса, даяр тұрам.
Жаз жетсе – қорқынышсыз, қыс уайымсыз,
Далада мың қорқыныш, суық боран.

Аңшы да мылтығымен ата алмайды,
Қаршыға жақындауға бата алмайды.
Күн ұзын жырың жырлап отырасың,
Басқа жан мұндай рақат таба алмайды.

– Жоқ, мырза, бұл мақтаған капасыңа,
Кірмейтін боран, суық лапасыңа
Бермеймін қалың ағаш, өзен-суды,
Келсе де мың бір пәле бұл басыма!

Жайнаған түрлі гүлмен кең даламды,
Қай жаққа ұшсам-қонсам ен даламды,
Балақай, асу-суыңмен сыйланам деп,
Жанымнан, өз еркімнен құр қалам-ды.

– Кең дала, қалың ағаш, аққан бұлақ,
Сүйкімді маған дағы жасыл құрақ.
Қүсеке, соны ойлашы, суық болса,
Қыласың үсіместей қайда тұрақ?

– Кетемін онда ұшып жылы жаққа,
Қысы-жаз қар жаумайтын біздің баққа.
Қар кетіп, сіздің жақта жылы болса,
Қайтадан ұшып келем ескі таққа.

– Адассаң жазатайым жолдан шығып,

39 Zhiyenbayev, 242-bet.

Құр тоңып өлмейсің бе боран соғып?
– Шырағым, оның үшін қорқа қойма,
Жасаған жол көрсетер қайырым қылып.⁴⁰

Бостандық туралы армандарына Мағжанның өлеңдеріне қоса дастандарында да бостандық тақырыбын көруге болады деген Жиенбаев осы тұрғыда оның Қорқыт достанында өмір сүру ынтасындан туындаған тіршілік күресі мен ұлт ретінде өмір сүру арманы бар екенін алға тартады.⁴¹

40 Мағжан Жұмабаев шығармалары, 2- том. Алматы: Жазушы, 2013, 204-205-бет

41 Zhiyenbayev, 242-bet.

МАҒЖАННЫҢ МАХАББАТ, СҰЛУЛЫҚ ЛИРИКАСЫ

Қазақ халқының маңдайына біткен дарынды, лирик ақыны Мағжан Жұмбаевтың тағдыры аса күрделі кезеңге тура келді. Соқтықпалы, соқпалы қысқа ғұмыр кешті. Тұрме азабын арқалады. Жазықсыз жапа шекті. Шетқақпай көрді. Қудаланды. XX ғасырдың басы қазақ ұлты үшін аса күрделі де қым-қуыты мол, саяси тартыстар мен ұлт ретінде сақталып қалудың жол айырығында жанталасқан жансебіл шақтар еді. Әрине, осындай ұрымтал, шешуші кезеңде ұлттың оқыған, көкірегі ашық, текті азаматтары «Алаш» деп атқа қонды. «Оян» деп ұран тастады. «Қараңқы қазақ көгіне, өрмелеп шығып күн болам» деп бұлқынды. «Мен жастарға сенемін» деп жас буынға үлкен сенім мен үмітті қоса арқалатқан Мағжан ақын бірде

Не көрсем де, алаш үшін көргенім,
 Маған атақ – ұлтым үшін өлгенім!
 Мен өлсем де, алаш өлмес, көркейер,
 Істей берсін қолдарынан келгенін! –

деп өзінің азаматтық майданын, ақындық көзқарасын білдіреді. Ел қамы, жұрт тағдыры үшін қарақан басын құрбандыққа беруге дайын екенін айтады.

Отты да өтпелі шақтың отты ақыны Мағжанның ақындық қыры мен аса білгір, жойқын талантты замандастарын таңдай қақтырды. «Шолпандай таң алдында жаңа туған» ақын жырлары бірден көзге түсті. Отаршылдық пен көз көріп, құлақ естімеген құдайсыз идеялогия, заман ағымы ұлттық болмысын европалық біліммен ұштап, тас түлектей түлеген ерке сезімді, от жүректі ақынның, желдей ескен дауылпаз жыршының еркін көсіліп, құлаш сермеуіне кедергі болып жабысты. Тектінің тұяғы, сұңқардың қияғы, ақынның ақыны, ердің сойы қалық тобырдың тартысы мен талқысына, тепершігі мен тізеге басқан өктемдігіне жолықты. Қысас пен қиыс наланың қиямет қысымына шыдауға тура келді. Ақын жырлары төгілген лирика, ағыл-тегіл аққан сұлу моншақ сезімнен, азаматтық асқақ үннен құралған. Сондықтанда, талай жылдар бедерінде оқуға, шығаруға, таратуға тиым салынған, шаң басқан мұрағаттан ақтарып көруге жол бермеген ақын жырлары ақыр соңында жұртының, тәуелсіз елінің игілігіне айналды. «Келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз» ақын өлеңі еді. Ақын жасаған заман, оның қиямет тағдыры туралы сөз өте күрделі әрі ауқымды. Бұл мақалада Мағжан ақынның сезімге толы махаббат, сұлулық лирикасы туралы болмақ.

Сұлулық – ақынның жырға қосар музасы. Сұлу әйел – ақын шабытының бастау қайнары. Мағжан ақынның өлеңдеріндегі махаббат, сұлулық лирикасын сөз еткенде, ең алдымен ақын өміріндегі, ол ғашық болған әйелдерден аттап өтуге болмайды. Лирикалық өлеңдердің арналған иесі арқылы ақын жанын ұғуға, тануға болады. Текті жердің қызы Зейнепке үйленіп, тұңғыш баладан о дүниелік болған жары мен ұзамай шетінеп кеткен бауыр еті тұңғышына арнап мұңлы өлең жазды.

«Қарындас, Зылиха! Осы хатты алғаныңызды білдіріп хат жазуыңыз-

ды күтем. Мен биыл оқуға кетем, егерде көңіл қосып, мақұл көрсеңіз, мені күтуге қалай қарайсыз? Мағжан. 1910 ж. Июль» -, деп батылдана хат жазған Зылихасына араға көп жылдар салып, Мағжан алғашқы жарынан, Зылиха тұңғыш күйеуінен айырылған соң бас қосады.

Бір жылы күздің күні еді,
Салқын шала түн еді.
Жарын тастап бақшаға
Іздеп келген кім еді?...

деп екеуінің кезіндегі халынен сыр шертеді. Иә, Мағжан өлең арнаған «арқа сұлулары» жетерлік. Ол Мағжан өлеңдерінің өзегіне айналып, сіңіп кеткен. Лирка болып бұлқынып шыққан. Өзге жанның сүйіктісіне айналған Гүлсім сұлуға арналған лиркасы, ақынның ғашықтық халы мен жандүниесінен сыр шертсе керек. Ақын теңеу таппай тұқырып, тұсаулы аттап шорқақтамайды. Сыңғыр-сыңғыр сыбдырмен сұлу саз, жыр моншағын төгеді.

Жұмақтағы кәусәр судан,
Бетіндегі алтын будан,
Періштелердің жырынан,
Жұмақ суы сылдырынан,
Жапырағының сыбдырынан,
Тәңірінің дәл өз нұрынан
Жаратылған періште еді,
Мекені оның ғарышта еді....

Елді көрді – жерге түсті,
Қақты канат, кезді, ұшты,
Кім зарласа, соны сүйді.
Күлгенменен бірге күліп,
Өлгенменен бірге өліп,
Күйгенменен бірге күйді.
Жабыққанға жәрдем етті,
Қара да, ақ та теңіз өтті....

Бұл өлеңнен ақын жырларының қуатты һәм сұлу кескінін көреміз. Мағжан жырларының өміршеңдігі дәл орнына түскен сөз бен үйлесім тапқан сезім бояулары. Бұл ақынның сұлулық лиркасындағы қашанда өзегі үзілмес алтын арқауы еді. заманнан заман озғанмен, адам ғұмыры алмасқанмен, заман жаңаланғанмен Мағжан жырларындағы сұрапыл сезім, айшықты сөз, өрнекті сезім бояулары бәз қалпында қалды.

Махаббат – бір тікенек,
Жүрекке барып қадалар.
Бақытсыз ғой бұл жүрек,

Тамшылап одан қан ағар.

деп махаббаттың болымысын ақын жүрегімен өзінше сезеді. «Махаббат бір тәтті у, ішер жүрек, төгер жас!» деп тұжырымдайды. Жалпы, адамның халы, әсіресе ақын жаны нәзік әрі секемшіл. Жадырап шаттанса «бейіштен жел ескізіп», қайғырса «жүрекке қара күйік» жайлатады. Ақынның махаббат, сұлулық лирикасын оқығанда адам да осындай күйді бастан кешеді. Әрине, санасында саңылауы болса ол пенденің.

Ұлы Мұқтар Әуезов өз замандасы, алаштың арда ақыны Мағжан Бекенұлы туралы былай дегені бар: «Қазақ жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін. ... Бұдан соң Мағжанды сүйемін. Европалығын, жарқыраған, әшекейін сүйемін. Қазақ ақындарының қара қордалы ауылында туып, Европадағы мәдениет пен сұлулық сарайына барып, жайлауы жарасқан арқа қызын көріп-сезгендей боламын. ... бүгінгі күннің бар жазушыларының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжанның сөзі». Әрине, бұдан асырып айту әбестік болар. Сол ұлы қаламгер Мұқтар Әуезов айтқан «Мағжан сөзі», тас бұлақтың суындай сарайыңды ашатын керемет сәнді де сұлу лирикалық жырлар «сұлулық сарайына» бастап апарып, «жайлауы жарасқан арқа қызын» құштырады.

Келші, көзім, күн бетінді көрейін,
Сүйші, сәулем, тұншығып мен өлейін.
Жет, жұлдызым, жылжып қана жібектей,
Жұлдызды – жүзік, Айды алқа ғып берейін.

Сөзің сикыр, есті тұман басқандай,
Ессіз жүрек дария болып тасқандай.
Күлкін, күнім, күндей күміс табакқа
Мінсіз сұлу меруетті шашқандай.

Бір сәтке ойға батасыз. Иә, ой емес ау, ақынның үзіле, үздіге шыққан жүрек сырын, ерекше шаттық пен ғаламат ғашықтыққа тұманданған ессіз халын оқымайсың сезесің. Тек сезіп түйсінесің. «Сүйші, сәулем, тұншығып мен өлейін», «жұлдызды – жүзік, Айды алқа ғып берейін» қандай келісті, жетесіне жеткен сұлу сөз. Айтуға тіл байланады.

Ақынның сұлулық әлемі, бір көрген, көргенде шым еткен жүректің қызып аққан жан әлемі дейтіндей. Кейде құлай берілген жігіт Арқаның айдай кормал құралай сұлуына барын арнайды, күллі тіршілік қызығының бір мысқалын тең көрмейді. «Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!» деп ғаламат ыстық ынта, жансебіл жан рахатына батады. Ақын өлеңін оқып көрейік:

Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!
Жылы, тәтті у тарады қаныма.
Бұл ләззаттың бір минутын бермеймін
Патша тағы, бүкіл дүние малына.

Иә, алғашқы жары Зейнеп болсын, жан серігі Зылиқа болсын, немесе

Гүлсім деп атын атаған, құмартқан, ынтық болған, тағдыры тайқы сенделіске түскен сұлу болсын, болмаса «Н-ға», «З-ға». ... деп арнаған өлеңдерінде шексіз ынтызарлықпен қоса мұң нала, айшықтап айтқанда, заманның таңбасы, тартысқа толы тағдырының бір парасы көрніс береді. Сұлуды сүйген, ессіз сүйген, жете алмай іш-құста болған ала-сұрған күйін, жандырған жалынды сезімін бүркеді. От болып өртенеді.

Толқындап ойнап, құтырып,
Көбігін шашып өкіріп,
Шапшып көкке лепіріп,
Қаракөк өмір дариясы....

Жан толқытар жыр іздеген,
Әдемлік нұр іздеген,
Қиял құлы – мен бір ақын.
Тұрмыста тар, тайғақ жолға,
Түсіп келе жатып орға,
Күні кеше кешке жақын
Батқан күннің таңын көрдім,
Сол сұлудың жанын көрдім...

Ақынның сұлулық, махаббат лирикаларындағы басты ерекшелік әйел затына (сұлулық мағнасымен бірдей десекте болады) шексіз аялау сезімімен жақсы көріп ғашықтық, пәктік көзқараспен жырласа, ендігі бір ерекшелігі туған жеріне, еліне, бір сөзбен айтқанда жаһандағы жақсылық пен жанына жақын дүниеге деген сағынышты құштарлығы. Бұл сағыныш пен риясыз жақсы көру ақын жырларындағы сұлулық лирикаларында үйлесімді, тамаша үйлесім тапқан.

Жұмақтағы жібек желден,
Мәңгі жайнап тұрған гүлден
Жаратылған әйел сұлу!....

Міне, бұндай сөзді ақынның ақыны немесе болымысы бөлекше үлкен жүректі ақын ғана айта алады. Сұлу әйел бейштегі жібек жел мен құрамас, солмас бәйшешектен жаратылған қас бітім екенін жырлайды.

Күміс табақ көкте жүзген ай сұлу,
Жымыңдаған жұлдыздармен түн сұлу.
Сылқ-сылқ қағып, сылдырап аққан су сұлу
Толып жатыр түрлі сұлу дүниеде.
Бәрінен де маған, сәулем, сен сұлу.
Немесе:

Төгілген шашы,
 Қиылған қасы,
 Керілген мандай да.
 Тістері – меруерт,
 Бейне қар мамық ет,
 Кез келсең мұндайға,
 Жалындап күйіп
 Бір ғана сүйіп,
 Өлсең де болмай ма!

«Періштелер лебізінен, шын махаббат теңізінен, жаратылған әйел сұлу!...» қандай ерекше бейнелеу, сұлу лирика. «Бір ғана сүйіп» өліп кетсеңде өкінбеймін деген құлындай кісінеген құштарлық, ботадай мөлдіреген құмарлық, жүзіктің көзінен өтердей керімсал сезім.

Мағжанның лирикалық жырларында адамды өзіне жалт қаратар сұлу тіркестер шоғыр-шоғырымен жолғады. Онда құлай сүйген жардың сөзі, ғашық болған жанның лебізі, жандүниесі сағыныштан шөлдеген адамның жыры мен сыры айтылады. Мағжанның лирикалық жырларының жұрт алдында беделді болып, ауыздан-ауызға аңыздай таралуының бір сыры осы болса керек. Оның жырларында сынаптай сырғыған кешегі кермел заманның, айбынды тіршіліктің қайнаған қазанын сапырған, еске түсіріп ерікті қайраған өжеттілігін көресің. Ол жырға қосқан Алтай, Орал, Жейхүн мен Сейхүн, ұзын аққан Еділ, Жайық, теңіздей толқыған Арал, Балқаш, Каспий көлдеріндей кеңдік пен байтақтықтың лебін сезесің. Ай маңдайы жарқырап, төгілтіп жыр жазған ақынның замандастары, қазақтың мар қасқа ұлдары Мұқтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанмақұмұт Торыайғыров, Мұстафа Шоқайдың дуалы лебіздері көп жайды аңғартса керек.

Ақын елдің еркесі, сұлулықтың жыршысы, махаббаттың дауылпазы десек ешкімде қарсы бола қоймас. Мағжан тағдырын тәлкеке салған, өмірін қиған оның отты жырлары. Кер тартқан кер заманның шолақ белсенділері мен қызыл идеяға уланған, соған имандай ұйыған шорқақ жандар ешкімге ұқсамай дара шауған ақынның жырларынан саяси астар іздеді. Иә, Мағжанның ақиқаты сол кездегі заманның беталысына жығылатын сөз емес еді. Оның махаббат, сұлулық лирикалары да көнені көксеген, ескіні аңсаған сарын ретінде бағаланды.

.....
 Неге екенін білмеймін,
 Сол анамды сүйемін!

.....
 Неге екенін білмеймін,
 Сол жарымды сүйемін!

.....
 Неге екенін білмеймін,
 Сол елімді сүйемін!

.....

Неге екенін білмеймін,
Сол арқамды сүйемін!

Бұл ақынның туып өскен ортасы мен жарына, анасына болған айтып жеткізгісіз шексіз сүйіспеншілігі еді. Бұл «сүю» оның өлеңдерінің тола бойынан көрінеді. Ақын өлеңдерінің тартылымдылығы да осы жерде болса керек.

Қазақ елін бодандықтың құрсауынан шығарып, есе теңдік алған, тәуелсіз егемен ел қатарына қоссам деген алаш арыстары қуғынға түсіп, торғайдай тозған жағдай ақын өміріне де өз ықпалын тигізді. Қоғам өміріне белсене араласып, алаш боздақтарымен тізе қоса жұмыс істеген Мағжан қызметінен қуылып 10 жыл түрме жазасына кесіледі. Зорлық пен сұмдықтың ортасына, талауына түскен ақын көңілі өмірден баз кешіп «әлдиле, өмір, әлдиле» деген сарындағы торығу сезімін бастан кешті. Күйіді. Қамықты.

Кешегі қайран қазақтың,
Сәулеті мен дәулеті
Көз алдыма келеді...

деп елдің қазіргі халіне, тозған сұрықсыз өміріне опынады. Бұл торығу ақынның махаббат, сұлулық лирикаларына да өз көлеңкесін түсірді. Сұлулықты ту еткен, «жұлдызды жүзік, айды алқа қылыған» асау аттай шапшыған ақындық лебіне от түсті, мұң ұя салды, «алтын үміт үзілді, тәтті қиял бұзылды...» деп түңіле томсарды. «Қара жерден кете алмас, мен бір сорлы байлаулы. Жердің жауыз желімен, ерсіл-қарсыл айдаулы» деп допша тәлкекке ұшыраған, сайқал тағырдың талқысына тартылады.

Өтеді өмір –
Жүрекке шер байланды,
Өтеді өмір –
Жүрек көмірге айналды.
Өтеді өмір,
Бітеді жыр. Жүрек – күл.

.....
Айсыз, күнсіз,
«Гүлсіз», үнсіз – өмір бос!

.....
Батады Ай,
Батады ой. Мен батам....

.....
Мен де жас ем,
Мен де мас ем, жел едім.
Өтті өмір,
Жүрек – көмір. Өлемін...

Айы батып, күні солған, өмір өтіп, жүрегі қара күйікке толған ақынның шабытты шақтарының ауылы алыстап, жібек сезімді алдаспан аспанының бұлтты сөгілді. Ұзақ түрме азабы, арқа сүйеп, ардақ тұтқан жақындарының айдауға кетіп, босуы расында көз көріп, құлақ естімеген «ақтабан болды».

Қазағымды, қалың елді сағындым,
Сарыарқамды – сайран жерді сағындым.

Балдай бұлақ, мөлдір күміс көбікті
Арқадағы айдын көлді сағындым.

деп сағынышпен тербеліп, құндақталған бұла сезімді ақын тағдыры 37-жылғы жазалаудан аман қалмады. Атылды. Ақынның пәни дүниедегі жарғы сөнді. Талқаны таусылды. Өлім әлдилеп құшағына алды. Орақ ауызды, лирик ақын:

Өлді сұлу – өтті жылдар,
Өлді сұлу – бітті жырлар,
Жалғыз ерте кешкі таңмен,
Қанды жерге көзін салып,
Көкті ойлап күйіп-жанып,
Қоңырлатқан мұңды әнмен
Ұшады екен қанат қағып,
Көзінен ыстық жасы тамып.

деп жырлағандай, өзі де мәңгілік тыныш табар өлкесіне сапар шекті. Иә, артында ұрпақ қалмады. Бірақ, ерім деген елі қалды. Иә, көзі тірісінде жаланың қыл бұрауына түскен ғұмыры тәуелсіз елінің арқасында ардақталып, әспеттелді. «Мен жастарға сенемін» деген сенімі шындыққа айналып, жас буын бұланай күшпен есейіп келеді. Бәрінен де Мағжанның махаббат, сұлулық лирикасы ән болып шырқалды, күй болып құйылды. Қазақтың қайсар ақыны Жүсіпбек Аймауытов «Мағжанның қай өлеңі болса да қазақ әдебиетінің тарихынан қалайда сыбағалы орын алуы талассыз хақиқат» деген еді. Иә, ХХІ ғасыр көкжиегіне көтерілген қазақ жырларының басында «Мағжан сөзі» тұр.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қаһарманұлы Ғ. Жәжеке. Естеліктер мен деректер – Алматы: «Қазығұрт», - 2005. – 272 бет.
2. Мағжан Жұмабаев. Жан сөзі: Өлеңдер мен дастандар. – Алматы: Раритет, 2005. – 256 бет.
3. Классикалық зерттеулер: көп томдық. – Алматы: «Әдебиет әлемі», 2013. Т.21: С.Қирабаев. Тәуелсіздік және әдебиет. – 416 бет.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ТУРАЛЫ ТҮРКИЯДА ЖАСАЛҒАН ЗЕРТТЕУЛЕР

Мағжан Жұмабаев қазақ ақындары ішінде Түркияда ең көп танылған және зерттелген ақын. Мұның әрине басты себебі оның 1918 жылда Осман империясы құлап Ататүрік жетекшілігінде ұлт-азаттық көтерілісі жүргізіп жатқан қиын қыстау кезеңде түріктердің мүшкіл халіне аяушылық білдіріліп жанашырлық сезімін тілге тиек еткен «Алыстаға баурыма» атты өлеңі. Сонымен қатар оның «Түркістан» атты өлеңі де түрік жұртшылығына қатты әсер еткен. Сондықтан түріктер Мағжанға ерекше сүйірспеншілік және ілтипатпен қарайды. Мағжанның осы екі өлеңі көп танымал болғанымен оның «От», «Пайғамбар», «Ақсақ Темір Сөзі», «Күншығыс», «Мен жастарға сенемін», «Мен кім?», сынды өлеңдері де түрік зиялыларын бейжай қалтырмайды. Мағжан басқа бір сөзбен айтқанда, осындай мазмұн жағынан алғанда тек қазақтың ақыны ғана емес, ол түріктің де, өзге түркі халықтарының да ақыны іспеттес. Оның өлеңдері барша түркі халықтары сүйіп ұнатып оқиды. Мағжанның Түркияда көбірек танылуының екінші себебі оның аты мен өлеңдерінің Түркияда ерте кезден танымал бола бастауы. Оны көзбен көріп таныс болған Алаш қайраткері Мұстафа Шоқай мен Башқұрт Зәкі Уәлиді және 1952 жылдан бастап Түркияда қоныс тепкен қазақтардың зиялылары 1920-жылдардың аяқ шенінен бастап түрік жұртшылығын Мағжан өлеңдерімен таныстыра бастаған.

Мағжанның өлеңдеріне 1927 жылдан бастап жариялылық тұсына 1988 жылы ақталғанша жалпы алпыс жылдай туған елінде Кеңестік үкімет тиым салғанда, оның екінші өмірі 1929 жылдан бастап Түркияда жалғасты дей аламыз. Өйткені Мұстафа Шоқай Берлинде 1929 жылы жарыққа шығара бастаған Яш Түркістан журналының алғашқы санында-ақ Мағжанның «Түркістан» өлеңі берілген. «Түркістан ақындарынан» сөз басымен бұл санда Мағжан Жұмабай мен Өзбек ақыны Әбдіхамит Шолпанның «Байрақтар» атты өлеңі таныстырылған. Өлең онда былай деп таныстырылған:

«Біз Яш Түркістан беттерінде Түркістан ақындарының жазбаларынан үлгі боларлық кейбір үзінділер жариялап тұратын боламыз. Осы бірінші нөмірімізде атақты қазақ ақындарынан Мағжан Жұмабайұлының «Түркістан» атты өлеңінің бір неше шумақтары мен атақты өзбек ақыны Шолпанның «Байрақтар» атты өлеңін береміз.

Мағжан осы өлеңі 1923 жылы Ташкенде мемлекеттік баспадан жарық көрген «Мағжан Жұмабайұлы өлеңдері» кітабында жарық көрген. «Түркістан» отанымыздың барша жерлерінде жастар тарапынан гимн ретінде айтылып жүрген өлең.» Осы сөздерден кейін төрт бетте «Түркістан» өлеңінен үзінділер берілген.⁴²

Яш Түркістанның 1930 жылы жарық көрген 3-4 сандарында болса, Мағжанның Түркияда көбірек танымал болған «Алыстауы баурыма» өлеңі берілген. «Түркістан ақындарынан» сөзбасымен берілген бұл өлең былай деп таныстырылған:

42 Türkistan Şairlerinden. Yaş Türkistan. 1929, No: 1, 29-33- беттеп.

«Журналымыздың бұл санында Түркістан ақындарынан ең танымал болғандарынан Мағжан Жұмабайұлының «Алыстағы баурыма» деген өлеңін береміз. Мағжанның «Алыстағы баурыма» деп айтқан бауырларының Анатолия түріктері екені әркімге белгілі жәйт.

Түркістан қазақ түріктері «тар қолтықтан оқ тисе, сүйекке шабады қарындас» дейді. Анатолиядағы бауырларының «тар қолтықтан оқ тигенін» білген Түркістан түрік ақыны «сүйекке шапқан қарындас» болып түрікшілдік идеясы тұрғысынан өте маңызды да мағналы бір өлеңді жазған еді. Ол кезде Анатолия түріктері «қамаған қалың жау» ға қарсы, тарихта теңдесі көрілмеген ұлт-азаттық күресін жүргізіп жатқан еді...

Ақын өзінің отаны Түркістанның қызыл орыс империялистері жағынан қараңғы абақтыға жабылғанын көріп:

«Шарқ ұрып ерікке ұмтылған түрік жаны
Шынымен ауырды ма, бітіп халы?!
От сөніп жүректен, құрыды ма
Қайнаған тамырдағы ата қаны?!» дейді.

Жоқ, еншалла «жүректе от сөнбеген» және «тамырдағы ата қаны құрымаған!» халқымызда түрікшілдік рухының тірілуі мен тез күшейуі мұның нақты дәлелі.

Ақын «Біздің атқа лайық па құл боп тұру?» дейді. Жоқ мың мәртебе жоқ. Біз құл болып тұра алмаймыз. Біз ұлттық азаттығымызға ие боламыз. Біздің Мәскеу «азаптауынан» құтылып ұлттық азаттыққа тезірек қол жеткізуіміз үшін ең тура ең үмітті жол түрікшілдік болып табылады. Міне Мағжанның «Алыстағы баурыма» деген өлеңі осы түрікшілдік ұғымы үшін ең қымбатты және пайдалы өлең.» Осы сөздерден кейін үш бетте «Алыстағы баурыма» өлеңі беріледі.⁴³

Мағжан Жұмабайұлының «Түркістан» және «Алыстағы баурыма» өлеңдерін түрік жұртшылығына Яш Түркістан журналының осы жарияланымдары алғаш рет таныстырған деп айта аламыз. Өйткені Яш Түркістан журналы Берлинде жарық көріп тұрғанымен Түркияда да көп оқырманы бар еді.⁴⁴ Түркияның өзінде алғаш рет Мағжан туралы өлең 1942 жылы шыққан. «Түрк Юрду» атты журналдың сол жылғы екінші санында Тахир Қарабай Мағжанның Түркістан атты өлеңінің соңғы екі шумағын қазақ тілінде латын әріптерімен беріп түрік тілінде түсіндіреді.⁴⁵ Бүркеншік атпан жазған осы мақаланың авторының Мұстафа Шоқаймен Берлинде Яш Түркістан шығаруға ат салысқан Тахир Чағатай болуы әбден мүмкін. Өйткені ол дүниежүзілік екінші соғыс басталған 1939 жылы Берлиннен Анкара қоныс аударған.⁴⁶

43 Türkistan Şairlerinden. Yaş Türkistan. 1930, No: 3-4, 38-41- беттер.

44 Яш Түркістан журналы туралы толық мәлімет үшін қараңыз: Қара. А. Мұстафа Шоқай Өмірі, Күресі, Шығармашылығы. Алматы: Арыс Баспасы, 2004, 263-273- беттер.

45 Karabay, T. Türk Lehçelerinden Numuneler: Kazakların Büyük Şairi Magcan Cumabay'dan // Türk Yurdu, 1942 No: 2, tom 26, 53-54-бет.

46 Тахир Чағатайдың Яш Түркістан журналына сіңірген қызметі туралы қараңыз: Қара, 271-272-бет.

TÜRK YURDU
 >B>D:R<N<h

Türklerin faydasına çıkar. Onbeş günde bir çıkar.

Cilt: XXVI 15 EVLUL 1942 (Yükü Yılı) Sayı: 2

İÇİNDEKİLER:

Dr. Rıza Nur	Türk Yurdu
Hârikâde Heykeller	Niyazi Sabri ERGÜL
Sakarya (sür)	PALANDÖKENLİ
Milliyetçilik ve İnsanîyetçilik (2)	Dr. H. Ferid CANSEVER
Argun Hap'ın kullandığı «Garb De- nizi» haritasına dair	Zeki Velidi TOGAN
Geçmiş ve gelecek yıllar (sür)	Niyazi Sabri ERGÜL
Dil onarımının esasları üzerinde bir an- laşma projesi (2)	Rağıp ÖZDEM
Kazak şairi Mağcan Cumabay'dan...	Tahir KARABAY
Seher Abdal'a dair yeni notlar	Mehmed Halid BAYRI
Çelebi Mehmed (sür)	Emin ULGENER
Azerbaycanlı ilk Türk gazetecisi Ha- san Bey Zerdablı	Mirza BALA
İstikad ve Bibliyografisi : Katherine Otto-Dorn, Das islamische Iznik...	Zeki Velidi TOGAN
Yeni Negriyat	**
Eski Türk yazın	**

Basılıp yeri : Cumhuriyet Matbaası - İstanbul

Яш Түркістан журналында Мағжанның өлеңдері оның 1923 Ташкенде жарық көрген өлең жинағынан алынғаны байқалады. Осы жинақ Зәки Уәлиді де бар. Өйткені Яш Түркістаннан кейін оның «Бүгінгі Түркелі Түркістан және таяу тарихы» атты түрік тілінде жарық көрген еңбегінде ол Мағжан және өлеңдері туралы сол еңбекке сілтеме жасап мәлімет береді.⁴⁷

Зәки Уәлиді өзінің еңбектерінде Мағжаннан басқа Әлихан Бөкейханнан бастап өзге Алаш қайраткерлері туралы көптеп мәлімет келтіреді. Өйткені ол 1912 жылдан бастап Алаш қайраткерлері мен араласқан және шетелге шыққан кейін Мұстафа Шоқаймен де байланыста болған. Зәки Уәлидимен Әлихан Бөкейханның танысуы 1912 жылы оның «Түрік - татар тарихы» атты кітабының жарық көруімен тығыз байланысты. Бөкейхан Зәки Уәлидиге осы еңбегіне орай ілтипат білдіріп хат жазып, үйіне шақырады. Уәлиді ол кезде Самара қаласында бір банкта қызмет істеп жүрген Бөкейханнан басқа Уфа қаласында Сәлімкерей Жантөрінің де өзін қонаққа шақырғанын айтады. Екеуі де оны үлкен толғаныс және қуанышпен қарсы алған. Сонымен 1912 жылдың мамыр айында Уәлиди алдымен Самара, одан кейін Уфаға барады. Әлихан оны үйінде үш күн қонақ етіп күтіп кітабына жоғары баға білдіре отырып, зерттеуінің аясын кеңейтуге кеңес берді.⁴⁸ Әлихан тамыз айына та-ман тағы да хат жазып Уәлидиді шақырады. Самара қаласындағы Әлекеннің үйіне барса Ахмет Байтұрсын да қонақ болып отыр екен. Бір неше күн қонақ болып жатып жатқан Уәлидиге олар түркі тарихына қатысты осы зерттеуіне қазақтың хандарын да қосуы туралы кеңес береді. Осыдан кейін Уәлиди кітаптың екінші томын жазу керектігі жайында шешімге келіп аулына қайтады.⁴⁹ Әлихан мен Байтұрсынның осы өтініштерін Уәлиди араға жылдар

47 Togan, Z. V. Bugünkü Türkili Türkistan ve yakın tarihi. Enderun Kitapevi: İstanbul – 1981.

48 Togan, Z. V. Hatıralar Türkistan ve Diğer Müslüman Doğu Türklerinin Milli Varlık ve Kültür Mücadeleleri. İstanbul, 1969, 107-бет.

49 Togan, Hatıralar, s. 109-бет.

274 салып алдымен Қайрде 1939 жылы арап әріптерімен, кейін Істамбұлда 1947 жылы латын әріптерімен түрік тілінде басылып шыққан кітабымен орындайды. «Бүгінгі Түркелі, Түркістан және таяу тарихы» деп аталатын 700 беттік қомақты еңбегінде Қазақ хандығы мен қатар Алаш Орда және Әлихан Бөкейхан, Мұстафа Шоқай, Ахмет Байтұрсын, Міржақып Дулат, Мағжан Жұмабай сынды Алаш қайраткерлері туралы да жан жақты мәлімет береді.⁵⁰ Бұл, Түркияда Алаш қайраткерлері туралы жан жақты мәлімет берген тұңғыш еңбек болып табылады.

Зәки Уәлиді аталған еңбегінде Мағжан және өлеңдеріне де айтарлықтай орын берген. Оның барлығын бір тарауда емес, еңбектің түрлі беттерінде реті келген сайын Мағжан еңбектерінен үзінділер беріп оны таныстырып отырады. Мәселен Патшалық Ресейдің Қазақстанның солтүстігінде Көкшетауды жаулау әрекетін әңгіме еткенде, «Бұл жер тек солтүстік Түркістан хандарының сүйікті мекені қана емес, ұлттық әдебиетті күшейтіп қуат берген орын. Осы күнінің ұлттық ақыны Мағжан Жұмабай Көкшетауды былай суреттейді» деп ақынның «Ақан Сері» атты мақаласынан мына сөздерін келтіреді:

«Ұшы-қиыры жоқ сары дариядай Сарыарқаның ортасында аралдай көгерген Көкшетау, Абылайдың Ордасы құрылған, Кенесары, Наурызбайға отан болған Көкшетау алаштың ақындығының да ордасындай жер еді...». ⁵¹

Зәки Уәлиді кітабының бір жерінде Кенесары, Исатай, Қайбалы және Қаналы сынды ұлттық тұлғалар қазақтың тәуелсіздігі үшін күресіп жатқанда оларға қарсы орыстарға қызмет істеп жатқан сәудегер, дүмше молла, правител және тілмаштардың жағымсыз қылығын суреттеу барысында сөзін әсерлі ету мақсатынды ақынның «Оқжетпестің Қиясында» атты дастанынан мына үзінділерді келтіреді.

Алаштың алдын кара тұман жапқан,
Мынау орыс обыр ол еміп жатқан.
Заман азған шағында адам азбақ,
Көп ерлер жаумен брге елін шапқан.⁵²

Бұл бізге белгілі ғалым Зәки Уәлидінің Мағжан шығармаларына әбден қанық екенін көрсетеді. Ғалым еңбегінде Орынбор туралы сөз болғанда тағы да Мағжан өлеңдеріне жүгінеді. Ол, еңбегінде Орал маңы туралы сөз қозғаған сәтте, бұл өңір туралы Мағжан Жұмабай тамаша сөздер жазған деп Орал өлеңінен мына жолдарды келтіреді:

Ұзын Орал – күн мен түн шекарасы,
Бір жағы – күн, бір жағы – түн баласы.
Арғы жағы – көк көзді жын ұясы,
Бергі жағы – Түріктің сар даласы.

Осындай атамекен жерлеріне,
Қасиетті атаның көрлеріне
Аузы түкті шетелдер ие болып,
Көрсетіп тұр қысымды ерлеріне.

50 Togan. Z. V. Bugünkü Türkili Türkistan ve yakın tarihi. Enderun Kitapevi: İstanbul – 1981.

51 Togan, 309-бет.

52 Togan, 331-бет.

Анамыз бізді өсірген, қайран Орал,
 Мойның бұр тұңғышына, бермен орал!
 Қосылып батыр түрік балалары,
 Тапталпа, жолын кесіп, тізгінге орал.⁵³

Зәки Уәлиді бұл өлеңді бір өлең деп келтіргенмен бұл өлең жолдарының бірінші шумағы Мағжанның «Орал», ал соңғы шумақтар «Орал тауы» өлеңінен алынған.

Еңбегінің соңына таман «Бодан болған Түркістанда әлеуметтік және интеллектуалтық өмір» атты тарауында бір қатар қазақ, өзбек, татар зиялылары мен еңбектерінен сөз қозғағанда Мағжан Жұмабайға кеңінен тоқталады. Алдымен Мағжанның өмірінен қысқа мәліметтер бергеннен кейін оның Еділ, Жайық, Сырдария, Ертіс, Жетісу бойындағы қазақтар мен таудағы қырғыздарға қарата түркілер мен Түркістанның мұны мен қайғысын әсерлі жеткізгенін сондай-ақ олардың көз алдында түркілердің бұрынғы айбында да салтанатты күндерін елестететінін айтады. Осы кезде Еділ, Жайық, Сырдария, Ертіс, Жетісу бойындағы қазақтар деген сөзге сілтеме беріп беттің түбінде Мағжанның «Өткен күн» атты өлеңінен мына жолдарды да келтіреді:

Белгілі жұртқа ескі су,
 Тәтті, дәмді, тармақты
 Ұзын Ертіс, Жетісу.
 Осы бес су арасы
 Сарыарқа деген жер еді,
 Туып-өскен баласын
 Айбынды ер Алаш дер еді.⁵⁴

Осыдан кейін 1923 жылы Ташкенде жарық көрген өлеңдер жинағынан «Түркістан» өлеңінен үзінділерді түрік тіліне аударып береді. Оның қазақшасын сілтеме беріп беттің түбінде келтіреді.⁵⁵

Зәки Уәлидінің пікірінше, Мағжанның ең көп ұнататын және мақтайтын ұлттық қаһарманы Ақсақ Темір болып табылады. Ол осы пікірін дәлелдеу үшін «Ақсақ Темір сөзі» өлеңі толық келтіреді:

«Жиһан деген не нәрсе? -
 Алақанның ауданы!
 Бір ауданда көп Тәңірі
 Болудың тіпті жоқ сәні.

Тәңірі - көктің Тәңірісі
 Күңіренсін, көгін билесін!
 Жер Тәңірісі Темірмін,
 Жеріме Тәңірі тимесін!»

Көк Тәңірісі - Тәңірінің
 Тұқымы жоқ, заты жоқ.
 Жер Тәңірісі Темірдің

53 Togan, 374-375- беттер.

54 Togan, 563-564- беттер.

55 Togan, 564-565- беттер.

Зәки Уәлиді Түркия түріктеріне Мағжанның арнап жазған өлеңі деп «Алыстағы баурыма» өлеңін де толықтай береді.⁵⁷ Мағжанның «Тәнірі» атты өлеңін тұжырымдаған Зәки Уәлиді оның ұлтының қиын тағдыры туралы ашчы наразылығын білдіріп «сен әр ұлтқа, тіпті түйе баққан бадауи арабқа да пайғамбар жіберсең де, біздің түркілерге мұндай бір жақсылық жасамарсың. Сондықтан түркілер өзге ұлттардың пайғамбарларының жолынан кетіп, бір неше кітапқа сенді. Сөйтіп адасты. Сен бізге қаһарынды төкпе» деп Алладан бір пайғамбар жіберіп тура жолды көрсетуін өтінгенін айтады. Алайда ақынның өзге өлеңдерінде тарихтағы ұлттық әскери батырлар сілтеген жолды жарыққа шығу, көтерілу жолы ретінде табатынын да келтіреді. Бірақ құл және қиын жағдайдағы түркілерді шынайы бостандыққа жетелейтін топаннан, жербетін қайта жалмайтын орысты билеуші, түркілерді бодан қылатын сол күнгі жағдайларды түбірінен өзгертетін ұлы да жаһандық бір төңкерістің күткенін «Жер жүзін топан басса екен» өлеңінде жалынды тілмен келтіретінін айтып одан мына жолдарды келтіреді:

Жер жүзін топан басса екен!
Асқар таудан асса екен!
Таудай толқын құтырып,
Улы көбік шашса екен!..

Заулаған от – жалғыз жан,
Жер мінезді жоқ адам.
Заулап тұрған отымнан
Жаратар ем жаңа адам.»⁵⁸

Зәки Уәлиді сонымен қатар көшпенді қазақ пен қырғыздың орыс бодандығындағы ауыр жағдайын қарапайым шопан да ұғатын бір тілмен нақты да толқыта отырып жеткізе алатын шеберлігіне баса көрсетеді. Осы орайда оның «Сәрсембайдың жыры» атты өлеңінен мына жолдарды келтіреді:

«Ай, албар-ды, албар-ды!
Сәрсембайда зар бар-ды.
Зардан басқа не болсын,
Шықпаған күр жан қалды:

Бетегелі барқыттай
Белес-белден айрылдым.
Балдан қалған сарқыттай
Күміс көлден айрылдым.

Ай мүйізді ақ қошқар,
Ақтылы қойды бөрі алды.
Шұрқыраған жануар

⁵⁶ Togan, 565-566- беттер.

⁵⁷ Togan, 566-567- беттер.

⁵⁸ Togan, 567-568- беттер.

Зәки Уәлиді осыдан кейін өзбек ақыны Әбдіхамит Сүлеймен Шолпанды таныстырады. Оны таныстарған кей тұстарда Мағжанмен салыстырады. Оның айтуынша идеологиялық тұрғыдан Шолпан мен Мағжан бірдей. Түркілердің ұлттық мәдениетін көтеру, осы екеуі үшін әдеби іс-әрекеттеріндегі негізгі мақсат болып табылады. Сондықтан екеуі қуғын-сүргінге ұшырайды. Түркі мен орыс үшін Мағжан «күн мен түн» теңеулерін қолданса, Шолпан да «шығыс пен батыс», «бейшара мен озбыр», «кедей мен озбыр» теңеулерін қолданған.⁶⁰

Осыдан кейін Мағжан туралы бір еңбектің Түркия қазақтарынан шыққан белгілі Алаштанушы Хасен Оралтайдың қаламынан Измир қаласында 1965 жылы жарық көргенін байқаймыз. «Ұлы түрікшіл ақын Мағжан Жұмабай»⁶¹ атымен басылып шыққан 45 беттік шағын еңбек Мағжанға арналған түрік тілінде шыққан алғашқы кітап болып табылады және түрік зиялыларына Мағжанды танытуда елеулі рол атқарады.

Оралтайдың мұндай еңбекті жазып шығаруына Мағжанның «Түркістан» өлеңінің түрік зиялы қауым ортасында көп оқылғанымен оның авторының қазақ екенінің айтылмай, тек түркістандық деп аталып өтілуі себеб болған екен. Ол мұны «Елімай-лап өткен өмір» атты кітабында былай деп келтіреді:

«1965 жылы Измірде тағы түрік тілінде „Бүйүк түрікшү Мағжан Жұмабайұлы» деген кітап жаздым. Ол кітапты әзірлеуіме біздің әлгі „түркістаншыл» туыстарымымыздың Мағжан Жұмабайұлының „Түркістан екі дүние есігі ғой» деп басталатын әйгілі толғауын көбірек тілге тиек етіп, Мағжанның „түркістандық ақын», екендігін айтумен ғана шектелетіндігі, оның қазақ екендігі туралы үн шығармайтындығы және „Гүзел Ферғана» деп өлең жазған Шолпанды „Гүзел Түркістан» -деп өлең-толғау жазып еді деп мадақтап, Ферғана дегенді „түркістан» деп өзгертіп және оның өзбек екендігін де баса айтатындығы, сондай-ақ Түркия түріктерінің түрікшіл тобының маған Мағжанды, оның еңбектерін жұртшылыққа таныту керек деген пікір айтулары түрткі болған-ды.»⁶²

Оралтай кітапшасында Мағжан өмірін ол кездегі шектеулі мәліметтерді құрастырып бергеннен кейін «От», «Жер жүзіне», «Жер жүзін топан басса екен», «Мен кім?», «Сағындым», «Түс», «Қараңғылық қоюланып келеді», «Алдамшы өмір», «Есіне кім алады?», «Тілегім», «Жауға түскен жанға», «Түркістан», «Алыстағы бауырыма» атты өлеңдерін түрікше түсініктермен береді.

Бірақ Оралтайдың бұл еңбегінде 27 шумақтан тұратын Түркістан өлеңінде:

«Арыстан елге отан болған Тұран,
Тұранда қазағым да хандық құрған.
Кдзақтың қасқа жолды Қасым ханы

Тұранның талай жерін билеп тұрған» деген өлең жолдары болған 21. шумақтан кейінгі алты шумақ кірмей қалған. Оралтай мұның кітапты жазған

⁵⁹ Togan, 568- беттер.

⁶⁰ Togan, 569- беттер.

⁶¹ Oralтай. Н. Büyük Türkçü Mağcan Cumabayoğlu. İzmir, 1965.

⁶² Oralтай. X. Елімай-лап өткен өмір. İstanbul, 1999, 223-224

278 кезде Мағжан шығармалары туралы кітаптың түп нұсқасын көрмей бір қатар еңбектерде немесе ел аузында жүрген үзінділерге негізделіп отырып жазғандықтан болғандығын айтады.⁶³ Оралтай көбіне жоғарыда біз таныстырып өткен Зәки Уәлидидің еңбегінде орын алған Мағжан өлеңдерін қайта көшіріп басқанға ұқсайды. Өйткені онда да «Түркістан» өлеңі толық емес. 21 шумақтан кейінгісі орын алмаған. Сол сыяқта Яш Түркістан журналының бірінші санында берілген «Түркістан» өлеңі де толық емес. Онда да 20. Шумаққа дейін өлең жолдары толық беріледі де, одан кейінгі 21, 22, 23 және 24. Шумақтар берілмейді. Өлең 25 және 26 шумақтармен аяқталады. Бірақ соңғы 27. шумақ берілмеген.⁶⁴

Оралтай бұл кітабының 1923 жылдан Мағжан ақталған 1989 жылға дейінгі мерзімде Мағжан Жұмабайұлы атымен шыққан дара еңбек екенін де айтады.⁶⁵

Ол бұдан кейін 1973 жылы Ыстамбұлда шығарған «Алаш Түркістан түркілерінің ұлттық тәуелсіздік ұраны» атты кітабында⁶⁶ да Мағжанға орын береді. 200 беттен тұратын кітапта алдымен Алаш тарихына қатысты мәліметтер беріледі. Кейін Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулат, Мұстафа Шоқай сынды Алаш қайраткерлері мен Шығыс Түркістан қазақтарының Оспан батыр, Жанымхан Тілеубайұлы, Қадуан ханым, Сәліс Әміреұлы, Әбдікәрім Ынтықбайұлы сынды тарихи тұлғалар жеке жеке таныстырылады. Кітаптың 97-108 беттері Мағжанға арналған. Онда Мағжанның «Түркістан», «Мен жастарға сенемін», «Алыстағы баурыма» өлеңдері беріледі. Осы тараудың соңында Оралтай Мағжанның бірбірінен өткір және мәнді өлеңдерінің барлығын бұл кітапта берудің мүмкіншілігі жоқ екенін айтқаннан кейін, оның өлеңдерін оқып зерттеу әр Түркістандық жастың, тіпті түрік жастарының міндеті екенін айтады. Сонымен қатар ол Кеңес баспасөзінің Мағжанға ұдайы қылмыскер ретінде айыптағанын, бірақ оның қандай қылмыс істегенін ашып айтпайтынына көрсете келіп, оның бір қана қылмысы бар екенін, ол да ұлтына қызмет дегенді айтады.⁶⁷

1971 жылы Мағжан туралы мәлімет берген кітап «Түркістанда өлтірілген түркі ақындары» деген атпен Баймырза Хайиттің қаламынан шықты.⁶⁸ 1917 жылы Өзбекстанда туған Хайит дүниежүзілік екінші соғыс кезінде нацистерге тұтқынға түсіп Түркістан Легионында болған. Дүниежүзілік екінші соғыстан кейін еліне қайтпай Германияда қалған. Сонда 1947 Хоқанд және Алаш Мұхтарияттары атында диссертация қорғаған.⁶⁹ Сондықтан Алаш тарихын жақсы білген. Хайит Анқарада жарық көрген еңбегінің кіріспесінде бұл кітапты жазудағы мақсатын былай деп түсіндіреді:

«Түркістандағы кеңестік билік өлтірген ақындар туралы мәселені білудің екі пайдасы бар: біреуі коммунистік режимде еркін жұмыс жасауға мүмкіндік жоқ екенін дәлелдеу, екіншісі - ұлттық ақындардың Кеңестік қысым-қудалау салдарынан қалай жан бергендері мен олардың неліктен ұлттық рух-

63 Oraltay, 224 -бет.

64 Türkistan Şairlerinden. Yaş Türkistan. 1929, No: 1, 29-33 - беттер.

65 Oraltay, 224 -бет.

66 Oraltay, H., Aлаш Türkistan Türklerinin Milli İstiklâl Parolası, İstanbul. 1973

67 Oraltay, 107 -бет.

68 Hayit, B. Türkistan'da öldürülen Türk şairleri. Ankara, 1971.

69 Баймырза Хайиттің өмірі және еңбектері үшін қараңыз:Kara, A. – Kul, Ö. – Ferhatoğlu, F. Doğumunun 100. Yılında baymirza hayit ve günümüzde türkistan tarihi araştırmaları uluslararası sempozyumu bildirileri, TDBB Yayınları: İstanbul – 2018.

Хайит Кеңестік кезеңдегі Мағжан және өзге Түркістандық ұлттық ақындардың трагедиясын былай деп суреттейді: «Большевиктер революциясына дейінгі жеті айдың ішінде 150-ден астам түркістандық ақын жазушылар еркіндік, еркіндік деп өлеңдер жазды. Сауатты адамдар аз болғандықтан, олардың өлеңдері жатқа айтылып хатқа түсіріліп жұртшылыққа тарап жатты.

1917 жылғы қазан төңкерісінен кейін ақындар үшін жаңа кезең басталды. Әлемде ешбір мемлекет Большевиктердей бостандық пен еркіндік туралы көп айтқан жоқ шығар. Түркістандық түркі ақындар коммунистерді «өз жалауын бостандықты көтеріп жүрген адамдар» ретінде есептеді. Олар енді зорлық-зомбылықтан құтылып елге және идеяларына еркіндік берілетінінен үміттенеді. Бір айдан соң ақындар большевиктердің бостандық ұрандарының ұлттық еркіндікке еш қатысы жоқ екенін түсінді. Олар мұның қиял екенін білді. Түркістан ұлтшылдары орыстардан егемендік құқықтарын берулерін талап етті. Ташкентте өз штабын құрған большевиктер мұны қабылдамады. Қоканға келген ұлтшылдар конгресін өткізіп Түркістан мұхтариятын жариялады. Дала - Түркістанындағы қазақтар Орынбор қаласында жиналып, Алаш Орда үкіметін құрды. Большевиктер оларға қарсы шаралар қабылдауға кірісті. 1918 жылдың ақпан айында Коканда Түркістан Мұхтариятына қарсы соғыс жариялады. Қызыл армия әскерлері қалаға басып кіріп үкімет мүшелерін тұтқынға алды. Ұлттық ақындар, ұлттық үкіметті қолдаушы еді. Большевиктердің ұлттық үкіметтерін жойғаннан кейін, олар большевиктердің еркіндік деп атағандарының тек өздерінің егемендіктері екенін түсінді. Енді ақындар қайтадан ұлттық азаттық әндерін айта бастады.

Түркістан Мұхтарияты жойылғаннан кейін, 1918 жылы ақпан айында Ферғана алқабында ұлттық күрес басталды. Бұл қозғалыс 1918 жылдың жазында Түркістанның барлық бөліктерін қамтыды.

Ұлттық ақындар осы күрестің жолы мен табыстары үшін жаза бастады. Алайда, Сәкен Сейфуллин, Нұрфайыз, Хамза Хакимзада және Садриддин Айни сияқты бірнеше ақын ұлттық күрестен большевиктердің қатарына өтті. Олардың пікірінше, кеңес режимі жаңалық мен даму әкелетін еді. Кеңестер жағына өткен ақындар саны жоғарыда аталған 5-6 ақыннан тұрды... Осылайша ұлтшыл ақындар өзара екіге бөлінді. Бірақ ақындардың үлкен тобы, атап айтқанда Фитрат, Абдолла Кадири, Шолпан, Мағжан Жұмабай, Миржақып Дулат, Вадим Махмут, Софи Заде, Рәфик Мумин және басқалар ұлттық бағыттарынан айнымай елді Ресейден құтқару іс-әрекеттерін жалғастырды.»⁷¹

Түркістандағы ұлттық ақындардың ауыр жағдайын баяндаған бұл кітаптағы жазу мақсатын Хайит былай деп түсіндіреді: «1937-1939 жылдары Түркістанда 350-ден астам ақын жазушы ұсталды. Бұлардан қанша адам НКВД азаптауларында түрмеде қаза болғаны туралы Совет көздері нақты мәлімет бермейді. Алайда таяуда Түркістанда көптеген ақындардың түрмеде қаза тапқанын білдік. Түркістанда үстемдік ететін орыс коммунистерінің бұйрығымен өлтірілген немесе түрмедегі қатал жағдайға төтеп бере алмаған ұлттық ақындардың апаттары дастан және роман ретінде қанша жазса да таусылмайды. Әлемде ешбір елде билеуші ұлт өкілдері Түркістандағыдай ұлт-

70 Найит, 5 -бет.

71 Найит, 8-9 - беттер.

280 тық рухта туындыларды шығарған ақындарды осындай үрейлі жаза қолданбаған шығар. Түркістанда қаза тапқан ұлттық ақындардың жалғыз қылмысы ұлттық өмірге байланысты еркін қалам тартулары қана. Одан басқа қылмыстары барын, біз тіпті КСРО-ның көздерінен қарап біле алмай отырмыз.

Осы қысқа мақалада ұлттық апатты барлық жақтарымен жан жақты беруге мүмкіндігіміз жоқ. Бұл ұзақ және маңызды зерттеулерді қажет етеді.

Бұл мақалада біз оқырмандарға бодандықтағы түркілердің елі Түркістандағы Коммунистік билік өлтірген ұлттық ақындардың біразын мысал ретінде таныстырамыз.»⁷²

Хайит кітабының 46-49 арасындағы беттерді Мағжан Жұмабайға арнап қысқа өмірбаянын бергеннен кейін оның «Түркістан» және «Алыстағы баурыма» өлеңдерінен үзінділер келтірген.⁷³

1985 жылы алғашқы басылымы Ыстамбұлда жарық көрген тарих ғылымының докторы, профессор Надир Деулеттің «Ресей түркілерінің ұлт-азаттық күресі тарихы (1905-1917)» атты еңбегінде Мағжан туралы шағын мәлімет келтіріледі. Кітаптың «Қазақтарда баспасөз, басылым және оқу-ағарту» атты бөлімінде Қазақ газеті туралы мәлімет бере келіп зерттеуші бұл газетке Мағжан Жұмабай, Әлихан Бөкейхан және Міржақып Дулат сынды қазақтың алда келген ақын жазушыларының бағыт бағдар беріп отырғанын айтады. Осы беттегі сілтемелер арқылы аталған үш Алаш қайраткерінің өмірбаяны мен еңбектері туралы беттін аяқ жағында қысқа мәлімет береді.⁷⁴

Мағжанның өлеңдері туралы ең қомақты кітап Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін 1993 жылы Анкарада «Мағжан Жұмабаев өлеңдері» деген атпен жарық көреді. Бұл еңбекті Ферхат Тамир 1986-1992 жылдары арасында Анкарадағы Ғази университетінде филология ғылымының докторы, аталған университеттің профессоры Ахмет Бижан Ержиласұнның жетекшілігінде докторлық диссертация ретінде дайындайды. Ержиласұнның докторантына Мағжан өлеңдерін зерттеу тақырыбы ретінде беруіне Хасен Оралтайдың 1965 жылы жарық көрген «Ұлы түрікшіл ақын Мағжан Жұмабай» шағын кітабы түрткі болған екен. Ол «Йенічағ» газетіне жазған бір мақаласында бір көрмеде Оралтайдың «Ұлы түрікшіл ақын Мағжан Жұмабай» кітабының кездейсоқ қолына тигенін, оның отты өлеңдерін, әсіресе сонау Алтайдан Анатолияға қарата жазған «Алыстағы баурыма» атты өлеңін оқығаннан кейін Мағжан есімі зердесінде сақталғанын айтады. Содан алғашқы докторанттарының біріне Мағжанды тақырып ретінде бергенін айтады.⁷⁵

Ферхат Тамирдің 1992 жылы табыспен қорғағаннан бір жылдан соң Анкарада жарыққа кітап қып шығарған зерттеуі 338 беттен тұрады.⁷⁶ Кітапта алдымен Мағжанның өмірі мен еңбектері таныстырылады. Автор осы тарау үшін мәліметтерді Зәки Уәлідінің біз жоғарыда таныстырған кітабындағы мәліметтер мен 1989 жылы Қазақстанда жарық көрген Мағжан Жұмабаев шығармалары атты еңбектен алғанын келтіреді. Осыдан кейін оның 156

72 Hayit, 15 -бет.

73 Hayit, 46-49 - беттер.

74 Devlet, N. Rusya Türklerinin Milli Mücadele Tarihi (1905-1917), Türk Tarih Kurumu: Ankara – 1999, 201-202 - беттер.

75 Ercilasun, A. B. Yeniçağ, 21.04.2010. Оралтай бұл еңбекке түрткі болғанын растайды. Oralтай, 224 -бет.

76 Tamir, F. Mağcan Cumabayef Öleñderi (Mağcan Cumabayulı'nın Şiirleri). Ankara 1993, 13-16 - беттер.

өлеңін алдымен қазақша мәтінін, кейін түрік тіліндегі аудармасын береді. Өлеңдер үшін Мағжанның 1923 жылы Ташкенде араб әріптерімен басылып шыққан өлең жинағы негізге алынған. Қазақша мәтіндер латын әріптерімен берілген. Осы мәтінде «ш» дыбысы орнына «ч» және «ж» дыбысы орнына «дж» дыбысы қолданылған. Зерттеуші мұның себебін 1923 жылғы араб әріптерімен жазылған нұсқада солай болғандығын, бұл себептен бүгінгі қазақшада қолданылған «ш» және «ж» әріптерін қолданбағандықтарын айтады.⁷⁷ Ферхат Тамирдің бұл еңбегі Түркияда Мағжан өлеңдері туралы жарық көрген ең көлемді алғашқы және соңғы еңбек болып табылады. Соңғы дейтініміз, аудармалара мен транскрипциялауда кейбір қателіктері болғанымен мұндай көп өлеңді қамтыған екінші кітап әлі түрік тілінде жарық көрмеген.



1993 жылы Мағжанның туғанына 100 жыл толуына байланысты Ікпiл Құрбанның «Мағжан Жұмабай жүз жаста (1893-1993)» атты мақаласы «Түрк Күлтүрү» журналында жарық көрді.⁷⁸ Автор мақаласында он жыл түрмеде жатқаннан кейін Мағжанның 1938 жылы қыршын кеткенін, оны Сталиннің жендеттері өлтіргенін айтады. Бірақ ол сөзін жалғастырып, Мағжан бір өлеңінде өзі айтқандай өлген жоқ деп оның «Мен кім» атты өлеңінен мына шумақтарды қазақ және түрік тілдерінде береді:

Жалынмын мен, келме жақын, жанарсың,
Тұлпармын мен, шаңыма ермей қаларсың.
Күл болсын көк, жемірілсін жер, уайым жоқ,
Көз қырымен күліп қана қарармын.

Мен өлмеймін, менікі де өлмейді,
Надан адам өлім жоғын білмейді.
Өзім – патша, өзім – қазы, өзім – би,
Қандай ессіз не қылдың деп тергейді?

⁷⁷ Tamir, 9- бет.

⁷⁸ Kurban, İ. Mağcan Cumabay Yüz Yaşında (1893-1938) // Türk Kültürü, 1993 No: 359, Tom 31, 54-59- беттер.

1996 жылы Анқара университетінің жанындағы Түркология зерттеулері институтының журналында Мағжан мен еңбектерін таныстырған қомақты бір мақала жарияланды.⁷⁹ Ашұр Өздемирдің қаламынан шыққан «Ұлы қазақ ақыны Мағжан Жұмабай» атты мақала 1989 жылы Алматыда жарық көрген «Мағжан Жұмабаев шығармалары» атты еңбектен тиісті бөлімнің аудармасы. Автор сонымен қатар мақалада кездескен адам аттарына сілтеме беріп беттің аяқ жағында бір неше сөйлеммен қысқа қысқа түрік оқырмандарына таныштырып отырған.

Мағжан Жұмабай туралы Ферхат Тамирдің докторлық диссертациясынан кейінгі кең көлемді екінші зерттеуді 1998 жылы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде Гүнхан Қайхан магистрлік диссертация ретінде дайындады.⁸⁰ 120 бет көлеміндегі зерттеуде Мағжанның өмірі жан жақты таныстырылады. Одан кейін Мағжанның өлеңдері мен басқа еңбектері «Ұлтшылдық және тарих», «Махаббат пен әйел», «Батырлық», «Табиғат», «Дастандар», «Прозалар», «Мақалалары», «Ғылми еңбектері», «Сауатты бол», «Алқа әдеби бағдарламасы» атты тарауларда талқыланады. Зерттеушіге диссертация жазу барысында қазақ әдебиеті туралы танымал ғалымдар профессор Рахманқұл Бердібаев пен Құлыбек Ергөбеков көмектескен.

Кейінгі жылдары, атап айтқанда 2014 және 2016 жылдары біреуі магистрлік, біреуі докторлық тағы екі диссертация Түркияда қорғалған. Магистрлік бірінші зерттеу филология ғылымдарының докторы, доцент Хикмет Қораш жетекшілігінде Йылмаз Бажақлы 2014 жылы Нигде университетінде дайындаған.⁸¹ Зерттеудің Алғы сөзінде қазақ әдебиетінің маңызды тұлғаларының бірі деп сипатталған ақынның түркі халықтарының ішінде айрықша орны бар екеніне көрсетілген. Мағжанның Түркістан жағрапиясында ата-бабаларының рухани мұрасымен жабдықталған ақындық тәжірибесімен бүкіл түркі әлеміне үн қатқаны айтылады. Зерттеуші бұл зерттеуінде Ферхат Тамирдің еңбегін пайдаланған. Үш тараудан тұратын 144 беттік зерттеудің бірінші тарауында Мағжан өмірі таныстырылады, екінші тарауда Мағжан өлеңдерінің тақырыптары мен қолданылған символдер талқыланады, үшінші тарауда таңдалған кейбір өлеңдері таныстырылады. Тарих, дәстүр, жағрапия және бір тұлғаның өнімі ретінде өлеңдер он бес жеке тақырып және алты символ тобы арқылы зерттегенін айтқан автор өмірін құрбан еткен шығармаларындағы жауды сескендірген өлеңдердегі тереңдікті шешуге ұмтылып өтмісте жасырылған, тіпті тиым салынған болса да, өміршеңдігін жоғалтпаған осы өлеңдердің астарындағы құпияны табуға тырысқанын айтады.⁸²

2016 жылы Анқарадағы Гази университетінде қорғалған докторлық диссертация болса «Қазақ ақыны Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерінде құрылым

79 Özdemir, A. Büyük Kazak Şairi| Mağcan Cumabay // A. Ü. Türkiyat Araştırmaları Enstitüsü Dergisi, No: 4, 1996, 199-213 - беттер.

80 Kayhan, G. Mağcan Cumabay'ın Hayatı ve Eserleri, (Магистрлік диссертация-Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті), Türkistan, 1998.

81 Bacaklı, Y. Mağcan Cumabeyuli'nin şiirleri üzerine bir inceleme, (Magiistrlik diyssertatsiyya - Niygde Vniywrsiyeteti), 2014.

82 Bacaklı, V-VII - беттер.

және тақырып» деп аталады.⁸³ Филология ғылымдарының докторы, доцент Айфер Йылмаздың жетекшілігінде Қазақстандық Ерлан Жиенбаев дайындаған диссертацияда Мағжанның өлеңдерін құрылым, тақырып және баяндау тұрғысынан зерттеуге тырысқан. 565 беттік зерттеудің бірінші тарауында Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен еңбектері таныстырылған. Екінші тарауда ақынның өлеңдері құрылымы, тақырыбы мен өрнегі тұрғысынан жан жақты талдауға күш жұмсалған. Үшінші тарауда бөлімде Жұмабаевтың өлеңдері ұлттық романтика тұрғысынан талданып Анатолия ұлттық әдебиеті кезеңіндегі түрік ақындарының шығармалары арасындағы сабақтастықтар қарастырылған. Диссертацияның соңындағы қосымшалар тарауында ақынның 74 өлеңі мен 8 мақаласы қазақша мәтіні және түрікше аудармасымен берілген.

1999 жылы түрік ғалымы Халіл Ибраһим Ұста түркі елдер арасында ортақ әліппе мен тіл турасында әлі де бір ымыраға келмей бір қатар қайшы пікірлер айтылғанына тоқталып Мағжанның «Педагогика» атты еңбегіндегі тіл туралы пікірлеріне тоқталған. Мақала авторы «Ортақ түркі тілі және Мағжан Жұмабаев» атты мақаласында Түркияда біраз ғалымдар адам санының көптігі, дамыған батыс елдеріне жақын болуы және даму деңгейіне байланысты түрік тілінің ортақ тіл ретінде қолдану керектігін, ал қазақтар болса қазақ тілінің ортақ тіл болуға лайықты екенін алға тартқанын айта келіп бұл мәселеге сонау Кеңес дәуірінде Мағжанның тоқталғанына қайран қалғанын айтып оның аталған еңбегінен мына сөздерін келтіріп түрік тілінде түсіндірмесін береді:

«Тілдің адам өмірінде һәм ұлт өмірінде ұстаған орны.

Тіл – адам жанының тілмашы. Тілсіз жүрек түбіндегі бағасыз сезімдер, жан түкпіріндегі асыл ойлар жарық көрмей, қор болып қалар еді. Адам тіл арқасында ғана жан сырын сыртқа шығарып, басқалардың жан сырын ұға алады. Ойлаған ойын сыртқа шығарып, басқаға ұқтыра алса, адамның не арманы бар. Жазушы, ақын деген сөз – ойлаған ойын әдемілеп жарыққа шығара алатын адам деген сөз.

Тілі кем болса, адамның қор болғаны. Ойың толып тұрып, айтуға тілің жетпесе, іш қазандай қайнайды да. Қысқасы, адамның толық мағынасымен адам аталуы тіл арқасында. Тіл әрбір адамға осындай қымбат болса, әрине, ұлт үшін де қымбат. Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр.

Қазақтың сар даласы кең, тілі де бай. Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, орамды, терең тіл жоқ. Түрік тілімен сөйлеймін деген түрік балалары күндерде бір күн айналып қазақ тіліне келмекші. Қазақ тілін қолданбақшы. Осы күнде-ақ айналып келе жатыр. Татардың әдебиет тілі жылжыл сайын қазақ тіліне жақындап келеді.

Күндерде бір күн түрік балаларының тілі біріксе, ол біріккен тілдің негізі

83 Zhiyenbayev, E. Kazak şairi Mağcan Cumabayev'in şiirlerinde yapı ve tema, (докторлық диссертация – Гази университеті), 2016.

284 қазақ тілі болса, сөз жоқ, түрік елінің келешек тарихында қазақ ұлты төрден орын алмақшы. Келешектің осылай болуына біздің иманымыз берік.

Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кен тілім,
Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім.
Таралған түрік балаларын бауырыңа
Ақ қолыңмең тарта аларсың сен, тілім.»

Зерттеуші осы сөздерді түсіндіріп бергеннен кейін мақаласын Мағжанның сөздерінің негізсіз емес екенін, қазақ тілі де ортақ тіл болуға лайықты, сондықтан әр елдің тіл мәселесінде тек менікі ғана дұрыс демей жанкештілік жасап ортақ тіл мәселесінде сезіммен емес ғылым және парасатпен жұмыс істеуі керек екеніне көрсетіп аяқтайды.⁸⁴

2000 жылы Мимар Синан көркем өнер университетінің журналында жарық көрген тарих ғылымының докторы, аталған университеттің профессоры Әбдіуақап Қараның мақаласында Мағжан Жұмабайдың «Алыстағы баурыма» өлеңі Ататүріктің жетекшілігінде 1923 жылы Түркия Республикасының дербес ел ретінде ту көтеруіне қосылған үлес ретінде бағалануда.⁸⁵ «Түркістан түркілерінің ұлт-азаттық күресіне және республикағаға үлестері» атты мақаласында Қара олардың үлестерін қаржылай, әскери және идеялық үлестер ретінде үш салада зерттеп Мағжанның «Алыстағы баурыма» өлеңін оған рухани жанашырлық көрсету ретінде көрсетуде. Оның айтуынша, Анатолиядағы ұлт-азаттық күресіне назар аударып отырған Түркістандағы зиялылар халықтың түріктер туралы ой-сезімдерін өлеңдерінде тілге тиек еткен. Олар осылайша Ататүрік пен үзеңгілес жолдастарының ұлт-азаттық күресіне рухани көмек беруді ойлаған. Мұндай өлеңдер тек Мағжан ғана емес, түркістандағы өзге түркі халықтардың да ақындардың да қаламынан шыққан. Қара осы орайда қырғыз ақыны Исмаил Сарыбай ұлының «Ағылшындар түріктерге шабуыл жасағанда» және өзбек ақыны Әбдіхамит Шолпанның түрік ұлт-азаттық күресіне арнап жазған «Топан» өлеңін көрсеткен. Аталған мақалада автор Мағжанның «Алыстағы баурыма» өлеңінен де үзінділер келтірген.

Әбдіуақап Қара сонымен қатар 2013 жылы Ыстамбұлда жарық көрген «Түркі дүниесін зиялыландырғандар» атты еңбекте «Түркі дүниесінің зиялыландырылуында қазақ зиялыларының атқарған қызметі» тарауын жазып онда Абай, Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уәлиханов, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсын, Мұстафа Шоқай сынды қазақ оқымыстылар қатарында Мағжан Жұмабайдың түрікшілдік идеясына қызмет еткенін атап өтіп оның өмірі туралы мәлімет беріп «Алыстағы баурыма» және «Түркістан» өлеңдерінен үзінділер келтіреді.⁸⁶

Мағжан туралы маңызды да қызық бір кітап Анкарада 2003 жылы жарық көрді. Фейзуллах Бұдақтың қаламынан шыққан туынды «Алтайдағы жүрегім: Мағжан Жұмабайға жауап» деп аталады.⁸⁷ Қазақ және түрік тілдерінде

84 Usta, H. İ. Ortak Türk Dili ve Mağcan Cumabayev. Türk Dili ve Edebiyatı Dergisi, 1999, No: 571, 628-632- беттер.


85 Kara A. Türkistan Türklerinin Kurtuluş Savaşı'na ve Cumhuriyet'e Katkıları // Fen-Edebiyat Fakültesi Dergisi, Kasım 2000, No: 3, 71-82 - беттер.

86 Kara, A. Türk dünyasının aydınlatılmasında kazak aydınlarının üstlendiği görev // Türk dünyasını aydınlatanlar, İstanbul, 2013, 97-99 - беттер.

87 Budak, F. Altaydağı jüregim: Mağjan Jumabayğa javap. Ankara: Yeni Avrasya Yayınları, 2003.

шыққан кітап Мағжанның «Алыстағы баурыма» атты өленіне 80 жылдан кейін түрік бауырларының жауап ретінде жазылған бір өленді де қамтуда. Мағжан танушы Бұдақ Анқарада Мағжан өлеңдері туралы бір конференция өткізіп болғаннан кейін Индира Әзретберген атты бір қазақ докторант одан «Мағжанның түрік ұлт-азаттық күресіне арнап жазған «Алыстағы баурыма» атты өленіне жауап берген бір түрік ақыны болған ба?» деп сұрақ салады. Күтілмеген бұл сұраққа Бұдақты ойландырады. Расында да 80 жылдай уақыт өтсе де, бір түрік ақының оған жауап қайтармағаны бір жағынан ұялтса, екінші жағынан толғандырады. Содан өзі оған бір жауап өлең жазуға бекінеді.⁸⁸ Сондағы ойларын ол былай деп келтіреді:

«Күтпеген жерден қойылған осы бір сауалға жауап бере алмай тұрып қалған едім. Иә, мұндай бір жауаптың міндетті түрде болуы керек еді. Бірақ өкінішке орай жоқ болатын. Жарайды, егер жауапты мен жазбасам, басқасының жазуын күтуге қандай хақым бар?!.. Сол сәттен бастап, екі иығым ауыр жүк артылғандай болып, одан басқа еш нәрсе ойлай алмайтын күйге душар болдым. Негізінде бұл жауап дәл сексен жыл кешіккен болатын. Сондықтан бірнеше күн тағы күтсе де болар еді. Бірақ мен мұны бір сәт те болса ойымнан шығара алмас едім. Сол күні түн жарымға дейін не істесем де санамды шырғаған осы оймен арпалысуда едім. Тамақ жеп отырғанда болсын, су ішерде болсын, теледидарға немесе газетке қарап жатқанда болсын ойша Мағжанға (Алыстағы бауырыма) жауап іздеп шарк ұруда болатынмын... Мағжан Жұмабайдың түрік ұлт-азаттық күресі үшін сексен жыл бұрын жазған алдыма қойып, жауап жаза бастадым. Жыр жолдары адам сенбес түрде, дәл бір бұрын жазылып-сызылып, жадымда жатталған секілді қағаз бетіне төгілуде еді. Еш бөгелместен, тегіс жазық жерде ағып жатқан ағын су секілді жүректен құйылып жатқан жауаптың соңғы шумағының ақырғы нүктесіне жеткенде бір сәт жүрегім тоқтап қалғандай сезіндім.»⁸⁹



88 Budak, 126-128 - беттер.

89 Budak, 128-130 - беттер.

Мағжанның бұл өлеңіне түрік ақыны Фейзуллах Будактың жазған жауабы:

Алыстан азабымды білген бауырым,
Жұбатып, көздің жасын сүрткен бауырым.
Отырып өзі жаудың ортасында,
Көңілді мұң - зарыма бөлген бауырым.

Тұмшалып қайғы-мұңға қалдым, бауырым,
Қуарып бәйшешектей солдым, бауырым.
Сен дұшпанды бұрыннан білуші едің,
Мен енді соған куә болдым, бауырым.

Анамыз еді-ау ортақ алтын Алтай,
Ол бір тұлпар болғанда, біз бір-бір тай.
Бауырында ойнақ салып біз жүргенде,
Тап біздей жайнамайтын Күн менен Ай.

Алалы алтын сақа атқан едік,
Тебісіп бір төсекте жатқан едік.
Алтайдай анамыздың ақ сүтін де
Бірге еміп, бірге дәмін татқан едік.

Сылдырап біздер үшін бұлақ ақты,
Шатырлап найзағайлар ойнап жатты.
Даяр боп ұшқан құс пен соққан құйын,
Біз мінген аттар - тұлпар, һәм пырақты.

Бір күні бұл дәуреннің соңы жетіп,
Тәңірдің жазуымен сапар шектік.
Ақ теңіз, Қара теңіз ассақтағы,
Жүректі сол Алтайға тастап кеттік.

Білемін ұшам дедін, ұша алмадың,
Дәрменсіз, көкке қанат қаға алмадың.
Жөн сілтеп, жол көрсетер ешкімің жоқ,
Дұшпанның тырнағынан қаша алмадың.

Саған атқан оқ маған өтіп жатты,
Күнәсіз қанымызды төгіп жатты.
Егерде қан төгілсе мына біздің,
Түбімізге бөліну жетіп жатты.

Мен де аңсаймын кешегі қыр-сайды да,
Күндіз - Күн, түнде - күміс нұрлы Айды да.
Бізді жібек құндаққа орап алып,
Бауырында әлпештеген ана - Алтайды да.

Айырылып бір-бірімізден, отқа түстік,
Тарихтың қазанында қайнап пістік.
Тайсалып қайтпайтұғын жауған оқтан,
Жігіттік, батырлықтың антын іштік.

Ұмтылған бостандыққа түрік жаны,
Ауырып көрген емес, бітіп қаны.
Жүректің жалын оты сөнген емес,
Соғып тұр тамырында ата қаны.

Бауырым, сен о жақта, мен бұ жақта,
Не таптық шашырағанда шартарапқа?
Барлығын күш-қайраттың жинау керек,
Атадан мирас қалған ұлы Отанда.⁹⁰

Анкарада 2004 жылы тарих ғылымының докторы, Ыстамбұл университетінің профессоры Мехмет Сарайдың қаламынан шыққан «Қазақтардың оянуы» атты кітапта⁹¹ Мағжанға және өлеңдеріне орын берілген. Көне дәуірлерден қазіргі дәуірге дейін қазақ тарихын зерттеген ғалым қазақтардың ұлт-азаттық көтерілістеріне қатысты тарауларда Мағжан туралы мәліметтер берген. Қазақстанда зияландыру және ұлттық қозғалыстардың алдыңғы қатарлы тұлғаларынан бірі ретінде Мағжанды көрсеткен Сарай оның Бөкейхан, Дулат және Шоқайдай белсенді саясаткер болмаса да, қазақ халқының ұлттық әрекеттеріне жазған өлеңдері мен мақалалары арқылы орасан зор үлес қосқанын айтады. Сондай-ақ оның ақындық туындыларының Анатолия жерінде де зор құрметке ие болғанын көрсеткен ғалым оның әсіресе Мұстафа Қамал Ататүріктің жетекшілігінде түрік ұлт-азаттық көтерілісіне арнап жазған «Алыстағы баурыма» және «Түркістан» өлеңдерін үлкен жаңғырық туғызғанын айтады.⁹² Ол сонымен қатар еңбегінде Мағжанның «Алыстағы баурыма» өлеңін түрік тіліндегі толық аудармасын да береді.⁹³

2005 жылы Мұса Шенол мен Уедат Йешилчіектің Мағжан мен Шолпанның түріктердің 1920 жылдардағы ұлт-азаттық күресіне арналған өлеңдерін салыстырған мақалалары «Түркі әлемі зерттеулері журналында жарық көрді.⁹⁴ Олар мақалаларында өзбек ақыны Абдіхамит Сүлеймен Холпан және қазақ ақыны Мағжан Жұмабайұлы жазған өлеңдерімен Анатолиядағы ұлт-азаттық күресіне қолдау көрсеткендерін айта келіп Шолпанның «Топан», Мағжанның «Алыстағы баурыма» өлеңдерін келтіреді. Олардың пікірінше екі ақын Анатолиядағы тәуелсіздік күресін, бүкіл түркі дүниесінің тәуелсіздік күресі ретінде бағалаған.⁹⁵

2007 жылы Ыстамбұлда жарық көрген екі томдық Қазақ әдебиеті атты еңбекте Мағжан өмірбаяны берілген. Кенан Коч, Алмагүл Исина мен Болат Қорғанбековтың қаламынан шыққан еңбектің бірінші томы Қазақ фолькло-

90 Budak, 138-141 - беттер.

91 Saray, M. Kazakların Uyanışı. Ankara, 2004.

92 Saray, 127 -бет..

93 Saray, 154-156 - беттер.

94 Şenol, M. – Yeşilçiçek, V. Çolpan ve Jumabayuli'da anadolu kurtuluş savaşı'nın yansımaları // Türk Dünyası İncelemeleri Dergisi, 2005, Cilt: V, No: 2, 267-276 - беттер.

95 Şenol – Yeşilçiçek, 269-bet.

288 ры мен Кеңес Одағына дейінгі қазақ әдебиетіне арналған болса, екінші томы Кеңес кезеңі және тәуелсіздіктен кейінгі қазақ әдебиетін қамтуда.⁹⁶ Екінші томда Мағжанның өмірбаяны туралы біраз мәліметтер берілгеннен кейін Оның «Алыстағы баурыма», «Мен жастарға сенемін» өлеңдерінің түрік тілінде толық аудармасы берілген.⁹⁷

2009 жылы Емін Өздемір «Қазақ мәдени өмірінде татарлардың әсері және қазақ жадітшілдігінің дамуы» атты мақаласында Мағжанның еңбектерін жадітшілдік тұрғысынан талқылайды.⁹⁸ Мағжанды ХХ ғасырдың басында жадидизммен бірге дамыған түрікшілдік идеясының символдық тұлғаларынан бірі деп есептеген зерттеуші ақынның еңбектерінде осы идеяның қазақи ұғым тұрғысынан шекараларын белгілеуге тырысқанын айтады. Оның атап өтуінше, Жұмабаев бір жағынан, қазақ тілінің өлеңдік қуатын шебер пайдалана отырып қазақтардың тарихи сана-сезімін қалыптастыруға күш жұмсаса, ал екінші жағынан қазақтардың жалпы түркі әлеміне деген адалдығының дәрежесін көрсетуді қалады. Жұмабаевтың өлеңдерінде, 1910 және 1920 жылдардағы түркі әлемінің тұжырымдамасы кең аймақты қамтыды. ХХ ғасырдың басында қазақтардың тектес және тілдес деп бағалған туыс халықтар өмір сүрген жағрапиялық кеңістік Анатоли түріктерінің отаны Осман империясынан Орталық Азияның жүрегіне дейінгі кең жерді алып жатты. Жұмабаевтың өлеңдерінде бейнеленген тарихи рәміздер Фарабиден Ибн Синаға, Шыңғыс пен Тимурға дейінгі саяси және мәдени салаларды қамтыды. Ақын «Тұран» ұғымының әсіресе Орталық Азиядағы түркілер үшін қандай күшті ынтымақтастырушы күш екенін «Түркістан» өлеңінде тілге келтірген.⁹⁹

2011 жылы жарық көрген мақаласында Жәмила Қынажы «Қазақ ақыны Мағжан Жұмабаюлының өлеңдерінде «өзі» және «өзгесі» бейнесі» мәселесін талқылайды.¹⁰⁰ Зерттеушінің пікірінше, Мағжан Жұмабаюлы қазақтардың ХХ ғасырдағы ұлы ақыны болып табылады. Қырық төрт жылдық қысқа құмырында әрқашан өзін бір зиялы ретінде қаламымен және әр түрлі іс-әрекеттерімен қазақ халқының ұлттық санасын күшейтуге жауапкер сезінген. Ақынның ұлтшыл бірегейлігі жазған өлеңдерінде көрініс тапқан, өлеңдерінде «өзі» жалпы алғанда идеализацияланған. Әйткенмен, ақын «өзіне» толықтай байланып маталып қалмайды, керек жағдайларда зиялы ретінде «өзін» сынаиды да. Бүгін тіпті түркітанушы ғалымдардың да арасында талас-тартысты мәселе болып тұрған «қазақ па?», «қазақ түркі ме?» деген сыяқты орынсыз дау-дамайларға Мағжан осыдан ондаған жылдар бұрын жазған өлеңдерінде жауап қайтарып «түрік» бірегейлігін жоғары бірегейлік деп бағалап қазақ түркілері мен түркия түркілерін осы жоғары бірегейліктен уақыт ішінде тараған бауырлар ретінде көрген.¹⁰¹

2011 жылы жарық көрген мақаласында филология ғылымдарының док-

96 Коç, К. – İřina, A. – Korganbekov, B. Kazak Edebiyatı (Kazak folkloru ve Sovyet dönemi öncesi Kazak edebiyatı), 1 tom, İstanbul, 2007; Коç, К. – İřina, A. – Korganbekov, B. Kazak Edebiyatı (Sovyet dönemi ve bağımsızlıktan sonraki Kazak edebiyatı), 2 tom, İstanbul, 2007;

97 Коç, К. – İřina, A. – Korganbekov, B. Kazak Edebiyatı (Sovyet dönemi ve bağımsızlıktan sonraki Kazak edebiyatı), 2 tom, İstanbul, 2007, 477-486 - беттер.

98 Özdemir, E. Kazak Kültürel Hayatında Tatarların Etkisi ve Kazak Ceditçiliğinin Gelişimi // Bilig, Kış / 2009, sayı 48: 157-176 - беттер.

99 Özdemir, 170 -бет.

100 Kınacı, C. Kazak Şairi Mağcan Cumabayoğlu'nun Şiirlerinde "Kendi" Ve "Öteki" İmajı, Turkish Studies, 6/3 Summer 2011, 1663-1678- беттер.

101 Kınacı, 1678 -бет.

торы, профессор Хайреттін Райман «Мағжан Жұмабаевтың өлең әлемі» атты мақаласында¹⁰² ақынның өлеңдерін құрылым жағынан талдаған. Талдауында Ферхат Тамирдің еңбегін негізге алып ақынның 159 өлеңін зерттеген. Зерттеуінде ақын өлеңдерін өлеңдерін қалай атады, өлеңдерінің есімі қанша сөзден тұрады, өлең мен ақынды анықтау тәсілі, өлеңдерінің сыртқы құрылымдық ерекшеліктері, ұйқас және оларды пайдалану тәсілі, қолданған дилеммалары, өлеңдеріндегі есімдер және сын есімдер, мақал-мәтелдер, өз замандастары арасындағы орны, оқырманға не айтқысы келетіні сыяқты мәселелерді қарастырған.

2013 жылы Ескішеһір қаласындағы Анатолия университетінің «Заманауи түркі әдебиеттері» атты екі томдық оқулығына Мағжан Жұмабайұлы кірген. Оқулықтың 226 беттік екінші томының 2-53 беттері қазақ тілі мен әдебиетіне арналған. Осы оқулықта қазақ әдебиеті «XX. ғасырға дейін қазақ әдебиеті», «XX. ғасыр қазақ әдебиеті», «БҒЫ. Дүниежүзілік соғыс кезінде қазақ әдебиеті», «Сталин кезеңінен кейінгі қазақ әдебиеті (1956-1967)», «Тәуелсіздіктен алдын соңғы дәуір қазақ әдебиеті (1968-1990)» және «Қазақ театры» деген тараулармен таныстырылған. Оқулықтың 31-32 беттерінде Мағжан туралы мәліметтер келтіріледі. Ақынның өмір жолы таныстырылғаннан кейін үш өлеңінен үзінділер беріледі. Кітап авторлары Мағжанның жаңашыл қырын көрсету үшін «Жан сөзі» өлеңін сондай-ақ Түркияда танымал болғаны үшін «Алыстағы баурыма» және «Түркістан» өлеңдерінен үзінділер береді.¹⁰³

Баймырза Хайиттің 1971 жылы жарық көрген «Түркістанда өлтірілген түркі ақындары» на ұқсас бір кітап 2014 жылы Анкарада «Оқ атылған Түркология» деген атпен жарық көрді.¹⁰⁴ Филология ғылымдарының докторы, Фырат университетінің профессоры Ахмет Бұранның бұл кітабы екі тараудан тұрады. Оның «Үрей туннелі» деп аталған бірінші тарауында XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың алғашқы жартысына дейінгі шамамен екі ғасырлық мезгілде түркі дүниесі душар болған қуғын-сүргін, қырғын және өлімдер туралы айтылған. «Оқ атылған түркология» атты екінші тарауында болса, басым көпшілігі Кеңес Одағында, қалғаны Қытай Халық Республикасы және Түркиядағы ғалым, жазушы, ақын түркологтар душар болған құдалау, ату жазасы, қысымдар сөз болады. Міне осы екінші тарауда Кеңестік кезеңде атылып өлтірілген қазақ жазушы, ғалымдары Ахмет Байтұрсын, Телжан Шонан, Құдайберген Жұбан қатарында Мағжан Жұмабай туралы мәліметтер келтірілген. Онда Мағжанның өмірбаяны берілген арасында оның Түркістан және «Алыстағы баурыма» және басқа бір екі өлеңінен бірер шумақ берілген.¹⁰⁵

2014 жылы Ыстамбұлда «Қазақ әдебиетінде әңгіме» атымен жарық көрген кітабында¹⁰⁶ Ашұр Өздемір Мағжанның «Шолпанның күнәсы» атты әңгімесіне орын берген. Сонымен тұңғыш рет бұл әңгіме түрік тіліне аударылып жарық көрді. Зерттеушінің осы әңгімені талдауы айтуынша, бұл әңгіме Мағжанның қаламынан 1923 жылы шыққанымен барлық жағынан

102 Rayman, H. Mağcan Cumabayev'in Şiir Dünyası // Türk Dünyası Araştırmaları. No: 195, Aralık 2011, 201-211 - беттер.

103 Çağdaş türk edebiyatları-II. Eskişehir: T.C. Anadolu üniversitesi yayını no: 2753, 2013, 31-32 - беттер.

104 Buran, A. Kurşunlanan Türkoloji. Ankara, 2011.

105 Buran, 440-443 - беттер.

106 Özdemir, A. Kazak edebiyatında hikaye. İstanbul: Ötüken, 2014.

290 кемелді әңгіме болып табылады. Онда сол дәуірдің өзекті мәселесі - қазақ әйелінің қоғамдағы орны суреттеледі. Ол әйелді қысымға ұшыраған, кемсітілген бейшара ретінде емес, әлсіздіктері, мұңдары, армандары мен амбициялары болған бір «адам» ретінде қолға алады. Сөйтіп Мағжан Жұмабай поэзиядағы күшін әңгімеде де ортаға салып құбылысты өнердің алдына салмай өлеңдегі романтика мен лириканы әңгімедегі шындықпен шеберлікпен қабыстырады. Ол «Шолпанның күнәсі» әңгімесімен қазақ әдебиетіне жан талдау және сана ағымдарын енгізді.¹⁰⁷

2015 жылы жарық көрген мақаласында Әнуар Қапаған Мағжанның өлеңдерін негізге ала отырып қазақ өлеңіндегі тақырыптық өзгерістерге талдау жасайды.¹⁰⁸ Зерттеуші Мағжандағы тақырыптық өзгерістерді үш кезеңге бөліп қарауға болатынын айтады. Оның атап өтуінше, Мағжан өзі білім алған медресенің әсерінен бастапқы кезде тек рухани және жергілікті материалдардан нәр алғаны үшін имандылық пен қарапайымдылыққа жақын келеді. Бірақ қазақ халқының жалыққандығы мен жалқаулығына іші ауырады. Сондықтан қазақтың ұлттық және рухани құндылықтары мен қазақ даласы басым болған жергілікті жағы айқын көрінеді. Екінші кезеңде романтикалық көңіл күйден реалистік бағытқа ауысқан, ізденісте болып шешім жолдары қарастырған қоғамшыл және бүкіл түркі дүниесін ойлаушы бір тұлға және өнер бағыты байқалады. Соңғы кезеңде біз оның натурализм және символизмдік тұрғыда жазатындығын көреміз. Міне бұлардың барлығы ақын өміріндегі және қоғамда пайда болған оқиғалар салдарынан туындаған өзгерістер мен үзілістер.¹⁰⁹

2016 жылы Ыстамбұлда жарық көрген Түркия Дін Істері Қорының энциклопедиясының қосымша бірінші томында Мағжан Жұмабаев туралы мәлімет орын алған.¹¹⁰ Қазақ ақыны, жазушы, саясаткер және ойшыл Мағжан Жұмабаев деген сөзбасымен берілген екі беттік мәліметтерді Ибраһим Қалқан дайындаған. Мағжанның өмірі мен еңбектері таныстырылған мақала үшін автор 2008 жылы Алматыда жарық көрген Мағжан Жұмабаев Көп Томдық Шығармалар жинағы, Ферхат Тамирдің 1993 жылғы еңбегі, 1995 жылы Алматыда жарық көрген Шерияздан Елеукеновтың Мағжан: Өмірі мен Шығармагерлігі және Б. Дерімбетов 1997 жылы баспаға дайындаған 20-30 Жылдардағы қазақ әдебиеті сынды еңбектерден пайдаланған.

2017 жылы Мағжанның «Түркістан» өлеңін талдаған мақала Халықаралық түркі тілдері зерттеулері журналында жарық көрді.¹¹¹ Қазақ әдебиетінің ХІХ ғасырда Абаймен философияның, ХХ ғасырда Мағжанмен лиризмнің шынына көтерілген айтқан мақала авторы Хұсайын Мұтлы Қаһарман оның Түркістанның тарихы мен жағрапиясына қайран екенін айтады. Бұл жағрапияны тарихи тұтастықта көрген ақын үшін сақ билеушісі Алпер Тұнға, Темір, Шыңғыс хан және қазақтың соңғы хандары Абылай Хан мен Кенесары бір ұлттың мүшелеріндей. Зерттеуші мақаласында алдымен Мағжанның өмірі мен шығармалары туралы мәлімет бергеннен кейін «Түркістан» өлеңінде кездескен тарихи тұлғалар мен жер-су атауларына тоқталады.

107 Özdemir, 42-bet.

108 Қапаған, Е. Kazak Şiirinde Tematik Değişimler (Mağcan Cumabaev'in Şiirleri Örneğinde), Türklük Bilimi Araştırmaları (Tubar) -Xxxvii / 2015-Bahar, 189-217 - беттер.

109 Қапаған, 216 -бет.

110 Cumabayev Mağcan // TDV İslâm Ansiklopedisi. 2016, Cilt EK-1, 273-274 - беттер.

111 Kahraman, H. M. Mağjan Jumabayev ve "Türkistan" şiiri // Uluslararası türk lehçe araştırmaları dergisi (türklad). 1. Cilt, 2. Sayı, 2017, 56-66 - беттер.

2018 жыл Мағжан Жұмабайдың туғанына 125 толуына байланысты ақын туралы шыққан кітап пен мақала тұрғысынан жемісті бір жыл болған. Осы жылы түрік ғалымдарының қаламынан екі мақала мен үш кітап жарық көрген.

Мақаланың бірі «Мағжан Жұмабайұлының ұлт-азаттық күресіне қолдауы; оқу-ағарту және түркі дүниесі туралы ойлары» деп аталуда.¹¹² Түрік ғалымы Селма Йел аталған зерттеуін Алматыда халықаралық бір симпозиюмда баяндама ретінде оқыған. Ол Мағжан Жұмабайұлының XX ғасырдың басында өсіп жетіліп шыққан қазақтың зиялысы ретінде түрік және мұсылман әлемінің артта қалуының білімге қатысты екенін анықтағанын және осы тұрғыдан жазған өлеңдері мен мақалалары арқылы халықтың ұлттық сана-сезімін оятуға тырысқанын айтады. «Түркістан» сынды мақала жазып әлемдегі барша түркі халықтарына көңіл бөлген Мағжанның «Алыстағы баурыма» атты өлеңімен қиын-қыстау кезде Анатолия түріктеріне де жанашырлық танытқанын айтқан Селма Йел мақаласында ол туралы мынадай тұжырым жасайды:

«Бүгіндері Мағжанның «Алыстағы баурыма» поэмасы Қазақстан-Түркияның достық байланыстарында жиі аталуда. Бұл өлең келер ұрпақтарға насихатталуға тиіс құндылық. Шын мәнінде, бұл өлеңімен бүкіл түркілерге бірлік пен ынтымақтастықтың қажеттілігін түсіндірген Мағжан өзге еңбектерінде де түрік ұлтының өз құндылықтарына қайтуға, басқа бір сөзбен айтқанда оянуға шақырады.»¹¹³

2018 жылы жарық көрген екінші мақала «Руһани Жаңғыру идеясы және Мағжан Жұмабай» деп аталады.¹¹⁴ Мақаласының кіріспесінде Мағжан Жұмабайды қайта түсіну барысында оның идеяларын «Рухани жаңғыру» аясында талқылауды мақсат еткенін айтқан филология ғылымының докторы, Гази университетінің профессоры Хүля Қасапоғлу Ченгел 2016-2018 жылдары Алаш қозғалысының көсемі Әлихан Бөкейханның туғанына 150 жыл, Алаш Орданың 100 жылы Мағжан Жұмабайдың туғанына 125 жыл, қайтқанына 80 жыл болуы тек Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар Түркияда және өзге түркі елдерінде аталып өтілуі рухани жаңғыру идеясының кең қолдау тауып отырғандығының көрінісі дейді... Ол мақаласының түйіндісінде былай дейді: «Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың осы үдерісте, жүз жыл бұрын Қазақстанның тәуелсіздігі үшін күрескен және бүгінгі тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуында зор үлестері болған дала аристократиясының өкілдері Алаш зиялыларын әр мүмкіндікті пайдаланып тілге тиек етуі, отан және ұлтқа деген сүйіспеншілік, тарих пен ана тілі туралы сана, жастық сынды негізгі құндылықтарға байланысты Мағжан Жұмабайдың лирикалық өлең шумақтарын еске салуы, сол шумақтардағы рухтың тілмашы болуы данышпан ел жетекшісінің өтміске деген адалдығының көрінісі.»¹¹⁵


2018 жылы Мағжан Жұмабайұлының туғанына 125 толуына байланысты Анкарадағы ТҮРКСОЙ ұйымы Мағжан туралы үш кітаптың жарық көруін

112 Yel, S. Magcan Cumabayoğlu'nun Milli Mücadeleye Destegi; Eğitim Ve Türk Dünyası Hakkındaki Düşünceleri // 20.Yüzyıl Başlarından Günümüze Türk Dünyası'ndaki Siyasi, İktisadi Ve Kültürel Gelişmeler Uluslararası Sempozyumu, 24-27 Nisan 2018, s. 245-272 - беттер.

113 Yel, 263-264 - беттер..

114 Çengel, H. K. "Ruhani Jaңıruv" İdeası ve Mağjan Jumabay // Gazi Türkiyat, Bahar 2018/22: 1-7- беттер.

115 Çengel, 6-7- беттер.



Бұл кітаптың алғы сөзінде ТҮРКСОЙ Ұйымының басхатшысы былай деген: Қазақ халқының Абайдан кейінгі ең үлкен ақыны болып есептелетін Мағжан қазақ өлеңіне терең өзгерістер енгізген асқан сөз шебері, ел тағдырын ойлап, ұлғтық ояну дәуірінде Алаш идеясын, ұлт бостандығын насихаттағаны үшін жапа шеккен қаираткер акын. Жүз жыл бұрын Балкан, Чанак-кале және Азаттық соғыстарында Анадолы жерінде жан-жақтан қоршаған дұшпандарына қарсы жанқиярлық ерлік көрсеткен бауырлас түрік халқына жыр арнап, қазақ байларынан алтын қаржы жинап көмек көрсетеді.

1918 жазылған «Алыстағы бауырыма» атты жырында туыс елдің ауыр жағдайын күйзеле жырға қосып, Түркілік бауырластықтың тамаша үлгісін көрсетеді. Кейіннен Түрік елінде аңызға айналған бұл тарихи жыр қазақ халқының және ақынның өз басындағы ауыр жағдайға қарамастан, қандас, бауырлас елдің қасіретін жүреппен сезіп, көңілмен түйсінудің мысалы болып қалды. Қазіргі буын түркі халықтары арасындағы бауырластық сезімнің, қаншалықты маңызды екенін Мағжанның осы жырынан көре алады. Сондықтан, оның өлеңдері Түркияда айырықша құрметтеліп, атажұртында елу жылдан астам тыйым салынған күнде де Анадолы жұртында ерекше қошеметке бөленді. Тәуелсіздіктен соңғы Мағжан Жұмабайға арналған шетелдегі ең алғашқы ескерткіш те Анкара қаласының Кечиөрен ауданында қойылды. Түрік халқының ақын рухына көрсеткен бұл құрметі - қазақ халқы үшін үлкен мақтаныш.»¹¹⁶

400-беттей кітапта 20-дан астам өлеңі эзірбайжан, алтай, башқұрт, чуаш, қазақ, қырғыз, құмық, малқар, орыс, татар, түрік, украин тілдерінде берілген. Аудармалардың барлығының сол халықтардың белгілі ақындарына аудартылғаны кітаптың құнын арттыра түсуде.

116 Kaseyinow, D. Алғы сөз // Мағжан Жұмабай өлеңдері. Türksoy: Ankara, 2018, 12-13 - беттер.

Екінші кітап «Мағжан Жұмабай Түркістан» деп аталады.¹¹⁷ ТҮРКСОЙ басылымдары арасында шыққан кітап Мағжанның қазақша және әзірбайжан тіліне аударылған 46 өлеңін қамтиды.



Өлеңдердің барлығын Әзірбайжандық филология ғылымының докторы, Баку мемлекеттік университетінің профессоры Раміз Әскәр аударған және кітаптың басында «Бүкіл кезеңдердің өлмес ақыны» деген 18 беттік мақаласында Мағжан өмірі мен еңбектеріне талдау жасаған. Ол мақаласын мына сөздермен аяқтайды:


«Мағжан осы жалғанда 45 жыл қиын жағдайларда өмір сүрді және қайтыс болды. Осы әлемде ол 80 жылдан бері жоқ. Бұл матери алдық өлім. Ал рухани өлімнің шекаралары белгісіз. Бәлкім ол мың жыл бойы да жалғаса біледі. Адам өмір сүрген сайын, махаббат пен сезім бар болған сайын, жүрек от болып жанып тұрған сайын, өлең жазылған сайын рухани өмір жалғаса береді. Бұл тұрғыда қазақ Мағжан – бүкіл дәуірлер мен халықтардың өлмейтін ақыны. Өлім оны өлтіре алмады, бырақ ол өлімді өлтірді. Ол тек өлімді қана емес, өзін өлтірген режимді де өлтірді.

Түрік күні, түрік зиялысы,
 Ұлы Мағжан, ұлы Мағжан,
 Сені жақсы көреді Түркі әлемі,
 Сені жақсы көреді Әзірбайжан.»¹¹⁸

Үшінші кітап «Алыстағы баурыма» деп аталады. Кітаптың кіріспесінде зерттеуші Ферхат Тамирдің Мағжанның өмір жолын таныстырған алты беттік мақаласына орын берілген. Содан кейін ақынның 26 өлеңі әрі қазақша, әрі түрік тіліндегі аудармасы берілген. Аудармаларды түрік ақыны Алі Ақбаш жасаған.

¹¹⁷ Mağcan Cumabay Türküstan. TÜRKSÖY: Ankara, 2018.

¹¹⁸ Äskär, R. Bütün dövrlerin ölmez şairi // Mağcan Cumabay Türküstan. TÜRKSÖY: Ankara, 2018, 23 -бет.



«Бенгү» баспасынан шыққан бұл кітап негізінен көп тілде Мағжан өлеңдерінің аудармалары басылған жоғарыда ТҮРКСОЙ ұйымы 2018 жылда шығарған бірінші кітап деп таныстырған еңбекте орын алған түрік тіліндегі 26 аударманың қазақ және түрік тілдеріндегі тарауының жеке кітап болып шыққан нұсқасы.¹¹⁹

2019 жылы жарық көрген Яуұз Окчү мен Айше Дінч мақалаларында Осман империясының соңғы дәуірінде өмір сүрген ақын Намық Кемал мен Мағжан Жұмабайдың өлеңдеріндегі отан және ұлт ұғымдарын салыстырады.¹²⁰ Екі ақынның өлеңдерінен үзінділер келтіріп салыстырған авторлар жалпы мынадай қорытындыға келеді:

«Жалпы ерекшеліктері бойынша зерттеген Намық Кемал мен Мағжан Жұмабай ортасында өздері өмір сүрген қоғамның қажеттіліктерін түсініп, осы талаптарға сәйкес еңбектер шығарып, қоғамның ұлттық санасын күшейту бағытында жұмыс істеген... Олардың өлеңдерінде құмарта отырып беруге тырысқан ұғым мен құндылықтар махаббатпен сабақтасқан отан және ұлт туралы ойлар болып табылады. Алдымен Ислам бірлігі түрінде басталған бұл идеялар кейін түрік бірлігіне өзгереді. Авторлар өздерінің пьесалары мен өлеңдеріне мақсат тұтқан бірлік пен ынтымақтастық рухына қол жеткізді және қоғамдар бірлігін сақтай отырып, бүгіндерге келді. Сонымен қатар, түрік әлемімен қарым-қатынастар келесі кезеңдерде барған сайын күшейген, осы тұрғыда екі туыс ел көптеген ортақ жобаларды жүзеге асырып келеді.»¹²¹

Жалпы алғанда Түркияда Мағжан және шығармалары туралы бір шама

119 Cumabay, M. Uzaktaki kardeşime. Bengü Yayınları: Ankara, 2018.

120 Okcu, Y. - Dinç, A. Namık Kemal İle Mağcan Cumabayev'in Görüşleri Işığında Vatan Ve Millet Düşüncesi // Akademik Sosyal Araştırmalar Dergisi, Yıl: 7, Sayı: 87, Ocak 2019, 483-492 - беттер.

121 Okcu – Dinç, 491 -бет.

зерттеулер жасалып кітаптар жарық көрген. Осы тұрғыда Түркияда түркі әлемі ақындары ішінде Мағжанды ең көп зерттелгендердің бірі деуге болады. Мағжан өлеңдері алғаш рет Түркияда 1929 жылда белгілі Алаш қайраткері Мұстафа Шоқайдың басқаруында жарық көрген Яш Түркістан беттерінде «Түркістан» және «Алыстауы баурыма» өлеңдері басылып шыққаннан кейін танымал бола бастаған. Бұл кезде Мағжан өлеңдеріне туған елі Қазақстанда Кеңестік идеологиялық себептермен тиым салынған еді. Сондықтан Мағжан шығармаларының екінші өмірі Түркияда басталды десек артық болмайды. Дегенмен Мағжан өлеңдерінің Түркиядағы екінші өмірі шектеулі болғанын да айтқан дұрыс. Өйткені Түркияда жарық көрген Мағжан еңбектері Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін он шақты өлеңінен арыға бармайтыны байқалады. Мұның себебі әрине Мағжан өлеңдерінің толық жинақтарына зерттеушілердің қол жеткізе алмауында. Сондықтан Мағжан шығармаларының үшінші, толық және мәңгі өмірі ол Қазақстанда ақталған 1989 жылы, әсіресе ел тәуелсіздік алған 1991 басталды деп айта аламыз.

Міне осы кезеңде Түркиядағы зерттеулердің де толыққанды бола бастағанын айта аламыз. Мағжан өлеңдерінің көпшілігі қамтыған алғашқы еңбек 1993 жылы Анқарада Ферхат Тамирдің қаламынан шыққан. Содан бері өткен ширек ғасырдан астам уақытта көптеген кітаптар мен мақалалар жарық көруде. Дегенмен түрік оқырмандарына әлі таныс болмаған Мағжанның көптеген еңбектері барын айта аламыз. Бүгінге дейін Түркияда жасалған зерттеулер мен жарияланған кітаптарда Мағжанның 160-тай өлеңі, 8 мақаласы мен бір әңгімесі түрік тіліне аударылған. Бірақ оның бұлардан басқа бұрын жарияланбаған соңғы жылдары табылған 32 өлеңі, ғылыми еңбегі «Педагогика», 10 дастаны, 1 мақаласы, 27 аудармасы әлі түрік тіліне аударылып басылмаған.

Бұлардың барлығына қол жеткізу бүгінгі таңда қиын болмаса керек. Өйткені қазір Қазақстанда екі томдық Мағжан Жұмабаев шығармалары деген атпен бұлар қазақша жарық көріп отыр. Ендігі жұмыс осы екі томдықтың түрік тіліне толық аударылып жарық көруі. Мұнымен біріншіден түрік оқырмандар мен зерттеушілер Мағжанның барлық еңбектерімен танысатын болады. Екіншіден осы жұмыс барысында аудармалардың сапалы жасалуына мән беріп бұрын аудармаларда жасалған қателіктер де түзетілген болады.

Бұл, аса қажет. Өйткені Мағжан қазақ әдебиетінің озық өкілдерінен бірі болумен қатар Түрікелі мен Қазақелі арасындағы достықтың символдық әдеби тұлғасына да айналып отыр. Сонда Түркиядағы Мағжан туралы зерттеулер бұдан былай толыққанды және әсерлі одан әрі жалғаса беретін болады. Раміз Әскәр айтқандай, Мағжан түркі халықтарының өлмейтін ақыны. Ол туралы зерттеулер мен еңбектер Түркияда адам өмір сүрген сайын, махаббат пен сезім бар болған сайын, жүрек от болып жанып тұрған сайын, өлең жазылған сайын жалғаса береді. Оған үлес қосу екі елдің достығына мән берген барлық азаматқа парыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әскәр, Р. Бүтүн дәурлерін өлмес шаірі // Мағжан Жұмабай Түркүстан. ТҮРКСОЙ: Анкара, 2018, 5-23-бет.
2. Бажаклы, Й. Мағжан Жұмабеюльының шіірлері үзеріне бір інжелеме, (Магистрлік диссертация - Нигде Университеті), 2014.

3. Бұдак, Ф. Алтайдағы жүрегім: Мағжан Жұмабайға жауап. Анкара: Йені Аурася Яйынлары, 2003.
4. Жұмабай, М. Ұзактакі қардешіме. Бенгү Яйынлары: Анкара, 2018.
5. Жұмабайеу Мағжан // ТДУ Ислам Ансіклопедісі. 2016, Жілт ЕК-1, 273-274 - беттер.
6. Чағдаш түрк едебіятлары-ыы. Ескішеһір: Т.Ж. Анадолу үніуерсітесі яйыны но: 2753, 2013, 31-32 - беттер.
7. Ченгел, Н. К. «Рұһани Жаңғыру» Идеасы уе Мағжан Жұмабай // Газі Түркіят, Баһар 2018/22: 1-7- беттер.
8. Деулет, Н. Рұся Түрклерінін Міллі Мұжаделе Таріһі (1905-1917), Түрк Таріһ Кұрұмұ: Анкара – 1999, 201-202 - беттер.
9. Ержіласұн, А. Б. Йенічағ, 21.04.2010.
10. Найіт, Б. Түркістаньда өлдүрүлен Түрк шаірлері. Анкара, 1971.
11. Каһраман, Н. М. Мағжан Жұмабайеу уе «Түркістан» шіірі // Ұлұсларарасы түрк леһче араштырмалары дергісі (түркклад). 1. Жілт, 2. Сайы, 2017, 56-66 - беттер.
12. Капаған, Е. Казак Шіірінде Тематік Деғішімлер (Мағжан Жұмабаеуын Шіірлері Өрнегінде), Түрклүк Білімі Араштырмалары (Тұбар) -Хххуыы / 2015-Баһар, 189-217 - беттер.
13. Қара. А. Мұстафа Шоқай Өмірі, Күресі, Шығармашылығы. Алматы: Арыс Баспасы, 2004.
14. Кара А. Түркістан Түрклерінін Кұртұлұш Сауашыьна уе Жұмһүріетье Катқылары // Фен-Едебіят Факүлтесі Дергісі, Касым 2000, Но: 3, 71-82 - беттер.
15. Кара, А. – Кұл, Ө. – Ферһатоғлұ, Ф. Доғұмұнұн 100. Йылында бай-мірза найіт уе гүнүмүзде түркістан таріһі араштырмалары ұлұсларарасы семпозюмұ білдірілері, ТДББ Яйынлары: Істанбұл, 2018.
16. Кара, А. Түрк дүнясынын айдынлатылмасында казак айдынларынын үстлендігі гөреу // Түрк дүнясыны айдынлатанлар, Істанбұл, 2013, 88-106- беттер.
17. Карабай, Т. Түрк Леһчелерінден Нұмүнелер: Казакларын Бүйүк Шаірі Мағжан Жұмабайьдан // Түрк Юрдү, 1942 Но: 2, том 26, 53-54-бет.
18. Касейіноу, Д. Алғы сөз // Мағжан Жұмабай өлендері. Түрксой: Анкара, 2018, 12-13 - беттер.
19. Кайһан, Г. Мағжан Жұмабайьын һаяты уе Есерлері, (Магістрлік диссертация-Қожа Аһмет Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті), Түркістан, 1998.
20. Кынажы, Ж. Казак Шаірі Мағжан Жұмабайоғлұьнұн Шіірлерінде «Кенді» Уе «Өтекі» Имажы, Түркісіһ Стүдіес, 6/3 Сұммер 2011, 1663-1678-беттер.
21. Коч, К. – Ішіна, А. – Корганбекоу, Б. Казак Едебіяты (Казак фолклорұ уе Соуйет дөнемі өнжесі Казак едебіяты), 1 том, Істанбұл, 2007.
22. Коч, К. – Ішіна, А. – Корганбекоу, Б. Казак Едебіяты (Соуйет дөнемі уе бағымсызлықтан сонракі Казак едебіяты), 2 том, Істанбұл, 2007.
23. Кұрбан, І. Мағжан Жұмабай Йүз Яшында (1893-1938) // Түрк Күл-түрү, 1993 Но: 359, Том 31, 54-59- беттер.
24. Мағжан Жұмабай Түркүстан. ТҮРКСОЙ: Анкара, 2018.

25. Мағжан Жұмабай өлеңдері. Түрксой: Анкара, 2018.
26. Окжұ, Й. - Дінч, А. Намык Кемал Іле Мағжан Жұмабайеуын Гөрүшлері Ышығында Уатан Уе Міллет Дүшүнжесі // Академик Сосьял Араштырмалар Дергісі, Йыл: 7, Сайы: 87, Ожак 2019, 483-492 - беттер.
27. Оралтай, Н., Алаш Түркістан Түрклерінін Міллі Істіклал Пароласы, Істанбұл. 1973
28. Оралтай. Н. Бүйүк Түркчү Мағжан Жұмабайоғлу. Ізмір, 1965.
29. Оралтай. Х. Елімай-лап өткен өмір. Ыстамбұл, 1999, 223-224
30. Өздемір, А. Бүйүк Казак Шаірі| Мағжан Жұмабай // А. У. Түркіят Араштырмалары Енстітүсү Дергісі, Но: 4, 1996, 199-213 - беттер.
31. Өздемір, А. Казак едебіятында һикайе. Істанбұл: Өтүкен, 2014.
32. Өздемір, Е. Казак Күлтүрел Һаятында Татарларын Еткісі уе Казак Жедітчілігінін Гелішімі // Біліг, Кыш / 2009, сайы 48: 157-176 - беттер.
33. Райман, Н. Мағжан Жұмабайеуын Шіір Дүнясы // Түрк Дүнясы Араштырмалары. Но: 195, Аралык 2011, 201-211- беттер.
34. Сарай, М. Казакларын Ұянышы. Анкара, 2004.
35. Шенол, М. – Йешілчичек, У. Чолпан уе Жұмабаюльыда анадолу кұртүлүш сауашынын янсымалары // Түрк Дүнясы Инжелемелері Дергісі, 2005, Жілг: У, Но: 2, 267-276 - беттер.
36. Тамір, Ф. Мағжан Жұмабайеф Өлеңдері (Мағжан Жұмабаюльынын Шіірлері). Анкара 1993.
37. Тоған, З. У. Һатыралар Түркістан уе Дігер Мүслүман Доғу Түрклерінін Міллі Уарлык уе Күлтүр Мүжаделелері. Істанбұл, 1969.
38. Тоған. З. У. Бүгүнкү Түркілі Түркістан уе яқын таріһі. Ендерүн Кітапеуі: Істанбұл, 1981.
39. Түркістан Шаірлерінден. Яш Түркістан. 1929, Но: 1, 29-33- беттер.
40. Түркістан Шаірлерінден. Яш Түркістан. 1930, Но: 3-4, 38-41- беттер.
41. Ұста, Н. І. Ортақ Түрк Ділі уе Мағжан Жұмабайеу. Түрк Ділі уе Едебіяты Дергісі, 1999, Но: 571, 628-632- беттер.
42. Йел, С. Мағжан Жұмабайоғлуынүн Міллі Мүжаделейе Дестегі; Егітім Уе Түрк Дүнясы Һакындакі Дүшүнжелері // 20.Йүзйыл Башларындан Гүнүмүзе Түрк Дүнясындакі Сіясі, Іктісаді Уе Күлтүрел Гелішмелер Ұлұсларарасы Семпозому, 24-27 Нисан 2018, с. 245-272 - беттер.
43. Зһиенбайеу, Е. Казак шаірі Мағжан Жұмабайеуын шіірлерінде япы уе тема, (докторлык диссертация – Гази университеті), 2016.

Әбдіяқап Қара

ТҮРІКШІЛДІК ИДЕЯСЫНЫҢ ТУЫП ТАРАЛУЫ

Түрікшілдіктің не екені туралы нақты және бірегей түсіндірме жоқ. Бұл туралы түрлі түсініктер мен жорамалдар алға тартылады. Түркі емес ғалымдар мен саясаткерлерде оны «пантюркизм» деп атап түркі қауімі деп көрсету басым. Түрікшілдікті пантюркизм немесе пантуранизм деп атаған олар мұны көбінесе түркі халықтардың өзге халықтарға үстемдік жүргізу саясаты ретінде түсіндіруде.¹²² Ал түрікшіл зиялылар арасында болса, түрікшілдік түрік ұлтын сүйу, ұлтшылдық, түрік ұлтын асқақтату деп түсіндіріледі. Сондай-ақ ол езілген, өзге елдердің қысымына тап болған немесе қауіп төнген түркі халықтарының өзара ынтымақтасу арқылы ұлттық мүдделерін қорғау бағыты ретінде көрсетілуде. Түрік ұлтшылдығы түрік ұлтының жойылу қаупі пайда болған кездерде бір шешім ретінде ортаға шықты және езілген халықтардың ұлттық тәуелсіздік идеологиясы ретінде есептелді.¹²³

Кейбір зерттеушілер түркілерде ұлттық ой мен сананың мыңдаған жыл бұрын қалыптасқанын алға тартуда. Олардың пікірінше, сақтар мен ғұндардан бастау алатын 2500 жылдық түркі тарихы түркілердің тарихта көптеген мемлекеттер құрған болуы жүйелі мемлекет мәдениеті мен философиясының болғандығының айғағы. Мұндай айғақтарды әдеби жәдігерлерден де көруге болады. Мәселен Орхон жазба ескерткіштерінде түріктік және ұлтшылдық санасы нақты көрініс табууда. Дана Тоныкөктің түрік санасын нығайтуға, түрік одағы идеясын кеңейтуге күш жұмсағаны байқалады. Тоныкөк, Күлтегін және Білге қаған жазба ескерткіштерінде түрік сөзі көптеп орын алуда. Одан кейінгі дәуірлерде Әбілғазы баһадүр ханның «Түрік шежіресі», Али Шир Наваинің «Мұхакеметүл Лүгатеин», Махмұт Қашғаридің «Диуани лұғат ат-түрік», Решидүдіннің «Оғызнама», «Жамиут таварих» атты еңбектерінде және парсы, арап, түрік, ұрдұ тілдеріндегі басқа еңбектерде түрік сөзі құрметпен аталуда.¹²⁴ Зия Гөкалптің айтуынша, түрікшілдік саяси партия емес. Ғылыми, философиялық эстетикалық бір мектеп болып табылады. Сондықтан түрікшілдік қазірге дейін бір партия ретінде саясат майданына түскен жоқ, бұдан кейін де, сөзсіз, түспейді.¹²⁵

Түрікшілдік осылайша мәдени сипатта болса, оның саясиленген түрі, бүкіл түркі халықтарын бір мемлекет шаңырағы астында біріктіруді мақсат еткен тұраншылдық деп аталды. Тұраншылдық Осман елінде әсіресе Балқан соғыстары (1912-1913 жылдары) кезінде ортаға шықты. Әнуар Пашаның жетекшілігіндегі тұран идеясы бодандықтағы түркі халықтарын тәуелсіздіктерін қамтамасыз етіп ұлттық мемлекеттерін құруға көмектесуді мақсат етеді. Түркі халықтарының бір мемлекетте бірігу керектігі туралы осы идея

122 Kengerli, A. A. *Azerbaycan'da Romantik Türkçülük* (Çev. Metin Özarslan) İstanbul, 2008, 104-бет.

123 Kengerli, 98-бет.

124 Kengerli, 99-бет.

125 Gökalp, Z. *Türkçülüğün Esasları*. İstanbul, 1996, 132-бет; Kengerli, 100-бет.

тек Балқан соғыстары кезінде күн тәртібінде болды және осы идеямен Әнуар Пашаның аты бірге аталды.¹²⁶ Тұран идеясы түркі халықтармен бірге Иран және Қиыршығыс халықтарын да қамтиды.¹²⁷

Жалпы алғанда түрікшілдік идеясы түркі халықтары арасында ХУІІІ- ғасырдың екінші жартысында пайда болуында Еуропа елдерінде көне түркілер туралы жасалған зерттеулердің әсері зор болды. Батыс Еуропа елдерінде түркі халықтарының тарихы мен мәдениеті түркология ғылымының пайда болуында Осман мемлекетінің Еуропа елдеріндегі үстемдігінің ықпалы болғандығы сөзсіз. Осман мемлекетінің әсіресе 1453 жылы Византияны жеңіліске ұшыратып Константинополды қолға түсіріп империяға айналуынан кейін оның тарихы мен мәдениетін көбірек танып білуге, тіпті оған симпатиямен қараушылық Еуропалық халықтар арасында арта түсті. Сондықтан ХУІІ- ғасырдан кейін Еуропалық зиялы қауым арасында Түркияда жасалған мата, бұл, кілем, темір, керамика мен ағаштан жасалған ыдыстарға қызығушылық бола бастады. Түркиялық авторлардың қолынан шыққан қол жазба кітаптарға, әшекейлі миниатюралар сызылған қол жазба еңбектерге сұраныс көбейді. Еуропалық зиялы қауым мұндай бұйымдарды сатып алып немесе жинап үйлерінің бір бөлмесіне «түрік бұрышы» жасады және бұларды үйіне келген қонақтарға мақтанышпен көрсететін болды. Сонымен қатар суретшілер Түркияға қатысты суреттер салды. Ламартин, Огюст Конт, Пьер Лафаят, Мизмер, Пьер Лотти және Клод Фаррер сынды белгілі жазушылар түрік халқының жоғары мәдениеті, адами құндылықтарын қайран қала отырып таныстырған кітаптар жазды.¹²⁸

Түріктер туралы осындай қызығушылықтардан кейін Еуропада Түркия мен өзге түрік елдері мен халықтарының тілі, мәдениеті және тарихын зерттеу туралы жаңа бір ғылым ретінде туркология пайда болды. Еуропалық бір қатар ғалымдар көне түркілер, ғұндар мен монғолдар туралы жазған еңбектерімен түркі тарихын тереңдете түсті. Мұнда қытай тану, яғни синологияның дамуының үлкен рөлі болды. ХУІІ-ғасырда жиззит поптарының (иезуитских священников) қытай тілі мен тарихы туралы жазбалары түркі халықтарының қытай жазбаларындағы көне тарихтарының жарыққа шығуына себеп болды.¹²⁹

Түрікшілдік идеясының негізін салушы ойшылдардан Зия Гөкалп, Осман зиялыларына әсер еткен түркі тарихы және тілі туралы алғашқы батыстық зерттеушілер Дегиня, Артур Ламли Давидс және Леон Каонның еңбектерінің маңызды болғандығын айтады.¹³⁰ Француз жиззит поптарынан және Қытайда ұзақ уақыт болған Дегиня (1721-1800) көне түркілер туралы алғашқы еңбек болған «Шығыстағы ғұндар, түріктер, монғолдар және басқа татарлардың жалпы тарихы» деген кітапты 1756-1758 жылдары жарыққа шығарды.¹³¹

Осман зиялылары арасында жалпы түркілер және түркі тілі туралы алғашқы еңбектерді Ахмет Уефик Паша жарыққа шығарды. Жастайынан Еуропа елдерінде болғандықтан батыстық ғалымдардың туркология сала-

126 Kengerli, 101-102-бет.

127 Kengerli, 104-бет.

128 Oba, A.E., Türk Milliyetçiliğinin Doğuşu. İstanbul, 1994, 121-122-бет; Gökalp, 5-6-бет.

129 Deguignes, J. Histoire generale des Huns, des Turcs, des Mogols et des autres Tartares occidentaux, Paris 1756-58.

130 Oba, 123-бет; Heyd, U. Türk Ulusçuluğunun Temelleri (Çev. Kadir Günay). Ankara, 2002, 105-бет.

131 Oba, 123-бет.

300 сындағы еңбектерімен таныс болып жүрген Ахмет Уефик Паша 1877 жылы «Лехчеи османи» деген атпен Анатолия түріктерінің алғашқы сөздігін дайындады. Ол кіріспесінде осман тілінің түркі тілдерінің бір бұтағы екеніне көрсетті. Және өзге түркі тілдері мен тарихтары туралы да мәлімет берді.¹³²

Ол сонымен қатар Али Шир Наваинің «Махбұбұл Күлүп» атты еңбегін Ыстамбұлда қайта жарыққа шығарды. Осман түріктерінің тарихының Осман мемлекетімен басталмағанын, одан әріде жатқандығын көрсету барысында 1864 жылы Әбілғазы баһадүр ханның «Түрік шежіресі» атты еңбегін аударып жариялады.¹³³

Бұдан кейін Түркілердің әлем тарихында маңызды орынға ие халық екеніне көрсеткен және Еуропа методикасымен алғаш зерттеу еңбек жазған Мұстафа Желалеттин Паша болды. Ол «Көне және жаңа түріктер» деген атпен 1869 жылы жарық көрген еңбегін¹³⁴ патша Абдулазизге сыйға тартты. Мұстафа Желалеттин Пашаның өзі негізінен Полшалық ханзада әулетінен еді. Шын аты Константин Боржецкий және белгілі түрік ақыны Назим Хикметтің де атасы болған, кейін мұсылман болып Осман азаматтығына өткен Мұстафа Желалеттин Паша сол еңбегінде әлем өркениетіне өзіндік үлестерін қосқан түркілердің тілі де басқа тілдердің көмегінсіз даму қабілетінің бар екенін атап өтуде. Ақшора османдық бір зерттеушінің қаламынан туындаған алғашқы осы еңбектің француз тілінде жазылғанына өкініш білдіреді.¹³⁵

Одан кейін Осман түріктерінің тілі туралы еңбек дайындаған Сүлеймен Паша болды. Бірақ ол жазған грамматика кітабына Осман тілінің грамматикасы деп емес, түрік тілінің грамматикасы деп ат қойды.¹³⁶ Ол мұның себебін «Осман біздің мемлекетіміздің аты, ұлтымыздың аты болса «түрік» болып табылады. Сондықтан біздің тіліміз «түрік тілі», әдебиетіміздің аты «түрік әдебиеті» болу керек» деп түсіндіреді.¹³⁷

1877 жылы жариялаған «Әлем тарихы» атты еңбегінде¹³⁸ Сүлеймен Паша көне түркілерге көп орын берді. Дегиняның әйгілі еңбегіне сүйене отырып жазған кітабында ғұн, мажар, бұлғар, татар, монғолдар деп аталған түркілердің тарихтары мәлімет берді. Бірақ бұл еңбегін одан әрі жалғастырып түркілердің тарихын Осман мемлекетіне дейін жеткізе алмады.¹³⁹ Али Суави «Ұлұм» атымен Парижде жариялаған газетінде түркі тарихын тұтас тарих ретінде қолға алған алғашқы зиялы болды.¹⁴⁰ Ол 1873 жылы Парижде жарыққа шығарған «Хива» атты екі тараудан тұратын кітабында¹⁴¹ алдымен Ресейдің Орталық Азияға қарай экспанзиясы, Түркістан, Бұхара, Қашғария туралы мәлімет береді. Екінші тарауда Хива хандығы туралы мәлімет бергеннен кейін онымен Осман патшалығы арасындағы байланыстарға тоқталып, діні, ұлты, түбі бір Хивалықтармен жауапкершіліктерінің болғанын ескертуде еді.¹⁴²

132 Kushner, D. Türk Milliyetçiliğinin Doğuşu, İstanbul, 1998, 80-81-бет.

133 Oba, 189-191-бет.

134 Mustafa Celalettin Paşa. Les Turcs Anciens et Modernes. İstanbul 1869.

135 Akçura, Y. Türkçülüğün Tarihi. İstanbul, 1998, 34-бет; Oba, 125-126-бет.

136 Süleyman Paşa, İlm-i Sarf-i Türki.

137 Gökalp, 14-бет; Oba, 191-бет.

138 Süleyman Paşa. Tarih-i Alem. İstanbul, 1877.

139 Kushner, s. 41.

140 Kushner, s. 41.

141 Suavi, A. Le Khiva en Mars 1873. Paris, 1873.

142 Suavi, A. Hive Hanlığı ve Türkistan'da Rus Yayılması, (Haz. M. Abdulhalik Çay). İstanbul, 1977; Kushner, 58-бет.

Османдық зиялыларды XIX ғасырдың аяғында және XX- ғасырдың басында Азиядағы төл тарихтары мен мәдениеттері туралы толқытқан екі маңызды ғылыми табыс ортаға шықты. Оның бірі көне түркілердің заманымызға жеткен алғаш жазбаша мұрасы, төл тарихы шежиресі Орхон жазба ескерткіштері, ал екіншісі түркі тілінің алғашқы сөздігі Диуани лұғат ат-түріктің табылып ғылыми айналымға енуі еді. Орхон ескерткіштерін тілін Данялық Томсен мен Ресейлік Радлов шешіп неміс және француз тілінде жарыққа шығарды.¹⁴³ Осман ғалымдарынан Нежіп Асым Бей Томсен мен Радлофтың еңбектеріне негізделе отырып Орхон жазба ескерткіштерінің мәтіндерін 1924 жылы Ыстамбұлда жариялады.¹⁴⁴ Белгілі түрік ғалымы Мұхаррем Ергин осы аталған еңбекті «түрік сөзінің, түрік ұлтының есімінің алғаш аталған түркі тіліндегі дерек» екеніне баса көрсетіп түрік философиясы мен жоғары мәдениетінің жазбаша ескерткіші ретінде жоғары бағалайды.¹⁴⁵

Махмұд Қашғаридің 1072-1074 жылдары Бағдат қаласында жазған түркіше-арабша сөздігі 1915 жылға дейін аты ғана кейбір еңбектерде аталған өзі жоқ еңбек еді. Түркі тілінің құнды жәдігері болған осы еңбек сол жылы Ыстамбұлда бір көне кітап сатушыдан табылды. Оны тапқан ғалым Әли Әмири болды. Түркі тілінің ең көне сөздігі болып табылатын және түркілердің тарихы, жағырапиялық таралуы, тайпалары, диалектілері және дәстүрлері туралы мәліметтер де берілген бұл еңбектің табылуы ол кездегі түрік зиялыларын қатты толқытты. Зиялылар ішінде әсіресе түрікшілдік ағымының белгілі қайраткері Зия Гөкалп бұл кітаптың табылуына ерекше қуанды және оның ұсынысымен Османдық үкімет басшысы Талат Пашаның демеушілігінде Киликтік Рыфат Ефендінің дайындауында кітап 1915-1917 жылдарында Ыстамбұлда үш том болып жарық көрді.¹⁴⁶ Кітапты ғылыми айналымға кіргізген Али Әмири оның түркі дүниесі үшін маңыздылығын былай деп түсіндіреді: «Бұл кітап емес, Түркістан елі. Түркістан емес, бүкіл әлем. Түркі мәдениеті, түркі тілі осы кітап арқылы басқаша жарқырайтын болады». Тағы бір сөзінде «түркі тілінде бүгінге дейін осындай екінші бір кітап жазылған жоқ. Бұдан кейін де жазылуы мүмкін емес. Бұл кітапқа шынайы баға беру керек болса, дүниенің қазыналары оны жасай алмайды» дейді.¹⁴⁷

Осман патшалығының тарихын көне түркілермен нақты түрде байланыстырған Ахмет Митхат Ефенді болды. Ол «Ыстамбұлдан Орталық Азияға сапар» атты кітапқа жазған алғы сөзінде Османдықтардың түп төркінің Орталық Азия екенін, бірақ Османдықтардың Орталық Азияны білмейтінін өкінішпен айта келіп қазіргі Османдық территориясының Орталық Азияның рухани жалғасы болып табылатынын атап өтеді.¹⁴⁸ Ол сондай-ақ түркілердің әлем тарихында маңызды орны болған ұлт екеніне де көрсетеді.¹⁴⁹ Бұдан кейінгі еңбектерде Османдықтарының түп төркінінің Орта Азиядағы халықтар-

143 Radloff, W. Die Alttürkischen Inschriften der Mongolei, Erste Lieferung, St. Petersburg, 1894; Thomsen, V. Inscriptions de l'Orkhon dechiffrees (= MSFOu V), Helsingfors 1896.

144 Tekin, T. Orhon Yazıtları. Ankara, 1988, V-VII-беттер.

145 Ergin, M. Orhun Abideleri. İstanbul, 1970, 1-бет.

146 Mahmud bin el-Hüseyn el-Kaşğari. Kitabu Divanı Lugati't-Türk. Dar ül-Hilafet-i Aliye, Matbaa-yi Amire, İstanbul, 1333, Rıfat Kılıslı neşri, 1. cilt, 1915; Mahmud bin el-Hüseyn el-Kaşğari. Kitabu Divanı Lugati't-Türk. Dar ül-Hilafet-i Aliye, Matbaa-yi Amire, İstanbul, 1333, Rıfat Kılıslı neşri, 2. cilt, 1915; Mahmud bin el-Hüseyn el-Kaşğari. Kitabu Divanı Lugati't-Türk. Dar ül-Hilafet-i Aliye, Matbaa-yi Amire, 1335, İstanbul, Rıfat Kılıslı neşri, 3. cilt, 1917.

147 Tevfikoğlu, M. Ali Emiri Efendi. Kültür Bakanlığı Yayınları, Ankara, 1989, 71-бет.

148 Mehmet Emin Efendi. İstanbul'dan Orta Asya'ya Seyahat (Haz. Rıza Akdemir). İstanbul, 1986, 7-бет.

149 Kushner, 41-бет.

Түрікшілдік идеясы әдебиетте Осман патшалығының соңғы жылдарында, атап айтқанда Иттихат уа Теракки партиясының билік жүргізген 1908-1918 жылдары жаппай көрініс тапқанымен, оның алғашқы белгілері осман мемлекетінде батыстық үлгі реформалар басталған Танзимат дәуірінде де көрініс тапқан.

Осы дәуірде жарыққа шыққан еңбектер батыстық үлгідегі түрік әдебиетінің алғашқы туындылары болып табылады. Бұл әдебиетте батыстық, әсіресе француз әдебиетінің әсерінде көбірек қалғаны байқалса да, онда классикалық түрік әдебиетінің де бояулары бар еді. Танзимат дәуірінің «жас османдықтар» деп аталған ақын жазушылары әсіресе тілдегі арапша мен парсыша сөздердің орнына бұқара халық жақсы түсінетін түрікше сөздерге көптеп орын беруге тырысты. Бұл әдебиеттің көрнекті өкілдері Ибрахим Шинаси (1826-1871), Зия Паша (1825-1880) және Намық Кемал (1840-1888) еді. Олар халыққа халық тілімен сөйлеп ұлтшылдық, отансүйгіштік, бостандық, теңдік және төл заңы мен парламенті бар монархиялық жүйе сынды жаңа пікірлерді түсіндіруді мақсат тұтты. Дегенмен танзиматшылардың түрікшілдік идеясында осы күнгі ұғымдағыдай ұлтшылдық байқалмайтын. Олар османдықшыл еді. Яғни Османдық ұлты дегенде Осман империясындағы мұсылман және мұсылман еместігіне қарамастан бүкіл ұлттарды айтатын және Осман мемлекетінің өміршендігі үшін уайымдайтын. «Түрік», «түрік ұлты», «түрік этносы» деген сөздер Танзимат әдебиетінде кездеспейді. Тек Намық Кемал тарапынан анда санда қолданылған және бүгінгі таңда Орта Азия аймағы мен айналасына айтылатын «Түркістан» сөзі болса Түркия үшін қолданылатын. Бұл сөз француз тіліндегі Түркия сөзінің баламасы еді.¹⁵¹

Түрік әдебиетінде шын мәнінде түрікшілдік ақын Мехмет Емин Юрдақұлдың «Түрікше өлеңдер» атты кітабымен басталды. Ақшора оны түрікшілдік әдебиетінің жарқын бейнесі ретінде сыйпаттай келе оның әдебиетте түрікшілдік жайында жаңа мектепті құрғанын айтады.¹⁵² Оның атағы 1898 жылы жарық көрген «Түрікше өлеңдер» атты 63 беттік кітапшасындағы әсіресе «Соғысқа бара жатқанда» немесе «Анатолиядан бір дауыс» атты «Мен бір түрікпін дінім, затым ұлы» деген жолмен басталған өлеңімен шықты. Га-спринский, Венгриялық профессор Вамберий, Страсбург университетінің профессоры Паул Корн, Ресейлік турколог Б. Минорский, Османдық әдебиеті тарихының авторы Гибб Юрдақұлдың тоғыз өлеңнен тұратын «Түрікше өлеңдер» кітабымен Османдық әдебиетінде жаңа бір кезең басталғанын, түрікшілдіктің әдебиетте нақты бір ағымға айналғанын атап өтеді.¹⁵³ Мехмет Еминнің кейін «Түрік сазы» (1914), «Ей түрік оян» (1914), «Тан дауыстары» (1915), «Дижле алдында» (1916), «Тұранға қарай» (1918), «Армияның дастаны», «Женіс жолында» (1918) есімді еңбектері де жарық көрді.¹⁵⁴

Бұл кездегі түрікшілдік ағымының көрнекті тұлғаларынан бірі боғлан Зия Гөкалп өлеңдері және ойларымен осы кезеңде әсерлі болды. Оның 1913-1914 жылдарында Түрк Юрдү журналында шыққан мақалалары жинақталып 1918 жылы Ыстамбұлда «Түріктену, заманилану, исламдасу» есімімен кітап

150 Kushner, 41-бет.

151 Akçura, 27-бет; Kengerli, 197-бет.

152 Kengerli, 220-бет; Akçura, 101-бет.

153 Kengerli, 223-бет;

154 Oba, 235-бет.

болып жарық көрді.¹⁵⁵ Бұл кітабы Юсұф Акшораның «Саясаттың үш түрі» деген кітабынан кейін түрікшілдік теориясының фундамантына салынған екінші тас ретінде бағаланды. Бұл еңбекте жаңа үлгідегі мемлекеттің, яғни ұлттық мемлекеттің құрылуына байланысты саяси және идеологиялық проблемалардың шешілуіне арналғанды.¹⁵⁶ Зия Гөкалп «Түрк ұлтының отаны қай жер?» деген сұраққа «Отан не Түркия түріктерге, не Түркістан, Отан байтақ және мәңгілік бір ел: Тұран» деп жауап қайтарады.¹⁵⁷

Зия Гөкалп ақын, жазушы, социолог, философ ретінде «Қызыл алма» (1915), «Алтын Сәуле» (1923), «Түрікшілдіктің негіздері» (1923), «Түрік салты» (1923), «Тура жол» және «Түрік өркениеті тарихы» есімді кітаптары және журналдардағы мақалаларында түрікшіл социолог ретіндегі ойларымен қатар түрік мәдениетіне қатысты ертегілер, дастандар мен аңыздар туралы жазды.¹⁵⁸

1908 жылдан кейін Осман елінде түрікшілдік ағымының нығая түскені және Түркі қоғамы, Түрік ошақтары есімді қоғамдар және Жас қаламдар атты журналдың ортаға шыққаны байқалады.

Осман патшалығы дүниежүзілік I- соғыстан кейін ыдырады. Орнына Мұстафа Кемал Пашаның басшылығында жаңа демократиялық жүйеде жаңа бір мемлекет құрылды. 1908 жылдан бері мәдени ұлтшылдықтың кең қанат жаюы жаңа буын түріктерді ұлттық негізде ынтымақтасу идеясын санасында қалыптастырғандықтан жаңа мемлекеттің атының, бүкіл түркілердің отаны мағнасында Түркия атының қабылдануына негіз болды. Елдің 1921 және 1924 жылғы төл заңдарында мемлекеттің аты «Түркия» деп аталды.¹⁵⁹ Мұстафа Кемал Паша жаңа жас мемлекетте саяси, экономикалық, әлеуметтік, заң, мәдениет қоғамның бүкіл салаларында реформалар жүргізді. Атап айтқанда діни негіздегі мемлекет орнына зайырлы мемлекет, Еуропа елдеріндегідей заңдар қабылданды, арап алфавиті орнына латын әліпбиі қабылданды. Бұлардың барлығының 1839 Танзимат жарлығынан бері осман қоғамында талқыланған мәселелер екені байқалады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Акçура, Y. Türkçülüğün Tarihi. İstanbul, 1998.

Birliğı. Ankara 2008.

Deguignes, J. Histoire generale des Huns, des Turcs, des Mogols et des autres Tartares occidentaux, Paris 1756-58.

Ergin, M. Orhun Abideleri. İstanbul, 1970, I-бет.

Gökalp, Z. Türkçülüğün Esasları. İstanbul, 1996.

Heyd, U. Türk Ulusçuluğunun Temelleri (Çev. Kadir Günay). Ankara, 2002.

Kengerli, A. A. Azerbaycan'da Romantik Türkçülük (Çev. Metin Özarslan) İstanbul, 2008.

Kushner, D. Türk Milliyetçiliğinin Doğuşu, İstanbul, 1998.

¹⁵⁵ Heyd, 153-бет.

¹⁵⁶ Muhammedtin, R. Türkçülüğün Doğuşu ve Gelişimi, İstanbul, 1998, 91-бет.

¹⁵⁷ Muhametdin, 101-бет. Kengerli, 252-бет.

¹⁵⁸ Heyd, 177-180-бет; Kengerli, 261-бет.

¹⁵⁹ Lewis, B. Modern Türkiye'nin Doğuşu. Ankara 1984, 351-бет.

Leon Cahun. Introduction a l'Histoire de l'Asie, Turcs et Mongols, des Origines a 1405. Paris 1896.

Lewis, B. Modern Türkiye'nin Doğuşu. Ankara 1984.

Mahmud bin el-Hüseyn el-Kaşğari. Kitabu Divanı Lugati't-Türk. Dar ül-Hilafet-i Aliye, Matbaa-yi Amire, İstanbul, 1333.

Mehmet Emin Efendi. İstanbul'dan Orta Asya'ya Seyahat (Haz. Rıza Akdemir). İstanbul, 1986.

Muhammedtin, R. Türkçülüğün Doğuşu ve Gelişimi, İstanbul, 1998.

Mustafa Celalettin Paşa. Les Turcs Anciens et Modernes. İstanbul 1869.

Oba, A.E., Türk Milliyetçiliğinin Doğuşu. İstanbul, 1994.

Radloff, W. Die Alttürkischen Inschriften der Mongolei, Erste Lieferung, St. Petersburg, 1894; Thomsen, V. Inscriptions de l'Orkhon dechiffrees (= MSFOu V), Helsingfors 1896.

Suavi, A. Hive Hanlığı ve Türkistan'da Rus Yayılması, (Haz. M. Abdulhalik Çay). İstanbul, 1977.

Suavi, A. Le Khiva en Mars 1873. Paris, 1873.

Süleyman Paşa. Tarih-i Alem. İstanbul, 1877.

Tekin, T. Orhon Yazıtları. Ankara, 1988.

Tevfikoğlu, M. Ali Emiri Efendi. Kültür Bakanlığı Yayınları, Ankara, 1989.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ЖӘНЕ ТҮРІКШІЛДІК ИДЕЯ

(«Алыстағы бауырыма...» және т.б.)

Түрікшілдіктің не екені туралы нақты және бірегей түсіндірме жоқ. Бұл туралы түрлі түсініктер мен жорамалдар алға тартылады. Түркі емес ғалымдар мен саясаткерлерде оны «пантюркизм» деп атап түркі қауіпі деп көрсету басым. Түрікшілдікті пантюркизм немесе пантуранизм деп атаған олар мұны көбінесе түркі халықтардың өзге халықтарға үстемдік жүргізу саясаты ретінде түсіндіруде.¹⁶⁰ Ал түрікшіл зиялылар арасында болса, түрікшілдік түрік ұлтын сүйу, ұлтшылдық, түрік ұлтын асқақтату деп түсіндіріледі. Сондай-ақ ол езілген, өзге елдердің қысымына тап болған немесе қауіп төнген түркі халықтарының өзара ынтымақтасу арқылы ұлттық мүдделерін қорғау бағыты ретінде көрсетіледі. Түрік ұлтшылдығы түрік ұлтының жойылу қауіпі пайда болған кездерде бір шешім ретінде ортаға шықты және езілген халықтардың ұлттық тәуелсіздік идеологиясы ретінде есептелді.¹⁶¹

Кейбір зерттеушілер түркілерде ұлттық ой мен сананың мыңдаған жыл бұрын қалыптасқанын алға тартуда. Олардың пікірінше, сақтар мен ғұндардан бастау алатын 2500 жылдық түркі тарихы түркілердің тарихта көптеген мемлекеттер құрған болуы жүйелі мемлекет мәдениеті мен философиясының болғандығының айғағы. Мұндай айғақтарды әдеби жәдігерлерден де көруге болады. Мәселен Орхон жазба ескерткіштерінде түріктік және ұлтшылдық санасы нақты көрініс табуда. Дана Тоныкөктің түрік санасын нығайтуға, түрік одағы идеясын кеңейтуге күш жұмсағаны байқалады. Тоныкөк, Күлтегін және Білге қаған жазба ескерткіштерінде түрік сөзі көптеп орын алуда. Одан кейінгі дәуірлерде Әбілғазы баһадүр ханның «Түрік шежіресі», Али Шир Наваинің «Мұхакеметүл Лүгатеин», Махмұт Қашғаридің «Диуани лұғат ат-түрік», Решидүддиннің «Оғызнама», «Жамиүт таварих» атты еңбектерінде және парсы, арап, түрік, үрдү тілдеріндегі басқа еңбектерде түрік сөзі құрметпен аталуда.¹⁶² Зия Гөкалптің айтуынша, түрікшілдік саяси партия емес. Ғылыми, философиялық эстетикалық бір мектеп болып табылады. Сондықтан түрікшілдік қазірге дейін бір партия ретінде саясат майданына түскен жоқ, бұдан кейін де, сөзсіз, түспейді.¹⁶³

Түрікшілдік осылайша мәдени сипатта болса, оның саясиленген түрі, бүкіл түркі халықтарын бір мемлекет шаңырағы астында біріктіруді мақсат еткен тұраншылдық деп аталды. Тұраншылдық Осман елінде әсіресе Балқан соғыстары (1912-1913 жылдары) кезінде ортаға шықты. Әнуар Пашаның жетекшілігіндегі тұран идеясы бодандықтағы түркі халықтарын тәуелсіздіктерін қамтамасыз етіп ұлттық мемлекеттерін құруға көмектесуді мақсат етеді. Түркі халықтарының бір мемлекетте бірігу керектігі туралы осы идея тек Балқан соғыстары кезінде күн тәртібінде болды және осы идеямен Әнуар

160 Kengerli, A. A. *Azerbaycan'da Romantik Türkçülük* (Çev. Metin Özarslan) İstanbul, 2008, 104-бет.

161 Kengerli, 98-бет.

162 Kengerli, 99-бет.

163 Gökalp, Z. *Türkçülüğün Esasları*. İstanbul, 1996, 132-бет; Kengerli, 100-бет.

306 Пашаның аты бірге аталды.¹⁶⁴ Тұран идеясы түркі халықтармен бірге Иран және Қиыршығыс халықтарын да қамтиды.¹⁶⁵

Жалпы алғанда түрікшілдік идеясы түркі халықтары арасында ХУІІІ- ғасырдың екінші жартысында пайда болуында Еуропа елдерінде көне түркілер туралы жасалған зерттеулердің әсері зор болды. Батыс Еуропа елдерінде түркі халықтарының тарихы мен мәдениеті түркология ғылымының пайда болуында Осман мемлекетінің Еуропа елдеріндегі үстемдігінің ықпалы болғандығы сөзсіз. Осман мемлекетінің әсіресе 1453 жылы Византияны жеңіліске ұшыратып Константинопольді қолға түсіріп империяға айналуынан кейін оның тарихы мен мәдениетін көбірек танып білуге, тіпті оған симпатиямен қараушылық Еуропалық халықтар арасында арта түсті. Сондықтан ХУІІ- ғасырдан кейін Еуропалық зиялы қауым арасында Түркияда жасалған мата, бұл, кілем, темір, керамика мен ағаштан жасалған ыдыстарға қызығушылық бола бастады. Түркиялық авторлардың қолынан шыққан қол жазба кітаптарға, әшекейлі миниатюралар сызылған қол жазба еңбектерге сұраныс көбейді. Еуропалық зиялы қауым мұндай бұйымдарды сатып алып немесе жинап үйлерінің бір бөлмесіне «түрік бұрышы» жасады және бұларды үйіне келген қонақтарға мақтанышпен көрсететін болды. Сонымен қатар суретшілер Түркияға қатысты суреттер салды. Ламартин, Огюст Конт, Пьер Лафаят, Мизмер, Пьер Лотти және Клод Фаррер сынды белгілі жазушылар түрік халқының жоғары мәдениеті, адами құндылықтарын қайран қала отырып таныстырған кітаптар жазды.¹⁶⁶

Түріктер туралы осындай қызығушылықтардан кейін Еуропада Түркия мен өзге түрік елдері мен халықтарының тілі, мәдениеті және тарихын зерттеу туралы жаңа бір ғылым ретінде түркология пайда болды. Еуропалық бір қатар ғалымдар көне түркілер, ғұндар мен монғолдар туралы жазған еңбектерімен түркі тарихын тереңдете түсті. Мұнда қытай тану, яғни синологияның дамуының үлкен рөлі болды. ХУІІ-ғасырда жезуит поптарының (иезуитских священников) қытай тілі мен тарихы туралы жазбалары түркі халықтарының қытай жазбаларындағы көне тарихтарының жарыққа шығуына себеп болды.¹⁶⁷

Түрікшілдік идеясының негізін салушы ойшылдардан Зия Гөкалп, Осман зиялыларына әсер еткен түркі тарихы және тілі туралы алғашқы батыстық зерттеушілер Дегиня, Артур Ламли Давидс және Леон Каонның еңбектерінің маңызды болғандығын айтады.¹⁶⁸ Француз жезуит поптарынан және Қытайда ұзақ уақыт болған Дегиня (1721-1800) көне түркілер туралы алғашқы еңбек болған «Шығыстағы ғұндар, түріктер, монғолдар және басқа татарлардың жалпы тарихы» деген кітапты 1756-1758 жылдары жарыққа шығарды.¹⁶⁹

Осман зиялылары арасында жалпы түркілер және түркі тілі туралы алғашқы еңбектерді Ахмет Уефик Паша жарыққа шығарды. Жастайынан Еуропа елдерінде болғандықтан бағыстық ғалымдардың түркология саласындағы еңбектерімен таныс болып жүрген Ахмет Уефик Паша 1877 жылы

164 Kengerli, 101-102-бет.

165 Kengerli, 104-бет.

166 Oba, A.E., Türk Milliyetçiliğinin Doğuşu. İstanbul, 1994, 121-122-бет; Gökalp, 5-6-бет.

167 Deguignes, J. Histoire generale des Huns, des Turcs, des Mogols et des autres Tartares occidentaux, Paris 1756-58.

168 Oba, 123-бет; Heyd, U. Türk Ulusçuluğunun Temelleri (Çev. Kadir Günay). Ankara, 2002, 105-бет.

169 Oba, 123-бет.

«Лехчеи османи» деген атпен Анатолия түріктерінің алғашқы сөздігін дайындады. Ол кіріспесінде осман тілінің түркі тілдерінің бір бұтағы екеніне көрсетті. Және өзге түркі тілдері мен тарихтары туралы да мәлімет берді.¹⁷⁰

Ол сонымен қатар Али Шир Наваинің «Махбұбұл Құлұп» атты еңбегін Ыстамбұлда қайта жарыққа шығарды. Осман түріктерінің тарихының Осман мемлекетімен басталмағанын, одан әріде жатқандығын көрсету барысында 1864 жылы Әбілғазы баһадүр ханның «Түрік шежіресі» атты еңбегін аударып жариялады.¹⁷¹

Бұдан кейін Түркілердің әлем тарихында маңызды орынға ие халық екеніне көрсеткен және Еуропа методикасымен алғаш зерттеу еңбек жазған Мұстафа Желалеттин Паша болды. Ол «Көне және жаңа түріктер» деген атпен 1869 жылы жарық көрген еңбегін¹⁷² патша Абдулазизге сыйға тартты. Мұстафа Желалеттин Пашаның өзі негізінен Полшалық ханзада әулетінен еді. Шын аты Константин Боржецки және белгілі түрік ақыны Назим Хикметтің де атасы болған, кейін мұсылман болып Осман азаматтығына өткен Мұстафа Желалеттин Паша сол еңбегінде әлем өркениетіне өзіндік үлестерін қосқан түркілердің тілі де басқа тілдердің көмегінсіз даму қабілетінін бар екенін атап өтуде. Ақшора османдық бір зерттеушінің қаламынан туындаған алғашқы осы еңбектің француз тілінде жазылғанына өкініш білдіреді.¹⁷³

Одан кейін Осман түріктерінің тілі туралы еңбек дайындаған Сүлеймен Паша болды. Бірақ ол жазған грамматика кітабына Осман тілінің грамматикасы деп емес, түрік тілінің грамматикасы деп ат қойды.¹⁷⁴ Ол мұның себебін «Осман біздің мемлекетіміздің аты, ұлтымыздың аты болса «түрік» болып табылады. Сондықтан біздің тіліміз «түрік тілі», әдебиетіміздің аты «түрік әдебиеті» болу керек» деп түсіндіреді.¹⁷⁵

1877 жылы жариялаған «Әлем тарихы» атты еңбегінде¹⁷⁶ Сүлеймен Паша көне түркілерге көп орын берді. Дегиняның әйгілі еңбегіне сүйене отырып жазған кітабында ғұн, мажар, бұлғар, татар, монғолдар деп аталған түркілердің тарихтары мәлімет берді. Бірақ бұл еңбегін одан әрі жалғастырып түркілердің тарихын Осман мемлекетіне дейін жеткізе алмады.¹⁷⁷ Али Суави «Ұлұм» атымен Парижде жариялаған газетінде түркі тарихын тұтас тарих ретінде қолға алған алғашқы зиялы болды.¹⁷⁸ Ол 1873 жылы Парижде жарыққа шығарған «Хива» атты екі тараудан тұратын кітабында¹⁷⁹ алдымен Ресейдің Орталық Азияға қарай экспанзиясы, Түркістан, Бұхара, Қашғария туралы мәлімет береді. Екінші тарауда Хива хандығы туралы мәлімет бергеннен кейін онымен Осман патшалығы арасындағы байланыстарға тоқталып, діні, ұлты, түбі бір Хивалықтармен жауапкершіліктерінің болғанын ескертуде еді.¹⁸⁰

170 Kushner, D. Türk Milliyetçiliğinin Doğuşu, İstanbul, 1998, 80-81-бет.

171 Oba, 189-191-бет.

172 Mustafa Celalettin Paşa. Les Turcs Anciens et Modernes. İstanbul 1869.

173 Akçura, Y. Türkçülüğün Tarihi. İstanbul, 1998, 34-бет; Oba, 125-126-бет.

174 Süleyman Paşa, İlm-i Sarf-i Türki.

175 Gökalp, 14-бет; Oba, 191-бет.

176 Süleyman Paşa. Tarih-i Alem. İstanbul, 1877.

177 Kushner, s. 41.

178 Kushner, s. 41.

179 Suavi, A. Le Khiva en Mars 1873. Paris, 1873.

180 Suavi, A. Hive Hanlığı ve Türkistan'da Rus Yayılması, (Haz. M. Abdulhalik Çay). İstanbul, 1977; Kushner, 58-бет.

Османдық зиялыларды XIX ғасырдың аяғында және XX- ғасырдың басында Азиядағы төл тарихтары мен мәдениеттері туралы толқытқан екі маңызды ғылыми табыс ортаға шықты. Оның бірі көне түркілердің заманымызға жеткен алғаш жазбаша мұрасы, төл тарихы шежиресі Орхон жазба ескерткіштері, ал екіншісі түркі тілінің алғашқы сөздігі Диуани лұғат ат-түріктің табылып ғылыми айналымға енуі еді. Орхон ескерткіштерін тілін Данаялық Томсен мен Ресейлік Радлов шешіп неміс және француз тілінде жарыққа шығарды.¹⁸¹ Осман ғалымдарынан Нежіп Асым Бей Томсен мен Радлофтың еңбектеріне негізделе отырып Орхон жазба ескерткіштерінің мәтіндерін 1924 жылы Ыстамбұлда жариялады.¹⁸² Белгілі түрік ғалымы Мұхаррем Ергин осы аталған еңбекті «түрік сөзінің, түрік ұлтының есімінің алғаш аталған түркі тіліндегі дерек» екеніне баса көрсетіп түрік философиясы мен жоғары мәдениетінің жазбаша ескерткіші ретінде жоғары бағалайды.¹⁸³

Махмұд Қашғаридің 1072-1074 жылдары Бағдат қаласында жазған түркіше-арабша сөздігі 1915 жылға дейін аты ғана кейбір еңбектерде аталған өзі жоқ еңбек еді. Түркі тілінің құнды жәдігері болған осы еңбек сол жылы Ыстамбұлда бір көне кітап сағушыдан табылды. Оны тапқан ғалым Әли Әмири болды. Түркі тілінің ең көне сөздігі болып табылатын және түркілердің тарихы, жағырапиялық таралуы, тайпалары, диалектілері және дәстүрлері туралы мәліметтер де берілген бұл еңбектің табылуы ол кездегі түрік зиялыларын қатты толқытты. Зиялылар ішінде әсіресе түрікшілдік ағымының белгілі қайраткері Зия Гөкалп бұл кітаптың табылуына ерекше қуанды және оның ұсынысымен Османдық үкімет басшысы Талат Пашаның демеушілігінде Килистік Рыфат Ефендінін дайындауында кітап 1915-1917 жылдарында Ыстамбұлда үш том болып жарық көрді.¹⁸⁴ Кітапты ғылыми айналымға кіргізген Али Әмири оның түркі дүниесі үшін маңыздылығын былай деп түсіндіреді: «Бұл кітап емес, Түркістан елі. Түркістан емес, бүкіл әлем. Түркі мәдениеті, түркі тілі осы кітап арқылы басқаша жарқырайтын болады». Тағы бір сөзінде «түркі тілінде бүгінге дейін осындай екінші бір кітап жазылған жоқ. Бұдан кейін де жазылуы мүмкін емес. Бұл кітапқа шынайы баға беру керек болса, дүниенің қазыналары оны жасай алмайды» дейді.¹⁸⁵

Осман патшалығының тарихын көне түркілермен нақты түрде байланыстырған Ахмет Митхат Ефенді болды. Ол «Ыстамбұлдан Орталық Азияға сапар» атты кітапқа жазған алғы сөзінде Османдықтардың түп төркінің Орталық Азия екенін, бірақ Османдықтардың Орталық Азияны білмейтінін өкінішпен айта келіп қазіргі Османдық территориясының Орталық Азияның рухани жалғасы болып табылатынын атап өтеді.¹⁸⁶ Ол сондай-ақ түркілердің әлем тарихында маңызды орны болған ұлт екеніне де көрсетеді.¹⁸⁷ Бұдан кейінгі еңбектерде Османдықтарының түп төркінің Орта Азиядағы халықтар-

181 Radloff, W. Die Altürkischen Inschriften der Mongolei, Erste Lieferung, St. Petersburg, 1894; Thomsen, V. Inscriptions de l'Orkhon déchiffrees (= MSFOu V), Helsingfors 1896.

182 Tekin, T. Orhon Yazitlari. Ankara, 1988, V-VII-беттер.

183 Ergin, M. Orhun Abideleri. İstanbul, 1970, I-бет.

184 Mahmud bin el-Hüseyn el-Kaşğari. Kitabu Divanı Lugati't-Türk. Dar ül-Hilafet-i Aliye, Matbaa-yi Amire, İstanbul, 1333, Rifat Kılıslı neşri, 1. cilt, 1915; Mahmud bin el-Hüseyn el-Kaşğari. Kitabu Divanı Lugati't-Türk. Dar ül-Hilafet-i Aliye, Matbaa-yi Amire, İstanbul, 1333, Rifat Kılıslı neşri, 2. cilt, 1915; Mahmud bin el-Hüseyn el-Kaşğari. Kitabu Divanı Lugati't-Türk. Dar ül-Hilafet-i Aliye, Matbaa-yi Amire, 1335, İstanbul, Rifat Kılıslı neşri, 3. cilt, 1917.

185 Tevfikoğlu, M. Ali Emiri Efendi. Kültür Bakanlığı Yayınları, Ankara, 1989, 71-бет.

186 Mehmet Emin Efendi. İstanbul'dan Orta Asya'ya Seyahat (Haz. Rıza Akdemir). İstanbul, 1986, 7-бет.

187 Kushner, 41-бет.

Түрікшілдік идеясы әдебиетте Осман патшалығының соңғы жылдарында, атап айтқанда Иттихат уа Теракки партиясының билік жүргізген 1908-1918 жылдары жаппай көрініс тапқанымен, оның алғашқы белгілері осман мемлекетінде батыстық үлгі реформалар басталған Танзимат дәуірінде де көрініс тапқан.

Осы дәуірде жарыққа шыққан еңбектер батыстық үлгідегі түрік әдебиетінің алғашқы туындылары болып табылады. Бұл әдебиетте батыстық, әсіресе француз әдебиетінің әсерінде көбірек қалғаны байқалса да, онда классикалық түрік әдебиетінің де бояулары бар еді. Танзимат дәуірінің «жас османдықтар» деп аталған ақын жазушылары әсіресе тілдегі арапша мен парсыша сөздердің орнына бұқара халық жақсы түсінетін түрікше сөздерге көптеп орын беруге тырысты. Бұл әдебиеттің көрнекті өкілдері Ибрахим Шинаси (1826-1871), Зия Паша (1825-1880) және Намық Кемал (1840-1888) еді. Олар халыққа халық тілімен сөйлеп ұлтшылдық, отансүйгіштік, бостандық, теңдік және төл заңы мен парламенті бар монархиялық жүйе сынды жаңа пікірлерді түсіндіруді мақсат тұтты. Дегенмен танзиматшылардың түрікшілдік идеясында осы күнгі ұғымдағыдай ұлтшылдық байқалмайтын. Олар османдықшыл еді. Яғни Османдық ұлты дегенде Осман империясындағы мұсылман және мұсылман еместігіне қарамастан бүкіл ұлттарды айтатын және Осман мемлекетінің өміршеңдігі үшін уайымдайтын. «Түрік», «түрік ұлты», «түрік этносы» деген сөздер Танзимат әдебиетінде кездеспейді. Тек Намық Кемал тарапынан анда санда қолданылған және бүгінгі таңда Орта Азия аймағы мен айналасына айтылатын «Түркістан» сөзі болса Түркия үшін қолданылатын. Бұл сөз француз тіліндегі Түркия сөзінің баламасы еді.¹⁸⁹

Түрік әдебиетінде шын мәнінде түрікшілдік ақын Мехмет Емин Юрдақұлдың «Түрікше өлеңдер» атты кітабымен басталды. Ақшора оны түрікшілдік әдебиетінің жарқын бейнесі ретінде сыйпаттай келе оның әдебиетте түрікшілдік жайында жаңа мектепті құрғанын айтады.¹⁹⁰ Оның атағы 1898 жылы жарық көрген «Түрікше өлеңдер» атты 63 беттік кітапшасындағы әсіресе «Соғысқа бара жатқанда» немесе «Анатолиядан бір дауыс» атты «Мен бір түрікпін дінім, затым ұлы» деген жолмен басталған өлеңімен шықты. Гаспринский, Венгриялық профессор Вамберий, Страсбург университетінің профессоры Паул Корн, Ресейлік турколог Б. Минорский, Османдық әдебиеті тарихының авторы Гибб Юрдақұлдың тоғыз өлеңнен тұратын «Түрікше өлеңдер» кітабымен Османдық әдебиетінде жаңа бір кезең басталғанын, түрікшілдіктің әдебиетте нақты бір ағымға айналғанын атап өтеді.¹⁹¹ Мехмет Еминнің кейін «Түрік сазы» (1914), «Ей түрік оян» (1914), «Тан дауыстары» (1915), «Дижле алдында» (1916), «Тұранға қарай» (1918), «Армияның дастаны», «Жеңіс жолында» (1918) есімді еңбектері де жарық көрді.¹⁹²

Бұл кездегі түрікшілдік ағымының көрнекті тұлғаларынан бірі боғлан Зия Гөкалп өлеңдері және ойларымен осы кезеңде әсерлі болды. Оның 1913-1914 жылдарында Түрк Юрдү журналында шыққан мақалалары жинақталып 1918 жылы Ыстамбұлда «Түріктену, заманилану, исламдасу» есімімен кітап

188 Kushner, 41-бет.

189 Akçura, 27-бет; Kengerli, 197-бет.

190 Kengerli, 220-бет; Akçura, 101-бет.

191 Kengerli, 223-бет;

192 Oba, 235-бет.

310 болып жарық көрді.¹⁹³ Бұл кітабы Юсұф Акшораның «Саясаттың үш түрі» деген кітабынан кейін түрікшілдік теориясының фундамантына салынған екінші тас ретінде бағаланды. Бұл еңбекте жаңа үлгідегі мемлекеттің, яғни ұлттық мемлекеттің құрылуына байланысты саяси және идеологиялық проблемалардың шешілуіне арналғанды.¹⁹⁴ Зия Гөкалп «Түрк ұлтының отаны қай жер?» деген сұраққа «Отан не Түркия түріктерге, не Түркістан, Отан байтақ және мәңгілік бір ел: Тұран» деп жауап қайтарады.¹⁹⁵

Зия Гөкалп ақын, жазушы, социолог, философ ретінде «Қызыл алма» (1915), «Алтын Сәуле» (1923), «Түрікшілдіктің негіздері» (1923), «Түрік салты» (1923), «Тура жол» және «Түрік өркениеті тарихы» есімді кітаптары және журналдардағы мақалаларында түрікшіл социолог ретіндегі ойларымен қатар түрік мәдениетіне қатысты ертегілер, дастандар мен аңыздар туралы жазды.¹⁹⁶

1908 жылдан кейін Осман елінде түрікшілдік ағымының нығая түскені және Түркі қоғамы, Түрік ошақтары есімді қоғамдар және Жас қаламдар атты журналдың ортаға шыққаны байқалады.

Осман патшалығы дүниежүзілік I- соғыстан кейін ыдырады. Орнына Мұстафа Кемал Пашаның басшылығында жаңа демократиялық жүйеде жаңа бір мемлекет құрылды. 1908 жылдан бері мәдени ұлтшылдықтың кең қанат жаюы жаңа буын түріктерді ұлттық негізде ынтымақтасу идеясын санасында қалыптастырғандықтан жаңа мемлекеттің атының, бүкіл түркілердің отаны мағнасында Түркия атының қабылдануына негіз болды. Елдің 1921 және 1924 жылғы төл заңдарында мемлекеттің аты «Түркия» деп аталды.¹⁹⁷ Мұстафа Кемал Паша жаңа жас мемлекетте саяси, экономикалық, әлеуметтік, заң, мәдениет қоғамның бүкіл салаларында реформалар жүргізді. Атап айтқанда діни негіздегі мемлекет орнына зайырлы мемлекет, Еуропа елдеріндегідей заңдар қабылданды, арап алфавиті орнына латын әліпбиі қабылданды. Бұлардың барлығының 1839 Танзимат жарлығынан бері осман қоғамында талқыланған мәселелер екені байқалады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Akçura, Y. Türkçülüğün Tarihi. İstanbul, 1998.
2. Birliği. Ankara 2008.
3. Deguignes, J. Histoire generale des Huns, des Turcs, des Mogols et des autres Tartares occidentaux, Paris 1756-58.
4. Ergin, M. Orhun Abideleri. İstanbul, 1970, I-бет.
5. Gökalp, Z. Türkçülüğün Esasları. İstanbul, 1996.
6. Heyd, U. Türk Ulusçuluğunun Temelleri (Çev. Kadir Günay). Ankara, 2002.
7. Kengerli, A. A. Azerbaycan'da Romantik Türkçülük (Çev. Metin Özarlan) İstanbul, 2008.
8. Kushner, D. Türk Milliyetçiliğinin Doğuşu, İstanbul, 1998.

193 Heyd, 153-бет.

194 Muhammedtin, R. Türkçülüğün Doğuşu ve Gelişimi, İstanbul, 1998, 91-бет.

195 Muhametdin, 101-бет. Kengerli, 252-бет.

196 Heyd, 177-180-бет; Kengerli, 261-бет.

197 Lewis, B. Modern Türkiye'nin Doğuşu. Ankara 1984, 351-бет.

9. Leon Cahun. Introduction a l'Histoire de l'Asie, Turcs et Mongols, des Origines a 1405. Paris 1896.
10. Lewis, B. Modern Türkiye'nin Dođuşu. Ankara 1984.
11. Mahmud bin el-Hüseyn el-Kaşğari. Kitabu Divanı Lugati't-Türk. Dar ül-Hilafet-i Aliye, Matbaa-yi Amire, İstanbul, 1333.
12. Mehmet Emin Efendi. İstanbul'dan Orta Asya'ya Seyahat (Haz. Rıza Akdemir). İstanbul, 1986.
13. Muhammedtin, R. Türkçülüğün Dođuşu ve Gelişimi, İstanbul, 1998.
14. Mustafa Celalettin Paşa. Les Turcs Anciens et Modernes. İstanbul 1869.
15. Oba, A.E., Türk Milliyetçiliğinin Dođuşu. İstanbul, 1994.
16. Radloff, W. Die Alttürkischen Inschriften der Mongolei, Erste Lieferung, St. Petersburg, 1894; Thomsen, V. Inscriptions de l'Orkhon dechiffrees (= MSFOu V), Helsingfors 1896.
17. Suavi, A. Hive Hanlığı ve Türkistan'da Rus Yayılması, (Haz. M. Abdulhalik Çay). İstanbul, 1977.
18. Suavi, A. Le Khiva en Mars 1873. Paris, 1873.
19. Süleyman Paşa. Tarih-i Alem. İstanbul, 1877.
20. Tekin, T. Orhon Yazıtları. Ankara, 1988.
21. Tevfikoğlu, M. Ali Emiri Efendi. Kültür Bakanlığı Yayınları, Ankara, 1989.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТҮРІКШІЛ- ДІК ИДЕЯ

(«Қосылып батыр түрік балалары, Тапталпа, жолын кесіп тізгінге
орал»)

Мағжан – қазақ халқының ұлттық ақыны. Әрине, ХХ ғасыр басындағы алаш жұртының, қазақ зиялыларының тағдыры қиын да күрделі болды. Мағжан да осы қиын қыстау сәттің азабы мен миханатын көріп, өмірі сүргінге түскен, заманның құрбаны болған күрделі тұлға. Өзінің алғашқы өлеңдерімен қазақ әдебиетінің демократтық, ағартушылық бағытына үн қоса келген (1912 жыл, «Шолпан» жинағы) ақынның қазақтың ұлттық тәуелсіздігі, отаршылдыққа қарсы күресі идеяларын қабылдауы да екі жақты езгі астында өмір кешкен, жерінен, малынан, тіптен «тар жол, тайғақ кешуге» ұшырап, аштыққа ұшырап, босқын болған жұртына болысуынан туыды. Бір кездері, өзі айтқандай:

Еділ, Жайық, Сырдария
Белгілі жұртқа ескі су.
Тәтті, дәмді тармақты
Ұзын Ертіс, Жетісу.
Осы бес су арасы
Сарыарқа деген жер еді.
Туып-өскен баласын

«Айбынды ер алаш» дер еді,- деп жырлаған Сарыарқадағы жұртың да, «Жейхүн мен Сейхұнды» мекендеген Түркістандық қаумының да басына өткерген сүренсіз күндердің аяқталып, теңдікке жетуін армандады. Бұл тұрғыда ол патшалықтың құлауы мен Алашорда үкіметінің құлауын ризалық сезіммен қабылдады, оның жұмыстарына белсене араласты. Қазақтар автономия алып, дербес ел болады деп үміттенді. Қазан төңкерісі болып, большевиктер билік басына келгенде, бұл жағдайға қуана қойған жоқ. Көп үміт, асыл арман арқалаған халқының тағдыры үшін, ежелгі ен жайлаған еркіндік пен самалмен жарысқан бегзат өмірді, арыстандай айынды күркіреген ереуіл заманын көкөсп, көп өлең жазды. Мағжан көтерген мәселелер кеңес үкіметі жүргізген саясаттан биік еді. Ақын жасанды, тар ұғымды таптық көлемнен шектелмей, адамзаттық, одан қалды түбі бір түркі ұлттарына ортақ ойлар айтты. Иә, ақын сол замандағы Еуропа елдерінің жалпы Азиялық ұлттарға жасаған қиянаты мен сұрқиялығын ашып көрсетуде, шығысты жалпы алмай, түрік деп алып, ер түріктің өткендегі жауынгерлік рухын оятатын, ерік, жігер, қайрат беретін, еңсесін тіктеуге шабыт сыйлайтын өлеңдерді жырлауда. Оның «Түркістан», «Орал», «Ақсақ Темір», «Күншығыс», «От» сынды өлеңдері осындай жалынды рухпен үндескен.

Ол түркі халықтарының бұл күнде бөлініп, тоз-тоз болған күйін суреттей отырып, оның арғы тарихына көз жібереді, іргелі елдің бір кездегі тұтастығын еске алады. олардың ата-мекенін, көшіп-қонып жүрген жерлерін

– Орал мен Арал таулары аралығын, Жейхун, Сейхун дариялары бойын, Түркістан, Тұран аймағын, олардың бүгінгі күйін көз алдына елестетеді. Қазақты сол жерде қалған үлкен халықтың мұрагері санайды.

Тұранда түрік ойнаған ұқсап отқа,
Түріктен басқа от болып жан туып па?
Көп түрік енші алысып тарасқанда,
Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?

Қазақтың жоғалтып алған үмітін қайта оятып, болашаққа – туысқан халықтардың бірлігіне, ынтымағына сенім артарлықтай ойлар айтқан ақын сөзі бүгін кім-кімге болса да жаңаша, жаңғырығып естіледі.

Ақынның туған жерге мабаты мен терең сүйіспеншілігі өскен ортасымен біте қайнасқан. «Сүйемін» деген өлеңінде:

... көзінде көк нұры жоқ,
Аузында жұмбақ жыры жақ,
Жалынсыз, усыз құшағы,
Иірілмейді жыландай,
Сөзі де жоқ құрандай,
Білгені – қазан-ошағы,
Жабайы ғана жарым бар,
Неге екенін білмеймін,
Сол жарымды сүйемін.

.....

Мағжан тағдыры өте ауыр ақын. Өз басы қудалауға ұшырап қалмастан, бірге туған ағайыны, тумаластары да зардабын тартты. Бұл тұрғыдан ол Қазақтың ұлы ақыны Абайдың әулетінің қуғын көрген тағдырымен бек ұқсайды. Туған жерінен пана таба алмай, жан-жаққа, әр тарапқа жер аударылды, пана іздеп кетті.

ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚУҒЫНДАЛУ ТАРИХЫНАН

Буржуазиялық ұлтшылдық және пролетарлық интернационализм туралы В. Ленин: «бүкіл капиталистік дүниенің таптық екі лагеріне сай келетін және ұлт мәселесіндегі екі саясатты (ол ол ма, дүниеге екі түрлі көзқарасты) көрсететін бір-бірімен келісімге келместей өш екі ұран болып табылады» [Орта Азияны ұлттық межелеуге дейін Қазақстандағы қазақтар саны 46 пайыз, яғни барлық ұлттардың жартысынан азырақ болды.

Келесі кестеге назар аударайық.

Кесте 1 - Орта Азияны ұлттық межелеуге дейінгі Қазақстандағы ұлттардың сандық көрсеткіші

қазақ	өзбек	Қара қалпақ	Қара қырғыз	тараншы	тағар	Басқа да шығыс ұлттар	орыс	украин	Басқа да еуропалық ұлттар	Барлығы
192956	186006	67697	41665	58501	74261	13647	1331221	472469	90457	5 265 300
55,6%	3,6%	1,3%	0,8%	1,1%	1,4%	0,2%	25,3%	9,8%	17%	100%
2 370 000 немесе 64 %						1 894 367 немесе 36 %				

Ұлттық межелеуден кейін Қазақстанға Сырдария, Жетісу губерниялары және Қарақалпақ автономиялы облысы қосылып, жергілікті ұлт саны, яғни қазақтар саны 55,6 пайызға өсті. Қазақстан аумағынан Орынбор губерниясы шығарылды [5, 20 п]. А. Н. Доничтің деректерінде 1926 жылы Қазақстан тұрғындарының саны 6. 507. 077 адам, тұрғылықты ұлт қазақтар - 57,1%, орыстар - 19,8%, украиндар - 13,2% және басқа да аз ұлт өкілдері тұрады [6] деп көрсетілген.

КСРО-да 1926 жылғы санақта 194 ұлт тіркелсе, 1939 жылғы санақ бойынша – 99 [7, с. 7] деп көрсетілді. Бұл сандық мәліметтердегі төмендеу, шын мәнінде ондаған этникалық топтардың жойылғанын көрсетеді.

Ал, ұлттық республикаларға басқа ұлт өкілдерін әкеліп қоныстандыру салдарынан жергілікті ұлт өкілдерінің үлес салмағы азайды. Мысалы Ф. Голощекиннің 1930 жылғы 7 мамырда жиырма бес мыңшылдарға қосымша тағы да көмек сұрап орталыққа жолдаған жедел хатына жауап ретінде [8], 1930 жылдың өзінде ғана Қазақстанға 25 мыңшылдар қатарына Украинадан бірнеше жүз адам келді [9, с. 20]. 1926 жылғы халық санағы желтоқсан айында, ал 1939 жылғы санақ қаңтар айында жүргізілген. Он екі жылдан сәл ғана артық уақыт ішінде тұрғындар саны небәрі 2,6 пайызға немесе жыл сайын 0,22 пайызға өскен. Қазақтар саны 35,8 пайызға кеміген, орыстар саны

керісінше екі есеге артқан [10, с. 374]. (Кестені қараңыз). Сөйтіп, Қазақстанда ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың алғашқы жартысында полиэтникалық құрылым қалыптасты. «История сталинского ГУЛАГа» деген жаңа еңбектің деректеріне сүйенсек, ХХ ғасырдың 20-50 жылдары бұрынғы КСРО-дағы 52 миллион адамға айыптау үкімі шығарылған, 6 миллион үкімсіз-ақ жер аударылған, 1 миллион адам атылған [11]. Бұл қайғылы мәліметтің ішінде КСРО құрамына кірген 65 000 000 «ұлы орыс емес халықтардың» (И.Сталин қолданған сөз тіркесі – Д.М.) өкілі болды.

Кестеге назар аударайық.

Кесте 2 - 1926 жылғы желтоқсан мен 1939 жылғы қаңтар айындағы халық санағының салыстырмалы кестесі (мың адам)

	1926		1939	
	тұрғындар саны	Үлесі	Тұрғындар саны	Үлесі
Барлық тұрғындар	6 230	100	6 395	100
Қазақтар	3 628	58,2	2 328	36,4
Орыстар	275	20,5	2 636	41,2
Украиндар	860	13, 8	677	10,6
Немістер	59	1,0	85	1,3
Басқа ұлттар	408	6,5	669	10,5

Ф. Голощекин Қазақстанға келгеннен кейінгі кезеңде қоғамдық–саяси ахуал өзгерді. 1926 жылдың 2 наурызындағы Қазақстан Өлкелік Партия Комитетінің №13 қаулысымен бекітілген Қазақстан Өлкелік партия комитетінің Қазақстандағы ұлтаралары мен партия ұйымдарының ішіндегі жіктер туралы Нұсқаулы хатында ұлт мәселесіне қосылатын міндеттер мыналар деп көрсетілді: «Кеңес мекемелерін қазақтандыру. Бұл қазақтандыруды қазаққа артық қошемет көрсеткендіктен деп ұғыну жарамайды. Кеңселерді қазақтандыру – қазақ ұлтын кеңес жолына бейімдеу үшін керекті жалғыз амал» [12]. Осы жолдардан байқап отырғанымыздай мекемені қазақтандыру қазақ еңбекшілерінің өз үкіметінің тізгінін өзіне ұстату мақсатында емес, қазақ ұлтын кеңес жолына бейімдейтін жалғыз амал болып табылатындықтан барған шарасыздық екенін ұғуға болады. Онан әрі былай дейді: «қазақтандыру деген европалықтарды мекемелерден қуып, түріп шық деген емес. Европалық коммунистер кеңес құрылысына белсеніп қатысуға кіммен болса да бірдей қақы да бар, міндеті де зор» [12, 99-100 пп.]. Қазақ Өлкелік партия комитетінің ұлт мәселесін шешудегі екі ұшты пікірі шын мәнінде ұлт мәселесін шешудің орнына ушықтыра түсті.

ХХ ғасырдың 20-30 жылдары экономика, саяси даму, мәдениет саласы үлкен идеялық айтыс арқауына айналды. Коммунистік партия саясаты мен идеологиясын қанағаттандырмаған ой-пікірлер буржуазиялық ұлтшылдыққа, ұлтшылдыққа, байшыл оңшыл ағымға, кондратьевшілдікке негізсіз айыпталып, саяси тұрғыда қуғындалды. Ф. Голощекин: «1925 жылы У конференция

316 кезеңінде біздің партияны большевиктік деп атауға болмайтын еді: ұйымның қазақ бөлігі төрт негізгі топқа бөлінді, барлығы бірдей ұлтшыл, барлығы бірдей зиянды – «мендешевшілдік», «рыскұловшылдық», «қожановшылдық» және «сәдуақасовшылдық». Жоғарыдағы алғашқы үшеуі тез талқандалды, олардың «көсемдері» Қазақстаннан кетті немесе ақылға келіп үнсіз қалды» [13, с. 236] – деп жазды. Буржуазиялық ұлтшылдық пен ұлтшылдық басты назарға алынды. Кеңестік тоталитарлық жүйе ұлтшылдықты жағымсыз іс-әрекеттер, идеялар және саясатпен байланыстырып «ұлтшылдық – ұлттар арасындағы ала ауыздықты, ұлттық оқшаулықты насихаттайтын буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық идеология мен саясат. Ұлтшылдықтың негізгі екі формасы бар: ұлы державалық шовинизм және жергілікті ұлтшылдық» [14, 356 б.] деген түсінік қалыптастырды. И. Сталин 1929 жылдың сәуір айында БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының пленумында «БК(б)П ішіндегі оңшыл уклон туралы» сөйлеген сөзінде: «Буржуазиялық интеллигенцияның зиянкестігі – дамып келе жатқан социализмге қарсылықтың ең қауіпті түрінің бірі. Зиянкестіктің өте-мөте қауіпті болатыны – ол халықаралық капиталмен байланысты» [15, 16 б.] - деді.

Қазақстандағы ұлт саясатының бұрмаланып отырғанын, оның салдары қазаққа қайта отаршылдық қамытын кигізуге алып келетінін жақсы түсінген С. Сәдуақасов «Еңбекші қазақ» газетіндегі «Әдебиет әңгімелері» деген мақаласында: «Ұлт сарыны дегеніміз - қазақ ұлтының әрбір қаулыларда, деклорацияларда жарияланған правосын іс жүзінде жүзеге шығару. Мекемені қазақыландыру, оқу ағарту жұмысында қазақты басқа ұлттардың қатарына жеткізу, шаруашылық жағынан қазақтың шикізатын тиісті бағасымен өткізу және басқа ұлт мәселелерінің жетіспеген жерлерін жөндеу.

... Қазақтың ұлттық мақсатын өмір жүзінде шешу керек. Сонда ғана біз ұлт республикасы бола аламыз. Сонда бізге берілген автономиядан дұрыс нәтиже шығады» [16] - деп жазды.

1929 жылы 9 наурызда Қызылорда партия белсенділерінің жиналысы өтіп, Ф. Голошекин «Қазіргі дәуірдегі қиындықтар мен партияның негізгі жолы туралы» баяндама жасады. Қазақ Өлкелік партия комитетінің басшысы қызметіне келгеннен бері қазақ ұлтшылдығына, С. Сәдуақасов бастаған «оңшыл» ағымға қарсы күресіп келген ол «соңғы уақытта ұлы орыс ұлтшылдығы да бас көтеріп басынып бара жатқандығы байқалады. Мысалы: қазақ жұмысшыларын сабау, қазақты менсінбей мұрын шүйіріп қарау тағы басқалар» [17] деп ақиқатты айтуға мәжбүр болды. Кеңес үкіметінің отарлық саясатын ұғынып, бұл жолдан бас тартқан немесе партияның өңін өзгерткен отаршылдық саясатын В. Лениннің ұлт мәселесі туралы жазған еңбектеріне сүйене отырып әшкерелеу бағытындағы ұлт зиялылары әр түрлі ағымдарға айыпталып, саяси қуғын-сүргінге ұшырады. «Ал, сталиншілердің ұлт өлкелеріндегі жауларына келсек, мұнда олар ұлттық кері төңкерісшіл агент деп аталады. Кеңес үкіметі мұндайларды троцкийшілер мен зиновьевшілдерден әлдеқайда қауіпті санайды. Олардың мақсат-мұраты Сталинді оған қарағанда лениншілдеу басқа бір адаммен ауыстыру немесе Кеңестің ішкі, сыртқы саясатын өзгерту емес. Олардың ең көкейкесті мақсаты - өз атамекендерін Ресейдің бодандығынан құтқарып, тәуелсіз мемлекетін құру. Орыс емес партия мүшелері арасынан тапқан жауларын Кеңестің өзі де дәл осылайша айыптап отыр» [18, 59 б.] - деп М. Шоқай дәл атап көрсеткендей саяси қуғын-сүргін құрбандарына айналған қазақ зиялылары большевиктер партиясының ба-

сында отырған көсемді орнынан кетіруді немесе оны басқа бір «көсеммен» алмастыруды мақсат еткен жоқ, олар ұлтты азат ету күресі бағытын ұстанды. «Ұлтты құтқару күресі тұрғысынан келгенде», - деп жазды М. Шоқай «үстем ұлттың үкімет басында кімнің отырғаны бізге бәрі-бір. Онда Сталин отыр ма, жоқ әлде Керенский отыр ма – бізге олардың өзгешелігі жоқ» [19, 144 б.]. Ұлт мәселесін ту еткен зиялылар тобын: «Түркістан мен Ресей арасындағы бұрынғы отаршылдық қатынастың енді бүгін Кеңес пердесі астында жүріп жатқанын көрген соң, төзіп отыра алмаған намысты адамдар» [19, 70 б.] - деп сипаттады.

Партияның ресми саяси бағытынан басқа бағытта ойлаушыларға қарсы саяси күрес басталды. «Ұлтшыл», «оңшыл», «солшыл», «зиянкес», «халық жауы» деген желеулермен адамдарға сенімсіздікпен қарау, партияның сенімді тыңшылары арқылы оларды ізеп «тауып» жазалау, арнайы органдарға «саяси жат элементтер» туралы ақпарат жеткізгендерді қолдап-қолпаштау орын алды. Әр түрлі саяси ағымдарға қарсы жүйелі жүргізілген саяси күрес қоғамда идеологиялық қарама-қайшылықтар туғызды.

Коммунистік партия көсемдері ұлтшылдар деп айыптаған алаш зиялылары «Қазақ» газетінде: «Қазақ деген қашанан өз алдына ұлт болып, Еділден Ертіске, Оралдан Ауғанға дейін тұтас тұрған халық еді. Арамызға әр түрлі ұлт кіріскенде солармен қатар, атымыз жоғалмай, қазақ ұлтты болып тұра аламыз ба? Осы біздің төсекте дөңбекшіп ұйқымызды бөлетін нәрсе» [20, 14 б] деп жазды. Алашорда зиялыларының ұстанған жолына ерген жас ұлтшылдар: « ... қазақ елі бұрын да орыс еліне отар еді, олай болса, « кеңес заманында мол өлке болып Кеңестер одағына кіру керек» деген не, шаруа тізгінін өзі ала алмағаны ма? Өздерің айтшы ... бай табы ұсақ ұлтты қалай езетін болса, пролетариат табы да солай езеді» [21] деп кеңестік қызыл саясат астарында қандай ниет тұрғанын дәл басып айтты.

И. Сталиннің пікірінше мұндай пікірлердің бәрі ұлтшылдық аймақтар мен республикаларда марксист кадрлар, марксист авангард өсіру жолындағы негізгі идеялық кедергі [22, 173 б.] – болып табылды. И. Сталин: « жергілікті ұлтшылдыққа қарсы күрестегі басты рөлді – ұлт коммунистерінің өздері атқару керек ... грузин ұлтшылдығымен және шовинизммен күресте, тек грузин коммунистерінің күресі нәтиже бере алады» [23] - деп ұлтшылдармен күрес жолын да анықтап берді. Ол осындай нұсқауды жеделхат арқылы Қазақстан басшысы Л. Мирзоянға да жіберді.

И. Сталиннің ұлт мәселесіндегі біржақты саясатына қарсы болған Тұрар Рысқұлов: «Бұрынғы ұлтшыл оқығандардың ішінен қазақ коммунистерінің арасында, бұрынғы әсердің әлі жойылмағандығы да байқалады. Мысалға баспасөзді және де тағы басқа жұмыстардағы салт-сана қиыр жақтарын алуға мүмкін. ... Қазақ халқының ұлт болып құрылуы буржуазия жетекшілігімен емес пролетариат және Кеңес үкіметінің жетекшілігімен болып отыр. Кеңес дәуірінде ұлттың өркендеуі, қазақ халқын социализмге жеткізу міндеттеріне бағынады» [24] - деп жазды. Мерзімді басылымдарда Сталиннің ұлт мәселесіндегі «теріс пікірлердің арғы атасы ұсақ байшылдық» [25, 31 б.] деген тұжырымына икемделе жазылған мақалалар көбірек басылды.

«Еңбекші қазақ» газетіндегі: «Қазақ ұлтшылдығы отаршылдық сипатта емес. Ол үстемдікке немесе біреуді өзіне бағындыруға ұмтылмайды, бар болғаны ол өзін қорғайды, қорғанады, қолы жетсе еркіндік алғысы келеді.

318 Қазақ ұлтшылдығы - өзін-өзі қорғаудан туған ұлтшылдық» деген пікірді, 1927 жылдың 15-23 қарашасы аралығында өткен УІ Жалпықазақ партия конференциясында Ф. Голощекин сынға алды. Голощекин: «Ал, біздің байлардың, буржуазиялық интеллигенцияның ұлтшылдығы сондай елеусіз бе? Шабуылға жатпай ма? Қараңыз, Қазан төңкерісіне дейін және Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңде ұлтшыл күшік қандай үлкен ұлтшыл төбетке айналғанын. Ұлтшылдық әр түрлі болады. Тырнақшаның ішіндегі «ұлтшылдық», яғни қалыпты жағдайда теңсіздікке ұмтылу (қазақ жұмысшылары мен шаруалары) біз оларға көмектесуіміз керек, ал бай идеологтарының ұлтшылдығына соққы беру керек» [26, 104 – 105 б.] деді. Партиялық мерзімді басылымдар алашорда зиялыларын, С. Сәдуақасовты және оның пікірлес серіктерін ұлтшылдыққа ашық айыптаған партия жиналыстарының қаулы – қарарларын, И. Сталин, Ф. Голощекин бастаған коммунистік партия белсенділерінің осы мәселе жайлы сөйлеген сөздері мен мақалаларын үздіксіз жариялап тұрды.

О. Исаев: «өз ішіміздегі байшыл-ұлтшылдарымызды жеңу мәселесі бар. Бұл да оңай жұмыс емес. Бұл жұмыстың көбі «Алашордамен» байланысты» [27, 22 б.] десе Ғ.Тоғжанов: «Қазақ коммунистерінің қазақ арасындағы қазіргі ең үлкен саяси дұшпаны ұлтшылдар. Ұлтшылдардың қара басы емес, жолы саяси беті, ісі дұшпан. Саяси дұшпандарымызды дұшпан дейміз. Дұшпандарымызбен күресеміз. Мұны біз ашып айтамыз. Пікір жүзінде, саясат жүзінде қазіргі ұлтшылдармен қазақ коммунистерінің жүз қайнаса сорпасы қосылмайды. Екеуі екі жолдағы адамдар» [28, 12 б.] - деп көсемнің ұлт мәселесіндегі пікірін қолдады. С. Сәдуақасов, С. Қожанов, Ж. Мыңбаев сынды қазақ коммунистерін ұлтшылдыққа айыптады. «Сәдуақас, Мыңбай, Қожанұлдарының саяси пікірлері «Алашорданың» жолына жуықтап қазақ байларының тілегіне қатысқан болғандықтан Қазақстан еңбекшілерінің келешек социалдық тұрмысқа жетуіне бөгеу, зиянды ... біз коммунист, комсомолдар олардың жікшілдік қылықтарымен күресуге коммунист партиясы алдында уәде береміз» [29] – деп Екібастұздағы партия және комсомол ұйымдарының біріккен жиналысында арнайы қаулы да қабылданды.

1927 жылдың маусым айында өткен Қазақ Өлкелік партия комитеті үгіт-насихат бөлімі жиналысында О. Жандосов «Партияның үгіт-насихат жөніндегі міндеттері» деген баяндама жасады. Баяндамашы: «Алашорданы жалпы партия қаулыларына қарап білеміз. Мәселен, партияның XII съезі қаулысында: «Алашорда байларды жақтайтын ұлтшылдар партиясы» - дейді соны білеміз» [30] - деп, қазақ оқығандары мен алашорда жайлы әр түрлі пікірлер болғанымен бұл мәселені зерттеп, терең талдау жасаған, тарихи мағұлматтармен салыстырып, сол партияның істерін, бағдарламасын зерттеп ақиқат тарихи баға берілмегеніне арнайы тоқталды. Осыдан-ақ коммунистік партияның шолақ белсенділерінің алаш зиялыларын ешқандай нақты мәліметсіз-ақ партия көсемдерінің берген бағыттары мен партия комитетінің қаулы-қарарлары негізінде айыпталғанын көруге болады. Мерзімді басылымдарда Рысқұлұлы мен Асфендиярұлының «төңкерістен бұрынғы алашордашыл қозғалыс, қазақтың қалың еңбекшілерінің қозғалысы» деген пікірлері тіпті дұрыс емес деген баға алды [31].

І. Құрамысов «Еңбекші қазақ» газетінің 1930 жылғы 4 қазандағы №220 санында «Қазақстанда төңкеріске қарсы ұлтшылдармен күресу. Қазақ еңбекшілері дұшпандарын біліп отырсын» деген мақаласында: «Төңкеріске қарсы ұйымның басшылары мыналар» - деп А. Байтұрсынов бастаған алаш зиялы-

ларының есімдерін атап, қоғамдық-саяси қызметтеріне теріс саяси баға берді [32].

Осы кезеңде ұлт мәселесіндегі маңызды шаралардың бірі болып табылған коммунистік партияның ауылда жүргізілген реформалары туралы қазақ халқының ой-пікірі, көзқарасы үшке жарылды.

Бірінші көзқарас: «Октябрь төңкерісі қарсаңында Қазақстан капиталшылдық өркендеу жолына түсіп-ақ қалған еді. Сондықтан, ауылдың поселкеден айырмасы ақсақалдық, рушылдық қалыптың күштілігі және «ауылда бектің беделі бар» – деп жүргізген ісіміздің бәрі қисынсыз, теріс ... бір кезде патшалы Ресей мен Қазақстан арасында үлкен айырма жоқ деген Сәдуақасұлы Смағұлдың сөзі жөн».

Екінші көзқарас: «Октябрь төңкерісі қарсаңында да, қазірде де қазақ ауылы кілең рушылдық кернеген. ... капиталшылдық түгіл, қазақ ішінде бектің тектерінің белгісі бар деуге де болмайды, соның үшін ауылда тап саясатын жүргіземіз деп ауызды ауыртудың керегі жоқ ... «.

Үшінші көзқарас: «Октябрь төңкерісі қарсаңында Қазақстанда ешбір бектің тектерінің белгісі болмаған, ру бұзылғанымен оның аяғы бектікке соғуы шарт емес. Қазақстанда оның аяғы бектікке соққан жоқ. Қазақстанда ру шеңбері капиталшылдық қалыптарға төтесінен килікті» [33].

Жоғарыдағы үш көзқараста ауылдағы аласапыранды қолдап отырған жоқ. Қарапайым халық коммунистік партияның ұлт саясаты қазақты еркіндік - теңдікке жеткізбегенін аранын ашып ашаршылық апаты келгенде анық түсінді. Ел арасында «қазіргі басшылар былықтырып, шатастырып жүр, ақыр аяғында Қазақстан малының басына да жетті» [33] - деген сөздер жиі айтылды.

И. Сталин 1933 жылы Л. Мирзоянға жолдаған жедел хатында: «қазақ большевиктерінің міндеті қазақ ұлтшылдығы мен оған ауыңқыраған уклонға қарсы күресу» [23] - болып қала беретіндігін ескертті.

Марксизм-ленинизм институты қызметкерлері Брайнин мен Шапиро деген 1933 жылы «Алаш-орда» деген кітаптарын аяқтады. Осы кітап баспадан шықпай-ақ талқыға түсті. Аталған кітап туралы төрт жиналыс өткізіліп, он беске тарта адам сөз сөйледі. Пікір-талас соңы да мерзімді басылымдарда қазақ ұлтшылдарын айыптауға ұласты. Жиналыста сөйлегендердің сөзін аңдып отырған коммунистік партия тыңшылары Мендешұлы, Алжанұлы, Федорұлы және басқалар «қате» пікірлер айтқанын анықтап, баспасөзде жазды.

Мендешұлы «Алашорда 1917 жылдан бастап қана дұшпандық жолына көшеді, ал енді 1905 жылдан 1916 жылға дейін қазақ интеллигенттерінің қозғалысы болды, ол қозғалыс белгілі түрде жағдайына қарай төңкерісшіл қозғалыс болған» деп баға берді. Ж. Әлжанұлы «алашордашылдықты екі дәуірге: 1917 жылға шейін және 1917 жылдан кейін» деп бөліп қарастыруды ұсынды. Ол да Мендешұлының пікірін қолдап, «бастапқы дәуірде жағдайына қарай төңкерісшіл орын алды, ал енді 1917 жылғы пролетариат төңкерісінен кейін төңкеріске қарсы дұшпан қозғалысы болды» деді. Федоров алашорда қозғалысын «ұлтшыл-реформаторлық» деп бағалады. «Ұлтшыл реформаторшылдық қозғалыс – төңкеріс қозғалысы» болып табылатынын айтты.

Жоғарыда айтылған пікірлерді сынаған Жұмағұлұлы Әзкеннің «Ала-

320 шорда қалдығына қарсы күрес күшейтілсін» деген мақаласы «Социалды Қазақстан» газеттің бір бетін бірақ алды. Автор: «1916 жылға дейін қазақ интеллигенттері жалпы бір бағыттағы интеллигент болған жоқ. Барлық интеллигенттерді жалпы алып оларды қозғалыс жағдайында төңкерісшіл болды деу дұрыс болмайды, олай болған уақытта алашордашыл интеллигенттердің қозғалысы да төңкерісшіл қозғалыс болып шығады.

... Алашорда орнағаны ол ресми жағы, ал марксизм-ленинизм теориясы тұрғысынан алып қарағанда «төңкерістен бұрын да, кейін де алашорда қозғалысы дұшпан қозғалыс болды» « [31] - деп жазды. «Ұлтшылдық, ұлтшыл уклон қалдықтарымен күрес бәсендемесін», «Төңкеріс дұшпаны ұлтшылдардың сыры жеріне жеткізе ашылсын», «Алашорда патша үкіметінің жендеті» және басқа мақалаларда алашорда қозғалысын айыптау науқаны жалғаса берді. «Алашорданың Байтұрсынұлы, Аймауытұлы көсемдерінің коммунист партиясына кіруі қатадан болған емес. Бөкейханұлының ақылымен. Алашорданың сенімді жастары жаппай партияға кіруі де олардың қатасы емес. Мұның барлығы да тап дұшпандығын ішке кіріп алып жүргізудің тәсілі» [34]- деп жазды С. Мұқанов.

Қазақстан жағдайында «сәдуақасовшылдық» Қазақстандағы партия құрылысы мен кеңестендіруге басты кедергі саналды. Коммунистік партия басты назарына жергілікті ұлтшылдық пен «сәдуақасовшылдықты» алды. Смағұл Сәдуақасовқа «бойына барлық ұлтшылдықты жинақтады, барлық топшылдықтың және буржуазиялық ұлтшылдықтың синониміне айналды» [35, с. 236] - деген мінездеме берілді.

С. Сәдуақасов Ғ. Тоғжановқа жауабында: « ... ұлтшылдықты туғызатын отаршыл. ... орыс коммунистерінің ішінде отаршылдар бар ма, жоқ па ... жоқ деп ешкім айтпайды. Отаршылдар бар. Бар болса олармен күресу керек. Бұл біздің коммунистік борышымыз. Отаршылдармен күресуді бастаған Смағұл емес, партия. Партияның мүшесі болып отырып, мен өзгелерден бұл мәселені қаттырақ айтсам, қызулау болсам, ол «кінәмді» мойныма алам. Қырық жерден отаршылдар лағнет оқыса да шыдадық» [36] – деп жазды. С. Сәдуақасов шында да туған халқы, елі-жері үшін коммунистік партияның отаршылдық саясатымен жан аямай күреті. Отаршыл саясаттың алдын алу жолдарын көрсетіп отырды. Оны Ы. Мұстамбаев, Ж. Сұлтанбеков, Ә. Нақымжанұлы, Ж. Мыңбаев, Н. Нұрмақов және басқа да пікірлес достары қолдады. Аттары аталған және басқа да ұлтшылдар коммунистік партияның ұлт мәселесі жөнінде қабылдаған қаулы-қарарларының іс жүзінде орындалуын ашық талап етті. Партия белсендісі І. Құрамысов: «Смағұлшыл деген халық бірер таяқты елең қылмайтын, қамшыласаң бесті ат сықылды ұрған сайын семіре беретін халық. Қашан кірпігін қимылдата сабағанша олар басымен сүзіп ырық бере қоймайды» [37] - деп партия ұйымдарын С. Сәдуақасов пен оның пікірлестеріне қарсы күресте бар мүмкіндікті жұмсауға шақырды.

1928 жылғы «Большевик» журналының №1 санында С. Сәдуақасовтың «Ұлттар және ұлт адамдары» мақаласы жарияланды. Мақала ұлтшылдық бағытта жазылғаны үшін партия жиналыстарында, мерзімді басылымдар беттерінде қатты сыналды. Осы жылдың ақпан айында С. Сәдуақасовтың жоғарыда аталған мақаласы жайында Ташкент қаласындағы қазақ оқушыларына, партия, комсомол мүшелеріне баяндама жасаған С. Сапарбекұлы: «Смағұлшылдардың (ұлтшылдардың) тілегі, көксейтіні қазақты ешкімге бағынбайтын бөлек әскер қорғаны бар мемлекет қылу. Қала берді Қазақстан-

ды Кеңестер Одағынан бөлшектеп жеке өнерлі кәсіптер құрып, Қазақстан шаруашылығын Кеңестер Одағы шаруашылығымен байланыстырмай жеке өсіру. Смағұлдың ойында өнерлі кәсіпті жекелемей Кеңестер Одағының қолына қарап отырса, Қазақстанда социал құрылысын жасау мүмкін емес» - бұл «сәдуақасовшылардың жолы, программасы еді. Оны оқыған ұлтшылдар алақайлап жүр» [38] - деді.

С. Сәдуақасовтың «Большевик» журналындағы мақаласы туралы Орта Азия коммунист университетінде өткен жалпы жиналыста І. Қабылұлы баяндама жасады. Жиналыс соңында: «Смағұл ол мақаласында Кеңес үкіметі коммунист партиясының ұлт саясатын сынады.

Байлар, байшыл социал-демократтар сойылын соғады. Ұсақ ұлт мүддесін Кеңес үкіметі мүддесіне кейбір ұлт еңбекшілерін басқа ұлт еңбекшілеріне қарсы қояды. Мақаласында болсын, сөйлеген сөздерінде болсын, ол Кеңес үкіметіне қарсы пікірлерді қолдап сөйлейді. Бұл қауіпті, қорқынышты. Сондықтан коммунистер партиясы басшылығы мен бұл пікірге қарсы күресеміз. Сұмағұлшыларды арамызда қоймаймыз. Алтыншы партия конференциясы қаулысын іс жүзінде орындаймыз» [39] - деген қаулы алынды. Орта Азия коммунист университетінде өткен жалпы жиналыс жайлы Ташкенттен дайындалған хабарлама «Еңбекші қазақ» газетінде басылды.

Аталған басылымдағы Жұмағали дегеннің «Сәдуақасұлының қателеріне қарсы» деген мақаласында: «Смағұл алашордаша ойлайды. Байлардың ұлтшылдарынша ойлайды. Сондықтан Смағұлдың жолы – ең қауіпті жол» [40] - деп жазылды.

1928 жылдың сәуір айындағы Өлкелік партия комитетінің пленумында Ф. Голощекин партия ішіндегі саяси ағымдар туралы баяндама жасады. Ол «Партия жолына қарсы үш ағым» деген мәселеге тоқталды. Оның ойынша: бірінші ағым Смағұл Сәдуақасов бастаған байшыл-ұлтшыл ағым. Бұл ағымның ойынша шаруашылық жөнінде ұлт саясатының қазығы Қазақстанның ірі өнерлі кәсібін күшейтіп, Қазақстан шикізатының 100%-ы Қазақстанның өзінде өңделуі керек дейді. Қазақстан шаруашылығы өз сорпасында өзі қайнасын, басқаға күнін салмасын деген мағынада ойлайды. Сәдуақасұлы Смағұлдың айтатыны өнерлі кәсіп тізгіні өзінде болмаса, Қазақстанда социалдық құрылыс болу мүмкін емес. ... Қазір ұлт мәселесі қара шаруа мәселесінен басым кетті дейді. ... Мұның бәрі түгелімен қазақ байының тілегіне дәл келетін пікір.

Екінші ағым бұл күшті ағым емес, мұның жақтаушылары аз. ... Бұлардың ойынша – Қазақстанда 35% европалықтар бар, Қазақстан үкіметі бұлардың керегін істеуге тиіс. Сондықтан бұлар барда қазақ ұлтының мұң-мұқтажы түгел өтелмейді дейді. Олай болса, Қазақстаннан европалықтардың қалың отырған жерін шығарып тастап, Қазақстан республикасын негізінде бірыңғай қазақ халқынан жасау керек дейді. Ұлт біткеннің бәрін туысқандай жақын қылуды көздеген Кеңес үкіметінің ұлт саясаты жағынан қарасақта, Қазақстан халқының болашақта өз шаруашылығының қайткенде дамуын еске алсаңда бұл бола алмайтын пікір.

Үшінші ағым – іс жүзіндегі сәдуақасовшылдық. Аналардан қауіптірек, зияндырақ ағым [41]. Сәдуақасовтың ұстанған жолы мен идеясына коммунистік партия басындағылар неге қауіптірек, зияндырақ ағым деп үрке қарады. Смағұл Сәдуақасовтың ұстанған ұлттық позициясына коммунистік партия-

322 ның ұлт мәселесіндегі саясатына сай соққы беруге тырысқан О. Исаев, 1928 жылдың желтоқсан айында өткен Өлкелік партия комитетінің III пленумында: «Бізде орыс ұлтшылдығы-отаршылдықта бар. Орыс ұлтшылдығы әрине, орыстың құлағы, саудагері, қаладағы отаршыл шенеуніктерінің тілегінен туады.

Бұлардың тілегі баяғыдай үстемдігін жүргізу, баяғыдай әлі де болса қазақ еңбекшілерін көң терілі күн, көк есек қылу» [42] - деді. Бұл деректер коммунистік отаршыл саясаттың қазақ халқының өз ұлдарын бір-біріне қарсы қою арқылы, ұлт ішіне іртік салғанын, сөйтіп, ұлттық позицияны әлсірете отырып, патшалық билік кезінен келе жатқан «бөлшекте де, билей бер» деген зымиян отаршыл саясатты іс жүзіне асырғанын көрсеттеді.

1928 жылдың 25-29 сәуірі аралығында Қызылорда қаласында өткен БК(б) П Қазақ Өлкелік Комитеті мен Өлкелік Бақылау Комиссиясының Біріккен пленумы: «ұлтшыл интеллигенцияның монополиясын батыл жою үшін оқулық және принципті маркстік әдебиетті жасау, баспасөз органдарының құрамын саяси даярлығы бар партия мүшелерімен, әсіресе қазақтармен күшейту қажет» [43, 21 б.] деген қаулы алды. Алашорда зиялылары мен Сәдуақасовтың ұстанған саяси бағыты туралы ақиқат пікір айтқан Ы. Мұстамбаев, Ж. Сұлтанбеков, Ә. Нақымжанұлы, Н. Нұрмақов талпыныстары бірден басып жаншылды. Олардың өздері топшылдыққа, ұлтшылдыққа, сәдуақасовшылдыққа айыпталды. Коммунистік партияның Ф. Голощекин бастаған жендет коммунистері партиялық мерзімді басылым беттерінде олардың ар-намысын шамалары келгенше қорлады. Мұндай мақалалар алғашқыда партияның үгіт-насихат бөлімі тапсырмасымен жазылды. Үгіт-насихат жұмыстарының нәтиже бергені сонша, уақыт өте келе Қазақстанның кез-келген түкпірінен алашорда, «сәдуақасовшылдық» және басқа да «шылдықтар» туралы орта дәрежелі ауыл тілшілері-ақ «көсіліп» жаза беретін болды.

Ф. Голощекин «Смағұлшылдардың ұлт мәселесін қалай шешетінін, олардың пікірі, олардың сыры партияның да, жұмысшылардың қаулысына қайшы екенін ... бір кітапша қылып жазу керек» [44] - деген тапсырма берді. Оның қасындағы партиялас серігі О. Исаев «Алашорда документтері» деген кітапшаға жазған дәйектемесінде: «біздің ескеретін бір жұмысымыз – жалпы байларға қарсы шабуылды күшейту мен қатар алашордашыларға, олардың пікірлеріне де қарсы күресті күшейте отыруымыз тиіс. Алашорда аяқ алысына қарай, керек болған жерінде мемлекеттік шараларды да қолданудан тайынбау керек.

Бұрынғы алашордашылардың бәрі бірдей екен деп қарау болмайды. Алашорданың ішінде түзелуден кеткендері – байшылдығынан танбайтындары бар, бұларды түзесе түзейтін жалғыз – көр» [45] - деп, ұлттық бағыттағы қазақ зиялыларына қарсы саяси күрестің толастамайтынын аңғартты. Ә. Байділдиннің партиялық тапсырмамен жазылған «Садвақасовщина под маской молодого Казахстана», «Жас Қазақстан тонын жамылған сәдуақасовшылдық» деген мақаласы БК(б)П Қазақ Өлкелік Комитеті Үгіт-насихат бөлімі хатшы Оңғаровтың қолы қойылып, мерзімді басылымдарда жариялау үшін редакцияларға жіберілді [46, 3 п.]. «Еңбекші қазақ» газеті «Ленин партиясының жолына қол сұқтырмаймыз» деген бас мақаласында да: «Партия жолынан тайған қандай пікір болса да – түбі, тегі байшылдықтың әсерінен туады. Бәрі де оңшылдыққа апарып соғады. Бұлармен күресті күшейту керек» [47] - деп жазды.

Қазақстан Коммунистік (большевиктер) партиясының 1937 жылғы 5-12 маусым аралығында болған І съезі қарарларында: «Партия ұйымдары контрреволюцияшыл қазақ ұлтшылдары мен соларға қарай ауытқушыларға қарсы күресті батыл күшейту қажеттігі туралы қорытынды жасауға тиіс. Міне, сондықтан да партия ұйымдарына ұлт мәселесіндегі ауытқуларға қарсы күресте қазіргі кезеңдегі басты қауіп ретінде барлық соққыны қазақ ұлтшылдығына қарсы шоғырландыру қажет. ... Ұлтшыл элементтер қандай перде жамылса да және өздерін қазақ халқының досы етіп көрсетуге қанша тырысқанымен оларды әшкерелеп, тамырына балта шабу үшін партия ұйымдары мен олардың басшылары ерекше қырағылық көрсетуге тиіс» [48, 15 б.] - делінді. Алаш зиялыларына қарсы баспасөздегі саяси күрес 1937-1938 жылмен шектеліп қалған жоқ, жалғаса берді. Ал, М. Шоқай 1937 жылғы ахуал туралы: «Бұл күндері біздің мемлекетімізде ұлттық тәуелсіздік мәселесі былай тұсын, саяси және ұлттық бостандықтың ең қарапайым нышандары туралы сөз болуы мүмкін емес» [49, 123 б.] - деп жазды.

Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің 1948 жылғы 9-11 наурыз аралығында өткен пленумы: «Қазақстан КП(б) Орталық Комитеті Бюросының «Қазақ КСР тарихының екінші басылуын дайындау туралы», «Қазақ КСР Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы өрескел саяси қателер туралы», «Қызылорда облысында феодалдық-байшылдық қалдықтардың фактілері және әйелдер арасындағы саяси-тәрбие жұмысының жайы туралы», «Талдықорған облысының Бөрлітөбе ауданында кадрларды іріктеу және орналастырудың большевиктік принципін өрескел бұрмалау фактілері туралы» жергілікті ұлтшылдық көріністеріне қарсы батыл күрес жүргізуге бағытталған қаулыларын дұрыс және дер кезінде қабылданған деп санайды. ... Әдебиет шығармаларында қазақ халқының өмірі мен ісінде, әсіресе Кеңес өкіметін орнату және социалистік құрылыс жылдарында орыс халқының ұлы ролін көрсету күшейтілсін» [50, 468 б.] деген қаулы қабылдады.

Профессор С.Н. Покровский «Коммунист» журналына жазған «Ұлы Октябрь социалистік революциясы және қазақ халқының тарихи тағдыры» деген мақаласында: «байлардың қамын ойлаған буржазияшыл-ұлтшылдар Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысына қарсы жанталаса күресті. Бұл алашордашылар қазақ халқының келешегіне сенбеді ... « [51] - деп тарихи ақиқатты бұрмалады.

1940 жылдардың соңына қарай космополиттерді іздеу басталды. Космополитизм өзінің тегі жағынан, империализмнің нәтижесінде шығатын, барып тұрған буржуазиялық ұлтшылдықтың екінші жағы болып табылады [52, 30 б.] деген анықтама берілді. Космополитизмге негізінен әдебиет-мәдениет саласы мамандары айыпталды. «Коммунист» журналының 1949 жылғы №5 санындағы «Космополитизм – империалистік реакцияшыл идеологияның улы қаруы» деген бас мақаласында «буржуазиялық космополитизм де, буржуазиялық ұлтшылдық та советтік қоғам құрылысына қарсы, дүние жүзіндегі ең алдыңғы қатарлы совет идеологиясына қарсы бағытталған. Сондықтан біздің идеология майданымыздың барлық участоктерінде космополитизмге және оның әр түрлі белгілеріне қарсы күресу, әсіресе буржуазиялық қазақ ұлтшылдығына қарсы күресу республикамыздың бүкіл партиялық-советтік және ғылыми жұртшылығының ең басты, ең маңызды міндеттерінің бірі болып табылатындығы» атап көрсетілді.

Сонымен большевиктердің буржуазиялық ұлтшылдықты айыптау саясатының ең басты және негізгі мақсаты бұрын «бұратана» аталып келген отар елдерді Ресей құрамынан шығармай, өз уысында ұстау, оларға қарсы ұлтсыздандыру саясаты мен идеологиясын жүйелі түрде жүргізе отырып ұлттық бет-бейнесінен айыру болды. Коммунистік партия ұлттық республикаларды отар ретінде ұстап тұрған «лениндік ұлт саясатының» құпиясын ашпауға, осы отар республикалардан құйылып жатқан байлықтан айрылмауға бар күшін салды. Буржуазиялық ұлтшылдыққа айыптау науқандары өткен ғасырдың ортасына дейін, ұлтшылдыққа айыптау саяси жүйе өмір сүруін тоқтатқанша жүйелі түрде жүргізілді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Имашев С. В.И. Ленин ұлт және ұлт-отар мәселесі туралы // Қазақстан коммунисті. – 1956. - № 11. – 12 – 18 бб.
- 2 Краткий словарь иностранных слов – 9-е изд., - М.: Рус. яз., 1988 – 632 с.
- 3 ҚР ПМ. Қ. 3; т.1, іс 3. – 25 - 30 п.; ҚР ПМ. Қ. 3; т. 1, іс 124. - 2 – 3 п.
- 4 ҚР ПМ. Қ. 3; т.1, іс 3. – 25 - 30 п.; ҚР ПМ. Қ. 3; т. 1, іс 124.
- 5 ҚР ПМ. Қ.141; т.1, іс 2397. - 2 п.
- 6 Дониц А.Н. Народонаселение Казахстана // НХК. – 1928. - № 11-12. – С. 27 - 39.
- 7 Батаева Т.В. Познать исторический путь советских народов // Историография, источниковедение отечественной истории: сборник научных трудов: М., Изд – во РУДН, 1993 – 165 с. – С. 3- 10.
- 8 ҚР ПМ. Қ. 141; т. 1, іс 2957. – 48 п.
- 9 Покровский С. Нерушимая дружба народов нашей страны // Коммунист Казахстана. – 1954. - № 5. – С. 13 - 20.
- 10 Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. - Алматы: «Арыс» – «Қазақстан», 1998. – 428 с.
- 11 <http://www.ihst.ru/projects/sohist/news/n 5-10-30. htm>
- 12 ҚР ПМ. Қ. 3; т. 1, іс 124 . – 99 - 100 п.
- 13 Казахстан на путях социалистического переустройства. Сб. статей и речей. – Москва – Алма – Ата, ОГИЗ, 1931. – 276 с.
- 14 ҚСЭ. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1978. - 11т. 632 б.
- 15 Сталин И. Шығармалары. - Алматы: Қазақ Біріккен Мемлекет баспасы, 1950. - Том. 12. - 431 б.
- 16 Сәдуақасов С. Әдебиет әңгімелері // Еңбекші қазақ. – 1927. - 16 февраль. - № 34.
- 17 Голощекин Ф. Қазіргі дәуірдегі қиындықтар мен партияның негізгі жолы туралы // Еңбекші қазақ. – 1929. – 16 март. - № 59.
- 18 «Ұлттық кері төңкерісшіл ме, жоқ әлде «ұлттық төңкерісшіл ме?» // Шоқай М. Таңдамалы. – Алматы: Қайнар.– 1999. – Т. 2. – 520 б. – 58 – 63 бб.
- 19 Шоқай М. Таңдамалы. – Алматы: Қайнар. – 1998. – Т. 1. – 512 б.

20 Қазақ» газеті /Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясы, 1998. – 560 б.

21 Қамза. Қазақстанда социалдық құрылыстың жолдары // Қызыл Қазақстан. – 1928. - № 1-2. – 4 – 5 бб.

22 Сталин И. Марксизм және ұлттық – колониялдық мәселе. Таңдамалы мақалалар мен сөздердің жинағы. – Алма – ата, ҚК(б)П Орталық Комитетінің партия баспасы, 1938 – 239 б.

23 Кабулов И. Боевая задача у казахских большевиков // Казахстанская правда. – 1937. – 18 февраль. - № 40.

24 Рысқұлов Т. Жастардың хатына жауап // Еңбекші қазақ. – 1926. – 9 июнь. - № 123.

25 Жүсіпбекұлы Қ. Теріс пікірлермен, мәмлешілдікпен күресу туралы // Қызыл Қазақстан. – 1929. - № 1. – 27 – 32 бб.

26 Голощекин Ф.И. Отчет Краевого Комитета УИ Всеказахской партконференции. - Кызыл- Орда: Издание КазГИЗ'а, 1928. – 196 с.

27 Исаұлы О. Ұлтшылдықтың аты «Алашорда» // Қызыл Қазақстан. - 1927. - № 10-11. – 21 – 23 бб.

28 Тоғжанов Ғ. Қазақ коммунистерінің көпшілігі партия жолында // Қызыл Қазақстан. – 1927. - №2. – 8 – 16 бб.

29 Жікшілдер туралы «Екібастұз» коммунистері не деді? // Еңбекші қазақ. – 1927. – 7 июнь. - № 127.

30 Партияның үгіт – насихат жөніндегі міндеттері. Жандосұлы Ораз жолдастың үгіт – насихатшылар жиналысында істеген баяндамасы // Еңбекші қазақ. – 1927.– 15 июнь. - № 133.

31 Жұмағұлұлы Әзкен. Алашорда қалдығына қарсы күрес күшейтілсін! // Социалды Қазақстан. – 1934. – 15 январь. - № 14.

32 Құрамысов І. Қазақстанда төңкеріске қарсы ұлтшылдармен күресу. Қазақ еңбекшілері дұшпандарын біліп отырсын // Еңбекші қазақ. – 1930. – 4 октябрь. - № 220.

33 Он жылдық мерекеде. Қазақстанның 10 жыл өркендеу жолындағы жеке мәселелер // Еңбекші қазақ. – 1930. – 1 октябрь. - № 217.

34 Мұқанұлы С. ХУ жылда қазақ әдебиеті // Социалды Қазақстан. – 1935. – 23 октябрь. - № 245.

35 Казахстан на путях социалистического переустройства. Сб. статей и речей. – Москва – Алма – Ата, ОГИЗ, 1931. – 276 с.

36 Сәдуақасұлы С. Жала // Қызыл Қазақстан. – 1927. - № 3- 4 – 21 – 31 бб.

37 Құрамысов І. Ұлттар және байшыл ұлтшылдар туралы // Еңбекші қазақ. – 1928. – 24 февраль. - № 46.

38 Партияның ішкі халі. Ташкент қаласындағы қазақ оқушыларына, партия, комсомол мүшелеріне Сапарбекұлы Садық - Бек жолдастың баяндамасынан

// Еңбекші қазақ. – 1928. – 27 февраль. - № 48 (1075).

39 Смағұлға қарсы (Ташкент) // Еңбекші қазақ. – 1928. – 29 февраль. - № 50.

40 Жұмағали. Сәдуақасұлының қателеріне қарсы // Еңбекші қазақ. - 1928. - 2 апрель. - № 74.

41 Өлкелік партия комитетінің пленумы // Еңбекші қазақ. -1928. -30 апрель. - № 96.

42 Өлкелік партия комитетінің III пленумы // Еңбекші қазақ. – 1928. – 12 декабрь. - № 285.

43 Қазақстан Өлкелік партия ұйымы Өлкелік Комитет конференцияларының және пленумдарының қарарлары мен шешімдері (1928-1937) – А: Қазақстан, 1988. – Т.2. – 412 б.

44 Қызылорда белсенділерінің жиналысында жасаған Голощекин жолдастың баяндамасы // Еңбекші қазақ. – 1928. – 30 май. - № 120.

45 Исаұлы О. Алашорданың өткен күндері // Еңбекші қазақ. – 1929. – 16 август. - № 162; 18 август. - № 163.

46 ҚР ПМ. Қ. 141; т.1, іс 2410. - 3 п.

47 Ленин партиясының жолына қол сұқтырмаймыз // Еңбекші қазақ. – 1929. – 21 ноябрь. - № 242.

48 К(б)П съезінің қарарлары // Коммунист. – 1949. -№3. – 22 – 23 бб.

49 Ресейдегі ұлттық мемлекет мәселесіне орай // Шоқай М. Таңдамалы. – Алматы: Қайнар.– 1999. – Т. 2. – 520 б. – 121 – 124 бб.

50 Қазақстан Коммунистік (Большевиктер) партиясы съездерінің, конференцияларының және пленумдарының қарарлары мен шешімдері (1937-1948) – А: Қазақстан, 1989 – Т.3. – 536 б.

51 Покровский С.Н. Ұлы Октябрь социалистік революциясы және қазақ халқының тарихи тағдыры // Коммунист. – 1948. - № 11. – 20 - 29 бб.

52 Космополитизм – империалистік реакцияшыл идеологияның улы қаруы

// Коммунист. – 1949. - № 5. – 28 – 37 бб.

Ön Söz	7
Özet	
Алғысөз: Ұлт ақыны немесе «жан сөзі»	9
(Мағжан Жұмабаевтің шығармашылық өмірі)	11
Бірінші бөлім: Ақ-қарасы айырғысыз жол	15
Бірінші тарау: «Жағымды «жағымсыз» кейіпкерлер немесе әдеби тәжірибе	15
Екінші тарау: «Білмесең неге жазасың?..»	25
Үшінші тарау: Мезгілсіз қонырау немесе жауапсыз қалған сұрақ	35
Төртінші тарау: «Ондай ақын бар!..»	46
Екінші бөлім: «Ұзақ та ауыр жол»	57
Бөлімге аңдату	57
Бірінші тарау: «Адаспаған «адасқан» ақын	60
Екінші тарау: «Алтай, Орал бойында тұрған түрік»	87
Үшінші тарау: «Жақын үшін жаннан кештім!..»	129
Үшінші бөлім: «Қиянқы кезен»	141
Бірінші тарау: Түркістан табалдырығы	141
Екінші тарау: Таба табалдырығы	153
Төртінші бөлім: Түрме табалдырығы	163
Бірінші тарау: Екінші бірі	164
Екінші тарау: «Алқа» кімікі?	180
Үшінші тарау: Кебін киген көбелек	188
Бесінші бөлім: Мағжан Жұмабаев: тарих және тағдыр	221
Мағжан Жұмабаев шығармашылығының қуғындалу тарихынан	221
Мағжантанудың кейбір ақтаңдақ беттері	228
Мағжан Жұмабаев және «Ақ жол» газеті	242
Мағжан Жұмабаевтың «Алыстағы бауырыма» атты өлеңі және Анадолыдағы ұлт-азаттық күрес пен Алаш қозғалысы	253
Мағжан шығармаларындағы азаттық идеясы	260
Мағжанның махаббат, сұлулық лирикасы	264
Мағжан Жұмабаев туралы Түркияда жасалған зерттеулер	271
Алтыншы бөлім: Мағжан Жұмабаев және түрікшілдік	298
Түрікшілдік идеяның туып таралуы	298
Мағжан Жұмабаев және түрікшілдік идея	305
Мағжан Жұмабаев шығармаларындағы түрікшілдік идея («Қосылып батыр түрік балалары, Тапталпа, жолын кесіп тізгінге орал»)	312
Қазақ зиялыларының қуғындалу тарихынан	314

Пішімі 60x90/16. Шартты баспа табағы 20
Таралымы 300 дана.

«Deluxe Printery» баспасы
050010, Алматы қаласы, Бегалина көшесі 38

